



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

**ИДЕЯДАН — НАҚТЫ ІСКЕ**

# «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жылдық есебінің шегі / дисклеймер



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның 2023 жылға арналған есебіне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ деп аталатын бас компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (ҚМГ, Компания, ҚМГ тобы) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған, ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есебін құрастыру қағидаттары негізінде жасалған қызмет нәтижелері кіреді.

Жылдық есепте қызметтің бірқатар өндірістік-экономикалық көрсеткіші ХҚЕС қағидаттарына сәйкес және ХҚЕС бойынша 2023 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мақсаттары үшін ҚМГ компанияларының жиынтығына қатысты айқындалған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дайындалған ҚМГ-ның есептік құжаттарының ұқсас көрсеткіштерінен ерекшеленуі мүмкін.

Бұл ретте Компания қызметінің кейбір көрсеткіштері басқарушылық және басқа да есептерді дайындау кезінде қолданылатын қағидаттарға сай келтірілген. Дайындық әдістемесіндегі, шоғырландырылған қаржылық және басқа есептіліктегі айырмашылықтарға байланысты бұл әдістемелер бойынша есептелген көрсеткіштер салыстыруға келмеуі мүмкін.

Қызметтің қаржылық нәтижелерін талдау ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған, аудит жүргізілген компанияның 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың шоғырландырылған қаржылық есебі ретінде қаралуы тиіс.

Жылдық есеп ағымдағы жағдайды ескеріп, Компания басшылығы жасаған болжам мен бағалауға негізделген, болашақта ҚМГ-ның өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты «болжамды мәлімдемелер» болатын немесе сондай болып есептелуі мүмкін өтініштерді қамтиды. Болжамды мәлімдемелер тарихи фактілер болып есептелмейтін барлық мәселені қамтиды. Олар компания қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жағдайына, өтімділігіне, перспективасына, өсуіне, стратегияларына қатысты және Компания жұмыс істейтін салалар бойынша ҚМГ-ның ниеттері, сенімдері және ағымдағы болжамдар туралы мәлімдемелерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Сипаты бойынша болжамды мәлімдемелер тәуекел мен белгісіздікке байланысты, өйткені олар болуы мүмкін немесе болмауы мүмкін болашақ оқиғалар мен жағдайларға жатады, яғни қызметтің нақты нәтижелері түрлі объективті факторлардың әсерінен көрсетілген болжамдар мен бағалаулардан өзгеше болуы ықтимал.

## МАЗМҰНЫ



### 12 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



- 14 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 22 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ
- 26 БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ
- 30 СТРАТЕГИЯ
  - 30 Нарыққа шолу
  - 42 ҚМГ даму стратегиясы
  - 52 Корпоративтік басты көрсеткіштер
  - 53 Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу
- 60 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ
  - 61 Қорлар
  - 61 Геологиялық барлау
  - 71 Өндіру
  - 90 Мұнай тасымалдау
  - 99 Мұнай өңдеу және маркетинг
  - 111 Мұнай-газ химиясы
  - 118 Сервистік жобалар
  - 120 Инновациялық-технологиялық даму
- 126 ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ
- 138 ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
  - 139 ҚМГ-ның тұрақты даму аспектілерін басқару жөніндегі қағидаттары
  - 140 Тұрақты дамуды қамтамасыз етудің кешенді тәсілі
  - 144 ESG тәуекел рейтингі
  - 147 БҰҰ-ның Жаһандық келісімшарт қағидаттарын және тұрақты дамудың 17 жаһандық мақсаттарын берік ұстану
  - 166 ҚМГ басшылығының тұрақты даму саласындағы басты қызмет көрсеткіштері
  - 167 Төмен көміртекті даму бағдарламасы
  - 174 Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау
  - 192 Персоналды дамыту

- 203 Өнім берушілермен өзара іс-қимыл
- 208 Цифрландыру және киберқауіпсіздік
- 210 Ақпаратты TCFD ұсыныстарына сәйкес жария ету

### 214 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



- 216 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
- 218 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ
- 220 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
- 238 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР
- 246 БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 256 СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 258 ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ
- 259 КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ
  - 259 Ішкі аудит
  - 260 Комплаенс қызметі
  - 262 Омбудсмен қызметі
  - 263 Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау
- 277 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ
- 279 АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

### 286 ҚАРЖЫ ЕСЕБІ



### 388 ҚОСЫМШАЛАР



- 388 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН ҰСТАНУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 392 ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
- 393 ГЛОССАРИЙ
- 396 БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ



Есептің pdf нұсқасын жүктеп алыңыз

# Жаңа кен орындарды іске қосу



Компания операциялық және барлау активтерінде газ өндірісін ұлғайту жөніндегі бастамасы аясында 2023 жылы үш жаңа газ кен орнын іске қосты. Олар – Оңтүстік Ақсай, Шығыс Өріктау және Рожков.

Жаңа жобалар ішкі нарыққа газ жеткізу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Стратегиялық мақсат:

**Компанияның құн тізбегі тиімділігін арттыру**



**Оңтүстік Ақсай**



**Шығыс Өріктау**



**Рожков**



**Газ конденсатты кен орны**

Өндірістің басталуы: **2023 жылғы мамыр**

**1,7** млрд м<sup>3</sup>

игерілетін газ қоры

Жылына

**+100** млн м<sup>3</sup> газ

Жобаны іске қосу нәтижесінде «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚМГ үлесі бар бірлескен кәсіпорын) Қызылорда облысы тұрғындарының қажеттіліктері үшін жылына қосымша 100 млн текше метрге дейін газ жеткізетін болады.



**Мұнай-газ кен орны**

Өндірістің басталуы: **2023 жылғы желтоқсан**

**4** млн тонна

игерілетін мұнай қоры

**2,2** млрд м<sup>3</sup>

еріген газ қоры

Кен орны Қазақстанда бірінші болып жақсартылған модельдік келісімшарт аясында өнеркәсіптік игеруге көшті. Қазір алты пайдалану ұңғымасы жұмыс істеп тұр, тағы тоғыз ұңғыманы бұрғылау жоспарда бар. Бұл мұнай өндіру көлемін жылына 200 мың тоннаға дейін, ал ілеспе газ өндірісін жылына 100 млн м<sup>3</sup> дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.



**Газ конденсатты кен орны**

Өндірістің басталуы: **2023 жылғы желтоқсан**

**26,9** млрд м<sup>3</sup>

игерілетін газ қоры

**12,5** млн тонна

игерілетін конденсат қоры

Кен орнынан шыққан шикі газ «Жайықмұнай» ЖШС-нің газ өңдеу кәсіпорындарына беріледі, одан кейін тауарлық газ ішкі нарыққа жеткізілетін болады.

Толық қуатына шыққан кезде:

**жылына 1** млрд м<sup>3</sup>

газ өндіру деңгейі

**жылына 500+** мың тонна

конденсат өндіру деңгейі

**жылына 150+** мың тонна

сұйытылған көмірсутек газының өндірісі

**147** млн АҚШ доллары


жобаға салынған инвестиция

# Мұнай экспортының баламалы бағыттары

ҚМГ Қазақстан мұнайын экспортқа тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамыту бастамаларын жоспарлы іске асыруда.

Жұмыс мынадай бағыттар бойынша атқарылуда:

- мұнайды «Дружба» мұнай құбыры арқылы Германияға жеткізу;
- мұнайды Ақтау портынан Әзербайжан арқылы «Баку-Тбилиси-Джейхан» бағытына қарай жөнелту;
- CNPC-мен бірлесіп «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын кеңейту.



## Компанияның құн тізбегі тиімділігін арттыру

Стратегиялық мақсат:




### Теңіз арқылы тасымалдау бағытын дамыту

Теңіз арқылы тасымалдау бағытын дамыту және технологиялығын арттыру аясында 2023 жылы қаңтарда Біріккен Араб Әмірліктерінен серіктес компания Abu Dhabi Ports-пен (ADP) бірлескен кәсіпорын ашылып, Taraz және Liwa екі танкер сатып алынды. Танкерлер Қазақстан мұнайын Каспий теңізінде тасымалдауға жұмылдырылған.

2023 жылдың ортасынан бастап ҚМГ/ADP бірлескен танкерлер пулы «Теңіз» кен орнынан шыққан мұнайды алғаш рет ашық теңіздерде тасымалдай бастады.

### Мұнайды Әзербайжан арқылы тасымалдау

#### Ақтау-Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) маршруты



2023 жылы Ақтау портынан жөнелтілген мұнай көлемі


**1 057** мың тонна

2023 жылы Қазақстан мұнайын Ақтау-Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) бағытына тасымалдау басталды. 2022 жылы қарашада «ҚазМұнайГаз» және Әзербайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы SOCAR Қазақстан мұнайын Ақтау порты арқылы, әрі қарай Баку арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры бойынша тасымалдау туралы келісімге қол қойды.

Мұнайды Ақтау порты арқылы Бакуге ҚМГ-ның еншілес кәсіпорны – «Қазақтеңізкөлікфлотының» (ҚТКФ) танкерлері тасымалдайды.

### Мұнайды Германияға жеткізу

#### «Дружба» мұнай құбыры



2023 жылы Германияға жеткізілген мұнай көлемі

**993** мың тонна

2023 жылы ақпанда Қазақстан мұнайы «Атырау – Самара» мұнай құбыры және әрі қарай «Дружба» мұнай құбыры арқылы Германияға (Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауыты) жеткізіле басталды.

Герман тарапы Қазақстан мұнайының жеткізу көлемін айына 200 мың тоннаға дейін ұлғайтуға мүдделі екенін білдірді. 2023 жылы желтоқсанда қолданыстағы жеткізу келісімшарты кейін 2024 жылдың соңына дейін ұзарту мүмкіндігімен 2024 жылдың маусымына дейін 6 айға ұзартылды.

# Климат мәселесінің күн тәртібі: жаңа бастамалар

**Қазақстан Республикасының ұлттық мақсаты: 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу**

ҚМГ көміртегі ізін азайтудың нақты сарапталған тәсілін таңдады. 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы аясында Компания мынадай нәтижелерге бағытталған:

- CO<sup>2</sup> шығарындысын 2019 жылғы деңгейден 15% - ға төмендету;
- Өндірістің көміртегі сыйымдылығы мен энергия сыйымдылығын кемінде 10%-ға төмендету;
- Жалпы қуаты 300 МВт ЖЭК жобаларын іске асыру.

**Тұрақты даму және өндірістегі көміртегі ізін үдемелі азайту**

Стратегиялық мақсат:



## Жаңаөзен қаласында гибриді электр станциясы



2024 жылы 18 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» және итальяндық Eni S.p.A компаниясы Жаңаөзен қаласында гибриді электр станциясын салу жобасын іске асыру туралы бірлескен шешімге қол қойды.

Жоба аясында салынатын нысандар:

- жел электр станциясы (77 МВт)
- күн электр станциясы (50 МВт)
- газ электр станциясы (120 МВт)

Мақсаты: өңірдегі ҚМГ-ның өндірістік нысандарын электр қуатымен тұрақты қамтамасыз ету. Мұндай гибриді жоба Қазақстанда алғаш жүзеге асырылатын болады.

Жобаның алдын-ала құны – 306 млн АҚШ доллары.

Жоба толық қуатына 2025 жылдың соңында шығады деп жоспарланған. Құрылыс кезінде жұмысқа 800 адам, ал пайдалану кезінде 80 адамға дейін тартылатын болады.

Жоба ҚМГ мен Eni компанияларының бизнес-портфолионы әртараптан-дыру және қызметті декарбонизациялау мақсаттарына сай келеді, бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді тұрақты ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.


## Жамбыл облысында жел электр станциясын салу

2023 жылы 1 қарашада Франция Президенті Эммануэль Макронның Қазақстанға ресми сапары барысында Total компаниясымен қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын салу жобасы бойынша Бірлескен кәсіпорын туралы келісім жасалды. 2022 жылы қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Total Eren бұл жобаны іске асырудың негізгі шарттары туралы келісімге қол қойды.

300 МВт/600 МВтс электр энергиясын жинақтау жүйесі негізінде қуаты 1 ГВт ЖЭС Жамбыл облысының Мирный кентінде салынатын болады.


Жоба – Қазақстан мен Франция арасында энергетика, жаңартылатын энергия көздері және жасыл технологиялар саласындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам.

### Жобаның қатысушылары



# Кредит басымдығының ыңғайлы деңгейін сақтау

## Борыштық жүктеме, млн АҚШ доллары



## Қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу

ҚМГ – еурооблигациялар нарығында қазақстандық негізгі қарыз алушылардың бірі. Компания мемлекеттен кейін Қазақстанда еурооблигациялардың екінші ірі эмитенті.

ҚМГ ішкі және халықаралық капитал нарықтарында өзінің борыштық басқарудың ыңғайлы және теңдестірілген саясатына сәйкес қарыз алады. Компанияның борыштық бағалы қағаздары – Қазақстан эмитенттерінің арасындағы анағұрлым өтімді құралдардың бірі. ҚМГ-ның шетел валютасындағы облигациялары тарихи түрде инвесторлардың кең ауқымын тартты.

2023 жылы сәуірде ҚМГ 2025 жылы 24 сәуірде өтелуі тиіс 500 млн АҚШ доллары сомасына еурооблигацияларды 4,75% купондық мөлшерлесімен мерзімінен бұрын толық өтеді.

2023 жылы 26 желтоқсанда Атырау мұнай өңдеу зауыты (ҚМГ-ның еншілес кәсіпорны) ВТБ Банкінен алған 42,4 млрд рубль (213,7 млрд теңгеге тең) сомасындағы қарызды толық өтеді.

## 500 млн доллар

мерзімінен бұрын өтелген еурооблигациялар

## 42,4 млрд рубль

кредитті мерзімінен бұрын өтеу (213,7 млрд теңгеге тең)

## Кредиттік рейтингтердің жоғарылауы

2023 жылы сыртқы экономикалық сын-қатерлерге қарамастан, жетекші халықаралық рейтинг агенттіктері компанияның кредиттік рейтингтерін жоғарылатты

- 2023 жылы 9 наурызда Standard&Poor's компанияның рейтингін «тұрақты» деген болжамды қайта қарап, «BB+» деңгейінде растады, бұл агенттіктің Қазақстанға қатысты рейтингтік әрекетін көрсетеді (рейтинг «BBB-» деңгейінде расталды, болжам «тұрақты» болып қайта қаралды).
- 2023 жылы 3 мамырда Standard&Poor's мемлекеттік қолдау ықтималдығын «жоғары» деңгейден «өте жоғары» деңгейге көтерді, компанияның рейтингі өзгеріссіз қалды.
- 2023 жылы 22 маусымда Fitch ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «BBB-» деңгейінен «BBB-»-ге дейін көтерді, дербес кредит қабілеттілігі рейтингінің

### Кредиттік рейтингтер

MOODY'S	S&P Global Ratings	FitchRatings
<b>Baa1</b>	<b>BBB+</b>	<b>BBB+</b>
<b>Baa2</b> (жағымды)	<b>BBB</b>	<b>BBB</b> (тұрақты)
<b>Baa2</b> (жағымды)		<b>BBB</b> (тұрақты)
<b>Baa3</b>	<b>BBB-</b> (тұрақты)	<b>BBB-</b>
<b>Инвестициялық деңгей</b>		
<b>Ba1</b>	<b>BB+</b> (жағымды)	<b>BB+</b>
<b>Ba2</b>	<b>BB</b>	<b>BB</b>
<b>Ba3</b>	<b>BB-</b>	<b>BB-</b>

- Қазақстанның дербес кредиттік рейтингтері
- ҚМГ-ның кредиттік рейтингі

жоғарылауына байланысты болжам – «тұрақты». ҚМГ рейтингі Қазақстан Республикасының егеменді рейтингіне тең.

- 2023 жылы 13 желтоқсанда Moody's компанияның кредиттік рейтингін «Baa2» деңгейінде растап, болжамды «жағымды» етіп қайта қарады, бұған меншікті кредит қабілеттілігі рейтингінің жоғарылауы әсер етті. ҚМГ рейтингі еліміздің егеменді рейтингіне тең.
- 2023 жылы 26 желтоқсанда Standard&Poor's ҚМГ-ның рейтингін «BB+» деңгейінде растады, меншікті кредит қабілеттілігінің рейтингі «bb-» деңгейінен «bb-»-ге дейін көтерілді.

<sup>1</sup> Таза қарыз = ұзақ мерзімді қарыздар + ағымдағы қарыздар – ақша қаражаты мен олардың баламалары – қысқа мерзімді банк депозиттері – ұзақ мерзімді банк депозиттері

# Акционерлер үшін өсім

2023 жылы Компания акционерлерге 300 млрд теңге көлемінде рекордтық дивиденд төледі. IPO-ға шыққан сәтінен бастап ҚМГ акцияларының құны 37%-дан астамға өсті

ҚМГ акциясының бағасы<sup>1</sup>, теңге



## Акционерлер үшін акциялар мен кірістіліктің өсімі

ҚМГ акцияларының бағасы ұсынылған күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 37,3%-ға өсті. Төленген дивиденд мөлшерін қоса алғанда, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акцияларының бағасы 43,1%-ға өсті.


ҚМГ-ның нарықтағы капиталдандыруы 2023 жылдың соңында 7,0 трлн теңгені немесе 15,5 млрд АҚШ долларына жетті.

## Рекордтық дивиденд

ҚМГ-ның дивиденд саясаты акционерлердің, кредиторлардың және Компанияның мүдделерінің балансын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз акционерлеріне дивиденд төлеу мөлшерін айқындау кезінде ашықтыққа бағытталған.

2023 жылы ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2022 жылдың қорытындысы бойынша 300 млрд теңге дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. Бұл компания тарихындағы төлемдердің рекордтық мөлшері.

Дивиденд, млрд теңге



<sup>1</sup> Ұсынылған күннен бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін



Компания стратегиялық бағытын табысты жалғастырып, межелеген мақсаттарға қол жеткізуде. Бұл мақсаттарды іске асыру акционерлер мен инвесторларды, қызметкерлер мен серіктестерді, өңірлердегі халықты қоса алғанда, ҚМГ барлық стейкхолдерінің және жалпы ел мүддесіне сай келеді



88 б.

ҚазМұнайГаз үш жаңа кен орнын іске қосты



97 б.

ҚМГ мұнайды баламалы бағыттар бойынша экспорттау аясындағы бастамаларды жоспарлы іске асыруда



58 б.

ҚМГ Eni және Total Eren компанияларымен ЖЭК бойынша ортақ жобаларды қоса алғанда, тұрақты даму бастамаларын жүйелі іске асыруда

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП





# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## Қызмет аясы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚМГ, Компания) Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ көмірсутекті барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды.

### Шетел активтері



**733** млн т. м. э.

көмірсутек қоры (2P)

**23,5** млн тонна

мұнай мен конденсат өндіру

**9,5** млрд м<sup>3</sup>


газ өндіру

**80,4** млн тонна

мұнай тасымалдау

**19,6** млн тонна

көмірсутек шикізатын өңдеу




- 1 «МұнайТас» СБҚҚ» ЖШС
- 2 «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС
- 3 Каспий Құбыр Консорциумы
- 4 «ҚазТрансОйл» АҚ
- Операциялық өндіруші активтер
- Мегажобалар
- МАС Мұнай айдау станциясы
- БМАС Бас мұнай айдау станциясы

— Қолданыстағы мұнай құбыры

- Барлау және өндіру
- МӨЗ
- ЖМҚС

## Капитал құрылымы



### «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері

**67,42%**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл - ауқат қоры

**9,58%**

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

**20%**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

**3%**

KASE және AIX биржаларында

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл - ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) - 67,42%, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі - 20%, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі - 9,58%, KASE және AIX биржаларында еркін айналымдағы акциялар саны - 3%. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне тиесілі акциялар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл - ауқат қоры» акционерлік қоғамының сенімгерлік басқаруына берілген.


«Самұрық-Қазына» АҚ – тәуелсіз қор, оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. «Самұрық-Қазына» қорының миссиясы — Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қордың портфеліне мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнер-кәсіптерінің, тау-кен кешендерінің, энергетика және жылжымайтын мүлік кәсіпорындары кіреді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте саларалық үйлестіруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) – Қазақстан Республикасының орталық банкі және еліміздің банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ұлттық Банк өз құзыреті шегінде халықаралық банктер мен өзге де қаржы-кредит ұйымдарында басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынас орнатқан кезде Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету.

# Активтер құрылымы

## ҚМГ-НЫҢ НЕГІЗГІ АКТИВТЕРІ



### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР

- 100% «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ)
- 100% «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ)
- 100% «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ)
- 100% «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨО)
- 60% Dunga Operating GmbH (Доңфа)
- 50% «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ)
- 50% «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ)
- 50% «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ)
- 50% «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)
- 50% «Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ)
- 33% PetroKazakhstan Inc. (ПКИ)

- 100% «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (ҚТКФ)
- 90% «ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)
- 100% «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ
- 51% «Мұнайтас» СБҚК» ЖШС (МТ)
- 50% «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (КҚК)

- 20,8% «Каспий құбыр желісі корсоциумы – Р» АҚ<sup>2</sup> (КҚК-Р)
- 20,8% «Каспий құбыр желісі корсоциумы – Қ» АҚ<sup>3</sup> (КҚК-К)

- 100% «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ)
- 100% KMG International N.V.
- Rompetrol Rafinare SA:
- 54,6% «Петромидия»
- 54,6% «Вега»

- 99,5% «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ)
- 50% «CASPI BITUM» БК» ЖШС
- 49,7% «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП)
- 49,5% «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (КПИ)

- 100% KMG Systems & Services ЖШС
- 50% «ҚазРосГаз» ЖШС
- 49% KMG Nabors Drilling Company ЖШС
- 49% KMG Parker Drilling Company ЖШС
- 49% KMG Automation ЖШС
- 48,9% «ТеңізСервис» ЖШС




### МЕГАЖОБАЛАР

- 20% «Тенішевройл» ЖШС (Теңіз)
- 16,9% North Caspian Operating Company N.V. (Қашаған)<sup>1</sup>
- 10% «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (Қарашығанақ)


<sup>1</sup> 2022 жылы 15 қыркүйекте Компания 2015 жылы қабылданған колл-опцион туралы келісім аясындағы өз құқығын пайдаланып, «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Солтүстік Каспий жобасы («Қашаған жобасы») бойынша өнімді бөлу туралы келісімінің 16,88% тиесілі «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесін 3,8 млрд АҚШ долларына сатып алды.  
<sup>2</sup> ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.  
<sup>3</sup> ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.

### НЕГІЗГІ НАРЫҚТАРЫ

Мұнай сату



Мұнай өнімдерін сату



■ Ішкі нарық  
 ■ Экспорт — Еуропаға

## Бизнес үлгісі

### БӘСЕКЕЛЕСТІК БАСЫМДЫҚТАРЫ

#### Бірегей географиялық орналасуы

Қазақстан — елеулі ресурстық базасы бар, географиялық жағынан тиімді орналасқан мемлекет. Еуропаға және қарқынды дамып келе жатқан Азия нарықтарына өнім жеткізуге бірегей мүмкіндігі бар ел

#### Құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңінде толық интеграция

ҚазМұнайГаз құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңін толық интеграциялаған Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ұлттық көшбасшы компания

#### Қаржылық тұрақтылық

Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын сақтайды және ұзақ мерзімді перспективада дамуы үшін тиісті жағдайды қамтамасыз етеді

#### Өндіруші активтердің әртараптандырылған портфелі

ҚМГ мұнай-газ өндіру бойынша тартымды есу әлеуеті бар әртараптандырылған активтер портфеліне ие

#### Қазақстанның мұнай тасымалдау секторында жетекші позицияға ие

ҚМГ нарықтағы 56% үлесімен Қазақстанның барлық мұнай тасымалдау жөніндегі жобаларына қатысады

#### Заман талабына сай мұнай өңдеу зауыттары

Компания Қазақстанда төрт ең ірі мұнай өңдеу зауытын және Румынияда екі мұнай өңдеу зауытын бақылайды

#### Компания өсуінің жаңа қозғаушы күші – мұнай-газ химиясы жобалары

ҚМГ жаңа бизнес бағытын – мұнай газ химиясы саласын дамытып келеді. Полипропилен өндіретін зауыт іске қосылды. Полиэтилен өндіретін зауытты іске асыру жұмыстары қолға алынды

#### Корпоративтік басқарудың заманауи жүйесі және тұрақты даму қағидаттарын берік ұстану

## ҚОСЫЛҒАН ҚҰННЫҢ



КӨМІРСУТЕКТІ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Дәлелденген және ықтимал қоры (2P)

**733 млн тонна м.э.**

5 680 млн баррель м.э.

Мұнай және конденсат өндіру

**23,5 млн тонна**

тәулігіне 486 мың баррель

Газ өндіру

**9,5 млрд м³**

РЕСУРСТАР

ЕВІТДА

2031 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МАҚСАТТАР



72%  
**3 157 млн АҚШ доллары**

Қордың (ABC1) өсуі  
**299+ млн тонна**

2031 жылға қарай 10 жыл ішіндегі мұнай өндірудің жиынтық көлемі

**240 млн тонна**

## ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТІЗБЕГІ



МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай тасымалдау

**80,4 млн тонна:**



Магистральды мұнай құбырының жалпы ұзындығы

**9 091 км**



435 млн АҚШ доллары

Іске қосылған қуаттардың жүктемесін арттыру


Теңіз арқылы тасымалдау синергиясы



ШИКИ МҰНАЙ ӨНДЕУ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТУ

Мұнай өңдеу

**19,6 млн тонна:**



Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарында

5,4 Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарында



863 млн АҚШ доллары

Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу тереңдігін

**89 %** дейін ұлғайту

Полиэтилен, полипропилен өндіру бойынша және басқа да жоспарланған мұнай-химия жобаларын жүзеге асыру

### МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚ

Компанияның еліміздегі мұнай-газ саласының геологиялық барлаудан бастап мұнай өнімдерін сатуға дейінгі әр сегментіне қатысуы мен көшбасшылығы көптеген мүдделі тарап үшін құндылық қалыптастыруға мүмкіндік береді. ҚМГ акционерлеріне уақтылы төлем жасайды, инвесторлар мен кредиторлар алдында өз міндеттерін лайықты орындайды, Қазақстанның ірі жұмыс берушісі мен салық төлеушісі. Сонымен қатар серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейте отырып, әлеуметтік жобаларға инвестиция салады және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді.

Акционерлерге төленген дивиденд –

**300 млрд теңге**

Мемлекет бюджетіне төленген салық пен басқа да міндетті төлемдер

**1 162 млрд теңге**

Тұрақты жұмыс орындары

**49+ мың**

Қызметкерлерге көрсетілген әлеуметтік көмек

**27 млрд теңге**

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясындағы әлеуметтік инвестиция көлемі

**5,6 млрд теңге**

Сатып алу бойынша жеткізу көлемі

**2 186 млрд теңге**

**77 %**

ел ішіндегі құндылық үлесі

# Басты көрсеткіштер



ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Көмірсутек қоры (2P), млн тонна м.э.




Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна



Табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>



Мұнай тасымалдау, мың тонна



Мұнай өңдеу, мың тонна



## ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР


Қызметкерлердің нақты саны<sup>2</sup>



Жұмыс уақытын жоғалтқан жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)



Өлім-жітім коэффициенті (FAR)



Әлеуметтік тұрақтылықтың деңгейі (Samruk Research Services индексі), %



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

NO<sub>x</sub> шығарындылары, өндірілген КСШ-нің<sup>3</sup> 1 мың тоннасына, тонна



SO<sub>x</sub> шығарындылары, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна



ІМГ жағу қарқындылығы, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна




ЕБИТДА




Түсім




Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар кірісіндегі үлесі




Таза пайда



Есептеу әдісі бойынша күрделі салымдар



Кассалық әдіс бойынша күрделі салымдар



Таза қарыз



Еркін ақша ағымы



Таза қарыз / ЕБИТДА коэффициенті



<sup>1</sup> 2022 мен 2021 жылдардың деректері 2022 жылы 15 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ-тан Солтүстік Каспий жобасы («Қашаған» жобасы) бойынша өнімді бөлу туралы келісімде 16,88 % бар «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесін сатып алуы есепке алынып беріліп отыр.  
<sup>2</sup> 2020 жылы Компания қызметкерлердің нақты санын есептеу тәсілін қайта қарады (есепке Компанияның қатысу үлесі 51% және одан да көп қауымдастырылған кәсіпорындардың қызметкерлері алынды). 2019 жылдың мәліметтері де қайта есептелді.  
<sup>3</sup> Көмірсутек шикізаты.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**ҚМГ**  
Қазақстанның  
мұнай-газ  
саласындағы  
ірі компания  
мәртебесін  
сақтап келеді.

**ЕРНАТ БЕРДІҒУЛОВ**  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар  
кеңесінің төрағасы

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ірі компания мәртебесін сақтап, еліміздің мұнай-газ операторының қызметін табысты жалғастырып келеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Компания көптеген бизнес сегменттерінде өсім көрсете отырып, жақсы өндірістік нәтижелерге жетті. Мұнай бағасының 2022 жылғы рекордтық деңгейден төмендеуі Компанияның қаржы көрсеткіштеріне де әсерін тигізді. Дегенмен бұл көрсеткіштер тұрақты әрі қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етуде. Жалпы кіріс көлемі 18,2 млрд АҚШ долларына, ал EBITDA 4,4 млрд АҚШ долларына жетті.

Көптен күткен тарихи оқиға – ҚМГ акциялары алғаш рет көпшілікке ұсынылып, қатысушылар саны бойынша да, отандық қор нарығында бағалы қағаздарды орналастыру көлемі бойынша да табысты болды. IPO өткізілген сәттен бастап бірінші есепті жыл өтті, енді қорытындысын шығаруға болады. ҚМГ акциясының бағасы ұсынылған күннен бастап 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша 37,3%-ға өсті, 2023 жылы акционерлерге рекордтық 300 млрд теңге дивиденд төленді. Төленген дивиденд мөлшерін қоса есептегенде, акциялар ұсынылған күннен бастап ҚМГ акционерлерінің кірісі есепті жылдың соңында шамамен 43,1% болды. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚМГ нарықтық капиталдандыруы 7,0 трлн теңгеге немесе 15,5 млрд АҚШ долларына жетті.

### Жеткілікті ресурстық базаны қамтамасыз ету

ҚМГ кэрри-қаржыландыру талаптары мен қағида-даттары негізінде жаңа учаскелерді барлау үшін халықаралық тәжірибелі серіктестерді тарта отырып, геологиялық барлау жобалары арқылы ресурстық базаны ұлғайтып келеді. Мысал ретінде Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов және Қаратон Подсолевой жобаларын атап өтуге болады. Сонымен қатар өз күшімен іске асырылып жатқан барлау жобалары, соның ішінде «Торғай Палеозой» жобасы бойынша жұмыстар жалғасуда. Торғай Палеозой аясында жоспарға сай 2024 жылы тереңдігі 5 500 метр болатын алғашқы барлау ұңғымасы бұрғыланады.

### Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

ҚМГ үшін мұнай-газ өндіру көлемін ұлғайту стратегиялық басымдық болып қала береді. Мемлекет басшысы өз сөздерінде елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ететін драйверлердің бірі – газ саласын дамытудың маңызын бірнеше рет айтқан болатын. Бұл міндетті орындау аясында есепті жылы Оңтүстік Ақсай, Шығыс Өріктау және Рожков үш кен орны іске қосылды.





2023 жылы компания Қашаған кен орнындағы үлесін ұлғайту нәтижесінде мұнай өндіру бойынша 1,7 млн тонна көлемінде елеулі деңгейге жетті. Қашағандағы үлесі 2022 жылдың екінші жартысында кері сатып алынған болатын. Сондай-ақ ҚМГ өндіруші активтер портфеліне тағы бір маңызды жоба қосылды – француздық TotalEnergies компаниясынан Доңға кен орнының 60% үлесі сатып алынды.

## 1,7 млн тонна

Қашаған кен орнындағы үлестің өсуі есебінен мұнай өндіру өсімі

ҚМГ экспорттық және транзиттік мүмкіндігін кеңейту үшін өзінің мұнай тасымалдау инфрақұрылымын тиімді пайдаланып келеді. Мұнай экспортының жаңа маршруттары пайда болды: Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы Бакуге және әрі қарай Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырына және Дружба мұнай құбыры арқылы Германияға жөнелтіледі. Бұл бағыттар бойынша мұнай жеткізу көлемін арттыру жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар Каспий құбыр консорциумы мұнаймызды экспорттық нарыққа жеткізудің басты әрі экономикалық тиімді бағыты болып қала беретінін атап өткен жөн.

## жылына 12 млн тоннаға дейін

2030 жылға қарай Шымкент мұнай өңдеу зауытының қуатын жоспарлы арттыру көлемі

ҚМГ алдына қойылған басты міндеттердің бірі – Қазақстанның ішкі нарығын отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешу. Бірнеше жыл бұрын барлық мұнай өңдеу зауытында жүргізілген ауқымды жаңғыртудың арқасында соңғы жылдары ҚМГ-ның мұнай өңдеу қуаттары айтарлықтай артты. Мұнай өнімдерін тұтыну көлемінің өсетінін ескеріп, CNPC серіктесімізбен бірге Шымкент МӨЗ-нің қуатын 2030 жылға қарай 6 млн тоннаға, яғни жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту мәселесін қолға алдық.

## Өнім портфелін кеңейту

Өнім портфелін кеңейту жөніндегі стратегиялық міндет аясында 2022 жылдың соңында іске қосылған KPI газ-химия кешенінде полипропиленнің алты маркасының өндірісі игерілді. Жоба стратегиялық серіктес СИБУР компаниясымен (40%) бірге іске асырылуда. Қазақстандық полипропилен Қытайға, Түркияға, Еуропаға және Ресейге экспортқа жөнелтіледі. Бірақ біз үшін орта мерзімді кезеңдегі маңызды міндет – ішкі нарықтың отандық полипропиленге қажеттілігін өтеу. Бұл жалпы экономиканың дамуы үшін мультипликативті әсер береді.

## жылына 1,25 млн тонна

полиэтилен өндіруге қауқарлы зауыт салу жобасы

Мұнай-газ-химия кешенін дамытудың және тиімділігі жоғары өнім өндірудің келесі кезеңі – жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіруге қауқарлы зауыт салу жобасы. Жобаның күрделілігі мен көп капитал қажет ететінін ескеріліп, ол СИБУР (30%) және Sinorec (30%) серіктестерімізбен бірге жүзеге асырылады. Кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз ету үшін ҚМГ Теңізшевройл компаниясымен бірлесіп, құрғақ газдан этан алу үшін қажетті инфрақұрылым – қуаты 9,7 млрд текше метр болатын газ бөлу кешенін салуды жоспарлап отыр.

Мұнай-газ-химия жобаларын іске асыру елімізге экономикалық пайда әкелумен қатар, өңірлердің тұрақты дамуына және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін болады: құрылыс кезінде 9,6 мыңнан астам және іске қосылғаннан кейін 940-қа жуық тұрақты жұмыс орны ашылады.

ҚМГ негізгі бизнес-процестеріне тұрақты даму қағидаттарын енгізіп келеді.

## Тұрақты даму

Жаңа жария мәртебесі компанияның дамуына, әлемнің озық стандарттарына сай корпоративтік басқаруды жетілдіруге және ашықтықты арттыруға жаңа серпін берді. ҚМГ негізгі бизнес-процестеріне тұрақты даму қағидаттарын енгізіп келеді. 2023 жылы Sustainalytics рейтинг агенттігі ҚМГ-ның ESG-тәуекелдерін басқаруын «мықты» деп бағалап, ESG-рейтингін 32,3 балға теңеді. Сарапшылардың пікірінше, ESG-тәуекел рейтингіне берілген баға сала бойынша орташа мәндерге, яғни бүкіл мұнай-газ саласына тән тәуекелдерге сай келеді.

ҚМГ көміртегі ізін төмендетудің әбден сарапталған тәсілін таңдап, 2031 жылға қарай парник газдары шығарындысын 2019 жылмен салыстырғанда 15%-ға қысқартуды мақсат етіп қойды. 2023 жылы 2 ақпанда бекітілген Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын негізге алып, Компания 2024 жылдың соңына дейін өзінің төмен көміртекті даму бағдарламасының көкжиегін 2060 жылға дейін жоспарлап, оны кеңейтуді көздеп отыр.

Сонымен қатар көміртегі ізін төмендетудегі маңызды қадам – ҚМГ UNEP OGMP 2.0 (The Oil & Gas Methane Partnership) метан бастамасына қосылды. Бұл бастама метан шығарындысын азайтуды және метан шығарындысы бойынша есеп беруді қарастырады.

Климаттық бастамаларды іске асырумен қатар біз адам құқықтарының сақталуына, әлеуметтік жауапкершілікке және адам капиталын басқару бағытын жетілдіруге ерекше назар аударамыз. Түпкілікті мақсат – Компания қызметкерлерінің әлеуетін ашу. Себебі компанияның құндылықтарын басшылыққа алып, білікті де ынталы қызметкерлер кез келген ұйымның басты байлығы болып саналады. ҚМГ жұмысшылардың өкілдерімен сындарлы диалог жүргізу арқылы кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ықтимал еңбек дауларын алдын ала реттеуге ұмтылады. Жыл сайын жүргізілетін әлеуметтік зерттеудің нәтижесі интегралды көрсеткіштің алдыңғы жылмен салыстырғанда жақсарғанын көрсетті. Есепті жылы корпоративтік орталық еншілес ұйымдарға бару және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге атсалысу тәжірибесін енгізді.

Корпоративтік басқару аясында 2023 жылы тамызда ҚМГ Директорлар кеңесінің бұрынғы төрағасы, тәуелсіз директор Кристофер Уолтон Директорлар кеңесінің құрамынан шыққанын атап өткен. Директорлар кеңесінде тоғыз жыл жұмыс істеген Уолтон мырза қауіпсіздікті, корпоративтік басқаруды және қаржылық тұрақтылықты жақсартуға зор үлес қосты. Уолтон мырзаға шын жүректен алғыс білдіріп, мол табыс тілейміз.

Есепті жылды қорытындылай келе, қызметкерлерге, Басқармаға, акционерлерге және барлық мүдделі тарапқа компанияның дамуына қосқан үлесі және көрсеткен қолдауына алғыс білдіремін. Алдамызда өршіл міндеттер, мүмкіндіктер мен сын-қатерлер тұр, оларды іске асыру топ-менеджменттен және әрқайсымыздан жоғары кәсіби шеберлік пен ортақ жұмысты талап етеді.

## ЕРНАТ БЕРДІҒҰЛОВ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Компания барлық стейкхолдер мүддесіне сай келетін межеленген мақсаттарға қол жеткізуде.

**МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВ**  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқарма төрағасы

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕТОРЛАР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

Компания стратегиялық бағытын табысты жалғастырып, межеленген мақсаттарға қол жеткізуде. Бұл мақсаттарды іске асыру акционерлер мен инвесторларды, қызметкерлер мен серіктестерді, өңірлердегі халықты қоса алғанда, ҚМГ барлық стейкхолдерінің және жалпы ел мүддесіне сай келеді.

Есепті 2023 жылы ҚМГ барлық дерлік бизнес сегменттерінде басты өндірістік көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ете алды. 2022 жылмен салыстырғанда мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 6,9%-ға өсіп, 23,5 млн тоннаға жетті. 2P санатындағы көмірсутек қоры 3,7%-ға артып, 733 млн тонна мұнай эквивалентіне тең болды. Мұнай тасымалдау көлемі 7,6%-ға ұлғайып, 80,4 млн тоннаға жетті. Қазақстан мен Румынияның мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі жиынтықты 19,6 млн тоннаға жетті.

Есепті жылы әлем бойынша мұнайдың орташа бағасы 18,4%-ға төмендегенін байқадық. Осыған байланысты есепті жылдың қаржылық көрсеткіштері 2022 жылдың мәнінен төмен болса да, орташа-жоғары әрі тұрақты болып қалды. 2023 жылы маусымда Компания акционерлеріне 300 млрд теңге немесе бір жай акцияға 491,71 теңге мөлшерінде рекордтық дивиденд төледі.

### Геологиялық барлау

Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жобасын іске асыруда едәуір нәтижелеріміз бар. Серіктеспен бірлескен кәсіпорын ашылды, өндіру келісімшартына қол қойылды. FEED (ағылш. — Front End Engineering Design) кезеңіне өттік. Кен орнында алғашқы коммерциялық мұнай өндіру 2028-2029 жылдарға көзделген.

2023 жылы ҚМГ негізгі және аз зерттелген шегінді алаптар шегінде орналасқан 17 барлау учаскесінде бірлесіп геологиялық зерттеу жүргізу үшін Sinoprec-пен келісім жасасты.

2023 жылы компания өз күшімен жер қойнауын геологиялық зерттеу бағдарламасы аясында сейсмикалық барлау жүргізді. Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарындағы үш учаскесінде далалық сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды. Олар – Солтүстік Өзен, Жарқын және Березовский. Мұғалжар учаскесінде (Ақтөбе облысы) дала жұмыстары жүріп жатыр.

Іске асырылып жатқан «Торғай Палеозой» жобасы аясында есепті кезеңде тереңдігі 5 500 метр болатын алғашқы барлау ұңғымасын салу үшін дайындық жұмыстары атқарылды. Ұңғыма 2024 жылы бұрғыланбақ.

## Көмірсутек өндіру

Операциялық және барлау активтерінде газ өндіру көлемін ұлғайту бастамасы аясында есепті жылы үш жаңа кен орнын іске қостық. Мамыр айында Оңтүстік Ақсай кен орнын, желтоқсан айының басында Шығыс Өріктау кен орнын іске қостық. 2023 жылды Рожков кен орнын пайдалануға берумен аяқтадық.

2023 жылы қараша айының соңында Маңғыстау облысында орналасқан «Доңға» мұнай-газ кен орнындағы 60% үлесті француздық TotalEnergies компаниясынан сатып алу жөніндегі мәміле аяқталды.

Үкімет «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасына қолдау көрсетті. Бұл ретте салықтан босатылатын қаражат бұл жобаны қаржыландыруға жұмсалады, соның ішінде жаңа ұңғымаларды бұрғылау, қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін жаңа технологияларды қолдану және Өзен мен Қарамандыбас кен орындарында жерүсті инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары бар.

## Мұнай тасымалдау

Компания экспорттық бағыттарды әртараптандыру жұмыстарын жалғастыруда. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту аясында Ақтау порты арқылы және одан әрі «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбыры бойынша 2023 жылы 1 млн тоннаға жуық мұнай жөнелтілді. Германияға қарай «Атырау-Самара» мұнай құбыры және одан әрі «Транснефть» құбырлары арқылы 1 млн тоннаға жуық мұнай жеткізілді.

Есепті жылдың қаңтар айында Біріккен Араб Әмірліктерінен Abu Dhabi Ports компаниясымен теңіз тасымалы саласында бірлескен кәсіпорын ашып, әрқайсының дедевейті 8 мың тонна Taraz және Liwa танкерлерін сатып алдық. Бұл елеулі әрі маңызды оқиға болды. Танкерлер Қазақстан мұнайын Каспий теңізінде тасымалдау ісіне жұмылдырылды.

## Өңдеу және маркетинг

Есепті жылы Қазақстанның ішкі нарығына жанармайды тұрақты жеткізіп, қамтамасыз ете алдық. Бензин мен сұйытылған газ өндіруде рекордтық көрсеткіштерге жеттік, олардың өндірісі тиісінше 7% және 8%-ға өсті. Ашық түсті мұнай өнімдерінің өндірісі соңғы жылдардағы 66% орташа деңгейімен салыстырғанда алғаш рет 72%-дан асты. 2023 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытында ЕУРО-5 маркалы бензин өндіру жолға қойылды, бұл қазіргі экологияға талаптарға сай келеді.

## Мұнай-газ химиясы

Компанияның өсуінің маңызды қозғаушы күші – мұнай-газ-химиясы бағыты, бұл бағытты дамыту бүкіл республиканың экономикасы үшін де оң мультипликативті әсер етеді. Полипропилен өндіретін КРІ зауытында іске қосу-баптау жұмыстары жалғасуда. КРІ кешені полипропиленнің алты маркасын игеріп үлгерді. СИБУР-дың жобаға кіруі бойынша барлық рәсімнің аяқталуы да маңызды оқиға болды. Енді СИБУР КРІ зауытының 40%-на иелік етеді. СИБУР-мен ынтымақтастығымыз жобаның барлық қатысушысы үшін оң әсер ететініне сенімдімін.

Сонымен қатар ҚМГ тағы бір ауқымды мұнай-газ-химиясы жобасын іске асыруда – қуаты жылына 1 250 мың тонна полиэтилен өндіретін зауыт құрылысы. Бүгінгі таңда жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі дайын, стратегиялық серіктестер ретінде СИБУР және Sinopec компаниялары тартылды.

## Тұрақты даму

Компания қызметінің басым бағыттарының бірі – тұрақты даму және өндірісте көміртегі ізін үдемелі азайту. Бұл бағыт ұзақ мерзімді даму стратегиямызда бекітілген. ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламын қоса алғанда, осы салада межелеген міндеттерді жоспарлы түрде іске асырып келеді. Total Eren

компаниясымен бірге қуаты 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясының жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстарын аяқтап қалдық. Епі-мен бірге қолға алынған гибриді электр станциясы бойынша биыл нысандардың құрылысы басталмақ.

Салық міндеттемелері туралы айтатын болсақ, 2023 жылы Компания ел бюджетіне салық және басқа да міндетті төлем түрінде 1 162 млрд теңге аударды. Сонымен қатар ҚМГ бірқатар меншікті әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Есепті жылдың желтоқсан айында Атырау облысында реконструкциядан және кеңейтуден кейін «Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырының іске қосылуы айтулы оқиға болды. Бұл жобаның нәтижесінде су құбырының өткізу қабілеті тәулігіне 110 мың текше метрден 170 мың текше метрге дейін ұлғайды, яғни халық, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы үшін Еділ суын жеткізу көлемі артады.

2023 жылды қорытындылай келе, ең алдымен компанияның ұжымына және ҚМГ қызметіне тартылған барлық адамға атқарған адал еңбегі мен жеткен жетістіктері үшін алғыс білдіремін.

2023 жылы Компания ел бюджетіне салық және басқа да міндетті төлем түрінде

# 1 162 млрд теңге аударды

Жұдырықтай жұмылып жұмыс істеу – Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еліміздің дамуы мен өркендеуі жолындағы компанияның табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игеру жөніндегі миссиясына қол жеткізудің басты кілті. Стратегиялық міндетімізді орындау үшін барлық бағытта жұмыс жалғасатын болады. Алдымызда ауқымды әрі күрделі міндеттер тұр. Оларды іске асыру үшін Компанияға әр қызметкердің жоғары белсенділігі мен кәсіби шеберлігі қажет. Ауызбіршілікте болып, қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін.

### МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқарма төрағасы





# СТРАТЕГИЯ

## Нарыққа шолу



### 1. Жаһандық сұраныстың факторлары

2023 жылы мұнайға әлемдік сұраныс айтарлықтай өсті, бұған негізінен белсенді экономикалық процестер және әсіресе Қытайда COVID-19 шектеулерінің жойылуы әсер етті. Халықаралық энергетика агенттігінің (ХЭА) мәліметі бойынша, мұнайға әлемдік сұраныс тәулігіне шамамен тәулігіне 2,3 млн баррельге, яғни тәулігіне 101,7 млн баррельге дейін өсті. Бұл өсімнің баяулауына Еуропада макроэкономикалық жағдайдың әлсіреуі және сұраныстың өсу қарқынының айтарлықтай төмендеуі әсер етті, бұл сұраныстың төмендеуі көлемінің жартысынан көп бөлігіне тең болды. ХЭА болжамына сай, 2024 жылы әлемдік сұраныстың өсімі екі есе тәулігіне 1,1 млн баррельге дейін төмендейді, себебі ірі елдер экономикаларында тиімділіктің жақсаруымен және электромобильдер паркінің кеңеюімен қатар, ішкі жалпы өнімнің өсу көрсеткіші әдеттегі трендтен төмен болды.


### 1.1. Қытай — сұраныс өсуінің басты драйвері

Халықаралық энергетика агенттігінің дерегі бойынша, 2023 жылы әлемдік сұраныстың өсу деңгейінің жартысына жуығы COVID-19 шектеулері жойылғаннан кейін Қытайға тиесілі болды. Бұл сондай-ақ Қытайда 2019 жылмен салыстырғанда тәулігіне 1,7 млн баррельге дейін өскен мұнай-химия секторының қарқынды дамуына байланысты қыркүйекте мұнайға деген сұраныс тәулігіне 17,1 млн баррельге жетіп расталды. Жалпы, Қытай тарапынан сұраныстың артуы әлем бойынша тәулігіне 2,3 млн баррель көлемінің тәулігіне 1,8 миллион баррельге тең болды.

2023 жылы Қытай МӨЗ-нің өнімділігі рекордтық


**9,3%** деңгейіне дейін өсті

Аймақтар бойынша мұнайға сұраныстың өсуі, %



Дереккөз: ХЭА, Дүниежүзілік банк

Қытай МӨЗ-нің өнімділігі, млн тонна



Дереккөз: ҚХР Ұлттық статистика бюросы


<sup>1</sup> Азия-Тынық мұхит аймағы.  
<sup>2</sup> Оңтүстік Азия аймағының ынтымақтастық қауымдастығы.  
<sup>3</sup> Тауы Шығыс және Солтүстік Африка.

**1.2 Мұнай химия саласының дамуы**

2023 жылы әлемнің мұнай-химия өнімдерінің нарығында этилен мен метанолға сұраныс артты, бұған олардың түрлі салаларда кеңінен қолданылуы себеп болды. Кірісі бойынша нарық үлесінің 40%-дан астамын құрайтын этиленге деген сұраныс, әсіресе Үндістан мен Қытай сияқты дамушы экономикаларда негізінен құрылыста, қаптама жасау саласында және көлік секторында артты. Сұранысы жоғары болуы ықтимал метанол өнімі құрылыс, автомобиль өнеркәсібі және фармацевтика секторларында пайдаланылатын формальдегид және сірке қышқылы сияқты маңызды химиялық заттар өндірісінде көп қолданылды. Нарықтың айтарлықтай кеңеюі 2024 жылдан 2030 жылға дейін болжамды жылдық өсу қарқыны 7,3%-ды құрап, 2030 жылға қарай болжамды 1002,45 млрд АҚШ долларына жетпек.

Petroleum Economist дерегіне сай LPG/этан және нафта сияқты мұнай химиясына жататын мал азығының дақылдарына сұраныс болжам бойынша 2022 жылдан 2028 жылға дейін тиісінше тәулігіне 1,7 млн баррельге және тәулігіне 1,5 млн баррельге ұлғаяды.

**2019 жылдан бастап мұнай негізіндегі мұнай химия шикізатына аймақтық сұраныстың өсуі, тәулігіне млн баррель**




Дереккөз: ХЭА

**1.3 Энергетиканың жаңа түрлеріне көшу**

2023 жылы жаһандық таза энергетика көздеріне салынған инвестиция көлемі 17%-ға өсіп, жаңа рекорд \$1.77 трлн жетті. Бұл өсім геосаяси қайшылықтар мен шығын инфляциясы сияқты сын-қатерлерге қарамастан, жаңартылатын энергияға, электромобильдерге және басқа да төмен көміртекті технологияларға жылдам көшу қарқынын көрсетеді.

**Мұнай химиясы саласы нарығының көлемі, млрд АҚШ доллары**



Дереккөз: ХЭА

McKinsey-дің 2023 жылға арналған жаһандық энергетикалық перспективасына сәйкес, энергетиканың жаңа түрлеріне көшудің үздіксіз науқаны мұнай сұранысының траекториясына айтарлықтай әсер етті. Мұнайға деген сұраныс 2023 жылы пандемияға дейінгі көрсеткішке қайта келгенімен, ең жоғары деңгейіне 2030 жылға дейін жетеді деп күтілуде. Бұл негізінен түрлі секторлардағы тиімділіктің артуына және 2023 жылы сұранысы үштен бірге өскен электромобильдерді пайдалану көлемінің артуына байланысты болды.


**1.4 Үндістанда сұраныстың қайта бағдарлануы**

Соңғы онжылдықта мұнай өңдеу өнеркәсібінің өндірістік қуатының үздіксіз артуымен қатар Үндістан әлемдегі шикі мұнайдың екінші ірі нақты импорттері болды (2023 жылы тәулігіне 4,6 млн баррель), бірінші орында – Қытай (тәулігіне 10,6 млн баррель), ал үшінші орында Оңтүстік Корея (тәулігіне 2,8 млн баррель). Үндістан Оңтүстік Кореядан айтарлықтай озып тұр.

Ресей мен Украина арасында қақтығыс басталғаннан кейін Үндістанның мұнай өңдеу кәсіпорындары импорт құрылымын өзгертті. Үндістан ресейлік мұнайды, негізінен Urals маркасын, сондай-ақ Тынық мұхиты аймағынан құрамында күкірті аз жеңіл мұнайды көп мөлшерде сатып ала бастады. Импорттың жалпы көлемінде Ресейдің үлесі 2021 жылы 3%-дан аз болса, 2023 жылы 40%-ға дейін өсті, бұл басқа аймақтардан жеткізу үлесінің төмендеуімен байланысты болды: Таяу Шығыстың үлесі 61%-дан 45%-ға дейін, Батыс Африканың үлесі 12%-дан 4,5%-ға дейін және Латын Америка үлесі 4,5%-дан 3%-ға дейін төмендеді.

Әлемнің мұнай сауда ағымдары Ресеймен байланысты жағдайдың салдарынан энергия ресурстарының экспортына салынған халықаралық эмбарго үшін едәуір өзгерістерге ұшырауда. Үндістан 2023 жылы импортты нөлдік деңгейден тәулігіне 1,7 млн баррельге дейін арттыра отырып (2023 жылы мамырда тәулігіне 2,2 млн баррельге жетті), Ресей мұнайын жоғары жеңілдікпен сатып алған елдердің бірі болды. 2023 жылы Үндістан Ресейдің шикі мұнай экспортының 36% сатып алды, ал Ресей Үндістанды шикі мұнай импортының 38%-мен қамтамасыз етті. Екінші жағынан, Үндістан 2023 жылы ресейлік мұнай өнімдерінің (негізінен отын майлары мен шикізат) импортын тәулігіне 70 мың баррельден 130 мың баррельге дейін арттырды, бұл Ресейдің жалпы сатылымының 5% ғана тең.

**Үндістанның жеткізуші елдер бойынша мұнай және газ конденсатының импорты, тәулігіне млн баррель**



Дереккөз: ХЭА


**2. Ұсыныс динамикасы**

2023 жылы әлемде мұнай ұсынысының динамикасы сын-қатерлер мен геосаяси шиеленістерге қарамастан, өндірістің жалпы өсуіне әкелетін бірнеше негізгі фактормен айқындалды. Иранмен бірге АҚШ пен Бразилия әлемдік мұнай өндірісінің ұлғаюына едәуір әсер етті. Бұл өсім 2023 жылдың желтоқсанында АҚШ-тан тәулігіне 4,5 млн баррельден асқан рекордтық мұнай жеткізу көлеміне, сондай-ақ Бразилия мен Иранның тиісінше тәулігіне 3,4 млн және 1,29 млн баррельге жеткен елеулі өндірістік рекордқа ішінара жауап берді. Ресей мұнайын жеткізудің тұрақтылығы да маңызды рөлге ие,


мұнай экспорты ерікті қысқартулар мен санкцияларға қарамастан қақтығыс басталғанға дейін ең жоғары деңгейге жетті.

Халықаралық энергетика агенттігі ұсыныс пен сұраныстың өзара күрделі байланысының факторларын атап өтті. Дегенмен, жалпы ұсыныс көлемінің артуы бір жылда тәулігіне 1,9 млн баррельге жетті. 2023 жылы ұсыныстың өсуі – тәулігіне 1,9 млн баррель, бұл ОПЕК+ әсер етіп, өсім болған алдыңғы жылдармен салыстырғанда баяулағанын көрсетеді. Бұған ОПЕК+-тен тысқары өндірістің болжамды өсуі, негізінен Ресейде күтілетін төмендеуге байланысты ОПЕК+ - тің тәулігіне 870 мың баррельге жеңілдікті төмендетуі себеп болды.

**Әлемдегі мұнай ұсынысы, %**




**Сұраныс пен ұсыныс теңгерімі, тәулігіне млн баррель**



Дереккөз: ХЭА

**ОПЕК хатшылығының дерегіне сай ОПЕК-тің 2021-2023 жылдары мұнай өндіру көлемі, тәулігіне млн баррель**



Дереккөз: ХЭА

ХЭА әлемде стратегиялық мұнай қорына қатысты агенттікке мүше мемлекеттердің мұнай қорының қазіргі деңгейі мұнай нарығын тұрақтандыру үшін жеткілікті деп санайды. Бұл стратегиялық қорды ұлғайтуға шұғыл қажеттіліктің жоқ екенін растайды. ХЭА-ге мүше мемлекеттердің таза мұнай импортының кемінде 90 күнге тең мұнай қоры бар, яғни жалпы есепте 1,2 млрд баррельге жуық. Агенттіктің пікірінше, бұл қазіргі жағдай үшін жеткілікті көлем және қысқа мерзімді перспективада мұнай бағаларының салыстырмалы тұрақтылығын көрсетеді.


**ҚазМұнайГазға әсері**

Әлемдік энергетикалық нарықты қайта құру және геэкономикалық фрагментация жаһандық өзгеріске ұшыраған кезде ҚМГ да өзгереді. ҚМГ бұрыннан келе жатқан мұнай-газ саласындағы компания ретінде бүгінде өзінің негізгі бизнесін сақтап, жаңа бағыттарды – мұнай-газ химиясы мен «жасыл» жобаларды дамытуда. Компания бұл арқылы энергетиканың таза түрлеріне ауысу үшін әлемді мұнаймен қамтамасыз етпек.

**3. Украинадағы қақтығыстың салдары**

Қақтығыс басталғалы энергия көздеріне баға күрт өсіп, құбылмалы болды, өйткені бұл жағдай нарықтағы белгісіздік пен жеткізілімнің бұзылу қаупіне әсер етті. Конфронтация басталғаннан кейінгі алғашқы екі аптада мұнай, көмір және газ бағасы сәйкесінше шамамен 40%, 130% және 180%-ға өсті. Содан бері баға төмендегеніне қарамастан, қақтығыс басталғанға дейінгі деңгейден олар әлі де жоғары және қақтығыстың дамуына, сондай-ақ Ресейге салынған санкцияларға байланысты ауытқи береді.

**Ресейден жөнелтілетін мұнай экспортының бағыттары, млн тонна**



- Солтүстік Батыс Еуропа
- ЕО (Балтық елдері)
- ЕО (Жерорта теңізінің елдері)
- ЕО (Солтүстік Еуропа елдері)
- ЕО (Қара теңіз аймағы)
- АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Канада
- Қытай
- Үндістан
- Түркия
- ЕО мен G7-ге кірмейтін елдер
- Анықталмаған

Дереккөз: Bloomberg

Ресейден келетін ресурстарға аса тәуелділігін ескерсек, Еуроаймақтың энергетикалық нарығы қақтығыстан зардап шекті. Ресей 2019 жылы әлемдік мұнай көлемінің 12%, көмірдің 5% және газдың 16%-ын жеткізіп тұрды. Еуроодақ өзінің энергия көздерін әртараптандыруға және қорларды көбейтуге тырысып жатыр, бірақ оның әлі де энергетикалық қауіпсіздік пен энергия ресурстарына қолжетімділік мәселелері шешімін таппады.

Сонымен қатар қақтығыс әлемдегі мұнай жеткізу тізбегіне де салмақ түсірді, өйткені мұнай тасымалдау мен өңдеу процестері бұзылды, тасымалдаушылардың сақтандыру мен қауіпсіздік шығындары көбейді және аймақта инвестиция салымдары мен ғылыми-зерттеу жұмыстары азайды.

Энергия көздеріне бағаның өсуі көптеген сала мен үй шаруашылықтары үшін өндіріс пен тұтыну шығындарын арттырды, бұл инфляцияның өсуіне және сұраныстың төмендеуіне әкелді. ХЭА жүргізген бағалауға сәйкес қақтығыс жаһандық ішкі жалпы өнімді 2022 жылы 0,4 пайыздық тармаққа және 2023 жылы 0,3 пайыздық тармаққа қысқартқан.

Қақтығыс сонымен қатар энергиямен жабдықтаудың тұрақты әрі икемді жүйесіне көшу процесін жеделдетуге септігін тигізді. Қазба отындарының жоғары бағасы жаңартылатын энергия көздеріне салынатын инвестицияны және энергия тиімділігін арттыру шараларын ынталандырады, бұл өз кезегінде парник газдар шығарындыларын азайтып, энергия қауіпсіздігін жақсарта алады. ХЭА жаһандық электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын көздердің үлесі 2020 жылғы 28%-дан 2023 жылы 30%-ға дейін өседі деп болжайды.

**ҚМГ-ның бейімделуі**

Еуропадағы Ресей мұнайына эмбаргоның салдарынан ауырлығы орташа мұнайға сұраныс арта түсті. Осылайша, Brent-ке қатысты қазақстандық КЕВСО мұнай сортына орташа дисконт 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 8 АҚШ долларына төмендеп, 4 АҚШ долларға жетті.

Геосаяси жағдайдың тұрақсыздығын ескере отырып, ҚМГ 2023 жылы мұнай жеткізу тізбегінің іркілісі бойынша қауіптерді азайту мақсатында мұнай экспорты бағыттарын әртараптандыру жұмысын қолға алды. 2023 жылы еліміздің мұнай экспортының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 10%-ға өсті.

Каспий теңіз арқылы тасымалды қамтитын Транскаспий халықаралық көлік жолының маршрутын дамыту аясында ҚМГ 2023 жылы Баку бағытына қарай, әрі қарай Баку – Тбилиси - Джейхан мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау бастады. Сонымен қатар ҚМГ Германия бағытына қарай Атырау - Самара мұнай құбыры және әрі қарай «Транснефть» компаниясының құбырлары арқылы да мұнай жөнелте бастады.


#### 4. Инфляция

COVID-19 пандемиясының салдарынан біраз елдің үкіметтері өз экономикаларын сақтау үшін бұрын-соңды болмаған фискалды және ақша-несие саясатын қабылдады. Аталмыш шаралар пандемиядан туындаған экономикалық құлдырауды жеңілдетуге бағытталған ауқымды ынталандыру пакеттерін қамтыды. Бұның бәрі терең рецессияның алдын алуға мүмкіндік бергенімен, көп елдерде ақша массасының өсуіне әкелді, ал бұл әлі сақталып тұрған жоғары инфляциялық көрсеткіштердің себебі болды.


2023 жылы мұнай нарығында әртүрлі факторлардың, соның ішінде геосаяси шиеленіс, жеткізудегі шектеулер және сұраныс паттерндегі өзгерістердің әсерінен ірі ауытқулар болды. Себебі әлемдік экономика COVID-19 пандемиясының салдарынан кейін әлі де қалпына келе берді. АҚШ-тың энергетикалық ақпарат агенттігінің (EIA) ақпаратына сәйкес, 2023 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 83 АҚШ доллары болды, бұл 2022 жылғы барреліне 101 АҚШ доллары деңгейінен төмен. Бұл құлдырау негізінен жаһандық мұнай өндірісі тұтынудан асып түседі деген болжаммен түсіндіріледі. Дегенмен, 2022 жылы 8,7% және 2023 жылы 6,9% жеткен жаһандық инфляциялық қысымның сақталуына және орталық банктердің жағдайды жан-жақты бақылауына және олардың ақша-несие саясатын қатаңдатуына қарамастан, мұнай бағасы пандемияға дейінгі деңгейден айтарлықтай жоғары болып қала береді.

ОПЕК+ әсіресе Қытайда COVID-19 шектеулері жеңілдегенін ескере отырып, жаһандық инфляциямен

**Еуро мен оның құрамдауыштарының жылдық инфляциясы, 2014 жылдың қаңтарынан 2024 жылдың қаңтарына дейін, %**



**Brent маркасының бағасы, АҚШ доллары**



және сұраныс паттерндегі өзгерістермен ерекшеленген өзгермелі экономикалық ландшафтқа жауап ретінде жаһандық мұнай ұсынысын белсенді басқарып отырды. Бұл жағдайда Сауд Арабиясы шілде айында мұнай өндірісін тәулігіне 1 млн баррельге өз еркімен қысқартты, сонымен қатар ОПЕК+ мұнайға бағаның әлсіреуін пайдалана отырып, 2024 жылы жеткізілімдерді қысқарту туралы келісім қабылдады. Бұл шешім ОПЕК+ ұйымының әлемдік экономиканың өсуіне және мұнайға деген сұранысқа әсер еткен инфляциялық қысым жағдайында нарықты тұрақтандыруға ұмтылысын көрсетеді. ОПЕК мұнайға жаһандық сұраныстың өсу болжамын тәулігіне 2,32 млн баррельге дейін арттырды, яғни өсім 2,3%-ға тең. Қытайда сұраныстың артуы себебінен өсім тығыз нарықта байқалып, сол жақта өзгермек. Қытайда өсім тәулігіне тәулігіне 590 мың баррель болады деп күтілуде. Бұл өзгеріс жаһандық экономикалық ортаға тікелей жауап, мұнда ОПЕК геосаяси шиеленіс пен Қытайдың ішкі мәселелері сияқты ықтимал тәуекелдерді анықтағанына қарамастан, 2023 жылға арналған өсу болжамын 2,5%-дан 2,6%-ға дейін шамалы арттырды. Аталмыш шаралар арқылы ОПЕК+ жаһандық инфляция енгізген қиындықтарды және оның энергия ресурстарына сұраныс пен бағаға әсерін жеңе отырып, мұнай нарығын теңестіруге тырысудағы маңызды рөлін көрсетті.


#### ҚМГ стратегиясы

Сақталып отырған инфляциялық қысым жағдайында ҚМГ Даму жоспарында әлем нарығында мұнай бағасының едәуір төмендейтіні ескерілген.

#### 5. Төмен көміртекті болашаққа бағыт

2023 жылы таза энергия көздеріне салынған жаһандық инвестиция үлкен мәндерге жетіп, жаңартылатын әрі тұрақты энергия көздеріне жедел көшуді жалғастырды. Таза энергияға салынған инвестицияның жалпы көлемін 1,8 трлн АҚШ доллары деңгейіне жеткізу көзделді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 400 млрд долларға өсіп, үкіметтердің, компаниялардың және инвесторлардың қазба отынынан экологиялық таза баламаларға көшуді қолдау жөніндегі маңызды міндеттемесіне сай болды. Бұл тренд тұтынушылардың қалауымен, технологиялық жетістіктерімен және парник газдар шығарындысын азайтуға бағытталған саяси ынталармен қамтамасыз етіледі. 2023 жылы электромобильдер сатылымының 35%-дан астамын құраған көрсеткіш автомобиль өнеркәсібінің электр энергиясымен қамтамасыз етуге қарқынын анықтады. Инвестициялар бір жыл ішінде 2,8 трлн АҚШ долларына жеткен жалпы энергетикалық инвестициялардың едәуір бөлігін құрайды, бұл жаһандық энергетикалық қаржыландырудың айтарлықтай және өсіп келе жатқан үлесі таза энергетикалық жобаларға бағытталғанын көрсетеді.

**2022-2028 жылы секторлар бойынша мұнайға сұраныстың жылдық өсуі, тәулігіне млн баррель**



Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес, тиісті шаралар қолға алынбаса, 2050 жылға қарай Қазақстан экономикасының 1,6%-ға қысқаруына, кедейлік деңгейінің 3%-ға артуына және нақты жалақының 2,1%-ға төмендеуіне әкелуі мүмкін. Декарбонизацияның сәтсіздігі жыл сайын 2-2,5% деңгейінде тұрақты ұзақ мерзімді қысқаруға әкелуі ықтимал.

Еуропаның шекарасындағы тауардың құнын түзету механизмі (CBAM) тауардың құрамында көміртегі болуына негізделген оның импортына тариф енгізу арқылы көміртектің ағып кетуін азайтуға бағытталған. Қазақстан CBAM-ға байланысты экспорттан түсетін кірістен жыл сайын 250 млн доллардан астам шығынға ұшырауы мүмкін, бұл ретте темір және болат саласының тәуекелге ұшырау деңгейі жоғары. Егер CBAM мұнайға тараса, бұл шығын көлемі 1,5 млрд долларға дейін өсуі мүмкін. Әлемдік климаттық шаралар аясында Қазақстан Президенті көміртегі шығарындыларын нетто-нөлдік деңгейіне қол жеткізу бойынша өршіл мақсаттарды белгілейтін көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекітті.

Сын-қатерлерге қарамастан, Қазақстан экономикасы үшін экспорттық мұнай өнеркәсібі шешуші сала болып қала береді. Көмірсутек секторы ел экономикасында маңызды рөлге ие, 2022 жылы ішкі жалпы өнімге шамамен 20% үлес қосты (2019 жылы 23%).

#### ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ 2021 жылы президент Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу Стратегиясын қолдайтын 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекітті. ҚМГ-ның бұл бағдарламасы 2019 жылмен салыстырғанда 2031 жылға қарай CO2 шығарындысын 15%-ға төмендетуге бағытталған. ҚМГ декарбонизация мәселелеріне арналған COP-28 Хартиясына қосылып, ЮНЕП-пен Меморандум қабылдап, метан шығарындысын азайту және сутегі энергетикасын дамыту, соның ішінде декарбонизацияланған сутегі мен оның туындыларын өндіру, сондай-ақ CCUS жобалары мен сутекті сақтаудың халықаралық стандарттарын зерттеу бойынша белсенді жұмыс істеп келеді. Қазақстанда көміртегі ізін азайту және экологиялық тәжірибені жақсарту үшін гибриді жел электр станциясын салу жөніндегі жобалар қолға алынды.

**Ішкі драйверлер және олардың стратегияның іске асырылуына әсері**

**1. 2023 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы**

Energy Information Administration (EIA) деректері бойынша, Қазақстан 1911 жылдан бері мұнай өндіріп келеді, ТМД арасында Ресей Федерациясынан кейін мұнай қорының көлемі бойынша екінші және мұнай өндіруден де екінші орында тұр.

Мұнай-газ индустриясы – көмірсутек шикізатының (КСШ) едәуір қорының есебінен Қазақстан экономикасының негізгі секторы болып отыр. «KAZENERGY» қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының бағалауы бойынша басқа да іргелес (тасымалдау, өндіру нысандарының құрылысы және геология) секторламен бірге бұл сала Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің шамамен 17%-ын құрайды.


Соңғы онжылдықтарда өндірістің кеңеюі еліміздің әлемдік көмірсутек нарығындағы орнын едәуір нығайтты. Әлемдік энергетиканың статистикалық

шолуындағы BP деректеріне сәйкес Қазақстан дәлелденген қор бойынша әлемде 12-ші орын алады.


Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректері мен талдауына сәйкес, елімізде 2023 жылы 89,9 млн тонна шикі мұнай өндірілді, бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 6,8%-ға артқан. Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, мұнай экспорты 70,5 млн тоннаға тең. Газ өндірісі 2022 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға ұлғайып, 2023 жылы 59,1 млрд м<sup>3</sup> жетті. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, газ экспортының көлемі 6,7 млрд м<sup>3</sup> жетті.

Қазақстанда 2024 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2023 жылы желтоқсан айының соңындағы жоспарына сәйкес мұнай өндіру 90,3 млн тонна деңгейінде күтіледі. 2024 жылы экспортқа жөнелтілетін мұнай көлемі 67,5 млн тонна болмақ.

**2023 жылы Қазақстандағы газ балансы, млрд м<sup>3</sup>**



**2023 жылы мақсаты бойынша Қазақстандағы газ балансы, млрд м<sup>3</sup>**



**Мұнай-газ тасымалдау**

Қазақстанда мұнай мен газды тасымалдау бойынша заманауи әрі әртараптандырылған қажетті инфрақұрылым бар. Дамыған мұнай және газ тасымалдау инфрақұрылымының болуы әлемдік нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.



**2023 жылы Қазақстандағы мұнай және газ конденсатын өндіру құрылымы, %**



26	ҚазМұнайГаз	12	Қарашығанақ
26	Теңізшевройл	7	CNPC-Ақтөбемұнайгаз
17	НКОК	12	Басқалары

Дереккөз: Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

**Мұнай-газ өңдеу**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректеріне сәйкес, 2023 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемі 19,6 млн тоннаға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,5%-ға азайды. Барлық маркалы бензин өндірісі 5,3 млн тоннаға жетіп, 2022 жылмен салыстырғанда 6,9%-ға ұлғайды. Авиация өндірісі 624 мың тоннаға дейін ұлғайды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 42,4%-ға көп. Ал дизель отын өндіру көлемі 5,3 млн тоннаға жетіп, 2022 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға қысқарды.

**Қазақстанның мұнай-газ индустриясындағы ҚМГ орны**

ҚМГ – қосылған құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдерін толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшы компаниясы.

2022 жылғы өндіру деңгейі есепке алынып, дәлелденген мұнай және конденсат қорының (1P) еселігі 16 жылды құрап отыр, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары – 11 жылға жуық (2022 жылдың нәтижесі бойынша). 2022 жылғы өндіру деңгейі есепке алынып, ҚМГ-ның дәлелденген және ықтимал мұнай мен конденсат қорының еселігі (2P) 26 жылға тең.


Компанияның ішкі бағалауына сәйкес 2023 жылдың операциялық нәтижелері бойынша ҚМГ Қазақстанда мұнай және конденсат өндірісінде көшбасшы орында тұр. 2023 жылы Қазақстанда мұнай және конденсат өндіру сегментінде ҚМГ үлесі 26%-ға, ал газ өндіру сегментінде – 17%-ға жетті.

Компания 2023 жылы мұнай өңдеу бойынша нарықтағы 80% деңгейіндегі үлесімен Қазақстандағы төрт ірі мұнай өңдеу зауытын басқарады. ҚМГ Қазақстандағы негізгі үш МӨЗ-ді жаңғырту бойынша ірі инвестиция салу бағдарламасын жүзеге асырды, бұл мұнай өңдеу қуаттарын арттыруға және мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға, ішкі нарықтың қажетін өтеу үшін мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ өңір нарықтарына мұнай өнімдері экспортының көлемін кеңейтуге ықпал етті.

ҚМГ басқаратын мұнай-көлік инфрақұрылымы әртараптандырылған, жоғары транзиттік және экспорттық әлеуетке ие. Мұнайды магистраль және теңіз арқылы тасымалын қоса алғанда, ҚМГ-ның мұнай тасымалдау сегментіндегі нарық үлесі 2023 жылдың қорытындысы бойынша 56%-ға жетті.


**Бәсекелестікті талдау**

**2022 жылы мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорының (1P) еселігі, жылдар**




Дереккөз: Bloomberg

**2023 жылы Қазақстанда сегменттер бойынша нарықтағы ҚМГ үлесі, %**



Дереккөз: Компанияның бағалауы, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

**2023 жылы Қазақстанда өндірілген мұнай мен конденсат көлемін бағалау, млн тонна**



Компанияның бағалауы, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

ҚМГ елдің мұнай-газ саласын одан әрі өркендетуге бар күш-жігерін салады және Үкіметке Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы міндеттерін орындауға қолдау көрсетеді. Компания мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайды және жоғары әлеуметтік жауапкершілік көтереді. Бизнесінің тиімді әрі тұрақты дамуы ұлттық экономикалық бәсекеге қабілетімен, әлеуметтік әл-ауқатпен, табиғи байлықтарды сақтаумен және орынды пайдаланумен тығыз байланысты. ҚМГ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі жолында болашақ ұрпаққа қамқорлық танытып, табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игеру жөніндегі өз миссиясын ұстанады. ҚМГ миссиясына сәйкес төрт стратегиялық мақсат айқындалды:

1. Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база;
2. Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру;
3. Бизнесіне әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту;
4. Тұрақты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету.

**2. Қазақстанда мұнай-газ химиясы саласын дамыту**

Қазақстан мұнай-газ химиясы өнеркәсібін қарқынды дамытып келеді. Соңғы он жылда жаңа кәсіпорындардың ашылуына байланысты мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің өсуі байқалады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің көлемі 580 мың тоннаға жетті (жоспар бойынша 515 мың тонна) және 2024 жылдың жоспарына сәйкес 628 мың тоннаға дейін өседі.

Қазақстандық мұнай-газ химиясы саласында жүзеге асқан бірнеше жоба бар, соның ішінде басты жобалар: ароматикалық көмірсүтек (бензол, параксиллол) өндіретін «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, полипропилен шығаратын «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС мен «Компания Нефтехим LTD» ЖШС, жақпа майларын өндіретін HILL Corporation ЖШС, «ЛУКОЙЛ Лубрикантс Орталық Азия», бензин қоспаларын (метил-трет-бутил эфири) өндіретін «Шымкент химия компаниясы» ЖШС және басқалар. Бұл кәсіпорындардың жиынтық қуаты – жылына шамамен 850 мың тонна.

Мұнай-газ химиясы өндірістерін кешенді дамыту үшін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi» арнайы экономикалық аймақ («ҰИМТ» АЭА) жұмыс істейді. Салық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған, сонымен қатар олар инфрақұрылыммен (кіреберіс автомобиль жолы, өтпезолдар, кіреберіс теміржолы, теміржол станциясы, су құбыры, электр беру желісі мен қосалқы электр станциясы, су дайындау қондырғысы) қамтамасыз етілген.

Жеңіл мұнай өнімдеріне өсіп келе жатқан сұранысты өтеу және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің жұмысын Теңіз кен орнынан шыққан мұнайға бейімдеу жөніндегі стратегиялық бастама аясында Атырау мұнай өңдеу зауыты «Тиімділікті арттыру» жобасын қолға алды. Аталмыш жоба ЛГ-35-11/300-95 каталитикалық рифолинг, баяу кокстеу қондырғысы және ЭЛОУ АТ-2 сынды түрлі қондырғыларда озық технологияларды енгізуді көздейді. Жобаның мақсаты – автобензин, дизель отыны және сұйытылған газды қоса алғанда, жоғары сапалы өнім өндірісін ұлғайту.

**Ел экономикасының өсуіне барынша әсер ететін мұнай-газ химиясының «зәкірлік» жобаларын жүзеге асыру**

Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес мұнай-газ химиясы өнімі өндірісінің көлемі 2026 жылға қарай 1,2 млн тоннаға жететін болады.

Сонымен қатар мұнай-газ химиясы жобаларының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ҚМГ-мен бірлесіп, мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіретін жобаларға арналған инвестициялар туралы арнайы келісімнің тетігін енгізуге қатысты заңнамалық түзетулер «бір құжат» қағидаты бойынша әзірледі. Оларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік және Салық кодекстерінің деңгейінде бекіту жоспарланып отыр. Бұл түзетулер салық преференцияларын 25 жылға беруді қарастырады.

Мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіретін жобаларға арналған инвестициялар туралы келісімнің басты ерекшелігі – оны қабылдау кезінде жобаның қаржы-экономикалық көрсеткіштерін бағалау нәтижесі бойынша Үкімет мемлекеттік қолдау көрсетудің дербес шараларын айқындай алады. Бұл ретте қажетті преференциялар жобаның өтімділігі мерзіміне беріледі.

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне жан-жақты тартылатын болады. Мұнай-газ химиясы ұлттық экономика өсуінің тағы бір қозғаушы күшіне айналады, себебі бұл саланың еліміз бойынша мультипликативті әсері бар.

**3. Қазақстан Республикасының Экология кодексі**

ҚМГ компаниялар тобы қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Қазақстан Республикасының жаңа Экология кодексінің нормаларын енгізе отырып, операторлардың жауапкершілігі күшейтілді және одан да үлкен мониторинг пен бақылауды талап етеді. Ең үздік қолжетімді техникаларға көшу жөніндегі реформаға дайындық аясында мұнай-газ өндіру мен өңдеу саласындағы ең үздік қолжетімді

техникалар анықтамалығы әзірленді. Бұл құжат бойынша ең ірі 50 ластаушы кәсіпорындар тізіміне кіретіндер 2025 жылдан бастап кешенді экологиялық рұқсат алатын болады. Аталмыш тізімге ҚМГ компаниялар тобынан Атырау мұнай өңдеу зауыты, Павлодар мұнай-химия зауыты, ПҚОП және Қазақойл Ақтөбе енді.

Сондай-ақ ел үкіметі Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде болашақ ұрпақтың мүддесі үшін су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі күшейтілген шараларды көздейтін жаңа Су кодексін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. ҚМГ құжат жобасын талқылау жұмыстарына белсенді қатысады.

2023 жылы Маңғыстаумұнайгаз және Қазақойл Ақтөбе компаниялары автоматтандырылған мониторинг жүйесінен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ға қосылу арқылы Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне деректерді онлайн режимде ұсына бастады. ҚМГ-ның қалған нысандарында автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнату жұмыстары жалғасуда.

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

ҚМГ Экология саясаты 2021 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Экология кодексінің нормаларын енгізілгеннен кейін жаңартылды. ҚМГ компаниялар тобы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығын мен залалға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. ҚМГ-да су тұтынуды көлемін қысқарту бойынша мақсаттар мен мерзімдерді ескере отырып, Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаның жобасы әзірленді. Сондай-ақ, алдағы жылдары ластаушы заттар шығарындысын азайтуға қатысты бағдарламаны, биоалуандылық сақтау жөніндегі бағдарламаны және ҚМГ компаниялар тобындағы қалдықтарды басқару жөніндегі корпоративтік стандартты әзірлеу, қоршаған ортаға әсерді бағалау және су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартты жаңарту жұмыстары жоспарланып отыр.

ҚМГ өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту мәселесіне ерекше ден қояды. Жыл сайын мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары атқарылады.

**4. Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы**

2022 жылы Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптылығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы әзірленді. Аталған құжат 2023 жылдың 2 ақпанында бекітілді. Стратегия экономика дамуының екі сценарийін қарастырады. Көміртегі бейтараптылығына көшу үшін қажетті инвестициялардың сценарийін талдау және бағалау жұмыстары технологиялық шешімдерді, жүйелі қарқынды және макроэкономикалық әсерлерді кешенді модельдеу негізінде жүргізіледі.

Стратегия Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының маңызды құжатына айналуы тиіс. Ол тізбектік үлгіден дамудың циклдік моделіне немесе тұйық экономикаға көшуге бағдарланған. Осы стратегияны қабылдағаннан кейін қолданыстағы экономикалық бағдарламаларды, салық және бюджет саясатын, сондай-ақ бизнес жоспарларды қайта қарау қажет. Мәселен, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар өндірістік ресурстарға, ал орман алқаптары сіңіргіш әсері бар экономикалық активтерге айналуы тиіс.

Төмен көміртекті экономикаға сай келетін бизнесті дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан бизнесті нақты қолдау және ынталандыру шаралары белгіленетін болады. Сондай-ақ зиянды химия тыңайтқыштарын пайдаланбау үшін ауыл шаруашылығы секторында ESG факторларын (экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттары) ескеретін субсидиялар қарастырылады. Бұған қоса стратегия экологиялық таза өндірістерді ашуға жаңа мүмкіндік ұсынады.

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

ҚМГ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын сезінеді, сондықтан да компания негізгі бизнес процесіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуді жалғастыруда. Мұндағы мақсат – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтарды басқару мақсаттарымен келістіру. Компания қызметкерлермен және кәсіподақтармен серіктестік қағидаттарына негізделген әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарына ұмтылады. Sustainability халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияның ESG-тәуекел-рейтингін 32,3 балл деңгейінде бағалады.

**5. Қазақстанда геология саласын дамытудың тұжырымдамасы**

Қазақстанда геология саласын дамытудың 2027 жылға дейінгі тұжырымдамасы пайдалы қазбалардың экономикалық өсу үшін маңызын айқындайды. Әлемдік тенденциялар қарқынды өндіріс пен жағдайдың күрделенуі салдарынан экономикалық тиімділіктің төмендеуін көрсетеді.

Қазақстан жер қойнауын пайдалануды жақсарту үшін «бірінші боп келді - бірінші боп алды» қағидатымен қоса, құқықтық реформаны енгізді. «Ақылды реттеу» тетігі және Ұлттық геологиялық қызметті құру геологиялық барлау жұмыстарын ынталандыруға және инвестиция салу кезіндегі тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Бұл қадамдар Қазақстанды геологиялық барлау ісіне инвестиция салу үшін тартымды етеді және институционалдық өзгерістерді талап етеді.

Халықаралық есеп беру стандарттарын енгізу елге инвестиция салу әлеуеті туралы түсінікті де өзгертеді. Тұжырымдама минералдық-шикізат кешенінің экономика үшін, әсіресе энергетика және металлургия салаларындағы стратегиялық маңыздылығын айшықтайды және ұзақ мерзімді өнеркәсіптік және экономикалық даму үшін ресурстарды ұтымды пайдалануға және дамытуға шақырады.

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

ҚМГ Қазақстан Республикасында жаңа қорларды барлау мен игеру жұмыстарын, соның ішінде геологиялық барлаудың қазіргі заманғы әдістерімен зерделенбеген әлеуетті перспективті учаскелерді қосымша зерттеу мақсатында жер қойнауын геологиялық зерттеу тетігі арқылы іске асыратын болады. Қор өсімінің тиімділігін арттыру үшін геологиялық барлау өңдеудің жаңа әдістерін, геологиялық-геофизикалық материалдарды сапалы қайта түсіндіруді және жаңа буын технологияларымен сейсмикалық барлауды жүргізуді қоса алғанда, заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалана отырып жүргізілетін болады.

**6. Қазақстан экономикасы**

Қазақстан экономикасы 2023 жылы 5,1%-ға өсті. Бұл әлемде экономиканың өсуі баяулағанын ескерген кезде елеулі жетістік болып саналады. Үкіметтің тиімді жүргізген салық-бюджет шаралары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің монетарлық саясатының арқасында Қазақстан экономикасы түрлі стрестік факторларға төзімділік көрсетті. Алайда қалыптасқан логистикалық тізбектердің бұзылуы, ішкі сұраныстың жоғарылауы және сыртқы көші-қон 2023 жылы елдегі инфляцияны 9,8% дейін жоғарылатты. Азық-түлік бағасы 8,5%, азық-түлік емес тауарлар - 9,1%, ақылы қызметтер - 12,4%-ға өсті.

# ҚМГ даму стратегиясы

**Контекст**

ҚМГ даму стратегиясының басты басымдықтарының бірі – басты бизнес-процестерімен тұрақты даму қағидаттарын біріктіруді жалғастырады, себебі Компания өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсер ету маңызын жете түсінеді. Алдағы он жылда Компанияның өсуі ресурстық базаны толықтыру, өндіріс тиімділігі, құн тізбегін ұзарту, озық технологияларды енгізу және көміртегі ізін қысқарту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Компания инвестициялық жобаларды жан-жақты зерттеп барып іріктеп, олардың басымдығын анықтайды. Инвестицияларды ҚМГ-ның тиімділігі жоғары әрі стратегиялық маңызды жобаларға ғана құяды. ҚМГ акционерлер үшін барынша көп пайданы қамтамасыз етуге және мемлекеттің мұнай-газ секторында мүддесін сақтауға назар аудара отырып, капиталды бөлудің орынды саясатын ұстануды жалғастырады. Компания қарыздың теңгерімді деңгейін ұстап тұру және өтімділіктің күшті позициясын қамтамасыз ету мақсатында консервативті қаржы саясатын ұстануға тырысады.

Орта мерзімді кезеңде сыртқы факторлар, атап айтқанда тауарлар мен қызметтерге әлемдік сұраныстың төмендеуі және әлемнің орталық банктері монетарлық талаптарын қатаңдатуы инфляцияның төмендеуіне ықпал етеді деп күтілуде. Бірақ азық-түлік бағасы жалпы алғанда жоғары болып қалады деп болжануда. Тәуекелдердің бірі – Украинада жалғасып жатқан қақтығыс.

Ұлттық экономика министрлігінің болжамы бойынша, 2024 жылы инфляция 6-8% деңгейінде болмақ. Қазіргі уақытта дезинфляциялық үрдіс қалыптасуда. Бұл үрдістің алғышарттары ретінде шикізат тауарларына жоғары баға, елдің негізгі сауда әріптестері валюталарында теңге бағамының нығаюы және Қазақстан Республикасының ішкі сауда балансының едәуір жақсаруы алынып отыр.

**ҚМГ дамуының басымдықтары**

Компания мемлекеттің мұнай-газ саласын дамытуға қатысты негізгі стратегиялық мүдделерін іске асыруға бағдарланған. Ол елдің стратегиялық құжаттарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталған даму шараларын қабылдайды.

ҚМГ стратегиялық міндеттерді орындауға жеткілікті ақша ағымын қалыптастыратын көмірсутекті өндіру, тасымалдау және өңдеу бойынша тұрақты өндірістік циклды жүзеге асыру бөлігінде бәсекелестік артықшылыққа ие. Компания ресурстық базаны толықтыру үшін Каспий құрлығы мен қайраңында жер қойнауын пайдалану активтерін алудың өзінің басым құқығын пайдаланады.

Арзан шикізатқа қолжетімділік ҚМГ-ның мұнай-газ химия саласын барынша еркін дамытуға жол ашады, ол өз кезегінде Компанияның қосылған құн тізбегі түрлері және сапасын кеңейтеді.

Табысты өсу тарихының басты факторлары – өндіріс көлемін арттыру есебінен тұрақты ақша қаражатын қалыптастыру және тұрақты даму стратегиясын іске асыру. ҚМГ таза энергия көздеріне көшудің ұзақ мерзімді тенденцияларын ескере отырып, қаржылық табысты сақтау мақсатында шығарындылары «нөлдік» деңгейдегі төмен көміртекті жобалар портфелін жасақтап жатыр.

**ПАЙЫМЫ**

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағытталған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.


**МИССИЯСЫ**

Біз болашақ ұрпақтың игілігі үшін Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елдің дамуы мен өркендеуі мақсатында табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игереміз.

ҚМГ миссиясына сай екі стратегиялық қызмет бағыты мен төрт стратегиялық мақсаты айқындалды.

- Құнды қалыптастыру. Мақсаттары:**
  - компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база.
  - компанияның құн тізбегі тиімділігін арттыру.
  - бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту.
- Энергетиканың жаңа түрлеріне көшу. Мақсаты:**
  - тұрақты даму және өндірісте көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету.

**Қызметтің стратегиялық бағыттары**



№ 1  
стратегиялық  
мақсат

## Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

ҚМГ алдағы он жылда тұрақты өндіріс деңгейін қамтамасыз ету үшін құрлықта да, Каспий қайраңында да геологиялық барлау жобаларын жүзеге асырады.

Осы стратегиялық мақсат аясында ҚМГ органикалық және бейорганикалық есу арқылы дәстүрлі қызмет, сондай-ақ перспективалы бағыттар үшін де жеткілікті қорлардың өсімін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасында жаңа қорларды барлау мен игеру жұмыстарын ҚМГ, соның ішінде халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық серіктестік арқылы іске асырады.

2023 жылы Компания «Абай» теңіз жобасы, құрлықтағы «Торғай Палеозой», «Қаратон Подсолевой», «Тайсойған» жобалары бойынша белсенді жұмыс жүргізе бастады.

«Қаратон Подсолевой» – перспективті барлау жобасы, мұнда бірінші кезектегі барлау объектісі – Теңіз және Королев кен орындарына жақын орналасқанға ұқсас, терең тұзасты шоғыры. 2023 жылғы маусымда ҚМГ Қаратон Подсолевой учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге келісімшарт алды. 2023 жылы қыркүйекте Karaton Operating Ltd. еншілес компания ашылып, оған жер қойнауын пайдалану құқығы берілді.

Тайсойған барлау учаскесі ҚМГ-ге 100% тиесілі еншілес кәсіпорын – «Ембімұнайгаз» АҚ қызметі аймағында орналасқан. 2022 жылы Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелері бойынша барлау мен өндіруге келісімшарттар алынды. 2023 жылдың мамыр айында бұл келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру үшін Ембімұнайгазға берілді. Геологиялық жұмыстардың нәтижесі табысты болған жағдайда, қордың сарқылуын ескерсек, бұл жоба ЕМГ-де өндірудің тұрақты деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік беретін болады.

2023 жылы ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» учаскесінің жер қойнауын игеру жобасы бойынша бірқатар келісімге қол қойды. Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов кен орындары ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан. Тереңдігі – 8 метрге жуық.

Өндірілетін мұнай қоры –

**86** млн тонна

газ қоры –

**22** млрд м<sup>3</sup>

### 2024 жылға арналған жоспар

2024 жылы Торғай Палеозой учаскесінде тереңдігі 5 500 метр болатын алғашқы барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары жоспарланып отыр.

Қаражар барлау учаскесі бойынша келісімшарт алу. Учаскенің геологиялық қоры (P50) – 32 млн тонна.

2024 жылы Абай теңіз учаскесінде тереңдігі 2 500 метр болатын алғашқы барлау ұңғымасын бұрғылау және сынақтар жүргізу жоспарланып отыр.

«Қаратон Подсолевой» учаскесінде 2024 жылы стратегиялық серіктестің қаражаты есебінен тереңдігі 5 500 метр болатын алғашқы барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр. Сынақтар 2025 жылы аяқталады деп күтіледі. 2024 жылы «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» учаскесі бойынша жобалау жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.

Сонымен қатар тарихи геологиялық-геофизикалық деректерді талдау және бассейндік модельдеу нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алу туралы мәселені одан әрі пысықтау үшін Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына енгізуге бес жаңа перспективті учаске бөлінді. 2024 жылы барлығы 17 барлау және бағалау ұңғымасын бұрғылау жоспарлануда.

### Есепті жылы мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар:

- **2023 жылы 18 мамырда** ҚМГ мен Sinopec International Energy Investment Limited (Sinopec) Қазақстанның жер қойнауын геологиялық зерттеу саласындағы өзара іс-қимыл келісімін қабылдады. Құжат негізгі және аз зерттелген шөгінді алаптар шегінде орналасқан 17 барлау учаскесін бірлесіп зерттеуді көздейді. Учаскелердің мүмкіндіктері расталған жағдайда тараптар көмірсутектерді барлау мен өндіру үшін келісімшарт жасау ықтималдығын қарастыратын болады.
- **2023 жылы 9 ақпанда** Астанада ҚМГ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Каспий теңізінің Қазақстан бөлігіндегі «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» жер қойнауы учаскесін игеру жобасы бойынша бірқатар келісім қабылдады. Тараптар Қатысушылар келісіміне, «Kalamkas — Khazar Operating» ЖШС жарғы капиталындағы 50% қатысу үлесін сатып алу-сату шартына және Қатысушылардың оператор қызметін қаржыландыру шарттары туралы келісімге қол қойды.
- **2023 жылы 16 қазанда** Бейжің қаласында ҚМГ мен China National Offshore Oil Corporation (CNOOC) Өзара түсіністік туралы меморандум қабылдады. Құжат перспективті барлау жобаларына қатысты бірлескен геологиялық зерттеу жүргізуді, кен орындар және мұнай сервис қызметтері бойынша өзара байланысты кеңейтуді көздейді.



№ 2  
стратегиялық  
мақсатКомпанияның құн тізбегі  
тиімділігін арттыру

ҚМГ мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және маркетинг сияқты қызмет бағыттарынан түсетін пайданы барынша көбейту және барлық басты сегменттердегі операциялық жұмысты жақсарту мақсатында негізгі қызметіне ден қояды.

Операциялық активтердегі өндіру деңгейінің табиғи төмендеуінің орнын толтыру мақсатында Компания мұнайдың игерілу коэффициентін жоғарылату және жөндеу жұмыстарының аралық кезеңі көрсеткіштерін ұлғайту, сондай-ақ ұңғымалардың ең жоғары өнімділігіне қол жеткізу үшін өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі басқа да шараларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастырады.

Компания «Теңіз», «Қарашығанақ» және «Қашаған» ірі жобалары бойынша өндіру деңгейін көтеру, ұзарту және ұстап тұру жобаларын табысты іске асыруға назар аударады.

2023 жылы ҚМГ Шығыс Өріктау кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді. «Өріктау Оперейтинг» ЖШС Қазақстанда алғашқылардың бірі болып жақсартылған модельдік келісімшарт аясында кен орнын

өнеркәсіптік игеруге көшті. Шығыс Өріктау кен орнын одан әрі дамыту мақсатында қосымша тағы тоғыз пайдалану ұңғымасын бұрғылау жоспарда бар, бұл мұнай өндіру көлемін жылына 200 мың тоннаға дейін, ал ілеспе газ өндірісін жылына 100 млн текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Шығыс Өріктау кен орнын іске қосу арқылы Орталық Өріктау кен орнын толық көлемде игеруге маңызды қадам жасалды. Орталық Өріктау газ конденсатты кен орны және табиғи газдың едәуір қорын қамтиды. Бұл учаскеде жылына 1 млрд текше метр көлемінде газ өндіру жоспарлануда.

Компания сонымен қатар экспорттық және транзиттік бағыттарды кеңейту үшін құрылған мұнай-көлік инфрақұрылымын тиімді пайдалануды мақсат етеді. ҚМГ сыртқы факторлар мен геосаяси сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан мұнайын экспорттайтын қосымша маршруттарды дамыту бағытындағы жұмысты жалғастыруда. Компания оңтүстік дәлізді ашу және Қытайға жөнелтілетін өнім көлемін ұлғайту бойынша серіктестерімен келіссөз жүргізуде.

## Есепті жылы мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар:

- **2023 жылы 20 наурызда** Теңіз кен орнының мұнайын Баку бағытына қарай жөнелту басталды, ал сәуірден Джейхан бағытына қарай жөнелтіле бастады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Ақтау портынан 1 057 мың тонна мұнай жөнелтілді.
- **2023 жылы 10 мамырда** Қызылорда облысындағы Оңтүстік Ақсай газ конденсатты кен орнында газ өндіріле бастады.
- **2023 жылы 20 маусымда** ҚМГ және Rosneft Deutschland Шведт қаласындағы PCK Raffinerie мұнай өңдеу зауытына Қарашығанақ кен орнынан жыл соңына дейін айына 100 мың тонна шикі мұнай жеткізу туралы келісімшартқа қол қойды.
- **2023 жылы 22 маусымда** Баку қаласында ҚМГ SOCAR компаниясымен Қазақстан мұнайын Әзербайжан аумағы арқылы тасымалдауға қатысты стратегиялық ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойды. Меморандум Баку – Тбилиси – Джейхан құбыры арқылы Қазақстан мұнайын тасымалдау қуатын арттыруға бағытталған өзара тиімді ынтымақтастықтың ортақ талаптары мен қағидаттарын айқындайды.
- **2023 жылы 25 шілдеде** Атырау мұнай өңдеу зауыты K5 экологиялық класты (Еуро-5 аналогы) АИ-92 автобензинін шығара бастады.
- **2023 жылы 9 қазанда** ҚМГ және TotalEnergies EP Danmark компаниясы Total E&P Dunga GmbH жарғы капиталының 100% қатысу үлесін сатып алу туралы сатып алу-сату шартына қол қойды. 2023 жылы 20 қарашада Компанияның 100% акциясын сатып алу жөніндегі мәміле аяқталды.
- **2023 жылы 17 қазанда** Бейжің қаласында Ақтау битум зауытының («CASPI BITUM» БК) ЖШС) өңдеу қуатын жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін арттыру жобасын іске асыруға келісім қабылданды. Бұған зауыттағы шикі мұнайды бастапқы өңдеу қондырғысын (ЭЛОУ-АВТ) жаңғырту арқылы қол жеткізу жоспарлануда. Жобаны іске асыру мерзімі – 2023-2024 жылдар.
- **2023 жылы 25 қарашада** Ақтау қаласында Қазақстанның теңіз флотын толықтырған Taraz және Liwa екі мұнай құю танкері салтанатты рәсіммен қабылданды. Танкерлерді сатып алу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мұнай экспортының баламалы бағыттарын дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылды.
- **2023 жылы 29 қарашада** ПҚОП-тың өндірістік өңдеу қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейтуге қолдау көрсету жөніндегі Жол картасы қабылданды.
- **2023 жылы 2 желтоқсанда** Дубайда ҚМГ мен AD Ports Group Қазақстанда кеме жөндеу және кеме жасау кәсіпорнын ашу туралы келісім қабылдады.
- **2023 жылы 4 желтоқсанда** ҚМГ Шығыс Өріктау кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді.
- **2023 жылы 21 желтоқсанда** ҚМГ-ға 50% үлесі тиесілі «Урал Ойл энд Газ» ЖШС Батыс Қазақстан облысында орналасқан Рожков газ конденсатты кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді.

ҚМГ мен SOCAR арасындағы бұдан бұрын қол жеткізілген келісімдерге сай 2023 жылы Ақтау-Баку-Джейхан бағыты бойынша жыл сайынғы көлемі 1,5 млн тонна қазақстандық мұнайды тасымалдау басталды. Қазіргі уақытта Әзербайжан тарапымен бірлесіп, Әзербайжан Республикасының аумағы арқылы Қазақстан мұнайы транзитінің көлемін ұлғайтудың жоспары әзірленді. Мұнай өндіру көлемінің өсуіне қарай ҚМГ Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалының көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыруда. Тасымалдау көлемінің ұлғаюын сақтау осы бағыт бойынша мұнай жөнелтудің экономикалық тиімділігіне байланысты болады. 2023 жылы Атырау-Самара мұнай құбыры, әрі қарай Дружба құбыры арқылы Германияға бағытындағы маршрут бойынша мұнай тасымалдай бастадык. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Германияға 993 мың тонна мұнай жеткізілді.

Теңіз тасымалының технологиялығын дамыту аясында 2023 жылдың қаңтарында Біріккен Араб Әмірліктеріндегі серіктесіміз Abu Dhabi Ports (ADP) компаниясымен бірлескен кәсіпорын ашылды. Кәсіпорын Taraz және Liwa екі танкерін сатып алды. Танкерлер Каспий теңізінде Қазақстан мұнайын тасымалдауға жұмылдырылды. Бұдан бөлек, 2023 жылдың ортасынан

ҚМГ/ADP компанияларының бірлескен танкерлер пулы Теңіз кен орны мұнайын ашық теңіздерде тасымалдай бастады. Атап айтқанда, «Теңізшевройл» компаниясымен келісімшарт қабылданды. Танкерлер мұнайды Новороссийск теңіз портынан бастап бүкіл әлемге тасымалдайды. Бұдан бұрын бұл тасымалды тек Chevron Tankers Limited іске асырған болатын.

ҚМГ-ның маңызды міндеті — мұнай өңдеу зауыттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін өтеу. Бүгінгі таңда ел аумағындағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту есебінен Компания еліміздің бұл стратегиялық міндетін атқарып қана қоймай, мұнай өнімдерінің бір бөлігін экспортқа жөнелтеді.

Компания операциялық шығындарды оңтайландыру және жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды тұрақты негізде жүргізеді.

№ 3  
стратегиялық  
мақсат

## Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен еліміздің мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне барынша тартылған. Мұнай-газ химиясы ұлттық экономика өсуінің тағы бір қозғаушы күшіне айналмақ, себебі мұнай-газ химиясының бүкіл еліміз үшін мультипликативті әсері бар.

Мұнай-газ химиясы мұнайға әлемдік сұраныстың ірі драйверіне айналуда. Компания мұнай-газ химиясы жобаларын және ұзақ мерзімді перспективада мұнайға әлемдік сұранысты қайта бөлу жағдайында құны жоғары мұнай-химия өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету үшін қосымша

көмірсутек ресурстарын пайдаланатын және тартатын болады.

2023 жылы Мұнай-газ химиясы кешенін дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, 2024 жылы бекітуі жоспарланып отыр.

Мұнай-газ химиясының жобалары туралы «Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру» бөлімінен оқи аласыз.

### Есепті жылы мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар:

- **2023 жылы 1 маусымда** KMG PetroChem мен ТШО «Газ бөлу кешені» (ГБК) жобасын іске асыру үшін қажетті келісімдердің негізгі шарттарына қол қойды.
- **2023 жылы 8 маусымда** Павлодар мұнай-химия зауыты мен «Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС жылына 160 мың тонна дейінгі көлемде қысқы дизель отынын өндіруге мүмкіндік беретін сутегі өндірісінің қондырғысын салу бойынша келісім қабылдады.
- **2023 жылы 17 қазанда** Бейжіңде ҚМГ, СИБУР және China Petroleum & Chemical Corporation (Sinopec) полиэтилен өндіру жөніндегі жобаға қатысу үлесін сатып алу-сату шарттарына қол қойды.
- **2023 жылы** KPI Inc ЖШС PP H031 BF/7, PP H270 FF/7 және PP H036 BF/7 – полипропиленнің жаңа түрлерін өндірді.

№ 4  
стратегиялық  
мақсат

## Тұрақты даму және өндірісте көміртегі сыйымдылығын жүйелі төмендету

ҚМГ өзінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерінің маңыздылығын жете түсінеді және экономикалық, экологиялық, әлеуметтік басымдықтардың, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы міндеттердің үйлесімдігін қамтамасыз ету мақсатында Компанияның негізгі бизнес-процестерін тұрақты даму қағидаттарымен біріктіруді жалғастырады. ҚМГ ESG мақсаттарын Компания менеджментінің тиімділігін бағалау жүйесімен біріктіру жұмысын тұрақты жүргізіп келеді.

2023 жылдың қараша айында ҚМГ-ге 2022 жылға жаңартылған ESG тәуекел рейтинг берілді, ол 32,3 балға тең. Sustainalytics агенттігі компаниядағы ESG тәуекелін басқару жұмысын «мықты» деп бағалады. ҚМГ мақсаты – 2031 жылға қарай ESG тәуекел-рейтингінің орташа деңгейінде өз позицияларын нығайту.

Компания ESG көрсеткіштерін жақсартуға және ESG мақсаттарын корпоративтік және функционалдық басты қызмет көрсеткіштеріне интеграциялауға ұмтылады. ҚМГ қызметкерлерімен және кәсіподақтармен серіктестік орнату қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік жауапкершілік нормаларына ұмтылады.

Компания сондай-ақ қызметкердің денсаулығын және өмір сүру сапасын тиімді басқарудың деңгейін көтеруге ұмтылады. Қызметкерлердің денсаулығын қорғау бойынша ортақ тәсілдерді енгізу және көрсеткіштерді жақсарту мақсатында ҚМГ компаниялары тобында Персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарлама әзірленді.

Компания климаттық жай-күйінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, 2022-2031 жылдарға

арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асырып келеді. Бұл құжат Компанияның климаттық амбицияларын, көміртегі ізін төмендету бойынша негізгі тәсілдер мен шараларын айқындайды.

ҚМГ көміртегі ізін төмендетуге сараланған тәсілді таңдайды және 2031 жылы парник газ шығарындарын 2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда 15%-ға төмендетуді мақсат етіп қойды.

Сондай-ақ Компанияда жалпы қуаты кемінде 300 МВт жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр.

2024 жылы 18 қаңтарда Римде (Италия) ҚМГ және Eni S.p.A. Жаңаөзен қаласында гибриді электр станциясын салу жобасын іске асыру туралы шешімге қол қойды. Жоба Eni Plenitude еншілес компаниясымен бірлесіп Жаңаөзенде жел (77 МВт) және күн электр станциясын (50 МВт), сондай-ақ қуаты 120 МВт газ электр станциясын салуды көздейді. Бұл бастама ҚМГ-ның өңірдегі өндірістік нысандарын электр қуатымен тұрақты түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар 2023 жылдың жазында «Қазақстан Республикасында 300 МВт/600 МВтс электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жиынтық қуаты 1 ГВт ЖЭС салу» жобасына бастама жасалды. «Мирный» деп аталатын бұл жобаны ҚМГ, Самұрық-Қазына және Total Eren бірлесіп іске асырып жатыр. «Мирный» жобасы Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде электр энергиясын ірі көлемде өндіруге, ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасы аясында CO<sub>2</sub> шығарындарын азайтуға және офсет бірліктерін өндіруге бағытталған.

### Есепті жылы мақсатқа жету жолында атқарылған іс-шаралар/оқиғалар:

- **2023 жылы 1 қарашада** Франция Президенті Эммануэль Макронның Қазақстанға ресми сапары барысында Total Eren компаниясымен қуаты 1 ГВт болатын ЖЭС салу жобасы бойынша Бірлескен кәсіпорын туралы келісім жасалды. Жоба қатысушылары – Total Eren (60%), «Самұрық-Қазына» АҚ (20%) және ҚМГ (20%). 2022 жылы қарашада бұл жобаны іске асыру үшін жобаны іске асырудың негізгі шарттар туралы келісім қабылданды.
- **2023 жылы 3 желтоқсанда** ҚМГ UNEP-пен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойып, UNEP және IMEО ұйымдастырған OGMP 2.0 Серіктестігіне (The Oil & Gas Methane Partnership) қосылды.
- **2023 жылы 13 желтоқсанда** Атырау облысында реконструкциядан және кеңейтуден кейін «Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбыры салтанатты түрде іске қосылды.
- **2024 жылы 18 қаңтарда** Римде (Италия) ҚМГ және Eni S.p.A. Жаңаөзенде гибриді электр станциясын салу жобасын іске асыру туралы бірлескен шешімге қол қойды.

Белгіленген төрт стратегиялық мақсатты жүзеге асыру нәтижесінде ҚМГ ұлттық экономиканы әртараптандыруға және Қазақстан Республикасының көміртегі ізін азайтуға үлес қосады, осылайша Компанияның өсіміне және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін экологияның сақталуына ықпал етеді. ҚМГ қосымша жаңа активтерді іздеу мен сатып алуды M&A мәмілелері, олардың құны мен нарықтың жалпы конъюнктурасы бойынша ұсыныстар түскен кезде жүзеге асырады.

ҚМГ Даму стратегиясы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері мүдделі тараптар үшін корпоративтік сайтта (<https://www.kmg.kz>) жарияланады. ҚМГ тобы бойынша компанияның қызметіне әсер ететін жүйелі және ұзақ мерзімді міндеттерді шешу үшін жыл сайын стратегиялық сессиялар ұйымдастырылады.

## Корпоративтік қызмет көрсеткіштері

Стратегиялық мақсаттар мен бастамаларды іске асыру мақсатында жыл сайын компания менеджменті үшін корпоративтік қызмет көрсеткіштері белгіленеді. Бұл көрсеткіштер Компанияның басым міндеттерінің орындалуы, өндірістік, қаржылық көрсеткіштер мен тұрақты даму саласындағы көрсеткіштер арасындағы теңгерімнің сақталуы ескеріліп қалыптасады. Корпоративтік қызмет көрсеткіштері тізбесіне міндетті түрде өндірістегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау индикаторлары кіреді. Жыл қорытындысы бойынша басты

қызмет көрсеткіштерінің нәтижесі қызмет тиімділігін бағалау периметріне кіретін ҚМГ қызметкерлеріне сыйақы тағайындау кезінде ескеріледі.

2023 жылы ҚМГ-ның корпоративтік және Басқарма мүшелеріне тиесілі функционалдық корпоративтік қызмет көрсеткіштері инвестициялық жобаларды іске асыруға, өндірістік, қаржы-экономикалық көрсеткіштердің жоспарлы мәндерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ESG мақсаттарына қол жеткізуге бағытталды.

### Компанияның құн тізбегі тиімділігін арттыру

**Басым инвестициялық жобаларды іске асыру** **80% (2022: 54,02%)**  
Бес жобаның ішінен төрт жобаның жоспарланған іс-шаралары жүзеге асырылды:

- «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырын реконструкциялау және жаңғырту»;
- «Кендірліде қуаты тәулігіне 50 000 текше метр теңіз суын тұщыту зауытын салу»;
- «Бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші кезеңі (Полиэтилен өндірісі)»;
- «Жаңаөзенде жаңа газ өңдеу зауытын салу».

[«Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу» бөлімін қараңыз.](#)

**Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі** **23 490' мың тонна (2022: 22 012 мың тонна)**  
Бұл көрсеткіш операциялық активтер мен ірі мұнай-газ активтерінде Компанияның қатысу үлесіне өндірілген мұнай мен газ конденсатының көлемін сипаттайды.

[«Өндіру» бөлімін қараңыз.](#)

**ЕБИТDA margin, трейдингті есепке алмағанда** **40% (2022: 29,3%)**  
Бұл көрсеткіш Компанияның табыстылығын анықтайды және компания салық, кредиттер бойынша пайыздар мен амортизация шығынын төлегенге дейін түсімнен түскен пайызды көрсетеді.

[«Қаржылық қызметке шолу» бөлімін қараңыз.](#)

**Акционерлердің жалпы кірісі (TSR)** **43,1% (көрсеткіш 2023 жылы енгізілді)**  
Бұл көрсеткіш құйылған инвестицияның тиімділігін (қайтарымдылығын) көрсетеді. 43,1% = (2023 жылдың соңында (29.12.2023) акцияның бағасы 11 541 теңге – сатылымның басында (08.12.2022 ұсыну кезінде) акцияның бағасы 8 406 теңге + бір акцияға төленген дивиденд 491,71 теңге) / ұсыныс басында акцияның бағасы (08.12.2022 ұсыну кезінде) 8 406 теңге \*100%

[«Акционерлермен өзара байланыс» бөлімін қараңыз.](#)

### «Тұрақты даму және өндірісте көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету»

**Өндірістегі қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш** **Жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалар коэффициенті(LTIR): 0,30 (2020: 0,36)**  
Қауіпсіз емес жағдайды/қауіпсіз емес мінез-құлықты/қауіпсіз емес әрекетті/қауіпті жағдайды/қауіпті факторды анықтау және ол туралы хабарлау: ҚМГ-ның ЕТҰ-да **12 240 Қорғау картасы** толтырылды (көрсеткіш 2023 жылы енгізілді).

Көрсеткіш екі құрамдауышынан тұрады LTIR (Lost Time Incident Rate), өндірістік қауіпсіздік бойынша Қорғау карталарын толтыру.

[«Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қараңыз.](#)

Корпоративтік қызмет көрсеткіштерін орындау мәндері бағаланып қойды. Жоспар бойынша ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылғы көрсеткіштердің нақты мәндерін 2024 жылы шілдеде бекітеді.

## Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу

### Жобаларды басқарудың корпоративтік жүйесі

Инвестициялық жобаларды іске асыру процесін жақсарту аясында 2023 жылы ҚМГ жобаларды басқарудың корпоративтік жүйесін (бұдан әрі – ҚБЖК) дамыту бойынша жұмысын жалғастырылды.

Жобаларды басқарудың түрлі салалары бойынша шешім қабылдау үшін 34 құжаттың үлгісі дайындалды, олардың аясында жобаларды басқару процестерінің нәтижелеріне қойылатын нақты талаптар белгіленді.

Компанияда қабылданған күрделі жобаларды басқару құралдары мен әдістерін сипаттайтын ҚБЖК бойынша нұсқаулық әзірленіп шығарылды.

2023 жылы қыркүйекте ҚМГ компаниялар тобында жобаларды басқаруға арналған бірінші конференция өтті. Жиынға ірі күрделі жобаларды іске асыратын ҚМГ мен еншілес/тәуелді ұйымдардың 150-ден астам жобалау мамандары қатысты. Қатысушылар ірі күрделі жобаларды жоспарлау және іске асыру саласындағы өзекті мәселелер бойынша ашық пікір алмасты, жобалау жұмысының, жобаның құрылысы мен келісудің негізгі аспектілерін қарап, бұған дейінгі тәжірибелерін талдады, сондай-ақ жобаларды басқарудың үздік практикalarını ұсынды.


ҚМГ және оған қарасты еншілес, тәуелді ұйымдардың жобалау қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз жетілдіруге ерекше көңіл бөлінді.

Есепті кезеңде жобалық басқарудың түрлі салалары бойынша сегіз ішкі және сыртқы курстар өткізілді. Оларға ҚМГ мен еншілес/тәуелді ұйымдардың 300-ден астам қызметкері қатысты. Соның ішінде 46 қызметкер IPMA стандарты бойынша сертификаттау емтиханынан сәтті тапсырды, 17-сі Green Project Management стандартының сертификатына ие болды.

ҚМГ жобалау қызметкерлерін ішкі сертификаттау жүйесі енгізілді, оның аясында ҚМГ 2024 жылы ҚБЖК талаптарын ескере отырып, күрделі жобалардың басшыларын сертификаттауды қолға алмақ.

Жобаларды жобалау, келісу және олардың құнын айқындау процестерін оңайлату мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізілді.

Алдағы жылы жобаларға сараптама жүргізу, шешімдер қабылдау процестері мен құралдарын жетілдіру және ҚМГ тобының қызметкерлері арасында жоба басшыларының пулын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғасын болады.



<sup>1</sup> Жоспарлы басты қызмет көрсеткіштері мәндеріне енгізілген активтер тізіміне сәйкес. ҚМГ-ның мұнай мен газ конденсатын жалпы өндіру көлемі – 23 532 мың тонна.

**Инвестициялық портфельге шолу**

Бүгінгі таңда ҚМГ инвестициялық портфелі ресурстық базаны ұлғайту, Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру, бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту мақсатында компания қызметінің барлық бағыттарын қамтитын жобалардан тұрады. ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сай компанияның инвестициялық портфелінде ҚМГ үшін дәстүрлі бағыттардағы (геологиялық барлау, мұнай тасымалдау мен өңдеу), сондай-ақ жаңа бағыттардағы (мұнай-газ химиясы, баламалы энергетика және ҚМГ-ның қолданыстағы операциялық активтерде көміртегі

ізін төмендету) бірнеше жоба бар. Әр жобаны қаржыландыру көзі жеке-жеке анықталады. Жобаларды қаржыландыру барынша жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады. Тек жаңа нақты жобаларға ғана қарыз тарту көзделген. Бұдан басқа инвестициялық және қаржылық тәртіпті күшейту үшін компанияға ең аз мөлшердегі регресс әсерімен нақты жобаларға ғана қарыз тартылады.

2023 жылы инвестициялық портфельдің жалпы құны 50 461 млрд теңгеге жетті, соның ішінде ҚМГ үлесіне тиесілі сома – 18 636 млрд теңге.

Қызмет бағыты	Инвестициялық портфельдің жалпы құны, млрд теңге		ҚМГ үлесіне тиесілі инвестициялық портфельдің құны, млрд теңге	
	2022	2023	2022	2023
Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру	44 448	41 857	14 609	12 713
ESG жобалары	237	965	219	420
Сервистік жобалар	182	178	182	178
Мұнай тасымалдау	424	419	163	155
Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі	314	797	265	732
Мұнай химиясы	5 581	6 131	2 960	4 329
Басқалары	125	114	119	109
<b>Барлығы</b>	<b>51 312</b>	<b>50 461</b>	<b>18 516</b>	<b>18 636</b>

**Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру**

2022 жылы мұнай-газ саласының инвестициялық тартымдылығын жақсарту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел инвесторларының және ҚМГ-ның қатысуымен қосымша ынталандыруды талап ететін күрделі жобаларға (құрлықтағы жаңа күрделі жобалар, теңіз жобалары мен газ жобалары) бірқатар реттеуші және фискалдық преференциялар ұсынатын жақсартылған модельдік келісімшарт (ЖМК) тетігін әзірледі. 2022 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі мен Салық кодексіне тиісті түзетулер енгізілген заңдарға қол қойды. Бұл түзетулердің ҚМГ-ның бірқатар жобаларына қатысы бар және Каспий теңізі қайраңында да, құрлықтағы бірқатар күрделі әрі газ жобалары бойынша да жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

2023 жылы ЖМК арқасында «Қаламқас теңіз — Хазар», «Қаратон Подсолевой» және «Өріқтау» күрделі әрі көп капиталды қажет ететін жобалар бойынша жұмыс жандана түсті. Тиісті келісімшарт қабылданды.

2022 жылы бес учаске (Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік Өзен) бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензиялар алынды. 2023 жылы жер қойнауын геологиялық зерттеу бағдарламасы аясында кестеде көрсетілген мерзімнен бұрын озық сейсмикалық барлау жүргізілді. Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарындағы үш учаскеде далалық сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды. Мұғалжар учаскесінде (Ақтөбе облысы) далалық жұмыстар жүріп жатыр. Болашақ учаскесі бойынша тарихи деректерді қайта өңдеу мен қайта зерттеу, Жарқын, Березовский және Солтүстік Өзен учаскелер бойынша жиналған нәтижелерді өңдеу және зерттеу жұмыстары аяқталып қалды. 2024-2025 жылдар аралығында геологиялық қауіптерді азайту және геологиялық және техникалық-экономикалық бағалау үшін алғаш деректерді алу мақсатында озық сейсмикалық барлау жұмыстарын аяқтап, алынған нәтижелерді өңдеу мен зерттеу жоспарланып отыр.

2023 жылы «Қаратон Подсолевой» және «Қаламқас теңіз – Хазар» жер қойнауының учаскелері бойынша келісімшарттар қабылданды, оператор қызметін атқаратын компаниялар ашылды және әрбір жобаға стратегиялық серіктестер тартылды.

«Қаратон Подсолевой» учаскесінде 2024 жылы стратегиялық серіктестің қаражаты есебінен тереңдігі 5 500 метр болатын алғашқы барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр. Сынақтар 2025 жылы аяқталады деп күтіледі.


2023 жылы ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов учаскесінің жер қойнайын игеру жобасы

бойынша бірқатар келісімге қол қойды. Тереңдігі – 8 метрге жуық. Өндірілетін мұнай қоры – 86 млн тонна, газ қоры – 22 млрд текше метр. 2024 жылы жобалау жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.

2023 жылы 4 желтоқсанда «Шығыс Өріқтау» кен орнында өндіру басталды. Бұл кен орынды іске қосу еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында көмірсутек шикізатының қорын ұлғайту тұрғысында ерекше маңызға ие. Шығыс Өріқтау кен орнын одан әрі дамыту мақсатында қосымша тағы тоғыз пайдалану ұңғымасын бұрғылау жоспарда бар, бұл мұнай өндіру көлемін жылына 200 мың тоннаға дейін, ал ілеспе газ өндірісін жылына 100 млн текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2023 жылы 21 желтоқсанда ҚМГ-ға үлесінің 50% тиесілі УОГ Батыс Қазақстан облысында орналасқан Рожков газ конденсатты кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді. Өндірістің ең жоғары кезеңінде жылына 1 млрд текше метрге жуық газ және 500 мың тонна конденсат, жылына 150 мың тоннадай сұйытылған көмірсутек газы өндірілетін болады. Кен орнынан шикі газ алдымен газ өңдеу кәсіпорындарына беріліп, одан кейін тауарлық газ ішкі нарыққа жеткізіледі.

2023 жылы «Жеңіс» учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарын тоқтату туралы шешім қабылданды. Жеңіс құрылымындағы іздестіру-барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде көмірсутек табылмады. Геологиялық барлау жұмыстары стратегиялық серіктестіктің қаражаты есебінен жүргізілді, яғни барлық шығынды серіктес көтерді.





## «Теңіз», «Қашаған», «Қарашығанақ» мегажобалары

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірге Теңіз (20%), Қашаған (16,88%) және Қарашығанақ (10%) алып кен орындарындағы жобаларға қатысады.

- Теңіз кен орнында «Болашақ кеңейту жобасын (БКЖ)/Сағалық қысымды басқару жобасын (СҚБЖ)» іске асыру жұмыстары аяқталып қалды. Қазіргі кезде механикалық жұмыстар толық аяқталды. Жүйелерді пайдалануға дайындау және іске қосу-баптау жұмыстары басталды. 2023 жылдың қорытындысына сай БКЖ/СҚБЖ жобасы бойынша жиынтық шығын 45,6 млрд АҚШ доллары болды, жобада атқарылған жұмыстардың жалпы көлемі – 99,3%. Жобаларды іске қосудың болжамды мерзімі: 2023 жылдың жаңартылған кестесіне сәйкес СҚБЖ – 2024 жылдың екінші тоқсаны, БКЖ – 2025 жылдың екінші тоқсаны. Жоба аясында Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемі жылына 12 млн тоннаға артады.
- Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру деңгейін ұстап тұру жобалары белсенді іске асып жатыр. 2023 жылы жылына 4 млрд текше метр тауарлық газға арналған газ өңдеу зауытын салу жөніндегі тұжырымдама әзірленді. Жобаны іске асыру Қарашығанақ кен орнында өндірілетін шикі газды және одан өңделген өнімдерді монетизациялауға мүмкіндік береді. 2024 жылы «5-ші газды кері айдау компрессоры қондырғысының

жобасын (5IC)» аяқтау жоспарлануда. «6-шы газды кері айдау компрессоры қондырғысының жобасын (6IC)» жобасының құрылысы қарқынды жүріп жатыр (жоба бойынша жалпы атқарылған жұмыс көлемі — 43%).

- Қашаған кен орнында мұнай өндіру 1-ші кезеңді игеру аясында жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда алдағы 10 жылда мұнай мен конденсат өндіру деңгейін тәулігіне ~710 мың баррельге дейін (тәулігіне ~89,5 мың тонна) ұлғайтуға бағытталған 2-ші кезең аясындағы кен орындарды игеру жобалары қаралады. 2А-кезеңі шикі газды қуаты жылына 2,5 млрд текше болатын құрылысы жоспарланған жеке газ өңдеу зауытына жеткізу есебінен мұнай өндіру көлемін тәулігіне 6,3 мың тоннаға жеткізуді көздейді (бұл ретте кен орнындағы жалпы өндіру көлемі тәулігіне 500 мың баррель болмақ). Газ өңдеу зауытын салу бойынша алдын ала базалық жобалау жұмыстары басталды.

2Б-кезеңінің жобасы жылына 6 млрд текше метр ілеспе газ өндіру көмегімен мұнай өндіру көлемін тәулігіне 710 мың баррельге дейін ұлғайтуды көздейді. Оператор үшінші тараптың зауытына шикі газ жеткізу нұсқасы үшін алдын ала базалық жобалау жұмыстарын аяқтады. Үшінші тарап анықталмағандықтан, базалық жобалау кезеңіне көшу кейінге шегерілді.

## Мұнай тасымалдау

Каспий құбыр консорциумының мұнай айдау станцияларының тар жерлерін жою жобасын іске асыру аясында жылына 81,5 млн тоннаға дейін (соның ішінде Қазақстан учаскесінде – жылына 72,5 млн тонна) мұнай тасымалдау дайындығы қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар 2023 жылы Қазақтеңізкөлікфлоты мен International Maritime Investments Ltd компанияларының «Дедвейті 8 000 тонналық екі мұнай құю танкерін сатып алу» бірлескен жобасы аяқталды. Су кемелері нидерландық «Damen» концернінің верфинде салынған. Танкерлердің ұзындығы – 140 метр, ені – 16,7 метр, суда шөгуі — 4,2 метр, жылдамдығы — 10 түйін. Олар озық басқару жүйелерімен жабдықталған, жоғары техникалық мүмкіндіктерге ие, заман талабына сай болғандықтан берік әрі тиімді. Танкерлер халықаралық қауіпсіздік стандарттарына, экологиялық талаптарға сай жасалған. Бұл жоба Мемлекет басшысының қазақстандық көмірсутек тасымалы экспортының бағыттарын әртарапандыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылды. Tagaz және Liwa танкерлері қазақстандық тараптың Ақтау-Баку бағытымен жылына 750 мың тонна мұнай тасымалдау жөніндегі міндетін толық өтеуге мүмкіндік береді. 2023 жылдың наурыз ауынан Қазақстан мұнайы Ақтау – Баку – Тбилиси – Джейхан бағыты бойынша тасымалдана бастады. 2023 жылы Ақтау портынан тиелген мұнай көлемі 1 057 мың тоннаға жетті.

## Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі

ҚМГ-ның алдағы жылдарға арналған басты міндеттерінің бірі – тұтынудың болжамды өсуі салдарынан туындаған Қазақстанның ішкі нарығын отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешу болып отыр. Бұл өз кезегінде зауыттардың қуатын арттыру қажеттілігіне әкеледі. Бұл мақсатта зауыттардың жұмысын үш жыл бойы тоқтатпауға мүмкіндік беретін жабдықтардың беріктігі деңгейін арттыру үшін іс-шаралар кешенін жүргізу қажет. Бұл міндетті іске асыру үшін ҚМГ Атырау мұнай өңдеу зауытын, Павлодар мұнай-химия зауытын, ПҚОП зауытын үш жылдық жөндеуаралық кезеңге көшіру жобаларын бастап кетті.

«АМӨЗ» ЖШС тиімділігін арттыру» жобасын іске асыру арқылы АМӨЗ-де ашық түсті мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту жоспарланған. Жобаға ашық түсті мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту мақсатында осал жерлерді кеңейтуді көздейтін сегіз шағын жоба

енгізілген. 2025 жылы «Теңіз мұнайын өңдеу» шағын жобасын іске асыру жоспарда. Шағын жобаны іске асырғаннан кейін АМӨЗ жылына 1 млн тоннаға дейін Теңіз мұнайын өңдеп, ал қалған қуаттарды нарықтан сатып алынатын қосымша жартылай фабрикаттармен жүктеп алатын болады. Нафта және керосинді-газойлды фракция сияқты жартылай фабрикатты өңдеу ашық түсті мұнай өнімдерінің қосымша көлемін өндіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының солтүстік және шығыс өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Павлодар мұнай-химия зауытында сұйытылған көмірсутек газын тазарту және қысқы дизель отынын өндіру бағытындағы жобалар іске асырылып жатыр. Қондырғыларды іске қосу тиісінше 2024-2025 жылдарға жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда жылына 750 мың тонна жол битумын шығара отырып, жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін мұнай өңдеуге қауқарлы болатындай «CASPI BITUM» БК» ЖШС-нің қуатын күшейту мәселесі қаралып жатыр. Бұл жобаны жүзеге асыру жол құрылысы кезінде елдің автожол саласын битуммен үздіксіз қамтамасыз етуге (соның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүріп жататын жобаны іске асыру кезеңінде), импортты өндірілетін өніммен алмастыруға және елдің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұған зауыттағы шикі мұнайды бастапқы өңдеу қондырғысын (ЭЛОУ-АВТ) жаңғырту арқылы қол жеткізу жоспарлануда. Жобаны іске асыру мерзімі – 2023-2024 жылдар.

Мұнай маркетингін дамыту бағытында 2023 жылы ҚМГ инвестициялық портфеліне «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС іске асыратын жобалар енгізілді. ҚМГ-ның бұл еншілес компаниясы 2014 жылдың ортасынан бастап Қазақстан Республикасының авиаотынмен қамтамасыз ету нарығында жұмыс істейді. 2018 жылдан бері «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС шетелдік серіктестерді қатыстыра отырып, отын инфрақұрылымының жай-күйі мен пайдалануға дайындығын, сондай-ақ Jet-A1 маркалы жанармайды пайдалануға көшу үшін шарттардың орындалуына бағалау жүргізді. Саладағы жетекші әлемдік компаниялармен отандық әуежайларды дайындау бойынша бірлескен қызметті көздейтін келісімдер қабылданды. Жобалар Jet-A1, PT/TC-1 маркалы авиотынды сақтау үшін елдің негізгі әуежайларында жанармай құю кешендерін салуға және/немесе жаңғыртуға инвестиция құюды көздейді, сонымен қатар отынды сақтау және отандық әрі шетелдік авиакомпанияларға отынды ұшақ қанаттарына делдалсыз құю бойынша қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

## Мұнай-газ химиясы

ҚМГ 2023 жылы Атырау қаласындағы мұнай-газ-химия кешенінің бірінші кезеңін (полипропилен өндірісі) аяқтау, стратегиялық серіктестердің кіруі және мұнай-газ-химия жобаларын қаржыландыру мәселелерін шешу бағытында қарқынды жұмыс атқарды. Кешен ресми іске қосылғаннан бері 210 мың тоннадан астам полипропилен өндірді. Өндірілген шикізат Қазақстаннан бөлек, Еуропаға, Қытайға, Ресейге және Түркияға экспортқа жөнелтіледі. 2023 жылы отандық полимер бизнесінде сұранысқа ие полипропиленнің бес түріне тапшылық толығымен шешілді. 2024 жылдың ақпанында тағы екі жаңа полипропилен маркасының өндірісі жоспарда бар.

2022 жылғы 8 қарашада жылына 500 мың тонна өнім шығаруға мүмкіндік беретін зауыт іске қосылды. 2022 жылғы 7 қарашада Полипропилен өндіру зауытына және «Полиэтилен» жобасына «СИБУР» ЖАҚ-тың кіруін көздейтін «Самұрық-Қазына» АҚ, ҚМГ және «СИБУР» ЖАҚ арасындағы міндеттеуші құжатқа қол қойылды. 2022 жылы 32,3 мың тонна полипропилен өндірілді. Қазіргі таңда «KPI Inc.» компаниясы CNCEC мердігерімен және Lumtus Technology лицензиарымен бірлесіп, жобалық көрсеткіштерге қол жеткізуді растау үшін барлық кешеннің технологиялық процесін тұрақты технологиялық режимге шығару, технологиялық қондырғылар жұмысындағы «олқы тұстарды» анықтау, кейіннен кепілдікті пайдалану сынақтарын жүргізе отырып, технологиялық жабдықтарды/блоктарды кешенді сынақтан өткізу бойынша іс-шаралар жүргізуде. Қазақстан Республикасында Теңіз кен орнының шикізатынан қосылған құны жоғары, экспортқа бағдарланған өнімдерді шығара отырып, мұнай-химия кластерін құру көзделген. 2024 жылы пайдалану-кепілді сынақ жұмыстары аяқталғаннан кейін кәсіпорынды пайдалануға беру актісіне қол қою жоспарланған.

ҚМГ сондай-ақ жылына 1 250 мың тонна полиэтилен өндіретін зауыт салу жобасын іске асыруда. Бүгінгі таңда жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Полиэтилен өндіру және мұнай-химия өнімдерін сату жөніндегі жобаны іске асыру үшін стратегиялық әріптес ретінде «СИБУР Холдинг» ЖАҚ және Sinopet компаниялары тартылды. «Полиэтилен» жобасының алдын ала құны – 7,7 млрд АҚШ доллары. Жоба қатысушыларының 2023 жыл соңындағы құрылымы: ҚМГ – 49,9%, СИБУР – 40% және KMG PetroChem – 10,1%. Мақсатты құрылымы: ҚМГ – 29,9%, СИБУР – 30%, Sinopet – 30% және KMG PetroChem – 10,1%. «Полиэтилен» жобасын қаржыландыру құрылымы пысықталу сатысында және қарыз алу мен жеке қаржы есебін көздейді. Қазіргі уақытта жобалау жұмыстары белсенді жүргізілуде. Бұдан басқа, полиэтилен өндіру зауытын қажетті ресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін ҚМГ магистральды құбырлардың газ бөлу кешенін салу жөніндегі жобаларды (этан, пропан) іске асыру бойынша жұмысты қатар жүргізеді. Полиэтилен өндірісі жобасының және ілеспе инфрақұрылымдық жобалардың аяқталу мерзімі 2028 жылға жоспарланған.

## Тұрақты даму саласындағы жобалар

ҚМГ ұлттық компания ретінде мынадай бағыттағы жобаларды іске асырады:

- еліміздің батыс өңірлерде «Астрахань-Маңғышлақ магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту», «Қашаған кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысы үшін су құбырын салу» және «Кендірліде қуаты тәулігіне 50 000 текше метр теңіз суын тұщыту зауытын салу» сияқты сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешетін жобалар. «Астрахань-Маңғышлақ магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасы «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырының өткізу қабілетін арттыру және халықты, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерін, өнеркәсіп және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету үшін тозған жабдықтарды жаңарту мақсатында 2023 жылдың желтоқсанында іске асырылды. Су құбырын реконструкциялау белгіленген мерзімнен 1 жылға ерте орындалды. 2023 жылы 13 желтоқсанда Атырау облысында жоба салтанатты түрде іске қосылды. Жобаның құрылысына 500-ден астам адам жұмылдырылды. Нәтижесінде «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырының өткізу қабілеті тәулігіне 110 мың текше метрден 170 мың текше метрге дейін артады. Атырау облысында «Қашаған кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысы үшін су құбырын салу» жобасы «Қашаған» кен орнында ілеспе газды өңдеу зауыты» объектісін сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін іске асырылды. Су құбырының өткізу қабілеті тәулігіне 3 408 текше метрге немесе жылына 815 000 текше метрге тең, су құбырының жалпы ұзындығы 25,15 шақырым. Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне 2023 жылғы 31 тамызда қол қойылды. «Кендірліде қуаты тәулігіне 50 000 текше метр теңіз суын тұщыту зауытын салу» жобасының инфрақұрылымы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау аяқталды, 2023 жылдың желтоқсанында оң қорытынды алынды. Инфрақұрылым бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Су тарту зауыты мен қосалқы объектілердің жобасын іздестіру, әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тұщыту зауыты бойынша жобалау-сметалық құжаттама 2024 жылы наурыз айында аяқталады деп күтіледі.
- «жасыл» электр энергиясын өндіру есебінен төмен көміртегі ізін азайтуға бағытталған мәселелерді шешу: «Eni S.p.A. компаниясымен бірлесіп, қуаты 120 МВт ЖЭК гибриді электр станциясын салу» жобасына 2023 жылдың көктемінде Өзенмұнайгаз және ҚазГӨЗ кәсіпорындарына электр энергиясын тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында көміртегі ізін азайту үшін стратегиялық серіктес Eni S.p.A. бірлесіп бастама жасалды. Жоба жаңартылатын энергия көздерінен (жел мен күн) және газ станциясынан электр энергиясын өндіруді көздейді. Бүгінгі таңда жел мен күннің әлеуетін есептеу жұмыстары, жобаның орналасуын анықтау, жобаның техникалық-экономикалық бағасы аяқталды. 2024 жылы жоба объектілерінің құрылысын бастау көзделіп отыр, жоспарға сай жоба 2025

жылы толық пайдалануға берілмек. «Eni S.p.A. компаниясымен бірлесіп, қуаты 120 МВт ЖЭК гибриді электр станциясын салу» жобасының алдын ала құны – 306 млн АҚШ доллары (ҚМГ 49% үлесіне - 105 млн АҚШ доллары тиесілі). Сонымен қатар ҚМГ «Самұрық-Қазына» АҚ мен Total Eren компаниясымен бірлесіп іске асыратын «Қазақстан Республикасында 300 МВт/600 МВтс электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жиынтық қуаты 1 ГВт ЖЭС салу. «Мирный жобасына» да 2023 жылдың жазында бастама жасалды. Жоба Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Мирный кентінде салынатын болады. «Мирный» жобасы Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде электр энергиясын ірі көлемде өндіруге, CO2 шығарындыларын азайтуға және ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасы аясында офсет бірліктерін өндіруге бағытталған. Бүгінгі таңда техникалық-экономикалық зерттеу, соның ішінде жел электр станциясы құрылысының орналасуы анықталған аймақтың желдің есу әлеуетін зерттеу жүргізіліп жатыр. «Қазақстан Республикасында 300 МВт/600 МВтс электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жиынтық қуаты 1 ГВт ЖЭС салу. «Мирный жобасының» алдын ала құны – 1 173 млн АҚШ доллары (ҚМГ 20% үлесіне - 235 млн АҚШ доллары тиесілі). Жоба екі кезеңге бөлініп жүзеге асырылмақ. Атап айтқанда, алдымен 300 МВт қуаты, одан кейін 700 МВт салынады. Жел-электр станциясында электр энергиясын жинақтайтын жүйе орнатылады, бұл жел генерациясының үздіктігі салдарынан тұрақсыз болу тәуекелін азайтады.

- сарқынды суларды мұнай өнімдерінен тазарту мәселелерін шешу. Атырау мұнай өңдеу зауытында Tazalyq жобасы аясында жабық типтегі сарқынды суларды механикалық тазарту қондырғыларын реконструкциялаудың екінші кезеңі жалғасуда. Кезең барысында біркелкілеу резервуарларды, сорғы станцияларының ғимараттарын, өзі жуылатын сүзгілер мен флотатор алаңдарын салу бойынша жұмыс атқарылып жатыр. Жоспар бойынша іске қосу-баптау жұмыстары 2024 жылдың басында жүргізіледі. Бірінші кезең аяқталғаннан кейін жаңартылған механикалық тазарту қондырғыларында айына орта есеппен 12 мың текше метр мұнай шламы өңделеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша сарқынды суларды мұнай өнімдерінен тазарту тиімділігі 83%-ға жетті. Сарқынды суларды қалқы-малы заттардан тазарту тиімділігі 20%-ға ұлғайды. Мұнай шламын тұрақты өңдеу есебінен өңдеуге қайтып келген мұнай көлемі айына орта есеппен 3 280 тоннаға жетті. Осылайша, 2023 жылы 38 994 тонна тауарлық мұнай өнімі өңдеуге қайтарылды. Сонымен қатар «АМӨЗ» ЖШС Tazalyq жобасы аясында булану алқаптарын қалпына келтіру және нормативті-тазартылған сарқынды сулардың ашық арнасын реконструкциялау шараларын қолға алды. Бүгінгі таңда зауыт сарқынды суларды ағызатын құбырларды бас көріздік сорғы станциясына және көріз-тазарту станциясына дейін салу жұмыстарын аяқтады. Сондай-ақ булану алқаптарының 1-2-ші секторларын қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. 3-4-ші секторларды кептіру мен қалпына келтіру жұмыстары АМӨЗ сарқынды суларын Атырау қаласының көріз-тазарту станциясына ағызуды рұқсат берілгеннен кейін басталады.



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ



## Қор

Халықаралық тәуелсіз DeGolyer&MacNaughton компаниясы жүргізген аудитке сәйкес, PRMS халықаралық стандартымен 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген және ықтимал қоры (2P) 733 млн тонна (5 680 млн баррель м.э.) мұнай эквивалентіне тең. 2022 жылмен салыстырғанда 2P қорларының деңгейі 3,7%-ға өсті. Бұл көрсеткіштің өсуіне геологиялық-техникалық іс-шаралар көлемін ұлғайту, ұңғымаларды бұрғылау және операциялық активтердегі өндірісті толықтыруға бағытталған игеру жоспарларын өзгерту, сондай-ақ Қашаған және Қарашығанақ кен орындарын игеру жоспарларын іске асыруды нақтылау әсер етті.

PRMS халықаралық жүйесі бойынша қорларды жыл сайынғы бағалау Компанияның қормен қамтамасыз ету деңгейін ұстап тұру жөніндегі жобалық және нақты іс-шараларға тұрақты бақылау жүргізілетінін көрсетеді. Дәлелденген қордың (1P) еселігі 16 жылға тең, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен жоғары, көрсеткіш 11 жылға жуық. Бұл ретте 2P санатына (дәлелденген + ықтимал) жататын қордың жиілігі 25 жылды құрап отыр.

1P санаты бойынша қордың толтыру коэффициенті

**92 %-ға**

2P санаты бойынша қордың толтыру коэффициенті

**110 %-ға тең**

### 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қорлар<sup>1</sup>


Қор санаты	Көмірсутек, млн баррель м.э.			Көмірсутек, млн тонна м.э.		
	2021	2022	2023	2021	2022	2023
Дәлелденген (1P)	3 694	3 775	3 943	477	486	507
Дәлелденген + ықтимал (2P)	4 983	5 478	5 680	645	708	733
Дәлелденген + ықтимал + болжамды (3P)	5 869	6 294	6 502	761	816	842

## Геологиялық барлау

ҚМГ геологиялық барлау бағытында 2021 жылы бекітілген 2031 жылға дейінгі даму стратегиясын басшылыққа алады. Бұл құжатта «Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база» стратегиялық мақсаты көзделген. Осы мақсат аясында теңізде жеті, құрлықта жеті жоба бойынша барлау жүргізіліп, негізгі жұмыс істеп тұрған кен орындары шегінде қосымша барлау жұмыстары көзделген. ҚМГ-ның игеріліп жатқан кен орындарында жоспарлы геологиялық барлау және қосымша барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша 2031 жылға дейін ABC1 өндірілетін қор өсімі 253 млн тонна көлемінде күтіледі. Тиісінше 2031 жылға дейін қорды толтыру коэффициентін органикалық өсу есебінен 105% деңгейінде сақтап тұру жоспарда бар.

**253 млн тонна**

Өндірілетін қор өсімі 2031 жылға дейін органикалық өсу есебінен күтіледі (ABC1)



Орта мерзімді перспективада ҚМГ геологиялық барлау жұмыстарына салатын инвестицияны ұлғайта береді. 2024-2028 жылдар аралығында шамамен 426 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салу жоспарланған. Геологиялық барлау жұмыстарының жоспарланған көлемі 5 мың кума шақырымнан астам және 1,3 мың аудандық шаршы шақырымнан астам сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуді қамтиды. Бұл мерзімде 30 барлау және бағалау ұңғымасын бұрғылау жоспарланған, соның ішінде: Қаратон Подсолевой, Торғай палеозой, Тайсойған, Абай барлау учаскелеріндегі алғашқы барлау ұңғымалары, кейіннен тәуелді бағалау ұңғымаларын бұрғылау көзделген. Сондай-ақ қолданыстағы кен орындарының қорын тағы барлап, толықтыру үшін 20-дан астам бағалау ұңғымасы бұрғылау жоспарлануда.

Жер қойнауына геологиялық зерттеу жүргізу қорытындысы бойынша екі келісімшартқа (Болашақ пен Қаражар), сондай-ақ төрт жаңа келісімшартқа қол қою жоспарда бар.

<sup>1</sup> Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі барлық үлестерді шегергеннен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бақылайтын үлестес компанияларға жататын барлық қорлардың бөлігі ретінде айқындалады.



## 2023 жылы геологиялық барлау саласындағы басты оқиғалар

2023 жылы геологиялық барлауға алдын ала есеп бойынша шамамен 135 млн АҚШ доллары инвестиция салынды (ҚМГ үлесі 52 млн АҚШ доллары, қалғаны серіктестердің кэрри-қаржыландыруы есебінен):

- 400 шаршы километр 3D және 1 613 қума километр 2D далалық сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді, 3 200 қума шақырымнан астам және 440 шаршы километрден астам сейсмикалық деректер өңделді;
- 17 барлау және бағалау ұңғымасы бұрғыланып, сыналды;
- Органикалық өсуді (1,9 млн тонна), бейорганикалық өсуді (33,8 млн тонна), ЕМГ-нің рентабельді емес кен орындарын (Доссор, Сағыз, Таңатар) мемлекетке қайтаруды (-0,9 млн тонна) ескере отырып және Өріқтау кен орны бойынша бағалау кезеңінің аяқталуы (КТ-2 мен Девон шоғырлары) ескеріліп, игерілетін сұйық көмірсутек қорының күтілетін өсімі 34,8 млн тоннаға жуық, бұл бір жылда 23,5 млн тонна өндіру кезінде қорды толтыру ABC1 санаты бойынша коэффициентінің 148%-на тең.
- 2023 жылы қаңтар айында Жеңіс теңіз учаскесінде барлау ұңғымасын бұрғылау аяқталды. Жоба «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ стратегиялық серіктеспен бірлесіп іске асырылды. Бұрғылау және зерттеу нәтижесі бойынша мұнай-газ шоғыры табылған жоқ, геологиялық тәуекел расталды.
- 2023 жылы «Қаратон Подсолевой» учаскесі (P50 нұсқасы бойынша геологиялық қоры 353 млн тонна) бойынша «Татнефть» ЖАҚ стратегиялық серіктеспен бірге жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алынды. Серіктес барлау кезеңінің жұмысын 100% қаржыландыру туралы міндеттеме қабылдады. Жоба операторы қызметін атқару үшін Karaton Operating Ltd. компаниясы ашылып, оған жер қойнауын пайдалану құқығы берілді. Жобалық құжаттарды және оператордың ұйымдық мәселелерін келісу бойынша жұмыс жалғасуда. 2024 жылы жоспарға сай тереңдігі 5 500 метр болатын барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары басталады.
- 2023 жылы Қаламқас-теңіз — Хазар учаскесі бойынша да «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ стратегиялық серіктеспен бірлесіп келісімшарт қабылданды. Kalamkas Khazar operating ЖШС құрылып, жер қойнауын пайдалану құқығы осы серіктестікке берілді. Тарихи сейсмикалық деректерді өңдеу және қайта түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.
- 2022 жылы негізгі шөгінді алаптарды модельдеу бағытындағы талдау жұмыстары аясында қосымша зерттеуді талап ететін перспективті бес учаске анықталды (Жарқын, Болашақ, Солтүстік Өзен, Березовский, Мұғалжар). 2023 жылы ҚМГ-ның жүз пайыз еншілес компаниясы КМГ Barlau ЖШС үш учаскеде (Жарқын, Солтүстік Өзен, Березовский) далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын аяқтады. Жиналған нәтижелер өңделіп, зерделеніп жатыр. Тағы бір перспективті учаске бойынша далалық жұмыстар жалғасып жатыр. Қалған бір учаскеде тарихи сейсмикалық деректерді өңдеу және зерделеу кезеңі аяқталды, оның нәтижесі бойынша далалық жұмыстар бойынша жоспарларға түзету енгізілді. Сейсмикалық деректерді өңдеу мен зерделенудің нәтижесі бойынша және геологиялық-техникалық бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін 2025 жылы жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алу жөнінде шешім қабылданады. Барлық жұмыстар 2022 жылы жер қойнауын геологиялық зерттеуге алынған лицензиялар аясында жүргізілуде.

## 135 млн АҚШ доллары

Геологиялық барлауға 135 млн АҚШ доллары инвестиция салынды, соның 52 млн АҚШ доллары ҚМГ үлесіне тиесілі.

## 148 %

2023 жылы ABC1 санаты бойынша қорды толтыру коэффициенті 23,5 млн тонна жылдық өндіру кезінде 148 %-ға тең болды.

## 2024 жылға арналған жоспар

2024 жылы геологиялық барлау жұмыстарына шамамен 191 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салу жоспарда. ҚМГ шығыны – 79 млн АҚШ доллары.

2024 жылы мынадай іс-шаралар жоспарланып отыр:

- ҚМГ меншікті қаражаты есебінен Торғай палеозой учаскесінде тереңдігі 5 500 метр болатын алғаш барлау ұңғымасын бұрғылауды бастау. Геологиялық қоры (P50) – 399 млн тонн.
- Абай теңіз учаскесінде тереңдігі 2 500 метр болатын алғаш барлау ұңғымасын бұрғылау және сынау. Геологиялық барлау жұмыстарын ҚМГ-ның стратегиялық серіктесі Eni S.p.A. компаниясы қаржыландырады.
- Қаражар барлау учаскесі бойынша келісімшарт алу. Учаскенің геологиялық қоры (P50) – 32 млн тонна.
- стратегиялық серіктеспен бірлесіп Болашақ барлау учаскесі бойынша келісімшарт алу. Учаскенің геологиялық қоры (P50) – 344 млн тонна.

Сонымен қатар тарихи геологиялық-геофизикалық деректерді талдау және алаптарды модельдеу нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар алу туралы мәселені одан әрі пысықтау үшін мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына енгізу үшін бес жаңа перспективті учаске анықталды.

## 17 барлау және бағалау ұңғыманы

2024 жылы бұрғылау жоспарда бар

Ұңғыма тереңдегі

## 5 500 м

2024 жылы тереңдігі 5 км-ден астам барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары басталмақ.



## Геологиялық барлау және бұл саладағы ынтымақтастық бойынша жаңа жобалар

2023 жылы Компания геологиялық барлау саласында халықаралық мұнай-газ компанияларымен ынтымақтастықты кеңейту бойынша белсенді жұмысын жалғастыруда. Инвестиция тарту және геологиялық барлау кезінде тәуекелдерді бөлісу мақсатында ҚМГ стратегиялық әріптестерді тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Осы мақсатта өзара түсіністік туралы меморандумдар қабылданды және CNOOC, CNPC, Sinopec, Shell, Total, SOCAR, JOGMEC, Petrovietnam, SOVICO Group, Caspian explorer үшін саладағы деректерді көруге рұқсат берілді. Компанияда виртуалды дата-рум жұмыс істейді, ол әлеуетті серіктестерге ҚМГ-ның перспективті және жұмыс істеп тұрған активтері бойынша геологиялық-техникалық ақпарат ұсына алады. Серіктестер перспективті учаскелер бойынша тарихи деректермен танысып, стратегиялық серіктестік орнату туралы шешім қабылдай алады. Дата-рут негізінде инвестицияны салудан басқа, компаниялар учаскелердің болашағы туралы өз ойларын ортаға салады, сондай-ақ шетелдік және отандық жетекші мамандар тәжірибе мен білім алмасады.


Болашақ учаскесі бойынша стратегиялық серіктесті іріктеу бойынша ашық конкурс өтті. 2024 жылы жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алу жоспарда бар. Стратегиялық серіктес барлау кезеңіндегі жұмысты 100% қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар тарихи геологиялық-геофизикалық деректерді талдау және алаптарды модельдеу нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар алу туралы мәселені одан әрі пысықтау үшін мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына енгізу үшін үш жаңа перспективті учаске анықталды.

2023 жылы аз зерттелген шөгінді алаптардың перспективасын қарастыру жұмысы жалғастырылды. Далалық сейсмикалық барлау жұмыстарының параметрлерін және тиісті құнын жоспарлау мақсатында Солтүстік Торғай шөгінді алабы бойынша кешенді бақылдау жұмыстары жүргізілді. Қорытындысы бойынша аз зерттелген шөгінді алаптар шегінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарларына қатысты шешім қабылданатын болады.



## Қаламқас-Теңіз, Хазар



Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауының учаскелері Ақтау қаласынан 60 км қашықтықта орналасқан. Олар Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан жер қойнауының стратегиялық учаскелері болып саналады (Жер қойнауы туралы кодекстің 43-бабы). Учаскелер Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына және көмірсутек саласындағы ұлттық компанияға жер қойнауын пайдалануға құқығын беру үшін көмірсутекті барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған жер қойнауы учаскелері аумақтарының тізбесіне енгізілген (Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 478 бұйрығы). Бұл учаскелердің ауданы – 1 707, 17 км.

Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов кен орындары сәйкесінше 2002, 2007 және 2008 жылдары ашылған. Өнім беретін көкжиектердің орналасқан тереңдігі – теңіз түбінен 1 500-2 000 метр төмен.

### Коммерциялық өндіру және қоры:

Қаламқас-теңіз, Хазар кен орнында алғашқы коммерциялық мұнай өндіру 2028-2029 жылдарға жоспарланған. Жиынтықты игеру қоры 48,5 млн тонна мұнай және 19 млрд текше метр газ деңгейінде бағаланады. Өндіріс көлемі – шамамен жылына 4 млн тонна (тәулігіне 80 мың баррель). Өндірудің ең жоғары деңгейіне шығу мерзімі – кемінде 5 жыл.

### Жоба бойынша инвестиция көлемі:

ҚМГ-ның алдын ала бағалауына сай жоба бойынша инвестиция көлемі – шамамен 6,4 млрд АҚШ доллары (4-ші санат).

### 2023 жылы атқарылған жұмыстар:

Жобаны іске асыру мақсатында Kalamkas-Khazar Operating ЖШС (бұдан әрі – ККО) құрылды (2023 жылы 7 ақпан).

Жобаға «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-тың кіруі бойынша келісімдерге (сатып алу-сату келісімшарты, қатысушылардың келісімі, қаржыландыру туралы келісім) қол қойылды (2023 жылы 9 ақпан).

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен ҚМГ арасында 45 жылға арналған өндіру келісімшарты қабылданды (2023 жылы 27 ақпан).

ҚМГ мен ККО арасында өндіру келісімшарты бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын 100% беру туралы шартқа қол қойылды (2023 жылы 30 наурыз).

ККО-ға (жер қойнауын пайдаланушы) жер қойнауын пайдалану құқығы берілуіне байланысты келісімшартқа № 1 толықтыру қабылданды (2023 жылы 11 сәуір).

Қоғамдық тыңдаулар өткізілді, оның нәтижесі бойынша кен орынды игеру жобасына және инженерлік-геологиялық зерттеу жөніндегі техникалық жобасына қатысты Экология департаментінің әсер етуді бағалау бойынша оң қорытындысы алынды (2023 жылы 19 шілде).

ККО-ның 50% үлесін «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пайдасына сату мәселесі бойынша рәсімдер аяқталды (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 16/2023 хаттамасы).

Жалпы қатысушылар жиналысының №1 құрылтайшы отырысы өтті, оған жаңа үлескер – «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ қатысты (2023 жылы 4 қыркүйек).

ККО мемлекеттік тіркеуден қайта өтті, кәсіпорын үлескерлері ҚМГ (50%) және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ (50%) (2023 жылы 11 қыркүйек).

Қазақстан Республикасының Көмірсутек кен орындарын барлау және игеру комиссиясы Кен орынды игеру жобасын бекітті (2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 43/11 хаттама).

ҚМГ Инвестициялық комитеті 2-ші фазадан (PreFEED тұжырымдамасын таңдау) 3-ші фазаға (Белгілеу) өтуге және 3-ші фазаның бюджетіне келісімін берді (2023 жылы 10 қараша).

ККО Бақылау кеңесі ұйымдық құрылымды, 2024 жылдың бюджетін, сондай-ақ жоба бойынша бірқатар келісім мен құжаттарды (ҚМГ, ККО және ЛУКОЙЛ арасындағы қызметкерлерді іс-сапарға жіберу туралы келісім, еңбекақы төлеу ережелері, лауазымдық жалақының кестесі, іс-сапар лимиттері) бекітті (2023 жылы 4 желтоқсан).

### Жүріп жатқан жұмыстар:

2023 жылы ККО бюджеті аясында жобаның іске асырылуын тездету аясында озыңқы жұмыстар атқарылды (ҚМГ мен ЛУКОЙЛ-дың Басқарушы комитеті келісімін берді), соның ішінде:


- теңізде және құрлықта инженерлік-геологиялық зерттеу;
  - өндірістік-экологиялық мониторинг;
  - 3D сейсмикалық деректерді өңдеу және зерделеу.
- Қазір жобалау кезеңінің жұмыстары атқарылуда.

### 2024 жылға арналған жоспарлар:

2024 жылдың ішінде 3-ші фаза аясында мердігер компанияны таңдау нәтижесі бойынша Базалық жобалауды (FEED Engineering) іске асырып, жыл соңына дейін оны аяқтау көзделген.

Жоба бойынша соңғы инвестициялық шешім (FID) 2025 жылы қабылданады деп күтіледі.


## «Әл-Фараби» жобасы

**Келісімшар бойынша жер қойнауын пайдаланушы – «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС, оның үлескерлері:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС Басқарушы комитетіне қатысу үлесу 50,01%;
- «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ – «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС Басқарушы комитетіне қатысу үлесу 49,99%.

Кен орнын игеру жобасы бекітілгенге дейінгі барлау жұмыстарын 2021 жылғы 11 қарашадағы ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ арасындағы қаржыландыру туралы келісімнің талаптарына сәйкес «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ кәрри-қаржыландыру қағидаты бойынша жоба шығыстарының 100% мөлшерінде қаржыландырады.

## «Шығыс Бектұрлы» жобасы

**Жоба үлескерлері:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – жер қойнауын пайдалану құқығының 50%;
- «Көкел Мұнай» ЖШС – жер қойнауын пайдалану құқығының 50%.

Жоба операторы – «Bekturly Energy Operating» ЖШС.

Барлау жұмыстарын «Көкел Мұнай» ЖШС кәрри-қаржыландыру қағидаты бойынша жоба шығыстарының 100% мөлшерінде қаржыландырады.

Қазіргі уақытта көмірсутектің ашық кен орнын бағалау жұмыстары жүріп жатыр.

## «Абай» жобасы

**Жоба үлескерлері:**


- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – жер қойнауын пайдалану құқығының 50%;
- «Эни Исатай б.в.» – жер қойнауын пайдалану құқығының 50%.

Жоба операторы – «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС.

Кен орнын игеру жобасы бекітілгенге дейінгі барлау жұмыстарын ҚМГ мен «Эни Исатай б.в.» компаниясы арасындағы қаржыландыру туралы келісімнің талаптарына сәйкес «Эни Исатай б.в.» кәрри-қаржыландыру қағидаты бойынша жоба шығыстарының 100% мөлшерінде қаржыландырады.

Қазіргі уақытта барлау ұңғымасын салу үшін дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

## «Торғай Палеозой» жобасы


**Жоба үлескері:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 100%.

ҚМГ жобаны өз күшімен және меншікті қаражаты есебінен іске асыруда.

Қазіргі уақытта барлау ұңғымасын салу үшін дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

## «Хвалынский» жобасы




2005 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының уәкілетті ұйымдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ бірлескен кәсіпорын (50/50%) – «Каспий мұнай-газ компаниясы» ЖШҚ ашты. «Хвалынский» жобасы бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (ӨБК) қол қойылғаннан кейін бұл бірлескен кәсіпорын жер қойнауын пайдалану құқығына ие болады.

- ӨБК қабылданғанға дейін лицензияның иесі «ЛУКОЙЛ-Нижневолжскнефть» ЖШС болып қала береді.

Жобаны ҚМГ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ паритет негізінде пайыздық қарыз арқылы қаржыландырады.

## «Орталық» жобасы


**Жоба үлескерлері:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 50%;
- «ЦентрКаспнефтегаз» ЖШҚ («ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пен «Газпром» ЖАҚ-тың бірлескен кәсіпорны 50%/50%) – 50%.

Жоба операторы әрі жер қойнауын пайдаланушы Ресей Федерациясында тіркелген - «Орталық мұнай-газ компаниясы» ЖШҚ.

Барлау жұмыстарын «ЦентрКаспнефтегаз» ЖШҚ кәрри-қаржыландыру қағидаты бойынша жоба шығыстарының 100% мөлшерінде қаржыландырады.

«Жер қойнауын геологиялық зерттеу» жобасы




Жер қойнауын геологиялық зерттеу жобасы бойынша бес лицензияның иесі – KMG Barlau ЖШС (ҚМГ-ның 100% еншілес ұйымы).

Іске асыру мерзімі – 2022-2025 жылдар.

Жобаны ҚМГ меншікті қаражаты есебінен қаржыландырады.

Қазіргі уақытта төрт учаске бойынша далалық сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды, алынған деректерді өңдеу және зерделеу жұмыстары жүріп жатыр.

«Құрманғазы» жобасы




Жобаның үлескерлері:

- «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ – ӨБК-дағы үлесі 50%;
- «РН-Эксплорейшн» ЖШҚ («Роснефть» ЖАҚ-тың 100% еншілес ұйымы) – ӨБК-дағы үлесі 50%.

Жоба операторы – «Құрманғазы Петролеум» ЖШС. «Құрманғазы Петролеум» ЖШС-нің жарғы капиталындағы 100% үлесі ҚМГ-ға тиесілі.

Жобаны ҚМГ және «РН-Эксплорейшн» ЖШҚ паритет негізінде қаржыландырады. Әр компания жұмсалған шығынның 50% көтереді.

«Қаратон подсолевой» жобасы



Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы – Karaton Operating Ltd (ҚМГ-ның 100% еншілес ұйымы).

- 2024 жылы 21 ақпанда Ресей Федерациясы, Татарстанның «Татнефть» ЖАҚ Karaton Operating Ltd. компаниясының 50% үлесін ресми түрде сатып алды.
- Өндірістің басталу мерзімі – 2028 жыл, болжамды мұнай өндіру көлемі – жылына 4,51 млн тонна.

Кен орнын игеру жобасы бекітілгенге дейінгі барлау жұмыстарын «Татнефть» ЖАҚ кэрри-қаржыландыру қағидаты бойынша жоба шығысының 100% мөлшерінде қаржыландыратын болады.

Бес жылдағы жетістіктер

- 2019-2023 жылдар аралығында геологиялық барлау жұмыстарына шамамен 178,5 млрд теңге инвестиция салынды, ҚМГ шығыны шамамен 89,5 млрд теңге болды. Осы кезеңде Батыс Қарасор және Шығыс Бектұрлы жаңа кен орындары ашылды. 3D жоғары сейсмикалық барлау және барлау ұңғымасын сынау жұмыстарының нәтижесінде Шығыс Бектұрлы учаскесінде құрылымдық емес тұзақтардың әлеуеті дәлелденді.
- 2019 жылы Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде 3D сейсмикалық барлау жұмыстары бұрын-соңды болмаған ауқымды көлемде жүргізіліп, нәтижесінде жалпы әлеуетінің геологиялық қоры (P50) 328 млн тоннаға тең 26 перспективті нысан анықталды. 2022 жылы аталмыш учаскелер бойынша барлау мен өндіруге келісімшарттар алынды, олар геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру үшін ЕМГ-ге беріледі.
- Стратегиялық серіктестермен бірге Әл-Фараби, Қаратон подсолевой, Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалануға жаңа келісімшарттар жасалды. Геологиялық барлау жұмыстары стратегиялық әріптес тарапынан кэрри-қаржыландыру қағидаты бойынша жүргізіледі.
- Қызылорда облысындағы Торғай палеозой учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасалды. 2024 жылы тереңдігі 5 500 метр болатын барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарда бар
- Өзен (+39,9 млн тонна) және Қаламқас (+32,6 млн тонна) кен орындарының мұнай қоры едәуір ұлғайды. Кен орындарының қорын қайта бағалау 3D сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуді, кен орнының геологиялық тұжырымдамасын түзетуді, жаңа ұңғымаларды бұрғылауды, негізгі үлгілерге зертханалық талдау алуды, ұңғымалардың бүкіл қоры бойынша ұңғымаларды геофизикалық зерттеу материалдарын қайта зерделеуді қажет етті.
- Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында орналасқан бес перспективті учаске бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу жобасына бастама жасалды. 2023 жылы 2D және 3D аймақтық далалық сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді, алынған нәтижелер өңдеу және зерделеу кезеңіне жіберілді. Нәтижелері бойынша егжей-тегжейлі барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды алу туралы шешім қабылданатын болады.
- 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі кезеңде игерілетін мұнай қорының ҚМГ-ге тиесілі жиынтық органикалық өсімі 115 млн тоннаға жетті, Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жүйесіне сай санаттары А+В+С1.

Ресейлік серіктестерге салынған санкциялардың қауіпі


Ресейлік компаниялар мен банктерге салынған санкциялар Каспий теңізінде қызмет көрсететін мердігерлердің тізімін тарылтып, жұмыс құнының қымбаттауына әкеледі. Осыған байланысты санкцияға ілікпеген өнім жеткізушілер мен сервистік компанияларды тарту мүмкіндіктеріне талдау жүргізілді. Ақпарат әлі де жиналып жатыр. Сонымен қатар ресейлік серіктестермен бірлескен қызмет туралы құжаттарға АҚШ, Еуропалық Одақ және Ұлыбритания санкция салған кезінде жобадан және бірлескен кәсіпорыннан шығуды көздейтін баптар енгізілген.

Жаңа технологияларды енгізу, геологиялық барлауды оңтайландыру, тиімділікті арттыру

ҚМГ 2023 жылы компания тарихында алғаш рет 20 км тереңдікті қамтуға мүмкіндік беретін Каспий маңы шөгінді алабының терең құрылысын зерттеу мақсатында далалық жабдықтарды бірегей орналастыра отырып, тәжірибелік сейсмикалық жұмыстар жүргізді.

Компанияның 2024 жылғы жоспарында сейсмикалық барлау жұмыстарында сымсыз сенсорлар технологиясына сынақ жүргізу бар, мұндағы мақсат – бұл технологияны жер қойнауын геологиялық зерттеу көзделген аумақтарға одан әрі тарату. Бұл технология сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу мерзімдерін және сейсмикалық зерттеулермен үлкен аумақтарды қамту мүмкіндігін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар 2024 жылы Каспий теңізінің экологиялық сезімтал транзиттік аймақтарында сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде импульс көздерінің технологиясын сынақтан өткізу жоспарлануда. Технология қоршаған ортаға әсерді барынша азайтады және экологиялық талаптарды сақтай отырып, транзиттік аймақтар жағдайында кондициялық сейсмикалық деректерді алуға мүмкіндік береді.



### Жақсартылған модельдік келісімшарт

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша күрделі жобалардың бәсекелестігін арттыру және геологиялық барлау жұмыстарына қосымша инвестиция тарту үшін жағдай жасау, сондай-ақ көмірсутек қорын толықтыру мақсатында 2023 жылы үкімет тиісті заңнамалық актілерге («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстер және басқа да заңдарға) жаңа жақсартылған модельдік келісімшарты (бұдан әрі – ЖМК) тетігін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар әзірледі.

ЖМК бойынша жинақталған түзетулер бірқатар реттеуші және фискалды артықшылықтарды қамтиды, олар күрделі жобаларда геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыруға ықпал етеді:

- күкіртті сутектің құрамы жоғары (3,5% және одан да көп);
- тұз қалыңдығы кемінде 100 метр тұзды шөгінділері астында орналасқан;

- тереңдігі 4 500 метрден асатын құрылымдық емес тұтқыштары, терең шөгінділері бар;
- шамадан тыс жоғары қысымды шөгінділер (шамадан тыс коэффициенті 1,5 және одан көп);
- жаңа теңіз жобалары (Каспий теңізінің немесе Арал теңізінің қазақстандық секторында орналасқан барлық барлау учаскелері немесе кен орындары).
- газ жобалары (газ кеніштері немесе барлық кен орынның көмірсутегінің жалпы көлемінде мұнайы мол бөлігінің үлесі <0,25 болса, газ конденсатты кен орындар).

ЖМК преференцияларының арқасында Қаламқас-теңіз/Хазар/Әуезов және Қаратон подсолевой учаскелері бойынша тиімді талаптар негізінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алуға мүмкін болды. Алдағы уақытта ЖМК преференцияларын және жақсартылған экономикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, одан да көп күрделі барлау жобаларында барлау және игеру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беріледі.

### Геологиялық барлау саласындағы ҚМГ жобаларының картасы



## Өндіру

ҚМГ-ның өндіру ісіндегі стратегиялық міндеттері мынадай мақсаттарға бағдарланған:

- қолданыстағы операциялық активтерде өндіру деңгейін тұрақтандыру;
- жаңа кен орындарда мұнай өндіруді бастау;
- газ өндіру көлемін ұлғайту;
- ірі мұнай-газ кен орындарында кеңейту жобаларын сәтті жүзеге асыру және өндірудің жоғары деңгейін сақтау.

Мұнай мен газ өндіруді ҚМГ-ның операциялық активтері, сондай-ақ қатысу үлесі бар, бірақ компания өндірістік процеске тартылмаған мегажобалар жүзеге асырады.

ҚМГ мұнай және конденсат өндіру бойынша Қазақстандағы ең ірі үш жобаға – «Теңіз», «Қашаған» және «Қарашығанақ» жобаларына қатысады, сәйкесінше, қатысу үлесі мынадай: 20%, 16,88% және 10%.

ҚМГ әлемдегі ең ірі мұнай алыптарымен – Chevron Corporation, ExxonMobil Corporation, Shell plc Eni S.p.A., Total S.A., INPEX Corporation, CNPC, «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-пен бірге мегажобаларда мұнай өндіру бойынша серіктестік ынтымақтастық орнатқан.


### Мұнай өндіру

Жалпы өндіру деңгейі 23,5 млн тоннаға немесе тәулігіне 486 мың баррельге жетті. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6,9% жоғары. Мұнай және конденсат өндіру бойынша операциялық және мегажобалардың үлесі, тиісінше, 58% (13,56 млн тонна) және 42% (9,97 млн тонна) болды.

Есепті 2023 жылы ҚМГ-ның мұнай және конденсат өндіру көлемі 6,9%-ға артты. Басты себебінің бірі – ҚМГ-ның «Қашаған» жобасындағы үлесінің 8,44%-дан 16,88%-ға дейін өсуі есебінен Қашағандағы өндіру көлемінің 121,8%-ға артқаны болды, соның ішінде 2022 жылы жаз маусымында теңіз және жерүсті кешендеріне күрделі және қалпына келтіру жөндеу жүргізіліп, өндіру ісі тоқтатылды, сонымен қатар Ембімұнайгаз компаниясында С.Нұржанов және Солтүстік Уаз кен орнының Шығыс қанатында игеру басталып, өндіру көлемі өсті. Сондай-ақ Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан шикі газды қабылдау мүмкіндігінің артуына байланысты Қарашығанақ кен орнында өндіріс ұлғайды. Жалпы өндіріс көлемінің өсуі Өзенмұнайгаз операциялық активінде және басқа да бірқатар кен орнында негізінен 2023 жылы шілде-қазан айларында сырттағы мекеме – Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты (МАЭК) тарапынан электр қуатын апаттық ажырату мен шектеу салдарынан, сондай-ақ ескі кен орындарында өндіру деңгейінің төмендеуімен ішінара өтелді.

#### Өндіруші активтер

##### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР



##### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (МЕГАЖОБАЛАР)



<sup>1</sup> ҚМГ-ның иелік ету үлесі

## Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна

Көрсеткіш	2021	2022	2023
<b>Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі</b>	<b>21 651</b>	<b>22 012</b>	<b>23 532</b>
<b>Операциялық активтер</b>	<b>13 963</b>	<b>13 761</b>	<b>13 559</b>
■ ӘМГ	5 332	5 096	4 877
■ ЕМГ	2 522	2 581	2 722
■ ММГ	2 944	3 049	3 075
■ ҚГМ	727	651	594
■ ҚБМ	1 048	1 071	1 027
■ ПҚИ	600	554	515
■ ҚОА	298	281	253
■ ҚТМ	434	436	436
■ «Амангелді Газ» ЖШС (ҚТГ)	11	—	—
■ Өріктау Оперейтинг	47	43	20
■ Доңға			40
■ УОГ			1
<b>Мегажобалар</b>	<b>7 688</b>	<b>8 251</b>	<b>9 973</b>
■ ТШО	5 311	5 836	5 779
■ «ҚМГ Қашаған Б.В.» <sup>1</sup>	1 344	1 402	3 108
■ «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	1 034	1 013	1 086

## Мұнай және газ конденсатын өндіру, тәулігіне мың баррель

Көрсеткіш	2021	2022	2023
<b>Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі<sup>2</sup></b>	<b>444</b>	<b>456</b>	<b>486</b>
<b>Операциялық активтер</b>	<b>277</b>	<b>273</b>	<b>269</b>
■ ӘМГ	106	101	97
■ ЕМГ	50	52	54
■ ММГ	58	60	61
■ ҚГМ	15	13	12
■ ҚБМ	19	20	19
■ ПҚИ	16	12	11
■ ҚОА	6	6	5
■ ҚТМ	9	9	9
■ Өріктау Оперейтинг	1	1	0,4
■ Доңға			1
■ УОГ			0,03
<b>Мегажобалар</b>	<b>168</b>	<b>183</b>	<b>217</b>
■ ТШО	116	128	126
■ «ҚМГ Қашаған Б.В.»	29	34	68
■ «ҚМГ Қарашығанақ»	22	22	23

<sup>1</sup> ҚМГ-ның 2022 жылғы 15 қыркүйектен кейінгі үлесі — 16,88%.

<sup>2</sup> Әр актив бойынша баррельденудің орташа өлшемді жеке коэффициентімен санағанда.

## Өндіру бағытындағы ҚМГ активтерінің өлшемшарттары

Актив	Кеуектілігі	API градусы бойынша тығыздығы	Күкірттің мөлшері, %	Кен орын саны	Жаңа ұңғымалардың орташа дебиті, тәулігіне тонна	Ауыспалы ұңғыма қорындағы ұңғымалардың орташа дебиті, тәулігіне тонна	Мұнайдың баррелизация коэффициенті, тоннасына баррель
ӘМГ	0,19	36,51	0,14	2	6,8	4,0	7,23
ЕМГ	0,27	32,03	0,62	31	13,4	3,7	7,30
ҚБМ	7–35	19,81	1–2,5	1	2,317	2,09	6,68
ҚГМ	0,26	39,95	0,14	5	16,4	15,6	7,24
ПҚИ	0,09–0,30	51,25	0,03–0,08	19	11–18,2	5,6	7,75
ММГ	0,14	30,77	0,2	15	9,8	4,9	7,23
ҚОА	0,085	38,89	1,12	2	—	13,6	7,52
ҚТМ	0,14	36,12	3,17	6	0	43,1	7,21
ӨО	0,1	41,7	0,7	1	0	70,7	7,72
УОГ	6,7	55	0,11	1	290	—	8,27

ҚМГ өндіретін мұнайдың техникалық сипаттамалары өңірлер бойынша бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Операциялық активтер арасында ең ауыр мұнай Қаражанбасмұнайда өндіріледі, оның баррельдеу коэффициенті бір тоннаға 6,68 баррельге тең. Ең жеңіл мұнайды «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ өндіреді, оның баррельдеу коэффициенті бір тоннаға 7,75 баррель.

Шикі мұнайдың сапасын екі негізгі өлшемшарт бойынша анықтауға болады: API градусы бойынша тығыздығы және құрамындағы күкірттің мөлшері. CPC Blend маркасында (негізінен ҚМГ мегажобалары өндіреді) күкірттің мөлшері 0,56%, API градусы бойынша тығыздығы 45,3 тең, осылайша бұл мұнай әлемдегі үздік мұнайдың біріне жатады.

Маркасы	API градусы бойынша тығыздығы	Күкірттің мөлшері, %
CPC Blend (Қазақстан, Новороссийск)	45,3	0,56
West Texas Intermediate (АҚШ, Кушин)	40,0	0,42
Arab Extra Light (Сауд Арабиясы)	39,4	1,09
Brent (Ұлыбритания)	37,5	0,40
Urals/КЕВСО (Ресей, Новороссийск)	31,3	1,36

Деректер S&P Global Platts ашық ақпарат көздерінің алынды.

**Мегажобалар**

ҚМГ әлемдік деңгейдегі жобаларды халықаралық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп игереді.

**Теңіз**

«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО, Теңіз) жобасы бойынша келісім Қазақстан Республикасы мен Chevron Corporation компаниясы арасында 1993 жылдың 2 сәуірінде қабылданды. Көмірсутекті барлауға және өндіруге арналған лицензия ТШО-ға 1993 жылы 40 жылға берілді. ТШО қызметінің негізгі түрі – Атырау облысындағы Теңіз және Королев кен орындарында көмірсутекті барлау, өндіру және сату.

**Әлемде теңдесі жоқ Қазақстанның мұнай-газ саласының алпауыт кен орны.**

**Басты индикаторлар**

2023 жылы өндірілген мұнай (барлығы)

**28 893** мың тонна  
(тәулігіне 632 мың баррель)<sup>1</sup>


2Р мұнай қорының еселігі

**>20** жылдан астам

ҚМГ үлесіне өндірілген мұнай (20%)

**5 779** мың тонна  
(тәулігіне 126 мың баррель)<sup>1</sup>

Иелік ету үлесі



Өндірілген ілеспе газ көлемі (барлығы)

**16,01** млрд м<sup>3</sup>  
Бұған Компанияның жеке қажетіне арналған газ мөлшері және газды кері айдау кіреді

**Даму перспективасы**

БКЖ/СҚБЖ жобасын іске асыру Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді

Операторы: ТШО

ТШО операторы қоры бойынша бірегей алып Теңіз кен орны мен ірі Королев кен орнын қамтитын лицензиялық учаскенің аумағында жұмыс істейді. Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылған және ол әлемдегі ең ірі мұнай кен орны.

Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау сенімділік көрсеткіштері жоғары заманауи өндірістік объектілерде жүзеге асырылады, атап айтқанда: кешенді технологиялық желілер (КТЛ), екінші буын зауыты (ЕБЗ) және шикі газды айдау кешені (ШГА).

2022 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда мұнай өндіру көлемі 1%-ға, яғни 28 893 мың тоннаға дейін (ҚМГ үлесін қоса алғанда — 5 779 мың тонна) төмендеді. Газ өндірісі де 0,9%-ға, яғни 16,01 млрд м<sup>3</sup> (ҚМГ үлесін қоса алғанда - 3,2 млрд м<sup>3</sup>) шамалы азайды. Өндірістің төмендеуіне Каспий құбыр консорциумының мұнай құбырына жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде мұнай қабылдауды уақытша тоқтатуы және 2023 жылдың 4-тоқсанында қолайсыз метеожағдайлар салдарынан теңіз терминалы жұмысының тоқтатуы себеп болды. Ілеспе газ өндіру көлемі 3 202 млн м<sup>3</sup> құрап, 0,9%-ға төмендеді.

**ТШО-ның өндірістік қызметі**

**Мұнай өндіру, мың тонна**



**Құрғақ газ өндірісі, млн м<sup>3</sup>**



**Күкірт өндірісі, мың тонна**



**Болашақ кеңейту жобасы мен Сағалық қысымды басқару жобасын жүзеге асыру барысы**

«Теңізшевройл» ЖШС БКЖ/СҚБЖ жобасын іске асыру жұмыстарын аяқтап қалды, бұл жоба аясында ТШО-ның мұнай өндіру көлемі жылына 12 млн тоннаға артады. Қазіргі кезде механикалық жұмыстар толық орындалды. Жүйелерді пайдалануға дайындау және іске қосу-баптау жұмыстары басталды.

2023 жылы қыркүйекте ТШО жобаның жалпы құны өсіп, кестенің ауысатынын мәлімдеді. Нысандарды іске қосу мерзімінің ауысуының негізгі себептері — құрылыс және іске қосу-реттеу жұмыстарының төмен өнімділігі және күтпеген жұмыстардың көп болуы (ақауларды жою).

Жобаларды іске қосудың болжамды мерзімі: 2023 жылдың жаңартылған кестесіне сәйкес СҚБЖ – 2024 жылдың 2-тоқсаны, БКЖ – 2025 жылдың 2-тоқсаны. Жоба құны 48,9 млрд АҚШ доллары сомасында күтіледі.

2023 жылдың қорытындысына сай БКЖ/СҚБЖ жобасы бойынша жиынтық шығын 45,6 млрд АҚШ долларына жетті, атқарылған жұмыстардың жалпы көлемі – 99,3%.

БКЖ/СҚБЖ жобасы басталғалы бері ТШО қазақстандық тауарды, қызмет көрсету мен жұмыстарды сатып алуға 19 млрд АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады.

**Ілеспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>**



**Сұйытылған көмірсутек газының (СКГ) өндірісі, мың тонна**



**Газ айдау, млн м<sup>3</sup>**



<sup>1</sup> 1 тонна = 7,98 баррель

# Қашаған

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (СКӨБК) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында 1997 жылы қарашада қол қойылды. Жобаны басқару мердігер компаниялардың атынан жұмыс істейтін «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOС) операциялық компаниясы арқылы жүзеге асырылады.

Қашаған алып кен орны соңғы төрт онжылдықта ашылған ең ірі кен орны. Қашаған - әлемдегі ең күрделі салалық жобалардың бірі.

## Басты индикаторлар

2023 жылы өндірілген мұнай (барлығы)

**18,8** млн тонна  
(тәулігіне 408 мың баррель)<sup>1</sup>

Мұнай мен конденсат бойынша 2P қорының еселігі

**>97** жылдан астам

Операторы: НКОК

ҚМГ үлесіне өндірілген мұнай (16,88 %)

**3,1** млн тонна  
(тәулігіне 68 мың баррель)

Иелік ету үлесі, %



16,81 %	Total S.A.
8,33 %	CNPC
7,56 %	INPEX North Caspian Sea

Газ өндіру көлемі (барлығы)

**11,9** млрд м<sup>3</sup>

Солтүстік Каспий жобасы — бұл Қазақстандағы теңіз мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша алғашқы алып жоба. Ол үш кен орнын қамтиды: Қашаған, Қайраң, Ақтоты. «Оңтүстік Батыс Қашаған» құрылымын Қазақстан Республикасының пайдасына қайтару процесі жүріп жатыр.

Қашаған кен орны Атырау қаласынан 75 шақырым жерде Қайраң аймағында орналасқан, судың тереңдігі – 3-4 м. Кен орнының коллекторы 4 км астам тереңдікте жатыр және ол жоғары қысым (700 бар. астам) мен күкіртсутегінің (H2S) жоғары концентрациясымен сипатталады. Бұл ретте күкірт газын жоғары қысыммен кері айдау мұнай өндірісінің артуына әкеледі.

Қашаған теңіздегі қатал экологиялық жағдайларға және жобалау, логистика және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты әлемдегі ең күрделі салалық жобалардың бірі болып саналады. Солтүстік Каспийді субарктикалық климат аясында жылына шамамен бес ай мұз басады. Бұл өз кезегінде инновациялық техникалық шешімдерді қолдануды қажет етеді. ҚМГ шетелдік әріптестермен бірге жобаны табысты іске асырып, одан әрі өсу әлеуетімен өндірудің тұрақты деңгейіне қол жеткізді.

Қашаған кен орнының орналасу схемасы жерүсті және теңіз объектілерінен тұрады. Жерүсті құрылыстарына «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысы (МГКДҚ) жатады. Теңіз объектілерінің арасында жасанды құрылыстар салынды: «Д» аралындағы пайдалану технологиялық кешен, «А» аралы, ЕРС-2, ЕРС-3 және ЕРС-4 аралының ерте өндіру орталықтары. Қашаған кен

орнында барлығы 40 ұңғыма бұрғыланды, оның алтауы тоғытылған, ал 33-і өндіруші ұңғыма, ал біреуі мониторингтік ұңғыма.


Қазіргі уақытта ҚМГ («ҚазМұнайГаз» кооператив У. А. арқылы) Солтүстік Каспий жобасына қатысу үлесінің 16,88%-ын иеленетін «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясына иелік етеді. Осылайша, ҚМГ-ның жанама иелік ету үлесі – 16,88%.

2023 жылы Солтүстік Каспий жобасы аясында нақты өндірілген мұнай көлемі 18,8 млн тоннаға, газ – 11,9 млрд м<sup>3</sup> жетті, сәйкесінше, өсім 121,8 % және 123,8%. 2022 жылдың 15 қыркүйегінен бастап жобадағы ҚМГ үлесінің 8,44%-дан 16,88%-ға дейін ұлғаюының, сондай-ақ 2022 жылдың ортасында теңіз және жерүсті кешендерінде жүргізілген жоспарлы күрделі жөндеудің және 2022 жылы тамызда газды алдын ала іріктеу қондырғысында (слагкетчерде) газдың шығуы анықталғаннан кейін жөндеу әрі қалпына келтіру жұмыстардың нәтижесінде есепті жылы елеулі оқыс оқиғаларсыз болған тұрақты өндірістің арқасында өсім осындай жоғары көрсеткіштерге жетті. Бұл ретте 2022 жылдың соңында 1-ші пакет жобасы (газды кері айдау компрессорларын жаңғырту) іске асырылып, 17 млн тоннадан астам жылдық өндіру деңгейіне жетуге мүмкіндік берді.


СКӨБК талаптарына сәйкес Қашаған кен орнында өндірілетін бүкіл мұнай, соның ішінде ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай да экспортқа жөнелтіледі. Өндірілетін мұнай негізінен КҚК мұнай құбыры арқылы Новороссийск портынан Еуропаға, Шығыс Азияға және Үндістанға экспортқа жөнелтіледі.

## НКОК өндірістік қызметі


Мұнай өндіру, мың тонна




Күкірт өндіру, мың тонна



Табиғи және леспе газды өндіру, млн м<sup>3</sup>



Газ айдау, млн м<sup>3</sup>



<sup>1</sup> 1 тонна = 7,9272 баррель

<sup>3</sup> 100% үлесі ҚМГ тиесілі, тікелей иелік ету — 99,7440256%, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС арқылы жанама иелік ету — 0,2559744%.



**Арбитраж дауы**

1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі – СК ӨБК) сәйкес Қазақстан Республикасы және мердігер компаниялар арасында Консорциум (Мердігер компаниялар) жұмсаған шығынның өтелуіне қатысты келіспеушіліктер бар. СК ӨБК-ге сай бұл дау арбитраж және/немесе сарапшы тарапынан реттеу жолымен шешілуі тиіс. Арбитраж трибуналы құрылды. Талқылау кестесі келісу сатысында, одан кейін талап қою және наразылықтармен алмасу процесі басталады.

Мердігер компаниялардың пайымдауынша, олар СК ӨБК, Қазақстанның заңнамасына және қолданыстағы стандарттар мен озық тәжірибеге сәйкес әрекет етеді.

**Экологиялық тексеріс шаралары**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті (бұдан әрі – Экология департаменті) СК ӨБК-сәйкес оператор қызметін атқаратын North Caspian Operating Company N.V. (бұдан әрі – Оператор) жерүсті объектілеріне тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Операторға анықталған бұзушылықтарды жою туралы, соның ішінде күкіртті орналастыруға қатысты нұсқама берілді.

Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталмыш ұйғарымды даулау туралы әкімшілік талап арыз берді. 2023 жылы 14 маусымда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты күкіртті орналастыруға қатысты оператордың пайдасына шешім шығарды. Алайда 2024 жылы 27 ақпанда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Экология департаментінің апелляциялық шағымын қарап, Оператордың пайдасына емес шешім шығарды. Оператор әкімшілік жауапкершілікке тартылған кезде, айыппұл мөлшері Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексіне сәйкес белгіленетін болады.

**Іске асырылып жатқан жобалар:****Жылына 1 млрд м<sup>3</sup> шикі газ өңдеуге қауқарлы газ өңдеу зауыты – QazaqGas:**

- QG ГӨЗ-ге 1 млрд м<sup>3</sup> шикі газ жеткізу, бұл Қашаған кен орнында мұнай өндірісін тәулігіне 57 мың тонна (тәулігіне 450 мың баррель) болжамды деңгейіне жеткізуге мүмкіндік береді.
- ӨБК мерзімі аяқталғанға дейін мұнай өндіру өсімі – 18 млн тоннаға жетеді (ҚМГҚ үлесіне ~3 млн тонна).
- НКОК жұмыстарының жалпы орындалуы – 72,5%, жоспар – 68%. Газ құбырын салу жұмыстары жүріп жатыр.
- Құбыр материалын жасау аяқталды, ол Қазақстан Республикасына жеткізілді. Газ құбыры салына басталды (8 шақырымға жуық аяқталды). Есепке алудың фискалды торабы жасалды.
- Аяқталу мерзімі – 2026 жылдың 2-тоқсаны. QG газ өңдеу зауытын пайдалану беру уақыты ауысқаннан кейін құрылысты аяқтау мерзімін де кейінге шегерді.
- НКОК жұмысы көлемінің құны – 160,3 млн АҚШ доллары.

**Сарқынды суларды тазартудың жаңа қондырғысы:**

- Жоба инвестициялық емес (себебі экономикалық пайда әкелмейді), өйткені бұл бастаманың мақсаты – ластаушы заттардың концентрациясы бойынша экологиялық нормалар мен лимиттердің талабына сай келтіру.
- ластаушы заттардың (H<sub>2</sub>S, темір, мұнай, метанол, ерімейтін қоспалардың) концентрациясы рұқсат етілген лимиттерге сәйкес келеді.
- Орындалған жұмыстардың жалпы көлемі – 99,7%, жоспар – 100%. Қорытынды есеп дайындалып жатыр.
- Қондырғылар іске қосылды.
- Жобаны жабу жөніндегі есеп 2024 жылдың 1-тоқсанында күтіледі.
- Жобаның құны – 216,6 млн АҚШ доллары.

**Қашаған кен орнын дамыту перспективасы**

Жаңа слагкетчер құрылыс жобасы қолданыстағы уақытша слагкетчерді алмастыру үшін қажет. Алдын ала базалық жобалау жұмыстары жүріп жатыр.

- Жобаға қолданыстағы уақытша слагкетчерді алмастыру үшін бастама жасалды. Ұзақ мерзімді қауіпсіз өндірісті қамтамасыз ету мақсатында материалын коррозияға қарсы қабатпен алмастырылып жақсартылады.
- Ұзақ мерзімді қауіпсіз әрі сенімді өндірісті қамтамасыз ету.
- Инвестициялық шешім қабылданып, қалқымалы станциялар бойынша келісімшартқа қол қою жоспарланып отыр.
- Базалық жобалау аяқталды. Ұзақ уақыт дайындалатын материалға тапсырыс берілді, дайындау жұмыстары басталды.
- Ауыстыру бойынша алдын ала жоспар – 2024 жылдың 4-тоқсаны.
- Бағаланған бюджет — 307 млн АҚШ доллары.

**Зерттеліп жатқан жобалар****«2А кезеңі» жобасы**

- Қуаты жылына 2,5 млрд м<sup>3</sup> болатын меншікті ГӨЗ-ге шикі газды жеткізу есебінен Қашаған кен орнында жалпы мұнай өндіру көлемін тәулігіне 63 мың тоннаға дейін (тәулігіне 500 мың баррель) ұлғайту.
- ӨБК мерзімі аяқталғанға дейін мұнай өндіру өсімі жоспар бойынша – 36 млн тонна (ҚМГҚ үлесіне ~6 млн тонна).
- ГӨЗ құрылысына қатысты алдын ала базалық жобалау жұмыстары басталды.
- Іске қосу мерзімі, алдын ала болжам бойынша – 2029–2030 жылдар.
- Жалпы құны – анықталуы тиіс.

**«2Б кезеңі» жобасы**

- Жылына 6 млрд м<sup>3</sup> көлемінде ілеспе газды өндіру есебінен тәулігіне жалпы өндіру деңгейін 89 мың тоннаға (тәулігіне 710 мың баррель) жеткізе отырып, өндірісті тәулігіне 26,5 мың тоннаға (тәулігіне 210 мың баррель) ұлғайту.
- Іске қосу мерзімін әлі де анықтау қажеттілігіне байланысты мұнай өндіру өсімі нақтылауы тиіс.
- Теңіз кен орнымен синергия нұсқасы зерделенуде. Оператор және ҚМГҚ инженерлік мердігермен (TKJV) пысықтау үшін кіріспе деректері бойынша болжам жасады.
- Оператор үшінші тараптың зауытына шикі газ жеткізуге арналған алдын ала базалық жобалауды аяқтады. Оператор үшінші тараптың зауытына шикі газ жеткізу үшін алдын ала базалық жобалау жұмыстарын аяқтады. Үшінші тарап анықталмағандықтан, базалық жобалау кезеңіне көшу кейінге шегерілді.
- Іске қосу және жалпы құнына қатысты болжам әлі де пысықтауды қажет етеді.

**Сұйытылған көмірсутек газын коммерцияландыру жобасы**

Жоба пропан мен бутанды экспортқа шығару үшін сұйытылған көмірсутек газын (СКГ) үшінші тараптың зауытында фракцияға бөлу арқылы коммерцияландыруды көздейді. СКГ-ны фракцияға бөлетін зауыт салу бойынша үшінші тараптардың тендерлік ұсыныстарына коммерциялық бағалау жүргізілуде. Қаржыландыруға қатысты шешім жобаның экономикалық тиімділігі расталып, келісілгеннен кейін қабылдануы мүмкін.



## Қарашығанақ

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында 1997 жылғы 18 қарашада қабылданды. Shell және Eni S.p.A компаниялары Қарашығанақ жобасының бірлескен операторлары, жобаны іске асыру «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) арқылы жүргізіледі.

### Әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі.

#### Басты индикаторлар

Сұйық көмірсутек өндіру көлемі (тұрақты<sup>1</sup>) (барлығы)

**10,9** млн тонна  
(тәулігіне 234 мың баррель)<sup>2</sup>

Мұнай мен конденсат бойынша 2Р қорының еселігі


**>23** жылдан астам

Операторы: Royal Dutch Shell және Eni S.p.A. компаниялары – Қарашығанақ кен орнының (ҚПО) бірлескен операторлары

ҚМГ үлесіне (10%) тиесілі сұйық көмірсутек өндіру көлемі (тұрақты)

**1 086** млн тонна  
(тәулігіне 23 мың баррель)

Иелік ету үлесі, %



Газ өндіру көлемі (барлығы)

**22,4** млрд м<sup>3</sup>

#### Даму перспективасы

Көмірсутек өндірудің жоғары деңгейін сақтап тұру мақсатында инвестициялық жобаларды іске асыру

Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны - Батыс Қазақстан облысында орналасқан және 280 км<sup>2</sup> астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі. Кен орны 1979 жылы ашылған, кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру 1984 жылы басталды.

Қарашығанақ кен орнында өндіру процесінде өзара байланысты және өзара тәуелді технологиялық қондырғылардың бірыңғай жүйесінен тұратын үш негізгі технологиялық нысан орналасқан:

- ҚӨК – кен орынның солтүстік-батыс бөлігіндегі Қарашығанақ өңдеу кешені, ол ұңғымалардан келетін сұйық көмірсутектерді, сондай-ақ ГҚДҚ 2 мен ГҚДҚ 3-тен тасымалданатын бастапқы шикізатты өңдейді, газды экспортқа жөнелтуге, қабатқа айдауға, сондай-ақ жеке өндірістік қажеттіктер үшін дайындайды.
- ГҚДҚ 2 – кен орынның оңтүстік-шығыс бөлігінде газды кешенді дайындау қондырғысы, ол шикі газды жоғары қысыммен бөледі және қайта айдайды, сондай-ақ экспортқа жіберер алдында тұрақтандыру үшін сұйық көмірсутектерді ҚКП-ға жібереді;
- ГҚДҚ 3 – кен орынның солтүстік-шығысындағы газды кешенді дайындау қондырғысы, ол экспортқа жіберер алдында сұйық көмірсутектер мен газды бөледі және ішінара тұрақтандырады.

2023 жылдың ішінде пайдаланылатын ұңғыма қорының саны 160 өндіруші және 20 тоғытылған ұңғымасынан тұрды.

2022 жылы Қарашығанақ кен орнында 10 858 мың тонна сұйық көмірсутек (ҚМГ үлесіне 1 086 мың тонна үлесін қоса алғанда) және 22 385 млн м<sup>3</sup> газ (ҚМГ үлесіне 2 239 млн м<sup>3</sup> үлесін қоса алғанда) өндірілді. Бұл бір жыл бұрынғы өндіру деңгейімен салыстырғанда тиісінше 7,1 %-ға және 15,1 %-ға артық. Қарашығанақ кен орны бойынша операциялық қызметке Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан шикі газды қабылдау мүмкіндігінің артуы оң әсер етті, бұл өз кезегінде мұнай мен конденсат өндірісінің өсуіне әкелді. Сондай-ақ 2022 жылы ОГЗ технологиялық қондырғыларында жоспарлы-алдын алу жөндеуі жүргізілгенін атап өткен жөн, бұл шикі газды қабылдау көлемінің азаюына алып келген еді.

#### Арбитраж дауы

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК) сәйкес Қазақстан Республикасы және мердігер компаниялар арасында арбитраж арқылы реттеуге жататын ӨБТК-ның белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірнеше келіспеушілік бар. Мердігер компаниялардың пайымдауынша, олар ӨБТК, Қазақстан Республикасының заңнамасына және қолданыстағы стандарттар мен озық тәжірибеге сәйкес әрекет етеді.


Қазіргі уақытта арбитраж трибуналы құрылды. Істі қарау кестесі мақұлданып жатыр, одан кейін талап-арыздармен алмасу процесі басталады.

#### ҚПО өндірістік қызметі

Газ өндірісі, млн м<sup>3</sup>



Сұйық көмірсутек өндірісі, мың тонна



Газ айдау, млн м<sup>3</sup>



Оператордың 2023 жылғы 13 сәуірдегі хабарламасына сәйкес, ҚМГ-Қ бірлескен қызмет туралы келісімге (СҚК) сәйкес мүдделер қақтығысына байланысты келіссөз жүргізу процесінен алынып тасталады.

#### Қарашығанақ кен орнын дамыту перспективасы

##### ҚКЖ-1А, 5-ші газды кері айдау компрессоры:

5-ші газды кері айдау компрессоры – бұл Қарашығанақты кеңейту жобасы (бұдан әрі – ҚКЖ) аясындағы жұмыс көлемінің бірінші кезеңі. Ол газды кері айдаудың компрессоры мен басқа да ілеспе қондырғыларды құрылысынан тұрады. ҚКЖ-1А аясында Қарашығанақ өңдеу кешенінде өндірістік шектеулерді алып тастау жобасын іске асыру барысында орнатылған кептіру нысандарын газды кері айдау қуаттарын арттыру үшін жұмылдыру және жоба аясында салынып жатқан нысандарды жұмыс істеп тұрған жүйелермен, инженерлік желілермен және өндіріс қондырғыларымен біріктіру жоспарда бар. Бұл тәсіл интеграция арқылы синергия алуға және күрделі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді

<sup>1</sup> Сұйық көмірсутекті тұрақты баламада бағалау үшін мұнай мен конденсаттың жалпы көлеміне 0,9 аудару коэффициенті пайдаланылады.

<sup>2</sup> 1 тонна = 7,86 баррель.

Құрылыс монтаждау және алдын ала іске қосу-баптау жұмыстары жүріп жатыр. Жоспарлы көрсеткіштерден ауытқулар мен сәйкессіздіктер жоқ.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нақты шығын сомасы 685,7 млн АҚШ долларына жетті, жоспар бойынша 638,9 млн АҚШ доллары. Execute кезеңінде орындалған жұмыстардың көлемі 94,4%, жоспар 93,33% (P 50). Жобаны пайдалануға беру уақыты 2024 жылдың 4-тоқсанына жоспарланған. Жоба аяқталған кезде бол-жамға сәйкес шығын сомасы 809,6 млн АҚШ долларын құрайды.

#### ҚКЖ-1Б, 6-шы газды кері айдау компрессоры:

6-шы газды кері айдау компрессоры – бұл ҚКЖ-1 аясындағы жұмыс көлемінің екінші кезеңі. Ол газды кері айдаудың копрессорынан, газ кептіру қондырғысынан, жинау жүйесін кеңейтуден және басқа да ілеспе нысандардан тұрады. 5-ші компрессор сияқты 6-шы компрессордың да мақсаты – қолданыстағы қондырғылардың өндірістік қуатын барынша пайдалану арқылы игерілетін сұйық көмірсутек көлемін ұлғайту.

Жоспарланған құрылыс монтаждау жұмыстары жүріп жатыр.

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша нақты шығын сомасы 178,4 млн АҚШ долларына жетті, жоспар бойынша 162,8 млн АҚШ доллары. Execute кезеңінде орындалған жұмыстардың көлемі 35,3%, жоспар 12,9% (P 50). Жобаны пайдалануға беру уақыты 2024 жылдың 4-тоқсанына жоспарланған. Жоба аяқталған кезде бол-жамға сәйкес шығын сомасы 585,8 млн АҚШ долларын құрайды.

#### Газды коммерцияландыру:

Жобаның мақсаты – экономикалық тиімділікті құру, оған мыналар арқылы қол жеткізілмек:

- өндірілетін газды және оны өңдеуден алынатын өнімді (СКГ) монетизациялау;
- конденсат өндірісін ұлғайту;
- Қазақстан Республикасының энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосу.

Жоба тұжырымдамасы тауарлық газды жылына 3,8 млрд текше метрге жуық, соның ішінде Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. өндірістік қажеті үшін тазартылған газ түрінде жылына 0,6 млрд текше көлемінде өндіруді көздейді. Жылына шамамен 3,2 млрд текше метр көлеміндегі тауарлық газды «Қарашығанақ – Орал» газ құбыры арқылы тасымалдап, әрі қарай «QazaqGaz» ҰК АҚ арқылы сату жоспарда бар.

Қазіргі уақытта жоба «Таңдау» атты кезеңінен өтіп жатыр. Бұл кезде газ өңдеу зауытын салу бойынша «FEED+EPC» қызметін көрсетуге тендер жүргізілуде. 2024 жылдың соңына дейін мынадай басты міндеттердің шешімі жоспарланып отыр

- серіктестер үшін жобаның қолайлы экономикалық параметрлерін қамтамасыз ету;
- газды сату бойынша коммерциялық келісімдерге қол жеткізу және қабылдау;
- сұйытылған көмірсутек газын әлеуетті сатып алушылармен логистикалық бағыттарды келісіп, коммерциялық келісімдерді қабылдау;
- жобалық құжаттарға (кен орынды игеру жобасы, қоршаған ортаға әсер етуді бағалау) өзгерістерді енгізу және бекіту.

Қуаты жылына 4,5 млрд текше метр газ өңдеу зауытын салудың алдын ала сметалық құны – 3,2 млрд АҚШ доллары. Іске қосу мерзімі – 2028 жыл.

#### Операциялық активтерде мұнай өндіру

ҚМГ-ның мұнай-газ саласында ғасырдан астам тарихы мен мұрасы бар, өндіруші активтер портфеліне негізінен жетілген кен орындары кіреді. Осыған байланысты ҚМГ-ның негізгі басымдығы – өндіру тиімділігін арттыру. ҚМГ өз қызметінде энергия үнемдеу саясатын ұстанады, өндірістік процестерді оңтайландыруға және жақсартуға, сондай-ақ мұнайдың игерілу коэффициентін арттыруға үнемі ұмтылады.

Бүгінгі таңда Компанияның операциялық активтерінде мұнай өндірудің 85%-ға жуығы жеті негізгі кен орындарына тиесілі: Өзен мен Қарамандыбас (ӨМГ), Қаламқас пен Жетібай (ММГ), С.Нұржанов және Шығыс Молдабек (ЕМГ), Қаражанбас (ҚБМ).

2023 жылы операциялық активтерде мұнай мен конденсат өндіру көлемі 1,5%, яғни 13 559 мың тоннаға (тәулігіне 269 мың баррель) төмендеді. Есепті жылдың шілде – қыркүйек айлары аралығында Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты (МАЭК) тарапынан электр қуатын апаттық ажырату мен шектелуі Өзенмұнайгаз және басқа бірқатар кен орнында мұнай өндірісінің азаюына әсер етті. Сондай-ақ өндіру деңгейінің табиғи төмендеуіне байланысты кейбір ескі кен орындарында да өндіріс азайды болды. Бұл ретте операциялық активтерде мұнай өндірудің төмендеуі «Ембімұнайгаз» өндірісінің ұлғаюымен ішінара өтелді. Мұнда ескі кен орындарды геологиялық-техникалық іс-шаралар сәтті өтіп, С.Нұржанов және Солтүстік Уаз кен орнының Шығыс қанатында игеру кезеңі басталды.

#### Доңға

2023 жылы қарашада ҚМГ-ның «Доңға» жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие Total E&P Dunga GmbH компаниясының жарғы капиталындағы 100% үлесін TotalEnergies EP Danmark A/S (TotalEnergies S.E. еншілес ұйымы) компаниясынан сатып алу мәмілесі аяқталды. Осылайша, ҚМГ-ның Доңға» жер қойнауын пайдалану жобасындағы үлесі 60%-ға жетті. Мәміле талаптарына сәйкес компанияның атын Dunga Operating GmbH деп өзгертуге шешім қабылданды.

Доңға жобасы Oman Oil Company Limited және Қазақстанның Үкіметі арасында 1994 жылы 1 мамырда қабылданған Өнімді бөлу туралы келісімшарт аясында іске асырылады.

#### Басты индикаторлар

- Доңға кен орны Маңғыстау облысында Ақтау қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан.
- Игерілетін мұнай қоры – В+С1 санаты бойынша 24 662 мың тонна, С2 санаты бойынша 3 028 мың тонна.
- Газ қоры – С1 санаты бойынша 1 601 млн текше метр, С2 санаты бойынша 1 039 млн текше метр.

#### Өндіріс деректері

- 2023 жылы нақты өндірілген мұнай мен конденсат көлемі 546,9 мың тоннаға жетті, бұл ретте ҚМГ жобаға кірген сәттен бастап (2023 жылы 11 қараша) өндіру деңгейі ҚМГ үлесімен бірге – 39,9 мың тонна. ҚМГ жобаға кірген уақыттан бастап газ өндіру көлемі ҚМГ үлесін ескерсек, 2 701 мың текше метрге жетті.

#### Игеру кезеңдері

- 1-ші фаза (2000-2012): 26 ұңғыма.
- 2-ші фаза (2012-2015): +170 ұңғыма бұрғыланды; 109 ұңғыма іске қосылды.
- 3-ші фаза (2015-2024): жерүсті инфрақұрылымды кеңейту + қалған 61 ұңғыманы іске қосу.

3-ші фазаның негізгі мақсаты – кен орны әлеуетін кеңейту және мұнай игерудің жоғары деңгейдегі кезеңін созу.

3-ші фаза жұмыс көлеміне мыналар кіреді:

- бұрғыланып қойған 61 апт ұңғымасын алты магистральды құбырларға қосу.
- жаңа негізгі және отын компрессорлық пакеттерді орнату.
- 45 инжекторға дейін қайта құру
- қуатын тәулігіне 20 000 баррельге дейін ұлғайту үшін SWIS теңіз суы құбырын ауыстыру
- экспорттық мұнай құбырын ауыстыру
- утилита және қолдау көрсету жүйелерін кеңейту.

#### «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасы

2023 жылы Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасы қолға алынды.

- Өзенмұнайгазда кәсіпорынның тәжірибелі өндіріс мамандары мен «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС ғылыми қызметкерлерінен жасақталған жобалау командасы құрылды.
- Бірінші жылы жобаны қаржыландыру ҚМГ-ның жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылды.
- 2024 жылы 26 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі бұл мәселені еліміздің Республикалық бюджет комиссиясының отырысына шығарды, мақсат – алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2024 – 2036 жылдарға арналған «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдікті мөлшерлемені қолдану туралы» қаулысын қабылдау.

#### Жобаның мақсаты:

- 2024-2036 жылдар аралығында мұнай өндіру көлемін 19 млн тоннаға өсіру.
- Салық жеңілдігі есебінен босатылатын қаражатты жыл сайын Өзен және Қарамандыбас кен орындарында жаңа ұңғымаларды бұрғылауға, жер қабатының мұнай беруін ұлғайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды қолдануға және жерүсті инфрақұрылымын жаңартуға жұмсау;
- 10 мыңнан аса адамның жұмыс орындарын сақтап қалу және республиканың бюджетіне салық түсімінің көбейту.

#### 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасы бойынша атқарылған жұмыстар:

- Жаңа 23 өндіруші ұңғыма бұрғыланды.
- 15 ұңғымада жер қабатын гидрожару шаралары орындалды.
- «Қуду Индастриз Қазақстан» ЖШС (Шлюмберженің еншілес мекемесі) электр ортадан тепкіш сорғыларын тәулігіне 100 тоннадан астам өсімімен 83 ұңғымаға түсірді.
- «Везерфорд Ойлфилд Сервисез» ЖШС мен «Қуду Индастриз Қазақстан» ЖШС компанияларымен штангалы бұрандалы сорғыларды 2024 жылы жеткізуге келісімшарт қабылданды.
- «Жерасты жабдығын диагностикалау және жөндеу цехын жаңғырту» нысаны бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

#### 2024 жылға арналған жоспар:

- 2024 жылы 135 мың тонна мұнай өндіру күтілетін кешенді іс-шараларды орындау көзделген:
- 31 ұңғыманы бұрғылау және ұңғымаларда геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау;
  - жер қабатының мұнай беруін арттыруға арналған жаңа технологияларды енгізу (радиалды бұрғылау, ұңғыманың оқпантүптік маңына термиялық газ-химиялық әсер ету және басқалар);

- түпкілікті мұнай беру деңгейін ұлғайту үшін бір пилоттық учаскеде полимерлі су басу бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізу;
- ұңғыма өнімдерінің сулану ауқымының кеңеюін реттеу үшін профильдің қолайлығын тексеру технологиясы бойынша тоғытылған ұңғымаларға полимерлік қоспаларды көп мөлшерде айдау;
- өндіруші ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін ұлғайтуға арналған іс-шаралар (ортадан тепкіш электр сорғыларын 200-ге дейін ұңғымаға түсіру, қорғаныс қаптамасы бар сорғы-компрессорлық құбырларды және ұзақ уақыт тозбайтын шлангаларды түсіру, штангалы бұрандалы сорғыларды түсіру);
- екі блоктық топтық сорғы станциясын реконструкциялау, кен орындардың жерүсті инфрақұрылымын жаңғырту;
- қабат қысымын ұстап тұру, технологиялық қажеттіліктер үшін теңіз суынан альбсеноман суына көшу (су алу ұңғымаларын бұрғылау және басқа да) іс-шаралар.

2025 жылы Өзен кен орнының пилоттық учаскесінде су жаңа геонавигацияны қолдана отырып, көлбеу бағытталған күрделі ұңғымаларды бұрғылау мәселесі қарастырылатын болады.

**ҚМГ нысандарын электр қуатымен қамтамасыз ету мәселелері**

Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың электр энергиясын жүйелі апаттық ажырату жағдайлары мұнай өндіруші кәсіпорындардың елеулі мұнай жоғалту шығынына және соның салдарынан орны толмас экономикалық залалға алып келеді. Есепті жылы ҚМГ-ның операциялық қызметіне сырттағы ұйымдардың – Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты мен Маңғыстау өңірлік электр желілік компаниясының тарапынан тұтынылатын электр қуатын ауқымды ажыратулар мен шектеулер теріс әсер етті. Электр энергиясын апаттық ажырату салдарынан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қарасты төрт мұнай өндіруші компаниялардың («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ) кен орындарында жабдықтың жұмысы тоқтап қалды. Тұтастай алғанда, 2023 жылы электр қуатын өшіру саны мен ауқымының ұлғаюы бойынша теріс үрдіс байқалды, бұл мұнайдың көп көлемде жоғалтуына әкелді.

Электр қуатының күнделікті ең көп сөнуі мен шектеулері екінші жартыжылдықта орын алды, соның ішінде:

- 3 шілде мен 24 шілдеге дейін;
- 4 тамыз бен 25 тамызға дейін;
- 23 қыркүйектен 29 қыркүйекке дейін;
- 13 қазаннан 31 қазанға дейін.

Жалпы 2023 жылы 347 рет электр қуаты өшті. Тоқтап қалған ұңғымалардың жалпы саны 330 мыңнан асты, мұнай жоғалту көлемі – 511 мың тоннадан астам.

ҚМГ-ға қарасты еншілес және тәуелді ұйымдарының мұнай кәсіпшілігі объектілерінің энергетикалық қауіпсіздігін және үздіксіз электрмен жабдықтауын қамтамасыз ету мақсатында мынадай шаралар қабылдануда:

- жаңартылатын энергия көздері (жел+күн) және газ станциясы негізінде Гибридті электр станциясы жобасын іске асыру;
- «КЕГОС» АҚ Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасында Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің батыс аймағында электр желісін күшейту. Электр желілік нысандарды салу» жобасын іске асырылуға;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша МАЭК-те жөндеу жұмыстарын жүргізуге 4,9 млрд теңге бөлінді;
- Қаламқас және Жетібай кен орындарының нысандарын апаттық жағдайлар кезінде электр қуатымен қамтамасыз ету үшін, Қаламқас кен орнындағы 1-ші және 2-ші газ турбиналық қондырғыларының (ГТЭС-2x45МВт) бірге жұмыс істеу жоспарына сай Маңғыстаумұнайгаздың резервтік газ турбиналық қондырғысын (Siemens) іске қосу.

**Маңғыстау облысында гибридті электр станциясын салу**

2023 жылы 1 маусымда ҚМГ мен Eni S.p.A. компанияларының бірлескен басқарушы комитеті жобаны жүзеге асырудың техникалық-экономикалық негіздемесінің нәтижесін бекітті. Техникалық-экономикалық негіздеменің қорытындысы бойынша:

- жобаның құрылысы жүргізілетін территория анықталды;
- нысандарды (КЭС, ЖЭС және газ электр станциясы) орналастырудың алдын ала жоспары әзірленді;
- жобаға арналған жер учаскесі резервке қойылды;

Еншілес және тәуелді ұйымдар	Барлығы	
	Электр қуатын ажыратудың жалпы саны	Мұнай өндіру бойынша жалпы алынбаған көлемі, мың тонна
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	87	97,120
«Өзенмұнайгаз» АҚ	86	294,067
«Қаражанбасмұнай» АҚ	81	105,897
«Ембімұнайгаз» АҚ	93	14,438
Барлығы	347	511,522

- қолданыстағы электр қуаты желісіне қосылудың нүктесі анықталды.

2023 жылы 27 наурызда ҚМГ-ның инвестициялық комитетінде қаралу нәтижесі бойынша жоба ҚМГ инвестициялық портфеліне енді және одан әрі жүзеге асыру үшін мақұлданды.

2023 жылы 8 маусымда Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың қатысуымен ҚМГ мен Eni S.p.A. арасында жобаны іске асырудың қағидаттары туралы келісімге қол қойылды.

2023 жылдың қазан айында жел электр станциясына қатысты науқан аяқталды. FEED кезеңі мәресіне жетті, құжаттардың толық пакеті жиналып жатыр.


Жобаның қуат тарату схемасы әзірленді. Бұл схема желі операторымен («КЕГОС» АҚ) келісу сатысында. Аталмыш схема келісілгеннен кейін Маңғыстау өңірлік электр желілік компаниясы техникалық шарттар береді деп күтілуде.

ҚМГ мен Eni S.p.A. бірлесіп коммерциялық схеманың нұсқаларын пысықтауда. Сатып алушы ортасын кеңейту және жобаны ММГ мен ҚБМ периметріне енгізу мақсатында ЖЭК балансының және ЖЭК-тен электр энергиясын сату бойынша «бірыңғай терезенің» провайдер ретінде энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды қосу тұрғысында заңнамаға бастама-лар ұсынылды.

**Ұңғыма саны, ҚМГ операциялық активтері, бірлік**

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Жаңа ұңғыма	475	523	575
Ұңғымалардың ауыспалы қоры, оның ішінде тоқтап тұрған ұңғыма	11 206 781	12 696 649	13 160 771
Тоғытылған ұңғыма	3 400	3 485	3 805 341
<b>ҚМГ операциялық активтері, барлығы</b>	<b>15 081</b>	<b>16 704</b>	<b>17 540</b>

**Лифтинг шығын (индикативті есептеу деректері), \$/баррель**



2023 жылы 15 желтоқсанда Инвестициялық комитеттің отырысы өтті, жоба бойынша ҚМГ қорытынды инвестициялық шешім қабылдады.

Жоба бойынша тендер рәсімдері аяқталып қалды. 2024 жылдың 1-тоқсанында екі бірлескен кәсіпорын ашылып, жобаны іске асыруды бастау қолға алынбақ.

Нысандарды жоспарлы іске қосу мерзімі: Күн электр станциясы – 2025 жылғы 1-тоқсан, жел электр станциясы – 2025 жылғы 3-тоқсан, газ электр станциясы – 2025 жылғы 3-тоқсан. Жобаның толық қуатына шығуы 2025 жылдың қазан айына жоспарланған.

Гибридті электр станциясының қуаты: КЭС – 50 МВт, ЖЭС – 77 МВт және газ станциясы – 120 МВт.


**Ұңғыма қоры**

2023 жылы операциялық басқарудағы ұңғымалардың жалпы қоры 17 540 болды, оның 13 160 бірлігі ауыспалы ұңғымалар қорына тиесілі. Мұнай мен конденсатты өндіру көлемінің басым бөлігі ұңғымалардың ауыспалы қорынан өндіруге келеді.

Бұрғылауға тартылған қондырғы саны

**48 бірлік**

**Нетбэк (индикативті есептеу деректері), \$/баррель**



■ Экспортқа ■ Ішкі нарыққа

## Газ өндіру және өндірісі

Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 2023 жылы 14,8 %-ға, яғни 9 459 млн м<sup>3</sup> дейін өсті. Бұл ретте 2 055 млн м<sup>3</sup> (22 %) операциялық активтердің үлесіне, ал 7 403 млн м<sup>3</sup> (78%) мегажобалардың үлесіне тиесілі.

Газ өндіру көрсеткіштері өндірілген газдың нақты көлемін көрсетеді, соның ішінде резервуарға және өз қажеттіліктеріне кері айдау бар. Газды кері айдау мұнай

өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қабат қысымын ұстап тұру үшін қолданылады.

Тауарлық газ өндірісінің көлемі 2023 жылы 5 130 млн м<sup>3</sup> жетті, соның ішінде операциялық активтер есебінен 1 711 млн м<sup>3</sup>, мегажобалар есебінен 3 419 млн м<sup>3</sup>. 2022 жылмен салыстырғанда ҚМГ тауар газының өндірісі кумулятивті түрде 601 млн м<sup>3</sup> немесе 13%-ға ұлғайды.

Табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2021	2022	2023
<b>Активтер бойынша ҚМГ үлесіне табиғи және ілеспе газ өндіру</b>	<b>8 081</b>	<b>8 241</b>	<b>9 459</b>
<b>Операциялық активтер</b>	<b>2 411</b>	<b>2 190</b>	<b>2 055</b>
■ ӨМГ	665	623	596
■ ЕМГ	202	213	217
■ ММГ	376	431	427
■ ҚГМ	185	115	129
■ ҚБМ	31	33	33
■ ПҚИ	125	127	112
■ ҚОА	412	430	402
■ ҚТМ	167	197	127
■ «Амангелді газ» ЖШС	224	—	—
■ Өріктау Оперейтинг	24	21	9
■ Доңға			3
■ УОГ			2
<b>Мегажобалар</b>	<b>5 669</b>	<b>6 051</b>	<b>7 403</b>
■ ТШО	2 953	3 229	3 202
■ «ҚМГ Қашаған Б.В.»	818	877	1 963
■ «ҚМГ Қарашығанақ»	1 898	1 944	2 239

ҚМГ-ның операциялық активтері бойынша тауар газын өндіру, млн м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2021	2022	2023
ӨМГ + ҚазГӨЗ <sup>1</sup>	636	496	689
ММГ («Жетібаймұнайгаз» ӨБ)	172	156	239
ҚГМ	303	182	203
ҚОА	383	374	338
ЕМГ	145	164	171
ҚТМ	121	144	71
ПҚИ	0	0	0
<b>Операциялық активтері бойынша барлығы</b>	<b>1 760</b>	<b>1 516</b>	<b>1 711</b>

<sup>1</sup> ӨМГ және ММГ-ның «Жетібаймұнайгаз» ӨБ шикі газы Қазақ газ өңдеу зауытына жеткізіледі.

Мегажобалар бойынша тауарлық газ өндіру (ҚМГ үлесіне), млн м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Теңіз	1743	1 907	1881
Қарашығанақ <sup>2</sup>	818	745	881
Қашаған	304	263	657
<b>Мегажобалар бойынша барлығы</b>	<b>2 865</b>	<b>3 013</b>	<b>3 419</b>

## Қазақ газ өңдеу зауыты

Қазақ газ өңдеу зауыты (ҚазГӨЗ) өзі өндірмейтін ҚМГ-ның басқа операциялық активтерінен және басқа жер қойынауын пайдаланушы компаниялардан алынған шикізат негізінде тауарлық газ өндіреді.

ҚазГӨЗ Қазақстанның алғашқы газ өңдеу зауыты және Маңғыстау облысындағы бірден-бір жалғыз зауыт. Зауыттың бірінші кезегі 1973 жылы, екінші кезегі 1976 жылы іске қосылды, бұл газ өңдеу көлемін жылына 1,5 млрд текше метрге дейін жеткізуге мүмкіндік берді. Жобада қарастырылған барлық технологиялық қондырғыны орнату және пайдалануға беру 1980 жылы аяқталды. Күкіртті тазарту қондырғысы және 95%-дық этан фракциясын алу қондырғысы 1978-1979 жылдары салынды.

2022 жылы «ҚазГӨЗ» ЖШС компрессорлық цехының аумағында компрессорлық қондырғы салу» жобасына сай әбден тозығы жеткен және техникалық жағынан барынша ескірген жабдық ілеспе мұнай және табиғи газды қабылдайтын, Waukesha L7044GSI S5 газ поршенді жетегі бар KBK4 үлгісінің Ariel маркалы жаңа заманауи поршенді қондырғыларға ауыстырылды. Бұл құрылыс өңдеуге қабылданатын шикі газ көлемінің ұлғаюына оң әсерін тигізді және өндірілетін дайын өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ҚазГӨЗ «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Тасболат Ойл Корпорэйшн» ЖШС және Tenge Oil&Gas ЖШС кен орындарынан шыққан ілеспе мұнай газын және табиғи газды қабылдайды әрі өңдейді. «Өзенмұнайгаз» АҚ газ конденсатты кен орындарынан шыққан газ конденсатын өңдейді және «Қарақұдықмұнай» ЖШС, «Кен-Сары» ЖШС жер

қойнауын пайдаланушы компаниялардан шикізат сатып алу жолымен аталмыш мекемелердің кен орындарынан алынған жеңіл көмірсутектің кең фракциясын өңдеумен айналысады.

Бүгінгі таңда ҚазГӨЗ Маңғыстау облысының аумақтық-өндірістік кешенінде маңызды орынға ие және облыстың халқы мен өндіріс нысандарын сұйытылған газбен, тауарлық құрғақ газбен және тұрмыстық пеш отынымен қамтамасыз етеді.

## Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу

1973 жылы пайдалануға берілген жұмыс істеп тұрған газ өңдеу зауытын толық ауыстыру мақсатында Жаңаөзенде жаңа газ өңдеу зауытын салу жобасы Маңғыстау облысының кен орындарында өндірілетін ілеспе мұнай және табиғи газды өңдеуге бағытталған. Мұндағы мақсаты – осы өңірдің халқы мен өнеркәсіптік кәсіпорындарын сұйытылған мұнай газы, құрғақ (тауарлық) газ және пентан-гексан фракциясы сынды өнеркәсіптік және әлеуметтік маңызы бар газ өңдеу өнімдерімен қамтамасыз ету.

Жобалық іске қосу қуаты – жылына 900 млн текше метр (ілеспе мұнай және табиғи газ). Сондай-ақ жеңіл көмірсутектің кең фракциясы (жылына 40 мың тонна) және газ конденсаты (жылына 5 мың тонна) бойынша номиналды қабылдау қуаттары ескерілді. Нысанды іске қосудың көзделген мерзімі – 2026 жыл.

<sup>2</sup> Орынбор газ өңдеу зауытына жеткізілетін шикі газ көлемі.



## Газ сегментін дамыту

2023 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жаңа газ өңдеу зауыттарын салуды жандандыру, қолданыстағы өңдеу қуаттарын айналымға толық тарту, сондай-ақ жаңа газ кен орындарын барлау мен игеруге инвестиция тарту тапсырылды.

Елді газдандыру және соңғы жылдары газды ішкі тұтыну көлемінің артуы экономиканы дамытудың драйверінің біріне айналды және газ ресурстарын ұлғайтуды жалғастыру қажеттілігін көрсетті. Осыны ескерсек, ҚМГ үшін қазіргі уақытта бірінші кезектегі міндет – газ ресурстарын ұлғайту болып тұр. Сол үшін де компанияда газ жобалары бойынша жаңа құрылым пайда болды.

Бүгінгі таңда ілеспе және табиғи газ өндіретін жұмыс істеп тұрған кен орындарына және жаңа мұнай-газ, газ және газ конденсатты кен орындарына қатысты газ стратегиясының (бұдан әрі – ҚМГ газ стратегиясы) басты параметрлері белгіленді, атап айтқанда:

- еншілес және тәуелсіз ұйымдарда газ өндіру, тасымалдау және өңдеудің техникалық және экономикалық өлшемшарттарына қатысты ағымдағы жағдайды талдау;
- газды дұрыс пайдалану және энергия тиімділігін арттыру;

- газ өндіру және шығарылатын дайын өнім (тауарлық газ, сұйытылған мұнай газы) көлемін ұлғайту;
- газды монетизациялау үшін перспективті бағыттар (қосылған құны жоғары өнім шығару).

ҚМГ-ның Газ стратегиясын әзірлеу әрбір параметрді жан-жақты толық пысықтауды қажет етеді, оның нәтижесі бойынша өндірістік нысандардың техникалық-техникалық көрсеткіштерін және экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған іс-шаралар белгіленеді.

Сонымен қатар қосылған құны жоғары өнім шығара отырып, газ өңдеу жобалары ұсынылатын болады.

### Жаңа газ кен орындарын пайдалануға беру

Есепті жылдың 10 мамырында ҚМГ еншілес кәсіпорны – «Қазгермұнай» БК» ЖШС Қызылорда облысының тұтынушылары үшін Оңтүстік Ақсай кен орнынан газ жеткізе бастады. «Қазгермұнай» кен орындарынан шыққан тауарлық газды өндіру және жеткізу қазіргі 200 млн текше метрден жылына 300 млн текше метрге дейін артатын болады. Кен орнын «Қазгермұнай» БК» ЖШС игереді, компанияның 50% «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тиесілі.

2023 жылы 4 желтоқсанда ҚМГ еншілес кәсіпорны (100%) – «Өріқтау Оперейтинг» ЖШС Шығыс Өріқтау кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді, мұнда

Қазақстан Республикасында бірінші болып жақсартылған модельдік келісімшарт қолданылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша мұнай мен газ өндіру көлемі 19,7 мың тонна мұнай мен 9,2 млн текше газды құрады. 2024 жылдың қыркүйегіне дейін ВУ-5 пен алты ұңғыманы жабдықтау және іске қосу жоспарлануда.

2023 жылы 21 желтоқсанда үлесінің 50 пайызы ҚМГ-ға тиесілі «Урал Ойл энд Газ» ЖШС Батыс Қазақстан облысында орналасқан Рожков газ конденсатты кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша газ және конденсат өндіру көлемі бойынша ҚМГ үлесі (50%) 1,6 млн текше метр газ және 1,2 мың тонна конденсатқа жетті.

Кен орнындағы өндіріс ең жоғары деңгейіне шыққан кезде өндіру жылына шамамен 1 млрд текше метр газды және 500 мың тоннадан астам конденсатты, сұйытылған көмірсутек газының өндірісі жылына 150 мың тоннадан астам газды құрайтын болады. Кен орнынан шығатын шикі газ «Жайықмұнай» ЖШС газ өңдеу кәсіпорына беріледі, содан кейін тауарлық газ ішкі нарыққа жеткізілетін болады.

«Рожков» кен орнын жайластыру жобасы екі кезеңге бөлінген.

1-ші кезеңдегі жайластыру (А, В) бес ұңғыманы іске қосуды (У-10, У-12, У-21, У-23, У-26) және 2-ші кезеңде төрт ұңғыманы (консервациядағы) іске қосуды көздейді.

1-ші кезең (А, В) бойынша У-21 ұңғымасы пайдалануға берілді, 1-ші кезеңі (В) бойынша қалған төрт ұңғыманы кезек-кезегімен (дайындығына қарай) жайластыру жұмыстары 2024 жылдың 3-ші тоқсанына дейін жалғасады, болжамды мерзімдері:

- 1) У-10 ұңғымасы 2024 жылдың 10 маусымына қарай;
- 2) У-12 ұңғымасы 2024 жылдың 12 маусымына қарай;
- 3) У-23 ұңғымасы 2024 жылдың 20 шілдесіне қарай;
- 4) У-26 ұңғымасы 2024 жылдың 19 тамызына қарай.

2-ші кезең бойынша төрт ұңғыманы (консервациядағы) жайластыру және іске қосудың егжей-тегжейлі жоспар-кестесі әзірленді. Олар 2027 жылы пайдалануға берілімек.

## Мұнай тасымалдау



ҚМГ көмірсутекті экспорт нарығына жеткізу бойынша мұнай тасымалдау инфрақұрылымын дамытуды аяқтады. Орта мерзімді перспективада мыналарға басымдық беріледі:

- ҚМГ мұнай тасымалдау жүйелері бойынша мұнай тасымалдау маршруттарының тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін өсіру арқылы құрылған қуаттардың жүктемесін арттыру;

- қосымша экспорттық маршруттарды дамыту;
- операциялық шығындарды бақылау.

ҚМГ мұнай тасымалын екі жолмен – магистральды құбырлар және теңіз флоты арқылы жүзеге асырады.

Көрсеткіш	Магистральды құбырлармен тасымалдау				Теңіз флотымен тасымалдау
	ҚТО	ҚҚҚ	МТ	КҚК	Қазақтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ)
ҚМГ үлесі	ҚМГ: 90 % <sup>1</sup>	ҚТО: 50 %	ҚТО: 51 %	ҚМГ: 20,75 %	ҚМГ: 100 %
Негізгі бағыттар	Еуропа мен Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Еуропаға экспорт	Еуропаға экспорт
Негізгі маршруттар	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қазақстанның МӨЗ-дері;</li> <li>■ Өзен — Атырау — Самара;</li> <li>■ КҚК және Атасу-Алашанькоу жүйелеріне мұнайды ауыстырып тиеу;</li> <li>■ Ақтау портында мұнайды ауыстырып тиеу</li> </ul>	Атасу — Алашанькоу; Кеңқияқ — Құмкөл	Кеңқияқ — Атырау	Теңіз — Новороссийск	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қара теңіз;</li> <li>■ Жерорта теңізі;</li> <li>■ Каспий теңізі</li> </ul>
Жалпы ұзындығы, км	5 373	1 759	449	1 510	қолданылмайды
Қуаты, жылына млн тонна	17,5 <sup>2</sup> 5,2 <sup>3</sup>	20	6	81,5	қолданылмайды

<sup>1</sup> Акциялардың 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі.

<sup>2</sup> Атырау — Самара учаскесінің қуаты.

<sup>3</sup> Ақтау портының қуаты (ҚТО айлақтары, қюо терминалдары).

### Құбыр желісінің инфрақұрылымы

Қазақстанның құбыр желісі инфрақұрылымы магистральды мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор — «ҚазТрансОйл» АҚ-ға, оның екі бірлескен кәсіпорнына («Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС және «МұнайТас» СБТК ЖШС), сондай-ақ Каспий құбыр желісі консорциумына тиесілі. Еліміздің қолданыстағы құбыр инфрақұрылымы перспективті жобалардан шығатын мұнайды тасымалдау көлемін ұлғайту үшін жеткілікті әлеуетке ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)** — Қазақстан Республикасының магистральды мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор. Компания жалпы ұзындығы 5 373 км магистральды мұнай құбырларының тармақталған желісіне ие, оған еліміздің барлық дерлік мұнай кен орындары қосылған. Компания мұнайды Қазақстанның төрт ірі мұнай өңдеу зауытына тасымалдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мұнайды «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы экспортқа тасымалдайды, мұнайды КҚК және «Атасу-Алашанькоу» экспорттық мұнай құбырларына ауыстырып тиеуді, мұнайды Ақтау портындағы танкерлерге және теміржол көлігіне тиеуді жүзеге асырады. Мұнай тасымалдау магистральды мұнай құбырлары арқылы 36 мұнай айдау станциясымен, 67 мұнай жылыту пешімен, жалпы көлемі 1,4 млн м<sup>3</sup> мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ҚТО «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС, «МұнайТас» СБТК ЖШС, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», «Каспий құбыр желісі консорциумы-Қ» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ және «Магистральды су құбыры» ЖШС-нің магистральды мұнай құбырларын пайдалану қызметін және оларға техникалық қызмет көрсетеді.

**«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС** ұзындығы 965 км Атасу-Алашанькоу және ұзындығы 794 км Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырларына иелік етеді. ҚҚК

қазақстандық және транзиттік ресейлік мұнайды Қытайға, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына тасымалдайды.

**«МұнайТас» СБТК ЖШС** 445 шақырымға созылған Кеңқияқ-Атырау магистральды құбырын иеленеді. 2018 жылы Компания бұл мұнай құбырының реверсі жобасын қолға алды. Мақсаты – Батыс Қазақстан мұнайын Қазақстан Республикасының МӨЗ-деріне жеткізуді қамтамасыз ету және Ақтөбе мен Қызылорда облыстарында мұнай өндіру көлемінің төмендеуін теңдестіру, сондай-ақ Қытайға экспортты қамтамасыз ету. 2021 жылдың ортасынан бастап «Аман» МАС арқылы жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде кері бағытта мұнай айдау мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

**«Каспий құбыр желісі консорциумы»** — Ресей, Қазақстан, сондай-ақ саланың жетекші компаниялар қатысатын, ұзындығы 1 510 км магистральды құбырын (оның ішінде 452 км – Қазақстан аумағы) салу және пайдалану үшін құрылған халықаралық мұнай тасымалдау жобасы. КҚК мұнай құбыры Қазақстан мұнайының экспортқа жеткізудің басым бағыттарының бірі және қазақстандық Теңіз мұнай кен орнын Қара теңіздегі (Новороссийск портына жақын) «Южная Озереевка» мұнай терминалымен байланыстырады. Мұнай тасымалдау КҚК мұнай құбыры бойынша 15 мұнай айдау станцияларымен, жалпы көлемі 1 млн м<sup>3</sup> мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен және теңіз терминалындағы қозғалмалы үш айлақпен қамтамасыз етіледі.

2019 жылы Теңізде және Қашағанда мұнай өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты КҚК акционерлері КҚК құбыр жүйесінің тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады. 2023 жылдан бастап айдау көлемін жылына 81,5 млн тоннаға дейін (соның ішінде Қазақстан аумағында — жылына 72,5 млн тоннаға дейін) ұлғайтуға дайындау жұмыстары атқарылды.





**Мұнайды магистральды құбырлар арқылы тасымалдау**

**Мұнай тасымалының көлемі<sup>1</sup>, мың тонна**


Компания атауы	2021	2022	2023
<b>ҚТО (100 %)</b>	<b>41 224</b>	<b>40 656</b>	<b>44 188</b>
■ экспорт	14 296	12 762	16 618
■ транзит	9 989	9 989	10 143
■ ішкі нарық	16 939	17 905	17 426
<b>ҚҚК (100 %)</b>	<b>17 412</b>	<b>19 236</b>	<b>18 806</b>
■ экспорт	967	1 290	1 209
■ транзит	9 979	9 980	9 979
■ ішкі нарық	6 465	7 966	7 618
<b>МТ (100 %)</b>	<b>4 273</b>	<b>5 606</b>	<b>5 527</b>
■ экспорт	1 572	1 188	1 114
■ ішкі нарық	2 701	4 418	4 413
<b>ҚҚК (100 %), экспорт</b>	<b>60 728</b>	<b>58 711</b>	<b>63 474</b>

**ҚМГ үлесіне мұнай тасымалдау көлемі<sup>2</sup>, мың тонна**




Компания атауы	2021	2022	2023
ҚТО (100%) <sup>3</sup>	41 224	40 656	44 188
ҚҚК (50 %)	8 706	9 618	9 403
МТ (51 %)	2 179	2 859	2 819
ҚҚК (20,75 %)	12 601	12 183	13 171
<b>Барлығы</b>	<b>64 710</b>	<b>65 316</b>	<b>69 581</b>

**Мұнайдың жүк айналымы көлемі, млн тонна × км**






Компания атауы	2021	2022	2023
ҚТО (100 %)	35 162	34 261	34 208
ҚҚК (100 %)	15 592	17 314	16 872
МТ (100 %)	1 725	2 265	2 236
ҚҚК (100 %)	79 446	78 154	83 959

**ҚМГ үлесіне мұнайдың жүк айналымы көлемі, млн тонна × км**



Компания атауы	2021	2022	2023
ҚТО (100 %)	35 162	34 261	34 208
ҚҚК (50 %)	7 796	8 657	8 436
МТ (51 %)	879	1 155	1 141
ҚҚК (20,75 %)	16 485	16 217	17 422

**2023 жылы бағыттар бойынша мұнай тасымалдау құрылымы, %**



2023 жылы магистральды құбырлар арқылы мұнай тасымалының шоғырландырылған көлемі ҚМГ үлесіне 6,5%-ға ұлғайып, 69 581 мың тоннаға жетті. Бұл көрсеткіштің өсуіне ҚазТрансОйл жүйесі бойынша мұнайды Германия бағытына экспортқа тасымал көлемінің ұлғаюы, Ақтау порты арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан бағытына мұнайды тиеп жөнелту, сондай-ақ Қашаған кен орнынан шыққан мұнайды ҚҚК жүйесіне тапсыру көлемі себеп болды.

Мұнайды магистральды мұнай құбырлары жүйесі арқылы бөлек тасымалдау көлемі 44 188 мың тоннаға жетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда негізінен экспорт бағыты есебінен 3 533 мың тоннаға артық. Ішкі

нарықта мұнайды отандық МӨЗ бағытына қарай тасымалдау көлемі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 2023 жылы наурыз айында ПКӨП зауытын және 2023 жылы жаз ортасында ПМХЗ-ны жоспарлы тоқтату себебінен өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда азайды.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша ҚҚК-да тасымалдау көлемінің 8,1%-ға өсуі байқалады. Бұл өсім негізінен Қашаған жүк жөнелтушілері тарапынан мұнай тапсыру мөлшерінің артуына байланысты болды. 2023 жылы ҚҚК-да теңіз терминалындағы операциялық қызмет ауданындағы қолайсыз метео-жағдайларға байланысты мұнайды жөнелтуде шектеулер болды.

<sup>1</sup> Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ операциялық үлесін (ҚТО-ны қоспағанда) ескере отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемін ескереді. Мұнай бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және тиісінше бұл көлем мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде кемінде бір рет есепке алынады.  
<sup>2</sup> Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ операциялық үлесін (ҚТО-ны қоспағанда) ескере отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемін ескереді. Мұнай көлемінің бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және тиісінше бұл көлем мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде кемінде бір рет есепке алынады.  
<sup>3</sup> ҚТО тасымалдаған мұнай көлемі 100% болып көрсетілген, себебі ҚМГ активтің операциялық қызметін толық басқарады.

### Мұнайды магистральмен тасымалдау тарифтері

Қазақстанның ішкі нарығына мұнай тасымалдау тарифтерін мемлекет реттейді.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңына сәйкес ел аумағы арқылы транзиттеу және одан тыс жерге экспорттау мақсатында мұнай тасымалдау қызметтері табиғи монополиялар саласына кірмейді.

#### Ішкі нарыққа мұнай тасымалдау тарифі, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен

Компания атауы	2021	2022	2023
ҚТО	4 356 (с 01.12.2021 — 4 328)	4 356	4 602
ҚҚК	4 323,7	4 359	4 359
МТ	5 912	5 912	5 912

#### Мұнайды экспортқа тасымалдаудың орташа есептелген тарифі

Компания атауы	2021	2022	2023
ҚТО, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен	7 359	8 831	9 490
ҚҚК, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен	6 799	6 799	6 799
МТ, 1 мың км-ге шаққанда бір тоннаға теңгемен	5 912	5 912	5 912
ҚҚК, тоннасына АҚШ долларымен	36	36	36

#### Қытайға мұнай транзитінің тарифі, тоннасына АҚШ долларымен

Компания атауы	2021	2022	2023
ҚТО	4,23	4,23	4,23
ҚҚК	10,77	10,77	10,77

#### 2023 жылы энергия тиімділігін арттыруға арналған мынадай негізгі іс-шаралар атқарылды:

1. Павлодар мұнай құбыры басқармасының «Прииртышск» авариялық-қалпына келтіру пунктінде ТМ күштік трансформаторларын ТМГ үлсіндегі энергия тұрғысынан тиімдісіне ауыстыру – 2дана.
2. «Павлодар-Шымкент» магистральды мұнай құбыры. 1 499,9-1 572,1 км учаскесінде магистральды мұнай құбырының электр қуатымен қамту желілерін реконструкциялап, желілік басқару мен бақылау пунктерін, ЭХҚ құралдарын жаңғырту.
3. «Жетібай» мұнай айдау станциясында магистральды сорғыны реконструкциялау. 2023 жылы құрал-жабдық жеткізілді. 2024 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

#### 2024 жылы жоспар бойынша мынадай іс-шаралар қолға алынады:

1. «Жетібай» мұнай айдау станциясының модульді сорғы қондырғысы. Магистральды сорғыны реконструкциялау. Іске асыру/аяқтау.
2. Павлодар мұнай құбыры басқармасы, «Павлодар» бас мұнай айдау станциясында 3600-120 тіректі сорғы агрегаторын АНЦН-Е 1600-100 агрегаторына ауыстыру (1 бірлік).
3. «ҚазТрансОйл» АҚ-да кезекті жоспарлы энергия қуаттарына аудит жүргізу.

### Мұнай тасымалдау маршруттарын әртараптандыру

ҚМГ Қазақстан мұнайын экспортқа тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамыту жөніндегі бастамаларды жоспарлы түрде іске асырып келеді.

#### Мұнайды Ақтау порты арқылы Әзербайжан бағытына жеткізу

2022 жылы қарашада ҚМГ және SOCAR Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік мұнай компаниясы шикі мұнай транзитіне қатысты Бас келісім қабылдады. Келісім жылына 1,5 млн тонна көлемінде Қазақстан мұнайын Ақтау порты арқылы, әрі қарай Баку арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырымен тасымалдауды көздейді. Келісімнің маңызы – Қазақстан мен Әзербайжан арасында энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту, Қазақстан мұнайы экспортының маршруттарын әртараптандыру, өңірдегі мұнай инфрақұрылымын дамыту. Бұл құжаттың қабылдануы – екі мемлекет үшін маңызды қадам.

«Теңіз» кен орнынан шыққан мұнай 2023 жылы наурыз айында Баку бағытына қарай, сәуір айында Джейхан портынан жөнелтіле бастады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Ақтау портынан 1 057 мың тонна мұнай тиелді.

#### Германияға мұнай жеткізу

2023 жылдың ақпан айында Дружба мұнай құбыры арқылы Германияға (Шведт қаласындағы МӨЗ) Қазақстан мұнайы жеткізіле басталды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚПО ресурсынан 993 мың тонна мұнай тасымалданды. Герман тарапы қазақстандық мұнайды жеткізу көлемін айына 200 мың тоннаға (жылына 2,4 млн тонна) дейін ұлғайтуға мүдделі екенін білдірді. 2023 жылы желтоқсанда ҚПО ресурсынан мұнай жеткізуге қатысты қолданыстағы келісімшарт 2024 жылғы қаңтардан маусымға дейін (айына 100 мың тонна) алты айға ұзартылды. Келісімшарт 2024 жылдың соңына дейін ұзартылуы мүмкін, сондай-ақ мұнайдың қосымша көлемін іздеу жұмыстары жүргізілуде.

#### Қазақстан-Қытай құбырын кеңейту

2023 жылы мамырда ҚМГ және CNPC компаниялары арасында Кеңқияқ-Атырау және Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырларын кеңейту бойынша алдын ала зерттеу жүргізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді, ол мұнай-газ саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты кеңейту туралы келісімде бекітілген. Бұл Келісімді іске асыру мақсатында ҚМГ «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС және «МұнайТас» СЗТКК» ЖШС өкілдерінің қатысуымен CNPC өкілдерімен жұмыс кездесулерін өткізді. ҚМГ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен бірлесіп, Қазақстан-Қытай мұнай құбыры үшін ресурстық базаны айқындау бойынша жұмыс жүргізді. Бұдан басқа, министрлік мұнайды өндіру мен бөлудің әзірленген ұзақ мерзімді

теңгерімін ескере отырып, Атырау-Кеңқияқ мұнай құбырын жылына 15 млн тоннаға дейін және Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырын жылына 20 млн тоннаға дейін кеңейту қажеттігін көздейтін ПҚОП-қа мұнай жеткізудің базалық ұзақ мерзімді сценарийі айқындалды. Тараптар аталған мұнай құбырларын кеңейту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу мәселесін пысықтап жатыр.

### Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау

#### Тасымалдау активтері

Қазақтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ) – Қазақстан Республикасының ұлттық теңіз тасымалдаушысы.

Негізгі қызмет түрлері:

- Каспий теңізінде және ашық теңіздер арқылы мұнай құйылған жүктерді тасымалдау;
- контейнерлік және құрқақ жүктерді тасымалдау;
- мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша қосымша сервистік флот қызметтерін ұсыну.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалының негізгі маршруттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы маршруттар;
- Қара және Жерорта теңіздерінің акваториясындағы маршруттар.

Қазақтеңізкөлікфлоты активтеріне мыналар жатады:

- мұнай құю флоты: «Афрамас» үлгісіндегі «Алтай» және «Алатау» танкерлері (әрқайсының дедвейті 115 000 тонна), «Астана», «Алматы» және «Ақтау» танкерлері (әрқайсының дедвейті 12 000 тонна), Taraz және Liwa танкерлері (әрқайсының дедвейті 8 000 тонна);
- контейнер флоты: «Барыс», «Сұңқар» және «Бүркіт» (әрқайсының сыймдылығы 350 жиырма футтық эквивалент);
- құрғақ жүк тасымалдайтын флот: «Бекет Ата» және «Түркістан» (әрқайсының дедвейті 5 000 тонна);
- буксир флоты: «Талас», «Ембі» және «Ырғыз».

ҚТКФ Abu Dhabi Ports Group (AD Ports Group) компаниясымен бірлесіп, ашық теңіздерде (Қара және Жерорта теңіздерінде) танкерлер пулын құрды. Пулдың мақсаты – мұнай тасымалына жұмсалатын шығынды оңтайландыру, ҚМГ-ның мұнай экспортына қатысты мүмкіндігін арттыру, ҚМГ мен AD Ports Group арасында ынтымақтастықты нығайту. Пул төрт Aframax танкерінен тұрады: екеуі Қазақтеңізкөлікфлотына, тағы екеуі AD Ports Group-қа тиесілі. Қазіргі уақытта ҚМГ Chevron Tankers компаниясымен мұнайды ашық теңіздерде (Новороссийск және Джейхан порттарынан) тасымалдауға ұзақ мерзімді келісімшарт қабылдауға қатысты келіссөз жүргізуде. Келісімге қол жеткізген жағдайда танкерлер пулы Aframax үлгісіндегі тағы бір немесе екі су кемесімен толығымен болады. Бұл ынтымақтастық – ҚМГ үшін экспорттық мүмкіндігін дамытудағы маңызды қадам.

**Тасымал көлемі**

2023 жылы мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 1 435 мың тоннаға ұлғайып, 10 778 мың тоннаға жетті. Тасымалдау

көлемі негізінен Қазақстан мұнайын Ақтау порты – Баку порты, әрі қарай Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры маршруты арқылы экспортқа жөнелту есебінен өсті.

**Мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна**

Теңіз	2021	2022	2023
Қара және Жерорта	9 318	8 733	10 045
Каспий	537	610	733
<b>Барлығы</b>	<b>9 855</b>	<b>9 343</b>	<b>10 778</b>

**2023 жылы атқарылған іс-шаралар**

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақтеңізкөлікфлоты Қазақстан мұнайы экспортының баламалы бағыттарын дамытуға, шетелдік әріптестермен инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға, елімізде теңіз сауда флотын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру жолында елеулі табысқа жетті.

2023 жылы Қазақтеңізкөлікфлотының басты жетістіктері:

- Abu Dhabi Ports Group (AD Ports Group) компаниясымен бірлескен кәсіпорын ашу:
  - 2023 жылы қаңтарда ҚМГ мен AD Ports Group Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.
  - 2023 жылы ақпанда «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағында «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd.» (CIMS) бірлескен кәсіпорын ашылды.
  - CIMS компаниясында ҚТКФ үлесі 49%, AD Ports Group үлесі 51%.
- Екі мұнай құю танкерін сатып алу:
  - 2023 жылы сәуірде CIMS әрқайсының дедвейті 8 мың тонналық екі мұнай құю танкерін сатып алды.
  - Taraz, Liwa танкерлері Каспий теңізіне 2023 жылы қарашада келді, желтоқсанда мұнай тасымалдауға жұмылдырылды.

- Қазақстан мұнайын Ақтау – Баку маршруты бойынша тасымалдау:
  - ҚТКФ Қазақстан тарапының теңіз операторы болып тағайындалды.
- «Теңізшевройл» ЖШС мұнайын тасымалдау үшін кеме жалдау келісімшарты қабылданды:
  - 2023 жылы мамырда ҚТКФ Chevron Tankers компаниясымен кеме жалдау келісімшартын жасасты.

**2024 жылға жоспарланған іс-шаралар**

2024 жылы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС баламалы бағыттарды дамыту жөніндегі жұмысты, флотты жаңарту мен бизнесті әртараптандыру жобаларын іске асыруды жалғастырады. ҚТКФ мынадай перспективті жобалардың іске асырылуын қарастырады:
 

- дедвейті 12 000 тонналық үш мұнай құю танкерін жасау,
- екі әмбебап паром жасау,
- Қазақстан Республикасында кеме жөндеу және танкер жасау кәсіпорын құру.

Бұл жобаларды іске асыру Қазақтеңізкөлікфлоты компаниясына әлемдік теңіз тасымалы нарығында бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыруға, сондай-ақ Қазақстан экономикасының дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

**Мұнай өңдеу және маркетинг**



Бүгінгі таңда Компанияның Қазақстан Республикасы мен Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бойынша ірі жобалары аяқталды. Жаңғырту жұмысының нәтижесінде мұнай өңдеу тереңдігінің жаңа деңгейіне қол жеткізілді. 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегия аясында мынадай мақсаттар белгіленді:
 

- қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу тереңдігінің көрсеткішін кемінде 89%-ға жеткізу;
- қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында маржиналдығы жоғары мұнай химия өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту;
- КМГІ тиімділігін жоғарылату үшін қызметін жүргізетін елдерде ЖМҚС санын арттыру есебінен компанияның вертикалды интеграциясын кеңейту.

**Мұнай мен конденсат маркетингі**

Ішкі нарықтың сұранысын өтеу үшін ҚМГ өндірген мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу көлемі 8 311 мың тоннаға жетті, соның ішінде операциялық активтердің («Өзенмұнайгаз», «Ембімұнайгаз», «Қазақтүрікмұнай» және «Өріктау Оперейтинг») шикі мұнайы өңдеу және мұнай өнімдерін сату мақсатында 4 980 мың тонна көлемінде Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) жөнелтілді.

**ҚМГ мұнайы мен конденсатын сату, мың тонна**

Активтер	2021			2022			2023		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер <sup>1</sup>	6 126	7 916	14 042	5 472	8 412	13 884	5 406	8 302	13 708
Соның ішінде еншілес және тәуелді ұйымдар <sup>2</sup>	3 805	4 458	8 262	3 173	4 907	8 080	2 955	4 980	7 935
Мегажобалар <sup>3</sup>	7 619	0	7 619	8 240	3	8 243	9 978	9	9 987
<b>Барлығы</b>	<b>13 745</b>	<b>7 916</b>	<b>21 661</b>	<b>13 712</b>	<b>8 415</b>	<b>22 126</b>	<b>15 384</b>	<b>8 311</b>	<b>23 695</b>

<sup>1</sup> ӨМГ, ЕМГ, ҚБМ, ҚГМ, ПҚИ, ҚТМ, ҚОА, ММГ, «Амангелді Газ» ЖШС, ӨО, Доңға  
<sup>2</sup> ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ, ӨО, Доңға  
<sup>3</sup> «ҚМГ Қашаған Б.В.», «ҚМГ Қарашығанақ», ТШО.

**Мұнай мен конденсат экспорты**

2023 жылы КЕВСО бағасы тұрақты оң үрдісті көрсетті. КЕВСО (Platts) маркалы мұнайы мен Brent премиум сұрыпының мұнайы арасындағы нарық айырмашылығы (сыйлықақы) есепті жылдың басындағы теріс мәнінен жылдың екінші жартысынан бастап оң мәнге дейін өсті, кейіннен жыл соңына дейін тек өсіп отырды.

2022 жылмен салыстырғанда аталған кезеңде Brent маркалы шикі мұнай бағасының төмендеуіне ағымдағы геосаяси және экономикалық факторлар ықпал етті.

**Мұнай мен конденсатты ішкі нарыққа жеткізу**

Мемлекет басшысының мұнай өңдеу зауыттарын аралас схемаға көшіру жөніндегі тапсырмасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы бағыттағы тапсырмаларын орындау үшін ҚМГ «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізуге қатысты қазіргі кезде енгізіліп жатқан түзетулерді назарға ала отырып, мұнай өңдеу зауыттарын аралас схемаға көшіру бойынша жұмыс атқарып жатыр.

Аралас схема бойынша және заңға түзетулерге сай жер қойнауын пайдаланушымен (ЖҚП) байланысты тұлға төменде көрсетілген талаптардың кемінде біреуін сақтаған кезде ғана мұнай жеткізушісі болып танылады:

- жер қойнауын пайдаланушының акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы мұнай жеткізушіге тиесілі;
- мұнай жеткізушінің акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі;
- мұнай жеткізуші мен жер қойнауын пайдаланушыны оған/оларға мұнай жеткізушінің және жер қойнауын пайдаланушының акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ікелей немесе жанама түрде жиынтықты тиесілі тұлға/тұлғалар басқарады.

ҚМГ-ның өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіруге шикізат ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ мен ӨО кәсіпорындарынан АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-қа жеткізіледі. Өндірілген мұнай өнімдері ішкі нарық пен экспортқа көтерме бағамен өткізіледі.

**Мұнай өңдеу активтері**

ҚМГ активтерінің құрылымында сұйық көмісутек шикізатын, көбіне мұнайды Қазақстанда төрт МӨЗ және Румынияда екі МӨЗ өңдейді.

**ҚМГ-ның мұнай өңдеу зауыттары**

Көрсеткіш	Қазақстан				Румыния	
	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Caspi Bitum	«Петромидия»	«Вега»
Орналасқан жері	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау	Нэводарь	Плойешть
Пайдалануға берілген жылы	1945	1978	1985	2013	1979	1905
Жобалық өңдеу қуаты, млн тонна	5,5	6,0	6,0	1,0	6,0 <sup>1</sup>	0,5
2023 жылы өңделген КСШ көлемі, млн тонна	5,5	5,4	5,7	0,85	5,0 <sup>2</sup>	0,4
2023 жылғы жүктеме, %	99	91	95	85	84 <sup>3</sup>	75
ҚМГ-ның иелік ету үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,63	54,63
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	–	10,5	–
2023 жылы ашық түсті мұнай өнімдерінің шығарылымы, %	67	72	77	–	84	–
МӨЗ-дің тең иелері	–	–	CNPC	CITIC	Румыния Үкіметі	Румыния Үкіметі

КСШ өңдеудің шоғырландырылған көлемі	2021	2022	2023
<b>Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттары</b>			
■ АМӨЗ	5 473	5 224	5 475
■ ПМХЗ	5 407	5 480	5 434
■ ПҚОП (50 %)	2 582	3 103	2 870
■ Caspi Bitum (50 %)	464	461	427
Қазақстандағы МӨЗ бойынша барлығы	13 927	14 269	14 206
<b>Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттары</b>			
■ «Петромидия»	4 586	5 258	5 012
■ «Вега»	321	373	374
Румыниядағы МӨЗ бойынша барлығы	4 907	5 631	5 387
<b>Жиыны</b>	<b>18 833</b>	<b>19 900</b>	<b>19 593</b>

Мұнай өнімдері өндірісінің шоғырландырылған көлемі	2021	2022	2023
<b>Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттары</b>			
■ АМӨЗ	4 867	4 647	4 858
■ ПМХЗ	4 935	5 168	5 034
■ ПҚОП (50 %)	2 352	2 857	2 638
■ Caspi Bitum (50 %)	460	456	421
Қазақстандағы МӨЗ бойынша барлығы	12 614	13 128	12 951
<b>Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттары</b>			
■ «Петромидия»	4 831	5 512	4 848
■ «Вега»	320	370	373
Румыниядағы МӨЗ бойынша барлығы	4 790	5 142	5 221
<b>Жиыны</b>	<b>17 445</b>	<b>18 639</b>	<b>18 172</b>

<sup>1</sup> Жобалық қуаты жылына 5 млн тонна көлеміндегі мұнайды және жылына 1 млн тонна басқа да КСШ-ны қамтиды.  
<sup>2</sup> 4,86 млн тонна — жалпы өңдеу көлемі, оған шикі мұнайды (4,35 млн тонна) және өзге де баламалы шикізатты (0,67 млн тонна) өңдеу көлемі кіреді.  
<sup>3</sup> «Петромидия» МӨЗ-нің жүктемесі— Соломон әдісі бойынша 97,5% (Solomon Associates).



### Қазақстанда мұнай өңдеу

Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында КСШ өңдеу көлемі 0,4%-ға азайып, 14 206 мың тонна болды. Өңдеу көрсеткішінің төмендеуіне негізінен есепті жылдың ортасында ПҚОП зауытында каталитикалық риформинг және катализатордың регенерациясы қондырғысында жылу алмастырғышты жоспардан тыс жөндеуге байланысты жүктеменің азаюы себеп болды. Атырау мұнай өңдеу зауытында есепті жылы өңдеу көлемінің өсуі ПҚОП-тағы өңдеу көлемінің азаюын ішінара өтеді.

### Мұнай өңдеу зауыттарын дамыту жоспарлары

Қазақстандағы МӨЗ-дерде маржиналды өнім өндірісін кеңейту есебінен операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар бастама жоспарланып отыр.

- үш жылдық жөндеу аралық кезеңіне көшу бойынша техникалық аудит жүргізу;
- энергия мен ресурстарды сақтау және 2031 жылға дейін ауаға зиянды заттардың шығарылуын азайту бойынша мақсатты көрсеткіштері қамтылған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру.

### АМӨЗ

- Жобалау-іздістелу жұмыстары (риформинг қондырғысының жұмыс қабілетін қалпына келтіру, газ-турбиналық электр станциясын салу, Prime D гидротазарту мен депарафиндеу қондырғысының өнімділігін кеңейту, АТҚҚ-да құюға толығымен ауысу үшін жаңа сорғы станциясын салу, тікелей айдалған нафта мен КГФ-ны ағызу эстакадасының құрылысы).
- Техникалық экономикалық негіздеме (баяу кокстеу қондырғысын реконструкциялау, деасфальттау қондырғысын салу).
- Теңіз кен орнының мұнайын өңдеуге қабылдау үшін резервуарларда мұнайды есепке алудың коммерциялық торабын және понтондарды монтаждау.
- «Тазалық» жобасы бойынша «АМӨЗ-де механикалық тазарту құрылыстарын реконструкциялау» жобасының бірінші кезеңі аяқталды, «булану алқаптарын рекультивациялау» жобасының булану

алқаптарының 1-ші және 2-ші секторын рекультивациялау аяқталды. Атырау облысы әкімдігінен зауыттан шыққан сарқылмалы суларды Атыраудың жаңа кәріздік тазарту құрылыстарына жіберу туралы рұқсат алғаннан кейін 3-ші және 4-ші секторды рекультивациялау жұмыстарын аяқтау жоспарлануда.

### ПМХЗ

- «Дизель отынын гидротазарту қондырғысын депарафиндеу блогымен біріктіре отырып, реконструкциялау» жобасы бойынша қабылданған ЕРС келісімшарты аясында ЕРС мердігер жұмыс жобасын әзірлеп, ұзақ уақыт жасалатын жабдыққа тапсырыс беруде.
- «Сұйытылған көмірсутек газын тазарту қондырғысын салу» жобасы бойынша ЕРС мердігер жабдықтар мен материалдарды жеткізуді аяқтады, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүруде.

### ПҚОП

- «ПҚОП өндірістік қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту» жобасы: 2023 жылы «ПҚОП өндірістік қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту» жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу жұмыстары аяқталды. Зауыттың екінші акционері — CNPC компаниясының шикі мұнайдың құрамын нақтылау талабын ескере отырып, алдын ала техникалық-экономикалық негіздемені түзету жоспарда бар. Қазақстан мен Қытай Үкіметтері арасында «ПҚОП өндірістік қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту» жобасын іске асыру келісімін әзірлеу бойынша жұмыс жалғасуда. Бұл келісім мемлекеттік қолдау шаралары мен тараптардың міндеттемелерін көздейді.

### Caspi Bitum

- «Қолданыстағы ЭЛОУ-АВТ қондырғысын жаңғырту жолымен «CASPI BITUM» БК» ЖШС зауытының мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту» жобасы: техникалық аудит аяқталды, жұмыс жобасын әзірлеу (егжей-тегжейлі жобалау) басталды.

### Перспективті жобалар мен жаңа технологиялар

#### АМӨЗ

Жеңіл мұнай өнімдерін тұтыну көлемінің өсуін қамтамасыз ету және зауытты Теңіз кен орны мұнайын қабылдауға дайындау мақсатында «Атырау МӨЗ-нің тиімділігін арттыру» жобасын қолға алды.

Жоба мақсаттары:

- жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту;
- қолданыстағы қондырғылардың оқшылықтарын жою;
- зауытты Теңіз кен орны мұнайын қабылдауға дайындау.

Жоба басымдықтары:

- жобаға жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту мақсатында тар жерлерді кеңейтуді көздейтін сегіз шағын жоба енді;
- Теңіз мұнайын өңдеу;
- сұйытылған көмірсутек газының өндірісін ұлғайту;
- ЛГ-35-11/300-95 каталитикалық риформинг қондырғысын жаңғырту;
- Prime D қондырғысында қосымша компрессор орнату (Дизель отыны өндірісін арттыру);
- баяу кокстеу қондырғысын реконструкциялау;
- жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту және мазут сапасын жақсарту үшін ЭЛОУ АТ-2 қондырғысын жаңғырту;
- қолданыстағы АТҚҚ-ға құю үшін жаңа сорғы станциясын салу;
- тікелей айдалған нафта мен КГФ-ны ағызу эстакадасының құрылысы.

Ашық түсті (жеңіл) мұнай өнімдеріне мыналар жатады: автобензиндер, дизель отыны, реактивті отын, бензол, параксиллол, сұйытылған газ. Ашық түсті мұнай өнімдері (автобензиндер, дизель отыны, реактивті отын, сұйытылған газ) – халыққа арналған әлеуметтік маңызы бар өнім, ал бензол мен параксиллол – мұнай химиясы саласы үшін шикізат ретінде пайдаланылады.

### Мұнай өңдеу тарифтері

Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттары бекітілген тарифтер бойынша мұнай өңдеу қызметтерін (бизнесінің процессінг кестесі) ғана көрсетеді. Мұнай жеткізушілері дайын мұнай өнімдерін өздері сатады. Мұнай өңдеу зауыттары өндіріс мәселелеріне ден қояды, осының нәтижесінде өңдеу жұмысы оңтайландырылады және шығын азаяды.

### Берілген шикізаттың бір тоннасын өңдеуге орташа есептелген тарифтер, тоннасына теңгемен

Зауыт	2021	2022	2023
АМӨЗ	42 434	42 515	54 079
ПМХЗ	23 033	23 240	23 240
ПҚОП	35 191	35 336	35 336
Caspi Bitum	18 472	24 901	27 791

Аталмыш жоспар аясында АМӨЗ 2031 жылға қарай тікелей және жанама шығарындыларды 2019 жылдың деңгейінен кемінде 12%-ға қысқарту бойынша жұмыс атқарып жатыр.

Іске асыру мерзімі: 2023-2027 жылдар.

### ПМХЗ

- «Дизель отынын гидротазарту қондырғысын депарафиндеу блогымен біріктіре отырып, реконструкциялау» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асыру нәтижесінде жылына 155 мың тонна көлемінде қысқы дизель отыны шығарылатын болады.
- «Сұйытылған көмірсутек газын тазарту қондырғысын салу» жобасы.

Жобаны іске асыру жылына 100 мың тонна көлемінде тауарлық сұйытылған көмірсутек газын тазартуды көздейді.

- Энергия мен ресурстарды сақтау және 2031 жылға дейін ауаға зиянды заттардың шығарылуын азайту бойынша мақсатты көрсеткіштері қамтылған іс-шаралар жоспары.

Аталған жоспар аясында ПМХЗ 2031 жылға қарай тікелей және жанама шығарындыларды 2019 жылдың деңгейінен кемінде 15%-ға қысқарту бойынша жұмыс атқарып жатыр.

### ПҚОП

- Энергия мен ресурстарды сақтау және 2031 жылға дейін ауаға зиянды заттардың шығарылуын азайту бойынша мақсатты көрсеткіштері қамтылған іс-шаралар жоспары.

Аталған жоспар аясында ПМХЗ 2031 жылға қарай тікелей және жанама шығарындыларды 2019 жылдың деңгейінен кемінде 13%-ға қысқарту бойынша жұмыс атқарып жатыр.

Қазақстан Республикасының МӨЗ-дерінде мұнай өңдеу қызметінің тарифтері өндіріске және инвестицияға жұмсалған нақты операциялық шығыннан ғана (өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұруға арналған күрделі салымдар, жаңғыртуға тартылған қарызды төлеу) қалыптасады.

**Қазақстанда көмірсутек шикізатын өңдеу және мұнай өнімдерін өндіру көлемдері**

2023 жылы еліміздің үш мұнай өңдеу зауытында жоспарлы-алдын алу жұмыстары жүргізіліп, технологиялық қондырғылар кестеде белгіленген мерзімнен бұрын режимге шықты. Еліміздің Энергетика министрлігі ҚМГ және мұнай өңдеу зауыттарымен бірлесіп, «Атырау, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу

зауыттарында апаттарды азайту жөніндегі кешенді жоспарды» бекітті. Іс-шараларды іске асыру мерзімі: 2023-2027 жылдар. Аталмыш жоспар мұнай өңдеу зауыттарында кешенді техникалық аудит жүргізіліп, нәтижесінде техникамен қайта жабдықтау бағдарламасын әзірлеу іс-шараларын қамтиды. Сондай-ақ есепті жылы АМӨЗ К-5 экологиялық класты АИ-92 маркалы автобензин өндірісіне көшті.

**ҚМГ үлесіне көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі, мың тонна**

Зауыт	2021	2022	2023
АМӨЗ	5 473	5 224	5 475
ПМХЗ	5 407	5 480	5 434
ПҚОП (50 %)	2 582	3 103	2 870
Caspi Bitum (50 %)	464	461	427
<b>Барлығы</b>	<b>13 927</b>	<b>14 269</b>	<b>14 206</b>

**ҚМГ үлесіне мұнай өнімдері өндірісінің көлемі, мың тонна**

Мұнай өнімдері	2021	2022	2023
<b>АМӨЗ</b>	<b>4 867 (100 %)</b>	<b>4 647 (100 %)</b>	<b>4 858 (100 %)</b>
■ Ашық түсті <sup>1</sup>	3 169 (65 %)	2 988 (64 %)	3 602 (74 %)
■ Қою түсті <sup>2</sup>	1 499 (31 %)	1 447 (31 %)	1 073 (22 %)
■ Мұнай химиясы <sup>3</sup>	52 (1 %)	85 (2 %)	49 (1 %)
■ Басқасы	147 (3 %)	127 (3 %)	134 (3 %)
<b>ПМХЗ</b>	<b>4 935 (100 %)</b>	<b>5 137 (100 %)</b>	<b>5 034 (100 %)</b>
■ Ашық түсті	3 736 (76 %)	3 879 (76 %)	3 895 (77 %)
■ Қою түсті	862 (18 %)	927 (18 %)	809 (16 %)
■ Басқасы	337 (7 %)	331 (6 %)	330 (7 %)
<b>ПҚОП (50 %)</b>	<b>2 352 (100 %)</b>	<b>2 857 (100 %)</b>	<b>2 638 (100 %)</b>
■ Ашық түсті	2 035 (87 %)	2 348 (82 %)	2 222 (84 %)
■ Қою түсті	313 (13 %)	504 (18 %)	410 (16 %)
■ Басқасы	4	5	6
<b>Caspi Bitum (50 %)</b>	<b>460 (100 %)</b>	<b>460 (100 %)</b>	<b>421 (100 %)</b>
■ Қою түсті	203 (44 %)	203 (44 %)	179 (43 %)
■ Басқасы	257 (56 %)	257 (56 %)	242 (57 %)
<b>Барлығы</b>	<b>12 614</b>	<b>13 101</b>	<b>12 951</b>

**Өңдеу тереңдігі, %**

Зауыт	2021	2022	2023
АМӨЗ	77,24	75,72	82,09
ПМХЗ	87,79	88,19	89,63
ПҚОП	85,96	82,79	84,88

<sup>1</sup> Бензин, дизель отыны, авиаотын және сұйытылған газ.  
<sup>2</sup> Мазут, вакуумдық газойль және битум.  
<sup>3</sup> Бензол мен параксиллол.



**PETROSUN. ҚМГ және мұнай өнімдерінің маркетингі**  
 ҚМГ Қазақстандағы мұнай өнімдері маркетингі нарығында өз позициясын жақсарту мақсатында елімізде 2012 жылдың 17 қаңтарынан бері жұмыс істеп келе жатқан PETROSUN ЖШС компаниясын сатып алды.

PETROSUN ЖШС үлесінің 49% сатып алу нәтижесінде ішкі нарықта мұнай өнімдерін бөлуде ҚМГ үлесі 80%-ға жетті.

Компанияның негізгі қызмет түрлері:

- сыртқы экономикалық қызмет, сауда коммерциялық және экспорттық-импорттық операциялар;
- көмірсутек шикізатын және көмірсутек шикізатынан өңделген өнім сату;
- көмірсутек шикізатын және одан өндірілген өнімдерді өңдеу;
- табиғи монополия саласын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерден мұнай, газ, мұнай өнімдерін және жанар-жағармай материалдарын сатып алу және өңдеу, соның ішінде мұнай және мұнай өнімдерін, көмірсутек шикізатын және одан өндірілген өнімдерді дайындау, сақтау, олардың маркетингі мен саудасы, бөлу, импорт пен экспорт, материалдық техникалық жабдықтау.
- мұнай өнімдерін сатып алу, сақтау және ауыстырып тиеу;
- мұнай өнімдерін тасымалдау.

PETROSUN ЖШС мақсаты – Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерінің нарығында тиімді жұмыс істеу, елдің энергетикалық қауіпсіздігін

қамтамасыз ету және жанар-жағармай материалдарын ішкі нарық пен экспортқа сату кезінде барынша көп пайда табу.

PETROSUN ЖШС сатып алған шикі мұнайды мұнай өңдеу зауыттарында өңдейді. 2023 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша жалпы өңдеу көлемінде PETROSUN ЖШС-нің нақты үлесі мынадай:

1. ПҚОП (үлесі — 66 %);
2. ПМХЗ (үлесі — 45 %);
3. АМӨЗ (үлесі — 31 %).

PETROSUN ЖШС жоғарыда аталған зауыттарда өңделген мұнай өнімдерін көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы өндірушілері – операторларына, локомотив бөлімшелерінің қажеті үшін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ға, Қазақстанның ірі ЖМҚС желілеріне, биржа сауда-саттығы арқылы сатып алушыларға, өнеркәсіптік қала құраушы кәсіпорындарына сатады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында мұнай жеткізу мен өңдеу аралас схема бойынша жүріп жатыр, яғни мұнай өңдеу зауыттарына мұнайды жеткізу мен өңдеуді тікелей жер қойнауын пайдаланушылар, жер қойнауын пайдаланушылармен үлестес және өзара байланысты маркетинг құрылымдары және мұнай өнімдерін өндіруші – МӨЗ-дің өзі жүзеге асырады. МӨЗ мұнай өңдеу қызметтерін көрсетіп, әрі қарай МӨЗ-ден тиіп әкету үшін мұнай иелеріне (ресурс ұстаушылар) мұнай өнімдерін қайтарады немесе әрі қарай зауыттан жөнелту үшін мұнай өнімдерін өзі сатады.

**ҚМГ мұнайынан мұнай өнімдерін өндіру және маркетинг**

ҚМГ мұнайынан мұнай өнімдерін өндіру үшін шикізат ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО компанияларынан АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-қа жеткізіледі. Өңдеуден кейін мұнай өнімдері көтерме нарық бағаларымен ішкі нарықта және экспортқа сатылады.

2023 жылы ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО өңдеу үшін 4 980 мың тонна мұнай, оның ішінде АМӨЗ-ге 2 452 мың тонна, ПМХЗ-ға 1 830 мың тонна және ПҚОП-қа 698 мың тонна жеткізді. МӨЗ-дер 4 474 мың тонна мұнай өнімін өндірді, бұл ретте ашық түсті мұнай өнімдерінің өндірісі 71%-ға, қою мұнай өнімдері — 19%, мұнай-химия өнімдері - 0,5% және өзге де мұнай өнімдері 9%-ға жетті.

**2023 жылы МӨЗ-де ҚМГ мұнайынан өндірілген мұнай өнімдері, мың тонна**

Мұнай өнімдері	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Барлығы	2023 жылдың 12 айында мұнай өнімдеріне орташа көтерме бағасы, бір тоннаға теңгемен
Ашық түсті	1 501	1 191	494	3 186	214 689
Қою түсті	486	273	97	856	140 067
Мұнай химиясы	21	–	–	21	240 731
Басқасы	157	212	41	410	40 772
<b>Барлығы</b>	<b>2 165</b>	<b>1 676</b>	<b>633</b>	<b>4 474</b>	<b>184 592</b>

Ескерту:  
 ашық түсті мұнай өнімдері - автобензин, дизель отыны, авиаотын.  
 қою түсті мұнай өнімдері - мазут, вакуумдық газойль, битум, ауыр мұнай шикізаты  
 мұнай химиясы - бензол, параксиллол.

ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО-дан алынған мұнайды өңдегеннен кейін ҚМГ өндірілген мұнай өнімдерін Қазақстанның МӨЗ-дерінен көтерме саудада өткізеді. 2023 жылы 4 940 мың тонна мұнай өнімдері сатылды, олардың басым бөлігі – ашық түсті мұнай өнімдері мен мазут (79%).

Мұнай өнімдері негізінен ішкі нарықта сатылды (4 940 мың тоннаның 4 224 мың тоннасы немесе 86%-ы), ал қалғаны экспортқа жөнелтілді (716 мың тонна). 2022 жылмен салыстырсақ, 2023 жылдың 12 айында ашық түсті мұнай өнімдерін экспорттауға тыйым салуына байланысты сатылған жалпы көлемінен мұнай өнімдерін экспортқа жеткізу үлесі 12%-ға төмендеді.



#### Қазақстан Республикасында өндірілген ҚМГ мұнай өнімдерін көтерме бағамен сату көлемі, мың тонна

Өнім	2021			2022			2023		
	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы	ішкі нарық	экспорт	барлығы
Бензиндер	1 195	–	1 195	1 333	7	1 340	1 529	–	1 529
Дизель отыны	1 291	57	1 348	1 513	–	1 513	1 512	–	1 512
Авиациялық отын	120	–	120	161	–	161	165	–	165
Мазут	241	542	783	265	588	853	205	504	708
Вакуумды газойль	–	166	166	–	105	105	–	81	81
Битум	83	–	83	125	–	125	87	–	87
Кокс	79	66	144	56	65	121	50	103	154
Күкірт	3	17	20	5	14	19	12	9	21
Бензол	–	4	4	–	3	3	–	12	12
Параксиллол	–	25	25	–	34	34	–	8	8
Сұйытылған газ	162	1	163	204	–	204	230	–	230
Пеш отыны	4	–	4	–	–	–	3	–	3
Технологиялық отын	382	–	382	408	–	408	411	–	411
Басқасы	18	–	18	22	–	22	21	–	21
<b>Барлығы</b>	<b>3 577</b>	<b>877</b>	<b>4 454</b>	<b>4 091</b>	<b>816</b>	<b>4 908</b>	<b>4 224</b>	<b>716</b>	<b>4 940</b>

Кеден одағының 013/2011 «Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын мен мазутқа қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентіне сай өндірілетін отынның сапасы К-4 және К-5 экологиялық кластарына («Еуро-4» және «Еуро-5» аналогтары) сәйкес келеді.

Аталмыш техникалық регламентке сәйкес автомобиль бензині мен дизель отыны құрамында металл бар қоспаларды (құрамында марганец, қорғасын және темір бар) қолдануға жол берілмейді, күкірт мөлшері 50 мг/кг-нан аспайтын мөлшерде белгіленген, бензол 1%-дан аспайды.

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында жүргізілген жаңғыртудың мақсаты – өндірілетін мотор отындарының сапасын К-5 (Еуро-5 стандартының аналогы) классына дейін арттыру.

Бұл ретте өндірілетін мотор отындарында (көлік құралының қозғалтқышы жұмыс істеген кезде шығатын газдардан адам денсаулығына антропогендік әсер ететін негізгі отын түрлері) зиянды заттардың мөлшері азайды:

- күкірт 10 есеге (одан күкірт тотығы түзеледі);
- ароматикалық заттар 1,5 есеге (одан күйе пайда болады);
- бензол 5 есеге (бензопиреннің пайда болу көзі – канцероген, қауіптіліктің 1-классына жатады).

#### Жеткізу үлесі мен бағыттарға бөле отырып, мұнай өнімдерінің экспортқа сатылуы

Мұнай өнімдері	2022 жыл			2023 жыл		
	Көлемі, тонна	Мемлекет	Үлесі, %	Көлемі, тонна	Мемлекет	Үлесі, %
Мазут	585 152	Еуропа	100	496 582	Еуропа	99 %
				6 955	Өзбекстан	1 %
ВГО	105 467	Еуропа	100	80 704	Еуропа	100 %
Тазалығы жоғары параксиллол	33 763	Қытай	100	7 579	Қытай	100 %
Бензол	1 684	Ресей	53	11 621	Қытай	100 %
		Африка	47			
Күңгірт кокс Күйдірілген кокс	18 066	Қытай	30	82 236	Қытай	84 %
				7 821	Түркия	8 %
				42 978	Ресей	70
				5 280	Ресей	5 %
				2 836	Тәжікстан	3 %
Күңгірт кокс	780	Қытай	20	3 761	Ресей	72 %
				3 170	Ресей	80
Күкірт	8 041	Еуропа	59	3 558	Еуропа	40 %
				5 577	Африка	41
				5 239	Түркия	60 %
К4 АИ-92 бензині	7 454	Еуропа	100	–	–	–
Техникалық көміртек өндірісіне арналған ауыр мұнай шикізаты	2 630	Ресей	100	–	–	–
<b>Барлығы</b>	<b>816 259</b>			<b>715 672</b>		





**«Петромидияда» өндірістің тоқтауы**

Есепті жылдың жаз мезгілінде «Петромидия» зауытында оқыс оқиға болып, бұл өндірісті ішінара тоқтатуға әкелді. ҚМГИ комиссиясы жүргізген тергеу қорытындысына сәйкес өрттің негізгі себебі – операциялық қызметкерлердің тиісті процедураларды бұзуы болды. Жауапты адамдарға және рәсімдерге қатысты тиісті шаралар қабылданды. Жұмсақ гидрокрекинг қондырғысында болған өрт салдарынан статикалық және динамикалық жабдықтар ішінара істен шықты. Оқиға кезінде қаза тапқандар болған жоқ. Зардап шеккендер – Global Security Systems компаниясының өрт сөндіру машинасының жүргізушісі машина баспалдағынан секірген кезде тобығы жарақаттанған. Қазіргі уақытта жұмсақ гидрокрекинг қондырғысы іске қосылып, штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

**ҚМГИ-ға қарасты мұнай өңдеу зауыттарын дамыту жоспары**

Румыния Үкіметі әзірлеген жаңа заңнамалық актілер аясында 2023 жылы ҚМГИ, соның ішінде бұл заңнамалық актілерді орындауға бағытталған, инвестициялық бастамаларды пысықтау және жаңарту жұмыстарын жүргізді:

- 2023 жылы 1 қаңтарда Румынияда жаңа буын биоотынның ең аз мөлшеріне қатысты талап қолданыла бастады. 2022 жылы 6 желтоқсанда жаңартылатын көздерден алынған энергияны пайдалануды ілгерілету жөніндегі құқықтық базаны толықтыру туралы Үкіметтің №163/2022 қаулысы бекітілді. Сонымен қатар 2023 жылы кемінде 0,2%, 2025 жылы кемінде 1% және 2030 жылы кемінде 3,5% жаңа буын биоотынның минималды мөлшері туралы талап енгізілді.
- 2023 жылы 20 шілдеде Румынияда отын жеткізушілері 2025 жылдан бастап жасыл сутекті өндіруге немесе сатып алуға міндетті болатын заң қабылданды.
- 2023 жылы 13 қыркүйекте Еуропарламент жаңа ережелерді бекітті, оған сай 2026 жылға қарай Еуроодақтың негізгі магистральдарында автомобильдерге арналған қуаты кемінде 400 кВт, ал 2028 жылға қарай кемінде 600 кВт электр қуаттау станцияларын орнату қажет. Жүк көліктері мен автобустар үшін әр 120 шақырым сайын қуаттау құрылғылары болуы тиіс.
- 2023 жылы 9 қазанда Еуроодақ кеңесі авиакеросин жеткізушілері 2025 жылдан бастап 2% SAF, 2030 жылдан бастап 6% пайдалануға міндетті болатын жаңа регламент қабылдады.

**Жаңа жобалар**

Жылу электр орталығын салу жобасы – Петромидия МӨЗ қажеттіліктері үшін бу мен электр энергиясының қажетті көлемін қамтамасыз ететін болады. Жобаны ҚМГИ Инвестициялық комитеті 2020 жылы 16 наурызда бекітті.

2023 жылы ЕРС келісімшартына қатысты жалпы жұмыс барысында белгілі бір кідірістер болды. 2023 жылы 22 наурызда бас мердігер - Calik Energy (Calik) түрік компаниясы ЕРС келісімшартының жұмыстарын тоқтатты, бұған ЕРС келісімшартына №2 қосымша келісімге қой қойылмай, бұл келісім бойынша төлемнің кешігуі себеп болды.

2024 жылы 19 қаңтарда ЕРС келісімшартына №3 қосымша келісімге қол қойылды – барлық жұмыс 37 ай ішінде, 2024 жылдың 30 маусымына дейін аяқталуы тиіс.

Жобаның пайдасын есептегенде, бастапқы күн 2024 жылдың 1 қазаны болып саналады, бұл жұмысқа немесе басқа да іс-шараларға рұқсат беруді аяқтау үшін белгілі бір уақыт қорын қамтамасыз етеді.

**«Дельфин» жобасы**

Өндіріс блогының негізгі бағыттары бойынша тиімділікті арттыру бағдарламасы: үздіксіз жақсарту, энергия тиімділігі, техникалық қызмет көрсету, ұйымдық тиімділік.

2012 жылы «Инвестициялық пакет 2010» іске асырылғаннан кейін 2014 жылы Rompetrol Rafinare-де қолға алынған «Дельфин» бағдарламасы әзірлене бастады. Басты мақсаты – «Петромидия» және «Вега» платформаларының толық әрі жан-жақты мүмкіндігін ашу. Бұл мақсатқа жету жолында жыл сайын тұрақты әрі ауқымды жақсартылған процестер енгізіліп, ағымдағы процестер жетіле түсті. Бұл өз кезегінде оң қаржылық нәтижелерге қол жеткізе отырып, өнімділікті арттыруға және технологиялық шығындарды азайтуға жол ашты.

2024 жылы «Дельфин 8» жобасы аясында энергия тиімділігін арттыруға және өндірістің операциялық қызметін жақсартуға бағытталған идеялар мен шығыны аз жобаларды енгізу жұмыстарын жалғастыру жоспарда бар.

**Мұнай газ химиясы**

ҚМГИ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай-газ химиясы саласын дамытуға қолдауы арқылы елімізде мұнай-газ химиясы саласын дамыту ісіне белсенді тартылатын болады. Ол ұлттық экономиканың өсуіне серпін береді, өйткені мұнай-газ химиясы бүкіл ел үшін мультипликативті әсер етеді.

ҚМГИ-ның мұнай химиясы саласындағы жобаларының негізгі мақсаттары:


- Қазақстан Республикасында алғашқы газ-химия кешенін салу және мұнай-химия кластерін құру;
- мұнай-химия өнімдерін өндіретін кешен үшін бар газды үлкен көлемде пайдалану;
- қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған өнім шығару;
- өнеркәсіп салаларын әртарапандыру үшін полимерлер өндіру.

**Полипропилен****KPI Inc. туралы**

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС («Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.») – Атырау облысындағы алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салу жобасының бірінші кезең операторы. Серіктестік өз қызметін 2008 жылы бастады. Серіктестіктің қысқартылған атауы: «KPI Inc.» ЖШС (бұдан әрі — KPI).

Жобаның үлескерлері: 49,5% — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ; 40% — «Сибур Холдинг» ЖАҚ; 9,5% — Samruk-Kazyna Ondeu ЖШС (Samruk-Kazyna Ondeu компаниясының жалғыз үлескері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, Samruk-Kazyna Ondeu Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сай химия саласындағы жобаларды іске асыру үшін құрылды); 1% — «Фирма Алмэкс Плюс» ЖШС — бұл жеке меншік инвестор, компания Қазақстанның ең ірі холдинг тобы – «АЛМЭКС» холдинг тобы» акционерлік қоғамына қарасты.

Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешені құрылысының бірінші кезеңі аясында 2022 жылы қарашада KPI полипропилен өндірісі ресми түрде іске қосылды. Полипропилен машина жасауда, медицинада және электротехникада негізгі шикізат ретінде пайдаланылады, орау материалдарын, ыдыстарды, талшықтарды, құбырлар мен ыстық сумен жабдықтауға арналған фитингтерді, ұйымдастыру техникасы мен тұрмыстық электрониканы, халық тұтынатын тауарларды, бақша және кеңсе жиһаздарын өндіру үшін қолданылады.



**Зауыт сипаттамалары**

Кәсіпорын қуаты — жылына 500 мың тонна полипропилен, бұл:

- әлемдегі полипропилен өндірісінің 1 %-ға жуығы;
- Ресей Федерациясында жалпы полипропилен өндірісінің 26,3 %;
- Түркменстан, Өзбекстан және Әзербайжан аумағындағы полипропиленнің жиынтық өндірісі көлемінен көп.

Шикізат: зиянды қоспалардан таза Теңіз кен орнынан шыққан пропан, бұл экологияға теріс әсерді азайтуды қамтамасыз етеді.

Қолданылған технологиялар: Lummus Technology Inc. (АҚШ) компаниясының Catofin (пропанды сусыздандыру) және Novolen (пропиленді полимерлеу) технологиялары.

- Осындай кешендер бес елде салынған (Сауд Арабиясы, АҚШ, Бельгия, Оңтүстік Корея және ҚХР).
- Жабдықтың 77 %-ын Еуропа, АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония және Үндістан елдерінің өндірушілері жасап шығарды.

Жобаның құны: жалпы құны — 2 630 млн АҚШ доллары, соның ішінде EPC-шарты — 1 865 млн АҚШ доллары.

Қаржыландыру: 2 млрд АҚШ доллары (ҚХР, China Development Bank қарызы).

Жұмыс орындары:

- құрылыс кезінде (уақытша) — 4 мыңнан астам;
- пайдалану кезінде (тұрақты) — 630.

Бас мердігер: China National Chemical Engineering Co. (CNCEC, ҚХР).

Жобаны іске асырудың тиімділігі:

- Қазақстанның полипропиленге ішкі қажетін (импортты алмастыру) жабу (Қазақстан нарығының сыйымдылығы – жылына 50 мың тоннаға жуық);
- Шағын және орта бизнес үшін полипропиленнен құрылыс, медицина, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі, тоқыма өнеркәсібі және т. б. салаларда құны жоғары бұйымдар өндіру мүмкіндігі;
- Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ өнеркәсіптің аралас салаларында қосымша жұмыс орындарын ашу;
- Елдің ІЖӨ-не қосатын үлесі 1 %-ға жетеді.

**Қазіргі жағдайы**

Қазіргі уақытта бүкіл кешенді тұрақты жұмыс режиміне шығару жүзеге асырылуда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды, жалпы зауыттық шаруашылық объектілері, пропан ағызу эстакадасы және пропан сақтау паркі пайдалануға берілді. Іске қосу-баптау жұмыстары жүргізілуде. Айта кетсек, кешеннің өнімді тұрақты өндіріп тұру кезеңіне шығуы ұзақ уақытты алады, себебі өндіріс процестері мен шығарылатын өнімдердің ауқымын, күрделілігін, саланың өзіндік ерекшеліктерін, сондай-ақ бұл Қазақстан Республикасында алғаш игерілген мұнай-химия өндірісі екенін ескеру қажет.

**2023 жылдың нәтижесі**

Бүгінгі таңда марка ассортиментіне сәйкес KPI кешіненде 6 полипропилен маркасын өндіру жолға қойылған (марка түрлері бойынша барлығы тоғыз марка, жобаға сәйкес 64 марка):

- PP H270 FF (I105 RC)
- PP H350 FF (I105 SC)
- PP H120 GP (I100N)
- PP H030 GP (I100K)
- PP H031 BF (I104K)
- PP H036 BF (I104K)

Қалған үш полипропилен маркасы 2024 жылдың қаңтарында игеріледі деп жоспарланып отыр.

Сонымен қатар есепті жылы полипропиленнің фталатсыз маркаларын өндіру жолға қойылды (осы маркаларды пайдаланған кезде экологиялық таза өнім өндіріледі).

Өндірістің шығындарын анықтауға және оларды жою тәсілін табуға мүмкіндік беретін «Пайдалы жұмыс уақыты» көрсеткішімен кешен өнімділігінің ең жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін KPI-дің 2024 жылға арналған «Өндірісті тұрақтандыру бағдарламасы» әзірленді. Бұл бағдарлама залалды анықтауға бағытталған жұмысты жүйелі және нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Өндірістегі персоналға жұмыс дағдыларын жылдам үйрету үшін «Стандартты операциялық рәсімдер» енгізілді. Жас мамандарға арналған жұмыс әрекеттерінің жүйесі қабылданды.

Есепті жылы Қазақстанның 50-ге жуық тауар өндірушісі KPI полипропиленін тұтынуға көшті, компаниялар өнімнің жақсы сапасын атап өтті. KPI Қазақстанның ішкі нарығын полипропиленмен толық қамтамасыз ете бастады деп айтуға негіз бар.

**2023 жылғы өндірістік көрсеткіштер**


Атауы	Қаңтар-желтоқсан
<b>Шикізат, тонна</b>	
Пропан	248 189
<b>Полипропилен, тонна</b>	
PP H085 CF/7	0
PP H350 FF/7	1 040
PP H270 FF/7	2 600
PP H030 GP/7	111 228
PP H120 GP/7	4 149
PP H253 FF/7	0
PP H250 GP/7	0
PP H031 BF/7	2 600
PP H270 GP/7	520
PP H036 BF/7	1 563
PP H015 TR/7	520
PP H 030 TR/7	43 227
PP H 070 TR/7	4 268
PP H 150 TR/7	3 061
PP H 300 TR/7	1 002
Техникалық марка	4 262
<b>Барлығы:</b>	<b>180 041</b>

**2023 жылы болған оқиғалар**

- 2023 жылы 22 қазанда KUS бу газ турбиналы электр станциясы тарапынан электр қуатын толық ажыратудың оқыс оқиғасы салдарынан кешен жұмысында технологиялық ақау болып, бұл пропан мен полипропиленді сусыздандыру өндірісін апаттық тоқтатуға әкелді. Бұл оқиға кешенде кепілдік сынақтарын өткізу мерзіміне және кешен объектілерін пайдалануға қабылдауға әсер етеді.
- Кешенді пайдалануға беру актісіне жобалау қуаттарында жабдықты толық баптау және сынау аяқталғаннан кейін, пайдалану-кепілдік сынақтарын аяқтай отырып, лицензиар тексеріліп, CNCEC-пен талап қою жұмысы аяқталғаннан кейін қол қойылады.
- Өндірістік процестердің күрделілік дәрежесін, сондай-ақ Қазақстанда алғаш рет игеріліп жатқан өндіріс екенін ескере отырып, мұнай-газ-химия кешенін пайдалануға беру белгілі бір уақытты қажет ететінін атап өткен жөн.

**Жоба бойынша күтілетін нәтижелер**

- Қазақстан Республикасында Теңіз кен орнының шыққан шикізат негізінде мұнай-химия өнімдерін өндіретін мұнай-химия кластерін құру.
- Қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған өнім шығару.
- Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік салаларын әртараптандыру үшін полимер өндіру.
- «KPI Inc.» ЖШС персоналының штаттық саны — 628 адам.




Зауыт жұмысының жүйесі


Пропан жеткізуші




Пропанды сусыздандыру қондырғысы



Пропиленді полимерлеу қондырғысы



Дайын өнім қоймасы



Бірінші қадам

«Теңізшевройл» ЖШС теміржол бойымен облыс орталығынан 40 км жерде орналасқан зауытқа шикізат газын жеткізеді.

Екінші қадам

$C_3H_8$  пропаны Теңіз кен орнынан зиянды заттардан тазартылған күйінде келеді. Оңтүстік Кореяның KR Wooyang HC компаниясы жасап шығарған 145 тонналық сегіз реакторының әрқайсысында (зауыт жүрегі десек болады) пропанның сутегі бөле отырып,  $C_3H_6$  пропиленіне айналу процесі (сусыздандыруы) жүреді.

Үшінші қадам

Американдық UM Lummus Technology компаниясының қондырғысында полимерлеу жолымен полипропилен ( $C_3H_6$ ) алынады. Мұндай қондырғының әлемде алтауы ғана бар.

Экология

Өндірісте су шығыны өте аз: пайдаланылған сұйықтықтың 82%-ы технологиялық процеске қайтарылады, бұл эндотермиялық операцияларды жүргізуге жұмсалатын энергия шығынын ішінара өтейді. Нәтижесінде булану алқаптарына зиянды заттар шығарылмайды. Басқаша айтқанда, өндіріс барынша экологиялық таза.



## Сервистік жобалар



ҚМГ өндірістің ағымдағы деңгейін сақтап тұру, жаңа жобаларды дамыту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы сервистік бағыттарды үйлестіреді, сондай-ақ қызметін жүзеге асыратын өңірлерде әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудағы өзінің жетекші рөлін ескереді. Мұнай сервисі әлеуметтік сезімтал бағыт екенін атап өткен жөн. Мұнай сервистік қызметтің жекелеген бағыттары тиімсіз, сондықтан олар ағымдағы өндірістің қажеттілікке қарамастан қызметкерлер санын сақтай отырып және ұжымдық шарттағы барлық міндеттемелерді: төлемдер, медициналық сақтандыру және біліктілікті арттыру шығындарын орындай отырып, қосымша шығындарға ұшырайды.

### Сервистік инфрақұрылым

ҚМГ сервистік қызметін 10 негізгі компания қамтамасыз етеді.

Сервистік қызмет бағыттары:

- мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау және игеру;
- ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу;
- жүк және жолаушылар тасымалы, кен орындарда көлік-технологиялық қызмет көрсету;
- электр қондырғылары мен катод қорғаныс құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу, баптау және сынау, электр жабдықтарын іске қосу-жөндеу және ағымдағы жөндеу жұмыстары;
- жерүсті және теңіз бұрғылау қондырғыларын пайдалану, мұнай және газ өндіруді жобалау, бұрғылау қызметтері;
- өлшеу құралдарына, автоматика және телемеханика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, мұнай кәсіпшіліктерінде телекоммуникация, радиобайланыс, кабельдік, спутниктік теледидар қызметтерін ұсыну; өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу; күзет сигнализациясына техникалық қызмет көрсету;
- көліктің GPS мониторингі бойынша қызмет көрсету;

- мұнай тасымалдау үшін болат және шыны-пластикалық құбыр салу, газ құбырларын салу және мұнай және тоғытылған ұңғымаларды жайластыру;
- мұнай құбырларын, су құбырларын мен автожолдарды реконструкциялау;
- ауыз су өндіру және тасымалдау, теңіз суын тасымалдауды қамтамасыз ету;
- тамақтандыруды ұйымдастыру, әлеуметтік объектілерге қызмет көрсету және басқалар.

Өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру үшін ҚМГ тиімді өндірістік процесті қамтамасыз етуге, қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, негізгі құралдарды жаңартуға қатысты іс-шараларды жыл сайын өткізеді.

### Даму жобалары

«Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысы - әлемдік стандарттарға сай толығымен Қазақстанда салынған алғашқы бұрғылау қондырғысы. Бұдан бұрын 2019 жылы 25 қаңтарда ҚМГ мен SOCAR компаниялар арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ операторы BP компаниясы Каспий теңізінің Өзербайжан секторындағы Апшерон құрылымында бұрғылау жөніндегі Сәтті қондырғысын бірлесіп пайдалануды көздейтін ортақ қызмет туралы келісімге қол қойды. Сәтті қондырғысының модификациясы оның жүк көтергіштігін 453 тоннадан 680 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Жобаны іске асыру ҚМГ бәсекеге қабілеттілігін арттырады, теңіз бұрғылау саласындағы көшбасшы компаниялардың қатарына кіруге жол ашады және әлемдік критерийлерге сәйкес өндірістік персоналдың кәсіби дайындық деңгейін арттырады.

Алдағы уақытта ҚМГ мұнай-сервистік бағытты қолдау және дамыту үшін мұнай өндіруді ұлғайтуға ықпал

ететін мұнай-сервистік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында мынадай стратегиялық бастамаларды көтерді:

- мұнай сервистік қызметтердің тиімді мақсатты портфелін қалыптастыру;
- мұнай-сервис компанияларын шығынсыз деңгейіне шығару.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін әртүрлі іс-шараларды жүргізу, соның ішінде бизнес-процестерді автоматтандыру, бөлек есепке алуды енгізу, персонал құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі бастамалар, өндірістік қатынастардың тиімді жүйесін құру, өндірістік процестердің тиімділігін арттыру, API Q1 және Q2 сертификаттау қажет.

Өндірістік қатынастарды (Industrial relations — IR) дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау аясында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында барлық мұнай сервистік еншілес мекемелерде 2022 жылдың басынан бері IR топтары/бөлімдері ашылды және тиісінше өз компаниялары мен мердігерлік ұйымдарында өндірістік қатынастарды дамытуға жауапты қызметкерлер тағайындалды. Өндірістік қатынастарды дамытудың мақсаты – қолайсыз әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне нөлдік төзімділікпен қолайлы еңбек жағдайларын жасау, ішкі коммуникацияларды және мердігер ұйымдармен тиімді өзара іс-қимылды дамыту. Есепті жыл бойы бекітілген кестелерге сәйкес мердігерлік ұйымдарда жұмыс орындарына, тұрып жатқан және тамақтану орындарына аудит, IR-скринингтер жүргізілді. Сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарлары жасақталды және орындалды. IR мамандары бірінші басшылармен бірлесіп, мердігер ұйымдардың қызметкерлерімен әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру және мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің наразылық көңіл күйін төмендету мақсатында олардың мәселелерін шешу үшін кездесулер өткізді.

Американдық мұнай институтының сапа менеджменті жүйесінің API Specification Q2 талаптарына сәйкес мұнай сервисі активтерін сертификаттау мұнай сервисі активтері қызметтерінің сапасын API мұнай-газ саласындағы халықаралық стандарттардың озық және жетекші практикасына сәйкестік деңгейіне дейін арттыру мақсатында басталды. API SPEC Q2 стандартының талаптарын енгізу және бейімдеу бойынша жұмыс жүргізілді және сертификаттауға өтініш берілді.

### Сертификаттауға дайындалып жатқан мұнай сервистік еншілес мекемелер:

- «Oil Services Company» ЖШС.
- «Oil Construction Company» ЖШС.
- «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС.
- «ӨзенМұнайСервис» ЖШС.

### Іске асыру мерзімі:

- 2022–2026 жылдар.

### Жаңа жобалар

#### Теңіз суын тұщыту зауытын салу


Теңіз суын тұщыту зауытын салу жобасы жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына және Маңғыстау облысын 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспарына сәйкес іске асырылуда. Жобаның мақсаты – Жаңаөзен қаласының халқы мен кәсіпорындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Астрахань-Маңғыстау» магистральды су құбырына технологиялық жүктемені азайту. Зауыттың жоспарланған жобалық қуаты – тәулігіне 50 мың текше метр. Теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы Қазақстанның батыс өңірлерін сумен қамтамасыз ету жөніндегі ортақ жобаның ажырамас бөлігі. Бұл жобаны іске асыру туралы шешім 2025 жылға қарай су тапшылығын жабу үшін магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту тұжырымдамасы қарастырылғаннан кейін қабылданды.

Халық санының болжамды өсуіне және қолданылатын нормативтерге сай 2030 жылы Жаңаөзен қаласы халқының су тұтыну нормасы тәулігіне шамамен 49,8 мың текше метрге тең болады.

#### Қазіргі жағдайы:

2023 жылы 7 маусымда ҚМГ тобының мұнай сервистік компанияларымен зауыт инфрақұрылымын (Жаңаөзен қаласына дейінгі су құбыры, газ құбыры, электр қуатын беру желісі, талшықты-оптикалық байланыс желісі, автомобиль жолы және басқалар) салуға ЕРС келісімшарты жасалды, оның сомасы – ҚҚС-пен бірге 60,2 млрд теңге. 2023 жылы 23 тамызда Metito LLC бастаған консорциуммен («Ақжол құрылыс» ЖШС, «Caspian HES Consulting» ЖШС, «СМК-Атамекен» ЖШС бірге) ҚҚС-пен 57,8 млрд теңге сомасына су тұщыту зауытын салуға ЕРС келісімшарты қабылданды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, белгіленген мерзімде – 2024 жылдың желтоқсан айының соңына дейін аяқтау жоспарда бар.

2025 жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында су тұщыту зауыты жобалық қуатқа шығарылмақ.



## Инновациялық-технологиялық даму

### ҚМГ Инжиниринг

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (бұдан әрі – ҚМГ Инжиниринг) 2014 жылы ҚМГ көмірсутек ресурстарын барлау, игеру, өндіру және бұрғылау жұмыстарына кешенді ғылыми-инжинирингтік қолдау көрсету үшін құрылған.

Ұйымның бас кеңсесі Астана қаласында орналасқан, екі филиалы бар: Атырау қаласында «Атырау филиалы» ЖШС және Ақтау қаласында «ҚазмұнайгазФЭЖИ» ЖШС. Филиалдар ҚМГ активтеріне нақты уақыт режимінде тікелей қолдау көрсетеді.

### «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС мен оның филиалдарының стратегиялық мақсаттары:

- ресурстық базаны дамыту үшін ғылыми техникалық жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу;
- кен орындарды сенімді әрі тиімді пайдалану ісін ғылыми техникалық қамтамасыз ету;
- өндірісті цифрландыру аясында озық технологияларды енгізу;
- су энергетикасының жобалары мен құзыреттерін дамыту.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу технологиялық даму, цифрландыру, бизнес-процестерді оңтайландыру, IT, HR және тәуекелдерді басқару саласындағы аралас міндеттерді шешуге негізделеді.

### Геологиялық барлау

2023 жылы ҚМГ алғаш рет 20 км тереңдікте Каспий маңы шөгінді алабының терең құрылысын зерттеу үшін делалық жабдықтарды бірегей орналастыра отырып, тәжірибелік сейсмикалық жұмыстар жүргізді. 2024

жылы зерттеу мерзімі мен алаңдарын оңтайландыру үшін сейсмикалық барлау жұмыстарында сымсыз сенсорлар технологиясын сынау жоспарлануда. Сонымен қатар 2024 жылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында Каспий теңізінің экологиялық сезімтал аймақтарында импульстік көздер технологиясын сынақтан өткізу жоспарда бар.

Геологиялық-геофизикалық деректер талданғаннан кейін орта және ұзақ мерзім ішінде іске асыру үшін бес перспективті жоба анықталды: Бозашы, Оңтүстік Қаламқас, Оңтүстік Қамыс, Жылыой, Қайран-Ақтоты-Тәжіғали Подсолевой. Сонымен бірге үш аз зерттелген алапта сейсмикалық барлау жүргізу үшін жобалау сейсмикалық профильдер қайта қаралды және инвестиция көлемі есептелді.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу аясында учаскелерді қайта геологиялық зерделеу жұмыстары аяқталды. Қаламқас-теңіз және Хазар кен орындары бойынша сейсмикалық деректерді өңдеу жалғасуда. Сонымен қатар белгілі бір учаскелерде сейсмикалық деректерге 3D динамикалық талдау жүргізілді және ұңғымаларды бұрғылау мен сынау жұмыстарына қолдау көрсетілді.

Торғай палеозой құрылымында 5 500 метр тереңдікте барлау ұңғымасын салу бойынша қорды қайта есептеу, өсіру және аударуға қатысты есептер әзірленді, сондай-ақ жобалық құжаты келісілді. Қаратон Подсолевой учаскесінде көмірсутекті іздеу бойынша барлау жұмыстарының жобасы қорғалды, ал Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелеріндегі жобалар әзірленіп жатыр.

### Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де онлайн бұрғылау құзыреті орталығы жұмыс істейді, оның міндеттері – нақты уақыт режимінде бұрғылау процесін бақылау және оған

геологиялық-технологиялық қолдау көрсету. Бұл өз кезегінде кен орындарда өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты аспектісі. ҚМГ-ға қарасты еншілес және тәуелді ұйымдардың ескі кен орындарында мұнай өндіру деңгейін ұстап тұрудың негізгі әдістерінің бірі – жаңа ұңғымаларды, соның ішінде көлбеу бағытталған ұңғымаларды бұрғылау. Бұл кен орындарындағы ұңғымалардың жалпы санын азайтып қана қоймай, сонымен қатар мұнай игерудің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ тұтқырлығы жоғары мұнайды қоса алғанда, мұнай қабатының жаңа кеніштерін игеруге мүмкіндік береді.

2023 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында көлбеу бағытында 16 ұңғыма сәтті бұрғыланды, мұнда коллекторды ашу үлесі орта есеппен 86%-ға тең болды. Бұл қолданылатын технологиялар мен әдістердің тиімділігі жоғары екенін көрсетеді. 3D геомеханикалық модельдер салынды және жаңартылды, бұл геологиялық құрылымның ерекшеліктерін жақсы түсінуге және бұрғылаудың оңтайлы өлшемшарттарын таңдауға мүмкіндік береді.

Пайдалану бағандарының сенімділігін қамтамасыз етудің маңызды аспектісі – бұл цементтеу сапасы. 2023 жылы ҚМГ-ның еншілес/тәуелді ұйымдарының кен орындарында құрылысы аяқталған ұңғымаларды цементтеу сапасы артып, 78,53%-ға жетті. Бұл цементтеу технологияларын үнемі талдау мен жетілдірудің нәтижесі, осының арқасында ұңғымаларды пайдалану процесінде қиындықтардың пайда болу қаупі азаяды.

Жаңа ұңғымаларды бұрғылаудан басқа, маңызды бағыт – ұңғымаларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, бұл олардың ұзақ уақыт бойғы жұмысын қамтамасыз етеді. Ұңғымаларды күрделі жөндеудің тиімділігіне жөндеу түрлері бойынша үнемі талдау жүргізіледі, бұл процестерді оңтайландыруға және озық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Ең маңызды міндеттердің бірі – озық технологияларды енгізу және жұмыстың жаңа әдістерін ойлап табу. Мысалы, Radiagreen EME Salt бұрғылау ерітіндісіне жақпа май қоспаларын және Welltec Light Packer (WLP) бағаналы металл пакері технологиясын қолдану бұрғылау тиімділігін арттыруға және ұңғымалардың сенімді тығыздауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2023 жылы ҚМГ Инжиниринг ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу саласында озық технологияларды қарқынды түрде қолданды, бұл жұмыстың тиімділігі мен өнімділігін айтарлықтай жақсартуға жол ашты. БИТ 215,9 ВТ 513 жаңа бұрғылау қашауын пайдалана бастадық, бұл бұрғылау жылдамдығының 43,72%-ға артуына әкелді, жұмыстарды орындау уақыты қысқарды және Жетібай мен Асар кен орындарындағы жобалардың жалпы тиімділігі арттырды. Сондай-ақ ұңғымаларды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары сәтті аяқталды, қазіргі заманға сай көтергіш агрегаттар мен арнайы техника қолданысқа берілді, бұл өндірістік процестердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз етті. Бұл жетістіктер – озық инновациялар мен технологиялық шешімдерді қолдануға деген ұмтылыстың нәрілі нәтижесі.

2024 жылы бұрғылау процесін LED экраннан бақылау, геонавигация үшін Petrel және StarSteer бағдарламалық жасақтамасын пайдалану жоспарда бар, бұл мақсатты коллекторды барынша қамтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ апатсыз бұрғылауға және өнімсіз уақытты азайтуға бағытталған технологиялық сүйемелдеуді жүргізу үшін Landmark Techlog және Peloton бағдарламалық жасақтаманы қолдану көзделген.

Жалпы, аталмыш шаралар мен технологиялардың барлығы кен орындарында мұнай өндірудің тиімділігін арттыруға және олардың ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.



### Өндіру

ҚМГ активтерінде өндірудің тұрақты деңгейіне негізінен базалық өндіру көлемін азайтуды жұмсарту және көмірсутектің қалған қорын ұтымды игеруін жақсарту есебінен қол жеткізіледі. ҚМГ Инжиниринг бұрғылау, өндіру және өңдеу салаларына үздісіз ғылыми-техникалық қолдау көрсетеді. Негізгі өндіріске қолдау көрсетудің басты стратегиялары операциялардың тиімділігін арттыруды және тиімсіз ұңғымалар портфелін қамтиды. Бұған мұнайдың игерілуін ұлғайту әдістерінің тиімділігін талдау, осы әдістердің сәтсіз болуына әсер ететін факторларды анықтау, түзету шараларын дайындау және тиімсіз ұңғымалардың тиімділігін арттыру кіреді.

Геологиялық-гидродинамикалық модельдердің өзектілігін сақтап тұру үшін Қаламқас, Қарамандыбас, Әлібекмола және Қожасай кен орындарына арналған бірнеше даму сценарийі ескеріліп модельдер жасалып, жаңартылды. Мұнайды ұлғайту үшін жылу беретін тәсілдердің және химиялық су басу әдістерінің тиімділігін бағалау үшін секторлық геологиялық-гидродинамикалық модельдер әзірленді.

Жетуі қиын қорды ұтымды пайдалану үшін әсіресе Әлібекмола кен орнының жарылған карбонатты шөгінділері сияқты күрделі коллекторларда, Өзеннің өткізу қабілеті төмен коллекторындағы өндірілмеген қорларда және тұтқырлығы жоғары Кеңбай мұнайын алу үшін мұнайды ұлғайту тәсілдері мен су төгу технологияларын зерттеуге қатысты қолдау көрсетілді. Мұнайды игеруді химиялық жолмен ұлғайту тәсілдері, секторлық геологиялық-гидродинамикалық модельдеу үшін зертханалық зертханалық зерттеулер жүргізіліп, техникалық әрі экономикалық көрсеткіштер негізінде ең жақсы нұсқалар анықталды. Атап айтқанда, Қаламқас және Өзен кен орындарының жағдайлары үшін оңтайлы полимерлерді таңдауға зертханалық зерттеулер жүргізілді. Қаламқас кен орнында профильдің

модификациясына арналған химиялық құрамды бағалау үшін және бірнеше кен орнында гидроқшаулау технологияларын бағалау үшін пилоттық жобалар іске қосылды.

Зерттеу жобасы аясында Өзен кен орны үшін мұнайды ұлғайту тәсілдері кезінде химиялық технологиялардың қолданылуы бағаланды, олардың тиімділігін алдын ала бағалауымен және әлеуетті тиімді технологияларға сынақ жүргізу ұсынымдарымен перспективті технологиялар анықталды.

Мұнайды ұлғайту тәсілдерін бір стандартқа келтіру және тәсілдердің тиімділігін бағалаудың бірыңғай әдіс-тәсілдерін әзірлеу үшін ҚМГ-ның еншілес ұйымдарының мұнай кен орындары үшін «Мұнайды ұлғайту тәсілдерінің технологияларын техникалық және экономикалық бағалаудың, мұнай өндірісін қарқындатудың және жоспарлау мен сынақ жұмыстары кезінде гидроқшаулау технологиясының ережелері» дайындалды.

Өндіру проблемаларын шешу және күрделі факторларды анықтау үшін өндіру проблемалары технологиялық және әдіснамалық санаттар болып бөлінді. Шешімдер зерделенді және өндіру процесіне ғылыми құралдар біртіндеп енгізіле бастады. «Технологиялық мәселелерге шолу және негізгі кен орындары үшін ұсынған шешімдер» әзірленді, «Технологиялық мәселелерді шешу және негізгі кен орындары үшін мұнайды ұлғайту тәсілдерінің тиімділігін арттыру бойынша егжей-тегжейлі күнтізбелік жоспарлар» жасақталды.

Қаңтар айында ҚМГ-ның әлеуетті жеткізушілері мен еншілес ұйымдары арасындағы коммуникацияны жақсарту үшін «Эксперименттік өнеркәсіптік сынақтар орталығы» интернет-порталы іске қосылды. Бұл портал жаңа технологияларды ұсыну және бағалау процесін оңтайландыру есебінен жаңа технологиялар мен

инновациялардың ағымдағы және аяқталған пилоттық сынақтары туралы барлық еншілес мұнай кен орындарының хабардар болуын қамтамасыз етеді.

### Мұнай өңдеу және мұнай химиясы

ҚМГ-ның мұнай өңдеу және мұнай химиясы саласында жаңа кешендер мен қондырғылар салу жобаларында жетекші шетел лицензиар фирмалары меншікті лицензиялары мен жаңалықтары негізінде әзірлеген заманауи және сынақтан өткен технологиялық процестер пайдаланылады.

ҚМГ сатып алған лицензияның деректері негізінде лицензиар-фирмалар технологияның (процестің) базалық жобасын әзірлеуді жүзеге асырады.

Технологиялардың (процестің) базалық жобасы – бұл технологиялық процестің ғылыми-зерттеу, жобалау және конструкторлық шешімдерінің кешені, оған берілген шикізаттан өнім түрлерін алу мақсатында технологиялық процесті жүргізу тәсілін қамтамасыз ететін аппаратуралық (машиналық) рәсімдеу және басқару құралдары кіреді.

Технологияның (процестің) базалық жобасы – құрылыстың жобалық құжаттамасын әзірлеу кезінде оны (технологияны нақты жағдайларға байланыстыру кезінде) технологиялық шешім ретінде пайдалану үшін қажетті деректерді қамтитын құжат.

«Павлодар мұнай-химия зауытында сұйытылған көмірсутек газын тазарту қондырғысын салу» жобасы бойынша UOP компаниясының (базалық жобаның әзірлеушісі) технологиялары – Mexox процесі қолданылады. Бұл процесс көмірсутек газдарын химиялық тазартуға, атап айтқанда олардағы күкіртті (меркаптан түрінде) жоюға арналған тиімді және арзан каталитикалық процесс. Қондырғының өнімділігі – жылына 100 мың тонна.


Павлодар мұнай-химия зауытында «Дизель отынын гидротазарту қондырғысын депарафиндеу блогымен біріктіре отырып, реконструкциялау» жобасы бойынша Shell компаниясының (Базалық жобаның әзірлеушісі) технологиялары қолданылады. Процесс «қысқы жұмыс режимі» кезінде -28 С (қоюлану көрсеткішінің 20 С жақсаруы) қоюлану температурасымен қысқы дизель отынын алуға, сондай-ақ зауыт «жазғы жұмыс режимі» кезінде К-4 және К-5 класты дизель отынын алуға мүмкіндік береді. Қондырғының өнімділігі – жылына 160 мың тонна.

Атырау облысында полипропилен өндіретін мұнай-химия кешені – KPI-де Lummus Technology LLC компаниясының (базалық жобаны әзірлеуші) технологиялары қолданылады – PDH пропанды сусыздандыру қондырғылары бойынша Catofin процесі және PP пропиленін полимерлеу бойынша Novolen процесі. Кешеннің өнімділігі – жылына 500 мың тонна. Өндірістің және шығарылатын өнім жаңашылдығының жоғары дәрежесі байқалады (Қазақстан Республикасында алғаш игерілген жаңа техника, технология және өнім түрлері).

Қолданылатын технология – жарылып кету қаупі бар қоспаларды (пропан, пропилен, этилен, отын газы, сутегі) түзей алатын технологиялық ағымдармен (+5 900 градустан -1 500 градусқа дейін) жылдам жүретін процестердің болуымен сипатталатын үздіксіз аралас өндірісті қамтамасыз ету – тапсырыс берушілердің талабына сәйкес шағын сериялы маркалы өндіріс (жоғары индексті, фталатсыз маркалар және т. б.).

Өндірістің және шығарылатын өнімнің күрделілігі – сегіз реактордағы пропанды сусыздандыру қондырғысының негізгі реакциясының 24 минуттық қысқа өндірістік циклімен түсіндіріледі, пропанның пиролиз пешінің реакциясы аймағында болу уақыты – 620 °С температурада 0,2 секунд (пиролиз процесінің қаттылық дәрежесі).

Өндіріс ерекшелігінің жоғары деңгейі байқалады – кешеннің технологиялық процестері және жабдықтары процестің жарылыс қаупінің көптеген қауіпті параметрлерімен (соның ішінде сыни) және қауіп көрсеткіштерінің үлкен мәндерімен сипатталады.



**«Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарында инженерлік модельдерді енгізу» жобасы**

2020 жылы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарында алғаш рет инженерлік модельдеу жүйесі енгізілді. Бұл – оңтайлы жұмыс режимін таңдау үшін технологиялық қондырғының цифрлық көшірмесін жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама.

Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытында алғашқы өңдеу процестерінің және мұнайды өңдеудің негізгі процестерінің модельдері әзірленді.

2022-2023 жылдар аралығында жабдықтың жұмыс режимін оңтайландыру мақсатында есептеулер негізінде технологиялық қондырғыларда тәжірибелік сынақтар жүргізілді.

AMӨЗ-де бағананың жүктемесін 10%-ға арттыру арқылы АВТ-3 мұнай айдау қондырғысының вакуумды бағананың жұмысы оңтайландырылды. Мұнай өнімдерінің өндірісін жақсартуға және оларды бөлу анықтығына қол жеткізілді. 2023 жылы желтоқсанда экономикалық тиімділік 500 млн теңгеге жетті, жыл сайынғы тиімділік жылына 5 млрд теңге көлемінде бағаланады.

ПМХЗ-да есептеулерді тәжірибелік сынау барысында битум өндіру қондырғысында және мұнайды ауа арқылы айдау қондырғысында отын үнемдеуге қол жеткізілді, оның тиімділігі жылына 170 млн теңгеге бағаланады.

Жеңіл мұнай өнімдеріне артып келе жатқан сұранысты өтеу жөніндегі стратегиялық бастама және Атырау МӨЗ-ін Теңіз кен орны мұнайына бейімдеу аясында «AMӨЗ» ЖШС «Тиімділікті арттыру» жобасын қолға алды. Жоба ЛГ-35-11/300-95 каталитикалық риформинг, баяу кокстеу қондырғысы және ЭЛОУ АТ-2 сияқты қондырғыларда автобензин, дизель отыны және сұйытылған газды қоса алғанда, жоғары сапалы өнім өндіру үшін озық технологияларды енгізуді көздейді. Бұл шаралар 2031 жылға қарай шығарындыларды 2019 жылғы деңгейден 12%-ға төмендету жоспарымен өндіріс тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған. Жобаны іске асыру 2023-2027 жылдарға жоспарланған.

**«Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі» жобасы**

AMӨЗ-де 2020 жылдан бері технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі енгізіле бастады, халықаралық терминологияда бұл жүйе Advanced Process Control (APC) атымен белгілі.

Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі «автопилот» сияқты жұмыс істейді, қондырғының технологиялық режимін берілген шектерде тұрақты ұстап тұрады. Автоматты режимде қондырғыны жүктеудің, бағандар мен пештердегі температураның тұрақты

өлшемшарттары, қондырғыдан шығатын ағымдардың сапа өлшемшарттары бақыланып тұрады. Осылайша, мұнай өнімдерінің өндірісі ұлғаяды, энергия ресурстарын тұтыну азаяды, технологиялық процесті басқаруда кезінде адами фактордың әсері азаяды және өнім сапасы жақсарады.

Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі АТ-2 және АВТ-3 мұнай өңдеу қондырғыларында енгізіліп, барынша қолданылып келеді. Нәтижесінде тікелей айдалған бензин және керосин газойлды фракциялардың өндірісі тиісінше 0,3% және 0,43%-ға ұлғайды. Жыл сайынғы экономикалық тиімділік 1,2 млрд теңге көлемінде бағаланды.

2024 жылы технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесін AMӨЗ-дің бензинді гидротазарту және каталитикалық риформинг қондырғысында, ал ПҚОП-тың мұнай өңдеу қондырғысында енгізу жұмыстарын аяқтау жоспарда бар.

**«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің тиімділігін арттыру» жобасы**

«AMӨЗ» ЖШС-нің арттыру жөніндегі стратегиялық жобасы аясында жеңіл мұнай өнімдеріне сұранысты өтеу және Теңіз кен орнының мұнайын өңдеу үшін өндірісті технологиялық жаңартуға және кеңейтуге ерекше назар аударылды. Жоба сегіз шағын жобадан тұрады: ЛГ-35-11/300-95 каталитикалық риформинг қондырғысын жаңғырту, сұйытылған газ өндірісін ұлғайту, баяу кокстеу қондырғысын реконструкциялау, Prime D қондырғысына қосымша компрессор орнату, ЭЛОУ АТ-2 жаңғырту, жаңа сорғы станциясын салу және тікелей айдалған нафтаны өңдеуге арналған инфракұрылымды дайындау. Бұл қадамдар сапалы мұнай өнімдері өндірісін ұлғайтуға, логистиканы оңтайландыруға және 2031 жылға қарай шығарындыларды 2019 жылмен салыстырғанда 12%-ға азайту жөніндегі түпкі мақсатымен экологиялық қауіптерді азайтуға бағытталған. 2023-2027 жылдарға жоспарланған жоба Атырау МӨЗ-нің инновациялар мен экологиялық тұрақтылыққа деген ұмтылысын көрсетеді.

**«CASPI BITUM» БК» ЖШС-нің өндірістік қуатын кеңейту**

Қазіргі уақытта жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін мұнай өңдеу үшін «CASPI BITUM» БК» ЖШС-нің өндірістік қуатын ұлғайту мүмкіндігі қаралып жатыр, бұл ретте жол битумы жылына 750 мың тоннаға дейін өндірілуі мүмкін. Бұл жобаны іске асыру жолдарды салу және реконструкциялау кезеңін қоса алғанда, елде жол төсемін салу үшін битумның тұрақты түрде болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, импортталатын өнімдерді жергілікті өндіріс орындарында өндірілген өнімдерге ауыстыру және елдің экспорттық әлеуетін арттыру жоспарлануда. Бұл мақсатқа шикі мұнайды бастапқы өңдеудің қолданыстағы жабдықтарын (ЭЛОУ-АВТ) жаңарту жолымен қол

жеткізіледі. Жоба 2023-2024 жылдар аралығында іске асады. Есепті жылы жобаның алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді, зауытта техникалық аудит жүргізілді, сондай-ақ ҚМГ Инвестициялық комитетінде жобаның «Анықтау» деп аталатын кезеңі мақұлданды.

**ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру**

- Өндірістік нысандарда ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін QR код пайдалану арқылы өндірістік жабдықтар мен техникалық құжаттардың электрондық кітапханасы әзірленді.
- Басшылар мен жауапты мамандарды оқыту үшін «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (72 сағат)» оқыту курсы дайындалды, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі талаптары бойынша тоғыз модуль бар.
- «Өнеркәсіптегі қауіпсіздік» курстары бойынша екі тілде тест сұрақтары жаңартылды және қауіпсіздік курстардың ақпаратын өзектендіру жұмыстары жүргізілді.
- Қауіпсіздік ережелері, «Tazalyq» жобасы және экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі туралы бейнероликтер жасалды.
- Кен орындарды игеру жөніндегі мамандардың біліктілігін дамыту үшін бес бағыттағы модульдік оқу бағдарламалары қайта қаралды және жаңартылды.

**Сутегі энергетикасын дамыту**

- Декарбонизацияланған «көгілдір» сутек өндірісіне техникалық-экономикалық талдау жүргізілді және дериватив өндірісінің тұжырымдамасы әзірленді.
- Жасыл сутек өндіру үшін су ресурстарының атласы әзірлене бастады және жергілікті әрі шетел институттарымен келіссөз жүргізілуде.
- Сутекті сақтау үшін металл гидридтерін қолдану бойынша халықаралық стандарттарға талдау жүргізілді және 2024-2027 жылдарға арналған Ұлттық стандарттау жоспарына енгізу үшін ұсынымдар берілді.
- ҚМГ мен еншілес ұйымдар қызметкерлерін оқыту және олардың білім деңгейін арттыру үшін сутегі энергетикасы мәселелеріне арналған халықаралық семинар ұйымдастырылды.
- Әлеуетті серіктестермен кездесулер өтті, Mitsubishi Heavy Industries тобының өкілімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
- Сутегі технологияларын қолдану бойынша техникалық сипаттамалар әзірленді, арнайы жабдық сатып алынды және зерттеу лабораторияларында іске қосу-баптау жұмыстары жүргізілді.
- International Journal of Hydrogen Energy журналында мақала жарияланды.

- Қызметкерлер Japan Cooperation Center for Petroleum and Sustainable Energy ұйымдастырған сутегі технологиялары туралы халықаралық тағылымдама бағдарламасы аясында оқытылды.

**Цифрлы технологияларды енгізу**

**Диспетчерлік талдау орталығы**

2023 жылы қазан айында ҚМГ әлемдегі ең заманауи әрі технологиялық орталықтардың бірі – жаңа диспетчерлік-талдау орталығын ашты. Жаңа орталықта мұнай және газ өндіру, тасымалдау, өңдеумен байланысты барлық процестерге мониторинг жасауға және талдауға мүмкіндік беретін цифрлы платформа.

Диспетчерлік-талдау орталығы 100 шаршы метрден астам аумақты алып жатқан және 4К өлшемді үлкен жарықдиодты бейне экранымен жабдықталған. Экранды жарықдиодты дисплейлерді өндіру және интеграциялау бойынша әлемдік көшбасшы компания Daktronics жасаған және орнатқан. Экран түрлі ақпарат көздерінен, соның ішінде спутниктерден, дрондардан, сенсорлар мен камералардан келіп түсетін карталар, графиктер, кестелер, бейнелер және басқа деректер сияқты алуан түрлі ақпаратты көрсетеді.

Сонымен қатар диспетчерлік-талдау орталығы аналитика мен болжамдарға негізделген жедел және стратегиялық шешім қабылдауға көмектесетін жоғары есептеу қуаты мен жасанды интеллектке ие. Орталық деректердің үлкен көлемін өңдеуге және сақтауға, сондай-ақ олардың қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз ете алады.

Диспетчерлік-талдау орталығы ҚМГ-ның цифрлы трансформация саласындағы маңызды қадамы, ол компания қызметінің тиімділігін, сенімділігін және экологиялық тазалығын арттыруға бағытталған. Орталық Қазақстанның мұнай-газ саласындағы инновациялары мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға да ықпал етеді. Орталық тәулік бойы және кез келген жағдайда жұмыс істейтін ҚМГ қызметкерлерінің кәсібилігі мен біліктілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.





# ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

## Басқарма төрағасы орынбасарының үндеуі

Есепті жылы Компания тұрақты өндірістік және қаржылық нәтижелерге қол жеткізіп, жүктелген міндеттерді тиісінше орындау бағытынан ауытқымай дамуын жалғастырды.

Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 82,6 АҚШ долларын құрады. Мұнайдың орташа құны барреліне 101,32 АҚШ доллары болған 2022 жылмен салыстырғанда бұл 18,4%-ға төмен. Бұл ретте Brent-ке қатысты KEVCO мұнай сортына дисконт жыл соңында барреліне 0,6 АҚШ долларына дейін азайды.

### Есепті жылдың қаржы нәтижелері

ҚМГ-ның қаржылық және операциялық нәтижелері, 2022 жылмен салыстырғанда мұнай бағасының төмендеуіне қарамастан, 2023 жылы компанияда жеткілікті тұрақтылықты қамтамасыз етті.

Жалпы, мұнай бағасының төмендеуі ҚМГ-ның қаржылық нәтижелеріне қалыпты әсер етті.

ЕБИТДА көрсеткіші 20,5%-ға төмендеп, 4,4 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл ретте бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін есепке алатын түзетілген ЕБИТДА көрсеткіші бұл кәсіпорындардағы пайда үлесінің орнына 4,6 млрд АҚШ долларына жетіп, 4,7%-ға өсті.

Осы кезеңмен салыстырғанда бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивиденд мөлшері 35,5%-ға өсіп, 1,4 млрд АҚШ долларына жетті.

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығын мөлшері – 1,8 млрд АҚШ доллары, ал кассалық әдіспен есептелген шығын – 1,5 млрд АҚШ доллары. Бұл көрсеткіштер 2022 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 51,8% және 52,9%-ға өсті.

Еркін ақша ағымы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 10,9%-ға азайып, 2,2 млрд АҚШ доллары болды. Көрсеткіштің төмендеуіне мұнай бағасының арзандауы және күрделі шығынның өсуі әсер етті.

### Ыңғайлы борыштық жүктемені сақтау

ҚМГ қолайлы левередж деңгейін сақтап тұр. Есепті жылдың соңындағы жалпы қарыз 3,8 трлн теңгені немесе 8,3 млрд АҚШ долларын құрап, 2022 жылғы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 9,6%-ға, ал доллармен 8%-ға азайды. Бұл ретте таза қарыз 3,6 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл 2022 жылдың соңындағы таза қарыз қалдығымен салыстырғанда 22,3%-ға аз.

2023 жылы сәуірде ҚМГ 2025 жылы өтелуі тиіс 500 млн АҚШ долларына тең еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеді. Айта кетсек, кесте бойынша еурооблигацияларды өтеудің келесі мерзімі 2027 жылы еді.

Есепті жылдың желтоқсан айында ҚМГ-ның еншілес кәсіпорны – Атырау мұнай өңдеу зауыты – өтеуге қолайлы валюта бағамына байланысты ВТБ Банктен алған 42,4 млрд рубль сомасындағы кредитті мерзімінен бұрын толық өтеді, бұл 213,7 млрд теңгеге тең. Компания қаржылық тәртіпті сақтайды және өзіне алған барлық қаржылық міндеттемелерді уақытылы орындап, инвестициялық қоғамдастықта жоғары кредиттік беделі бар қарыз алушы ретінде өзін көрсете білді.

### Компанияның кредиттік рейтингтері (S&P, Fitch, Moody's)

Халықаралық рейтинг агенттіктері ҚМГ-ның қаржылық тұрақтылығын растап, компанияға оң баға берді. 2023 жылы наурыз айында Standard&Poor's рейтинг агенттігі болжамын «тұрақты» деп өзгертіп, компанияның рейтингін «BB+» деңгейінде растады. Есепті жылдың маусым айында Fitch Ratings рейтинг агенттігі Компанияның рейтингін «BBB-» деңгейінен «BBB» деңгейіне көтерді, болжам «тұрақты». 2023 жылдың соңында Moody's рейтинг агенттігі ҚМГ-ның болжамын «жағымды» деп өзгертіп, рейтингін растады.

### Акционерлерге дивиденд төлеу және акция құнының өсуі

ҚМГ жария компания ретінде өзінің акционерлеріне барынша пайда әкелуге ұмтылады. 2023 жылы маусымда ҚМГ акционерлеріне 300 млрд теңге немесе 667 млн АҚШ доллары мөлшерінде рекордтық дивиденд төледі. Соңғы жылдары төленген дивиденд динамикасын талдайтын болсақ, есепті жылы дивиденд сомасы 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда бес еседен астам өсті. Сонымен қатар ҚМГ акциялар құны едәуір өскенін байқаймыз, бағалы қағаздар ұсынылған күннен бастап 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша 37,3%-ға өсті. Төленген дивиденд мөлшерін қоса алғанда ҚМГ акционерлерінің кірісі ұсынылған күннен бастап есепті жылдың соңында 43,1%-ға жетті. Бұл ретте ҚМГ-ның капиталдандыруы 15,5 млрд АҚШ долларына немесе 7 трлн теңгеден астам сомаға жетті.

### Салық және басқа да әлеуметтік төлемдер

Компания жыл сайын салық төлеп, әлеуметтік міндеттемелерді орындау арқылы ел экономикасына елеулі үлес қосады. 2023 жылы компания ел бюджетіне салық және басқа да міндетті төлемдер түрінде 1 162 млрд теңге аударды. ҚМГ кәсіпорындары орналасқан өңірлерінде әлеуметтік жобаларды іске асырып қана қоймай, жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясында 5,6 млрд теңге мөлшерінде әлеуметтік инвестиция салды. ҚМГ-ның қаржылық нәтижелерге қол жеткізуі және өзіне алған міндеттемелерді (соның ішінде әлеуметтік міндеттемелерді) орындау жолындағы теңгерімді тәсілі – бұл Компанияның ұзақ мерзімді дамуының кепілі.



**ИАНА АРЫСОВА**  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма  
төрағасының орынбасары



## Кредиттік рейтингтер

ҚМГ кредиттік рейтингтерді инвестициялық деңгейде ұстап тұруға, жоғары кредиттік профилін сақтап тұруға және адал қарыз алушы ретінде компанияның іскерлік имиджін сақтауды қамтамасыз етуге ниетті. 2023 жылы қаржылық тұрақтылыққа қатысты жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде ҚМГ кредиттік рейтингі жоғарылды.

### ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

- 2023 жылы 9 наурызда Standard & Poor's рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингін «BB+» деңгейінде растап, болжамдыдан «тұрақты» етіп қайта қарады. Бұл агенттіктің Қазақстанға қатысты рейтинг беру қызметін көрсетеді (рейтинг «BBB-» деңгейінде расталды, болжам «тұрақты» болып қайта қаралды).
- 2023 жылы 3 мамырда Standard & Poor's рейтингтік агенттігі мемлекеттік қолдау ықтималдығын «жоғары» деңгейден «өте жоғары» деңгейге көтерді, Компанияның рейтингі өзгеріссіз қалды.
- 2023 жылы 22 маусымда Fitch рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «BBB –»-дан «BBB»-ға дейін көтерді, дербес кредит қабілеттілігі рейтингінің

жоғарылуы негізінде болжам «тұрақты». ҚМГ рейтингі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингіне тең.

- 2023 жылы 13 желтоқсанда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2» деңгейінде растады, болжам меншікті кредит төлеу қабілеттілігі рейтингісінің жоғарылауы аясында «позитивті» болып қайта өзгерді. ҚМГ рейтингі Қазақстан Республикасының егеменді рейтингісіне тең.
- 2023 жылы 26 желтоқсанда Standard & Poor's рейтинг агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін BB+ деңгейінде растап, меншікті кредит қабілеттілігі рейтингін «BB-»-ден «BB»-ге өзгертті.

### ҚМГ кредиттік рейтингтері

Moody's	S&P	Fitch
Baa1	BBB+	BBB+
<b>Baa2 («жағымды»)</b>	BBB	<b>BBB («тұрақты»)</b>
Baa3	BBB-	BBB-
<b>Инвестициялық деңгейі</b>		
Ba1	<b>BB+ («тұрақты»)</b>	BB+
Ba2	BB	BB
Ba3	BB-	BB-

### Қазақстанның егеменді рейтингтері

Moody's	S&P	Fitch
Baa2 («жағымды»)	BBB- («тұрақты»)	BBB («тұрақты»)

Толық ақпарат «Акциялармен және инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген.

## 2023 жылдың басты қаржы көрсеткіштері <sup>1</sup>

### Түсім, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### ЕБИТДА көрсеткіші, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### Таза пайдасы, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### Бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### Еркін ақша ағымы, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### Жалпы қарыз, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



### Таза қарызы, млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)



<sup>1</sup> Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2022 және 2023 жылдардағы орташа бағам бір АҚШ долларына шаққанда тиісінше 460,23 және 453,21 теңгені құрайды; 2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда – кезең соңындағы бағам АҚШ долларына шаққанда тиісінше 462,65 және 454,56 теңгені құрайды).

## ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023
Мұнай, Dated Brent	\$/барр.	70,91	101,32	82,64
Мұнай, КЕВСО <sup>1</sup>	\$/барр.	–	–	81,7
Орташа бағам	теңге / АҚШ доллары	426,06	460,93	456,21
Кезең соңындағы бағам	теңге / АҚШ доллары	431,80	462,65	454,56
Түсім	млрд теңге	6 459	8 693	8 320
	млн АҚШ доллары	15 161	18 860	18 236
Бірлесіп бақылауға алынатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі	млрд теңге	680	991	534
	млн АҚШ доллары	1 597	2 151	1 171
Таза пайда	млрд теңге	1 287	1 307	924
	млн АҚШ доллары	3 020	2 835	2 026
Кезең ішіндегі бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда	млрд теңге	1 305	1 278	960
	млн АҚШ доллары	3 062	2 773	2 105
ЕБИТДА <sup>2</sup>	млрд теңге	2 015	2 536	1 995
	млн АҚШ доллары	4 730	5 502	4 372
ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші <sup>3</sup>	млрд теңге	1 750	2 007	2 080
	млн АҚШ доллары	4 108	4 355	4 560
Еркін ақша ағымы <sup>4</sup>	млрд теңге	756	1 116	984
	млн АҚШ доллары	1 774	2 421	2 157
Жалпы қарыз <sup>5</sup>	млрд теңге	3 746	4 154	3 757
	млн АҚШ доллары	8 676	8 980	8 265
Таза қарыз <sup>6</sup>	млрд теңге	1 984	2 154	1 645
	млн АҚШ доллары	4 594	4 655	3 620

Толық ақпарат «Қаржы есептілігі» бөлімінде берілген.

## Кіріс пен шығын туралы шоғырландырылған есеп

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	Өзгеріс	%
<b>Түсім мен өзге де кіріс</b>						
Сатып алушылармен жасалған келісімшарттар бойынша түсім	млн теңге	6 459 335	8 693 081	8 319 543	(373 538)	(4,3)
Бірлесіп бақылауға алынатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто	млн теңге	680 292	991 310	534 177	(457 133)	(46,1)
Қаржы кірісі	млн теңге	85 226	120 603	147 245	26 642	22,1
Бірлескен кәсіпорындарынан шыққаннан түскен пайда	млн теңге	19 835	0	186 225	186 225	100,0
Өзге операциялық пайда	млн теңге	30 779	22 319	55 378	33 059	148,0
<b>Түсім және өзге де кіріс бойынша барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>7 275 467</b>	<b>9 827 313</b>	<b>9 242 568</b>	<b>(584 745)</b>	<b>(6,0)</b>
<b>Шығындар</b>						
Сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны	млн теңге	(3 607 202)	(4 960 176)	(4 621 881)	338 295	(6,8)
Өндірістік шығындар	млн теңге	(721 057)	(1 144 241)	(1 219 722)	(75 481)	6,6
Табыс салығынан басқа салықтар	млн теңге	(461 244)	(677 921)	(594 080)	83 841	(12,4)
Тозу, сарқылу және амортизация	млн теңге	(523 044)	(506 900)	(601 204)	(94 304)	18,6
Тасымалдау мен сату бойынша шығын	млн теңге	(183 439)	(205 352)	(245 525)	(40 173)	19,6
Жалпы және әкімшілік шығындар	млн теңге	(151 392)	(160 479)	(177 792)	(17 313)	10,8
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және сату арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	млн теңге	(20 724)	(19 917)	(230 580)	(210 663)	1 057,7
Қаржы шығындары	млн теңге	(262 823)	(308 055)	(322 073)	(14 018)	4,6
Жағымды бағамдық айырма, нетто	млн теңге	17 565	40 089	25 222	(14 867)	(37,1)
Өзге шығын	млн теңге	(27 714)	(85 424)	(60 124)	25 300	(29,6)
<b>Шығын бойынша барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>(6 020 157)</b>	<b>(8 028 376)</b>	<b>(8 047 759)</b>	<b>(19 383)</b>	<b>0,2</b>
<b>Табыс салығын есептегенге дейінгі пайда</b>	<b>млн теңге</b>	<b>1 255 310</b>	<b>1 798 937</b>	<b>1 194 809</b>	<b>(604 128)</b>	<b>(33,6)</b>
Табыс салығы бойынша шығын	млн теңге	(321 248)	(492 377)	(270 348)	222 029	45,1
<b>Жалғасып жатқан қызметтен бір жылда түскен пайда</b>	<b>млн теңге</b>	<b>934 062</b>	<b>1 306 560</b>	<b>924 461</b>	<b>(382 099)</b>	<b>(29,2)</b>
<b>Тоқтатылған қызмет</b>						
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі пайда	млн теңге	352 478	0	0	0	0
Бір жыл ішіндегі таза пайда	млн теңге	1 286 540	1 306 560	924 461	30 779	(29,2)
<b>Бір жылда төмендегілерге тиесілі таза пайда (залал):</b>						
Бас компанияның акционерлері	млн теңге	1 304 761	1 278 359	960 483	(317 876)	(24,9)
Бақыланбайтын қатысу үлесі	млн теңге	(18 221)	28 201	(36 022)	(64 223)	(227,7)
	<b>млн теңге</b>	<b>1 286 540</b>	<b>1 306 560</b>	<b>924 461</b>	<b>(382 099)</b>	<b>(29,2)</b>

<sup>1</sup> КЕВСО – 2022 жылдың 6 маусымынан саудаланатын Қазақстан мұнайының сұрпы.

<sup>2</sup> ЕБИТДА: түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы үлес минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу шығыны минус табыс салығынан басқа салықтар

<sup>3</sup> ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші: түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу шығыны минус табыс салығынан басқа салықтар.

<sup>4</sup> Еркін ақша ағымы: негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алуды алып тастағанда операциялық қызметтен алынған ақша ағымы. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд сомасы операциялық қызметтен алынған ақша ағымына енгізілген.

<sup>5</sup> Жалпы қарызға облигациялар мен несиелер (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) кіреді. Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

<sup>6</sup> Таза қарыз: облигациялар плюс қарыздар, минус ақша қаражаттары және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

## Түсім

Түсім 2023 жылы 8 320 млрд теңгені (18 236 млн АҚШ доллары) құрап, 2022 жылғы көрсеткіштен 4,3%-ға төмен болды. Түсім динамикасына Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 18,4%-ға төмендеуі теріс әсерін тигізді.

## Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы үлес

2023 жылы бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы үлес негізінен «Теңізшевройл» ЖШС-нен түсетін пайданың 402 млрд теңгеге (864 млн АҚШ доллары) және Каспий құбыр консорциумынан түсетін пайданың 53 млрд теңгеге (114 млн АҚШ доллары) азаюы салдарынан 46,1%-ға төмендеп, 534 млрд теңге (1 171 млн АҚШ доллары) болды.

## Өзіндік құн

Есепті кезеңде сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны 6,8%-ға төмендеп, 4 622 млрд теңгеге (10 131 млн АҚШ доллары) жетті. Өзіндік құнның төмендеуі көбіне қайта сату үшін сатып алынған мұнайдың орташа бағасының төмендеуіне байланысты болды.

## Басқа шығын түрлері

Өндірістік шығын 6,6%-ға артып, 1 220 млрд теңгеге (2 674 млн АҚШ доллары) жетті. Бұл көрсеткішке негізінен ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өңірлердегі жұмысшылардың жалақысын индексациялау, сондай-ақ көлік қызметтеріне және қысқа мерзімге жалға алуға жұмсалған шығынның көбеюі себеп болды.

Есепті кезеңде тасымалдау және сату бойынша шығыстар 246 млрд теңгені (538 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 19,6%-ға жоғары. Бұл көрсеткіштің өсуіне KMG Kashagan B. V. бойынша мұнай сату көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ KMG International мұнай өнімдерін сату көлемінің ұлғаюы себеп болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 10,8%-ға артып, 178 млрд теңгеге (390 млн АҚШ доллары) жетті. Бұл көрсеткіш жалақыға жұмсалатын шығынның көбеюіне және ХҚЕС талаптарына сәйкес қалыптасатын дебиторлық берешек қорының артуына байланысты өсті.

Табыс салығынан басқа, салық түрлері әсіресе шикі мұнай экспортына рента салығының, мұнай бағасының төмендеуі салдарынан пайдалы қазбаларды өндіру салығының төмендеуі, сондай-ақ экспорттық кеден бажы бойынша шығыстардың азаюы есебінен 594 млрд теңгеге (1 302 млн АҚШ доллары) жетіп, 12,4%-ға қысқарды.

Жалақы төлеуге жұмсалатын шығын 2023 жылы 612 млрд теңгеге (1 341 млн АҚШ доллары) жетіп, бір жылда 15,6%-ға

өскенін көрсетті және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығындар, тасымалдау және сату шығындары, жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында көрсетілді.

2023 жылы қаржылық шығын 322 млрд теңгеге (706 млн АҚШ доллары) жетіп, 2023 жылмен салыстырғанда 4,6%-ға артық болды. Бұл көрсеткішке негізінен теңге бағамының әлсіреуіне байланысты қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыстың ұлғаюы, сондай-ақ кейбір пайыздық мөлшерлеменің өсуі әсер етті.

## Активтердің құнсыздануы

2023 жылы жүргізілген бағалау нәтижесінде ҚМГ тобы бойынша активтердің құнсыздануынан болған шығын 230,6 млрд теңгеге (505 млн АҚШ доллары) жетті, бұл 2022 жылы анықталған 19,9 млрд теңге (43 млн АҚШ доллары) құнсыздану көлемінен 1 058%-ға артық. «Жеңіс» жобасында бұрғылау жұмысының теріс нәтижелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінен Ақтоты және Қайран учаскелеріне жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату туралы хабарлама алуына байланысты активтердің құнсыздануынан 114,5 млрд теңге мөлшерінде шығын анықталды. Сонымен қатар Компанияның еншілес ұйымы – KMG International мұнай-газ нарығында мұнай өңдеу маржасының құбылмалығын қоса алғанда, құнсыздану индикаторларына байланысты негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан 95 млрд теңгеге залал анықтады. 2023 жылғы маусымда KMG International-ға қарасты «Петромидия» мұнай өңдеу зауытында «Жеңіл гидрокрекинг» қондырғысы жұмысының уақытша тоқтауына әкеп соққан оқыс оқиға болып, соның салдарын бағалау нәтижесінде негізгі құралдардың құнсыздануынан 2,7 млрд теңге сомаға залал анықталды.

## Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2022 жылмен салыстырғанда 29,2%-ға төмендеп, 924 млрд теңгені (2 026 млн АҚШ долларын) құрады. Таза пайданың азаюының басты факторы – есепті жылы мұнай бағасының төмендеуі.

Есепті кезеңде Бас компанияның акционерлеріне таза пайда 960 млрд теңгеге (2 105 млн АҚШ доллары) жетті.

## Күрделі шығындар

2023 жылы Компанияның күрделі шығындары (есептеу тәсілі бойынша, сегменттік есепте жария етілген) 804 млрд теңгені (1 761 млн АҚШ доллары) құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 50,2 %-ға артты. Бұл көрсеткішке негізінен ӨМГ, ЕМГ-де ұңғымаларды бұрғылауға, Өзен-Атырау-Самара құбырының учаскесін ауыстыруға, сондай-ақ Астрахань-Маңғышлақ магистральды су құбырын реконструкциялау мен кеңейтуге жұмсалған шығын әсерін тигізді.

## ЕБИТДА

ЕБИТДА шоғырландырылған көрсеткіші бір жыл бұрынғы 2 536 млрд теңгемен (5 502 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 1 995 млрд теңгені (4 372 млн АҚШ доллары) құрап, 21,4%-ға төмендеді.

ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші 2022 жылдағы 2 007 млрд теңгемен (4 355 млн АҚШ доллары) салыстырғанда, 3,6%-ға артып, 2 080 млрд теңгеге (4 560 млн АҚШ доллары) жетті.

ҚМГ-ның тігінен интеграцияланған қызметін ескере отырып, ЕБИТДА көрсеткішін төмендегі сегменттерге бөле отырып талдаймыз. Сегменттік ақпаратты ХҚЕС негізінде талдаймыз және жариялаймыз. Сегменттердің пайдасы кіріс пен таза пайда көрсеткіштері негізінде қаралады. ҚМГ компаниялар тобының операциялық сегменттерінің өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет түрлеріне сай жеке құрылымы мен басқаруы бар, барлық сегмент небір өнім түрлерін ұсынатын және түрлі нарыққа қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағыттарынан тұрады. ҚМГ қызметі мынадай операциялық сегменттерді қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және сату, ҚМГ корпоративтік орталығының қызметі және т.б. (мұнай сервистік және басқа да ұйымдар). Компания корпоративтік орталықтың қызметін бөліп көрсетеді, өйткені ҚМГ бас компанияның функцияларын орындап қана қоймай,

операциялық қызметті де жүзеге асырады (АМӨЗ және ПМХЗ-да шикі мұнайды өңдеп, өндірілген мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарыққа сатады).

## 2021,2022 және 2023 жылдардағы ЕБИТДА көрсеткіші, млн АҚШ доллары



## 2021,2022 және 2023 жылдардағы түзетілген ЕБИТДА көрсеткіші, млн АҚШ доллары




## 2021,2022 және 2023 жылдары сегменттер бойынша ЕБИТДА көрсеткіші

Сегмент	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	Өзгеріс
	млн теңге	1 449 088	1 843 075	1 440 106	(402 969)
Мұнай мен газды барлау және өндіру	млн АҚШ доллары	3 401	3 999	3 157	(842)
	%	73	73	72	(1 п.т.)
	млн теңге	211 356	238 237	198 463	(39 774)
Мұнай тасымалдау	млн АҚШ доллары	496	517	435	(82)
	%	10	9	10	1 п.т.
	млн теңге	289 422	456 807	393 861	(62 946)
Шикі мұнайды өңдеу, мұнай өнімдерін өндіру және сату	млн АҚШ доллары	679	991	863	(128)
	%	14	18	20	2 п.т.
	млн теңге	71 449	60 570	(28 100)	(88 670)
Корпоративтік орталық	млн АҚШ доллары	168	131	(62)	(193)
	%	3	2	(1)	(3 п.т.)
	млн теңге	12 400	(39 404)	9 843	49 247
Өзгесі	млн АҚШ доллары	29	(85)	22	107
	%	1	(2)	0	2 п.т.

Сегмент	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	Өзгеріс
Элиминация	млн теңге	(18 422)	(23 063)	(19 453)	(4 641)
	млн АҚШ доллары	(43)	(50)	(43)	(7)
	%	(1)	(1)	(1)	0 п.т.
<b>ЕБИТДА</b>	<b>млн теңге</b>	<b>2 015 293</b>	<b>2 536 222</b>	<b>1 994 720</b>	<b>(541 502)</b>
	<b>млн АҚШ доллары</b>	<b>4 730</b>	<b>5 502</b>	<b>4 372</b>	<b>(1 130)</b>

2023 жылы сегменттер бойынша ЕБИТДА көрсеткіші өсуінің негізгі факторы – Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының төмендеуі салдарынан «Мұнай-газды барлау және өндіру сегментінің» 21,9%-ға азаюы.


**2021, 2022 және 2023 жылдары мұнай мен газды барлау мен өндіру сегментіндегі түзетілген ЕБИТДА көрсеткіші, млн АҚШ доллары**



**Ақша қаражатының қозғалысы**

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	Өзгеріс
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымдары	млн теңге	1 209 475	1 567 311	1 667 614	100 303
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары	млн теңге	(1 084 028)	(2 302 310)	(759 636)	1 542 674
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары	млн теңге	(273 989)	288 071	(604 362)	(892 433)
Айырбастау бағамдары өзгерісінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына ықпалы	млн теңге	26 482	65 755	(15 942)	(81 697)
Болжамды кредиттік шығындар үшін резервтегі өзгеріс	млн теңге	(136)	114	14	(100)
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс</b>	<b>млн теңге</b>	<b>(122 196)</b>	<b>(381 059)</b>	<b>287 688</b>	<b>668 747</b>
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс</b>	<b>млн АҚШ доллары</b>	<b>(287)</b>	<b>(827)</b>	<b>631</b>	<b>1 466</b>

**Қаражатты және еркін ақша ағымын пайдалану және олардың көздері**




**Ақша қаражаты мен олардың баламалары**

Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, соның ішінде депозит түріндегі ақша қаражаты 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 5,6%-ға ұлғайып, 2 112 млрд теңгеге (4 646 млн АҚШ доллары) жетті. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының ұлғаюы негізінен операциялық қызметтен түскен 1 668 млрд теңге (3 655 млн АҚШ доллары) сомасындағы оң таза ақша ағымымен байланысты, бұл күрделі шығынмен және акционерлерге дивиденд төлеумен ішінара теңестірілді. Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары доллармен есептегенде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы 4 324 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда, 4 646 млн АҚШ долларына, яғни 7,4%-ға артты.

**Алынған дивиденд**

ҚМГ компаниялар тобы үшін – ҚМГ бас компания және өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарынан, бірлескен кәсіпорындарынан және қауымдасқан компаниялардан дивиденд алады. 2023 және 2022 жылдары Компания тиісінше 620 млрд теңге (1 359 млн АҚШ доллары) және 462 млрд теңге (1 003 млн АҚШ доллары) алды. 2023 жылы ТШО-дан түскен дивиденд 427 млрд теңгеге (936 млн АҚШ доллары), Каспий құбыр консорциумынан 114 млрд теңгеге (250 млн АҚШ доллары) жетті.

**Алынған дивиденд, млн АҚШ доллары**



Компания	2021	2022	2023
ТШО	416	451	936
КҚК	226	214	250
ММГ	36	200	
ҚГМ	17	50	35
ҚОА	14	30	15
ҚРГ	107		1
Petrosun		21	86
JV KTC	137		
Басқалар	22	37	36

### Төленген дивиденд

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2023 жылғы 30 мамырдағы шешіміне сәйкес ҚМГ 302 млрд теңге (679 млн АҚШ доллары), соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 300 млрд теңге сомасында (675 млн АҚШ доллары) дивиденд төледі.

### Қаржылық жағдайы туралы есеп

Баптың атауы	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	Өзгеріс
<b>Активтер</b>					
Негізгі құралдар	млн теңге	6 725 910	6 994 001	7 181 206	187 205
Ұзақ мерзімді банк салымдары	млн теңге	56 058	59 229	63 891	4 662
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестиция	млн теңге	4 145 646	4 947 403	4 821 427	(125 976)
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	млн теңге	1 462 758	14 385	27 409	13 024
Қысқа мерзімді банк салымдары	млн теңге	562 352	1 178 138	997 012	(181 126)
Ақша қаражаты және олардың баламалары	млн теңге	1 144 193	763 185	1 050 873	287 688
Басқа да қысқа мерзімді активтер	млн теңге	1 759 740	166 230	232 127	65 897
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	млн теңге	795	459	180	(279)
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>15 857 452</b>	<b>16 656 890</b>	<b>16 942 712</b>	<b>285 822</b>
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>млн АҚШ доллары</b>	<b>36 724</b>	<b>36 003</b>	<b>37 273</b>	<b>1 270</b>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>					
<b>Капитал, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>10 016 906</b>	<b>9 867 426</b>	<b>10 394 397</b>	<b>526 971</b>
<b>Капитал, барлығы</b>	<b>млн АҚШ доллары</b>	<b>23 198</b>	<b>21 328</b>	<b>22 867</b>	<b>1 539</b>
<b>Міндеттемелер</b>					
Ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	3 261 347	3 784 897	3 365 736	(419 161)
Өзге ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	1 145 634	56 628	56 520	(108)
Қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	484 980	369 489	391 358	21 869
Өзге қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	948 585	377 039	277 466	(99 573)
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>5 840 546</b>	<b>6 789 890</b>	<b>6 548 315</b>	<b>(241 149)</b>
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн АҚШ доллары</b>	<b>13 526</b>	<b>14 675</b>	<b>14 406</b>	<b>(269)</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн теңге</b>	<b>15 857 452</b>	<b>16 656 890</b>	<b>16 942 712</b>	<b>285 822</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер, барлығы</b>	<b>млн АҚШ доллары</b>	<b>36 724</b>	<b>36 003</b>	<b>37 273</b>	<b>1 270</b>

### Қарызды басқару

Компанияның қаржылық міндеттемелері облигация мен қарыздан тұрады. Борыштық портфель негізгі кіріс валютасы – АҚШ долларымен жасақталады. Тиісінше, туынды қаржы құралдарын пайдаланбай-ақ валюта-лық тәуекелді органикалық хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі.


### Жалпы қарыз

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы қарыз<sup>1</sup> 3 757 млрд теңгеге (8 265 млн АҚШ доллары) жетіп, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 9,6%-ға (доллармен есептегенде 8 %-ға) азайған.

2023 жылы сәуірде ҚМГ 2025 жылға дейінгі өтеу мерзімімен 500 млн АҚШ доллары сомасына еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеді.

2023 жылы желтоқсанда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС ВТБ Банкінен алған 42 371 млрд рубль (213 729 млрд теңгеге тең) сомасындағы қарызды сыйақысымен бірге толық өтеді, сондай-ақ Халық банкінен алған жалпы сомасы 102 674 млн теңге қарызын сыйақысымен бірге ішінара өтеді.

### Берешекті өтеу кестесі, млн АҚШ доллары




Жалпы қарыздың азаюы KMG International-дің айналым капиталын қаржыландыру мақсатында 307 млн АҚШ доллары синдикатталған қарыз (140 млрд теңгеге тең) тарту есебінен, Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ. Ltd банкінен 101 млн АҚШ доллары сомасында (46 млрд теңгеге тең) және Banque de Commerce et de Placements-тен 83 млн АҚШ доллары көлемінде (38 млрд теңгеге тең) қарыз алуымен ішінара өтелді.

### Таза қарыз

2023 жылғы 31 желтоқсанда таза қарыз 1 645 млрд теңгеге (3 620 млн АҚШ доллары) құрап, 2022 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда теңгемен 23,6%-ға азайған.

### Қарыз, млн АҚШ доллары



<sup>1</sup> Келіпті міндеттемелерді қоспағанда.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ




## ҚМГ-ның тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарымен бірігуі тиіс.


### ҚМГ-ның тұрақты даму аспектілерін басқару саласы тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:



- **жариялық** - біз кездесу өткізіп, талқылауларға және диалог жасауға ашықпыз; мүдделі тараптармен екі-жақты мүддесін ескеріп, ұйым мен мүдделі тараптар арасындағы құқықтар мен балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ұмтыламыз;
- **есеп беру** - біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер еткеніміз үшін есеп беруіміз керек екенін түсінеміз;
- **ашықтық** - шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс;
- **этикалық тәртіп** - шешімдеріміз бен әрекеттеріміз өзара құрмет, әділдік, ашықтық, командалық рух пен сенім, адалдық пен ұждандалық сияқты құндылықтарға негізделген;
- **құрмет** - заңнамадан, қабылданған келісімшарттар барысында туындайтын немесе жанама түрде іскерлік өзара қарым-қатынас аясындағы мүдделі тараптардың құқықтары мен мүддесін құрметтейміз;
- **заңдылық** - қабылдаған шешімдеріміз, әрекеттеріміз бен тәртібіміз Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйым органдарының шешімдеріне сай келеді;
- **адам құқықтарын сақтау** - біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз;
- **сыбайлас жемқорлықпен күресу** - барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас кезінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілік қағидатын ұстанамыз;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** - лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүддесі оның лауазымдық, функционалдық міндеттерін әділ орындауына ықпал етпеуі тиіс;
- **жеке мысал** - әрқайсымыз күн сайын өз іс-әрекеттеріміз, мінез-құлқымыз және қабылданған шешіміміз арқылы тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушы позициялардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өзінің жеке басының іс-әрекетімен тұрақты даму қағидаттарын енгізуді ынталандыруы тиіс.



## ҚМГ-ның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің кешенді тәсілі



**ҚМГ Директорлар кеңесі** жалпы стратегиялық басқаруды жүзеге асырады және тұрақты даму қағидаттарының енгізілуін бақылайды, Компанияның Тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есебін бекітеді.

Директорлар кеңесі климаттың өзгеруі, қоршаған ортаны қорғау және компанияның әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері жоғары басымдыққа ие екенін растайды. Директорлар кеңесі климаттық күн тәртібіне және тұтастай алғанда тұрақты дамуға қатысты, ҚМГ қызметіне қатысты мәселелерді қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитетке беру арқылы стратегиялық басшылықты қамтамасыз етеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің **Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті** тұрақты даму мәселелерін қарайды және ұйымдастырады, тұрақты даму саласындағы саясатты бекіту жөніндегі ұсынымдарды дайындайды, ҚМГ-ның тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы есебін, Директорлар кеңесінің құзыретіне бекітілуі жататын тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарды қарайды, тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін қалыптастырады, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құрады, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен басты қызмет көрсеткіштерін белгілейді, компанияда тұрақты дамудың енгізілуін бақылайды, тұрақты дамудың негізгі процестерге интеграциялануын жүзеге асырады.

**ҚМГ Басқармасы** Компанияда тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және іс-шаралар жоспарын лайықты түрде іске асыруды және енгізуді жүзеге асырады. Тұрақты даму саласындағы қызметтің мониторингін жүргізеді, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен басты қызмет көрсеткіштерінің орындалуын бағалайды.

Тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін **ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары** тұрақты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен басты қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі тәсілдерді үйлестіреді, тұрақты даму саласындағы есептің дайындалуын, тұрақты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың іске асырылуын бақылайды.

ҚМГ стратегия және инвестиция портфелін басқару департаментінің **Тұрақты даму секторы** тұрақты дамуды басқару жүйесіне бастама жасайды, бұл жүйені үйлестіреді және енгізеді, бұл жүйені Компанияның бизнес-қызметімен біріктіруге қолдау көрсетеді, тұрақты даму мәселелері бойынша әдістемелік қолдауды жүзеге асырады, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындау және бекітуге жауапты, тұрақты

даму саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіру және басқаруға, мүдделі тараптар картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жәрдемдеседі, тұрақты даму саласындағы оқыту мәселелерімен айналысады, сондай-ақ ұлттық компанияға ESG рейтингін беру және сақтап тұру мәселелері бойынша рейтинг компанияларымен өзара байланысты жүзеге асырады.

**ҚМГ құрылымдық бөлімшелері** тұрақты даму саласындағы жүйені енгізуді, ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді жүзеге асырады, тұрақты даму саласындағы бастамаларды орындайды, халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму саласындағы есепке арналған ақпаратты дайындайды.

**ҚМГ барлық қызметкері** әрқайсысы өз деңгейінде өзі үлгі көрсетіп, тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау жолымен тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.





## E

**Экологиялық мәселелер**

- Экологиялық саясат
- Энергетика саясаты
- Ластаушы шығарындыларды басқару саясаты
- ҚМГ-ның төмен көміртекті дамудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасы
- Тұрақты даму саласындағы саясат
- Парник газдарының шығарындысын басқару жөніндегі саясат
- ҚМГ жер қойнауы учаскелері мен кен орындарында объектілерді жабу және бұзылған жерлерді қалпына келтіру саласындағы саясат
- Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт
- Анықталатын қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалауды жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт
- Денсаулық, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- ҚМГ-ның дағдарыс жағдайларын басқару регламенті
- Энергия үнемдеу саласын және энергия тиімділігін арттыруды басқару жөніндегі регламент
- Сапа жөніндегі нұсқаулық
- Көміртегіге ішкі бағаны белгілеу тұжырымдамасы
- Парник газдар шығарындысын мониторингілеу және есеп беру әдістемесі

## G

**Басқару мәселелері**

- Корпоративтік басқару кодексі
- Тұрақты даму саласындағы тұжырымдама
- Тұрақты даму саласында басқару жүйесі бойынша нұсқаулық
- Тұрақты даму туралы есепті дайындау қағидалары
- Іскерлік этика кодексі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты
- Құпия ақпарат беру саясаты
- Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу саясаты
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат
- Дивизионалды басқару жүйесі аясында ҚМГ мен еншілес/тәуелді ұйымдардың өзара іс-қимыл саясаты
- Санкция саясаты
- Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу қағидалары
- Компанияда физикалық қауіпсіздік пен терроризмге қарсы қорғанудың корпоративтік регламенті
- Ішкі бақылау жүйесінің регламенті
- ҚМГ-ның экономикалық қауіпсіздік регламенті
- Ақпараттық қауіпсіздік менеджментінің жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- ҚМГ-ның ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты.

## S

**Әлеуметтік мәселелер**

- Кадр саясаты
- Ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесінің үлгілік регламенті
- Еншілес және тәуелді ұйымдардың ҚМГ объектілерінде жұмысын жүргізетін мердігер ұйымдармен өзара іс-қимылы кезіндегі қызметтің үлгілік регламенті
- Қызметкерлердің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын ұстану және көшбасшылық кодексі
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат
- Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат
- Адам құқықтары және қоғаммен қарым-қатынас саясаты
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды ережелер» корпоративтік стандарты
- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша корпоративтік стандарт
- Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару бойынша корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Мердігер ұйымдармен еңбек, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт
- Арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі
- «Қорғау» картасын қолдану регламенті
- Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті
- Шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент
- ҚМГ компаниялар тобындағы персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарлама
- Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі 2023-2028 жылдарға арналған жол картасы
- Қауіпсіздік тәртібін бақылау ережелері
- Оқиғаларды хабарлау және тергеу тәртібі туралы ережелер
- Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелері

ҚМГ компаниялар тобындағы тұрақты даму мәселелерін регламенттейтін негізгі құжаттар тізімі

# ESG тәуекел-рейтингі

ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылға арналған корпоративтік басты қызмет көрсеткіштерінің бірі ретінде ESG рейтингін бекітті, бұл ҚМГ-ның ESG маңызды тәуекелдерін басқаруға тікелей мүддесін және халықаралық мұнай-газ нарығында тұрақты даму қағидаттарын ұстанатындығын көрсетеді. Бұл басты қызмет көрсеткішін орындау ҚМГ компаниялар тобы үшін ESG негізгі бастамаларын іске асыруды көздейді.

2023 жылы Sustainalytics рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның ESG тәуекелдерін басқаруды 32,3 балл деңгейінде бағалады. Компания ESG факторларының тарапынан жоғары тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Sustainalytics компаниядағы ESG тәуекелдерін басқаруды «мықты» деп бағалады. Сонымен қатар ESG тәуекелдеріне ұшырау ықтималдығын «жоғары» деп бағалады. Сарапшылардың пікірінше, ESG-тәуекелдерге ұшырау рейтингінің жоғары мәні сала бойынша орташа мәндерге, яғни мұнай-газ саласына тән тәуекелдерге сай келеді.

ҚМГ-ның басты ESG сын-қатерлері – шығарындыларды, қалдықтарды азайту, төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, еңбекті қорғау мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне қатысты жұмысты күшейту, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесін озық халықаралық тәжірибелер деңгейінде ұстап тұру. Сонымен қатар ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тәуекелдерді басқаруға қатысты сарапшылардың оң бағасын алды, адами капитал мәселелері бойынша тәуекелдерді басқару деңгейін жоғарылатты, сондай-ақ ресурстарды пайдалану, биоалуандылық және іскерлік этика мәселелері бойынша тәуекелдерді басқарудың тұрақты деңгейін сақтап қалды.

MORNINGSTAR SUSTAINALYTICS

32,3

Sustainalytics бағасы бойынша ҚМГ-ның ESG тәуекел рейтингі

ҚМГ тұрақты даму саласындағы ең жоғары стандарттарға сай болу үшін өз қызметін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырады. Компания өз күш-жігерін өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға және болдырмауға, парник газдары шығарындысын жүйелі төмендетуге, кәсіпорындары орналасқан өңірлерінде әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштер бойынша жұмысты жақсартуға бағыттайды. ESG тәуекел-рейтингін арттыру мақсатында ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді. Жоспар 43 іс-шарадан тұрады, олар бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін қамтиды.

Компания тұрақты даму мәдениетін арттыруға ерекше ден қояды. Корпоративтік орталық пен еншілес/тәуелді ұйымдардың қызметкерлері үшін тұрақты даму бойынша оқу курстары үнемі өткізіледі.

## ESG-рейтингін жақсарту бағытында атқарылған іс-шаралар:

		Төмен көміртекті дамудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді	
			ҚМГ-да өтініштерді қарастырудың оңтайлы тәсілі іске асырылып, қазіргі кезде қолданылады
			GRI207 және Country by country OECD Action 13 стандарты бойынша салық ақпараты жарияланды
		ҚМГ корпоративтік сайтында Мемлекет пайдасына төлемдер туралы есеп көпшілікке қолжетімді болып орналастырылды	
		Гендерлік құрам кеңейтілді — ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор С.Н.Мыңшәріпова, ҚМГ Басқармасы құрамына Д.А. Арысова кірді	
		ҚМГ кен орындары мен жер қойнауы учаскелерінде нысандарды жабу және бұзылған жерлерді қалпына келтіру саласындағы саясат бекітілді	
		ҚМГ есебінде мердігер ұйымдарда жарақат пен өлім-жітім көрсеткіштері бойынша ақпарат жарияланды	
		ҚМГ-ның тұрақты даму туралы есебі GRI 2021 жаңа стандартына сай жарияланды	
			Тиісті қызметкерлер үшін адам құқықтары жөнінде оқу ұйымдастырылды
		Мұнай операцияларын корпоративтік басқару жүйесі үшін ISO 14001, ISO 9001 және ISO 45001 сертификаты берілді	



**ҚМГ-ның ESG тәуекел рейтингін жақсартуға бағытталған іс-шаралар жоспары:**

		ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі жоспарды бекіту (2024-2025 жылдар)		
		ҚМГ есебінде TCFD ұсынымдары бойынша ақпаратты жариялау (2024-2025 жылдар)		
		CDP Climate Change сауалнамасындағы ақпаратты жариялау (жыл сайын)		
		Климаттың өзгеруіне және оның компанияға әсеріне байланысты іс-шаралар мен тәуекелдер туралы ақпаратты жариялау (2024-2025 жылдар)		
			CDP Water Security сауалнамасындағы ақпаратты жария ету (жыл сайын)	
				Ластаушы заттар шығарындысын азайту жөніндегі бағдарламаны дайындау (2024 жылы)
				Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын факелде тұрақты жағуды толық тоқтату» бастамаларын іске асыру (2030 жылы)
				Биоалуандылық бағдарламасын әзірлеу (2025 жылы)
				ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерде жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және тарту бағдарламасын әзірлеу және бекіту (2024-2025 жылдар)
				Адам құқықтары жөнінде бағдарлама әзірлеу және адам құқықтарына әсерін бағалау жұмыстарын жүргізу (2025 жылы)
				ҚМГ-ның кадр саясатын жаңарту және бекіту (2024 жылы)
				«Жасыл кеңсе» жобасын іске асыру (2024-2026 жылдар)

		Директорлар кеңесі мен бақылау кеңестерінде әйелдер үлесін кезең-кезеңімен 30%-ға арттыру (2023-2030 жылдар)		
		ҚМГ ДК мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясатын алуандық қағидатын ескере отырып, жаңарту және бекіту (2024 жылы)		
				Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеу және бекіту (2024 жылы)
				CO <sub>2</sub> тұту, сақтау және пайдалану жөніндегі жобаны енгізу (CCUS) (2025жылы)

## БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын және тұрақты дамудың 17 басты мақсатын берік ұстану

ҚМГ-ның Тұрақты даму мәселелеріне деген көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның басты қағидаттарына, жалпы адамзат құндылықтарына, жаһандық үрдістеріне және Қазақстанның даму басымдықтарына сай болуына негізделген.

**ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының барлық 10 қағидатын берік ұстанатынын растайды.**

- №1-қағидат. Искерлік орта Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдап, құрметтеуі тиіс.
- №2-қағидат. Искерлік орта адам құқықтарының бұзылуына қатыспауы тиіс.
- №3-қағидат. Искерлік орта бірлестік бостандығын және ұжымдық шарт қабылдау құқығын нақты мойындауды қолдауға тиіс.
- №4-қағидат. Искерлік орта мәжбүрлі және міндетелген еңбектің барлық түрлерін жоюды қолдауы тиіс.
- №5-қағидат. Искерлік орта балалар еңбегін толығымен жоюды қолдауы қажет.

- №6-қағидат. Искерлік орта еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс.
- №7-қағидат. Искерлік орта сақтық қағидатына негізделген экология мәселелеріне көзқарасын сақтауы тиіс.
- №8-қағидат. Искерлік орта қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- №9-қағидат. Искерлік орта экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесуі қажет.
- №10-қағидат. Искерлік орта сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен паракорлыққа қарсы тұруы тиіс.




**Компания БҰҰ-ның барлық 17 тұрақты даму мақсатын (ТДМ) берік ұстанады.**



Компания үшін стратегиялық мақсаттар мен басым міндеттерді назарға ала отырып, ҚМГ БҰҰ-ның 10 ТДМ мен 24 міндетіне қол жеткізудегі өзінің үлесі туралы ақпаратты жария етеді.

**Компанияда тұрақты даму мақсаттарының іске асырылуы:**

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<div data-bbox="83 338 246 499"> <p>3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АМАНДЫҚ</p> </div> <p>Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамның амандығына ықпал ету</p>	<p>3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын адам өлімі мен жарақат алу санын азайту</p> <p>3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамту, соның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қолжетімділік және қауіпсіз, тиімді, сапалы әрі арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қолжетімділік</p> <p>3.9. Қауіпті химиялық заттардың, ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту</p>	<p><b>«Сапарларды басқару» жобасы</b></p> <p>Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру және қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2023-2025 жылдар аралығында ҚМГ компаниялар тобы бойынша ең көп автокөлігі бар еншілес ұйымдарда «Сапарларды басқару» көлік құралдарының мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі жобаны кезең-кезеңімен тарату жоспарланған.</p> <p>Еншілес мекемелерге тарату аясында келесі жұмыстар жүргізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ-ның жеті еншілес мекемесінде көлікті басқару процестеріне диагностика жүргізілді (ҚБМ, ӨМГ, ММГ, ОСК, ОТК, ҚТО, ҚМГ-С).</li> <li>■ ҚМГ-ның бес еншілес мекемесінде «Сапарларды басқару» жобасын тарату бойынша Жол картасы бекітілді (ҚБМ, ӨМГ, ММГ, ОСК, ОТК).</li> </ul> <p><b>Жол-көлік апаты кезінде бетпе-бет соғысудың имитатор-тренажері («Конвинсер»)</b></p> <p>ҚМГ-ға қарасты еншілес/тәуелді ұйымдар қызметкерлеріне қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі туралы ақпарат беруді кеңейту мақсатында үш «Конвинсер» бірлігі (ҚТО, ӨМГ, ОТК) сатып алынды.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>2023 жылы «Жол-көлік оқиғаларын тоқтату» науқаны аясында ҚМГ еншілес/тәуелді ұйымдардың басқа қызметкерлерін тарта отырып, «Конвинсер» жұмысы іс жүзінде көрсетіліп, оған ҚМГ еншілес мекемелердің 7 783 қызметкері қатысты.</p> <p>Еншілес және тәуелді ұйымдардың 1 451 қызметкері, мердігер ұйымдардың 454 қызметкері RoSPA халықаралық стандарттарына сәйкес «Қорғана отырып жүргізу» (Defensive Driving) курсы бойынша оқудан өтті.</p> <p><b>Қызметкерлерді сауықтыру бағдарламасы</b></p> <p>2024-2028 жылдарға арналған қызметкерлерді сауықтыру бағдарламасы әзірленіп жатыр, оның негізгі бағыттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ созылмалы аурулары бар қызметкерлердің, өндірістік персоналдың жағдайын бақылауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;</li> <li>■ созылмалы аурулардың алдын алудың кешенді бағдарламаларын енгізу;</li> <li>■ ауысым алдындағы тексерулердің инновациялық әдістері;</li> <li>■ қызметкерлердің аурушаңдығын төмендету, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту.</li> <li>■ жұмыс орнында жұмысшылардың денсаулығын жақсарту шарттарын кәсіподақтармен талқылау.</li> </ul> <p><b>Денсаулықты медициналық сақтандыру</b></p> <p>Қызметкерлерді медициналық тексеру мен вакциналау тұрақты негізде жүргізіледі.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен қамтамасыз етілген.</p> <p><b>Көшбасшылыққа қатысты бастамалар</b></p> <p>Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы мен міндеттемелері кодексі енгізіліп, іске асырылып жатыр.</p> <p><b>«Қорғау» картасы</b></p> <p>Қауіпті жағдайды/ қауіпті мінез-құлықты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті факторды анықтауға және хабардар етуге бағытталған бағдарлама жүзеге асырылады.</p>


Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<div data-bbox="83 304 243 466"> </div> <p data-bbox="83 487 460 562">Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдің, қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту</p>	<p data-bbox="507 304 1231 331">5.1 Әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жаппай жою</p> <p data-bbox="507 342 1288 420">5.5 Саяси, экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық деңгейінде шешім қабылдау үшін әйелдердің жан-жақты әрі нақты қатысуын, сондай-ақ олардың көшбасшылығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету</p>	<p data-bbox="1673 304 2881 405">ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды және еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, наным-сенімі, тұрғылықты жері, жасы немесе физиалық кемшіліктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан ешкімді кемсітуге болмайтын нормаларды бұзбайды.</p> <p data-bbox="1673 415 2804 470">Жұмысқа қабылдау жөніндегі конкурстық рәсімдерде жынысы, жасы немесе өзге де белгілері бойынша шектеулер жоқ. Барлығы үшін бірыңғай еңбекақы және әлеуметтік қолдау көрсетудің бірдей шарттары белгіленеді.</p> <p data-bbox="1673 480 2881 535">ҚМГ компаниялар тобындағы <b>Директорлар кеңесі мен байқау кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесін</b> 2030 жылға қарай 30%-ға дейін арттыру.</p> <p data-bbox="1673 546 2881 623">«БҰҰ-әйелдер» құрылымы мен БҰҰ-ның жаһандық келісімі бойынша құрылған WEP's бастамасын ілгерілету. WEP (әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары) халықаралық еңбек және адам құқықтары стандарттарына негізделген және іскер топтардың гендерлік теңдік пен әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүдделі әрі жауапты екенін мойындауға негізделген.</p> <p data-bbox="1673 634 2136 661"><b>Бұл бастама аясында мыналар жоспарланады:</b></p> <ul data-bbox="1673 672 2881 825" style="list-style-type: none"> <li>■ компания басшысының әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту принциптерін қолдау туралы мәлімдемесіне қол қойылмақ.</li> <li>■ WEP's гендерлік алшақтықты талдау құралы арқылы өзін-өзі бағалау жүргізу. Ол гендерлік теңдікке қатысты стратегиялық тәсілді бағалайды, үздіксіз жетілдіру үшін олқылықтар мен мүмкіндіктерді анықтайды және межелі мақсаттар мен міндеттерді айқындауға көмектеседі.</li> <li>■ мүдделі тараптарға бұл саладағы прогресс туралы хабарлау үшін тұрақты даму туралы есептерде жынысы бойынша деректерді жария ету.</li> </ul> <p data-bbox="1673 835 1751 863"><b>Нәтиже</b></p> <p data-bbox="1673 873 2522 900">Директорлар кеңесінің, Басқармалар және байқау кеңестері құрамындағы әйелдер үлесі:</p> <ul data-bbox="1673 911 2881 1012" style="list-style-type: none"> <li>■ 2023 жылдың басынан бастап ҚМГ Директорлар кеңесі мен басқармасының құрылымында жаңа тағайындаулар болды. 2023 жылы ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2023 жылғы 14 тамыздағы №4/2023 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамына С.Н.Мыңшәріпова сайланды. 2023 жылғы сәуірде Д.А. Арысова ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.</li> </ul>


Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<p><b>7 ТАЗА ЖӘНЕ ҚЫМБАТ ЕМЕС ЭНЕРГИЯ</b></p>  <p>Қымбат емес, сенімді, тұрақты әрі заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, өндірісте энергия тиімділігін арттыру және қолжетімді таза энергия үлесін ұлғайту</p>	<p>7.1. Қымбат емес, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қолжетімділікті қамтамасыз ету</p>	<p>ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңарту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерациялау көздерін, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып дамыту.</p> <p><b>Бастамалар:</b></p> <p>Төмен көміртекті дамудың 2031 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді, қызметтің басым бағыттары айқындалды.</p> <p><b>Энергия тиімділігін арттыру бойынша:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ озық қолжетімді технологияларды енгізу</li> <li>■ қазан және пеш жабдығын жаңғырту;</li> <li>■ жылу энергиясын тұтынатын технологиялық қондырғыларды жаңғырту;</li> <li>■ механикалық қорды жаңғырту;</li> <li>■ механикалық қорды және жиілік-реттеулі жетекті пайдалана отырып сорғы жабдықтарын оңтайландыруға бағытталған басқарушы бағдарламаларын іске асыру;</li> <li>■ негізгі және қосалқы жабдықты жылумен оқшаулау;</li> <li>■ көлік техникасын оңтайландыру;</li> <li>■ отын-энергетикалық ресурстарды есептеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;</li> <li>■ энергия менеджменті қызметтерін ашу.</li> </ul> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.</p> <p>2023 жылы: 60 іс-шараны іске асыру есебінен отын-энергетикалық ресурстардың есеп бойынша үнемделуі 22,2 мың шартты отын тоннасына жетті, бұл CO<sub>2</sub> шығарындысының 45 мың тоннасын қысқартумен тең.</p> <p>ҚМГ компаниялар тобының өндіруші активтерінде (ӨМГ, ЕМГ, ММГ және ҚБМ) пештер мен қазандық жабдықтарына технологиялық аудит жүргізілді. Қорытындысы бойынша 23 іс-шара әзірленді, оның 14-і экономикалық және техникалық тұрғыдан орынды деп қабылданды және зерттелген еншілес/тәуелді ұйымдардың Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілетін болады. Қосымша шаралардың жалпы әлеуеті – 32,1 мың шартты отын тоннасы немесе 42,9 тонна CO<sub>2</sub>.</p> <p><b>Экологиялық таза авиациялық отын өндірісі</b></p> <p>2023 жылы қыркүйекте Air Astana компаниясымен бірлесіп, Еуропа қайта құру және даму банкінің қолдауымен экологиялық таза авиаотын (ағылш. Sustainable Aviation Fuel, SAF) нарығын техникалық-экономикалық зерттеу және Қазақстан Республикасында өндіру перспективалары бойынша жұмыстар басталды.</p> <p>Зерттеуге қатысушылардың 2023 жылы 23-24 қарашада өткен жұмыс кездесуінің қорытындысы бойынша Қазақстан үшін SAF өндірудің ең перспективті технологиялары бірге айқындалды.</p> <p>Зерттеудің алдағы кезеңдерінде ҚМГ үшін SAF өндірісінің орындылығын анықтау мақсатында SAF өндірісінің таңдалған технологияларын неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу, сондай-ақ SAF өндіру үшін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын зерттеу жоспарлануда. Техникалық-экономикалық ақпарат нәтижелері 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ұсынылатын болады.</p>
	<p>7.b. Қазіргі заманғы және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту</p>	<p><b>ЖЭК жобаларын дамыту:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Total Eren-мен бірлесіп 1 ГВт болатын ЖЭС;</li> <li>■ Epi-мен бірге 120 МВт болатын гибриді электр станциясы;</li> <li>■ 2031 жылға қарай кемінде 15% «жасыл» электр энергиясын сатып алу;</li> <li>■ 2023 жылғы желтоқсанда ЖЭК генерациялау көздерінен электр энергиясын тұтынғанын растау үшін 10 мың бірлік мөлшерінде I-REC «жасыл» сертификаттары сатып алынды.</li> </ul> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>2031 жыл: :</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ 15% - ҚМГ электр тұтыну балансындағы ЖЭК үлесі,</li> <li>■ кемінде 300 МВт болатын ЖЭК жобаларын іске асыру,</li> <li>■ Қазақстанда сутегі энергетикасын дамыту.</li> </ul>

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<p><b>8</b> ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</p>  <p>Үдемелі, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толыққанды әрі өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа орналасуына жәрдемдесу</p>	<p>8.5. Әйелдер мен ерлерді, оның ішінде жастар мен мүгедектерді толыққанды әрі өнімді, лайықты жұмыспен қамту және құндылығы бірдей еңбегі үшін тең жалақы төлеуді қамтамасыз ету</p> <p>8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастар үлесін едәуір қысқарту</p> <p>8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбекші үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу</p>	<p>ҚМГ 49 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. ҚМГ-ның адами капиталын дамыту аспектілерінің бірі – гендерлік теңдікті сақтау және барлық деңгейде кемсітушіліктің болмауы. ҚМГ ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктер ұсынуды қоса алғанда және құндылығы бірдей еңбегі үшін тең жалақы төлеу қағидаттарын ұстана отырып, тұрақты дамудың жаһандық бастамаларын құптайды.</p> <p><b>Жас мамандарды дамыту және өндіріске жас мамандарды тарту бағдарламалары</b></p> <p><b>«Жас маман»</b> бағдарламасы — Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытына жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламасы.</p> <p>2022-2023 жылдар аралығында АМӨЗ-де 31 адам оқып, жұмыс істеді. Оның жетеуі жұмысқа орналастырылды. ПМХЗ-да бір адам болған, сол адам жұмысқа орналастырылды.</p> <p><b>Дуалды оқыту</b> – ҚМГ компаниялар тобында оқытуды, тағылымдамадан өтуді және одан әрі жұмысқа орналастыруды қамтитын бағдарлама. Мәселен, 2022-2023 жылдар аралығында Ембімұнайгазда осы бағдарлама бойынша оқыған 99 адамның төртеуі жұмысқа қабылданды АМӨЗ-де 62 адамнан 17 адам жұмысқа орналастырылды; ПМХЗ-да 53 адамнан 36 адам жұмысқа орналастырылды.</p> <p><b>Тағылымдамашы</b> – бағдарлама үш мамандық бойынша қолға алынды - технологиялық қондырғының операторы, технологиялық сорғы мен компрессор машинисі, бақылау өлшеу аспаптары мен автоматика аспапшысы. Тағылымдамадан өтушілер АМӨЗ-де оқиды және өндірістік тағылымдамадан өтеді. 2022-2023 жылдар аралығында аталмыш бағдарлама бойынша 60 адам оқып, соның 29-ы жұмысқа қабылданды.</p> <p>ҚМГ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің ішкі актілеріне сәйкес көрсетіледі. ҚМГ компаниялар тобында ұжымдық шарт 25 кәсіпорында қабылданған. Кәсіпорындардың әлеуметтік пакеті 50-ден астам әлеуметтік жеңілдік түрінен тұрады. Бүгінгі таңда ұжымдық шарттар мен актілердің барлық талаптары ҚМГ-ның бүкіл кәсіпорындарында толық көлемде сақталады.</p> <p>Толық ақпарат «Персоналды дамыту» бөлімінде берілген.</p>
<p><b>9</b> ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</p>  <p>Төзімді инфрақұрылым құру, тұрақты индустриаландыру мен инновацияларға жәрдемдесу</p>	<p>9.1. Экономикалық даму мен адамдардың амандығын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, төзімді және тұрақты инфрақұрылымды дамыту.</p> <p>9.4. Инфрақұрылымды жаңғырту және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді кеңінен қолдану есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау</p>	<p><b>ҚМГ цифрлы трансформациялау бағдарламасы</b> ғылыми зерттеу жұмыстарын кеңейтуге, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді. ҚМГ ғылыми зерттеулерге және осы саладағы жергілікті әлеуметті арттыруға қомақты инвестиция құяды. Өнеркәсіптік әртарапандыруды қамтамасыз ету үшін отандық технологиялық қуаттарды дамыту елдегі климаттық жағдайға да оң әсер етеді.</p> <p><b>«АВАІ ақпараттық жүйесін әзірлеу» жобасы</b></p> <p>ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы ортақ дерекқорда жинақталуың, сондай-ақ жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып, оны өңдеу мен талдауды көздейді.</p> <p>АВАІ ақпараттық жүйесі 17 автономды модульден тұрады, олардың әрқайсысы нақты өндірістік мәселені шешуге бағытталған.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>Алты АВАІ модулі енгізілді («Деректер базасы», «Карта жасаушы», «Технологиялық режим», «Тереңдік-сорғы жабдықтарын таңдау», «Геологиялық техникалық іс-шаралардың тиімділігін іріктеу және талдау» және «Өндіруді жоспарлау және мониторинг»). Қол жеткізген нәтижелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>автоматтандырылған деректерді жинау және өндірістік есептерді шығару функциясы іске асырылды;</li> <li>ӨМГ және ҚМГ-де барынша тиімді технологиялық режим есебінен қосымша өндіру көлемі алынды;</li> <li>ӨМГ және ММГ-да тереңдік-сорғы жабдықтарының істен шығуын азайту есебінен ұңғымаларды жерасты жөндеу саны азайды;</li> <li>ӨМГ және ММГ-да геологиялық-техникалық іс-шаралардың тиімділігі артты;</li> <li>ҚМГ-да қабат қысым ұстап тұрудың барынша тиімді жүйесі есебінен қосымша өндіру көлемі алынды.</li> </ul> <p>Төмен көміртекті дамудың 2031 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді, энергия тиімділікті арттыруға қатысты қызметтің басым бағыттары айқындалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>энергия менеджментін оңтайландыру және энергия менеджменті қызметтерін ашу;</li> <li>отын-экономикалық есеп-қисаптарды есепке алу және басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;</li> <li>нақты еншілес/тәуелді ұйымдардың активтерінде серпінді жобалардың қолданылуын анықтау;</li> <li>үздік қолжетімді технологияларды енгізу;</li> <li>механикалық қорды жаңғырту, көлік техникасының құрамын оңтайландыру және жаңғырту.</li> </ul> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>2031 жыл:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>барлық еншілес ұйымдарын энергия менеджментінің қызметтерімен толығымен қамту;</li> <li>энергия сыйымдылығын 2019 жылдың деңгейінен 10%-ға төмендету.</li> </ul>


Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<div data-bbox="83 304 243 464"> <p>11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</p> </div> <p>Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету</p>	<p>11.6. 2030 жылға қарай қалалардың жан басына шаққандағы жағымсыз экологиялық әсерін азайту, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару.</p>	<p><b>Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендетуге бағытталған үздік қолжетімді әдістерді енгізу</b></p> <p>Қазақстанда ластаушы заттардың шығарындысы бойынша 50 ірі ластаушы кәсіпорындар тізіміне кіретін ҚМГ тобына қарасты бірқатар компания алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінен кешенді экологиялық рұқсат ала отырып, 2024 жылы ұлттық салалық үздік қолжетімді әдістердің анықтамалықтары негізінде экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын әзірлеуге ниетті.</p> <p><b>Ластаушы заттар шығарындысын азайтуға қатысты бағдарлама әзірлеу</b></p> <p>ҚМГ компаниялар тобы бойынша ластаушы заттардың шығарындысын азайту мақсатында қоршаған ортаға шығарылатын заттар көлемін азайту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және мақсатты көрсеткіштерді белгілеу жоспарлануда.</p> <p><b>Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын факелде тұрақты жағуды толық тоқтату» бастамаларын іске асыру</b></p> <p>ҚМГ Дүниежүзілік Банктің 2015 жылы ілеспе мұнай газының пайдалы қолдануын арттыру мақсатында мемлекеттердің, мұнай компаниялары мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру үшін жарияланған, 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын факелде тұрақты жағуды толық тоқтату бастамасына қатысады. Жоғарыда аталған бастаманы іске асыру аясында компания 2030 жылға қарай газды факелде тұрақты жағуды толық тоқтатуға бағытталған ҚМГ-ның шығарындыны басқару жөніндегі саясатын басшылыққа алады.</p> <p><b>«Жасыл белдеу» құру – көгалдандыру жобасы</b></p> <p>«АМӨЗ» ЖШС 2023 жылы 5 маусымда өткен экологиялық конференция барысында Атырау қаласын көгалдандыру бойынша Атырау облысының әкімдігі мен ҚМГ арасында қабылданған меморандум аясында үш жыл ішінде 10 мың ағаш отырғызады.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру және экологиялық жағдайды жақсарту, соның ішінде атмосфералық ауа сапасын жақсарту мақсатында мұнай өңдеу зауыттары «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының көрсеткіштеріне сай іс-шараларды іске асырады. Бұл бағыт аясында бес жыл ішінде шығарындыларды 20%-ға қысқарту көзделіп отыр.</li> <li>Ластаушы заттар эмиссияларын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелерін орнату жұмыстары атқарылуда. Қазіргі уақытта жол карталарына сәйкес аталмыш жүйені орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.</li> <li>2023 жылы «АМӨЗ» ЖШС Атырау облысының әкімдігіне жабық тамыр жүйесі бар 200 есіп қалған шаған ағашын берді. Ағаштар ретро саябақ аумағында егілді. 2022-2023 жылдары ЕМГ Меморандум аясында 22 мыңға жуық көшет отырғызды.</li> <li>«Жасыл белдеу» құру мақсатында Атырау облысы әкімдігі мен ЕМГ арасында Талқайран ауылында Атырау облысы әкімдігі бөлген 243 гектар аумақты көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.</li> </ul>




Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<p><b>12</b> ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС</p>  <p>Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету</p>	<p>12.4. Келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және барлық қалдықтарды олардың бүкіл өмірлік циклі бойы экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа таралуын барынша азайту</p> <p>12.5. Қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы 2030 жылға қарай олардың көлемін едәуір азайту.</p> <p>12.6. Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға өндірістің тұрақты әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты жария етуге кеңес беру</p>	<p><b>Су ресурстарын басқару бағдарламасы</b></p> <p>Су алуды қысқарту, суды қайта пайдалануды ұлғайту бойынша нысаналы көрсеткіштерді айқындау мақсатында ҚМГ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару жөнінде ұзақ мерзімді бағдарлама әзірленді.</p> <p><b>TAZALYQ</b></p> <p>АМӨЗ қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға арналған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде іске асыруда.</p> <p><b>Тарихи жинақталған мұнай қалдықтарын утилизациялау бағдарламасы.</b></p> <p>Тарихи жинақталған мұнай қалдықтары мен мұнаймен ластанған аумақтарды утилизациялау жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>Тарихи мұнай қалдықтарын жою: 2018-2023 жылдары аралығында 3,2 млн тонна мұнай қалдықтары қалпына келтірілді.</p> <p><b>Carbon Disclosure Project</b></p> <p>Компания су ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында су қауіпсіздігі сауалнамасын жариялайды.</p> <p><b>Жасыл кеңсе</b></p> <p>Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді дамып келеді және кеңселік үй-жайларда қалдықтарды бөлек жинауды, су мен энергияны үнемдеуді енгізу сияқты «жасыл кеңсе» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>Жасыл кеңсе қағидаттарын енгізу аясында және пластик пен металл қалдықтарының түзілу көлемін азайту мақсатында кеңсеміздің бірінші қабатында Фандомат орнатылды. ҚМГ орталық аппараты орналасқан ғимаратта фандомат қойылған уақыттан бастап 17 516 пластикалық бөтелке және 3 403 алюминий бөтелке тапсырылды.</p> <p>2022 жылдың қорытындысы бойынша CDP су қауіпсіздігі бойынша сауалнама жария етілді.</p>

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
 <p>Климаттың өзгеруіне қарсы және оның салдарымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау</p>	<p>13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияға және жоспарлауға енгізу</p>	<p><b>Метан шығарындысын азайту</b></p> <p>Carbon Limits компаниясымен (метанның ағып кетуін басқару саласындағы әлемдік көшбасшы компания) Меморандум қабылданды. Меморандумның жол картасы аясында метанның ағып кетуін басқару бойынша ҚМГ мамандары оқытылды, ал 2024 жылы LDAR метанының ағып кетуін анықтау және жою жөніндегі бағдарламасын таныстыру, сондай-ақ MIST бағдарламасын қолдану арқылы ҚМГ активтеріндегі метан шығарындысын түгелдей жоспарланған.</p> <p><b>OGMP 2.0 бастамасына қосылу</b></p> <p>Компания UNEP OGMP 2.0 метан бастамасына қосылды, ол метан шығарындысын азайту бойынша меншікті мақсатты белгілейді және UNEP-ке метан шығарындысына қатысты есеп беруді көздейді.</p> <p><b>Мұнай-газ секторын декарбонизациялау жөніндегі Хартияға қосылу</b></p> <p>Компания тараптардың COP-28 климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында осы бастамаға қосылды.</p> <p><b>Орман-климаттық жобалар</b></p> <p>Павлодар облысында 2 мың гектар аумақ бөлінді, парник газдарды сіңіріп алу мүмкіндігіне бағалау жүргізілуде.</p> <p><b>Парник газдары шығарындысы бойынша есеп беру ауқымын кеңейту</b></p> <p>ҚМГ компаниялар тобы бойынша парник газдары бойынша есептілікті жетілдіру және парник газдары шығарындысын басқару жүйесін жақсарту мақсатында 12 санат бойынша (қамтылғаны 3) парник газдардың жанама шығарындысын түгелдей бойынша жұмыс жүргізілді, сондай-ақ алдағы уақытта оны ҚМГ парник газдары шығарындысы бойынша мониторинг және есептілік әдістемесіне енгізу мақсатында ақпарат жинау әдіснамасы әзірленді.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>2022 жылдан 2031 жылға дейінгі кезеңге арналған төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.</li> <li>ҚМГ-ның CO2 тұту, сақтау және пайдалану (CCUS) жобасы және игерілген мұнай қабаттарынан мұнай алу көлемін ұлғайту үшін айдау әлеуетін анықтау бойынша пилоттық жобасы әзірленуде.</li> <li>Төмен көміртекті сутекті өндіру үшін ресурстық әлеуетті, құрылысқа инвестиция салудың техникалық мүмкіндігін, коммерциялық және экономикалық орындылығын анықтау және бағалау үшін «көгілдір» сутекті өндіру мүмкіндіктерін айқындау, сондай-ақ алдағы уақытта мұнайдың игерілуін қарқынды түрде жүргізуде.</li> <li>Ашық түсті мұнай өнімдеріне арналған бенчмарк әзірленді.</li> <li>ҚМГ парник газдары шығарындысы бойынша мониторинг және есептілік әдістемесіне Score 3 ескеріліп, өзгерістер енгізілуде.</li> <li>Еншілес/тәуелді ұйымдарға арналған метанның ағып кетуін анықтау және шығарындыларды азайту жөніндегі нұсқаулық әзірленуде.</li> </ul>
	<p>13.3. Климаттың өзгеру күшін жұмсарту мен салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша оқу-ағарту, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің мүмкіндіктерін жақсарту</p>	<p><b>Ішкі көміртегінің бағасын белгілеу тұжырымдамасы</b></p> <p>Еншілес және тәуелді ұйымдардың көміртегі ізін азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қамтамасыз етуді енгізу, сондай-ақ көміртегі реттеудің қаржы-экономикалық көрсеткіштерге әсерін жан-жақты есептеу мақсатында ішкі көміртегінің бағасын белгілеу тетіктері әзірленді. Қазіргі уақытта оларды ҚМГ компаниялар тобының бизнес-процестеріне интеграциялау жұмысы жүргізілуде.</p> <p><b>CDP</b></p> <p>Компания көміртегі ізін есептейді және климаттық сауалнаманы CDP (бұрынғы — Carbon Disclosure Project) алаңында орналастырады.</p> <p>World Benchmarking Alliance компаниясының төменкөміртекті түрлеріне көшуді және әлеуметтік көрсеткіштердің тиімділігін бағалауға негізделген Oil and Gas Benchmark рейтингіне сәйкес 2023 жылы ҚМГ әлемнің 100 басты мұнай-газ компаниялары арасында 37-ші орынға көтерілді, 2022 жылы 77-ші орында болды.</p> <p><b>Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)</b></p> <p>2023 жылы климаттық тәуекелдерді басқаруға және тұрақты дамуға қатысты халықаралық рейтингтерді жақсарту жөніндегі іс-шаралар аясында ҚМГ Еуропа қайта құру және даму банкінің қолдауымен «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның климат саласындағы корпоративтік басқару және TCFD ұсынымдарына сәйкес ақпаратты жария ету бойынша іс-қимыл жоспарын әзірлеу» жобасын іске асырды.</p> <p>Талдау негізінде декарбонизация тізімін толықтыруға қатысты ұсыныстар берілді. Бұл ұсыныстар климаттық мақсаттарға жету, қауіп-қатерді азайту және климаттық мүмкіндіктерді пайдалану үшін ҚМГ-ның бейімделуін және декарбонизация салдарын жұмсартуды көздейді. Жүргізілген талдау барысында климат саласындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>2023 жылы желтоқсанда ҚМГ-ның көміртекті реттеуден болатын қаржы шығынының әсерін бағалау мақсатында көміртегіге жасырын бағаны қолдану тетігі бар ішкі көміртегіге баға белгілеудің жаңартылған бағдарламасы бекітілді.</p>

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<div data-bbox="83 306 243 466"> </div> <p data-bbox="83 489 463 659">Құрлықтағы экожүйелерді қорғау, қалпына келтіру және оларды тиімді пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды тиімді басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату мен кері қайтару және биологиялық алуандылықты жоғалту процесін тоқтату.</p>	<p data-bbox="507 306 1270 380">15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, шөлейттену, құрғақшылық және су тасқыны әсер еткен жерлерді қоса алғанда, тозған жерлер мен топырақты қалпына келтіру және бүкіл әлем бойынша жердің жағдайын нашарлатпауға ұмтылу</p> <hr/> <p data-bbox="507 1045 1294 1119">15.5. Табиғи мекендеу ортаның деградациясын тежеу жөнінде маңызды шараларды дереу қабылдау, биологиялық алуандылықтың жоғалуын тоқтату, сондай-ақ жойылу қаупі бар түрлердің сақталуын қамтамасыз ету</p>	<p data-bbox="1673 306 2831 354">ҚМГ ластаушы заттардың шығарындысын азайтуға және табиғи көздерден су алуды қысқартуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды іске асырып келеді.</p> <p data-bbox="1673 369 1917 392"><b>Carbon Disclosure Project</b></p> <p data-bbox="1673 407 2873 455">Компания су ізін есептейді және су қауіпсіздігіне қатысты сауалнаманы CDP алаңында орналастырады. ҚМГ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару бағдарламасы әзірленіп жатыр.</p> <p data-bbox="1673 470 1762 493"><b>TAZALYQ</b></p> <p data-bbox="1673 508 2843 531">АМӨЗ қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді жүзеге асыруда.</p> <p data-bbox="1673 546 1947 569"><b>Су тұщыту зауыттарын салу</b></p> <p data-bbox="1673 583 2881 632">Жер қабаты суын тұщыту зауыты Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған бірегей жоба. Зауыт өңірді дамыту үшін жылына кемінде 6,2 млн текше метр көлемінде Еділ суын босатады.</p> <p data-bbox="1673 646 2837 695">Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағы маңындағы су тұщыту зауыты. Болжамды қуаты – тәулігіне 50 мың текше метр.</p> <p data-bbox="1673 709 1902 732"><b>Жерді қалпына келтіру</b></p> <p data-bbox="1673 747 2867 795">Компанияда бұрыннан жиналған – «тарихи» мұнай қалдықтарын жою және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.</p> <p data-bbox="1673 810 1751 833"><b>Нәтиже</b></p> <p data-bbox="1673 848 2858 896">TAZALYQ. АМӨЗ-де «Механикалық тазарту құрылыстарын (жабық үлгідегі МТҚ) реконструкциялау» жобасын іске асыру жұмыстары аяқталып қалды. Қазіргі уақытта бірінші кезең толық жүзеге асып, жобаның екінші кезеңі бойынша құрылыс аяқталуда.</p> <p data-bbox="1673 911 2881 1014">«АМӨЗ-де нормативтік-тазартылған ағын судың арнасын реконструкциялау және булану алқаптарын рекультивациялау» жобасы іске асырылуда. Булану алқаптары төрт секторға бөлініп, кезең-кезеңмен жұмыс жүргізіліп жатыр. Бірінші және екінші секторлар толық құрғатылған және қалпына келтірілген. АМӨЗ сарқынды суларын АМӨЗ булану алаңдарына ағызылған, қолданыстағы ашық каналдың орнына құбыр салынды.</p> <p data-bbox="1673 1029 2472 1052"><b>Биоалуандылыққа әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы</b></p> <p data-bbox="1673 1066 2881 1115">Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде негізгі төрт іс-әрекетті ескере отырып, биоалуандылыққа әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы қолданылады: ықтимал тікелей әсер етудің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру.</p> <p data-bbox="1673 1129 2080 1152"><b>Биоалуандылықты сақтау бағдарламасы</b></p> <p data-bbox="1673 1167 2873 1236">Биоалуандылықты сақтауға байланысты мақсаттар мен мерзімдерді, биоалуандылықты сақтау мәселелері бойынша жергілікті немесе халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтитын биоалуандылықты сақтау бағдарламасын әзірлеу.</p> <p data-bbox="1673 1251 1947 1274"><b>Орман-климаттық жобалар</b></p> <p data-bbox="1673 1289 2881 1337">ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі төмен көміртекті дамыту бағдарламасы аясында құрлық экожүйелерін сақтауға қолайлы әсер ететін орман-климаттық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.</p> <p data-bbox="1673 1352 1751 1375"><b>Нәтиже</b></p> <p data-bbox="1673 1390 2831 1413">Павлодар облысында 2 мың гектарды алып жатқан аумақ бөлінді, парник газдарды сіңіріп алу мүмкіндігі бағаланып жатыр.</p>

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
<p><b>17</b> ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕГІ СЕРІКТЕСТІК</p>  <p>Тұрақты даму мүддесі үшін жаһандық серіктестік аясында іске асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру</p>	<p>17.1. Салық пен басқа да кірісті жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру үшін ішкі көздерден, соның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында ресурстарды жұмылдыруды күшейту</p> <p>17.16 Барлық елде, әсіресе дамушы елдерде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптар қатысатын серіктестіктермен толықтырылған тұрақты даму мүддесі үшін жаһандық серіктестікті нығайту.</p> <p>17.17 Серіктестердің ресурстарды пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке меншік секторлар арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу</p>	<p>ҚМГ салық туралы ақпаратты <b>GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына сай жария етеді.</b></p> <p><b>Мемлекет пайдасына аударымдар.</b></p> <p>Компания жыл сайын есепте мемлекеттердің пайдасына аударылған төлемдер туралы ақпаратты төмендегідей төлем түрлері бойынша ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Салық</li> </ul> <p>Пайдалы қазбалар өндіру салығынан басқа салық түрлері.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ПҚӨС</li> </ul> <p>Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық – бұл өндірілетін минералды шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулардың және емдік балшықтардың жеке-жеке түрі бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндетті төлемі. Пайдалы қазбаларды өндіруге салық салу объектісі – жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жазылу бонусы</li> </ul> <p>Қол қою бонусы – бұл жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумақта (жер қойнауы учаскесінде) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алғаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісімшарттық аумақты (жер қойнауы учаскесін) кеңейту кезінде біржолғы тіркелген төлемі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Өзге төлемдер</li> </ul> <p>Басқа төлемдер экспорттық кедендік бажды қоса алғанда, мемлекеттерге аударылатын қалған төлемдерді қамтиды.</p> <p><b>Нәтиже</b></p> <p>ҚМГ мемлекетке төлем аудару саласындағы ашықтықты арттыру, сектордан түсетін кіріс мәселелерінде өндіруші компаниялардың жауапкершілігін күшейту, өңірлерде компания қызметі туралы халықтың хабардар болуын арттыру бойынша әлемнің үздік тәжірибелерін ұстанады.</p> <p>БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын іске асыру үшін ҚМГ салалық компаниялармен, халықаралық агенттіктермен белсенді ынтымақтасады және энергия үнемдеу, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, климаттық өзгерістерге қарсы күрес, шығарындыларды азайту, сондай-ақ жасыл энергетиканы және басқа да осыған ұқсас бағыттарды ілгерілету саласындағы мемлекетаралық ұйымдарға қатысады.</p>



ҚМГ жыл сайын GRI халықаралық стандарттарына сәйкес тұрақты даму туралы есепті шығарады. Есептерді Компанияның веб-сайтынан оқи аласыз: <https://www.kmg.kz/sustainable-development/>.



Компанияның тұрақты даму туралы жыл сайынғы есебі де БҰҰ Жаһандық шартының аясындағы прогресс туралы хабарламасы ретінде ұсынылған: <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810>.

### Адам құқықтарын сақтау

ҚМГ экономикалық қана емес, әлеуметтік мәселелерге де ерекше көңіл бөле отырып, өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компания Адам құқықтары жөніндегі халықаралық биллде, еңбек саласындағы халықаралық еңбек ұйымының стандарттарында бекітілген, дүниежүзінде мойындалған адам құқықтарын ұстанады және БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басты қағидаттарын іске асыруға ұмтылады. ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оған сәйкес еңбек құқықтарын іске асыру кезінде адамның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне,

ұлтына, тіліне, дінге көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері, жасы немесе физикалық себептеріне қатысты ешкімді қандай да бір кемсітуге болмайтын нормаларды бұзбайды.

Біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, ешкімді еңбек етуге мәжбүрлемейміз, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық қызметкерлердің тең құқықтарын мойындаймыз.

Есепті кезеңде кемсітушілік фактілері тіркелмеген. 2022 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі Адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саласындағы саясатты бекітті. Саясат туралы толық ақпарат ҚМГ веб-сайтында «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде берілген.

Адам құқықтары саласында мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- халықаралық нормаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- ҚМГ мен еншілес ұйымдардың жоғары басшылығының келісімін алып, саладағы адам құқықтарына әсер ететін мәселелерді шешу үшін бағдарламалар қабылдау;
- адам құқықтарына әсерді бақылау және ол туралы хабарлау;
- ҚМГ қабылдаған шағым мен талаптарды қарау механизмдерін сақтау;
- теріс әсерді жою немесе азайту үшін өтемақы және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- тиісті есепті дайындай отырып, адам құқықтарына ықпалды бақылау арқылы адам құқықтарына қатысты тиісті байқампаздық таныту;
- өз қызметкерлеріне жағымсыз әсерді жою үшін құқық қорғау құралдарын ұсыну;
- ҚМГ-ның адам құқықтарына қатысты персоналдан және үшінші тараптардан не күтетінін ашып айту.



## ҚМГ басшылығының тұрақты даму саласындағы басты қызмет көрсеткіштері

Тұрақты даму жөніндегі стратегиялық міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылға арналған Басқарма төрағасы қызметінің уәждемелік басты көрсеткіштері (Компанияның корпоративтік басты қызмет көрсеткіштері), ҚМГ Басқарма мүшелерінің, ҚМГ құрылымдық бөлімшелері басшыларының және еншілес/тәуелді ұйымдары бірінші басшыларының «Тұрақты даму және өндірістің көміртегі сыйымдылығын үдемелі төмендету» стратегиялық мақсатын іске асыруға бағытталған ынталандыру басты қызмет көрсеткіштері бекітілді. Атап айтқанда:

- компанияның тұрақты даму бастамаларын қамтитын инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі корпоративтік басты қызмет көрсеткіштері, сондай-ақ жазатайым оқиғалар коэффициентін төмендетуге, сонымен қатар қауіпті жағдайларды, қауіпті факторларды және басқаларды анықтауға бағытталған, бұл жағдайлар туралы ҚМГ тобының бүкіл компанияларына хабарлауға бағытталған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі кешенді көрсеткіш;
- ҚМГ Басқарма мүшелеріне тұрақты даму бастамаларын, сондай-ақ ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және ESG-рейтингін орындауды қамтитын инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша басты қызмет көрсеткіштері белгіленді;
- еншілес және тәуелді ұйымдардың бірінші басшыларына көрсеткіштердің бірі ретінде көміртегі ізін мониторингілеуге және азайтуға бағытталған басты қызмет көрсеткіші енгізілді.

- ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына компанияның тұрақты даму жөніндегі міндеттерін орындау үшін басты қызмет көрсеткіштері енгізілді, соның ішінде:

- ілеспе мұнай газын жағу қарқындылығы көрсеткішін төмендету;
- тарихи мұнай қалдықтарын қалпына келтіру;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасының функцияларын автоматтандыру;
- Су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеу;
- «2023-2025 жылдарға арналған ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару» іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру;
- көміртегі квоталарын сатудан түскен табыс;
- ҚМГ-ның ішкі көміртегіге бағаны белгілеу механизмін әзірлеу;
- өндіруші еншілес және тәуелді кәсіпорындарда отын және табиғи газды пайдалану тиімділігін арттырудың техникалық әрі экономикалық әлеуетін анықтауға бағытталған технологиялық пештер мен қазандық жабдықтарына мақсатты аудит жүргізу;
- TCFD ұсыныстарына сәйкес бастапқы ақпаратты жариялауға дайындау;
- ҚМГ активтеріне айдауға арналған CO2 шығарындысы көздері мен резервуарлардың скринингі (CCS/CCUS пилоттық жобасы)
- еншілес және тәуелді ұйымдарда әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын зерттеу үшін «Самұрық Қазына» АҚ-ның өндірістік қатынастарды дамыту жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес Industrial Relations скринингін жүргізу.

## Төмен көміртекті даму бағдарламасы

Декарбонизация, технологиялық жаңғырту және ESG қағидаттарын корпоративтік басқару процестеріне интеграциялау қағидаттарына негізделген жаһандық энергетикалық ауысу мәселесі дамыған елдермен қатар, дамушы мемлекеттердің де ұзақ мерзімді экономикалық даму стратегиясын жаңғыртудың өзегіне айналды.

Бүгінгі таңда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылатын елдерге декарбонизация әлеуетін және төмен көміртекті технологияларды қолдану мүмкіндігін бағалау керек, сондай-ақ шығарындыларды азайту мәселесін шешуде еңсеруді қажет ететін кедергілер мен сын-қатерлерді анықтау міндеті тұр.

Әлемдегі көміртегі нарықтарын талдау негізінде алдағы онжылдықтарда климатқа теріс әсерді азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға негізделген төмен көміртекті саясат озық экономиканың негізгі сипаттамасына айналатыны анықталды. Мұнай-газ компаниялары жаңартылатын энергия көздері, төмен көміртекті отын, көміртекті тұту және сақтау (CCUS), төмен шығарынды сутегі және парник газдары шығарындыларын азайтудың басқа технологиялары сияқты болашақ энергетикалық жүйелерге инвестиция салу арқылы энергия ауысуын жеделдетуде маңызды рөл атқаруы керек.

ҚМГ климат мәселесінің күн тәртібіндегі маңызын ескере отырып, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу және елдің парник газдары шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету жөніндегі мақсаттарын қолдай

отырып, өз қызметінде декарбонизацияны қалыптастырып, өлшемді әрі бірізді түрде енгізуді көздейді. Бұл міндетті орындау үшін ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын (ТҚДБ) қабылдады. 2021 жылы қарашада бекітілген бағдарламаны іске асыру үшін 2022 жылдан 2031 жылға дейінгі кезеңге арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Іс-шаралар жоспары төрт бағыт бойынша парник газдары шығарындыларын азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараны қамтиды: энергия тиімділігі, ЖЭК, метан шығарындыларын бақылау, ұйымдастыру шаралары. Осы шараларды іске асыру ҚМГ-ның Төмен көміртекті даму бағдарламасында қойылған парник газдары шығарындыларын 2031 жылға қарай 15%-ға төмендету жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.


**Директорлар кеңесі** өз құзыреті шегінде тұрақты даму саласындағы тиісті жүйені қалыптастыруды және оны іске асыруды қамтамасыз етеді, ал барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар мен барлық қызметкер төмен көміртекті дамуға өз үлесін қосады.

Директорлар кеңесі климаттың өзгеруі саясаты мен стратегиясы, энергетика және климаттың өзгеруі саласындағы мақсаттарды бекітеді.

2023 жылы Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелері жөніндегі жыл сайынғы отырыстары өткізілді, онда ҚМГ-ның Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру барысы, сондай-ақ TCFD ұсынымдары және ҚМГ үшін қаржылық есептіліктің жаңа стандарттары бойынша ақпаратты жария ету мәселелері қаралды.


**ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы**

**Мақсаты**



■ ҚМГ базалық шығарындылары (2019)  
■ Шығарындыларды азайту мөлшері  
■ ҚМГ мақсатты шығарындылары (2031)

**Басты бағыттар**



■ ЖЭК жобаларын дамыту  
■ Midstream – Энергия тиімділігі  
■ Upstream – Энергия тиімділігі  
■ Downstream – Энергия тиімділігі

**Қосымша шаралар**

- I. Көміртекті тұту мен сақтау технологияларын енгізу (CCUS)
- II. Электрмобиль көлігін дамыту
- III. Метанның ағуын алдын алу үшін LDAR енгізу
- IV. Орман-климаттық жобаларды жүзеге асыру
- V. Факелдерде бірқалыпты жағу
- VI. Сутегі энергетикасын дамыту

The Carbon Disclosure Project (CDP) Климаттық бағдарламасының көміртегі бойынша есебіне сәйкес, ҚМГ 2019 жылдан бастап парник газдарының тікелей және жанама шығарындылары туралы деректерді, парник газдары шығарындыларын басқару мәселелерін, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша, соның ішінде Румыния мен Грузиядағы халықаралық активтерді қоса алғанда, негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты жариялайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-ге Климаттық рейтингте «С» бағасы берілді. ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компания CDP Климаттық рейтингін біртіндеп жақсартуды жоспарлап отыр және климаттық өзгерістерді басқару бойынша ең үздік қолжетімді технологияларды енгізетін көшбасшы компанияларға берілетін «А» деңгейіне қол жеткізуді көздейді.

2023 жылдың шілдесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Климаттық сауалнамасы жарияланды. Есепке сәйкес, 2022 жылдың нәтижелері бойынша ҚМГ компаниялар тобындағы көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларының көлемі 7,6 млн тонна CO<sub>2</sub> (8,1 млн тонна CO<sub>2</sub> экв.) жетті. CO<sub>2</sub> эквивалентіндегі деректер IPCC Fifth Assessment (метан — 28, азот оксиді — 265) жаһандық жылыну потенциалының коэффициенттерін пайдалана отырып ұсынылған.

Әрбір ЕТҰ бойынша парник газдарының тікелей шығарындылары туралы деректер тәуелсіз аккредиттелген ұйымдармен расталды. 2023 жылғы ақпарат CDP есебінде 2024 жылдың 3-тоқсанында ашылады. Ақпаратты жариялау кезінде ҚМГ жүйелілік пен салыстырмалылық қағидатын ұстанады және ақпаратты жария ету толықтығын арттыру және үшінші деңгейдегі жанама шығарындылар бойынша есептілік салаларын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
Тікелей шығарындылар (Score 1)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	15,8	10,6	8,1
Жанама шығарындылар (Score 2, нарық әдісі)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	3,5	3,3	3,2
Жанама шығарындылар (Score 2, географиялық әдіс)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	3,5	3,3	3,3
Жанама шығарындылар (Score 3)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	61,3	62,1	61,8

**Тұрақты авиация отынының өндірісі (SAF)**

2023 жылы қыркүйекте Air Astana-мен бірлесіп, Еуропалық қайта құру және даму банкінің қолдауымен экологиялық таза авиаотын нарығын (SAF) техникалық-экономикалық тұрғыдан және Қазақстан Республикасындағы өндіріс перспективаларын зерттеу жұмыстар басталды. Бүгінгі күні байқауда жеңіске жеткен және зерттеуді жүзеге асыратын ICF SH&E Limited компаниясы авиация саласындағы жаһандық және жергілікті декарбонизация стратегияларына жүргізілген зерттеудің нәтижелерін ұсынды, сондай-ақ SAF нарығын зерттеу қорытындыларын, соның ішінде сұранысқа талдау, SAF өндірісі үшін шикізаттың қолжетімділігін талдау, тұрақты авиациялық отын өндірісінде қолданылатын технологияларға шолу нәтижелерін ұсынды.

2023 жылы 23-24 қарашада зерттеуге қатысушыларымен өткен кездесуде Қазақстан үшін перспективалы SAF өндіру технологиялары бірлесіп айқындалды. Зерттеудің келесі кезеңдерінде ҚМГ үшін SAF өндірісінің тұрақтылығын анықтау мақсатында SAF өндірісінің таңдалған технологияларын одан әрі зерделеу, сондай-ақ SAF өндіру үшін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын зерделеу жоспарлануда. ТЭЗ нәтижелері 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ұсынылатын болады.

**ЕМГ, ӨМГ, ММГ, ҚБМ мұнай өндіруші компаниялардың технологиялық пештері мен қазандық жабдықтарының мақсатты энергия аудиті**

Биыл технологиялық пештер мен қазандық жабдықтарының нақты жай-күйін, сондай-ақ қазандық-пеш отынын нақты тұтынуды бағалау және отын ресурстарын тұтынуды азайтудың қосымша әлеуетін айқындау

мақсатында ММГ, ӨМГ, ЕМГ, ҚБМ қазандықтарының технологиялық пештері мен қазандық жабдықтарына мақсатты аудит жүргізілді. Аналитикалық кезеңнің қорытындысы бойынша 56 894 тонна ш.о. энергия үнемдеуге мүмкіндік беретін 20 іс-шара әзірленді. Бұл іс-шараларды енгізу арқылы CO<sub>2</sub> көлемін 87 212 тонна CO<sub>2</sub> төмендетуге мүмкіндік туады. Нәтижесінде, 23 іс-шара әзірленіп, оның 14-і экономикалық және техникалық тұрғыдан орынды деп қабылданып, төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру бойынша зерттелген ЕТҰ-лардың іс-шаралар жоспарына енгізілетін болады. Қосымша шаралардың жалпы әлеуеті 32,1 мың тонна ш.о. немесе 42,9 тонна CO<sub>2</sub> құрайды.

**I-REC**

Парник газдарының (ПГ) жанама шығарындыларын азайту мақсатында ҚМГ 10,0 млн кВтсағ-қа тең келетін I-REC (International Renewable Energy Certificate) халықаралық жаңартылатын энергия көздерінің сертификаттарын сатып алды. Бұл ҚМГ корпоративтік орталығы 2023 жылы тұтынатын электр энергиясына тең келеді.

I-REC ерікті сертификаттары жаңартылатын энергия (ЖЭК) арқылы электр энергиясын өндіру дерегін растайды. Сертификат 1 МВт\*сағ таза электр энергиясына, электр станциясының географиялық орнына және электр энергиясын өндірудің уақыт аралығына тіркелген. «ҚазМұнайГаз» 2023 жылы Алматы және Түркістан облыстарында орналасқан күн және гидро-электростанциялардан шығарылған сертификаттарды сатып алды. Сертификаттар The International REC Foundation әзірлеген халықаралық стандарт негізінде шығарылады және оларды GHGP, CDP, RE100, ISO секілді басқа да халықаралық ұйымдар мойындайды. I-REC сертификаттары бүкіл әлемде сатылады және 51 елде шығарылады.



### Көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану жобасы (CCUS)

ҚМГ CO<sub>2</sub> (CCUS) тұту, сақтау мен пайдалану және мұнай беруді ұлғайту үшін өндірілген мұнай қабаттарына қайта айдау мүмкіндігін айқындау мақсатында пилоттық жобаны іске асыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Бүгінгі таңда жобаның бірінші «зерттеу және жобалау» кезеңі аяқталды.

ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары бойынша CO<sub>2</sub> шығарындылары көздерін скрининг талдау бойынша жұмыс жүргізілді. CO<sub>2</sub> тұту, пайдалану және сақтау технологиясы бойынша пилоттық жобаны жүзеге асыруға жарамды шығарындылар көздерінің «негізгі топтары» анықталды.

Бөлінетін CO<sub>2</sub>-ны айдау және сақтау мақсатында перспективалы тұзақтар ізделді, аталған шығарындылар көздерінен 100 км радиуста ең көп шығарындылары бар аймақтар таңдалды. Барлық анықталған перспективалы тұзақтар бойынша жақын жердегі шығарындылар көзі ескеріле отырып, ықтимал сақтау көлемі және болжамды максималды айдау ұзақтығы айқындалды.

Мұнайдың игерілу коэффициентін (МИК) арттыру үшін CO<sub>2</sub> пайдалануға болатындықтан, қолайлы кен орындарының скринингі жүргізілді, игеру объектілері бойынша мәліметтер базасы жиналды. Осы объектілер бойынша CO<sub>2</sub> айдауды ескере отырып, әзірлеменің болжамды көрсеткіштері есептелген.

Жабдықтау бойынша есептеулер мен жобалық шешімдер жүргізілді, соның ішінде жабдықтар мен құбырлардың жер үсті бөлігінің шешімдері CO<sub>2</sub> көздерінен

шығатын газдарды жинау және салқындату жүйелері, CO<sub>2</sub> тұту, кептіру және CO<sub>2</sub> есепке алу, сығымдау және тасымалдау, сондай-ақ айдау ұңғымаларына CO<sub>2</sub> айдау бар.

2024 жылы CO<sub>2</sub>-ні жерастында сақтау мақсатында қабатқа айдау технологиясын зерттеу бойынша 2-кезең өткізіледі, сондай-ақ CO<sub>2</sub>-ні тұту, пайдалану және сақтау бойынша әдіснамалар әзірленеді.

### Сутегі энергетикасын дамыту

Сутегі энергетикасын дамыту жөніндегі жұмыс шеңберінде төмен көміртекті сутекті өндіру үшін ресурстық, техникалық мүмкіндікті, инвестициялардың коммерциялық және экономикалық тиімділігін айқындау және бағалау, сондай-ақ мұнай беруді арттыру үшін кейіннен мұнай-газ кен орындарында көмірқышқыл газын айдай отырып, «көгілдір» сутекті өндіру мүмкіндіктерін айқындау үшін техникалық-экономикалық есептеу жүргізілуде.

«Көгілдір» сутекті өндіру көмірсутектерді, атап айтқанда, табиғи газды құрамынан сутекті алу арқылы өңдеуді білдіреді және бұл – ірі тоннада табиғи газды өңдеу технологияларының негізі. Бүгінгі күні бұл процесс үш тәсілмен жүзеге асырылады:

- бу конверсиясы (бу риформингі);
- көмірқышқыл газының конверсиясы (құрғақ реформа);
- ішінара тотығу (тотығу конверсиясы).

Әрі қарай көмірқышқыл газын тұту және сақтау технологиялары қолданылады.

Парник газдары шығарындыларын азайту талаптарына сәйкес, сутегі өндірісінде табиғи газды бумен конверсиялау технологиясында көмірқышқыл газын тұту – міндетті шарттардың бірі. Бұл сутекті «көгілдір» етеді. Көмірқышқыл газын алу технологияларының ауқымы өте кең.

Осылайша, классификацияға сай болу үшін «көгілдір» сутегі өндірісі мен көмірқышқыл газын тұту, тасымалдау және сақтау технологиялары қатар жүреді.

ҚМГ көмірсутек шикізатын өндіру операторы ретінде сутегін өндірісін процестердің көміртекті қажетсіну талаптарына сәйкес көмірқышқыл газын тұту мен көмуді қамтамасыз ете отырып, табиғи және (немесе) ілеспе мұнай газын бу риформингі немесе пиролиздеу әдістерімен жүргізе алады.

### ҚМГ компаниялар тобында энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласын басқару жөніндегі регламент

2022 жылы ҚМГ басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Энергетика саласындағы саясатын бекітті. Энергетикалық саясаттың 3-тармағына сәйкес Компанияның бизнес-процестеріне энергетикалық менеджмент жүйесі талаптарының интеграциясын қамтамасыз ету үшін ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласын басқару жөніндегі Регламент әзірленді.

Регламент энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласын басқару шеңберінде ҚМГ компаниялар тобы бөлімшелері мен қызметкерлерінің өзара

іс-қимыл тәртібін, өкілеттіктерін, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды, ол келесі процестерден тұрады:

- 1) заңнамалық талаптарды басқару;
- 2) энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмыстарды жоспарлау;
- 3) энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару жүйесін құру/ оңтайландыру;
- 4) энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмыстар мен іс-шаралардың нәтижелілігі мен тиімділігін талдау.

Регламент – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру тетігі және мақсаттар мен энергетикалық міндеттерді белгілеу және талдауға негіз болады.

### Ішкі көміртекті баға белгілеу бағдарламасы

2022 жылы желтоқсанда ҚМГ Басқармасының шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі көміртекті баға белгілеу бағдарламасы бекітілді, ол ішкі көміртекті баға белгілеу тетігін енгізу жөніндегі халықаралық тәжірибені сипаттайды.

ҚМГ Басқарма Төрағасының 2023 жылғы бұйрығына сәйкес ішкі көміртекті баға белгілеу тетігін әзірлеу жөніндегі құрылған жұмыс тобы ҚМГ-ның көміртекті реттеуден қаржылық шығындарын бағалау мақсатында көміртегіге жасырын баға қолдану тетігін әзірледі. Топ құрамына ҚМГ-ның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері кірді.

2023 жылғы желтоқсанда ҚМГ Басқармасы ішкі көмір-текті баға белгілеудің жаңартылған бағдарламасын бекітті, онда жасырын баға мөлшерін айқындау тетігі көрсетілген.

### Ашық түсті мұнай өнімдеріне арналған бенчмарк әзірлеу

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес көміртегі квоталарын бөлу Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 260 бұйрығымен бекітілген бенчмаркті қолдану арқылы есептеледі. Мұнай өнімдері бойынша қолданыстағы бенчмарк көбіне қою мұнай өнімдеріне қатысты мәліметтерге негізделген. Бұл ретте ашық түсті мұнай өнімдерін өндіру технологиялық жағынан анағұрлым күрделі процесс, өнімді тазарту бірнеше кезеңнен тұрады, нәтижесінде қою мұнай өнімдерін өндірумен салыстырғанда энергия мен көміртекті көп қажет етеді, соның негізінде ашық түсті мұнай өнімдерін өндіруші үш ірі зауыт – АМӨЗ, ПҚОП және ПМХЗ жыл сайын қосымша квота сұрауға, оған негіздеме беруге мәжбүр.

Әділ бенчмарк орнату және ҚМГ зауыттарында квота тапшылығын қысқарту мәселесіне негіздеме ұсыну мақсатында 2023 жылы ашық түсті мұнай өнімдеріне арналған бенчмаркті есептеу бойынша жұмыс жүргізілді. 2024 жылы Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен жаңа бенчмарктердің жобасын келісу және бекіту бойынша жұмысты жалғастыру жоспарда.

### Климат бойынша есеп беру

Парниктік газдары бойынша есептілікті жетілдіру және ҚМГ компаниялар тобы бойынша парник газдары шығарындыларын басқару жүйесін жақсарту мақсатында жанама шығарындыларын (Score 3) тексеру бойынша жұмыс жүргізілді, сондай-ақ алдағы уақытта есеп беру үшін ақпарат жинау әдістемесі әзірленді.

Сондай-ақ, 2023 жылы ҚМГ климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты жария ету бойынша есептілікті енгізу бойынша жұмыс жүргізілді (Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD)). CFD ұсынымдарына сәйкес бастапқы ақпарат жариялауға дайындалды, сондай-ақ климатты корпоративтік басқаруды жақсарту жоспары (Corporate Climate Governance Plan) әзірленді.

### Метан шығарындылары бойынша бастамалар

ҚМГ офсетті (ағылш. carbon offset — көміртекті өтеу) сату саясатын орындау құралы және компанияның көміртегі ізін азайту жолы ретінде метан шығарындыларын азайтуға ерекше назар аударады. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасындағы негізгі мақсаттарының біріне 2031 жылға дейін ҚМГ-ның барлық өндіруші активінде метанның ағуын анықтау және жою жүйелерін енгізу кіреді.

2023 жылы желтоқсанда БҰҰ Климаттың өзгеруі бойынша өткен конференция (COP-28) барысында ҚМГ метанды басқару саласында бірқатар маңызды келісімге қол қойды. Осылайша, ҚМГ мұнай-газ компаниялары арасында метан шығарындылары бойынша есеп беруге бағытталған OGMP 2.0 (The Oil & Gas Methane Partnership) бастамасына қосылды. OGMP 2.0 бастамасына қосылу компанияға метанның ағуын басқару және азайту бойынша озық халықаралық компаниялармен тәжірибе алмасу, метан шығарындыларын тексеру және есептеу мәселелерінде әдістемелік көмек, метанның ағуын азайту бойынша техникалық шешімдерді таңдау сияқты мүмкіндіктер ұсынады. Сондай-ақ, ҚМГ өз активтеріндегі метан шығарындыларының көздерін анықтау және шығарындылар көлемін одан әрі азайту мақсатында TetraTech компаниясымен ынтымақтастық туралы Меморандум қабылдады, TetraTech USAID қаржыландыруымен «Орталық Азия энергетикасы» жобасын іске асырады. Бірлескен іс-қимыл жоспары әзірленді.

2023 жылы Carbon Limits компаниясымен ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. 2023 жылдың қыркүйегінде ҚМГ компаниялар тобының мамандарына метан шығарындыларын басқару мәселелері бойынша, оның ішінде метан шығарындыларын сандық бағалау, газды утилизациялау және негізгі ағып кету көздерін анықтау, сондай-ақ оларды жою тәсілдері бойынша семинар өткізілді. 2024 жылы 26 ақпан-1 наурыз аралығында ҚМГ-ның екі өндірістік нысанында ММГ және ҚазГӨЗ LDAR бойынша жұмысты жүргізу технологиялары мен рәсімдерінің жүйесі көрсетілді. Сондай-ақ, Carbon Limits MIST бағдарламасын қолдана отырып, парник газдары шығарындыларын есептеу жөніндегі жұмыс шеңберінде OGMP 2.0 бойынша ақпаратты алғаш рет жариялау кезінде ҚМГ-ге қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар, конференция алаңында ҚМГ 50 мұнай-газ компаниясымен қатар мұнай мен газды декарбонизациялау бастамасына – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және саладағы климаттық іс-қимылдарды

жеделдетуге бағытталған жаһандық салалық хартияға қосылғаны туралы жарияланды. Бастаманың негізгі мақсаттары – 2050 жылға қарай көміртегі бей-тараптығына қол жеткізу, 2030 жылға қарай күнделікті факелде жағуды азайту және метан шығарындыларын шамамен нөлге жеткізу.

### 2024 жылға жоспарланған жобалар:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына технологиялық пештер мен қазандық жабдықтарының нысаналы аудитінің қорытындылары бойынша ұсынылған шараларды орындау;
- SAF өндіру нарығын зерделеу бойынша зерттеу жүргізу;
- Төмен көміртекті технологияларды қолдана отырып, табиғи және/немесе ілеспе мұнай газын өңдеу жөніндегі жобаны әзірлеу;

CO<sub>2</sub> тұту, пайдалану және сақтаудың «толық тізбегін» құру бойынша пилоттық жобаны іске асыру мүмкіндігін бағалау (2-кезең);

- Төмен көміртекті сутекті (ілеспе мұнай газынан/табиғи газдан, кен орындарында пайда болатын утилизацияланатын қабат және/немесе сарқынды сулардан) өндіру мүмкіндігін талдау;
- «Қазақстанда электромобильді көлікке арналған электр қуаттау станцияларының инфрақұрылымын дамыту» жобасын іске асыру мүмкіндігін қарастыру.
- ҚМГ компаниялар тобында метан менеджментін енгізуге бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Офсеттік жобаларды іске асыру.





# Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

## Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

### Бастамалар мен бағдарламаларға қатысу



Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ілеспе газды жағу тәжірибесін толығымен тоқтату бастамасы



БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 17 мақсаты бастамасы



CPD климат бойынша бағдарламасы



Метан деңгейін төмендету жөніндегі жаһандық бастама



Caspian Environmental Protection Initiative – CEPI



Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы – IOGP

### Негізгі көрсеткіштер

#### Әлеуметтік көрсеткіштер

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Жұмыс уақытын жоғалтқан жаза-тайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)	0,31	0,36	0,30
Өлім-жітім коэффициенті (FAR)	2,93	1,00	2,11
Өлім-жітім саны	1	1	2

#### Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2021	2022	2023
NOx шығарындылары, көмірсутек шикізатын өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,24	0,31	0,36
SOx шығарындылары, көмірсутек шикізатын өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,22	0,21	0,23
Мұнай құрамындағы ілеспе газды жағу қарқындылығы, көмірсутек шикізатын өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	2,1	1,5	1,4

### Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі

Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген, үздік әлемдік тәжірибелер мен тәсілдерді, Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (International Association of Oil & Gas Producers, IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып, кешбасшылық, тәуекелдерді басқару және үздіксіз жетілдіру сияқты іргелі принциптерге негізделетін 10 негізгі элементтен тұрады.

2006 жылдан бастап ҚМГ-де ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басқарудың интеграцияланған жүйесі енгізілді. Едәуір деңгейде энергия тұтынатын еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001 стандартына сәйкес сертификатталған. Интеграцияланған басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз аудиторлар бағалап отырады.



Менеджмент жүйесін (МЖ) жетілдіру мақсатында ҚМГ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталады.

МЖ мақсаты – ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін ортаны қамтамасыз ету. МЖ жұмыс нәтижелері ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің жарақаттануы мен денсаулығына залалдың алдын алуды, сондай-ақ жұмыс орнында жұмысшының денсаулығы мен еңбек жағдайы тұрғысынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Тиісінше, ҚМГ үшін тиімді алдын алу шараларын қабылдау арқылы ДС, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді болдырмау немесе азайту аса маңызды.

2023 жылы ҚМГ компаниялар тобында МЖ бойынша жаңа редакциядағы басшылықты жаңарту және бекіту бойынша жұмыс жүргізілді, онда ДС, ӨҚ және

ҚОҚ саласын жақсартуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар қосылды:

- 1) ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің ҚМГ-ның өмір үшін маңызды қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету бойынша басшылардың жауапкершілігі;
- 2) ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына не қоршаған ортаға негізді түрде қауіп төндіретін ықтимал қауіпті жағдай туындаған кезде жұмыстан бас тартуға немесе тоқтатуға заңды құқық кепілдігін беру;
- 3) денсаулық үшін тәуекелдерді бағалауға негізделген ҚМГ компаниялар тобында персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және енгізу;
- 4) ҚМГ компаниялар тобы мен мердігерлер қызметкерлерін тәуекелдерді басқару процестеріне тарту, «Қорғау» картасын қолдану арқылы ықтимал қауіпті жағдайларды анықтау және хабардар ету.




Құжаттаманың жарамдылығы мен сәйкестігін сақтау мақсатында 2023 жылы бірқатар ішкі регламенттеуші құжат қайта қаралды:

- 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі регламент;
- 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент;
- 3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы оқиғаларды хабарлау және тергеп-тексеру тәртібі туралы ереже;
- 4) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі стандарт.

2023 жылы 5 қазанда ҚМГ ДК және Басқарма мүшелерінің, ТШО, НКОК және ҚПО өкілдерінің, сондай-ақ ҚМГ ЕТҰ-ның 44 бірінші басшысының қатысуымен «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» тақырыбында ҚМГ бас директорларының форумы өтті. JMJ халықаралық компаниясының сарапшылары қауіпсіздік мәдениетіндегі көшбасшылық бойынша семинар өткізді. ТШО, НКОК және ҚПО өкілдері оқиғаларға тергеу жүргізу және оның салдарын басқару бойынша тәжірибелерін ортаға салды.

ҚМГ қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастыруға және біздің қызметімізбен байланысты барлық адамның денсаулығын қорғауға, сондай-ақ жұмыс істейтін өңірлерде экологиялық тұрақтылықты сақтауға басымдық береді. Бұл құндылықтар біз үшін даусыз», – деп атап өтті ҚМГ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.



### Экологиялық жауапкершілік және қауіпсіздік

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер:

**0,23** (IOGP — 0,09)  
SOx шығарындыларының қарқындылығы

**98,9 %**  
ІМГ пайдалану коэффициенті

**C**  
CDP Климат рейтингі

**0,36** (IOGP — 0,35)  
NOx шығарындыларының қарқындылығы

**1 145 мың тонна**  
Тарихи қалдықтар мен мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру (2022 жылы — 693,7 мың тонна)

**C**  
CDP су қауіпсіздігі рейтингі

**1,4** (IOGP — 8,6)  
Ілеспе мұнай газының жану қарқындылығы

**6 %**  
Энергия тұтынудың төмендеуі (2022 жылмен салыстырғанда)

#### Экологиялық көрсеткіштер, КСШ өндірудің м.э. 1 мың тоннасына шаққанда, тонна

Жыл	SOx шығарындыларының қарқындылығы	NOx шығарындыларының қарқындылығы	Шикі газды жағу қарқындылығы	Шикі газды утилизациялау деңгейі, %
2021	0,22	0,24	2,1	98
2022	0,21	0,31	1,5	98,8
2023	0,23	0,36	1,4	98,9

ӨҚ, ЕжҚОҚ мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар ҚМГ компаниялар тобының даму стратегиясымен тікелей байланысты. ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясы экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. ҚМГ компанияларының тобы үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды басқаруды және газды факелде жағуды қысқартуды, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқаруды және жерді қалпына келтіруді қамтиды.

ҚМГ мен ЕТҰ-ның басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту бойынша біздің маңызды міндеттеріміздің бірі – шикі газды пайдалану мен утилизациялауды арттыру, газды факелде жағуды барынша азайту.

Бекітілген Экологиялық саясатқа сәйкес, Компания газды атмосфералық ауаға факелде тұрақты түрде жағу көлемін нөлге жеткізуге тырысады.

Компания шикі газды жағу көлемін барынша азайту мақсатында 2015 жылы Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемдері бойынша есептілік жыл сайын тапсырылады.

Компания экологиялық жауапты бизнес жолымен жүруді жалғастыра келе, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытады, осы мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізеді, осылайша компанияның экологиялық саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.

ҚМГ Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Атырау қаласында «Атырау экология диалогы: Экология және өнеркәсіп. Қоғам игілігі жолындағы серіктестік» тақырыбында конференция өткізді. Іс-шара барысында экологиялық жобалар, сондай-ақ компания активтеріндегі атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар кеңінен талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бес жыл ішінде 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі бастамасын қолдау мақсатында Атырау облысының әкімдігі мен ҚМГ арасында Атырау қаласын көгалдандыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжатқа сәйкес Атырау мұнай өңдеу зауыты үш жыл ішінде Талғайран ауылының маңында орналасқан Соколок каналының бойына 10 мың ағаш отырғызады. Сонымен қатар, 2023 жылы АМӨЗ әкімдікке тамыр жүйесі жабық, жетілген 200 түп күлтелі ағаш берді. Ағаштар ретросаябақтың аумағына отырғызылады.

Осы бастаманы жалғастыра отырып, қазан айында компанияның 300-ге жуық қызметкері корпоративтік экологиялық акцияға шығып, ағаш отырғызды.

2023 жылдың қыркүйегінде Компания миллиондаған адам бірігіп, табиғатқа деген қамқорлығын көрсетіп, оны қоқыстан тазартуға бағытталған «World Clean up day» экологиялық акциясы аясында экологиялық челлендж ұйымдастырды. Бұл бастаманы ӨМГ, ҚБМ, ЕМГ, ММГ, АМӨЗ, ПҚОП, ПМХЗ, CaspiBitum, ҚазГӨЗ, OSC секілді ҚМГ-ның өзге де еншілес ұйымдары қолдады. Нәтижесінде, барлық өңір бойынша 900 тоннадан астам қоқыс жиналды, бұл көлемі бойынша 5 қабатты ғимаратқа тең.

2023 жылы компанияда **KMG-Volunteer** еріктілер қозғалысы жұмысын бастады. Волонтерлік қозғалыстың іс-шаралар жоспарына сай және Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында волонтерлер елордадағы Ә. Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің аумағына ағаш отырғызды. ҚМГ оқу орнына 129 түп ағаш сыйлады.

### Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар

#### Тарихи жиналған ластануларды жою

Бұрыннан жиналған ластануларды жою, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ету көздерін жою (жұмыс істемейтін ұңғымалар, сарқынды су жинағыштар, полигондар және өзге де өндірістік объектілер).

#### Қоршаған ортаға шығарындыларды азайту

Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға бөлінетін шығарындыларды азайту, мысалы, технологиялық пештерде отын ретінде пайдаланылатын отын мазутын отын/табиғи газға ауыстыру, жаңа буын қоспаларын пайдалану, өндірістік объектілердің аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды ауыстыру жөніндегі іс-шаралар, газды өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды кеңейту, газды өңдеу жөніндегі қондырғыларды салу және т.б. Шығарындыларды азайту жөніндегі негізгі мақсаттарды белгілеу ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу шеңберінде жоспарланады.

#### TAZALYQ жобасы

TAZALYQ жобасы «АМӨЗ» ЖШС ағынды суларды тазарту құрылыстарын жаңғыртуды, сондай-ақ «Тухлая балка» алаңын рекультивациялауды көздейді.

### Қаражанбас кен орнындағы қабат суын тұщыту зауыты

Қабат суын тұщыту зауыты осы өңірде стратегиялық маңызды рөл атқарады, оның іске қосылуы кен орнын өзін-өзі сумен қамтамасыз етуге және өңір халқының мұқтажықтары үшін судың едәуір көлемін бағыттауға мүмкіндік береді.

### Автоматтандырылған экологиялық мониторинг ақпараттық жүйесі

Автоматтандырылған экологиялық мониторинг ақпараттық жүйесі қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға арналған және келесі маңызды міндеттерді қамтиды: мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау саласындағы есептілікті қалыптастыру процестерін автоматтандыру; нормативтік рұқсат беру құжаттарының дерекқорын жүргізу және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есептеу; өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша қоршаған ортаның жай-күйіне жедел мониторинг жүргізу.

### Тарихи мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту

2024 жылға дейін тарихи мұнай қалдықтарын толық утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту.

### Су ресурстарын басқару бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты – су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыру және су алу мен су тұтынуды қысқарту жөніндегі іс-шараларды,

мақсатты көрсеткіштерді айқындау, айналымды сумен жабдықтауды және суды қайта пайдалануды арттыру, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және ЕТҰ бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, жалпы алғанда, төгінділер көлемін және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту.

### ӨҚ, ЕжҚОҚ мәселелері бойынша персоналды оқыту

Персонал – маңызды актив, сондықтан ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕжҚОҚ мәселелерін оқытудағы қажеттілік сұранысқа ие болып қала береді. Осыған байланысты персоналды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша міндетті оқыту, даярлау және біліктілігін арттыру – басым бағыттардың бірі.

2021 жылдан бастап ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметкерлерін қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша міндетті оқыту «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС платформасында жүргізілуде.

2023 жылы ҚМГ компаниялар тобының 108 464 қызметкерін оқытуға 938 991,09 мың теңге жұмсалды. Оның ішінде ӨҚ, ЕжҚОҚ саласында мынадай негізгі бизнес-бағыттар: «Өндіру» — 482 964,4 мың теңге, «Тасымалдау» — 143 839 мың теңге, «Өңдеу» — 196 533,5 мың теңге, «Сервис» — 110 614,9 мың теңге, ҚМГ корпоративтік орталығы — 5 039,2 мың теңге.

### Қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығыстар

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Оқыған қызметкерлер саны	61 678	79 071	108 464
Сомасы, мың теңге	498 714	504 548,6	938 991,09

### Негізгі бизнес-бағыттарға бөле отырып ӨҚ, ЕжҚОҚ бойынша оқыту

Бизнес бағыты	Жұмысшылар саны	Сомасы, мың теңге
Өндіру	56 867	482 964,4
Тасымалдау	17 046	143 839
Өңдеу	17 802	196 533,5
Сервис	16 668	110 614,9
ҚМГ корпоративтік орталығы	81	5039,2



ӨҚ, ЕЖҚОҚ бойынша оқыту «70/20/10» «жұмыс орнында/ ішкі/ сыртқы» оқыту моделі бойынша қолда бар оқу-курстық комбинаттар/орталықтар базасында жүргізіледі. Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік және ішкі тренинг бойынша бағдарламалар іске асырылады, шеберлік сыныптары мен тренингтер, үздік қызметкерлер арасында түрлі конкурстар өткізіледі, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіруге және қызметкерлерді өз кәсібінде үздік болуға ұмтылуға ынталандыруға мүмкіндік береді.

ӨМГ (Жаңаөзен қ.), ҚТО (Ақтау қ.), «Oil Services Company» ЖШС (Ақтау қ.) және «ҚМГ-Инжиниринг» ЖШС (Астана қ.) меншікті оқу-курстық комбинаттары/орталықтарына ие.



### Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары

#### Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, бұл – осы қызметтегі жүйелік басқару бойынша жалпыға бірдей танылған үздік халықаралық практика.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасын орындау шеңберінде 2022 жылғы желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік энергетикалық саясаты әзірленді және бекітілді, ол ҚМГ-ның барлық еншілес тәуелді ұйымдарына, сондай-ақ мердігер ұйымдарға қолданылады.

Саясат энергияны тұтыну тұрғысынан тиімді сатып алулар мен жобалық қызметке қолдау көрсетеді, энергетикалық менеджмент бөлігіндегі жауапкершілікті айқындайды және экономикалық орындылыққа назар аударатырып, ең жақсы қол жетімді әдістерді, халықаралық тәжірибелерді, стандарттар мен әкімшілік шешімдерді енгізуді қолданады, энергия үнемдеуге және энергетикалық тиімділікті арттыруға бағытталған және 2022-2031 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК

АҚ Төмен көміртекті даму бағдарламасының ажырамас құрамдас бөлігі және мақсаттар мен энергетикалық міндеттерді белгілеу және талдауға негіз береді.

2022 жылғы желтоқсанда компанияның барлық ЕТҰ-да ұқсас саясаттар бекітілді және ішкі құжаттарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік энергетикалық саясатына сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізілді.

2023 жылы ҚМГ компаниялар тобында Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару жөніндегі регламент бекітілді. Регламент энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару шеңберінде ҚМГ компаниялар тобы бөлімшелері мен қызметкерлерінің өзара іс-қимыл тәртібін, өкілеттіктері, міндеттері мен жауапкершілік деңгейін айқындайды.

#### Энергия ресурстарын тұтыну


Компанияның корпоративтік орталығы энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинайды және талдайды, прогресті бақылайды және жақсарту мүмкіндіктерін анықтайды, өткен кезеңмен және саладағы ұқсас компаниялардың (IOGP) көрсеткіштерімен салыстырады.

2023 жылы барлығы 124,1 млн ГДж (4 088 мың. тонна ш.о.т.) отын-энергетикалық ресурстар (2022 жылмен салыстырғанда 6% аз, энергия ресурстарын тұтыну көлемінің төмендеуі ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындаумен байланысты), оның ішінде электр энергиясы – 12,9 млн ГДж, жылу энергиясы – 3,8 млн ГДж, мотор отыны – 1,6 млн ГДж және қазандық пеш отыны – 105,8 млн ГДж (бұл ретте энергия ресурстарын жалпы тұтыну көлемінен мұнай зауыты газы – 24%, табиғи газ – 22%, бензин газы – 15% және ілеспе мұнай газы – 9%). Энергия тұтыну көлемі «мұнай және газ өндіру», «мұнай тасымалдау» және «мұнай мен газ өңдеу» үш бизнес бағыты арасында бөлінген.


2023 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша өндірілетін меншікті энергия көлемі 740 мың кВт электр энергиясына және 3 988 мың Гкал жылу энергиясына жетті.

2023 жылы ЖЭК-ті қолдауға бағытталған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес, АМӨЗ «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-нан жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген өз қажеттіліктері үшін 3 741 мың кВт көлемінде электр энергиясын сатып алды. 2023 жылы ПҚОП және «CASPIBITUM» БК» ЖШС аумағында көше жарығы үшін күн панельдері сағатына 101 мың кВт электр энергиясын өндірді.

#### Отын түрлері бойынша энергия ресурстарын тұтыну, %



#### Бизнес-бағыттар бойынша энергия тұтыну құрылымы



**Энергия тұтынуды азайту**

ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін дамытудағы негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ ілеспе мұнай газын пайдалана отырып меншікті генерациялау көздерін, дамыту.

2023 жылы 1 шілдеден бастап электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу-сатуды (бірыңғай сатып алушы тетігі) және нақты уақыт режимінде электр энергиясын теңестіруші нарықты енгізу жолымен электр энергиясының көтерме сауда нарығы (ЭКН) реформаланды.


Жаңа тетік шеңберінде ел бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық тұтынушылары үшін электр энергиясына бірдей тариф белгіленеді, сондай-ақ жіберілген теңсіздіктер үшін қаржылық жауапқа ЭКН субъектілері тартылады.

ҚМГ ЕТҰ-ы қазірдің өзінде электр энергиясының көтерме нарығында жұмыс істейді.

2023 жылы төмен көміртекті даму жоспары бойынша 60 іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың есептік жылдық үнемделуі 653,2 мың ГДЖ құрады, затай мәнде – 12 312 мың кВт электр энергиясы, 8 276 Гкал жылу энергиясы, 2 489 тонна қазандық-пеш отыны және 13 149 мың м³ табиғи газ, бұл шығарындыларды 45 054 тонна CO<sub>2</sub> деңгейінде азайтумен тең. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жұмсалған жалпы шығындар 3 509 млн теңгені құрады.

**Энергия сыйымдылығы**

2023 жылы көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша меншікті энергия тұтыну ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа алғанда өндірілген көмірсутек шикізатының тоннасына 2,7 ГДж құрады, бұл 2022 жылы өндірілген көмірсутектердің тоннасына 1,5 ГДж құраған IOGP көрсеткішінен 80% жоғары.



ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа көрсеткіш ӨМГ мен ҚБМ-дегі жоғары үлестік тұтыну есебінен бұрмалауға ұшырағандықтан, нақты көрінісі бола алмайды. Қаражанбас кен орнында мұнайды жерасты қабаттарынан бумен және ыстық сумен ығыстыру арқылы ғана өндіруге болатындығына байланысты IOGP деректері бойынша бір тонна КБМ көмірсутектерін өндіруге жұмсалатын энергия ресурстарының үлестік шығындары әлемдік орташа көрсеткіштен 6 есе көп. Бір тонна ӨМГ көмірсутегін өндіруге жұмсалатын энергия шығынының көрсеткіші IOGP мәліметтері бойынша әлемдік орташа көрсеткіштен 2,3 есе артық. Бұл өндірілетін мұнайда еріген парафиндердің көп болуына және реологиялық қасиеттеріне байланысты, нәтижесінде мұнай өндіру және тасымалдау процесінде оны тек қыста ғана емес, жазда да жылыту қажет.

**ЖЭК**

Бұдан басқа, ТҚДБ-ны іске асыру жоспарында энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуден басқа, жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларға және офсеттік саясатты іске асыруға айтарлықтай назар аудартылады, бұл көміртегі ізін азайтуға мүмкіндік береді.

ҚМГ төмен көміртекті сутекті өндіру үшін ресурстық әлеуетті, құрылысқа инвестициялардың техникалық мүмкіндігін, коммерциялық және экономикалық орындылығын айқындау және бағалау, сондай-ақ мұнай беру көлемін арттыру үшін мұнай-газ кен орындарында көмірқышқыл газын қайта айдай отырып, «көгілдір» сутекті өндіру мүмкіндіктерін айқындау үшін техникалық-экономикалық есептеу жүргізіп жатыр.

Осылайша, классификацияға сай болу үшін «көгілдір» сутегі өндірісі мен көмірқышқыл газын тұту, тасымалдау және сақтау технологиялары қатар жүреді.

ҚМГ көмірсутек шикізатын өндіру операторы ретінде процестердің көміртегі сыйымдылығы талаптарына сәйкес көмірқышқыл газын ұстауды және көмуді қамтамасыз ете отырып, табиғи және (немесе) ілеспе мұнай газын бу риформингі немесе пиролиздеу әдісімен сутегін өндіру мүмкіндігіне ие.



**Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары**

**Басқару**

ҚМГ-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясында климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттар белгіленді.

1. Парник газдарының атмосфераға шығарындыларын басқару;
2. Шикі газды тұрақты алау етіп жағуды қысқарту;
3. Өндірілген өнім көлеміне шаққанда, шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру;
4. Метанның ағуын азайту;
5. Жасыл жобаларды қаржыландыруды ұлғайту.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрестің жаһандық тренді бүкіл әлемдегі компаниялардың қызметіне әсер етіп жатыр. ҚМГ елдің төмен көміртекті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатын қолдау мақсатында, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қағидаларына жауап беретін 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті. ҚМГ даму стратегиясына сәйкес, көміртегі ізін біртіндеп төмендету – Компания дамуының негізгі бағыттарының бірі.

Бағдарламаның операциялық процестердің энергия тиімділігін арттыру және ЖЭК жобаларын іске асыруға арналған негізгі бағытынан басқа, Компания сондай-ақ декарбонизация бойынша қосымша шараларды, атап айтқанда, көміртекті тұту, сақтау және утилизациялау (CCUS), сутегі энергетикасын дамыту, орман-климат салаларындағы жобаларды қолға алуды жоспарлап отыр.

2021 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, ол парник газдарының тікелей және жанама шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ға қысқартуды көздейді. Сонымен қатар, биыл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**Тәуекелдер мен мүмкіндіктер**

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі – Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі. Ол стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге кері әсер етуі мүмкін жағдайларды дер кезінде анықтауға, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған. Осы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, Компания іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Тәуекелдер бойынша есеп Директорлар кеңесіне тоқсан сайын ұсынылады.

**Ақпаратты жария ету**

ҚМГ CDP климат бойынша сауалнамасына сай 2019 жылдан бастап парник газдарының тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректерді, парник газдарының шығарындыларын басқару мәселелерін, Румыния мен Грузиядағы халықаралық активтерді қоса алғанда, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктерді жария етеді.

2023 жылы шілдеде 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-ның Климат бойынша сауалнамасы жарияланды. Есепке сәйкес, 2022 жылдың нәтижелері бойынша ҚМГ компанияларының тобында көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларының көлемі 7,6 млн тонна CO<sub>2</sub> (8,1 млн тонна CO<sub>2</sub>-экв.) құрады. CO<sub>2</sub> эквивалентіндегі деректер IPCC Fifth Assessment Report (метан – 28, азот оксиді – 265) жаһандық жылыну потенциалының коэффициенттерін пайдалана отырып ұсынылған.

Әрбір ЕТҰ бойынша парник газдарының тікелей шығарындылары бойынша деректер тәуелсіз аккредиттелген ұйымдармен расталған. 2023 жылғы Ақпарат CDP есебінде 2024 жылдың 3 тоқсанында жарияланады. Ақпаратты жариялау кезінде ҚМГ жүйелілік пен салыстырмалылық қағидатын ұстанады және ақпаратты бөлісудің толықтығын арттыру және үшінші деңгейдегі жанама шығарындылар бойынша есептілік салаларын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

Атмосфералық ауаны қорғау туралы қосымша ақпарат [Тұрақты даму туралы есепте берілген.](#)

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
Тікелей шығарындылар (Scope 1)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	15,8	10,6	8,1
Жанама шығарындылар (Scope 2, географиялық әдіс)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	3,5	3,3	3,3
Жанама шығарындылар (Scope 2, нарық әдісі)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	3,5	3,3	3,2
Жанама шығарындылар (Scope 3)	млн тонна CO <sub>2</sub> -экв.	61,3	62,1	61,8



### Шикі газды тиімді пайдалану

Газды факелде жағуды қысқарту – ҚМГ компаниялар тобы үшін басым міндеттердің бірі. Бекітілген экологиялық саясатқа сәйкес, Компания газды атмосфералық ауаға тұрақты факел арқылы тұрақты жағу деңгейіне нөлге жеткізуге тырысады. ҚМГ газды тиімді пайдалану мәселелеріне көбірек көңіл бөлуде. Осылайша, соңғы 6 жылда шикі газды факелде жағу көлемі 89% қысқарды (2017 жылғы көлем – 315,8 млн м<sup>3</sup>). 2023 жылдың қорытындысы бойынша шикі газды пайдалы қолдану 98,9%-ға жетті. Газды факелде жағу көлемінің төмендеуіне ЕМГ-де күкіртті сутектен тиімді тазартатын газды кешенді өңдеу қондырғысының іске қосу қосылуы әсер етті. Сондай-ақ, ҚОА компаниясының «Қожасай» кен орнында қуаты жылына 226 млн м<sup>3</sup> тауарлық газды құрайтын заманауи газ өңдеу кешені пайдалануға берілді.

2023 жылы шикі газды утилизациялау 98,9%-ға жетті. Шикі газды факелде жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1 мың тоннасына шаққанда 1,4 тонна деңгейінде (2022 жылы – 1,5, 2021 жылы – 2,1). Бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 7% және салалық орташа IOGP көрсеткішінен 84% төмен.

ҚМГ 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық утилизациялау» бастамасын қолдады. Компания шикі газды жағу көлемін барынша азайтуға тырысады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемі жөніндегі есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің Қазақстан Республикасындағы өкілдігіне тапсырылады.

Толығырақ ақпарат [Тұрақты даму туралы есепте берілген.](#)

### Шикі газды факелде жағу көлемі

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Жалпы шикі газды факелде жағу көлемі, млн м <sup>3</sup>	315,8	148,9	80,2	57,6	52,5	35,7	33,3
Шикі газды тиімді пайдалану деңгейі, %	85	93	97	98	98	98,8	98,9
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген КСШ 1 мың тоннасына	11	6	2,95	2,2	2,1	1,5	1,4



### Қалдықтарды утилизациялау

ҚМГ-ның өндірістік қызметі барысында өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болады. ҚМГ компанияларының тобында қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленуде және іске асырылуда, түзілген және жинақталған қалдықтардың, оның ішінде мердігер компаниялардың қалдықтарының есебі жүргізіледі, қалдықтарды қалпына келтіруге дейін немесе жойғанға дейін оларды қауіпсіз жинақталады. 2022 жылы түзілген және жинақталған қалдықтарды қалпына келтіруге арналған ҚМГ шығыстары 17,8 млрд теңгеге жетті.

Қалдықтарды қалпына келтіру әдістерін таңдау кезінде басымдық заманауи технологияларға, оның ішінде қоршаған ортаны қайта ластамайтындырына берілетінін атап өткен маңызды.

2019 жылы 6 тамызда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен ҚМГ арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, ол бойынша 2024 жылға дейін бұрыннан жиналған қалдықтарды утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту бойынша жұмыстарды орындау міндеттемесі қарастырылған. Меморандумға ММГ, ӨМГ және ҚБМ қосылды.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап келісімшарттық аумақтар түгенделді, ол бойынша қалдықтардың сипаттамалары, қалдықтардағы мұнай өнімдерінің құрамы және жалпы көлемі айқындалды. Осы түгендеу негізінде мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтірудің тиісті жобалары әзірленіп, мемлекеттік органдармен келісілді, жобалардың шеңберінде мұнаймен ластанған қалдықтарды утилизациялаудың қауіпсіз және тиімді технологиялары таңдап алынды және ұсынылды, 2024 жылды қоса алғанда, мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіруді жүргізу кестесі жасалды.

Сонымен бірге, ЕМГ мен ҚТМ меморандумдағы міндеттемеге кірмегеніне қарамастан, мұнда да бұрыннан ластанған жерлерді жинау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Аталған компаниялар құрамында мұнайы бар бұрыннан жиналған қалдықтарды утилизациялау және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстарды орындауға мамандандырылған ұйымдармен ұзақ мерзімді шарттар жасасты.

2023 жылы ҚМГ ЕТҰ объектілерінде 1 145 мың тонна тарихи қалдық утилизацияланды, олардың орны қалпына келтірілді.

ҚМГ компаниялар тобында қалдықтарды басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың жобасы әзірленді, оны 2024 жылы бекіту жоспарланып отыр. Стандартта Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қалдықтарды басқару жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде ЕТҰ жауапты тұлғаларының қадам бойынша әрекеттері көрсетілген. Стандарт – өндірістік объектілердегі қалдықтарды басқару мәселелері бойынша жұмыста басшылыққа алынатын құжат.

Қалдықтарды бөлек жинау мен қайта пайдалануды енгізу шеңберінде 2023 жылы ҚМГ ғимаратында алюминий банкарды, пластикалық бөтелкелерді және шыны ыдыстарды қабылдау бойынша терминалдар (фандомат) орнатылды. 2023 жылы фандомат одан әрі утилизациялау үшін 17 516 пластикалық бөтелке мен 3 403 алюминий банка қабылдады.

Қалдықтарды басқару туралы қосымша ақпарат [Тұрақты даму туралы есепте берілген.](#)

### Активтерді шығару бойынша міндеттемелер

#### Мұнай-газ активтері

Заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша ҚМГ-ның негізгі құралдарды демонтаждау, жою және әрбір кен орнындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері бар. Атап айтқанда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнім бермейтін ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау мен келісімшарттық аумақты қалпына келтіру, сондай-ақ пайдаланудан шығару сияқты

қызметті түпкілікті тоқтату және өндіріс учаскесіндегі қоршаған ортаны ластауға жол бермеу жөніндегі міндеттемелер бойынша шаралар қабылдау жатады.

Компания активтердің шығарылуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке есептейді. Міндеттеме сомасы инфляцияның болжамды деңгейіне түзетілген және өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік борышы бойынша қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз проценттік мөлшерлемелерді пайдалана отырып, дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша компанияның мұнай-газ активтерін жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервінің баланс құны 124 млрд теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 88 млрд теңге) құрады (толығырақ [Шоғырландырылған қаржылық есебінің 30-ескертепесінде](#)).

### Магистральды мұнай құбырлары және газ құбырлары

2012 жылдың 4 шілдесінде күшіне енген Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» Заңына сәйкес, ҚТО-ның (ҚМГ-ның еншілес ұйымы) магистральды құбырды пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді рекультивациялау жұмыстарын жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырларды жою және жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттеме арналған резерв ҚМГ-ның демонтаж және рекультивациялау жұмыстарының құнына жүргізілген есебінің негізінде бағаланады. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, ҚМГ компаниялар тобының құбырларды жою және тиісті жерлерді рекультивациялау жөніндегі міндеттеме бойынша резервінің баланс құны 46 млрд теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша — 41 млрд теңге) құрады (толығырақ [Шоғырландырылған қаржылық есебінің 30-ескертепесінде](#)).

### Экологиялық оңалту

ҚМГ сондай-ақ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтерді қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығын болашақ экономикалық пайдаға қарай және оған қатысты себептерге байланысты капиталдандырылады.

Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві ҚМГ компаниялар тобының қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын орындау үшін қажет шығындардың тәуелсіз бағасына негізделген басшылықтың тиімді бағасын білдіреді. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша экологиялық міндеттемелер бойынша резервтің баланс құны 39 млрд теңгені құрады (2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 681 млрд теңге) (толығырақ [Шоғырландырылған қаржылық есебінің 36-ескертепесінде](#)).



## Су ресурстарын қорғау

Су – ҚМГ-ның барлық өндірістік процестерінің ажырамас бөлігі. ҚМГ БҰҰ-ның жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады және өз қызметіне Тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ТДМ) қолданады. Компания барлық 17 ТДМ-ды ұстанады, солардың бірі – №6 мақсат. «Таза су және санитарлық тазалық». Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін қысқартуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, суды қайталап және айналымда пайдалануды ұлғайтуға, ағын сулардың сапасын арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

ҚМГ – көмірсутектерді өндірумен, тасымалдаумен және өңдеумен айналысатын вертикалды интеграцияланған компания. Барлық процестер судың едәуір мөлшерін талап етеді. ҚМГ суды жерүсті, жерасты көздерінен, муниципалдық сумен жабдықтау жүйелерінен және Каспий теңізінен алады. ҚМГ кәсіпорындарының сарқынды суларының негізгі қабылдағышы (және соңғы пункт) келесідей түрлі мамандандырылған қабылдағыштар: жинағыш тоғандар, булану алаңдары және сүзу алаңдары. Бұл объектілер – сарқынды суларды табиғи тазартуға және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге арналған техникалық құрылыстар. Өздерінің жинақтағыштары жоқ кәсіпорындар суды тазарту мен утилизациялау үшін су ағындарын мамандандырылған компанияларға береді. Экологиялық заңнамада белгіленген ағызылатын су сапасының нормативтеріне сарқынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Алайда жерүсті табиғи су қоймаларына ағынды су ағызылмайды.

Компанияның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тазартылған ағынды суларды технологиялық процеске қайтару, жасыл желектерді суару үшін пайдалану, салынып жатқан алаңдар мен жолдардағы шаңды басу арқылы қайта пайдалану көлемін арттыру.

ҚМГ су тапшылығы бар аудандарда пайдаланылатын активтерді картаға түсіру үшін Әлемдік ресурстар институтының (WRI) Aqueeduct су стресі құралын пайдаланады. Осы өңірлерде ҚМГ тұщы суды аз пайдалану, суды қайта падалану көлемін ұлғайту және су пайдалануды бақылау үшін су ресурстарын басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

Су ресурстары тапшылығының алдын алу, экономиканың жоспарланған өсімін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру мәселесін шешу үшін 2024 жылы бекітуге жоспарланған Су ресурстарын басқару бағдарламасы әзірленді.

## «Атырау МӨЗ» ЖШС

«Тазалық» жобасы – қазіргі уақытта АМӨЗ жүзеге асыратын табиғатты қорғау бағытындағы негізгі іс-шаралардың бірі. Жоба булану өрістерін, механикалық және биологиялық тазарту құрылыстарын реконструкциялауды және толық тазарту қондырғысын салуды көздейді. Жоба ағынды суларды тазарту сапасын арттыру және тазарту қондырғыларының ашық алаңдарынан атмосфераға зиянды булануды тоқтату және булану өрістерінен қоршаған ортаға бөлінетін зиянды әсерді азайту арқылы экологияға айтарлықтай әсер етеді.

Осы жоба шеңберінде механикалық тазарту құрылыстарының өнімділігін екі есеге арттыру көзделген. Сондай-ақ, АМӨЗ-дің сарқынды суларын АМӨЗ-ге тиесілі булану алаңдарына ағызуға қолданған ашық каналдың орнында АМӨЗ-ден қалалық кәріз-тазарту құрылыстарына дейін құбыр орнатылды, сол арқылы қоршаған ортаға зиянды заттардың бөлінуіне жол берілмейді. Сондай-ақ, АМӨЗ бірнеше кезеңнен тұратын булану өрістерін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр: булану өрістерін құрғату, қамыс шабу, терең жырты, биопрепаратпен өңдеу, сондай-ақ үш деңгейлі қалпына келтіру жұмысы.

## «Астрахань – Маңғышлақ» магистральды су құбыры

2023 жылы Атырау облысында «Астрахань – Маңғышлақ» магистральды су құбыры іске қосылды, ол кешенді қайта құру нәтижесінде кеңейтілді. Су құбырын реконструкциялау белгіленген мерзімнен бір жылға ерте жүзеге асырылды.

Жаңартылған «Астрахань – Маңғышлақ» магистральды су құбыры Атырау және Маңғыстау облыстарының халқы, кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы үшін қосымша 60 мың текше метр су көзіне айналады.

Жоба шеңберінде тозған жабдықтарды жаңарту бойынша жұмыстар орындалды, ұзындығы шамамен 177 км магистральды су құбырының екі учаскесі ауыстырылды, құрылыс кезінде 500-ден астам адам жұмылдырылды. Нәтижесінде «Астрахань – Маңғышлақ» су құбырының өткізу қабілеті тәулігіне 110 мың текше метрден 170 мың текше метрге дейін артты.

Мәселен, Кендірлі кентінде қуаты тәулігіне 50 мың текше метр су тұщыту зауыты салынуда. Одан Жаңаөзен қаласына дейін ұзындығы 105 км магистральды су құбыры салынады.

Бұдан басқа, «Каспий» сумен жабдықтау зауытын реконструкциялау жүргізілуде. Нәтижесінде зауыт қуаты екі есе артып, 40 мың текше метрге жетеді.

## Маңғыстау облысы Кендірлі демалыс аймағы ауданында су тұщыту қондырғыларын салу

«Кендірлі» демалыс аймағында қуаты тәулігіне 50 мың м<sup>3</sup> теңіз суын тұщытуға мүмкіндік беретін зауыттың құрылысы басталды. Бұл жоба Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға жан-жақты әсер етеді. Құрылысты 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда, ал зауыттың жобалық қуатқа шығуы 2025 жылдың көктеміне жоспарланған.

## «Қаражанбасмұнай» АҚ

ҚБМ Қаражанбас кен орнында Маңғыстау облысында кен орнын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге арналған қабат суын тұщыту зауыты іске қосылды. Зауыт толық қуатқа шыққан кезде қабат суын өңдеу тәулігіне 42,5 мың м<sup>3</sup> болады, бұл ретте тазартылған су өндіру тәулігіне 17 мың м<sup>3</sup> жетеді. Бұл едәуір су мөлшерін өңір халқының мұқтажына жолдауға мүмкіндік береді.



ҚМГ-де су пайдалану және іске асырылатын жобалар туралы толығырақ ақпарат [Тұрақты даму туралы есепте берілген](#).

ҚМГ компаниялар тобының суды және су ресурстарын басқару жөніндегі деректері 2020 жылдан бастап Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде Carbon Disclosure Project (бұдан әрі – CDP) алаңында жарияланды. 2022 жылғы ақпарат CDP ресурсында жарияланған.

Толық ақпаратты ҚМГ-ның ашық көздерде жарияланған есептерінен мына сілтеме бойынша алуға болады: [CDP су қауіпсіздігі бойынша 2022 жылға арналған сауалнамасы](#)



## Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚМГ және оның ЕТҰ өндірістік қызмет нәтижелеріне, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың алдын алуға қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына басымдық береді.

ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты бейілділігіне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған. Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен апаттарға, алкоголь, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Компания ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді. Компания әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

## 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

ҚМГ Қазақстан Республикасының ең ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірі ретінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және Компанияның өндірістік объектілері жұмыс істейтін аудандарда тұратын персонал мен халықтың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөледі. Біздің қызметкерлер Компанияның еңбек қызметі үшін қауіпсіз жағдай жасайтынын және жұмыс орнында еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін ең жоғары стандарттарды енгізетінін атап айтады.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны өткен жылмен салыстырғанда 19% төмендеді (2022 жылғы 36 жағдайдан 2023 жылы 29 жағдайға дейін).

Жол-көлік оқиғаларының саны 21% төмендеді (2022 жылы 24 жағдайдан 2023 жылы 19 жағдайға дейін), өрт саны 100% төмендеді (2023 жылы өрт тіркелмеді, 2022 жылы бір жағдай тіркелді).

2023 жылы оқыс оқиғалар көрсеткішінің оң динамикасына қарамастан, еңбек қызметіне байланысты адам өлімімен аяқталған екі жазатайым оқиға орын алды, 2 қызметкер ПҚОП-тың бір қызметкері ЖҚО салдарынан және «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің бір қызметкері жылжымалы заттардың әсері нәтижесінде) қайтыс болды.

ЕҚ және ӨҚ негізгі көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	2023/2022 Ауытқу	%
Жазатайым жағдайлар	Жағдай	28	35	28	-7	-20
Жазатайым жағдай кезінде зардап шеккендер	Адам	32	36	29	-7	-19
өлім-жітімді қоса алғанда	Адам	3	1	2	+1	+100
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	22	24	19	-5	-21
Өрт	Оқиға	6	1	0	-1	-100

**Жазатайым оқиғалар мен өлімге әкелген жағдайлардың коэффициенті**

Көрсеткіш	2021	2022	2023	IOGP <sup>1</sup>
Жұмыс уақытын жоғалтуды қосқанда болған жазатайым оқиғалар коэффициенті, 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,31	0,36	0,30	0,26
Өлім-жітім коэффициенті, 100 млн адам-сағатқа шаққанда	2,93	1,0	2,11	0,30

**Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару**

2023 жыл ішінде апаттар мен инциденттердің алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар шеңберінде өндірістік процестердің қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету/кедергілерді басқару мәселелері бойынша ЕТҰ-да түсіндіру, кеңестік-консультациялық жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ, 2023 жылы ЕТҰ-ның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметі бойынша 23 жоспарлы тексеру жүргізілді. ҚМГ компаниялар тобындағы қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйін жақсарту бойынша 220 ұсыныс пункті берілді.

«ҚазмұнайГаз» ҰК АҚ энергия көздерін оқшаулаудың корпоративтік қағидаларын енгізу шеңберінде ЕТҰ-мен LOTO өндірістік қауіпсіздік жүйесін енгізу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. LOTO өндірістік қауіпсіздік жүйесін енгізу және қолдану ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Департаментінің бақылауында. 2024 жылы ҚМГ компаниялар тобының өндірістік қызметіне LOTO өндірістік қауіпсіздік жүйесін енгізу және практикалық қолдану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, ҚМГ ЕТҰ объектілерінде өндірістік қауіпсіздікті жүйелі жетілдіру мақсатында ММГ «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының оқу полигонында жанып тұрған ұңғымадағы ашық субұрпақты жою және зардап шегушіні құтқару бойынша «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» ЖШС Маңғыстау филиалы бөлімшесінің, «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің қатысуымен апатқа қарсы

жаттығу өткізілді. Іс-шара барысын «Самұрық-Қазына» АҚ, ҚМГ, өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті департаментінің, Маңғыстау облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері және ҚМГ ЕТҰ өкілдері қадағалады. Жаттығуда ұңғыма жабдықтарын салқындату, субұрпақтың жылу шығару қарқындылығын төмендету, газдану аймағын анықтау, сағаны тығыздау және ауырлатылған бұрғылау ерітіндісін айдау арқылы ұңғыманы сөндіру бойынша іс-шаралар пысықталды.

**Көлік қауіпсіздігі**

ЖКО статистикасы бойынша Компанияға тәуелді емес оқиғалардың туындау қаупінің объективті факторлары бар екенін атап өту қажет. Осындай факторлардың бірі – көлік құралдарының үлкен саны, ол бүкіл Компания бойынша 11 мыңнан астам бірлікті құрайды, сервистік компаниялар қызметі тәулік уақытына, жыл мезгіліне және ауа-райына қарамастан сапарға шығу қажеттілігімен ерекшеленеді.

Екінші фактор – Қазақстан Республикасының барлық аумағында шашыраңқы орналасқан Компанияның еншілес ұйымдарының географиялық орны, сондай-ақ олардың үшінші тараптың кінәсінен ЖКО-ның туындау қаупі жоғары болатын ірі қалалар мен елді мекендерде орналасуы. Мысалы: 2023 жылы болған 19 ЖКО-ның 79 %-ы (15 ЖКО) үшінші тараптың кінәсінен болған жол-көлік оқиғасына жатқызылды.

Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автокөлікті пайдалану және қызмет көрсету процесінде адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, ЖКО алдын алу, компания қызметкерлерінің жарақаттану тәуекелдерін азайту шеңберінде көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізілуде:

- 2023 жылы ЕТҰ мен мердігер ұйымдардың 1905 қызметкері (ЕТҰ-ның 1451 қызметкері, мердігер ұйымдардың 454 қызметкері) RoSPA халықаралық стандарттарына сәйкес «Қорғана отырып жүргізу» («Defensive Driving») әдістемесі бойынша оқудан өтті.
- ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің қауіпсіздік белдіктерін тағуға қатысты хабардар болуын арттыру және ЖКО кезінде жарақаттануды азайту мақсатында ЖКО кезінде фронтальды соқтығысу тренажер-имитаторының практикалық көрсетілімі («Конвинсер») өткізіледі, оған ҚМГ ЕТҰ-ның 7 783 қызметкері қатысты.
- «Сапарларды басқару» көлік құралдарына автоматтандырылған мониторинг жүргізу жүйесі жобасын іске асыру шеңберінде 2023 жылы ҚБМ, ӨМГ, ММГ, ОТК, ОСК-да көлікті басқару процестеріне диагностика жүргізілді (ҚБМ, ӨМГ, ОТК, ОСК-да жобаны іске асыру бойынша Жол карталары бекітілді).

**Өрт қауіпсіздігі**

2023 жылы ҚМГ нысандарында өрт тіркелген жоқ. Бұл ретте өрт қауіпсіздігі бөлігінде келесідей оқиғалар тіркелді:

Он бір тұтану (АМӨЗ (2), ӨМГ (2), ӨМС, ММГ, Petromidia МӨЗ, ЕМГ, ҚГМ, ОСК, 1 жарқыл (ӨМГ), 3 бықсып жану оқиғасы (ҚТО, АМӨЗ, ММГ)).

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес «өрт», «тұтану», «бықсып жану» және «жарқыл» түрлі белгі мен анықтамаға ие, осыған байланысты жоғарыда аталған жағдайлар өрттер статистикасына кірмеген.

2023 жылы 21 маусымда Румыниядағы Petromidia зауытында жеңіл гидрокрекинг қондырғысында (МНС) жүргізілген арнайы техникалық жұмыстардан кейін өрт шықты. Зардап шеккендер жоқ. Бөлімшенің және мұнай өңдеу зауытының басқа секцияларының қызметкерлері толық эвакуацияланды.

Өртке қарсы қауіпсіздік шараларын арттыру мақсатында 2021 жылы қазанда ҚМГ 2022-2024 жылдарға арналған өрт қауіпсіздігі саласындағы кешенді жоспары әзірленіп, бекітілді. Онда қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді, сондай-ақ алдын алу іс-шаралары көрсетілген.

Кешенді жоспарға сәйкес және «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасын орындау аясында барлық ЕТҰ-да жыл бойы жоспарлы өрт-тактикалық оқу-жаттығулар өткізілді.

2023 жылы шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдерінің қатысуымен ММГ-де оқу-жаттығулар өткізілді.

2023 жылы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің қатысуымен «CASPI BITUM» БК ЖШС резервуарлық паркінде өртті жою бойынша өрт-тактикалық оқу-жаттығулар өткізілді.

ҚМГ корпоративтік орталығында 2023 жыл ішінде адамдарды эвакуациялаумен және ғимаратта шартты өртті сөндірумен екі өртке қарсы жаттығу өткізілді.

**Мердігер ұйымдармен ӨҚ, ЕжҚОҚ саласында өзара іс-қимыл**

Компания мердігер ұйымдармен ӨҚ, ЕжҚОҚ саласында өзара іс-қимыл процестерін жақсартуға ұмтылады. Олар ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде мердігер және қосалқы мердігер ұйымдардың жұмысты орындауы мен қызмет көрсетуі кезінде тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және төмендетуге негізделген.

Компания мердігер ұйымдардан Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, ҚМГ адам өміріне маңызды ережелерді, компанияның ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы саясаттары мен стандарттарының талаптарын сақтауды және орындауды талап етеді.

Мердігер ұйымдардың қатысуымен болған оқиғаларды азайту мақсатында ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті 2023 жылы 12 ЕТҰ-да ӨБ саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл процестерінің дұрыстығына аудит жүргізді, нәтижесінде жағдайды жақсартуға 587 ұсыным берілді.

2023 жылы компанияның ұйымдарында ӨҚ, ЕжҚОҚ қызметтерінің ұйымдық құрылымдарын талдау негізінде ЕТҰ-ға ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі маманды штатқа қосу ұсынылды.

Сондай-ақ, мердігерлермен жасалатын шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын және ҚМГ-ның ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы стандарттарының талаптарын бұзатын мердігер ұйымдарға қатысты айыппұл санкцияларын енгізу көзделген.

Потенциалды қауіпті жағдайларды басқару және ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы оқиғаларды болдырмау үшін компанияда «ҚМГ-ның өмірлік маңызды ережелері» енгізілді, ол мердігерлік ұйымдарға да қолданылады, бұл қызметкерлерге өздерін және әріптестерін жазатайым оқиғалардан қорғау үшін қабылдауы мүмкін әрекеттермен танысуға мүмкіндік береді. Саясатқа сәйкес және СМ, мердігерлерді қоса алғанда, Компания қызметкерлеріне жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына не қоршаған ортаға негізді түрде қауіп төндіретін ықтимал қауіпті жағдай туындаған кезде жұмыстан бас тартуға немесе тоқтатуға заңды құқық берілді.

<sup>1</sup> 2022 жылға арналған IOGP көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).



Мердігер ұйымдармен ӨҚ, ЕжҚОҚ саласында коммуникацияны және өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында 2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерінің және еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша «Оқиғаларды тергеп-тексерудің тиімділігі және мердігер ұйымдарда ӨҚ, ЕжҚОҚ басқару» тақырыбында ӨҚ, ЕжҚОҚ қызметтері басшыларының форумы өткізілді. Форумда ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы процесстік тәсілдер мен мердігер ұйымдарды басқару бойынша өзекті кейстер талданды, атап айтқанда Деминг PDCA циклі негізінде процесстік басқарудағы проблемалық міндеттердің шешімін іздеуге арналған аналитикалық тәсіл және оны Chevron компаниясының мысалында мердігер ұйымдарды басқаруға қолдану мәселесі қарастырылды.

Компанияның ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы негізгі талаптары жұмылдыру алдындағы аудит – техника мен жабдықтың, мердігер персоналының жұмыс басталғанға дейінгі дайындығы, мердігердің негізгі қызметкерлері қатарынан ӨҚ, ЕжҚОҚ бойынша жауапты қызметкерлерді тағайындау, мердігермен бастапқы кеңес өткізу, ӨБ жоспарын әзірлеу және іске асыру, мердігердің ЕжҚОҚ (жұмыс басталар алдында, жұмыстарды орындау барысында, жұмыстарды аяқтағаннан кейін) және мердігердің ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы нәтижесін бағалау.

**ӨҚ, ЕжҚОҚ бағытын цифрландыру**

Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлы платформаны құру мақсатында 2022 жылы ЕМГ-де «Сапарларды басқару» көлік құралдарының автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру аяқталды.

«Сапарларды басқару» көлік құралдарының автоматтандырылған мониторинг жүйесін ЕМГ-де енгізу нәтижесінде көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі оң әсерді ескере отырып, жобаны ҚМГ-ның басқа еншілес және тәуелді ұйымдарында кезең-кезеңімен арттыру шеңберінде, 2023 жылы ҚБМ, ӨМГ, ММГ, ОТК, ОСК-да көлікті басқару процестеріне диагностика жүргізілді және жобаны іске асыру бойынша жол карталары бекітілді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы процестерді цифрландыру шеңберінде ЕМГ базасында электронды наряд-рұқсат беру жүйесін енгізу процесі жалғасуда. 2023 жылы желтоқсан айынан бастап электронды наряд-рұқсат беру жүйесі ЕМГ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде пайдалануға берілді. Сондай-ақ 2023 жылы қауіпті технологиялық операцияларды жүргізу кезінде, ұңғымаларды жерасты жөндеу кезінде

инциденттердің алдын алуға және қызметкерлерге теріс әсерді азайтуға бағытталған TUMAR өндірістік қауіпсіздігі бойынша автоматтандырылған зияткерлік жүйені әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

**ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесін жетілдіру**

2018 жылдан бастап ҚМГ IOGP ұйымның толық құқылы мүшесі ретінде кіру туралы шешім қабылдады.

IOGP-ге мүше болған жылдары ҚМГ IOGP халықаралық озық ұсынымдары мен тәжірибелерін зерделеп, пайдаланды, бұл ҚМГ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, жалпы қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерін, сондай-ақ жалпы менеджмент жүйесін жақсартуға көмектесті, ҚМГ-ның халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктері мен рейтингін көтерді.

IOGP 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін IOGP-ге мүше 100-ге жуық кәсіпорында 2 мың өлімге әкелген жазатайым оқиғаларға талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде қауымдастық қауіпсіздікке қойылатын жиі қайталанатын өрескел қателіктерді анықтады.

Осы қателіктердің алдын алу үшін өмірді сақтаудың тоғыз маңызды ережесі әзірленді. Бұл ережелер жұмысшыларға өздерін және әріптестерін жағымсыз салдары бар қауіпті жағдайлардан қорғау үшін жасай алатын әрекеттері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

Қауымдастыққа мүше ретінде ҚМГ еншілес тәуелді ұйымдарға «ҚМГ-ның адам өміріне маңызды ережелерін» әзірледі және енгізді. Қызметкерлерді «ҚМГ-ның адам өміріне маңызды ережелерінің» сақталуы туралы ақпараттандыру мақсатында ЕТҰ-да қызметкерлерге нұсқау беру, бейнематериалдар арқылы телехабар тарату науқандары өткізілді. ҚМГ Басқарма Төрағасының атынан «ҚМГ-ның адам өміріне маңызды ережелерін» сақтаудың маңызы жайлы және орындалуы қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы туралы үндеу жолданды.

Қызметкерлерде еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамыту мақсатында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2023 жылы «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» бағдарламасы бойынша ҚМГ және ЕТҰ-ның 30 мыңға жуық қызметкері оқытылды.




**Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы**

Қазақстан Республикасы заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, Компанияда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару жүзеге асырылады. Өндірістік процеске қарамастан, ҚМГ өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

2023 жылы ЕТҰ қызметкерлерінің арасында жарақаттанумен байланысты емес өлім-жітім саны екі жағдайға немесе 20%-ға азайды. Негізінен, бұл көрсеткіш қызметкерлердің жүрек-қан тамырлары ауруларының салдарынан тіркелді.

**Еңбек қызметіне байланысы жоқ өлім-жітім саны, %**



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының «Персоналдың денсаулығын басқару» 24-стратегиялық бастамасын орындау шеңберінде денсаулық сақтау және өндірістік санитария жөніндегі ішкі құжаттар әзірленіп, келісілді:

- ҚМГ компаниялар тобындағы персоналдың денсаулығын басқару жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;
- ҚМГ компаниялар тобында міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік стандарт;
- ҚМГ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі жаңа редакциядағы регламент;
- ҚМГ компаниялар тобында өндірістік санитарлық бақылаудың бірыңғай үлгілік бағдарламасын жасау жөніндегі регламент.

ҚМГ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламентке сәйкес, жыл сайын және тұрақты негізде медициналық оқу дабылдарын жүргізу арқылы әрбір өндірістік объектіде шұғыл медициналық ден қою жоспары тестіленеді. ЕТҰ объектілерінде 2023 жылы 560-тан астам медициналық оқу дабылдары, оның ішінде өндірістік аумақтарда орналасқан мердігер ұйымдардың қатысуымен өткізілді. Медициналық оқу дабылдары келесі тақырыптар бойынша жүргізілді: биіктіктен құлау, есін жоғалту, улану, жүрек тоқтауы және т.б. Аппараттық кешендерді енгізу жалғасуда – медициналық тексерудің электронды жүйесі және 2023 жылдың соңына қарай ҚМГ ЕТҰ-да 44 бірлік аппараттық кешен енгізілді.



## Әлеуметтік жауапкершілік

Жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы жұмыс істеп тұрған ішкі коммуникациялар жүйелері, жергілікті атқарушы органдармен, кәсіподақтармен өзара іс-қимыл жасау және еңбек ұжымдарымен тең құқықты ұжымдық келіссөздер Компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметін реттейтін халықаралық заңдар мен шарттарды сақтайды, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсері үшін, ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты дамуы үшін акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларына, Компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті бағалауға, кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және конструктивті талқылауға құқылы. Компания ұлттық, нәсілдік, діни белгілері, жасы, жынысы, саяси нанымдары немесе басқа белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді.

ҚМГ меритократия, әділдік және объективтілік қағида-даттарын ұстанады, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдай жасайды және әркімнің Компанияның қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды, қызметкерлердің барлық деңгейлерде түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

### Әлеуметтік тұрақтылық

ҚМГ қызметкерлердің өкілдерімен конструктивті диалог жүргізу арқылы кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылады және түрлі наразылық акцияларының болмауына ұмтылады. Бірыңғай әлеуметтік саясатқа сәйкес іске асырылатын іс-шараларды қоса алғанда, әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында тұрақты негізде кешенді жұмыс жүргізіледі. Оның ішінде ЕТҰ-дағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі жоспарлы іс-шаралар, әлеуметтік тұрақтылық индексі зерттеу, ішкі коммуникацияларды белсенді түрде пайдалану, мердігер ұйымдармен жұмыс және т.б. бар.

Кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында 2023 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Аталған жоспарды әзірлеу кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы ҚМГ-ның барлық ірі ЕТҰ-ларында жүргізетін Samruk Research Services<sup>1</sup> зерттеулерінің нәтижелері қолданылады.

Компаниядағы Samruk Research Services интегралдық көрсеткіші 2023 жылы 75%-ды құрады.

SRS көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері негізінде әрбір кәсіпорын әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштерін айқындау барысында анықталған қауіпті аймақтарды азайту және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Жоспарда көрсетілген іс-шаралар еңбек ұжымының қанағаттану деңгейін арттыру, басшылықтың іс-әрекеттеріне сенім білдіру, кері байланыс жүйесін жолға қою, еңбек жағдайларын жақсарту, тұрғылықты жер жағдайын, тамақтануды ұйымдастыру және т.б. жөніндегі шараларды көздейді.

2023 жылы корпоративтік орталық барлық ЕТҰ үшін SRS жақсарту жөніндегі жоспардың бірыңғай үлгісін әзірледі, сондай-ақ ЕТҰ-ға бару практикасы мен тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жәрдемдесу мүмкіндігі енгізілді.

2023 жылы ұжымдарға құқықтық және әкімшілік кеңес беру, заңгерлік көмек көрсету қамтамасыз етілді. Жанжалдарды, еңбек дауларын реттеуге қатысу, оның қатысушыларына өзара қолайлы шешім табуға көмектесу үшін 18 ішкі медиатор оқытылды. Еңбек жанжалдары мен наразылық көріністерінің туындау қаупі бар барлық кәсіпорын туралы мәліметтер жүйеленген. Ұжымдардағы жағдайды қиындата түсетін алғышарттарға уақтылы жауап беру алгоритмі жасалды. ЕТҰ еңбек ұжымдарында және олардың барлық мердігер компанияларында қалыптасқан ахуалға мониторинг жалғасуда. Жыл ішінде 55 кәсіпорында әлеуметтік шиеленістің ықтимал тәуекелдері бар 63 жағдай ерекше бақылауда болды.

2022 жылы маусымнан бастап ҚМГ-ның Ақтау қаласындағы Өкілдігі (бұдан әрі – Өкілдік) жұмыс істейді. Ведомствоаралық және өңірлік штабтар мен комиссиялар шеңберінде мемлекеттік органдармен тығыз өзара іс-қимыл ұйымдастырылды. Өкілдіктің қатысуымен 38 отырыс өткізіліп, облыстың 96 кәсіпорнының проблемалық мәселелері шешілді. Кәсіподақ ұйымдарымен жұмыс жолға қойылды, олармен өткізілген 25 кездесудің нәтижелері бойынша 161 хаттамалық шешім қабылданды, оның 125-і іске асырылды, 36-сы орындалу кезеңінде.

## 75 %-ды құрады

Компанияның 2023 жылғы Samruk Research Services интегралдық көрсеткіші

Туындаған еңбек жанжалдарын заң аясында қарастыру арқылы Өкілдіктің тікелей қатысуымен (татуластыру комиссияларын құру, жұмыс беруші мен ереуілшілер арасында ортақ шешім табу және т.б.) 11 ереуіл тоқтатылды, 52 наразылықтың бастапқы кезеңде алды алынды. Әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында ҚМГ ЕТҰ мердігер ұйымдарында өндірістік қатынастар (Industrial Relations) бағыты бойынша тұрақты бақылау қамтамасыз етілді. Бұл жұмыс аясында 11 тексеру және IR-скрининг жүргізілді.

Қабылданған шаралар нәтижесінде орташа дәрежедегі еңбек жанжалдары тәуекелі бар мұнай-газ секторы кәсіпорындары саны айтарлықтай төмендегені

## 645 азаматтардан түскен өтініш саны

Өкілдік құрылған сәттен бастап қабылданған өтініш саны

байқалады (биыл қаңтардағы 20 жағдайдан желтоқсандағы 4 жағдайға дейін). Қазіргі уақытта ЕТҰ мен мердігер компаниялардың барлық кәсіпорны штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Өкілдік құрылған сәттен бастап 76 мәселе бойынша (жұмыспен қамту – 22, жалақыны көтеру және берешекті өтеу туралы – 15, қолданыстағы тарифті көтеру – 3, өндірістік және экологиялық мәселелер – 8, сыйлықақы тағайындау – 10, әлеуметтік жағдайды жақсарту – 13, IPO өткізу және акцияларды сатып алу – 3, өзге сұрақтар – 2) азаматтардан 645 өтініш қабылданды, олардың 84%-ы шешілді, қалған 16%-ы орындалып жатыр және бақылауға алынған.

### Қызметкерлер саны

ҚМГ компаниялар тобы қызметін жүргізетін өңірлерде 50 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. 2023 жылдың соңында қызметкерлердің нақты саны ҚМГ компаниялар тобы бойынша 49 710 адам болды, оның ішінде штаттық қызметкерлер — 46 603 адам, аутстаффинг — 3 107 адам.

### ҚМГ компаниялары тобында еңбек ететіндердің нақты саны (шоғырланған), адам

'23	49 710
'22	47 526
'21	47 437



<sup>1</sup> Samruk Research Services — қызметкерлердің көңіл-күйін, олардың әлеуметтік тыныштығын және наразылық көңіл-күйінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік зерттеу. Сонымен қатар, нақты кәсіпорындар бойынша индекс қызметкерлерді толғандыратын проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Көрсеткіш <sup>1</sup>	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023
Ерлер	%	82	82	81
Әйелдер	%	18	18	19
Өндірістік персонал	%	92	92	92
Әкімшілік-басқару персоналы	%	8	8	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	59	59	58
■ елдер	%	81	81	81
■ әйелдер	%	19	19	19
50 жастан асқан қызметкерлер, оның ішінде:	%	29	30	31
■ елдер	%	81	81	81
■ әйелдер	%	19	19	19
30 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	12	11	11
■ елдер	%	86	86	88
■ әйелдер	%	14	14	12
Ашылған жұмыс орындары	бірлік	945	88	918
Орташа тізімдік санынан	%	2,1	0,2	1,9
Еңбек қатынастары тоқтатылғандар	адам	2 757	3 123	2 124
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	11	10	10
■ елдер	%	82	82	85
■ әйелдер	%	18	18	15
ҚМГ компаниялары тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	6	6	4,5

Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлердің үлесі 81%, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды. Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92%, әкімшілік-басқару персоналының үлесі 8%-ды құрайды.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта ұсынылған – 58%, бұл ретте ерлердің үлесі 81%, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлер саны персоналдың жалпы санының 31%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі – 81%, әйелдердің үлесі – 19%.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 11%-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі — 88%, әйелдердің үлесі – 12%.

2023 жылы ашылған жұмыс орындарының саны – 918 бірлік немесе орташа тізімдік санның 1,9%-ын құрайды. Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны – 2 124 адам.

Барлық деңгейдегі басшылық құрамына кіретін қызметкерлердің үлесі – қызметкерлердің жалпы санының 10%, оның ішінде әйелдер — 15% (2022 жылы — 18%), ерлер — 85% (2022 жылы — 82%).

ҚМГ компаниялары тобы бойынша 2023 жылы тұрақтамау коэффициенті – 4,5% (2022 жылы – 6%).


### Қызметін жүзеге асыратын өңірлерді дамыту

ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Компания жергілікті басқару органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және негізгі мүдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдайды, жас білікті мамандарды дамытуда және даярлауда белсенді жұмыс жүргізеді, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, оффтейк-шарттарға қол қою арқылы отандық өндірушілерді қолдауға ұмтылады. ҚМГ кәсіпорындары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және кешенді даму жоспары шеңберінде әлеуметтік маңызы бар объектілерді, спорт кешендерінің құрылысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т.б. қаржыландыруды жүзеге асырады.

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндіріс орындары орналасқан өңірлерді дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге айтарлықтай ақша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар өз кезегінде қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып бөледі, соның ішінде:

- ӨМГ Жаңаөзен қаласы мен Маңғыстау облысы Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 1,7 млн теңге бөлді.
- ЕМГ Атырау облысы Бесікті ауылында 280 орындық балабақша салуға 783 млн теңге бөлді.
- ММГ Маңғыстау әкімдігіне инфрақұрылымды әлеуметтік-экономикалық дамытуға 140 млн теңге аударды.
- ҚГМ Қызылорда облысында 350 адамға арналған «Оқушылар сарайы» кешен-гимаратын салуға 2,3 млрд теңге бөлді.
- ҚБМ Маңғыстау облысының инфрақұрылымын дамытуға 230 млн теңге бөлді.
- ҚОА Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 206 млн теңге, ал ҚТМ – 189 млн теңге, сондай-ақ Маңғыстау облысының дамуына 85 млн теңге бөлді.

### Жергілікті атқарушы органдарға аударылған қаражат (жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшартта), млрд теңге



Сондай-ақ, North Caspian Operating Company N.V. (Солтүстік Каспий жобасы шеңберінде) қаражатына қазіргі уақытта 30 млрд теңгеге жуық сомаға келесі әлеуметтік жобалар іске асырылуда:

- Ақтау қаласында Оқушылар сарайын салу – 12 млрд теңге (жобаны іске асыру мерзімі 15 наурыз 2021 жыл – 14 мамыр 2024 жыл);
- Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында 1,9 млрд теңге сомасына 100 орындық жатақхана салу (жобаны іске асыру мерзімі – 1 маусым 2023 жыл – 31 мамыр 2024 жыл);
- Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласында 1,3 млрд теңге сомасына 260 студентке арналған кәсіптік бағдарлау және өнер мектебі (жобаны іске асыру мерзімі 26 мамыр 2023 жыл – 25 қараша 2024 жыл);
- Маңғыстау облысының Бекі кентінде 699,7 млн теңге сомасына 100 орындық жалпы білім беретін мектеп салу (жобаны іске асыру мерзімі: 26 сәуір 2023 жыл – 25 сәуір 2024 жыл);
- Атырауда Береке, ш/а 591,2 млн теңге сомасына 50 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу (жобаны іске асыру мерзімі: 21 ақпан 2022 жыл – 20 тамыз 2023 жыл);
- Атырау қаласы Өрлеу тұрғын алабында (Тасқала ауылы – 2) 625,2 млн теңге сомасына 160 орындық балабақша салу (жобаны іске асыру мерзімі: 15 қыркүйек 2022 жыл – 14 маусым 2024 жыл);
- Атырау қаласының облыстық балаларды оңалту орталығына 512,8 млн теңге сомасына 80 орындық қосымша құрылыс салу (жобаны іске асыру мерзімі: 15 қыркүйек 2022 жыл – 14 маусым 2024 жыл);
- Махамбет ауылында 1,1 млрд теңге сомасына 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу (жобаны іске асыру мерзімі: 1 желтоқсан 2022 жыл – 31 мамыр 2024 жыл);
- Аққыстау ауылында 1,1 млрд теңге сомасына 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу (жобаны іске асыру мерзімі: 1 желтоқсан 2022 жыл – 31 мамыр 2024 жыл);
- Миялы ауылында 1,5 млрд теңге сомасына 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу (жобаны іске асыру мерзімі: 15 қыркүйек 2022 жыл – 14 наурыз 2024 жыл);
- Доссор кентінде 1,4 млрд теңге сомасына 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу (жобаны іске асыру мерзімі: 17 тамыз 2023 жыл – 6 ақпан 2025 жыл);
- Құрманғазы ауданы Қадырка кентінде 1,3 млрд теңге сомасына 3 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй салу (жобаны іске асыру мерзімі: 7 тамыз 2023 жыл – 6 ақпан 2025 жыл);
- Атырау қаласында 6,1 млрд теңге сомаға саябақ салу (жобаны іске асыру мерзімі: 10 қараша 2023 жыл – 9 ақпан 2025 жыл).

<sup>2</sup> Бұл сомаға Қашағаннан түскен қаражат кірмейді.

<sup>3</sup> Бұл сома ҚМГ ЕТҰ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда көзделген қаражатты қамтиды, North Caspian Operating Company N.V. (Қашаған) әлеуметтік мақсаттарға бағыттаған 8 млрд теңгеден астам соманы қамтымайды. ҚМГ-ның 2023 жылғы жылдық есебінде Қашағаннан түскен соманы қоса 11,7 млрд теңге мөлшеріндегі қаражат көрсетілген.

<sup>4</sup> Бұл жергілікті атқарушы органдарға 5 млрд теңге көлемінде аударылған қаражатты және Жаңаөзен қаласының кешенді даму жоспары бойынша 3 млрд теңге мөлшерінде бөлінген қаражатты қосқандағы сома.

<sup>1</sup> Есепке қатысу үлесі 51% және одан көп шоғырландырылатын компаниялардың қызметкерлері енгізілді.







**Тұрақты даму мәселелері бойынша оқыту**

ҚМГ сонымен қатар ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сапа, экология, еңбекті қорғау, энергия тиімділігі, тұрақты даму және менеджмент жүйелерінің жұмыс істеу құндылықтарына ерекше назар аударады.

Мәселен, мысалы, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін «ISO 9001, ISO 14001 және ISO 145001 және OHSAS бойынша интеграцияланған менеджмент жүйесінің ішкі аудиторы» тақырыбында оқыту ұйымдастырылды, оған 12 КО қызметкері және ЕТҰ-ның 271 қызметкері қатысты, сондай-ақ тәуекелдерді бағалау дағдыларына оқытуға 51 КО қызметкері және ЕТҰ-ның 1175 қызметкері қатысты.

Бүгінгі таңда ҚМГ-ның негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі – шығарындыларды азайту және энергия үнемдеу. Осы мақсатты табысты іске асыру мақсатында біздің қызметкерлер аталған тақырып бойынша қарқынды түрде білімін жетілдіріп жатыр. 2023 жылы КО және ЕТҰ-ның 80 қызметкері «Мұнай-газ секторындағы метан шығарындылары», «Энергия үнемдеу, ЖЭК және төмен көміртектегі даму» тақырыптары бойынша оқудан өтті.

**«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуды жүзеге асырудың және сатып алу қызметін басқарудың жаңа тәртібі» және ЭСАЖ «2.0»**

Ашықтық саясатын дамыту шеңберінде сатып алу қызметі мәселелеріне ерекше назар аударылады, осылайша сатып алу қызметі саласындағы мамандардың

құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында ҚМГ тобының корпоративтік орталығы мен еншілес компанияларын сатып алу саласындағы мамандарға арналған ««Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуды жүзеге асырудың және сатып алу қызметін басқарудың жаңа тәртібі» және ЭСАЖ «2.0» бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарламаға ҚМГ тобының 28 компаниясының 594-тен астам қызметкері қатысты.

Қызметкерлерді оқыту туралы толығырақ Тұрақты даму туралы есепте берілген.

**Өндірістік жабдықтар мен техникалық құжаттардың электронды кітапханасы**

Техникалық жағынан күрделі құрылғылардың, жабдықтардың бірыңғай базасын құру және ақпараттық қолдау көрсету мақсатында «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-мен бірлесіп ҚМГ компаниялар тобы үшін QR коды арқылы өту мүмкіндігі бар өндірістік жабдықтар мен техникалық құжаттардың электронды кітапханасы әзірленді. Өндірістерде жабдықтың бар-жоғы туралы қажетті ақпаратты алу үшін бейнені өңдеу құрылғылары арқылы QR кодтарын қолдана отырып, техникалық сипаттамалары бар күрделі құрылғылар базасына өндірістік объектілерде қашықтан еркін қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. QR кодтар өндірістік объектілердегі техникалық күрделі құрылғылар туралы ақпаратты ЕТҰ-ның тиісті бөлімшелеріне сұраныс жібермей-ақ бірден табуға мүмкіндік береді.

## Тауар/ қызмет көрсетушілермен өзара іс-қимыл

**Сатып алу жүйесі**

Тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тиімді сатып алуды қамтамасыз ету – ҚМГ қызметінің ажырамас бөлігі, бұл өз кезегінде компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ықпал етеді.

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары заңнамалық және ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адал бәсекелестікті дамыту және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер беруге негізделеді. Сонымен қатар, ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерді қолдау мақсатында сатып алу қызметінде бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компанияларында сатып алу қызметін басқару екі құжаттың негізінде жүзеге асырылады:

- 2022 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылы 8 маусымдағы № 47-VII Заңы (бұдан әрі – Заң). Заң квазимемлекеттік сектор компанияларының, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың жұмыс істеуін және жарғылық қызметін орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті тауар, жұмыс, қызметті сатып алудың базалық қағидаттары мен негізгі ережелерін реттейді;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен (бұдан әрі - Тәртіп) тиесілі заңды тұлғалардың Қордың директорлар кеңесінің 2022 жылы 3 наурызда №193 шешімімен бекітілген сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі. Тәртіп Заңның 14-бабына сәйкес әзірленді және сатып алудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, сатып алу қызметін басқарудың жалпы тәртібін, сатып алу қызметін басқару саласындағы Қордың және сатып алу жөніндегі қор операторының құзыретін, сатып алу қызметінің процестеріне қойылатын негізгі талаптарды, сатып алудың қолданылатын тәсілдерін, сатып алуды бір көзден қолдану үшін негіздерін, сондай-ақ сатып алу санаттарын басқару бойынша сатып алу қызметінің процестерін<sup>1</sup> толығырақ ашады, жеткізушілерді басқару және таңдау, жеткізу шарттарын басқару жөніндегі қызметтерді анықтайды.

Ең озық халықаралық стандарттар мен технологиялар негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін ҚМГ компаниялар тобының сатып алу рәсімдерінде барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді (бірінші кезекте мемлекеттік құпияға байланысты жекелеген ерекшеліктерді қоспағанда), сатып алудың барлық қатысушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ететін «Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесі» порталы (бұдан әрі — ЭСАЖ) қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық процедураларын автоматтандыруға және стандарттауға мүмкіндік береді (жоспарлау процесінен келісімшартты басқаруға дейін), тапсырмаларды орындау уақытын қысқартады және адам факторының әсер ету дәрежесін төмендетеді. Электронды сатып алу нарыққа қол жеткізуді жеңілдетеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығындардың төмендеуіне ықпал етеді.

Сатып алу рәсімдері мен сатып алу келісімшарттарына қатысты сатып алу туралы ақпаратты, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуға шақыру және шарт жасасу шарттары туралы ақпаратты көпшілікке таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен Сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелестік сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген ережелер немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда сатып алу нәтижелеріне шағымдануды қоса алғанда, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

**Сатып алуда тұрақты даму қағидаттарын сақтау**

Контрагенттермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруда заңдылық пен ашықтық, шарттардың талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол бермеу және төзбеушілік секілді ҚМГ-ның тұрақты даму саласындағы қағидаттары негізге алынады, сондай-ақ олардың тиімді баға ұсынуы, сапасы мен шарттары, іскерлік беделі негізінде контрагенттерді іріктеуде көрініс тапты.

ҚМГ өз кезегінде контрагенттерге тұрақты даму қағидаттарының (ESG) талаптарын сақтау бойынша міндеттемелер артады:

- 1) экологиялық жауапкершілік (E) – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай қоршаған ортаны қорғау.



<sup>1</sup> Толығырақ ақпаратқа мерзімдер, құжаттаманың мазмұнына қойылатын талаптар және жүргізілетін рәсімдер сияқты мәселелер кіреді.

- 2) әлеуметтік жауапкершілік (S) – қызметкерлерге әділ қарау, балалар еңбегін пайдаланбау, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету.
- 3) корпоративтік басқару (G) – заңнаманы қолдану, сапа менеджменті жүйелеріне сәйкестігі және этикалық мінез-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстану.

Бұл шарттар Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқығын сақтау және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, балалар құқығын қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында ҚМГ контрагенттермен жасасатын шарттардың талаптарына енгізілген. ҚМГ бұл шаралар ынтымақтастықта жұмыс істейтін компаниялардың заңға қайшы әрекетін азайтуға ықпал ететініне сенімді.

Тауарларды сатып алу кезінде ҚМГ болашақ тауар/ қызмет көрсетушілерге сапа менеджменті жүйесіне сәйкес сертификаттарын көрсету туралы талап қояды.

**Жалпы сатып алу көлемі**

2023 жылы жалпы сатып алу көлемі, ҚҚС-ты есептегенде, 1 231 млрд теңгеге жетті.

ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – бір көзден сатып алуды қысқарту және бәсекелі сатып алу үлесін арттыру. Бәсекелес сатып алу ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және бәсекелестік келіссөздер арқылы жүзеге асырылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша жасалған жылдық сатып алу жоспарының шарттары бойынша бәсекелестік сатып алу сомасы 622 млрд теңге болды. Сонымен қатар, соңғы үш жылда бәсекелестік сатып алулардың үлесі 51%-ды құрады, бұл ҚМГ-ның адал бәсекелестікті және тұрақты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді. Бәсекелестікке жатпайтын бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген сатып алулардың үлесі оларды бәсекелестік тәсілмен сатып алу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

**Бәсекелес сатып алулар, ҚҚС-ті қоспағанда млрд теңге<sup>1</sup>**

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
2019	169	12	326	23	495	36
2020	168	15	252	23	420	38
2021	162	15	285	27	447	42
2022	237	23	275	26	512	49
2023	302	25	320	26	622	51

**Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын және бір жылдағы жергілікті қамту үлесін қоса алғанда жеткізілген тауар, жұмыс, қызметтің жалпы көлемі**

Год	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы <sup>2</sup>	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
2021	273	57	943	85	1 216	78
2022	410	58	1 290	90	1 700	82
2023	606	50	1 580	88	2 186	77

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы тауарлар бойынша жергілікті қамту үлесінің 8%-ға төмендеуі ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін 64 млрд теңгеге импорттық дизель отынын сатып алумен байланысты. Жұмыстар мен қызметтер бойынша 2%-ға төмендеуі «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырының 2-ші желісін салу кезеңінде 99 млрд теңге сомаға

жұмыстарды орындау кезінде құбыр өнімдері себебінен жергілікті қамту үлесі төмендеді. Құбыр өнімі бойынша жергілікті қамту үлесінің төмен болуына жалғыз өндіруші ArcelorMittal Tubular Products Aktau кәсіпорнының жобаны толық көлемде қамтамасыз етуге өндірістік қуатының жеткіліксіздігі себеп.


**Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу**

Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін жетілдіру – ҚМГ-ның басым міндеттердің бірі. Осы міндетті шешудің пәрменді құралы – әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік бойынша іріктеуді жүргізу тетігін іске асыру.

Алдын ала біліктілік бойынша іріктеу<sup>1</sup> (АБИ) – сауалнама және аудит арқылы жүзеге асырылатын, сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті өнім берушілерді бағалау процесі.

АБИ-нің негізгі мақсаттары – білікті, тиісті түрде іріктелген жеткізушілерді анықтау, Қордың портфельдік компанияларының қажеттіліктері үшін тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алу тиімділігін арттыру.

**АБИ процедурасы**



2020-2023 жылдары Қордың алдын ала біліктілік іріктеу мәселелері жөніндегі комиссиясы ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары, АБИ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер арасында ашық тендер тәсілімен сатып алуды жүргізу үшін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 24 санатын бекітті.

Оған қоса, 2023 жылы ҚМГ АБИ өткізу үшін тауар, жұмыс, қызметтің 16 санаты бойынша біліктілік критерийлері әзірленіп, біліктілік органына жолданды. Қазіргі уақытта аталған санаттар Қордың АБИ жөніндегі комиссиясының келісімін алып, бекіту процесінде.

<sup>1</sup> Бәсекелес сатып алуларға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және бәсекелестік келіссөздер арқылы сатып алу жатады  
<sup>2</sup> Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдана отырып жүргізілген сатып алулар ескерілмей есептелген.

<sup>1</sup> АБИ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер Біліктілік органы комиссиясының шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында ашық қорда жарияланған білікті әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енгізіледі.



### Санат бойынша сатып алу

Сатып алу санаттарын басқару – басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін әзірлеу процесі.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, сыни, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттарды басқару санат бойынша сатып алу стратегиясын әзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін анықтайды. Санат бойынша сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу

санаттарын басқару тәсілдері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуға тиіс.

Санаттарды басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара іс-әрекет жасау арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді. Жеткізудің бұл әдісі тиімді, өйткені ол сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару келесілерді қамтиды:

- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санаттау және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша сатып алу категориялық стратегияларын әзірлеу (жаңарту) және бекіту;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру мониторингі;
- жеткізушілерді дамыту.

### 2018-2023 жылдардағы санаттық сатып алу көлемі мен пайдасы, млн теңге

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Санат бойынша сатып алу көлемі	13 948,38	41 531,68	49 716,04	109 447,54	93 618,92	115 545,23
Сатып алуды санат бойынша басқарудың пайдасы	1 565,01	4 101,81	7 011,23	13 109,53	8 435,32	7 534,63

### Импортты алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін таныстыратын Компания ретінде ҚМГ оффтейк-шарттар жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде импортты алмастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – жаңа өндірістерге бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында сұранысқа ие өнімдерді шығару мақсатында технологиялық қайта жарақтандыру.

### Анықтама

Жыл	Саны	Сомасы, млн теңге
2019	10	270
2020	41	686
2021	49	388
2022	56	791
2023	64	1 687
<b>Барлығы</b>	<b>220</b>	<b>3 031</b>

Оффтейк-шарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуді кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыру жобаларының іске асырылуын көздейді.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары 2023 жылы жалпы сомасы **1,68 млрд теңгеге 64** оффтейк-келісімшарт жасасты.

Сонымен қатар, 2023 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі №353 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2023 жылы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 6-тармағына сәйкес, ҚМГ ұйымдары үшін 2024 жылға «тауарларды сатып алудағы оффтейк-келісімшарттардың үлесін» 10%-ға жеткізуге арналған жаңа KPI әзірленіп, бекітілді.



# Цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету

## Цифрландыру

ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, цифрландыру өндірістің тікелей қаржылық пайда әкелетін нақты бизнес міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс. Бұл, сайып келгенде, тиімділікті арттыруға, негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуге және ұлғайтуға бағытталған корпоративтік бизнес-процестерді автоматтандыру мен цифрландыру деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, автоматтандыру және цифрландыру құралдарын тиімді енгізу үшін ағымдағы бизнес-процестерді сипаттау және оқшылықтарды анықтау, сондай-ақ цифрландыруды ескере отырып, нысаналы бизнес-процестерді әзірлеу арқылы қолданыстағы бизнес-процестерге диагностика жүргізіледі.

Мәселен, «Сапарларды басқару» пилоттық жобасының ЕМГ-де сәтті іске асырылуына байланысты 2023 жылы бұл жұмыс ӨМГ, ҚБМ және ММГ-де жалғасты. Жоба қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру, көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру және көлікті басқару процесі иелерінің жұмысын жеңілдетуді көздейді.

Есепті жылы ӨМГ, ММГ, «Oil Services Company» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС, ҚТО (Атырау және Жезқазған мұнай құбыры басқармалары), «KMG-Security» ЖШС көлікті басқару процестеріне диагностика жүргізілді.

Диагностика нәтижелері мен көлікті басқару процестерін жақсарту бойынша ұсыныстар еншілес компаниялардың басшыларына ұсынылады. Диагностика шеңберінде анықталған сәйкессіздіктер шеңберінде ескертулерді жою бойынша жекелеген іс-шаралар жоспарларын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2022 жылы желтоқсанда ҚМГ кен орындарында цифрландыруды дамыту бағдарламасы бекітілді. Бұл құжатты әзірлеу ҚМГ компаниялар тобының барлық өндіруші активтері бойынша цифрландыруға кешенді тәсілді әзірлеу және барлық кен орындары бойынша деректерді жинау, талдау бойынша бірыңғай жүйелерді енгізу қажеттілігімен негізделген.

Сондай-ақ, 2023 жылы ЕМГ және ӨМГ цифрландыру мен автоматтандыруды дамыту жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған жол карталары бекітілді.

ЕМГ -да наряд-рұқсатты ресімдеу процесін жақсарту және қызметкерлердің қауіпсіздігін күшейту мақсатында электронды наряд-рұқсаттардың цифрлы жүйесі пилоттық түрде енгізілді.

Сондай-ақ, ЕМГ ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмыстарының орындалғаны туралы актіні цифрландыру жөніндегі жұмыстарды іске асыру шеңберінде бизнес-процестерді жетілдіру және ұңғымаларды

жерасты жөндеу бойынша құжат айналымын автоматтандыру мақсатында дыбысты тану модулі енгізілді. Машиналық оқыту алгоритмдерінің негізінде әзірленген модуль аудио-фонограммаларды электронды мәтінге айналдыруға мүмкіндік береді және күнделікті қорытындыларды дайындау және беру процесін едәуір жеңілдетеді, сондай-ақ ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмыстарын тапсыру актілерін автоматтандыруға ықпал етеді.

Бұдан басқа, АМӨЗ қондырғыларында технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесін (АРС) енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл автоматты түрде қажетті мұнай өнімдерінің тұрақты шығуына қол жеткізу үшін қондырғылардың технологиялық режимі параметрлерін түзетеді және адами фактордың болмауы арқылы қондырғының апаттық тоқтауын болдырмауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда АРС АТ-2 мұнайын бастапқы өңдеу қондырғысында және АВТ-3 қондырғысында орнатылған.

Орындалған жұмыс пен қызмет актілерін келісу және қол қою процестерінің ашықтығын қамтамасыз етіп, бюрократияны азайту мақсатында ӨМГ, ҚБМ, ММГ және АМӨЗ-де «Орындалған жұмыстың онлайн актісі» жобасын тарату бойынша жұмыс басталды.

Сондай-ақ, ӨМГ-де Электронды тапсырыс-наряд жобасын енгізу бойынша жұмыстар басталды, ол тапсырыс-нарядтарды құру және редакциялау мүмкіндігін, өрістерді толтырудың дұрыстығын автоматты тексеруді, тапсырыс-нарядтың бірегей нөмірін автоматты түрде генерациялауды, сондай-ақ процестің әртүрлі қатысушыларымен нарядтарға тапсырысты көп деңгейлі келісуді қамтамасыз етеді. Жоба тапсырыс-нарядтардың жай-күйі және олардың өзгерістері туралы хабарлама алуға, сондай-ақ тапсырыс-нарядтармен байланысты түрлі параметрлер бойынша есептер шығаруға мүмкіндік береді. Осы шешімнің тұжырымдамасын басқа ЕТҰ-ға тарату жоспарлануда.

## Digital KMG

ҚМГ компаниялар тобы бойынша алғаш рет цифрландыру бойынша Digital KMG I практикалық форум өткізілді. Форумның негізгі мақсаты – цифрландыру саласындағы компаниялар арасында тәжірибе алмасу, цифрлы шешімдерді енгізу тәсілдерін талқылау, компаниялардың IT-өнімдерге қажеттіліктерін анықтау, цифрлы даму тұжырымдамасын қалыптастыру үшін алаң ұсыну.

Іс-шараға мұнай барлаумен, өндірумен, өңдеумен және тасымалдаумен айналысатын корпоративтік орталық пен ҚМГ еншілес компанияларының, сондай-ақ мұнай сервис кәсіпорындарының өндірісті автоматтандыру,

ақпараттық технологиялар және цифрландыру департаменттерінің 100-ге жуық басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Форум аясында цифрлы трендтердің мұнай-газ саласына әсері, цифрландыру саласындағы қазіргі және жоспарланған жобалар, компаниялардың кешенді архитектурасы қарастырылды. Кездесу бағдарламасына дизайн-ойлау бойынша сессия кірді, оның шеңберінде ҚМГ еншілес тәуелді ұйымдарын цифрландыру бойынша ашық мәселелердің тізбесі дайындалды.

## LSS форумы

Биыл ҚМГ «Мұнай және газ өндіру» және «мұнай өңдеу» бизнес-бағыттарында LEAN 6 SIGMA бағдарламасы бойынша IV Конференция өткізілді.

Конференцияның негізгі мақсаты – ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін жұмысты оңтайландыру және өнімділігін арттыру процесіне тиімді тарту, компанияның барлық деңгейлерінде тұрақты жетілдіру процесін ұйымдастыру, сондай-ақ 2023 жылғы Lean 6 Sigma үздік жобасы байқауын өткізу.

Конференция бағдарламасына ҚМГ басшыларының арасынан таңдалатын Lean 6 Sigma атқарушы демешілерін оқыту, топтарда жұмыс істеу, сондай-ақ ЕМГ, ММГ, ҚГМ, ПМХЗ, АМӨЗ, ПҚОП және «CASPI BITUM» БК» ЖШС үздік Lean 6 Sigma жобаларының тұсаукесері кірді.

Конференция аясында Медет Зинуллиевтің басшылығымен АМӨЗ-дің ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысында химиялық тазартылған суды тұтынуды оңтайландыруға бағытталған жоба ҚМГ ЕТҰ арасында Lean 6 Sigma үздік жобасы номинациясы бойынша жоғары марапатқа ие болды.

## SIEMENS-пен Меморандум

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германия Федеративтік Республикасына сапары аясында ҚМГ мен Siemens AG Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Меморандум өндірістік процестерді автоматтандыру, цифрландыру, оңтайландыру, есепке алу және бақылау саласындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді. Атап айтқанда, тараптар персоналды оқыту мен біліктілігін арттыруда, технологиялық процестерді модельдеу, деректерді жинау және өңдеу, ҚМГ өндірістік кәсіпорындарында озық әлемдік технологияларды енгізу үшін кәсіпорындардың цифрлы модельдері мен «қосарларын» құруда өзара іс-қимыл жасауға келісті.

Siemens AG компаниясымен ынтымақтастық шеңберінде ҚГМ Ақшабұлақ кен орнында COMOS жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету

ҚМГ-ның ақпараттық қауіпсіздік саласында ақпаратты сыртқы және ішкі қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету, ықтимал шығындардың алдын алу және ҚМГ мен ЕТҰ-ның үздіксіз және толық жұмыс істеуі үшін әртүрлі кибершабуылдардан және санкцияланбаған әсерден болатын залалды азайтуды көздейді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық қорғау шараларын біріктіретін үздіксіз процесс. Бұл ретте ақпараттық инфрақұрылымның қорғалуын талдауды, аудиттерді, PEN-тестілеуді ұдайы жүргізу өте маңызды, өйткені ақпараттандыру жүйелерінің ауқымды қолданылуы үздіксіз технологиялық циклдар бар ірі мұнай-газ өндірістік кешендерінің аумақтық бөлінген кең инфрақұрылымына барынша тән. ҚМГ-ның қорғалған желілері мен жүйелеріне рұқсатсыз кірудің салдары инфрақұрылымға, тұтынушыларға ғана емес, жалпы ел үшін де апатты салдарға әкелуі мүмкін.

Осы міндетті іске асыру үшін ҚМГ Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды қатаң сақтайды, сондай-ақ ISO/IEC 27001 ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі менеджмент жүйесінің халықаралық тәсілдері мен стандарттарын пайдаланады.

Ақпараттық қауіпсіздік периметрінде ҚМГ ақпараттық жүйелерінің ИТ-инфрақұрылымын, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін және технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері тұр.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер тұрақты негізде бағаланады, бұл ақпараттық қауіпсіздік қатерлерінің туындауының алдын алу үшін тәуекелдерді анықтауға және басқаруға мүмкіндік береді.

ҚМГ басшылығы ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударады.

Тұтастай алғанда, ақпараттық қауіпсіздікті тиімді басқару компанияның тұрақты дамуына ықпал етеді, оны қауіп-қатерден қорғауды, заңнамаға сәйкестікті, беделді сақтауды және инновациялық өсуге ықпал етеді. Ақпараттық қауіпсіздік аспектілерін бизнес стратегияға қосу корпоративтік басқару саласының маңызды элементіне айналуға.

## Ақпаратты TCFD нұсқауларына сәйкес жария ету

2023 жылы климаттық тәуекелдерді басқару және тұрақты даму жөніндегі халықаралық рейтингтерді жақсарту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде ҚМГ Еуропалық қайта құру және даму банкінің қолдауымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның климат саласындағы корпоративтік басқару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және ақпаратты TCFD ұсынымдарына сәйкес жария етуді дайындау» жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асырды.

Жоба 4 кезеңнен тұрды.

Жобаның бірінші кезеңі «Бастапқы диагностика» кезінде декарбонизация және ҚМГ-ның тұрақты даму саласындағы бизнес-процестерінің TCFD ұсынымдарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. TCFD ұсынымдарына сәйкес ақпаратты жариялау саласындағы үздік секторлық тәжірибелерді айқындау және ұсыну мақсатында салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) орындалды, оның ішінде қысқа (2030 жылға дейін), орта (2045 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (2060 жылға дейін) перспективада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнес моделіне олардың ықпалына неғұрлым терең сценарий талдау жүргізу мақсатында Климаттық тәуекелдер парағы айқындалды.

«Тәуекелдерді бағалау, климаттың өзгеру сценарийі, талдаулар және стресс-тесттер» жобасының екінші

кезеңінде Климаттық тәуекелдер үшін тиісті сегменттерді кейіннен талдау үшін компанияның құн тізбегіне талдау жасалды.

Компанияның шетелдік активтерін қоса алғанда, құн тізбегінің (өндіру, тасымалдау, өңдеу) әрбір сегментін сценарийлік талдау үшін 17 ЕТҰ арасында 25 стратегиялық активтер айқындалды. Бұдан әрі бұл активтердің температураның өзгеруінің және уәкілетті орган тарапынан реттеудің әртүрлі сценарийлері кезінде Климаттық тәуекелдерге бейімділігін айқындау бойынша сценарий талдау жасалды.

Климаттық тәуекелдерді талдау нәтижелері бойынша бұл тәуекелдердің ЕТҰ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштеріне және «Қазмұнайгаз» АҚ-ның таза пайда және EBITDA margin сияқты шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштеріне әсерін анықтау үшін есептеулер орындалды. Әрі қарай компанияның активтері мен тиісті ЕТҰ негізгі климаттық тәуекелдерге бейімділігіне сәйкес сараланды. Талдау кезінде ҚМГ ТҚДБ шеңберінде іске асыруды жоспарлаған энергетиканың жаңа түрлеріне көшуге байланысты мүмкіндіктер және декарбонизация жобалары ескерілді.

Жобаның үшінші кезеңі барысында компанияның ағымдағы жоспарларын толық түсіну үшін ҚМГ-ны декарбонизациялау шараларына талдау жасалды.

Жүргізілген талдау негізінде ex-ante және ex-post сандық бағалау үшін климаттың өзгеруіне қарсы күрестің басым шараларын іске асыру нәтижелерін сандық бағалау бойынша әдістеме бөлігінде ұсынымдар жасалды. Ex-ante сандық бағалаулары стратегиялық жоспарлау және іске асырылатын климаттық іс-әрекеттердің басымдықтарын анықтау үшін пайдаланылатын болады, ал ex-post сандық бағалаулары ҚМГ климаттық есептілігі үшін пайдаланылатын болады. Ұсынылған сандық әдістемелер парник газдар хаттамасы сияқты парник газдарды есепке алудың халықаралық стандарттарына негізделген. Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ белгілеген мақсаттарды (2031 жылға арналған парник газдары шығарындыларының мақсатты көрсеткіші және 2060 жылға арналған Төмен көміртекте бол-жамдар) қайта қарау бойынша ұсынымдар

- халықаралық стандарттармен (мысалы, SBTi мақсатты белгіленген жылдан бастап 5-10 жылға қысқа мерзімді мақсатты және 2050 жылдан кешіктірмей ұзақ мерзімді мақсатты әзірлеуді ұсынады) және
- парник газдары шығарындыларын есепке алу стандарттары (мысалы, GHG Protocol), оның ішінде шекаралар мен деректердің толықтығы.

Сонымен қатар, ҚМГ-ның климаттық мақсаттары халықаралық стандарттарға қалай сай болуы мүмкін екендігі туралы ұсыныстар берілді (мысалы, SBTi ұсынғандай Score 3 шығарындыларын қосуға қатысты). Талдау негізінде декарбонизация жөніндегі шаралар тізімін өзінің Климаттық мақсаттарына қол жеткізу, тәуекелдерді азайту және климаттық мүмкіндіктерді пайдалану үшін ҚМГ салдарын жұмсарту және бейімдеу жөніндегі қосымша шаралармен толықтыру бөлігінде ұсынымдар берілді. Бұл тізім негізінен энергия және ресурс үнемдеу жөніндегі шараларға, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ белгілеген жаңартылатын энергия көздерін енгізу/инвестиция құюға негізделген.

Жобаның төртінші және соңғы кезеңі барысында алдыңғы кезеңдердің нәтижелерін және жүргізілген талдауды қорытындылай келе, климат саласындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді.



## TCFD кестесі

Ашықтыққа қатысты ұсыныстар	Жылдық есеп бөлімдері
<p><b>Корпоративтік басқару</b></p> <p>Климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты Компанияның корпоративтік басқару принциптерін жариялаңыз</p> <p>a) Директорлар кеңесі климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қалай қадағалайтынын сипаттаңыз</p> <p>b) Климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау мен басқарудағы менеджменттің рөлін сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Тұрақты дамуды қамтамасыз ету, 138-б.</li> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> <li>■ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі, 263-б.</li> </ul> <hr/> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат), 50-б.</li> <li>■ Тұрақты дамуды қамтамасыз ету, 138-б.</li> <li>■ Тұрақты даму саласындағы ҚМГ басшылығының ҚНҚ жарлығы, 166-б.</li> <li>■ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі, 263-б.</li> </ul>
<p><b>Стратегия</b></p> <p>Бұл ақпарат маңызды болған жағдайда компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің нақты және ықтимал әсерін ашыңыз</p> <p>a) Компания қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада анықтаған климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сипаттаңыз</p> <p>b) Компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің әсерін сипаттаңыз</p> <p>c) Климатқа байланысты әртүрлі сценарийлерді, соның ішінде 2°C және одан төмен сценарийлерді ескере отырып, компания стратегиясының тұрақтылығын сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Нарыққа шолу, 30-б.</li> <li>■ Негізгі тәуекелдер, 267-б.</li> </ul> <hr/> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Нарыққа шолу, 30-б.</li> <li>■ ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат), 50-б.</li> <li>■ БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат), 160-б.</li> <li>■ Төмен көміртекті даму бағдарламасы, 167-б.</li> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> <li>■ Негізгі тәуекелдер, 267-б.</li> </ul> <p>Климаттық сценарийлерді құру жоспарланып отырған климат саласындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді.</p>
<p><b>Тәуекелдерді басқару</b></p> <p>Компанияның климатқа байланысты тәуекелдерді қалай анықтайтыны және бағалайтыны, сондай-ақ оларды қалай басқаратыны туралы мәліметтерді ашыңыз</p> <p>a) Компанияда қабылданған климатқа байланысты тәуекелдерді анықтау және бағалау процестерін сипаттаңыз</p> <p>b) Компанияда қабылданған климатқа байланысты тәуекелдерді басқару процестерін сипаттаңыз</p> <p>c) Климатқа байланысты тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестері компанияның жалпы тәуекелдерді басқару процесіне қалай біріктірілгенін сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат), 160-б.</li> <li>■ Төмен көміртекті даму бағдарламасы, 167-б.</li> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> <li>■ Негізгі тәуекелдер, 267-б.</li> </ul> <hr/> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> <li>■ Негізгі тәуекелдер, 267-б.</li> </ul> <hr/> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> </ul>
<p><b>Көрсеткіштер мен мақсаттар</b></p> <p>Бұл ақпарат маңызды болған жағдайда климатқа байланысты тиісті тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару үшін қолданылатын көрсеткіштер мен мақсаттарды ашыңыз</p> <p>a) Компания өзінің стратегиясы мен тәуекелдерді басқару процесіне сәйкес климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштер туралы мәліметтерді жариялаңыз</p> <p>b) Парник газдарының шығарындылары туралы мәліметтерді 1-қамту, 2-қамту және, егер қажет болса, 3-қамту және онымен байланысты тәуекелдерді жариялаңыз</p> <p>c) Компания климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін пайдаланатын мақсаттарды және мақсатты нәтижелермен салыстырғанда нақты нәтижелерді сипаттаңыз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат), 50-б.</li> <li>■ БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат), 160-б.</li> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> <li>■ Төмен көміртекті даму бағдарламасы, 167-б.</li> <li>■ Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламасы, 180-б.</li> <li>■ Тұрақты даму саласындағы ҚМГ басшылығының ҚНҚ жарлығы, 166-б.</li> </ul> <hr/> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> </ul> <hr/> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат), 50-б.</li> <li>■ БҰҰ Жаһандық келісім қағидаттарына және 17 жаһандық мақсаттарға міндеттеме (№13 мақсат), 160-б.</li> <li>■ Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары, 183-б.</li> <li>■ Төмен көміртекті даму бағдарламасы, 167-б.</li> </ul>



ҚМГ 2023 ЖЫЛЫ  
ҚАЖЕТТІ ҚАУІПСІЗДІК  
ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ  
ДЕҢГЕЙІН САҚТАЙ  
ОТЫРЫП, ӨРШІЛ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
МІНДЕТТЕРІН  
ІСКЕ АСЫРУДЫ  
ЖАЛҒАСТЫРДЫ



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



216-б.

Корпоративтік басқару  
жүйесі



282-б.

Акционерлерге рекордтық  
көлемде дивидендтер  
төленді



280-б.

Бөлімнің негізгі  
жаңалықтары

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ




ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі Компания қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер («Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры) және «Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

ҚМГ органдарының құзыреттерінің аражігі нақты ажыратылған және ҚМГ Жарғысында бекітілген.

## ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы



## Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі төмендегілерді қамтиды:

- жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі, Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді;
- Атқарушы орган – Басқарма, Директорлар кеңесіне есеп береді;
- Ішкі аудит қызметі – орталықтандырылған орган, Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңына сәйкес Қор тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялары мен өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласында бағалау жүргізеді, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация береді;
- Корпоративтік хатшы – өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындайды, Компанияның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі емес, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді, өз құзыретінің шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;
- COMPLIANCE қызметі – Директорлар кеңесіне есеп береді, оның қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік

халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдай жасауға бағытталған;

- Омбудсмен – ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі – өзіне жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету.

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушілер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания қызметін жүзеге асыратын өңірлер тұрғындарының құқықтары мен заңдық мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару практикасының талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетіліп отырады.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ



Даму стратегиясын қалыптастыратын және іске асыратын, оның ішінде өндірістік процестерді басқарудың дивизиондық құрылымы арқылы ЕТҰ-ның операциялық қызметіне тарту арқылы корпоративтік орталық бола отырып, Компания корпоративтік басқару саласындағы үздік практикаларға сай болуға ұмтылады және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына жауап беру мен ашықтық — бұл болашақ инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, құнының өсуіне және әл-ауқатының ұлғаюына ықпал ететін инвестициялық тартымдылық пен қызметтің экономикалық тиімділігін арттырудың аса маңызды факторлары екенін түсінеді.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ-дегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылайды, ал корпоративтік хатшы оны үздіксіз жетілдіруді ұйымдастырады.

ҚМГ-ның корпоративтік басқару тәжірибесін қалыптастыру мен жақсарту басты құжат – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген ҚМГ корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс) 28 негізделеді. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін, «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау бағдарламасын ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Кодекс компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік басқару қағидаттарымен бірдей. Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет Кодекстің ережелерін ҚМГ-ге енгізуді бақылауды жүзеге асырады.

Кодекстің талаптарына сәйкес, Корпоративтік хатшы жыл сайын компанияның comply or explain («құстан немесе түсіндіре») тәсілін қолдана отырып, оның қағидаттары мен ережелерінің сақтауын талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі сақталған. Оның жекелеген ережелерін ішінара ұстанбау жағдайлары себептерімен бірге Кодексті ұстану туралы есепте көрсетілген. ҚМГ-ның 2023 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану туралы есебімен жылдық Есепке берілген қосымшада танысуға болады.

Бірнеше жыл бойы ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметіне сәйкес корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ҚМГ қызметін дәйекті және жүйелі негізде ұйымдастырып келеді. Корпоративтік басқару саласын жақсарту мақсаттарын белгілеу мен процесті қадағалау үшін компания 2016 жылдан бастап дауыс беретін акцияларының 50%-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық – Қазына» АҚ-қа тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме) пайдаланады.

Әдістеме тәуелсіз тараптың компанияны корпоративтік басқару бойынша сараптамасының (аудитінің) нәтижелері бойынша рейтинг беруді көздейді. Мұндай сараптама тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Сараптама нәтижелері бойынша әдістеме негізінде ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспар жасайды, оны орындау нәтижелері тұрақты негізде Директорлар кеңесінің және Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізіледі.

2021 жылы тәуелсіз консультант «PricewaterhouseCoopers» ЖШС компаниясы жүргізген корпоративтік басқарудың кезекті тәуелсіз сараптамасының нәтижелері бойынша Әдістеме негізінде ҚМГ-ге «BBB» деңгейінде корпоративтік басқару рейтингі берілді, бұл компания қол жеткізген прогресті көрсетті (2018 жылы жүргізілген алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша компанияға «BB» рейтингі берілген) және Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне жауап беретінін және бұл ретте компанияда жүйенің тиімді жұмыс істейтінін растады.


Компания корпоративтік басқару бойынша жүргізілген тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша берілген ұсыныстар мен кеңесті есепке ала отырып, оларды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға енгізді және 2023 жылы ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін: ашықтық; акционерлердің құқықтары; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау аудит; Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігі; тұрақты даму және т.б. салалар бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы іске асыруға арнады. Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ҚМГ корпоративтік хатшысы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізеді.

және осы жоспардың орындалуы туралы есептерді, Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі қарап, ҚМГ менеджментіне кері байланыс беріп отыратын болады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі даму стратегияларында «Корпоративтік басқару рейтингі» ПЭК бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша негізгі кезеңдер айқындалды. Бұл ҚМГ-ның



Корпоративтік басқару сараптамасы және корпоративтік басқару рейтингіне қол жеткізу, жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыру



Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды әзірлеу, бекіту және іске асыру



Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі Жоспарды іске асыру мониторингі, Директорлар кеңесі мен аудит жөніндегі комитет үшін есептер

## Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жоғары басқару органы. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті, шақыру, өткізу және қорытындылау тәртібі заңдармен және Компания Жарғысымен айқындалады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі шақырады. ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жиналысы бойынша шақырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс. 2023 жылы ҚМГ акционерлерінің 5 жалпы жиналысы өтті, онда 14 мәселе қаралды, оның ішінде 5 мәселе ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына қатысты:

- 2023 жылы 6 сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№1\2023 хаттама) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Ауғанов Фибрат Қайратұлы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Әсел Әнуарқызы Хаированың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- 2023 жылы 6 сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№1\2023 хаттама) Бердіғұлов Ернат Құдайбергелұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып

- сайланды және Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Мүшесі – тәуелсіз директор болып сайланды.
- 2023 жылы 6 сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№1\2023 хаттама) сандық құрамы, өкілеттік мерзімі айқындалды, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясының мүшелері сайланды.
  - 2023 жылы 14 тамызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№4\2023 хаттама) Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі — Тәуелсіз директор болып сайланды.

Сондай-ақ, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шеңберінде 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту, 2022 жылғы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері, акционерлердің ҚМГ және оның лауазымды адамдарының 2022 жылғы әрекеттеріне өтініші мәселелері қаралды.

2023 жылы ҚМГ Жарғысы жаңа редакцияда және ҚМГ Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді, кейін ҚМГ Директорлар кеңесінің ережесіне өзгерістер енгізілді.

Миноритарлық акционерлермен өзара іс-қимыл және олардың құқықтары туралы толығырақ «Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде сипатталған.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворумға және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, Компания айтарлықтай маңызды мәселелер бойынша шешімдердің іштей отырыстарда қабылдануына, шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің қатысуына күш жұмсайды және шешімдерді дайындау мен келісу кезінде Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің пікірін ескере отырып қабылдауға барынша әрекет жасауға тырысады.

Директорлар кеңесі, өзгелерден басқа, ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді және ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, әлеуетті сатып алу мәселелері және қаржылық сипаттағы басқа да елеулі мәселелер (оның ішінде ҚМГ облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары туралы), сомасы бойынша елеулі мәмілелер және компания мүддесі бар мәмілелер жасасу, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау) мәселелері бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы, ҚМГ мен ҚМГ еншілес ұйымдарының қатысуымен инвестициялық жобаларды келісу туралы шарттар (келісімдер) жасасуды жүзеге асырады, Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі акционерлерге Ұйым қызметінің нәтижелері үшін есеп береді. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында (тыңдауда) Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлерге (үлескерлерге) Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, Директорлар кеңесінің ұйымның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуы бойынша қабылдаған шаралары, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны көрсетілетін есеп, отырыстардың нысаны, қатысу деңгейі, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты ұсынады – Директорлар Кеңесінің есебі ұйымның жылдық есебіне енгізіледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге

асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді де қарайды.

## Директорлар кеңесінің төрағасы және оның рөлі

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруды және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен Басқарма арасында конструктивті диалог құруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы Қор өкілі болады.

## Тәуелсіз директорлар және олардың рөлі

Директорлар кеңесінің жұмысында тәуелсіз директорларға маңызды орын беріледі. Олар саны бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерінде басым және сол комитеттердің төрағалары болады. Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық шарттарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында Директорлар кеңесінің құрамын жасақтау ережелеріне және Кодекске сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болатын мәселелерді (қаржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысуға тиіс. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалауға және осындай жағдайлар болғанда Директорлар кеңесінің Төрағасын алдын ала хабардар етуге тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді.

Үздік халықаралық тәжірибені ұстана отырып, Компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сай болуына ұмтылады және директордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіргендей болып көрінетін жағдайлардың жоқтығын мәлімдейді.

## Директорлар Кеңесінде сабақтастықты жоспарлау, лауазымға кіріспе және біліктілікті арттыру

Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты мен сабақтастық жоспарын әзірлеп, бекітті. 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқару сараптамасының шеңберінде PricewaterhouseCoopers ЖШС тәуелсіз консультанты ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің сабақтастығы мен мерзімдері туралы мәселелер бойынша бірқатар ұсыныс берді, олар 2023 жылы іске асырылды. Консультант ұсынған ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі жоспарда мынадай ұсыныстар атап өтілді:

- акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт ұстау мақсатында Акционермен бұл тәсілді талқылау мүмкіндігін қарастыру. Өкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру туралы мәселені зерделеу қажет, бұл егер Компания халықаралық листингті жоспарласа, Компанияның инвестициялық қоғамдастықтағы корпоративтік жадының сабақтастығын және беделін сақтауды ескере отырып, Компанияның артықшылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- кандидаттар тізбесін, олардың құзыреттерін, қызығушылық танытуын, қалаған сыйақысын және қазіргі директорлардың өкілеттіктер мерзіміне және талап етілетін дағдылар матрицасына негізделетін ықтимал өкілеттіктер мерзімін қоса алғанда, Директорлар кеңесі үшін ресми сабақтастық жоспарын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

ҚМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қолданылады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы маусымдағы шешімімен Бағдарлама Компанияның функционалды блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтуіне мониторинг жүргізеді. Бағдарлама

шеңберінде құжаттарды жаңарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. 2023 жыл ішінде бағдарламаға сәйкес лауазымға кіріспе рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері А.С. Жұбаев, Е.Қ. Бердіғұлов, А.Ө. Арғынғазин, Е.М. Отыншиев, С.Н. Мыңшәріпова және А.О. Шәкіров өтті.

Директорлар кеңесінің 2022 жыл 6 сәуірдегі шешімімен (№6/2022 хаттама, № 16 сұрақ) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жыл 8 сәуірдегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңге арналған сабақтастық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді (№5/2021 хаттама, №20 сұрақ). Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктіліктерін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынады, олар туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында жарияланады.

## Өкілеттік мерзімі

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі – үш жыл. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарау кезінде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (бұл жағдайда тәуелсіз директорлар үшін Компания барлық мүдделі тараптарға ашатын осындай қажеттіліктің егжей-тегжейлі және сенімді негіздемесі дайындалатын болады).

Бұл ретте, 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз сараптамасының нәтижесі бойынша, Компания акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде анағұрлым ұзақ сақтау мақсатында Акционермен тәсілді талқылау мүмкіндігін қарау туралы ұсыным алды. Сондай-ақ, өкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру мәселесін зерделеу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Тәуелсіз консультанттың пікірі бойынша, көрсетілген артықшылықтар: ұзақтығы бес-алты жылға созылатын жекелеген директорлардың өкілеттік мерзімі және олардың әртүрлі жылдардағы ротациясы Компанияның қызметі және оның корпоративтік басқару процестері туралы білімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт болу орындалатын жұмыстың сапасын арттыруға және Компанияның стратегиясын іске асыру жолында табысты ілгерілеуі үшін жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.



## Директорлар кеңесінің құрамы

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны Кодекстің талаптарына сай келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ын құрайды.

2019 жылы Директорлар кеңесі тоғыз адамнан тұрды және олардың мерзімі 2020 жылдың 28 маусымында аяқталды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2020 жыл 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама) үш тәуелсіз директорды қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

2023 жылы Директорлар кеңесінің құрамына келесідей өзгерістер енгізілді.

- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жыл 6 сәуірдегі шешімімен (№1/2023 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшелері – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Ауғанов Гибрат Қайратұлы және тәуелсіз директор Хаирова Әсел Әнуарқызының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Бердіғұлов Ернат Құдайбергеноұлы және тәуелсіз директор Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайланды
- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жыл 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Миллер Тимоти Гленнің өкілеттігі мерзімінен бұрын

тоқтатылды және Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып сайланды.

- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жыл 27 маусымдағы шешімімен (№3/2023 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшелері – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Жанәділ Ернар Бейсенұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің мүшелері – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі ретінде Отыншиев Елжас Мұратұлы сайланды.
- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жыл 14 тамыздағы шешімімен (№4/2023 хаттама) 8 адамнан тұратын директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды, оның ішінде 4-еуі – тәуелсіз директор. Дәл осы шешіммен Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы сайланды.
- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жыл 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама) 9 адамнан тұратын директорлар кеңесінің құрамы белгіленіп, Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор болып Шәкіров Асқар Оразалыұлы сайланды.

Осылайша, Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тоғыз адамнан тұрады. Директорлар кеңесінің төрағасы – «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.



**БЕРДІҒҰЛОВ ЕРНАТ  
ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі



**МЫРЗАҒАЛИЕВ МАҒЗҰМ  
МАРАТҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
ҚМГ Басқарма Төрағасы



**ХОЛЛАНД ФИЛИП МАЛКОЛЬМ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор



**ЖҰБАЕВ АРМАНБАЙ  
САПАРБАЙҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор



**АРҒЫНҒАЗИН АРМАН  
ӘНУАРБЕКҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор



**ҚАРАБАЛИН ҰЗАҚБАЙ  
СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі



**ОТЫНШИЕВ ЕЛЖАС МҰРАТҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі



**МЫҢШӘРІПОВА САЯ  
НАЙМАНБАЙҚЫЗЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор



**ШӘКІРОВ АСҚАР ОРАЗАЛЫҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор

## ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жыл 31 желтоқсандағы құрамы



### БЕРДИҒУЛОВ ЕРНАТ ҚУДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

2023 жылдың сәуір айынан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1987 жыл 3 қыркүйек.

### Білімі

- 2022–2023 – Harvard Business School (Бостон, Массачусетс, АҚШ) – көшбасшылықты дамыту бағдарламасы (Басқарушылық құрамға арналған бағдарлама);
- 2015–2018 – University of Warwick (Ковентри, Ұлыбритания) – бизнес әкімшілендіру магистрі (қашықтықтан бағдарлама);
- 2007–2010 – University of Toronto (Торонто, Канада) – мемлекеттік саясат және халықаралық қатынастар (саяси экономика бағыты);
- 2004–2007 – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан) – халықаралық қатынастар факультеті, «Аймақтану» мамандығы, (3 курсты бітіріп, одан әрі оқыту – «Болашақ» стипендиялық бағдарламасы бойынша);
- 2004 – 2005 – Marysville Pilchuck High School (Мэрисвил, Вашингтон, АҚШ) – болашақ көшбасшылармен алмасу бағдарламасы (FLEX).

### Жұмыс тәжірибесі

- 2010–2011 – «Семізбай-У» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны), Алматы, Қазақстан - Бизнес әкімшілендіру бөлімінің бас маманы;
- 2011–2012 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», Астана, Қазақстан - Жоба менеджері, Басқару есептілігі жүйесін (БЕЖ) енгізу жөніндегі жобалау офисі;
- 2013 – 2013 – «Самұрық-Энерго» АҚ, Жобаларды басқару департаментінің директоры;
- 2013 – 2014 – Стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 2014–2016 – Басқарма төрағасының кеңесшісі;
- 2016–2016 – «Талдамалық қолдау» департаментінің директоры;
- 2016–2018 – «Самұрық-Энерго» АҚ, Астана, Қазақстан, Басқарма төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша);
- 2018 – 2019 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», Астана, Қазақстан – Активтерді басқару дирекциясының талдаушысы;
- 2019 – 2022 – Whiteshield Partners [бағыт – мемлекеттік сектордағы консалтинг], Астана, Қазақстан – Жобалар басшысы (Аға талдаушы ретінде бастады, 2020 жылғы ақпанда Консультантқа дейін, 2021 жылғы ақпанда – Жобалар басшысына дейін жоғарылады);
- 2021 – 2022 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», Астана, Қазақстан – Стратегия, тұрақты даму және цифрлы трансформация жөніндегі тең басқарушы директор;
- 2022 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», Астана, Қазақстан – Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор.

### Қоса атқаратын жұмыс пен ДК-дегі мүшелік

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «QazaqGaz» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

### Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтары

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы - «Құрмет» ордені, 2022;
- Қазақстан Республикасы Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, 2021;
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық медаль, 2021;
- Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесі хатшысының Қазақстан Республикасы Сараптамалық кеңестің қызметіне, ұлттық қауіпсіздік, сыртқы саясат және экономикалық даму саласындағы стратегиялық және талдамалық құжаттарды дайындауға белсенді және жемісті қатысқаны үшін алғысы, 2020;
- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысы орынбасарының сыртқы саясат және экономикалық даму саласындағы стратегиялық және талдамалық құжаттарды дайындауға қосқан үлесі үшін алғысы, 2020;
- Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, желтоқсан, 2019.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



### МЫРЗАҒАЛИЕВ МАҒЗҰМ МАРАТҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқарма Төрағасы

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2022 жылдың сәуірінен бастап кіреді.

Туған күні: 1978 жыл 7 қараша



### ХОЛЛАНД ФИЛИП МАЛКОЛЬМ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2020 жылдың тамызынан бастап кіреді.

Туған күні: 1954 жыл 25 желтоқсан.

### Білімі

- О.А. Жаутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебі;
- «Тұран» университеті, «экономист» мамандығы;
- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық қатынастар» мамандығы;
- Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «мұнай-газ ісі» мамандығы.

### Жұмыс тәжірибесі

- ҚМГ компаниялар тобында жеті жылдан астам, ҚМГ-де – төрт жыл, оның ішінде төрт жыл басшы лауазымдарында қызмет етті;
- Әр жылдары M-I Drilling Fluids International (Schlumberger) компаниясының Теңіз және Батыс Сібір кен орындарында қауіпсіздік

### Білімі

- Лидс университеті (Ұлыбритания), азаматтық құрылыс саласында ғылым бакалавры;
- Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), «инженерия/құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі.

### Жұмыс тәжірибесі

- 1976 жылы Лидс университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін, әлемнің түрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-ға қосылды.
- 2004 жылы Shell компаниясында Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады.
- 2009 жылы Shell жаңадан құрылған жобалар және

және өндіріс менеджері, бұрғылау ерітінділері жөніндегі инженер, «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының инновациялық даму және сервистік жобалар жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі;

2022 жылдың сәуірінен бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

технологиялық бизнес жөніндегі бөлімшесінде даунстрим жобалары жөніндегі атқарушы вице-президент болды.

2010 жылы Қазақстандағы екінші сатыдағы Қашаған жобасының директоры болып тағайындалды. Одан әрі «Әл-Қараан» Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды.

2013 жылдан бастап жобаларды басқару бойынша тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді. Ол – Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ EnQuest plc компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



### Білімі

- 1997–1999 – Дюкейн университеті (Питсбург қ., АҚШ) – «бизнесі басқару» (BSBA) мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі;
- 2002–2003 – Оксфорд университеті (Ұлыбритания) – салыстырмалы әлеуметтік саясат ғылымдарының магистрі (MSC Comparative Social Policy);
- 2005–2007 – Калифорния Беркли университеті (АҚШ) – MBA дәрежесі;
- 2012 жылдан бастап – сертификатталған қаржылық талдаушы, CFA.

### Жұмыс тәжірибесі

- 2006–2008 – SAP компаниясы (АҚШ), маркетинг маманы,;
- 2009–2010 – Маккинзи компаниясы (Мәскеу, РФ), кеңесші;
- 2010–2012 – Полиметалл компаниясы (Қазақстан);

### ЖҮБАЕВ АРМАНБАЙ САПАРБАЙҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдың сәуірінен бастап кіреді.

Туған күні: 1977 жыл 28 қаңтар.

- 2012–2013 – КПМГ компаниясы (Қазақстан), аға менеджер;
- 2013–2020 – PwC компаниясы (Қазақстан), аға менеджер, директор;
- 2020 ж – бүгінге дейін – «StrategyLab» ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы.

### Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



### Білімі

Boston University School of Management, Бостон, АҚШ – Іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым бакалавры; Корпоративтік қаржы саласына маманданды, декан тізіміне енді (оқудағы жоғары нәтижелері үшін).

### Жұмыс тәжірибесі

- 2000 – Halyk Bank («Қазақстан Халық Банкі» АҚ), қаржы талдаушысы;
- 2001–2003 – HSBC Bank Kazakhstan, Алматы, клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, маман, бизнесті дамыту бөлімі бастығының орынбасары;
- 2004–2006 – ABN AMRO Bank Kazakhstan, Астана, Астана қ. филиалының басқарушысы/ коммерциялық банкінің жөніндегі вице-президенттің орынбасары;
- 2006 – ABN AMRO Bank Kazakhstan, Астана, Астана қ. филиалының басқарушысы/ металлургия және пайдалы

### АРҒЫНҒАЗИН АРМАН ӘНУАРБЕКҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдың маусымынан бастап кіреді.

Туған күні: 1978 жыл 1 желтоқсан.

қазбаларды өндіру бағытының басшысы (Metals және Mining);

- 2006–2012 – RBS Kazakhstan, Алматы, корпоративтік банкінің басшысы, Басқарма мүшесі, атқарушы директор;
- 2012–2021 – UBS AG Өкілдігі, Алматы, Басқарушы директор.

### Қоса атқаратын жұмыс пен ДК-дегі мүшелік

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің төрағасы;
- Kazakhstan Investment Development Fund, Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



### ҚАРАБАЛИН ҰЗАҚБАЙ СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылдың ақпанынан бастап кіреді.

Туған күні: 1947 жыл 14 қыркүйек.

### Білімі

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «Тау-кен инженері»;
- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы;
- техника ғылымдарының кандидаты;
- техника ғылымдарының докторы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының академигі.

### Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдары «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, «Каспий маңы геология» аумақтық басқармасында, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өнеркәсіп бөлімінде жұмыс істеді. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары, Қазақстан

Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ бірінші вице-президенті және президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті, ММГ бас директоры, «Қазақстан мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. «ҚазТрансойл» ЖАҚ, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ және «ҚазМұнайГаз» «Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңестерінің төрағасы, KAZENERGY қауымдастығы үйлестіру кеңесінің төрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасары, «Атырау Мұнай және газ университеті» Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚМГИ» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) қызметтерін атқарған.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 9 655 жай акциясына ие.



#### ОТЫНШИЕВ ЕЛЖАС МҰРАТУЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдың маусымынан бастап кіреді.

Туған күні: 1987 жыл 1 сәуір.

#### Білімі

- 2008–2010 – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы – қолданбалы математика және физика (магистр);
- 2004–2008 – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы – қолданбалы математика және физика (бакалавр).

#### Жұмыс тәжірибесі

- 2007–2008 – Ernst&Young (Мәскеу) - Аудиторлық және консультациялық қызметтер, технологиялар және қауіпсіздік қызметтері бөлімі. Позициялар – талдаушыдан аға талдаушыға дейін;
- 2008–2009 - Ernst&Young (Москва) - Бағалау және бизнес-модельдеу бөлімі. Позиция – талдаушы;
- 2009–2012 - «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс департаменті. Позициялар – менеджерден Департамент директорына дейін;
- 2012–2014 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, позиция – бас менеджер;
- 2014–2016 - «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС («Самұрық-Қазына» АҚ-ға іссапарға жіберілді), позиция – Қордың инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры;
- 2016–2018 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Позиция – Жаңа жобаларды дамыту департаменті жоба директоры (өсіп келе жатқан портфельдік компанияларды басқару);

- 2018–2019 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Позиция – Активтерді дамыту департаменті Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы;
- 2019 – «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd., Позиция – Аға талдаушы/VP, Тікелей инвестициялар департаменті;
- 2019–2021 - «PlanetCare Management» ЖШС, лауазымы – Бас директордың инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары;
- 2021–2023 – «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd., позиция – Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор.

#### Қоса атқаратын жұмыс пен ДК-дегі мүшелік

- 2023 жылғы маусымнан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2023 жылғы маусымнан бастап – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2023 жылғы мамырдан бастап – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2023 жылғы маусымнан бастап – «Объектілерді салу жөніндегі компания» корпоративтік қоры Қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



#### МЫШӘРІПОВА САЯ НАЙМАНБАЙҚЫЗЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдың тамызынан бастап кіреді.

Туған күні: 1970 жыл 19 қазан.

#### Білімі

- 1987–1992 – Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, Алматы;
- 2008–2010 – Ломоносов атындағы ММУ Жоғары бизнес мектебі, Мәскеу қаласы, Executive MBA.

#### Жұмыс тәжірибесі

- 1995–2008 – Аудитор, коммерциялық ұйымдарда бас бухгалтер;
- 2008–2015 – «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ аудит және бақылау департаментінің директоры;
- 2015–2018 – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2018–2023 – «АХҚО әкімшілігі» салық саясаты департаментінің директоры.

#### Қоса атқаратын жұмыс пен ДК-дегі мүшелік

- «QazaqGaz» ҰК АҚ Тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Samruk-Kazyna Construction» ҰК» АҚ Тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі.

#### Сертификаттар, лицензиялар

- Сертификатталған тәуелсіз директор (Certificate IOD) Institute of Directors (Ұлыбритания);
- Аудитор, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің № 0000174 мемлекеттік лицензиясы;
- 1-сантағы салық консультанты.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



**ШӘКІРОВ АСҚАР ОРАЗАЛЫҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2023 жылғы қарашадан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1956 жыл 2 ақпан.

**Білімі**

- 1973–1978 – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Азия және Африка елдері институты;
- 1985 – Заң ғылымдарының кандидаты.

**Біліктілік дәрежесі**

- Төтенше және Өкілетті Елші.

**Жұмыс тәжірибесі**

- 1978–1987 – КСРО Ішкі істер министрлігінің Академиясы Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмысқа қарсы күрес және қылмыстық сот төрелігі комитетіндегі Кеңес Одағы өкілінің жұмысын қамтамасыз ету тобындағы ғылыми қызметкері, адъюнкты, аға инспекторы;
- 1987–1989 – КСРО Ішкі істер министрлігі Сыртқы қатынастар бөлімінің референті;
- 1989–1992 – КСРО Ішкі істер министрлігінің Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты қазақстандық бөлімінің бастығы;
- 1992–1995 – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шарттық-құқықтық бөлімінің меңгерушісі, бастығының орынбасары, шарттық-құқықтық басқармасының бастығы;
- 1995–1996 – Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы істерінде уақытша сенім білдірілген өкіл;
- 1996–1996 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар бойынша елшісі;
- 1996–1998 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары;
- 1998–2004 – Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі;

- 2004–2006 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары;
- 2006–2007 – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы;
- 2007–2019 – Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі өкіл;
- 2021–2023 – Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік Ассамблеясы төрағасының орынбасары, тұрақты даму мақсаттары бойынша ЕҚЫҰ ПА арнайы өкілі.

**Сайланбалы лауазымдар, депутаттық**

- 2019 жылдан бастап – Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты;
- 2019–2023 – Сенат төрағасының орынбасары;
- 2023 – Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы;
- 2020–2022 – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты Директорлар кеңесінің төрағасы.

**Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтары**

- Ордендері: «Құрмет», «Парасат»;
- Медальдері: 22, соның ішінде «Ерен еңбегі үшін».

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.

**2023 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы**

Тәуелсіз директорлар	Холланд Филип Малкольм	2020
	Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	2023
	Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	2023
	Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	2023
	Шәкіров Асқар Оразалыұлы	2023
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері	Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	2016
	Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы	2023
	Төраға	2023
	Отыншиев Елжас Мұратұлы	
Атқарушы директор (Басқарма Төрағасы)	Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	2022
<b>Өкілеттік мерзімі аяқталғандар</b>	Хаирова Әсел Әнуарқызы	2023
	Ауғанов Фибрат Қайратұлы	2023
	Миллер Тимоти Глен	2023
	Жанәділ Ернар Бейсенұлы	2023
	Уолтон Кристофер Джон	2023

Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің сегізі – Қазақстан, біреуі – Ұлыбритания азаматы.

**Ұсыну және іріктеу тәртібі**

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысымен және өзге де нормативтік құжаттармен айқындалады, акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады және кандидатураларды іздеуді және жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаларына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдар арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың лауазымдық функцияларды орындау және Компанияның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуының өсуін қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары және тәжірибесі

**Директорлар кеңесінің құзырет бойынша құрылымы**

Директорлар кеңесінің мүшесі	Негізгі құзыреттер
1 Бердіғұлов Е.Қ.	Стратегия, корпоративтік басқару, активтерді басқару, қаржы
2 Мырзағалиев М.М.	Мұнай-газ саласы
3 Холланд Ф.М.	Мұнай-газ саласы, жобаларды бағалау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік
4 Жұбаев А.С.	Қаржы
5 Мыңшәріпова С.Н.	Аудит, қаржы, комплаенс
6 Қарабалин Ұ.С.	Мұнай-газ саласы, стратегия
7 Отыншиев Е.М.	Инвестициялар, активтерді басқару, стратегия
8 Арғынғазин А.Ә.	Корпоративтік қаржы, аудит
9 Шәкіров А.О.	Құқықтану, халықаралық қатынастар

Директорлар кеңесінің құрылымы әр түрлі бағыт бойынша кәсіби білім мен дағдылар тұрғысынан құрамның теңдігін көрсетеді.


2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны — тоғыз, оның ішінде:

- тәуелсіз директорлар — бесеу,
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері – үшеу;
- атқарушы директор (Басқарма Төрағасы) – біреу

**53 жас**

Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы

**Директорлар кеңесінің құрылымы жас айырмашылығы бойынша келесідей:**



болуы керек, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 35/16 хаттамадағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидаларына сәйкес іріктеледі.

# Директорлар кеңесінің 2023 жылы атқарған жұмысы

2023 жылы Директорлар кеңесі 24 отырыс өткізіп, 300 мәселе қарады.


Комитеттер бөлінісінде:

- Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет (СПБК): 5 отырыс, 77 мәселе;

- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет (ТЖСК): 10 отырыс, 77 мәселе;
- Аудит жөніндегі комитет (АК): 13 отырыс, 108 мәселе;
- Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті (ҚЕҚОҚТДК): 5 отырыс, 40 мәселе.

## Қаралған мәселелер саны

## Отырыстар саны



2023 жылы Директорлар кеңесі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және тұрақты даму, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелеріне, менеджмент

қызметінің негізгі көрсеткіштерін әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына ерекше назар аударды.

## 2023 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

- | Санат                                   | Мәселелер  |
|---|--|
| <b>Есептер</b>                          | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ Басқарма төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі</li> <li>■ ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат</li> <li>■ ҚМГ қызметіне санкциялардың әсері туралы ақпарат</li> <li>■ ҚМГ Қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері бойынша есеп</li> <li>■ ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат</li> <li>■ ҚМГ Директорлар кеңесі Комитеттері төрағаларының есептері</li> <li>■ Комитеттердің 2022 жылғы қызметі туралы есептер</li> <li>■ KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG қаржы мәртебесі туралы</li> <li>■ Сенім телефонына келіп түскен өтініштер туралы есеп</li> <li>■ ҚМГ Басқармасы қабылдаған, мүдделі мәмілелер туралы есеп</li> <li>■ Тәуекелдер және қаржылық тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп</li> <li>■ ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы туралы есеп</li> <li>■ Мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022-2026 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын 2022 жылы іске асыру жөніндегі есеп</li> </ul>  |
| <b>Стратегиялық мәселелер</b>           | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022 жылға арналған жекелеген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы</li> <li>■ ҚМГ-ның 2024-2028 жылдарға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспары туралы</li> <li>■ ҚМГ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту</li> <li>■ ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту</li> <li>■ ҚМГ Даму стратегиясы туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған 2022 жылға және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған даму стратегиясын іске асыру туралы есеп</li> <li>■ Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері</li> <li>■ Басшы қызметкерлер жұмысының мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың нысаналы мәндерін бекіту</li> <li>■ ҚМГ-ның мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы</li> <li>■ ҚМГ облигацияларын шығару туралы және шығару шарттарын айқындау туралы</li> <li>■ Сооперативе KazMunaiGaz U.A. «Самұрық-Қазына» АҚ-дан «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЧКОО акцияларының 50%-ын кері сатып алуды жүзеге асыру туралы жарлық</li> <li>■ Киберқауіпсіздік мәселелері</li> <li>■ ҚМГ облигацияларын шығаруды жүзеге асыру туралы және ҚМГ облигацияларын шығару шарттарын айқындау туралы</li> <li>■ Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ҚМГ кепілдіктерін беру туралы жарлық</li> <li>■ 2025 жылы өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) және мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) бағасын анықтау туралы</li> <li>■ ҚМГ облигацияларын шығару туралы және ҚМГ облигацияларын шығару шарттарын айқындау туралы</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022 жылғы таза табысын бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы</li> <li>■ МӨЗ-ге қатысты еліміздегі мұнай өнімдерінің тапшылығын болдырмау жөніндегі қажетті жүйелі шараларды келісу туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ стратегиялық емес активтерін шығару жөніндегі жол карталарын бекіту туралы, ҚМГ стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігі</li> <li>■ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспары туралы жарлық</li> </ul> |
| <b>Корпоративтік басқару мәселелері</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ Директорлар кеңесінің 2022 жылдың қорытындысы бойынша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері</li> <li>■ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу кестесін бекіту</li> <li>■ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының 2022 жылғы әрекеттеріне акционерлердің өтініші және оларды қарау қорытындылары</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022 жылғы жылдық есебін бекіту</li> <li>■ ҚМГ-ның 2022 жылғы тұрақты дамуы туралы есебін бекіту</li> <li>■ 2018-2021 жылдардағы ҚМГ трансформациялау бағдарламасын іске асыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ Жарғысын жаңа редакцияда мақұлдау туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ-ның ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы</li> <li>■ ҚМГ Тұрақты даму жүйесі және ESG тәуекел рейтингі туралы</li> <li>■ ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру мәртебесі туралы жарлық</li> <li>■ ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму бағдарламасын бекіту туралы жарлық</li> </ul>   |

<b>Мәмілелер жасасу мәселелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мүдделі мәмілелер жасасу</li> <li>Ірі мәмілелер жасасу</li> </ul>
<b>Еншілес және тәуелді ұйымдар мәселелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ЕТҰ бақылау кеңестерінің басшыларын, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін тоқтату</li> <li>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚКК» ЖШС-нің International Maritime Investments Ltd-мен бірлесіп 49% акционерлік капиталға қатысу үлесімен «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd» жеке компаниясын құруға қатысуы туралы жарлық</li> <li>«Kalamkas-Khazar Operating» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы</li> <li>«Karaton Operating Ltd.» жеке компаниясын құру туралы мәлімдеме</li> <li>ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер енгізу</li> <li>ЕТҰ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін келісу</li> <li>ЕТҰ-ға қатысу үлестерін сатып алу, иеліктен шығару</li> <li>Электр қуатындағы іркілістер салдарынан «АМӨЗ» ЖШС жұмысындағы үзілістердің түпкі себептері туралы ақпарат</li> <li>KPI жобасын іске асырудан алынған сабақтар және олардың KLPE жобасына қолданылуы, сондай-ақ KPI жобасындағы іске қосу-баптау жұмыстарының ағымдағы мәртебесі туралы</li> <li>ӨМГ-ның сорғы-компрессорлық құбырлардың, штангалық тереңдік сорғылары мен штангалардың айналымы бөлігінде қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ топтың басқа өндіруші компанияларындағы осы мәселеге қатысты жағдайға қатысты</li> <li>«АМӨЗ» ЖШС, ӨМГ-ге қарыз беру туралы жарлық</li> <li>Ішкі аудит қызметінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының ҚБМ мердігер ұйымдарының қызметіне жоспардан тыс тексеру жүргізуі туралы жарлық</li> </ul>
<b>Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлер, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің және омбудсмен қызметінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы жарлық</li> <li>ҚМГ ішкі құжаттарын бекіту, оның ішінде Басқарма туралы ережені бекіту, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ҚМГ ішкі бақылау қағидаларының күші жойылды деп тану; басшы қызметкерлерге, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің және ҚМГ омбудсмен қызметінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ ішкі бақылау қағидаларына, ҚМГ ішкі бақылау жүйесінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар, ҚМГ Директорлар кеңесінің және/ немесе оның комитеттерінің отырыстарына материалдарды дайындау және енгізу қағидалары, ҚМГ Директорлар кеңесі туралы ережелер өзгерістер енгізу</li> </ul>
<b>Тағайындаулар және сыйақы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ қызметкерлерінің штат санын бекіту</li> <li>ҚМГ Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, ҚМГ Басқарма мүшелеріне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау</li> <li>ҚМГ Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау туралы жарлық</li> <li>Басқарма төрағасына және Басқарма төрағасының орынбасарларына тәртіптік жаза қолдану және оларды алып тастау туралы жарлық</li> </ul>
<b>Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің есептері</li> <li>Корпоративтік хатшы қызметінің, ішкі аудит қызметінің, комплаенс қызметінің, омбудсменнің кадрлық мәселелері</li> <li>ҚМГ ішкі аудит қызметі қызметінің 2023-2025 жылдарға арналған стратегиясын қарау және бекіту туралы</li> <li>Комплаенс-бағдарламаны және комплаенс қызметінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы жарлық</li> <li>ҚМГ ішкі аудит қызметі жүргізетін тексерулердің (аудиттердің) нәтижелері бойынша анықталған жағдайларға қатысты шараларды қатаңдату жөніндегі ұсыныстарды қарау туралы</li> <li>ҚМГ орталықтандырылған ішкі аудит қызметінің міндеті мен рөлі туралы ақпаратты қарау туралы</li> <li>Комплаенс қызметінің, ҚМГ омбудсменінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы жарлық</li> </ul>

**2023 жылғы стратегиялық сессиялар**

2023 жылы 26 шілдеде кесте бойынша жоспарланған отырыс өткізілді, оның шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2023 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігі, сыртқы ортаны талдау және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ірі мұнай-газ активтеріне қатысты стратегиясының мәртебесі қаралды.

**Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелері бойынша отырысы**

2023 жылы 6 қазанда тұрақты даму мәселелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өтті, онда келесі өзекті мәселелер талқыланды:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұрақты даму жүйесі және ESG тәуекел рейтингі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін TCFD ұсынымдары және қаржылық есептіліктің жаңа стандарттары бойынша ақпаратты жариялау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру мәртебесі.

**Компанияның негізгі мәселелерінің іске асырылуын бақылау**

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі ҚМГ Басқарма Төрағасының қызметтің негізгі өзгерістері жөніндегі есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері жөніндегі есепті, жасалуына мүдделі, олар бойынша шешімдерді Басқарма қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есепті үнемі тыңдайды, стратегияны, ҚТК және инвестициялық жобаларды орындау

мәртебесіне шолу, ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп, Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің жұмысы туралы есептерді тыңдайды.

Директорлар кеңесінің стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті әрбір отырыста ірі мұнай-газ жобаларын (Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз кен орындарында) іске асыру, трансформациялау, жекешелендіру туралы есептерді қарайды және талқылайды.

**Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023 жылы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы<sup>1</sup>**

Директорлар кеңесінің мүшесі	2023 жылғы отырыстар				
	Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет	Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті
Уолтон Кристофер Джон	17/17		4/4	3/3	3/3
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	24/24			5/5	5/5
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	24/24				
Холланд Филип Малкольм	23/24	12/12	6/6	5/5	
Миллер Тимоти Глен <sup>2</sup>	12/12	5/5		2/2	2/2
Хайрова Әсел Әнуарқызы <sup>3</sup>	7/7	4/4	3/3		2/2
Ауғанов Ғибрат Қайратұлы <sup>4</sup>	5/6		2/3		
Жанәділ Ернар Бейсенұлы <sup>5</sup>	13/13			2/2	
Бердіғұлов Ернат Құдайбергеліұлы <sup>6</sup>	16/17		0/1		
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы <sup>7</sup>	17/17	8/8		3/3	3/3
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы <sup>8</sup>	8/12	7/7	3/3		3/3
Отыншиев Елжас Мұратұлы <sup>9</sup>	10/11			0/3	
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы <sup>10</sup>	5/5	3/4	2/2	2/2	
Шәкіров Асқар Оразалыұлы <sup>11</sup>	2/2				

<sup>1</sup> Бірінші сан Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуға мүмкіндігі болған отырыстардың жалпы санын көрсетеді.  
<sup>2</sup> ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2023 жылы 30 мамырда тоқтатты.  
<sup>3</sup> ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2023 жылы 6 сәуірде тоқтатты.  
<sup>4</sup> ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2023 жылы 6 сәуірде тоқтатты.  
<sup>5</sup> ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2023 жылы 27 маусымда тоқтатты.  
<sup>6</sup> 2023 жылы 6 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.  
<sup>7</sup> 2023 жылы 6 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.  
<sup>8</sup> 2023 жылы 30 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.  
<sup>9</sup> 2023 жылы 27 маусымда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.  
<sup>10</sup> 2023 жылы 14 тамызда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.  
<sup>11</sup> 2023 жылы 6 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

## Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Кодекске сәйкес, Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Бұл процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келуі керек. Бұл ретте Бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2021 жылы ҚМГ-ны қоса алғанда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 портфельдік компаниясында PricewaterhouseCoopers ЖШС командасының орындауында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 31 мамырына дейінгі кезеңде корпоративтік басқару бойынша тәуелсіз сараптама жүргізілді. Аталған сараптама шеңберінде келесі бес бағыт бойынша қызмет бағаланды: Директорлар кеңесі және атқарушы органның тиімділігі; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; тұрақты даму; акционерлердің құқықтары; ашықтық. Осыған байланысты 2022 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне жеке тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Бұл ретте 2023 жылы Кодекс талаптарына сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелері өзін-өзі бағалады. Өзін-өзі бағалау сауалнамасын тағайындаулар мен сыйақылар комитеті мен Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен — «құрам және процестер», «мінез-құлқ және әрекеттер» және 30 сұрақтан тұрды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің Төрағасына тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп, Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде 2022 жылдың қорытындылары бойынша келесі аспектілерді көтеру ұсынысы берілді:

- барлық аспект бойынша әртүрлілік.
- сабақтастық жоспары және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі;
- ҚМГ стратегиясы;
- кәсіби даму және оқыту.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі – 2022 жылғы есеп) Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды және талқыланды, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қатысты. 2022 жылғы Есепті талқылау шеңберінде

директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне талдау көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) төмен бағаланған дағдылар мен құзырет көрсеткіштері (бұдан әрі – жетілдіруге болатын бағыттар) қаралды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің облыстарға қатысты қызметін жетілдіру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді, сондай-ақ алдыңғы Жоспардың орындалу мәртебесі қаралды.

2023 жылы желтоқсанда өткен Директорлар кеңесінің отырысында 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды. Нәтижесінде ҚМГ Директорлар кеңесі назар аударуды талап ететін Директорлар кеңесі қызметінің аспектілерін анықтау, сондай-ақ осыған дейінгі нәтижелермен салыстыру мақсатында өзін-өзі бағалау жолымен 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Директорлар кеңесі сауалнаманы ҚМГ-ның ESG рейтингін жақсарту жөніндегі жоспарын ескере отырып, жаңа сұрақтармен толықтыру туралы шешім қабылдады, мысалы: 1) Директорлар кеңесі олардың сәйкестігіне қарай шешім қабылдайды: ҚМГ Стратегиясы; ҚМГ басым ретінде айқындаған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына; ҚМГ басты қызмет көрсеткішіне, оның ішінде ESG саласында; 2) ҚМГ құрамы Директорлар кеңесі комитеттері жеткілікті теңдестірілген және мажоритарлық акционердің немесе ҚМГ менеджментінің ықпалына ұшырамай, Директорлар кеңесі үшін объективті және бейтарап ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2024 жылдың 1-тоқсанында Директорлар кеңесінің қызметін 2023 жылдың қорытындысы бойынша Өзін-өзі бағалау тәсілі арқылы бағаланды. Өзін-өзі бағалаудың әдіснамалық негізіне жоғарыда айтылғандар енді. 2023 жылғы өзін-өзі бағалау нәтижелері 2022 жылғы нәтижелермен салыстырыла отырып, қоса енгізілген ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылдың қорытындысы бойынша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі – Есеп 2023), сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесі қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет алдын ала қарады. Содан кейін, есепті Директорлар кеңесі кеңес мүшелері мен Корпоративтік хатшының қатысуымен қаралды. Осыны ескере отырып, ҚМГ Директорлар кеңесі қызметін жақсартуды одан әрі талқылайтын болады.

## Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті – ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-ның өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қолдауды қамтамасыз ету.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін толық қамтамасыз етуді, акционерлер тарапынан

корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дағы корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы – өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін компания қызметкері.



ШӘРІПОВ ДАМИР ВАЛЕРЬЕВИЧ

### Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы.

Туған күні: 1980 жыл 22 қаңтар.

### Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «халықаралық құқық»;
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Іскерлік әкімшіліктендіру шебері» бағдарламасы (MBA), мамандығы – «менеджмент»;
- сертификатталған корпоративтік хатшы; корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертифицикатталған тренер; Samruk Business Academy тренері.

### Жұмыс тәжірибесі

- 2001–2007 жылға дейін – Атырау облысындағы Теңіз кен орнында әртүрлі лауазымдарда;
- 2007 жылдан 2012 жылға дейін – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ;
- 2012 жылдан 2014 жылға дейін – ҚМГ және «ҚазТрансГаз» АҚ-да жұмыс істеді;
- 2015 жылдың 5 қаңтарынан бастап – ҚМГ Корпоративтік хатшысы;
- 2019 жылдың 1 ақпанынан бастап «Атамекен» Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқасы жанындағы корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесінің мүшелері Комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды жан-жақты қарауға және талдауға жиналады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі – тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар да төрағалары болады.

## Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
<b>Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Даму стратегиясы және инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің басым бағыттары;</li> <li>ҚМГ-ның инвестициялық тартымдылығын арттыру;</li> <li>ҚМГ-ның қаржы-шаруашылық қызметін лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету;</li> <li>ҚМГ-ның трансформациясына мониторинг жүргізу.</li> </ul>
<b>Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау;</li> <li>Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының және өзге де қызметкерлердің қызметін тұрақты және объективті түрде бағалауды қамтамасыз ету;</li> <li>тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету.</li> </ul>
<b>Аудит жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін орнату;</li> <li>ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;</li> <li>сыртқы және ішкі аудиттің процесін бақылау;</li> <li>Компанияның жылдық және тоқсандық қаржы есептілігін тексеру;</li> <li>комплаенстың сақталуын бақылау.</li> </ul>
<b>Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;</li> <li>ҚМГ-ның стратегиялық жоспарлауы мен ҚМГ әлеуметтік-экономикалық дамуына тұрақты даму қағидаттарын енгізу;</li> <li>жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде ҚМГ-ның әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары;</li> <li>ҚМГ-ның экологиялық тиімділігіне мониторинг жүргізу.</li> </ul>

## Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет

2023 жылы тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 6 отырысы өтіп, 56 мәселе қаралды.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы (2023 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

- Холланд Филип Малкольм – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет төрағасы;
- Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылы маусымнан бастап Комитет мүшесі;
- Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылы тамыздан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері – Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі. Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сый-ақылары, сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар – кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және Компанияның өз бағытындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі.

## Комитет 2023 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

<b>Сабақтастықты жоспарлау</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының «МАНСАП» жобасы бойынша сабақтастық жоспарына қабылданған 3 пул (А, В, С) қызметкерлерімен жұмысты іске асыру барысы туралы;</li> <li>СЕО-1 деңгейіндегі лауазымға кандидаттарды сайлау мәртебесі туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына тағайындау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры лауазымына тағайындау туралы;</li> <li>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚК» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директорын (басқарма төрағасын) тағайындауды (сайлауды) келісу туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Бақылау кеңесінің мүшесі мен төрағасын сайлау туралы;</li> <li>«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;</li> <li>«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінде әртүрлілік саласындағы саясатты қалыптастыру мүмкіндігін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жоғары басшылығының құрамына, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне әйелдерді қосу мүмкіндігін қарау туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі комитетінің құрамында тағайындаулар мен сыйақылар бойынша акционердің өкілдерін алып тастаудың және тәуелсіз директорлар санын көбейтудің орындылығын қарау;</li> <li>Кадр резервіне кіретін неғұрлым перспективалы қызметкерлермен кездесу (5 адамнан артық емес);</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаенс қызметі басшысының лауазымдық нұсқаулығын жаңа редакцияда бекіту туралы.</li> </ul>
<b>Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>2022 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерінің жалақысын қалыптастыру және қайта қарау рәсімі туралы;</li> <li>2022 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштері мен мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігі туралы;</li> <li>2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштері мен мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарының мониторингі;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің түзетілген корпоративтік негізгі көрсеткіштері мен мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталары және олардың 2023 жылға арналған мақсатты мәндері туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері жұмысының корпоративтік негізгі көрсеткіштері мен мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2024 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмен қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2024 жылға арналған мақсатты мәндерін бекіту туралы;</li> </ul>

- Тиімді кадр саясатын, еңбекақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету**
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппаратының құрылымын бекіту туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында грейдинг жүйесін енгізу мәртебесі туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшелеріне лауазымдық жалақының мөлшерін айқындау туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсмен қызметінің басшысы – омбудсменді тағайындау туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Басқарма төрағасының сыйақысы туралы ақпаратты жариялау мүмкіндігін қарастыру;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесіне лауазымдық жалақының мөлшерін айқындау туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023-2024 жылдарға арналған кәсіби даму бағдарламасын бекіту туралы.

**Комитет мүшелерінің 2023 жылы өткен отырыстарға қатысуы**

Комитет отырысының нөмірі мен күні	1/2023 31.01	2/2023 13.02	3/2023 04.04	4/2023 25.07	5/2023 03.10	6/2023 05.12	Қатысу үлесі, %
Ұзақтығы	11:00–12:11 (71 мин.)	16:00–17:40 (100 мин.)	11:05–12:06 (61 мин.)	11:04–13:00 (116 мин.)	11:00–11:56 (56 мин.)	11:00–12:55 (115 мин.)	
Комитет мүшесінің аты-жөні							
Холланд Ф.М.	+	+	+	+	+	+	100
Уолтон К.Д.	+	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды		
Ауғанов Ф.К.	+	+	-	Комитет құрамынан шығарылды			
Хаирова Ә.Ә.	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды			
Бердіғұлов Е.Қ.				-	Комитет құрамынан шығарылды		
Арғынғазин А.Ә.				+	+	+	100
Мыңшәріпова С.Н.					+	+	100

## Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет

2023 жылы Стратегия және портфельді басқару комитетінің бес отырысы өтіп, 63 мәселе қаралды.

Стратегия және портфельді басқару комитетінің құрамы (2023 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):  
 1. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі, 2023 жыл тамыздан бастап Комитет төрағасы;

2. Холланд Филип Малкольм – 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
4. Отыншиев Елжас Мұратұлы – 2023 жылдың шілдесінен бастап Комитет мүшесі;
5. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамыз айынан бастап комитет Мүшесі.

**Комитет 2023 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер**

- Даму стратегиясы, оның ішінде қызметтің басым бағыттары**
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2022 жылы іске асыру туралы есеп туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023 жылдың 1 жартыжылдығындағы 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру бойынша есебі туралы.
- Инвестициялық тар-тымдылықты арттыру**
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының 2022 жылғы инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат;
  - «Силлено» ЖШС жасаған құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамында (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша теңгемен 110 000 000 (жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шекті мәннен асатын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерге келісу туралы, «Силлено» ЖШС мен «СИБУР Холдинг» ЖАҚ арасындағы болашақ өнімді сатып алу туралы келісімдер, «Силлено» ЖШС, SIBUR International GmbH және «СИБУР Холдинг» ЖАҚ арасындағы болашақ өнімді сатып алу туралы келісімдер және «Силлено» ЖШС, Sibur International Trading (Shanghai) Co., Ltd және «СИБУР Холдинг» ЖАҚ арасындағы болашақ өнімді сатып алу туралы келісімдер;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Karaton Operating Ltd» жеке компаниясын құру туралы;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүддесі бар мәмілелерді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қорытындысын келісу туралы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ, Total Open S. A. және «Ақтас Энерджи» ЖШС арасындағы бірлескен кәсіпорын туралы келісімдер.
- Қаржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету**
- ҚМГ компаниялар тобы бойынша жекешелендіру және дивестициялар бағдарламасының орындалу мәртебесі;
  - Мүдделі мәмілелерді жасасу туралы, ҚМГ, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Теңізшевройл» ЖШС арасындағы өтеу туралы келісім бойынша құқықтар мен міндеттемелерді беру туралы келісімдер; ҚМГ, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Татнефть» ЖАҚ арасындағы құқықтарды беру және міндеттемелерді қабылдау туралы келісім;
  - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасындағы 21.06.2023ж. №5238-УВС-СП келісімшарт бойынша Атырау және Маңғыстау облыстарында орналасқан «Қаратон Подсолевой» жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын «Karaton Operating Ltd» жеке компаниясының пайдасына беру туралы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүддесі бар мәмілені жасасу жолымен көрсетілген келісімшартқа №1 толықтыру арқылы өзгерістер енгізу туралы, «Karaton Operating Ltd.» жеке компаниясының 21.06.2023 ж. №5238-УВС-СП келісімшарт бойынша «Қаратон Подсолевой» жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуын келісу туралы;
  - Мүдделі мәмілелерді жасасу туралы – ҚМГ, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Теңізшевройл» ЖШС арасындағы өтеу туралы келісім бойынша құқықтар мен міндеттемелерді беру туралы келісім; ҚМГ, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Татнефть» ЖАҚ арасындағы құқықтарды беру және міндеттемелерді қабылдау туралы келісім;
  - ӨМГ жоспарлы мұнай өндіру деңгейін қалпына келтіру бойынша нақты ұсыныстар.

**Комитет мүшелерінің 2023 жылы өткен отырыстарға қатысуы**

Комитет отырысының нөмірі мен күні	1/2023 31.01	2/2023 04.04	3/2023 25.07	4/2023 03.10	5/2023 05.12	Қатысу үлесі, %
Ұзақтығы	13:06–15:41 (155 мин.)	13:04–14:45 (101 мин.)	13:04–16:47 (223 мин.)	13:00–16:00 (180 мин.)	13:15–17:15 (240 мин.)	
Комитет мүшесінің аты-жөні						
Уолтон К.Д.	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды		
Холланд Ф.М.	+	+	+	+	+	100
Миллер Т.Г.	+	+	Комитет құрамынан шығарылды			
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	100
Жанәділ Е.Б.	+	+	Комитет құрамынан шығарылды			
Жұбаев А.С.			+	+	+	100
Отыншиев Е.М.			-	-	-	0
Мыңшәріпова С.Н.				+	+	100

## Аудит жөніндегі комитет

2023 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 12 отырысы өткізіліп, 111 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы;

2. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;

3. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2023 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі;

4. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамыз айынан бастап Комитет мүшесі.

### Аудит жөніндегі комитет 2023 жылы қараған негізгі мәселелер

#### Ішкі аудит

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023-2025 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің бюджетін қалыптастыру кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің бюджетін қалыптастыру процесінің бюджетті және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму жоспарын қалыптастыру процесімен тұтастай интеграциялануын қамтамасыз ету туралы;
- Ішкі аудит қызметі туралы тоқсандық есептерді қарау және алдын ала бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі қызмет мамандарын ӨМГ сотқа дейінгі тергеуіне қатысу үшін бөлу туралы;
- 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі бюджетінің қолданылуы жөнінде есепті қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы туралы туралы есепті және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген аудит нәтижелері бойынша берілген ұсынымдарын орындалмаған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобы компанияларының тізімін қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына өзгерістер енгізу туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталықтандырылған ішкі аудит қызметінің қызметі мен рөлі туралы ақпаратты қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылғы жоспардан тыс тексерулері бойынша ақпаратты қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2022 жылғы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігінің нақты мәндерін бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы мөлшерін айқындау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің (аудиттердің) нәтижелері бойынша анықталған жағдайларға қатысты шараларды қатаңдату жөніндегі ұсыныстарды қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің жекелеген қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің уақытша жұмыста болмаған қызметкерлерінің міндеттерін орындағаны (алмастырғаны) үшін ішкі аудит қызметкерлеріне қосымша ақы белгілеу туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату/ тағайындау туралы;
- Ішкі аудит қызметінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының ҚБМмердігер ұйымдарының қызметіне жоспардан тыс тексеру жүргізуі туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы;
- 2024 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2024 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы.

#### Есеп және сыртқы аудит

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2022 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілік аудиті бойынша мәртебе;
- ҚМГ аралық қаржылық есептерін қарау және алдын ала бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының 2023 жылғы 24 мамырдағы №121 бұйрығымен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторының 2022 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы;
- 2022 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігін келісу туралы;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС және Ernst & Young Global Limited құрамына кіретін басқа компаниялар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарына 2022 жылы көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты және 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ernst & Young Global Limited және оның еншілес ұйымдарына көрсетуге рұқсат етілген және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз Ernst & Young Global Limited көрсеткен аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты бекіту туралы;
- 2025-2027 жылдарға арналған бірыңғай аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін өткізуге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп қатысу үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіретін компаниялардың тізімін келісу туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебіне жүргізілген аудиттің нәтижелері туралы басшылыққа дайындалған хат бойынша ЕҮ есебін талқылау (шығарылған күні - 2023 жыл 24 наурыз);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық есептілікті талдау мәртебесі туралы Сыртқы аудитордың есебі;
- ҚМГ компаниялар тобының сыртқы аудиторы көрсететін аудиторлық емес қызметтерді мақұлдау;
- 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның сыртқы аудиторы «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның ұсынымдарын орындау мәртебесі туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есебіне аудитті жоспарлау туралы есеп.

#### Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның еншілес ұйымдарында ішкі бақылау жүйесін және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу мәртебесі (тоқсан сайынғы негізде);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі бірлескен жоспарды мақұлдау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекел-тәбеті туралы өтінішті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдер тізімін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдер картасын, тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімін бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржылық тәуекелдер бойынша есептерді бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі басшысының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының ішкі бақылауларының тиімділігі туралы есебін қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қосымша компанияларын ішкі бақылау жүйесін енгізу периметріне қосу жөніндегі ақпарат туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекел-тәбеті туралы өтінішті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдер тізімін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдер картасын, тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2024 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімін бекіту туралы;
- 2024 жылға арналған контрагент-банктерге баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі лимиттерін белгілеу туралы.

**Корпоративтік басқару**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы 2022 жылға арналған есепті келісу туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына дайындық мәртебесі туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022 жылға арналған жылдық есебін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2022 жылғы қызметі туралы есеп;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің және/ немесе оның комитеттерінің отырыстарына материалдарды дайындау және енгізу қағидаларына өзгеріс енгізу туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да ақпараттық технологияларды кешенді сараптау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдер мен ұсынымдарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.1-тармағының (ИТ архитектурасы) орындалу мәртебесі туралы есепті қарау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің басшысы лауазымына қойылатын біліктілік талаптарын айқындау туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ киберқорғауды ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша ақпараттық технологияларға арналған шығыстар бойынша мәліметті қарау туралы.

**Комплаенс мәселелері**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің 2022 жылғы қызметі туралы есеп;
- Жедел желіге келіп түскен өтініштер туралы тоқсан сайынғы есептер;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің 2023 жылға арналған комплаенс-бағдарламасын және жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметі басшысының қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің картасын және олардың 2024 жылға арналған мақсатты мән-дерін бекіту туралы.

**Жергілікті билік органдарының (оның ішінде салық бойынша), сыртқы және ішкі аудиторлардың және ҚМГ басшылығының заңнаманы сақтау туралы есептерін зерделеу**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарына және (немесе) олардың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға және (немесе) қылмыстарға байланысты мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін тергеулер және (немесе) тексерулер туралы ақпарат

**Комитет мүшелерінің 2023 жылы өткен отырыстарға қатысуы**

Комитет отырысының нөмірі мен күні	1/2023 30.01	2/2023 20.02	3/2023 06.03	4/2023 03.04	5/2023 19.05	6/2023 24.07	7/2023 18.08	8/2023 31.08	9/2023 02.10	10/2023 30.10	11/2023 17.11	12/2023 04.12	Қатысу үлесі, %
Ұзақтығы	13:30–17:23 (233 мин.)	15:00–16:00 (60 мин.)	15:00–16:03 (63 мин.)	13:30–16:14 (164 мин.)	15:00–16:00 (60 мин.)	13:23–15:33 (130 мин.)	16:00–17:00 (60 мин.)	16:00–17:08 (68 мин.)	13:00–15:15 (135 мин.)	15:05–17:37 (152 мин.)	16:30–16:58 (28 мин.)	13:35–16:10 (155 мин.)	
Комитет мүшесінің аты-жөні													
Хаирова Ә.Ә.	+	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды								
Холланд Ф.М.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Миллер Т.Г.	+	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды								
Жұбаев А.С.					+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арғынғазин А.Ә.						+	+	+	+	+	+	+	100
Мыңшәріпова С.Н.								+	+	-	+		75

## Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті

2023 жылы Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің бес отырысы өткізіліп, 31 мәселе қаралды.

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің құрамы (2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша):

- Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы;
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2019 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі;
- Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі.

**2023 жылы Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті қараған негізгі мәселелер**

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік	Тұрақты даму және ESG-рейтингі
<ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есеп;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын іске асыру мәртебесі;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚМГ ESG (Environmental, Social, Governance) рейтингі туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның бизнес-бірліктерінде тұрақты даму жүйесін енгізу және тұрақты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы статус-есеп;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы;</li> <li>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның климат саласындағы корпоративтік басқару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және ақпаратты TCFD ұсынымдарына сәйкес жариялауға дайындау» жобасы бойынша жұмыс нәтижелері туралы.</li> </ul>

**Комитет мүшелерінің 2023 жылы өткен отырыстарға қатысуы**

Комитет отырысының нөмірі мен күні	1/2023 30.01	2/2023 03.04	3/2023 24.07	4/2023 02.10	5/2022 04.12	Қатысу үлесі %	
Ұзақтығы	11:00–12:30 (90 мин.)	11:07–12:32 (85 мин.)	11:04–12:32 (88 мин.)	11:00–12:17 (77 мин.)	11:00–13:28 (148 мин.)		
Комитет мүшесінің аты-жөні							
Миллер Т.Г.		+	Комитет құрамынан шығарылды				
Уолтон К.Д.	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды			
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	100	
Хаирова Ә.Ә.	+	+	Комитет құрамынан шығарылды				
Жұбаев А.С.			+	+	+	100	
Арғынғазин А.Ә.			+	+	+	100	

# БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП



Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында регламенттелген. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және ҚМГ Жарғысымен Компанияның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындайтын (сайлайтын) Басқарманың төрағасы басқарады. Өз кезегінде, Басқарманың қалған мүшелерін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелеріне келесілер жатады:


- ҚМГ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыру;
- бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, Компанияның ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның тұрақты дамуы бойынша іс-шараларды іске асыру;
- мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысу және олардың мониторингін жүргізу;
- Жарғыда Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, ҚМГ ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- ҚМГ міндеттемелерін ұлғайту және материалдық шегіне сәйкес мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару.

ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма төрағасының ұсыныстары негізінде қалыптастырады. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Басқарманың құрамына ҚМГ-ның негізгі тоғыз басшысы кірді. Басқарманың отырыстары бетпе-бет және сырттай өтеді және қажеттілігіне қарай шақырылады.

2023 жылы ҚМГ Басқармасы 59 отырыс өткізіп, 572 шешімді қарап, қабылдады.

2023 жыл ішінде қабылданған Басқарманың нақты шешімдерінің жалпы санынан белгіленген тәртіппен **154 мәселе** ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

## ҚМГ ДК қарауына шығарылған мәселелер, %



- 47** Ішкі қызмет<sup>1</sup>
- 5** ЕТҰ-дағы ОАЖ-дың айрықша құзыреті
- 21** Мүдделі мәмілелер
- 6** Материалдылық шегінен жоғары инвестициялық жобалар
- 8** СҚ корпоративтік стандартына сәйкес инвестициялық қызмет бойынша сұрақтар
- 12** Ішкі қызмет туралы есептер<sup>2</sup>

2023 жылы Басқарма компания мүддесі бар ҚМГ мәмілелері бойынша 33 шешім қабылдады<sup>1</sup>.

2023 жылы қаңтар-желтоқсан аралығында Басқарма шешімімен келесі құжаттар бекітілді:


- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпаратты жария ету саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер қойнауы учаскелері мен кен орындарында залал келген жерлерді қалпына келтіру және объектілерді жабу саласындағы саясат;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының корпоративтік салықты есепке алу саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ салықтық есеп саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының кейбір ұйымдарының 2023 жылға арналған базалық тарифтік ставкасы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында 2023-2027 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды жақсарту жөніндегі жол картасы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспары
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023 жылға арналған түзетілген бюджеті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылға арналған бюджеті;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру мақсатында бір көзден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін дайындау және бекіту ережесі.


Бұдан басқа, 36 шешіммен ҚМГ-ның жекелеген ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

ЕТҰ акционерлерінің (үлескерлерінің) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын өкілеттіктер шеңберінде Басқарма ҚМГ ұстанымын айқындау және акционерлердің (үлескерлердің) жалпы жиналыстарында ҚМГ уәкілетті өкілдерінің кейіннен дауыс беруі үшін:

## Сенімгерлік басқарудың акционері/ құрылтайшысы ретінде 10 шешім қабылданды



## Жарғылық капиталға қатысу үлесінің қатысушысы/ сенімгерлік басқарушысы ретінде ҚМГ позициясын айқындау бойынша 125 шешім



<sup>1</sup> ҚМГ ішкі қызметі бойынша түйінді мәселелер ҚМГ-ның 2022 жылғы шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есебін алдын ала бекітуге және кейіннен ҚМГ-ның 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі туралы мәселені шығаруға, еурооблигацияларды-2025 мерзімінен бұрын өтеуді (сатып алу) жүзеге асыруға, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы туралы ережені бекітуге, барлауға келісімшарттар жасасуға қатысты және Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіру және «Каратон Подсолевой» жер қойнауын пайдалану құқығын беру және кейіннен жарғылық капиталға қатысу үлесін иеліктен шығару, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын бекіту және т. б. мәселелерге қатысты болды.


<sup>2</sup> Тәуекелдер бойынша есептер; Басқарма шешім қабылдаған мүдделі мәмілелер; 2022-2031 жылдарға дейінгі даму стратегиясын іске асыру; тұрақты даму және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылдың жартыжылдығына арналған есеп және т. б.

<sup>3</sup> ҚМГ Жарғысына сәйкес, ДК және Басқарма мәселелерін қарауды бөлу бойынша материалдылық шек көрсетілген.

Бұдан басқа, басқарма ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционердің/ тұлғаның шешімі ретінде 17 шешім қабылдады, оның ішінде:



Басқарманың 169 шешімі ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық қатысу үлестерін иеленетін жалғыз қатысушысы/ жалғыз құрылтайшысы/ тұлғаның шешімдері, оның ішінде



## Басқарма құрамы



**МЫРЗАҒАЛИЕВ МАҒЗҰМ МАРАТҰЛЫ**

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқарма Төрағасы




**СОЮНОВ НҮРСЕЙІТ ДЖОМАРТҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ ҚУАНЫШ МЕРЕКЕҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**БРЕКЕШЕВ СЕРІКҚАЛИ АМАҒАЛИҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**ЗАКИРОВ БОЛАТ ҚАЛАУИЯҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**МАКЕЕВ ДМИТРИЙ СЕРГЕЕВИЧ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**ЛАВРЕНОВ ВАСИЛИЙ СЕРГЕЕВИЧ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**АРЫСОВА ДИАНА АЙДАРҚЫЗЫ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



**АБДУЛҒАФАРОВ ДАСТАН ЕЛЕМЕСҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының орынбасары



### Білімі

- О.А. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебі;
- «Тұран» университеті, «экономист» мамандығы;
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық қатынастар» мамандығы;
- Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «мұнай-газ ісі» мамандығы.

### Жұмыс тәжірибесі

- ҚМГ компаниялар тобында жеті жылдан астам, ҚМГ-де – төрт жыл, оның ішінде төрт жыл басшы лауазымдарында қызмет етті.
- Әр жылдары M-I Drilling Fluids International (Schlumberger) компаниясының Теңіз және Батыс Сібір кен орындарында қауіпсіздік және өндіріс менеджері, бұрғылау

ерітінділері жөніндегі инженер, «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының инновациялық даму және сервистік жобалар жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі.

- 2022 жылдың сәуірінен бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



### Білімі

И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. 2012 жылы Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтында «Халықаралық мұнай-газ бизнесі» MBA дәрежесін алды.

### Жұмыс тәжірибесі

- Кәсіби мансабын 2006 жылы «Интегра» ЖАҚ-та (Ресей Федерациясы) диспетчер, бұрғылаушының көмекшісі, бұрғылау инженері (ұңғымада) лауазымдарынан бастады.
- 2007–2008 – «ҚазМұнайТеңіз» ҰК АҚ өндіріс департаментінің техникалық маманы.
- 2008–2011 – «Каспиан Меруерті Оперейтинг Компани Б.В.» өндірістік департаментінде бұрғылау инженері болып жұмыс істеді.
- 2011–2012 – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та ірі мұнай-газ жобаларын барлау және дамыту жобаларын басқару департаменттерінің 1-санатты менеджері лауазымында қызмет етті.

- 2012–2015 – «Ромпетрол С.А.» (Румыния) барлау және өндіру департаментінің директоры, барлау және өндіру жөніндегі бас директордың орынбасары.
- 2015–2016 – «ҚМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС Бас директорының геология және өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.
- 2016–2017 – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының кеңесшісі.
- 2017–2021 – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаментін басқарды.
- 2021–2023 – «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» бас директорының орынбасары болып жұмыс істеді.
- 2023 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

### МЫРЗААЛИЕВ МАҒЗҰМ МАРАТҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
ҚМГ Басқарма Төрағасы

ҚМГ Директорлар кеңесі және  
Басқарма құрамына 2022 жылдың  
сәуірінен бастап кіреді.

Туған күні: 1978 жыл 7 қараша.



### Білімі

- 2001 – Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша аяқтады.
- 2012 – мұнай-газ бизнесін басқару саласында магистр дәрежесін алды;
- 2013 – Іскерлік әкімшілендіру саласында «Экономика» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алды.

### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2001 жылы «Өзенмұнайгаз» ӨФ бастап, оператор, шебер, жетекші инженер, технолог, мұнай және газ өндіру бөлімі бастығының орынбасары және бастығы болып қызмет атқарды;
- 2010–2015 – «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ-да жетекші инженер, мұнай өндіру департаменті директорының орынбасары және директоры болып жұмыс істеді;

- 2015–2016 – «Круз» ЖШС директоры болып еңбек етті;
- 2016–2018 – «ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директоры қызметін атқарды;
- 2018–2019 – «Орал Ойл энд Газ» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді;
- 2019–2023 – «Қаражанбасмұнай» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін атқарды;
- 2023–2024 – «Қаражанбасмұнай» бас директоры болып қызмет етті.
- 2024 жылы 31 қаңтардан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

### СОЮНОВ НҮРСЕЙІТ ДЖОМАРТҰЛЫ

Басқарма Төрағасының  
орынбасары

Басқарма құрамына 2024 жылдың  
ақпан айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1978 жылы 26 тамыз.



### БРЕКЕШЕВ СЕРІҚҚАЛИ АМАНҒАЛИҰЛЫ

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2023 жылдың ақпан айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1972 жыл 14 қазан.

#### Білімі

Ақтау политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру, тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірген.

#### Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын «Қазақстан-Ресей сауда үйі» БК-да бастады.
- 1997 – Ақтау қаласы бойынша салық бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді.
- 1997–1998 – ММГ «Мұнай-гермес» өнімді материалдық-техникалық қамтамасыз ету және өткізу басқармасы филиалының арнайы техника мен қосалқы бөлшектер көлігі бөлімінің және құбырлар мен металл бұйымдары бөлімінің инженері.
- 1998–2006 – «Қарақұдықмұнай» ЖАҚ-та пайдалану инженері, кен орнында мұнай өндіру шебері, балық аулау менеджері болып жұмыс істеді.
- 2007–2010 – мұнай өнеркәсібі департаменті мұнай жобаларының мониторингі және нормативтік-техникалық саясат басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

ресурстар министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.

- 2010–2014 – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры қызметін атқарды.
- 2014–2015 – «BNG LTD» ЖШС Бас директорының орынбасары.
- 2015–2020 – «ҚазТрансГаз» АҚ техникалық саясат департаментінің директоры, МТҚ басқару жөніндегі басқарушы директор, техникалық саясат жөніндегі басқарушы директор, ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі бас директордың орынбасары.
- 2020–2023 – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, министрі.
- 2023 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

- 2012–2016 – ҚТО Бас директорының кеңесшісі, өндіріс жөніндегі басқарушы директоры, Бас директордың даму жөніндегі орынбасары және активтер жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін атқарды.
- 2016–2018 – «KMG Systems & Services» ЖШС Бас директорының кеңесшісі.
- 2018 жылдан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау департаментінің директоры, мұнай тасымалдау басқармасының бастығы.
- 2022 жылдың мамыр айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары.

ҚМГ-ның 100 акциясына иелік етеді.



### МАКЕЕВ ДМИТРИЙ СЕРГЕЕВИЧ

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2023 жылдың мамыр айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1983 жыл 10 қыркүйек.

#### Білімі

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Органикалық заттардың химиялық технологиясы, инженер-технолог» мамандығы бойынша үздік бітірген. 2016 жылы Almaty Management University-де MBA дәрежесін алды (Атырау қ.).

#### Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 2005 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытының (АМӨЗ) №2 цехының сутегін өндіру және тазарту қондырғысының басқару пультінің операторы, содан кейін сутегін өндіру және тазарту қондырғысының аға операторы және дизель отынын гидротазарту және гидропарафиннен арылту қондырғысының аға операторы қызметінен бастады. Осы кәсіпорында 2008–2010 жылдары бастықтың орынбасары, каталитикалық риформинг қондырғысының бастығы, жобалау-конструкторлық орталығы бастығының орынбасары, бастығына дейін өсті.
- 2010–2011 жылдары «ROMPETROL Petromidia Refinery» (Румыния) компаниясының техникалық бөлімі менеджерінің орынбасары болып жұмыс істеді.

- 2011–2019 жылдары АМӨЗ-де жұмыс істеді: жобаларды техникалық сүйемелдеу департаментінің директоры, бас инженер, КПА және МТӨК жобаларын техникалық сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директордың орынбасары, техникалық сүйемелдеу бөлімінің бастығы, МТӨК жобасының бас технологы, өндірістік бөлімінің бастығы - бас технолог, өндіріс департаментінің директоры, технология жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы.
- 2020–2022 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ техникалық даму департаментінің директоры, техникалық даму басқармасының бастығы және мұнай өңдеу және мұнай-химия департаментінің директоры қызметтерін атқарды.
- 2023 жылдғы наурыздан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



### ЗАКИРОВ БОЛАТ ҚАЛАУИЯҰЛЫ

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2022 жылдың мамыр айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1976 жыл 16 шілде.

#### Білімі

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық валюта-қаржы қатынастары» мамандығы бойынша және Данди қ. университетін (Шотландия) «Мұнай және газ экономикасы» мамандығы бойынша бітірген.

#### Жұмыс тәжірибесі

- 1999–2009 – «ҚазТрансОйл» АҚ-та стратегиялық жоспарлау департаментінің маманы, жобаларды басқару департаментінің менеджері, бас менеджер, директордың орынбасары, кейін көліктік логистика департаментінің директоры, перспективалық даму департаментінің директоры, Бас директордың даму жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.
- 2009–2011 – «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС Бас директорының орынбасары, бас директоры.

#### Білімі

- Қазақ мемлекеттік заң академиясы, «Құқықтану, заңгер» мамандығы;
- Дюк университетінің Құқық мектебі мен Киюшу университеті, «Халықаралық құқық» мамандығы (АҚШ-Жапония).

#### Жұмыс тәжірибесі

- Әр жылдары «Титул» заң агенттігі» ЖШС (Алматы қ.) заңгердің көмекшісі, «Grata Заң фирмасы» ЖШС (Алматы қ.) заңгер, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ заң кеңесшісі, «Grata Заң фирмасы» ЖШС-нің серіктес және Ақтөбе, Бішкек қалаларында филиал үйлестірушісі, «Bateman Kazakhstan Oil and Gas Company V.V.» компаниясының Қазақстан Республикасындағы (Алматы қ.)

филиалында заң қызметінің басшысы, «Интегра Менеджмент» ЖАҚ Қазақстан Республикасы бойынша заң қызметінің директоры (Алматы қ.), «Eastcomtrans» (Алматы қ. және Ақтау қ.) компаниялар тобында заң қызметінің директоры/ құқық бойынша бас кеңесші, «Greenline Services Ltd.» (Мажарстан) компаниясының аға серіктесі (консультант қызметтерін атқарды).

■ 2022 жылы 20 мамырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматүрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



### ЛАВРЕНОВ ВАСИЛИЙ СЕРГЕЕВИЧ

Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма құрамына 2022 жылдың мамыр айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1979 жыл 17 қараша.



**АРЫСОВА ДИАНА АЙДАРҚЫЗЫ**

Басқарма Төрағасының  
орынбасары

Басқарма құрамына 2023 жылдың  
мамырынан бастап кіреді.

Туған күні: 1979 жыл 20 наурыз.

**Білімі:**

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық валютта-қаржы қатынастары» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған, Йокогам ұлттық университетінің (Жапония) MBA дәрежесіне және «Корпоративтік қаржыландыру» мамандығы бойынша London Business School (Ұлыбритания) дипломына ие.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- Кәсіби мансабын 1999 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық реттеу және бақылау басқармасының жетекші экономисі қызметінен бастаған.
- 2004-2005 жылдары Еуропалық қайта құру және даму банкінің банк мәселелері жөніндегі ассистенті болып жұмыс істеді.
- 2006 жылдан бастап 2007 жылдар аралығында - Ұлыбританияның Қазақстан Республикасындағы елшілігінің энергетика саласындағы жобалардың үйлестірушісі.

- 2007 – 2012 жылдары «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ компаниясында түрлі лауазымдарды атқарды: директордың орынбасары, корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы.
- 2012 - 2016 жылдары - «KMG Drilling&Services» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, қаржы директоры.
- 2016 – 2023 жылдары «PSA» ЖШС мұнай-газ операциялары шоттарына ревизия жүргізу департаментінің директоры болып жұмыс істеді.
- 2023 жылғы сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

**2023 жылдың 31 желтоқсанындағы Басқарма құрамы**

Мырзағалиев М.М.	Басқарма Төрағасы
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Брекешев С.А.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Закиров Б.Қ.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Макеев Д.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Арысова Д.А.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Лавренов В.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Хасанов Д.К.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Құдайбергенов Қ.М.	Басқарма Төрағасының орынбасары

**2023 жылдың Жылдық есебін бекіту кезіндегі Басқарма құрамы**

Мырзағалиев М.М.	Басқарма Төрағасы
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Брекешев С.А.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Закиров Б.Қ.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Макеев Д.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Арысова Д.А.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Лавренов В.С.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Союнов Н.Д.	Басқарма Төрағасының орынбасары
Құдайбергенов Қ.М.	Басқарма Төрағасының орынбасары

**АБДУЛҒАФАРОВ ДАСТАН ЕЛЕМЕСҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының  
орынбасары

Басқарма құрамына 2020 жылдың  
ақпан айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1974 жыл 16 желтоқсан.

**Білімі**

- О. Жәутіков атындағы Республикалық физика-математика мектебі;
- Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты, «халықаралық құқық, заңгер» мамандығы;
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық экономика және құқық» мамандығы;
- ENI Корпоративтік университеті, Милан қ., мұнай бизнесі магистрі;
- Мәскеулік «СКОЛКОВО» басқару мектебі, «қаржы және инвестициялар» мамандығы, Executive MBA.

**Жұмыс тәжірибесі**

ҚМГ компанияларының тобындағы жұмыс тәжірибесі 18 жылдан астам, оның ішінде, 14 жыл – басшы лауазымдарда.

Әр жылдарда халықаралық

келісімшарттар департаментінің заңгері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің бас менеджері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, жаңа теңіз жобаларын дамыту департаменті директорының орынбасары, одан кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ-та жобаларды басқару тобының жетекшісі, бас директордың кеңесшісі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры, аппарат басшысы – дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

# СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2016 жылдың 26 қыркүйектегі шешімімен, өзге мәселемен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері,

Компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. Ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының шешімі негізінде белгіленеді.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021-2023 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы

Директорлар кеңесінің мүшелері	2021	2022	2023
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	381 944	350 000	196 375
Директорлар кеңесі мүшелеріне теңгемен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	18 200 000	29 538 710	97 215 050

## Басқарма мүшелерінің сыйақысы

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындайды.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды құрылған және теңдестірілген мотивациялық ПӘК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ПӘК картасы корпоративтік және функционалдық ПӘК-тен тұрады.

Сыйақының тиімді және анық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін, Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша, ҚМГ Басқармасының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 388 673 641,57 теңге болды, бұл Басқарма мүшелеріне (басшы қызметкерлерге) еңбекақы төлеу қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит, Корпоративтік хатшы, Комплаенс және Омбудсмен қызметтерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес Басқарма мүшелеріне 2023 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде ҚМГ төлеген салықтар мен зейнетақы аударымдары ескерілген ақшалай нысандағы жалақылардың және көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін қамтиды.

Басқарма мүшелері	2021 <sup>1</sup>	2022	2023
Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері, теңге	575 440 805,94	344 627 124,98	388 673 641,57

<sup>1</sup> ҚМГ Басқарма мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 2021 жылы 227 908 251,96 теңге, сондай-ақ 2021 жылдың 1 тоқсанында 2019 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ ҰК Басқарма мүшелеріне 347 532 554,00 теңге мөлшерінде сыйақы төленді.



# ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Директорлар кеңесі мен Басқарма Кодекске сәйкес Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, келесіні растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;

- Басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық ахуалы туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.

Директорлар кеңесі Кодекске сәйкес директорлардың тәуелсіз екенін белгіледі және Холланд Филип Малкольм, Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Шәкіров Асқар Оразалыұлы және Мыңшәріпова Сая Найманбайқызының мінез-құлқы мен шешім қабылдауы тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі аталған директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын байланыстың немесе мән-жайдың жоқ екенін анықтады.

# КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғау үшін, мәселені келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді.

Корпоративтік жанжалдардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай жанжалдарды барынша толық және жедел анықтауды

және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын нақты үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының көмегімен Директорлар кеңесінің Төрағасы қарайды. Егер корпоративтік қақтығысқа Директорлар кеңесінің Төрағасы тартылса, мұндай жағдайларды Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.

## Ішкі аудит

Ішкі аудитті ҚМГ Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады.

ІАҚ ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынып, соған есеп береді және оған ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, ІАҚ жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды, ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережені және ҚМГ ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа және ҚМГ-ның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады. Сондай-ақ ІАҚ өз қызметін Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының базалық қағидаттарына, Ішкі аудиттің кәсіптік практикасының негізгі қағидаттарына, Этика кодексіне және Ішкі аудиттің кәсіптік практикасына қойылатын негізгі талаптарды белгілейтін ішкі аудитті айқындауға, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау негізінде жатқан қағидаттарға негізделі отырып жүзеге асырады. ІАҚ-тың негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы ҚМГ мен оның ЕТҰ-ларын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру. Ішкі аудиттің жылдық жоспары ҚМГ-ның негізгі тәуекелдерін, аудит процесінің барлық кезеңдерін және басшылықтың сұрауларын ескере отырып әзірленеді және Аудит жөніндегі комитеттің, Директорлар кеңесінің және ҚМГ басшылығының арнайы сұраулары негізінде түзетіледі.

ІАҚ қызметін жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асыра отырып, келесі міндеттерді орындайды:

- қолданылатын ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- ҚМГ мен ЕТҰ-дағы бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде қаржы есептілігін жасау;
- ҚМГ мен ЕТҰ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін бағалау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының, корпоративтік нормалар мен операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет қағидаларының сақталуын бақылау.

ІАҚ аудиттердің қорытындысы бойынша Компанияның қызметін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар береді, ұсыныстарды орындау жөніндегі шаралардың әзірленуі мен іске асырылуына мониторинг жасап, бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында ішкі аудиттің келесі мәселелері қаралады:

- ІАҚ жылдық есебі;
- ІАҚ тоқсандық есептері, оның ішінде жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша елеулі тұжырымдар, сондай-ақ ішкі аудиторлар ұсыныстарының орындалуына мониторинг жүргізу;
- жылдық аудиторлық жоспар мен оған толықтырулар;
- ІАҚ пен басшының ПӘК картасының нақты мәндері;
- ІАҚ стратегиялық жоспары;
- ІАҚ бюджеті;
- ІАҚ кадр мәселелері.

Аудит жөніндегі комитет ІАҚ қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, кәсібилікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Осы мәселелер ІАҚ есептеріне енгізіледі және Аудит жөніндегі комитет оларды тоқсан сайын қарайды.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсібилігі ҚМГ-ның ішкі аудит функциясы тиімділігінің кепілі болғандықтан, оқыту және біліктілікті арттыру процесінің маңызы жоғары.

### Ішкі аудит жүргізу процесінің тиімділігін бағалау

ІАҚ жұмысының сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасының талаптарына сәйкес, әрбір аудиторлық тапсырмадан кейін, аудиттелетін тарап ІАҚ жұмысын бағалай отырып, сауалнаманы толтырады.

## Комплаенс қызметі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі-ҚМГ) қызметін заңдылық, адалдық және әдептілік қағидаттарына сай жүргізеді. Компания қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді жасайды, беделіне нұқсан келмеуіне және этика саласында жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге ұмтылады.

ҚМГ COMPLAENS-жүйесі компания қызметінің заңнамаға, салалық стандарттарға және өзге де міндетті талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл элементтер компанияның қызмет түрлеріне енгізілген.

Комплаенс қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- заңнаманы, корпоративтік және іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларын сақтау;
- инсайдерлік ақпаратты басқару;
- жағымды іскерлік бедел;
- мүдделер қақтығысын басқару.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, ҚМГ-да комплаенс мәселелері бойынша ішкі құжаттар бекітілді:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат;
- Құпия ақпарат саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің бұл ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары;
- Іскерлік этика кодексі.

Осы бағалаулардың нәтижелері шоғырландырылады және ІАҚ-тың тоқсандық және жылдық есептеріне енгізіледі, оны ҚМГ-ның Аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесі қарайды және мақұлдайды.

Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарына сәйкес, бес жылда бір рет Ішкі аудит қызметіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізіледі. ІАҚ қызметінің Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарына, үздік халықаралық тәжірибелерге, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін басқа да қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес келу мәніне 2020 жылы жүргізілген тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша, ІАҚ-тың стандарттар талаптарына сәйкестігі 100%-ды құрады.

Осылайша, компанияның ІАҚ жұмысы Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарының талаптарына толық сәйкес келеді деп танылды.

Этикалық мінез-құлық және бизнесті адал жүргізу стандарттарына сәйкес келу мақсатында комплаенс қызметі компанияның контрагенттерін тексереді. Бұл тәжірибе жосықсыз контрагенттермен шарттар жасасудың алдын алуға, шарттық міндеттемелерді бұзу тәуекелдерін азайтуға көмектеседі.

Комплаенс қызметі ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты еркін лауазымдарға орналасуға кандидаттардың сенімділігін тексереді. Бұл компания басшылығының сенімділігі мен кәсібилігін қамтамасыз етуге, жоғары лауазымдарда сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің мүмкіндігін төмендетуге мүмкіндік береді. Жұмысқа қабылдау шарттарының бірі сатып алуды жүргізу құзыретіне кіретін кандидаттар үшін психологиялық тексерулер мен полиграфтағы тесттер (өтірік детекторы) болды.

ҚМГ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша маңызды қадам – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша 2020 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының барлық қызметкерлері бойынша мүдделер қақтығысын жалпыға бірдей декларациялауды жүргізеді.

ҚМГ шығарған бағалы қағаздардың қор биржаларында саудаланатын тізімге енгізілуіне және болуына байланысты комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

### Ақпарат құралдары

Бұзушылықтарды уақтылы анықтау, олардың жағымсыз салдарын болдырмау, заңнама мен ішкі нормативтерді сақтау, беделі мен имиджін сақтау, корпоративтік мәдениетті жақсарту мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» АҚ-да және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында (бұдан әрі – ЕТҰ) орталықтандырылған «жедел желі» жұмыс істейді. Оның операторы – KPMG тәуелсіз аудиторлық компаниясы.

«Жедел желі» сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ қоғам қызметкерлері мен контрагенттері мен оның ЕТҰ тарапынан өзге де бұзушылықтар туралы белгілі фактілерді құпия түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

«Жедел желі» байланыстары компанияның және оның ЕТҰ корпоративтік сайттарында жарияланған. Оны қызметкерлер арасында ілгерілету бойынша шаралар қабылдануда.

Сонымен қатар, 2023 жылы өтініштер санының 2022 жылмен салыстырғанда 23%-ға азаюы ҚМГ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан профилактикалық шаралардың нәтижелілігін көрсетеді.

Компания дайындалып жатқан немесе жасалған бұзушылықтар туралы ақпараттың негізгі көзі ретінде қызметкерлердің өз бастамасымен хабар беру арналарын дамытудың маңызын түсінеді, сондай-ақ өз бастамасымен хабар беру арналарына сенімділікті арттырудың ең пәрменді тәсілі ретінде өтініштерді жан-жақты, толық және объективті қарау есептеледі.

### Комплаенс саласында оқыту және біліктілікті арттыру

ҚМГ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектісі бола отырып, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалардың дамуын аса

қызығушылықпен бақылайды. Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңыздылығын мойындаймыз және өз қызметкерлеріміз арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ұмтыламыз.

Бұл жұмыстағы маңызды бағыттардың бірі – жемқорлыққа қарсы оқыту, оның үстіне оның үздіксіз, дәйекті әрі өзекті болуын қамтамасыз ету. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және ЕТҰ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы хабардарлығын арттыру мақсатында комплаенс/ комплаенс қызметтері ҚМГ тобына кіретін компаниялардың офицерлерімен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қолданылуы мәселелері бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) өкілдерінің қатысуымен мерзімді негізде компания басшыларымен және қызметкерлерімен кеңестер, семинарлар өткізеді.

Биыл комплаенс қызметі Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілдерінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл мәселелері бойынша семинар өткізді.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау шеңберінде, оларды сақтау жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді, ҚМГ комплаенс қызметі қызметкерлерді «мүдделер қақтығысы» курсы бойынша оқытуды жүзеге асырды.

Комплаенс қызметі ҚМГ компаниялар тобының кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды және комплаенс-мамандарының біліктілігін арттыруды қолдайды. Бүгінгі таңда комплаенс командаларында комплаенс саласындағы халықаралық және ұлттық кәсіби ұйымдар берген комплаенс саласындағы кәсіби сертификаттарға ие мамандар бар.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік жауапкершіліктің, заңдылықты ұстанудың және мінсіз беделді қолдаудың жоғары стандарттарына ұмтылады. Сәйкестік жүйесі – заңнама, салалық стандарттар немесе этикалық принциптер болсын, барлық міндетті талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етудің негізгі құралы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті, мүдделер қақтығысын басқаруды және ішкі бақылау стандарттарын сақтауды қоса алғанда, қызметтің әртүрлі бағыттары компанияның өз қызметінде тиімді басқару мен ашықтықты қамтамасыз етуге кешенді көзқарасын көрсетеді.

## Омбудсмен қызметі

Омбудсмен қызметінің (бұдан әрі — омбудсмен) негізгі функцияларының бірі – компанияның барлық қызметкерлерінің әділдігі мен мүдделерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету: даулар мен жанжалдарды ерте ескерту және реттеу; жүйелі сипаттағы және шешуді талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды адамдардың қарауына шығару; жанжалды жағдайларды тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар беру. ҚМГ іскерлік этика кодексінде ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де ерекшелігіне, әлеуметтік шығу тегі, мүлкі мен лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі мен басқа да мән-жайлар негізінде кемсітушілікке жол бермеу, сондай-ақ осы белгілерге қарай жекелеген қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар берілуіне жол бермеуге қатысты қағида-даттар туралы нақты жазылған.

Өз қызметін іске асыру кезінде ҚМГ омбудсмені Қазақстан Республикасының заңнамасын және ҚМГ ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2023 жылғы шілдеде ҚМГ жаңа омбудсмені тағайындағаннан кейін іскерлік әдеп кодексінің талаптарымен,

омбудсменнің функциялары мен міндеттерімен танысу мақсатында ҚМГ ЕТҰ — Caspi Bitum, ҚТО, ЕМГ, ҚМГ-Аэро, ҚМГ-Секьюрити басшыларымен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және кәсіподақтар өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Өтініштерді қарау, есепке алу, оның ішінде жедел желі бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. Омбудсмен тікелей омбудсменге жолданған 12 өтінішті қарады.

Ауызша өтініштер бойынша (телефон байланысы, жеке қабылдаулар арқылы) омбудсмен/ омбудсмен қызметі консультациялар өткізді, ұсынымдар берді. Барлық келіп түскен өтініштерді қызмет қарады, проблемалық мәселелерді реттеу, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылданды.

2023 жылы ҚМГ атына «Нысана» колл орталығына өз еркімен хабар беру жедел желісі бойынша 112 өтініш келіп түсті. ҚМГ омбудсмен қызметі оларды тиісті құрылымдық бөлімшелердің уақтылы қарауына бақылауды жүзеге асырады.

## Сыртқы аудит

ҚМГ тобының бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің дұрыстығын тәуелсіз бағалау мақсатында жыл сайын ХҚЕС бойынша дайындалған есепке аудит жүргізу үшін сыртқы аудиторды тартады. Сыртқы аудиторды ҚМГ Директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

### Аудитордың тағайындалуы және оның тәуелсіздігі

Аудиторды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ үшін және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторды таңдау келесі принциптерге негізделеді:

- сапалы қаржылық есеп аудиті мен ілеспе қызметтерді сатып алу;
- шешімдерді таңдау, бақылау және жауапкершілік процесінің ашықтығы;
- мүдделер қақтығысының болмауы және тәуелсіздікті сақтау.

Сыртқы аудиторды таңдауды іске асыру мақсатында Бірыңғай комиссия құрылады, оның құрамына Қордың аудит жөніндегі комитеттерінің мүшелері және Қордың және ҚМГ аудит жөніндегі комитетінің мүшелері кіреді. Бірыңғай комиссия Сыртқы аудиторды таңдау стратегиясын айқындайды және оның елеулі компаниялары мен қорын қоса алғанда, ҚМГ үшін сыртқы аудиторды таңдау рәсімдерін жүзеге асырады. Аудит жөніндегі Комитет сыртқы аудитордың тәуелсіздігін тұрақты негізде бағалайды; аудиторлық компанияны әр бес жыл сайын ротациялау қарастырылған. ҚМГ аудитіне қатысы бар серіктестер мен басшы қызметкерлерді компанияға жалдауға болмайды.

### Сыртқы аудитордың аудиторлық емес қызметтерді көрсетуі

Сыртқы аудитор аудиторлық емес консалтингтік қызметтер көрсеткен кезде аталған қызметтерді көрсету үшін Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуға міндетті. ҚМГ жыл сайын аудит жөніндегі комитетке аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат етілген сыртқы аудиторға және сыртқы аудитор есепті жылда көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты бекіту үшін ұсынады. Аудиторлық

емес ұйымдарды тарту саясатына сәйкес аудиторлық емес қызметтер үшін төлемдердің үлесі сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтердің жалпы сомасының 50%-ынан аспауға тиіс. Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық емес қызметтер 2023 жылы аудиторлық қызметтердің жалпы құнының 3,4% -ын құрады.

Акционерлердің, «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылы 20 қаңтардағы шешіміне сәйкес, ҚМГ-ның 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есебінің сыртқы аудитору болып «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы танылды.

## Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау

### Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

Компанияда бизнесті жүргізудің және компанияны басқарудың негізгі процестеріне интеграцияланған және компания құнының өсуі, оның табыстылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге бағытталған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) енгізілді және тиімді жұмыс істейді.


Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты Компания ұстанатын келесі негізгі принциптерді қарастырады:

- үздіксіздік – тұрақты негізде жұмыс істеу;
- бейімделу – үнемі жетілдіру;

- кешенділік – Компания қызметінің барлық бағыттарын және олардың шеңберінде туындайтын тәуекелдердің барлық түрлерін қамту;
- ұтымдылық – тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға ресурстарды ұтымды пайдалану;
- басшылықтың белсенді қатысуы – ҚМГ компаниялар тобында тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру кезінде Компания басшылығының белсенді қатысуы және қолдауы.

ТБКЖ – ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі, оның басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқарудың вертикалды процесі құрылған:

ҚМГ ТБКЖ ұйымдық құрылымы





**Қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі**

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (ҚҰБЖ) – ықтимал қатерлерді/ тәуекелдерді сәйкестендіруге және олардың ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметіне тигізетін әсерін бағалауға бағытталған процестер мен рәсімдер жиынтығы, ол Компанияның қызметін қалпына келтіруге және мүдделі тараптардың мүдделерін, Компанияның іскерлік беделін, брендін және құндылығын қосатын қызметті қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті тиімді жауап беру шараларын іске асыру арқылы Компанияның инциденттерге төзімділігін арттыру үшін негіз болады.

Компания ҚҰБЖ-нің маңызын түсінеді және қызметке қауіп төндіретін тәуекелдер контекстінде қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз ететін шаралар мен құралдарды дамыту, жетілдіру үшін қажетті жағдайлар мен ресурстарды айқындай отырып, қызметтің үздіксіз жүруін басқарады.

ҚҰБЖ ҚМГ Қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі жөніндегі саясатқа және Қызметтің үздіксіз жүруін басқару процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған. Қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі жөніндегі саясат қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық стандарттың ұсынымдарын ескере отырып, ҚҰБЖ-нің қолданылу аясын, мақсаттарын, негізгі қағидаттары мен жұмыс істеу моделін айқындайды. Қызметтің үздіксіз жүруін басқару процесін ұйымдастыру қағидалары ҚҰБЖ-нің қолдану аясын айқындау тәртібін, бизнеске тигізетін әсеріне талдау жүргізу тәртібін, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібін, оны тестіледі жүргізу тәртібін, ҚҰБЖ мониторингі мен жетілдіруді, қызметкерлерді оқыту және олардың хабардар болуын арттыруды белгілейді.

2023 жылы қызметтің үздіксіз жүруін басқару жүйесі бойынша әдістеме жаңартылды. ЕТҰ-да бизнеске әсерді талдау және сыни бизнес-процестерді анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. 2024 жылы Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ҚҰБЖ-ні жетілдіруді жалғастырады. Қызметтің үздіксіз жүруін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады, осыған ұқсас жұмыс еншілес ұйымдарда да жүретін болады. Сондай-ақ, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ЕТҰ-ға ҚҰБЖ енгізуді үйлестіруді, енгізу кезінде әдіснамалық көмек көрсетуді, жауапты қызметкерлер мен басшылық үшін оқытуды жүргізуді жалғастырады.

**Корпоративтік сақтандыру**

ҚМГ компаниялары тобындағы сақтандыру – тәуекелдерді бақылау мен қаржыны басқаруды қамтамасыз етудің маңызды құралы. Сақтандыру ҚМГ мен акционерлердің мүлктік мүдделерін өндірістік қызметте, оның ішінде сыртқы факторлардың салдарынан туындайтын күтпеген шығындардан қорғайды.

Сақтандырып қорғауды ұйымдастырудың бірыңғай корпоративтік стандартын сақтау мақсатында, сақтандыру функциясы орталықтандырылған. Бұл үздіксіз сақтандыру өтелімін басқарудағы кешенді тәсілдемеге кепілдік береді. Сондай-ақ барлық ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуелсіз тәуекел-инженерлер жүргізетін тәуекел-сюрвей шеңберінде алмастыру/ қалпына келтіру құнын (RCN) тәуелсіз бағалауды және тәуекелдерді бағалауды жүргізу бойынша жұмыс үйлестіріледі.

ҚМГ-ның корпоративтік сақтандыру бағдарламасы сақтандырудың келесі негізгі түрлерінен тұрады:

- Компанияның негізгі өндірістік активтерін сақтандыру;
- үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;
- энергетикалық тәуекелдерді сақтандыру.




Қайта сақтандыруға S&P шкаласы бойынша кредиттік рейтингі «А-» төмен емес қайта сақтандыру компаниялары қабылданады, Мұнай-газ саласының үздік тәжірибелері ескеріледі, бұл компания үшін сақтандыру және сақтандырылатын тәуекелдерді басқару үшін ең жақсы шарттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

**Негізгі тәуекелдер**


ҚМГ өз қызметін үздіксіз өзгеріп отыратын ортада жүргізеді. Кейбір тәуекелдер уақыт өте келе артуы мүмкін және ішкі және сыртқы факторларға жауап ретінде ықтимал әсері мен болжам өзгеруі мүмкін. ҚМГ стратегияны іске асыруға әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер мен белгісіз факторларды басқарады, оларды қадағалайды және олар туралы хабарлап отырады. Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайтын ұлттық оператор ретінде ҚМГ стратегияға сәйкес тұрақты даму қағидаттарын ұстанады және ESG-тәуекелдерді қоса алғанда олардың сәйкестігін анықтайды.


Есепті кезеңде кейбір тәуекелдер орындалды, бірақ тәуекелдерді митигациялау бойынша қабылданған шаралардың арқасында олардан келетін теріс әсер қадағаланып, барынша азайтылды.

**Компанияның негізгі тәуекелдері**

-  Тәуекел азаяды
-  Тәуекел артады
-  Тәуекел өзгеріссіз қалады

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Өндіріс көлемінің төмендеу қаупі</b></p> <p>Тәуекелді іске асырудың негізгі сыртқы тәуекел факторларына авариялық сөну, сыртқы электрмен жабдықтаудағы іркілістер (атап айтқанда, КЕГОС, МАЭК және МӨЭК тарапынан ажырату), ауа райының қолайсыздығы жатады.</p> <p>Тоқтау мен шектеулерді енгізудің негізгі себептері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ «МАЭК» ЖШС ЖЭС энергия блоктарының авариялық тоқтауы;</li> <li>■ Маңғыстау және Атырау облыстарында электр қуатының тапшылығы.</li> </ul> <p>Толығырақ ақпарат «<b>Өндіру</b>» бөлімінде</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚМГ ЕТҰ Мұнай кәсіпшілігі объектілерін энергетикалық қауіпсіздікті және үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында келесі шаралар қабылдануда: <ul style="list-style-type: none"> <li>■ ЖЭК негізінде (жел+күн) гибриді электр станциясы мен газ станциясының жобасын іске асыру. Жобаны іске асыру мерзімі – 2024-2025 жылдар.</li> <li>■ «КЕГОС» АҚ Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылғы қарашада «Қазақстан Республикасы БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобасы іске асырылды. Жобаны іске асыру батыс аймақ желісінің сенімділігін екі есе арттырды. Бұл жағдайда тұтынушылар үшін электр қуатындағы іркілістер ықтималдығы барынша азайтылады.</li> </ul> </li> <li>2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен МАЭК-ке жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 4.9 млрд теңге бөлінді.</li> <li>3. Төтенше жағдайлар кезінде Қаламқас және Жетібай к/о объектілерін электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін Қаламқас к/о ГТУ-1 және ГТУ-2 (ГТЭС-2 x 45МВт) параллель жұмыс жоспарына сәйкес ММГ (Siemens) резервтік газ турбиналық қондырғысын (ГТК) пайдалануға енгізу.</li> </ol>
	<p><b>Мұнайды экспортқа тасымалдау және өткізу көлемін төмендету тәуекелі</b></p> <p>Негізгі қауіп факторлары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ «Каспий құбыр желісі консорциумына» (КҚК) айтарлықтай тәуелді болу;</li> <li>■ мұнайды тасымалдау мен жөнелтуді шектеу (апат, техникалық ақаулық, санкциялардың артуы, геосаяси қақтығыстар, диверсиялар және терроризм актілері).</li> </ul> <p><b>Әсері</b></p> <p>Мұнай тасымалдауды шектеу, ТШО, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарында өндірістік қызметті және компанияның операциялық активтерін төмендету немесе тоқтату, резервуарлық паркіндегі кептеліс.</p>	<p>Мұнайды тасымалдаудың балама нұсқалары пысықталуда.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қазақстандық мұнайды экспортқа тасымалдау маршруттарын әртараптандыру мақсатында: <ol style="list-style-type: none"> <li>а) «Дружба» мұнай құбыры арқылы Германияға мұнай жеткізу;</li> <li>б) Әзербайжан арқылы Ақтау портынан «Баку-Тбилиси-Джейхан» бағытында мұнай жеткізу;</li> <li>в) «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын кеңейту мәселелері бойынша CNPC-мен бірлесіп жұмыс топтары құрылды.</li> </ol> </li> <li>■ КЕВСО (Kazakhstan Export Blend Crude Oil) қазақстандық мұнай сортын пайдалану, мүдделі уәкілетті органдармен өзге де мәселелерді пысықтау.</li> <li>■ КҚК-ның маңызды жабдықтарын (ЖПҚ) өндіру және ауыстыру мүмкіндігін қарастыру</li> </ul>



Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Өндірісте жарақат алу қаупі</b></p> <p>Қызметкерлердің еңбекті қорғау сала-сында белгіленген ережелерді сақтамауы, өндірістік тәртіпті бұзуы – қызметкерлердің өміріне қауіп төндіретін және денсаулығына зиян келтіретін негізгі факторлар.</p> <p>2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобының 29 қызметкері зардап шекті, 2022 жылмен салыстырғанда 19%-ға төмендегені байқалады.</p> <p>2023 жылы мердігер ұйымдардың қатысуымен еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғалардың ұлғаюына байланысты мердігер ұйымдармен ӨК, ЕжҚОҚ саласындағы тәуекелдерді азайтуға бағытталған өзара іс-қимыл процестерін жақсарту бойынша шаралар қабылдануда.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу денсаулыққа зиян келтіруге, сондай-ақ өндірістің бұзылуына, қаржылық шығындарға және компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтіруге әкелуі мүмкін.</p> <p>Қосымша ақпарат «Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде</p>	<p>Өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында Компания келесідей ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу;</li> <li>оқытуды және білімді тексеруді уақтылы жүргізу;</li> <li>еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау;</li> <li>еңбекті механикаландырудың жаңа технологиялары мен құралдарын енгізу;</li> <li>өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру.</li> </ul> <p>«Қорғау»<sup>1</sup> картасын және жұмыс пен жүргізуді мінез-құлықты бақылау карталарын пайдалану арқылы (Near Miss) салдарсыз оқиғалар бойынша есеп беру бағдарламасын іске асыру жалғасуда.</p> <p>ЕТҰ-да Жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын және Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.</p> <p>Бірқатар ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында кешенді тексерулер жүргізілді.</p>



	<p><b>Пандемия қаупі</b></p> <p>Жаңа вирустардың/штамдардың пайда болуы жұмысшылардың денсаулығына қауіп төндіреді. Қазақстан Республикасында коронавирус инфекциясымен (КВИ) байланысты эпидемиологиялық жағдай салыстырмалы түрде қолайлы, науқастар санының төмендеуі байқалады. 2023 жылдың мамырында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 індетінен «денсаулық сақтау саласындағы халықаралық маңызы бар төтенше жағдай» мәртебесін алып тастады. Алайда, бұл вирустың қаупі тоқтады дегенді білдірмейді.</p> <p><b>Әсері</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Инфекцияның таралуы және ҚМГ компаниялар тобындағы байланысқан тұлғалар санының артуы.</li> <li>Наразылық, жұмысқа барудан бас тарту, жалған ақпарат, дүрбелең және наразылық сезімдері, ксенофобия.</li> <li>Денсаулыққа зиян, уақытша еңбекке жарамсыздық, өлім, өтемақы төлеу.</li> <li>Білікті операциялық персоналдың және инженерлік-техникалық қызметкерлердің болмауы немесе жетіспеушілігі (еңбек өнімділігінің төмендеуі).</li> <li>Жұқтырған және байланысқан адамдарды мәжбүрлеп оқшаулау және ауруханаға жатқызу және мемлекеттік органдар тарапынан шектеу шаралары (карантинге жабу).</li> </ul>	<p>Ағымдағы эпидемиологиялық жағдайға және нақты өңірдегі эпидемиологиялық тәуекел аймағына байланысты корпоративтік орталық пен ЕТҰ-да бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің қолданыстағы қаулыларының талаптары мен ұсынымдары орындалады.</p> <p>Жаңа штамдардың таралуына байланысты жағдай нашарлаған жағдайда ҚМГ және оның ЕТҰ қызметінің өзіндігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін бекітілген алгоритмдерге сәйкес іс-шаралар кешені іске асырылуда.</p>
--	---	--


Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі</b></p> <p>Компанияның өндірістік қызметі қауіпті болуы мүмкін. Авариялық және штаттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілердегі техногендік апаттар нәтижесінде мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі бар.</p> <p>Есепті кезеңде ЕМГ мұнай-газ өндіру басқармасында апат тіркелді: 2023 жылы 16 қарашада бұрғылау процесінде, ұңғымадан кернді алу кезінде газ-мұнай, судың бөлінгені анықталды. Зардап шеккендер жоқ.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Өндірістегі апаттар келесі салдарға әкелуі мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қызметкерлердің жарақаттары мен өлімі</li> <li>Жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың ішінара немесе толық бұзылуы</li> <li>Қоршаған ортаға әсерді жоюға, өртті сөндіруге, өндірісті қалпына келтіруге арналған шығындар</li> <li>Қоршаған ортаға нормативтен тыс әсер еткені үшін айыппұл төлеу</li> </ul>	<p>Ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатында келесі алдын алу шаралары қабылданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>геологиялық сипаттамаларды нақтылау бойынша зерттеулер;</li> <li>бұрғылау ерітіндісін тұтыну параметрлерін, бұрғылау ерітіндісіндегі газ концентрациясының көрсеткіштерін және технологиялық процесті бақылау;</li> <li>ұңғымалардың құрылысын авторлық қадағалау мамандарының бұрғылау ерітіндісін дайындаудың рецептурасы мен әдістемесін міндетті бақылау;</li> <li>газ-мұнай, судың бөлінуін ерте анықтау үшін тікелей және жанама белгілерді бақылау;</li> <li>Түсіру-көтеру операцияларын жүргізу процесінде толтырылатын (ығыстырылатын) бұрғылау ерітіндісі көлемінің көтерілетін (түсірілетін) бұрғылау құбырларының көлеміне сәйкестігін тексеру.</li> </ul> <p>Өндірістік тәуекелдерді азайту мақсатында Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдықтау техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету;</li> <li>ықтимал қауіпті факторларды уақтылы диагностикалау және анықтау, сондай-ақ өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу;</li> <li>қызмет мерзімі өткен жабдықтардың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;</li> <li>жабдықты (техникалық құрылғыларды) қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқама жүргізу;</li> <li>біліктілік куәліктерін (рұқсаттарды) бере отырып, қауіпсіз пайдалану техникалық регламентінің талаптары оқыту және білімдерін тексеру;</li> </ul> <p>Жыл сайын сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде мүлікті залалдан (мезгілсіз өлім, жоғалту немесе бұліну қаупінен) ерікті сақтандыру шарттары жасалады.</p> <p>Компанияда алдын алу шараларының кешені іске асырылады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>техникалық қауіпсіздік құралдарының, құлақтандыру жүйелерінің жай-күйін, эвакуация схемаларының өзектілігін, шығу жолдары мен эвакуация жолдарының қазіргі жағдайын тексеру;</li> <li>төтенше жағдай туындаған кезде объектілерді терроризмге қарсы қорғау және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша күзет және сервистік қызмет жұмысшыларын оқыту;</li> <li>ЕТҰ объектілерінің физикалық қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғалуы тұрғысынан тексерулер жүргізу;</li> <li>объектілердің физикалық қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен өзара іс-қимыл жасау;</li> <li>компания объектілеріне жұмыстарға жіберілген мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыру; объектілерде штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде күзет персоналдың, сервистік және техникалық бөлімшелердің іс-әрекеттері бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізу;</li> <li>бейнебақылау жүйелеріне, интеграцияланған қауіпсіздік жүйесіне, кіруді бақылау және басқару жүйесіне және шлагбаумдарға қызмет көрсетудің регламенттік жұмыстарына қызмет көрсету бойынша бақылауды қамтамасыз ету;</li> <li>терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес террористік тұрғыдан осал объектілерге паспорттау жүргізу.</li> </ul>


<sup>1</sup> «Қорғау» картасын қолдану қауіпті жағдайды, қауіпті мінез-құлықты, қауіпті әрекетті, қауіпті оқиғаны, қауіпті факторды, сондай-ақ жақсы тәжірибе мен ұсыныстарды (бастамаларды) анықтауға және хабарлауға арналған.



Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Экологияға зиян келтіру қаупі</b></p> <p>Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупіне және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдату қаупіне ұшырайды.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Экологиялық тәуекелді іске асыру айыппұлдар, нормативтен тыс төлемдер, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындары түріндегі қаржылық шығындарға, сондай-ақ заңды жауапкершілікке және әлеуметтік-экологиялық шиеленісті арттыруға әкелуі мүмкін.</p>	<p>Қоршаған ортаны қорғау саласында компания үшін басым бағыттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару және шикі газдың алауды жағуын азайту;</li> <li>■ су ресурстарын басқару;</li> <li>■ өндіріс қалдықтарын басқару;</li> <li>■ жерді қалпына келтіру;</li> <li>■ энергия тиімділігін арттыру.</li> </ul> <p>Қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупін азайту үшін Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін жобаларды басқаруға және тәуекелге бағытталған тәсілге негізделген маңызды экологиялық аспектілерді профилактикалық басқару;</li> <li>■ экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл;</li> <li>■ ЕТҰ қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу мақсатында уәкілетті органмен қол қойылған қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру;</li> <li>■ жиналған қалдықтарды түгендеу және ластанған жерлерді қалпына келтіру жобаларына мониторинг жүргізу;</li> <li>■ корпоративтік экологиялық бағытты толыққанды дамыту, сондай-ақ компанияның жасыл экономика қағидаттарына бейілділігін қамтамасыз ету;</li> <li>■ ЕТҰ-ларда үздік қолжетімді технологияларды және экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.</li> </ul>
	<p><b>Теңіз операцияларын жүргізу кезінде мұнайдың төгілу қаупі</b></p> <p>Технологиялық режимнің бұзылуы, құбырлардағы авариялар, өндірістік және технологиялық жабдықтардың штаттан тыс жұмысы, барлау және бағалау ұңғымаларын бұрғылау кезіндегі газ-мұнай, су бөлінуі, сондай-ақ Каспий теңізі экожүйесінің тұйықталуы, таяз су, кен орнындағы қалыптан тыс жоғары қабат қысымы, күкіртсутегінің жоғары болуы және жер бетінің маусымдық қатуы мұнай төгілуіне әкелуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Бұл факторлар қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіруі, өндірістік процестің тоқтап қалуы және авария мен аварияның салдарын жоюға арналған қаржылық шығындар әкелуі мүмкін.</p>	<p>Мұнай төгілу қаупін азайту мақсатында Компания келесі іс-шараларды жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Технологиялық режимдердің сақталуын тұрақты бақылау және мониторинг жүргізу.</li> <li>■ Өндірістік және технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жұмыс істеуін тұрақты бақылау. Жоспарлы алдын алу жөндеулерін және техникалық қызмет көрсетуді уақтылы жүргізу.</li> <li>■ Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға дайындық, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп 1, 2 және 3 деңгейдегі оқу-жаттығуларды оқыту және өткізу.</li> <li>■ Төгілулерге ден қоюдың Солтүстік-Каспий экологиялық базасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.</li> <li>■ Жойылған ұңғымалардың жай-күйіне мониторинг жүргізу.</li> <li>■ Тиісті ұсынымдармен және түзетулер енгізумен жоспарлы алдын алу іс-шараларын қарау бойынша СК ӨБК комитеттеріне, жұмыс топтарына қатысу.</li> </ul>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Климаттық қауіптер және төмен көміртекті даму</b></p> <p>Компания өз қызметінде энергия көзінің өзгеруіне байланысты тәуекелдерге тап болады, олар келесі қауіп факторларын қамтиды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ энергия көзінің жаңа түрлеріне көшумен байланысты тәуекелдер (көміртегі бірліктерін сатудағы шектеулер, іс-шараларды іске асыруға қомақты шығындар, төмен көміртекті жобалардың төмен рентабельділігі, заңнамалық және рұқсат беру нормативтерінің болмауы, электр энергиясына тарифті арттыру);</li> <li>■ Компанияға физикалық әсер ету, климаттың өзгеруі (қысқа мерзімді: су тасқыны, көшкін, сел, құрғақшылық, өрт, дауыл. Жүйелі: ауаның қалыптан тыс жоғары температурасының ұзақ кезеңі, теңіз деңгейінің көтерілуі және жағалау ұңғымаларын су басу, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі).</li> </ul> <p><b>Әсері</b></p> <p>Бұл тәуекелдер компанияның қазба отындарының ірі өндірушісі және парник газдары эмитенті ретіндегі қызметіне шығындардың өсуі, кірістің төмендеуі және одан әрі даму мүмкіндіктерін шектеу түрінде теріс әсер етуі мүмкін.</p> <p>Жекелеген контрагент елдерде жаңартылатын көздерден энергия өндіру көлемінің өсуін күтуге болады, бұл компания жеткізетін өнімді тұтынудың төмендеуіне әкелуі мүмкін.</p>	<p>Климаттың өзгеруіне және оның салдарына байланысты тәуекелді азайту шеңберінде ҚМГ компаниялар тобында мынадай іс-шаралар орындалды және жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ 2023 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкінің қолдауымен климат саласындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленді (TCFD ұсынымдарына сәйкес);</li> <li>■ Baker Hughes-пен көміртекті тұту және сақтау (CCUS) туралы өзара түсіністік туралы келісімге қол қойылды;</li> <li>■ күн электр станцияларын салу жобасы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-мен Ұнтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды;</li> <li>■ ішкі көміртегі бағасының жаңартылған бағдарламасы бекітілді;</li> <li>■ жасыл жобаларға инвестициялар бойынша корпоративтік стандарттың жобасы дайындалды.</li> <li>■ корпоративтік мүдделерді ескере отырып, төмен көміртекті даму, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу, ЖЭК және баламалы энергетика саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;</li> <li>■ CO2 тұту, пайдалану және сақтаудың «толық тізбегін» құру бойынша пилоттық жобаны іске асыру әлеуетін бағалау (2-кезең);</li> <li>■ орман-климаттық жоба іске асырылуда, мердігер ретінде Stantec компаниясы анықталды;</li> <li>■ компанияның парник газдары шығарындыларының мониторингі мен есептілігі жөніндегі әдістемеге имплементациялау мақсатында парник газдары шығарындыларын түгендеу (Score 3) әдістемесі әзірленді;</li> <li>■ «Орталық Азия энергетикасы» жобасын іске асыратын Tetra Tech Inc корпорациясымен компания объектілеріндегі метан шығарындыларының көздерін түгендеу және шығарындылар көлемін азайту мақсатында меморандум жасалды;</li> <li>■ ҚМГ мұнай-газ компаниялары арасында метан шығарындылары бойынша есептілік бойынша OGMP 2.0 (мұнай-газ метаны бойынша әріптестік) бастамасына қосылды.</li> </ul>
	<p><b>Геологиялық тәуекел</b></p> <p>Жаңа барлау жобаларын іске асыру әрдайым геологиялық құрылымның белгісіздігінен туындайтын геологиялық тәуекелдермен байланысты (көмірсутектер қорларының анықталмауы, алынатын мұнай/газ қорларының расталмауы немесе төмен бағалануы).</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Коммерциялық тұрғыдан өнімді мұнай мен газ қорларының болмауы және (немесе) қорлардың жоспарланған деңгейден төмен болуы.</p>	<p>Компания келесілерді жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ жұмыс ауданы және жақын маңдағы ұқсас кен орындары бойынша геологиялық-геофизикалық деректерді жинау және талдау;</li> <li>■ көмірсутектерді іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістерін жоспарлау, деректерді зерттеудің, өңдеудің және түсіндірудің тиімді әдістерін қолдану;</li> <li>■ бассейндерді аймақтық зерттеу;</li> <li>■ геологиялық тәуекелдерді азайту және толыққанды геологиялық және техникалық-экономикалық талдау үшін жаңа деректер алу үшін жер қойнауын геологиялық зерттеу шеңберінде озыңқы сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу;</li> <li>■ жаңа кен орындарын бірлесіп барлау және игеру үшін стратегиялық серіктестерді тарту;</li> <li>■ мамандардың кәсіби деңгейін арттыру (оқыту, шетелдік компаниялармен тәжірибе алмасу).</li> </ul>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Қызметін жүргізетін аймақтарындағы әлеуметтік жағдай</b></p> <p>Компания үшін рұқсатсыз ұйымдастырылған ереуілдер қаупі бар.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Компанияның беделіне теріс әсер ету, өндірістік қызметтің бұзылуына және операциялық шығындардың артуына, сондай-ақ күрделі шығындар мен жобалар кестесіне әсер ету. Шикізат тауарларына бағаның өсуі, ел ішіндегі инфляцияның неғұрлым жоғары деңгейі немесе теңгенің әлсіреуі еңбекақы мөлшерінің өзгеруіне қатысты келіссөздерге әсер етуі мүмкін.</p> <p>2023 жылы мердігер ұйымдардың қызметкерлері мен ЕТҰ-ның кейбір қызметкерлері арасында рұқсат етілмеген бірқатар ереуіл болды. Кәсіподақ комитеттерінің жетекшілерімен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер, сондай-ақ компания қызметкерлері мен мердігерлер арасындағы жалақы алшақтығын азайту шаралары жүргізілді.</p> <p>2023 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы бойынша ҚМГ ЕТҰ мен олардың мердігер ұйымдарында ереуілдер саны 59%-ға төмендеді (2023 жылы 9 ереуіл болған, ал 2022 жылы – 22).</p>	<p>Әлеуметтік тәуекелдерді азайту үшін компанияда келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Маңғыстау облысы бойынша әлеуметтік-еңбек жанжалдарын уақтылы реттеу үшін Ақтау қаласындағы ҚМГ өкілдігі жұмыс істейді. ҚМГ Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу бойынша ведомствоаралық штабтың жұмысына қатысады.</li> <li>■ ҚМГ кәсіпорындары мен олардың мердігер ұйымдарындағы әлеуметтік ахуалды үздіксіз бақылау ұйымдастырылды. Наразылық акцияларын реттеу жөніндегі әзірленген іс-қимыл алгоритмі шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп бірыңғай ұстаным әзірленді. Ықтимал жанжалдардың алдын алу және әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында ҚМГ ЕТҰ мердігер ұйымдарында өндірістік қатынастар (Industrial Relations) бағыты бойынша тұрақты бақылау ұйымдастырылды.</li> <li>■ ЕТҰ әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін салуды және қолданыстағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуді қамтитын 2023-2027 жылдарды іске асыру кезеңінде жұмысшылардың еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту жөніндегі жол карталарын әзірледі.</li> <li>■ 2023 жылы корпоративтік орталық барлық ЕТҰ үшін SRS жақсарту жөніндегі жоспардың бірыңғай нысанын (Samruk Research Services) әзірледі, сондай-ақ ЕТҰ-ға шығу тәжірибесі және тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге жәрдемдесу мүмкіндігі енгізілді. Биыл «ПҚОП» ЖШС ӘӨКО-мен бірлесіп тереңдетілген әлеуметтік зерттеулер жүргізді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша SRS индексі 75% көрсетті.</li> <li>■ ҚМГ тобында ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі (регламент) жұмыс істейді. Барлық кәсіпорындарда басшылықтың еңбек ұжымдарымен әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік мәселелерді талқылауға және шешімдердің нұсқаларын бірлесіп әзірлеуге арналған міндетті жоспарлы кездесулері өткізіледі.</li> <li>■ 2023 жылы ҚМГ ЕТҰ-ның 14 000 қызметкерін қамтыған 101 есептік кездесу өткізілді, онда қызметкерлер 500-ден астам сұрақ қойды, барлығы бойынша түсініктемелер берілді.</li> <li>■ ҚМГ Маңғыстау облысында жұмыссыздықты төмендету жұмысына белсенді атсалысады. 2023 жылдың басынан бастап ҚМГ өкілдігін тікелей үйлестіру кезінде Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесіп ЕТҰ мен ҚМГ мердігер ұйымдарына 2 216 адам жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ, ҚМГ-ның Abu Dhabi Ports Group (ADP) компаниясымен қол қойылған келісімі аясында облыс тұрғындары арасында ADP-де еркін лауазымдарға орналасуға конкурс басталды.</li> <li>■ Еңбек ұжымдарын шоғырландыру, командалық рухты және салауатты психологиялық атмосфераны қалыптастыру мақсатында корпоративтік мәдениетті дамыту үшін үнемі түрлі іс-шаралар өткізіледі (ҚМГ барлық ЕТҰ қатысуымен ҚМГ спартакиадасы, «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурсы).</li> <li>■ Жаңаөзен қаласы жастарының білім деңгейін арттыру үшін еліміздің үздік мамандандырылған мектеп-интернаттары мен колледждерінде оқушыларды оқытуды қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама жыл сайын орта есеппен 1300 оқушыны оқытуға арналған.</li> </ul>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	<p><b>Өтімділік және қаржылық тұрақтылық тәуекелдері</b></p> <p>Компания үшін негізгі тәуекелдерге өтімділікке, қаржылық тұрақтылыққа және несиелік рейтингтердің төмендеуіне байланысты тәуекелдер жатады.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Ағымдағы қарыздар мен еурооблигацияларды дереу өтеу қажеттілігі. Компанияның ағымдағы және инвестициялық қызметін қаржыландыру үшін жеткілікті көлемде қаражат тарта алмау. 2023 жылы Компания өтімділіктің тиісті деңгейін сақтап, қаржылық тұрақтылықтың жеткілікті деңгейін көрсетті.</p>	<p>Осы тәуекелдерді еңсеру үшін борыштық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығын болдырмау жөніндегі іс-шаралармен қатар, Компания операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға, күрделі шығындарға нақты басымдық беруге, қаржылық тәртіпті ұстануға, компанияның активтері мен жобалары портфельдерін ұтымды етуге, жобаларды портфельдік басқаруға көшуге назар аударды.</p> <p>Компания тәуекелдің алдын алу бойынша келесі шараларды іске асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ борыш деңгейін бақылау, қаржылық тұрақтылықты сақтау үшін оның өсуіне жол бермеу, борышты өтеуге еркін ақша қаражатын жіберу;</li> <li>■ қарыз капиталы мен ішкі қаржыландыру көздері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу;</li> <li>■ шығыстарды қысқарту және бюджеттерді бақылау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;</li> <li>■ ЕТҰ-ның ағымдағы қарыздарын және қаржылық көмегін қайтаруды қамтамасыз ету;</li> <li>■ капиталдың борыштық нарықтарына қолжетімділікті сақтау және қарыз алу құнының қымбаттауы үшін компанияның кредит қабілетінің нашарлауына жол бермеу;</li> <li>■ мерзімінен бұрын өтеу арқылы қарызды азайту.</li> </ul>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
↔	<p><b>Комплаенс тәуекелдері</b></p> <p>Жеке пайда мен мүліктік мүдделерді, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін алуға бағытталған сыбайлас жемқорлық сипаттағы қасақана әрекеттер. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген фактілері қаржылық залалдың мөлшеріне қарамастан, компания қызметінде мүлдем қолайсыз.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Қаржылық шығындар, беделге нұқсан.</p>	<p>Компания ішкі бақылау жүйелерін енгізу және күшейту, үшінші тұлғалар да, компания қызметкерлері де тарапынан заңсыз және жосықсыз әрекеттердің алдын алудың бірыңғай саясатын белгілеу, қызметкерлер тарапынан құқыққа қайшы және әдепке сай емес әрекеттер жасау фактілері бойынша ішкі тергеулер жүргізу тәртібін белгілеу жөнінде дәйекті жұмыс жүргізеді. Компанияда жетекші әлемдік тәжірибелерді, сондай-ақ міндеттемелерді ескере отырып, саясаттар мен стандарттар қолданылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ішкі және комплаенс-бақылау жүйелерін жетілдіру және күшейту бойынша (есепті кезеңде толықтырулар енгізілді: <ul style="list-style-type: none"> <li>бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Басқарма төрағасының және оның орынбасарларының жауапкершілігі бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатқа;</li> <li>қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар келіп түскен өтініштер бойынша тексеру материалдарын уәкілетті құқық қорғау органдарына жіберу бөлігінде ҚМГ құпия ақпараттандыру саясаты;</li> <li>ҚМГ-да тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу қағидалары бір көзден алу тәсілімен сатып алу үшін негіздемелерді қолданудың негізділігі бөлігінде;</li> </ul> </li> <li>сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;</li> <li>сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу;</li> <li>сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлер арасында ықтимал бұзушылықтар мен шаралар туралы профилактикалық іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;</li> <li>шешім қабылдау рәсімдерінің есептілігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;</li> <li>комплаенс-тексерулер жүргізу (есепті кезеңде бір көзден ұзақ мерзімді келісімшарттар мен сатып алуларға, сондай-ақ экономикалық маңызды объектілерді сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі тұрғысынан жекешелендіруге ревизиялар жүргізілді);</li> <li>іскерлік этика нормаларын қабылдау және сақтау;</li> <li>сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;</li> <li>сыбайлас жемқорлық факторларын анықтауға арналған ішкі құжаттардың жобаларын сараптау;</li> <li>мүдделер қақтығысын болдырмау;</li> <li>контрагенттердің сенімділігі бойынша тексерулер жүргізу;</li> <li>инсайдерлер тізімін жасау және инсайдерлерге шектеулер, міндеттемелер және жауапкершілік туралы хабарламалар жіберу;</li> <li>ДК-нің тиісті есептерін ұсына отырып, жедел желіге келіп түскен өтініштерді өңдеу.</li> </ul>


Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
↗	<p><b>Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы</b></p> <p>Компания үшін энергия бағасының құбылмалы болу қаупі бар.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Мұнай бағасының құбылмалылығы Компания қызметінің, кірістің және ақша ағымының айтарлықтай өзгеруіне әкелуі мүмкін. 2023 жылы мұнайдың орташа бағасының 2022 жылмен салыстырғанда төмендеуі компанияның кірісі мен ақша ағымының төмендеуіне әсер етті.</p> <p>Толығырақ ақпарат «Макроэкономика және жаһандық трендтер» бөлімінде</p>	<p>Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы, әлемдік нарықтардағы қолайсыз жағдайға байланысты сұраныстың төмендеуі жағдайында компания қаржылық тұрақтылықты тұрақтандыру бойынша шаралар қабылдайды (бірақ онымен шектелмейді):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>дағдарысқа қарсы шараларды уақтылы енгізу және іске асыру;</li> <li>компанияның даму жоспарын түзету, шығындарды азайту;</li> <li>күрделі шығындар мен инвестициялық жобаларға басымдық беру және оңтайландыру.</li> </ul> <p>Компания тұрақты негізде баға динамикасына, мұнай мен мұнай өнімдеріне сұранысқа мониторинг пен талдауды жүзеге асырады.</p>
↔	<p><b>Ел бойынша тәуекел және санкциялар қаупі</b></p> <p>Компания шет мемлекеттерде операцияларды жүзеге асырады. Қабылдаушы елдегі кез келген елеулі экономикалық және саяси теріс өзгерістер Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін. Кейбір елдерге, соның ішінде секторлық санкцияларға қатысты санкциялар Компанияның қызметіне және перспективалы бірлескен жобаларға әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Санкциялық заңнаманы қатаңдату компанияның операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметіне, оның ішінде компанияға қайталама санкциялар салуға теріс әсер етуі мүмкін.</p>	<p>Тәуекелдерді басқару бойынша компанияның алдын алу әсерінің мынадай іс-шаралары өткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>санкциялық тәуекелдерге тұрақты негізде мониторинг және талдау жүргізіледі, санкциялардың компанияға әсері туралы ақпарат мерзімді негізде Қорға және компанияның мүдделі бөлімшелеріне беріледі.</li> <li>перспективалы жобаларды іске асырудың орындылығын қарау, басқа мердігерлерді тарту бойынша нұсқаны пысықтау.</li> <li>келісімдерде санкциялардың ҚМГ-ға теріс әсерін болдырмау немесе азайту жөніндегі тетіктер жазылған.</li> </ul>
↔	<p><b>Инвестицияға (жобалар) қатысты тәуекелдер</b></p> <p>Компания көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау және өңдеу саласындағы бірқатар жобаларды жүзеге асырады, олар сыртқы және ішкі факторларға байланысты елеулі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Мұндай тәуекелдерді іске асыру жобаларды іске асырудың табыстылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде Компания шығындардың өсу, өндірістік объектілерді уақтылы пайдалануға бермеу және жобалық параметрлерге қол жеткізбеу тәуекелдеріне тап болады.</p>	<p>Компания қажет болған жағдайда жобаларды іске асыру жөніндегі жоспарларға уақтылы өзгерістер енгізе отырып, жүзеге асыратын өңірлерде жобалардың іске асырылу мәртебесіне тұрақты мониторинг жүргізеді. Жобалардың мерзімдеріне, бюджетіне және сапасына әсер етуі мүмкін тәуекелдер туындаған жағдайда іс-шаралар мүдделі Тараптармен келіссөздер жүргізуді, операциялық шығындарды қысқартуды, инвестициялық бағдарламаны оңтайландыруды, инвестициялық портфельден рентабельді емес жобаларды алып тастауды қамтуы мүмкін.</p> <p>Халықаралық компаниялардың (Stage Gate Process) стандарттарына ұқсас жобалық басқару және инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесі енгізілді.</p>

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
--------------------	---	---

<p>—</p> <p><b>Қолданыстағы заңнаманың өзгеру қаупі, сондай-ақ сот ісін жүргізу және төрелік іс жүргізу тәуекелдері</b></p> <p>Компания қызметінің нәтижелеріне жер қойнауын пайдалану саласындағы нормалауды, салықтық, валюталық, кедендік реттеуді және т.б. қоса алғанда, қолданыстағы заңнамадағы өзгерістер, сондай-ақ Компания тартылған сот және төрелік даулар бойынша соттардың теріс шешімдер қабылдау тәуекелі әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Әсері</b></p> <p>2023 жылы 1 млн АҚШ долларынан астам сомаға 12 сот процесі басталды. Процедуралар аяқталғанға дейін бұл оқиғалардың компания қызметіне әсерін толық бағалау мүмкін емес.</p>	<p>Компания заңнамадағы өзгерістерге тұрақты мониторингті жүзеге асырады, олардың ҚМГ ұйымдарының қызметіне әсер ету дәрежесін бағалайды және болжайды.</p> <p>Компания заңнаманың әртүрлі салаларында заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына үнемі қатысады.</p> <p>Компания сот және құқық қолдану практикасының мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырады, қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын құқықтық мәселелер мен дауларды шешу кезінде үздік тәжірибені белсенді қолданады.</p> <p>2023 жылы Стати ісінде өзгерістер болды.</p> <p>2023 жылдың 22 қыркүйегінде Жоғарғы Сот Статидің апелляциялық шағымын қабылдамады, бұл акциялар әдеттегі халықаралық құқыққа сәйкес орындалудан иммунитетке ие болғанын растады.</p> <p>Жоғарғы Сот «Статидің шағымы апелляциялық соттың шешімін қате түсінуге негізделген және сот «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жарғылық мақсатын шешуші деп санады және Қордың нақты қызметін елемеді деген болжамнан туындады» деген шешім шығарды.</p> <p>Бұл ретте Жоғарғы сот апелляциялық сот дұрыс қорытындыға келгенін атап өтті: «Стати Самұрық-Қазына акцияларының коммерциялық айналым объектісі ретінде тағайындалуын дәлелдей алмады».</p>	
--	---	--

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

## Мүдделі тараптардың негізгі топтары



Мүдделі тараптар тобы	Өзара іс-қимыл принциптері	Өзара іс-қимыл әдістері	Компания іс-шаралары
Акционерлер	Ашықтық және акционерлермен адал диалог құру	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кері байланыс арналары (электрондық пошта, акционерлермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша телефон нөмірі)</li> <li>Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>KASE базасында Эмитент күні</li> <li>Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы</li> </ul>
Инвестициялық қоғамдастық	Ашықтық және реттеуші талаптарды сақтау	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кері байланыс арналары (электронды пошта, инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша телефон нөмірі)</li> <li>Компанияның жылдық есебі</li> <li>Компанияның веб-сайтында және әлеуметтік желілерінде ақпаратты ашу</li> <li>Эмитент пен инвестордың жарты жылдық қоңыраулары</li> <li>Операциялық және қаржылық нәтижелер бойынша тоқсандық презентациялар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету</li> <li>Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторлар» бөлімінде жариялау (<a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>)</li> <li>Қазақстандық қор биржасының сайтында жариялау</li> <li>Инвесторлар үшін және басқа да көпшілік іс-шаралар шеңберінде көшпелі таныстырылымдар (роуд-шоу) ұйымдастыру</li> <li>Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу</li> <li>Электронды пошта арқылы келіп түскен сауалдармен жұмыс істеуді қамтамасыз ету (<a href="mailto:ir@kmg.kz">ir@kmg.kz</a>), телефон консультациялары</li> <li>Баспасөз хабарламаларын жариялау</li> <li>Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау</li> </ul>
Толық ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген			
Қауымдастықтар, жергілікті қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар	Қоғамның, қоғамдастықтардың әлеуметтік өміріне белсенді қатысу	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кері байланыс арналары (электронды пошта, әр түрлі мәселелер бойынша телефон нөмірі)</li> <li>Қоғамдық кеңестің отырысына қатысу</li> <li>Жұмыс топтарына қатысу</li> <li>Ақпаратты жариялау: Компанияның веб-сайтында, тұрақты даму туралы есептерде, БАҚ-та</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету</li> <li>Корпоративтік сайтта жариялау</li> <li>БАҚ-та жариялау</li> </ul>
Бұқаралық ақпарат құралдары	БАҚ-қа ашық және шынайы ақпарат беру	<ul style="list-style-type: none"> <li>Баспасөз хабарламалары</li> <li>Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында конференцияларға қатысу</li> <li>Компанияның әлеуметтік желілерінде ақпаратты уақтылы жариялау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды Компанияның сайтында және БАҚ-та жариялау</li> <li>Баспасөз хабарламаларын тарату</li> <li>БАҚ сауалдарына жауап беру</li> <li>Баспасөз-конференцияларды, брифингтерді, баспасөз-турларды, форумдарды, ақпараттық сессиялар мен басқа да медиа іс-шараларды өткізу</li> <li>Келіп түскен сауалдармен жұмыс істеу</li> </ul>
Үкімет, жергілікті мемлекеттік органдар	Мемлекеттік міндеттерді орындау мақсатында тиімді өзара іс-қимыл жасау	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмыс топтары және кездесулер</li> <li>Тікелей хат алмасу</li> <li>Салалық конференциялар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>Тапсырмаларды орындау</li> </ul>
ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары	Тікелей және нақты байланыс	<ul style="list-style-type: none"> <li>Басшылықтың қатысуымен өтетін жиындар</li> <li>Иссапарлар</li> <li>Тікелей хат алмасу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>Тапсырмалар беру</li> <li>Ақпараттық хаттар</li> </ul>
Клиенттер, жеткізушілер, серіктестер, басқа ұйымдар	Әділ және нарықтық шарттардағы келісімдер	<ul style="list-style-type: none"> <li>Келісімдер жасасу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>Баспасөз хабарламаларын тарату</li> </ul>
Кәсіподақтар, ҚМГ қызметкерлері	Тең мүмкіндіктер, меритократия принципі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жиналыстар және басшылықпен жеке кездесулер</li> <li>Қызметкердің тиімділігін бағалау</li> <li>Қанағаттану және қатысу туралы зерттеулер</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу</li> <li>Баспасөз хабарламаларын тарату</li> <li>Сауалнамалар, жалпы жиналыстар өткізу</li> <li>Еңбек өнімділігін басқару жүйелері</li> <li>Корпоративтік сайтта жариялау</li> <li>Компанияның ақпараттық ресурсы арқылы оқиғаларды жариялау</li> <li>Консультативтік және сараптамалық комитеттер, жұмыс топтары</li> </ul>

# АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТИОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

## Акционерлік капиталдың құрылымы

Акция иесінің атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, үлесі %-бен	Артықшылыққа ие акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, үлесі %-бен
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	411 371 263	67,42	–	411 371 263	67,42
«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» ММ	122 023 898	20,00	–	122 023 898	20,00
«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58
Миноритар акционерлер	18 303 584	3,00	–	18 303 584	3,00

### Бағалы қағаздар шығарылымы<sup>1</sup>, дана

Акция түрі	Жарияланған акция саны	Жарияланған акция саны	Сатылатын акциялар саны	Жарияланбаған акциялар саны
Жай	849 559 596	610 119 493	18 303 584	239 440 103

Есепті кезеңде ҚМГ акционерлерінің құрылымында өзгерістер болды.

2023 жылдың соңында «Самұрық-Қазына» АҚ 1,3 трлн сомаға ҚМГ акцияларын 122 023 898 дана көлемінде өз иелігінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына шығарды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қазір Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан сатып алынған акциялардың иесі атанған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің теңгерімінде.

Акцияларды сату үш траншпен жүзеге асырылды: 2023 жылдың қазан, қараша және желтоқсан айларында. Жалпы сатылған жай акциялардың үлесі 20%-ды құрады.

Осылайша, бұл мәміле іс жүзінде акцияларды мемлекеттік органдар арасында қайта бөлуді білдіреді және ҚМГ қызметі мен кредиттік рейтингтері үшін ешқандай салдары жоқ.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша ҚМГ акцияларын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына сату – республикалық бюджеттің кіріс бөлігі бойынша мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың бірі. 2024 жыл 10 сәуірдегі жағдай бойынша ҚМГ акционерлік капиталының құрылымы келесідей:

- «Самұрық-Қазына АҚ – 67,42%
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – 20%
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі – 9,58%
- миноритар акционерлер – 3%

<sup>1</sup> 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша.

Жақын арада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне тиесілі ҚМГ акцияларын «Самұрық-Қазына» АҚ-ға сенімгерлік басқаруға беру жоспарлануда.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында келесі құжаттар бекітіледі деп күтілуде:

- ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке);
- ҚМГ-ның 2023 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі;
- ҚМГ-ның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 2023 жылға дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні;
- 2023 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді бастау күні.

### Акционерлер құқығы

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының ережелеріне сәйкес және қолданыстағы акцияларға байланысты қандай да бір құқықтарға нұқсан келтірмей, Компания акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығара алады. Жарғы компанияға тек қарапайым акциялар шығаруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы акциялардың екі түрін қарастырады: жай және артықшылыққа ие. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында әр түрге қатысты жазылған белгілі құқықтары бар. Компания жарғысында бұл құқықтардың қолданылу аясы тереңірек көрсетілуі мүмкін (компанияның жарғысында мұндай құқықтардың қолданылуын тереңірек көрсету қарастырылмаған), алайда шектелуіне жол жоқ.

Жай акция иесі келесідей құқыққа ие:

- Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) акционерлік қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен акционерлік қоғамды басқаруға қатысу;
- дивидендтер алу;
- компанияның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе акционерлік қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамның бухгалтерлік есептілігімен өз бетінше танысу;
- орталық депозитарийден немесе акционердің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан үзінді көшірмелер алу;

- Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттар акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныс;
- сотта акционерлік қоғам органдары қабылдаған шешімдерге дау айту;
- акционерлік қоғамға оның қызметі туралы ақпарат беруге және акционерлік қоғамнан осындай сұрау салу берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде негізделген жауап алуға жазбаша сұрау салулар жіберу;
- акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу;
- акционерлік қоғамның акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алудың басым құқығын АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен акциялардың санын немесе түрін өзгерту туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысу.

### Акциялар айналымы

ҚМГ акцияларын бастапқы жария орналастыру (IPO) 2022 жылы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде өткізілді.

IPO өткізілгеннен кейін еркін айналымдағы акциялардың үлесі (Free Float) – 3%.


ҚМГ акциялары қазақстандық АIX және KASE қор биржаларында ұсынылды. Бір акция үшін орналастыру бағасы 8 406 теңге болды, бұл ҚМГ-ны шамамен 5,1 трлн теңге немесе 11 млрд АҚШ доллары көлемінде капиталдандыруды болжайды.

ҚМГ акцияларының бағасы жарияланған күннен бастап 2023 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 37,3% өсті. 2023 жылы акционерлерге 300 млрд теңге көлемінде рекордтық дивидендтер төленді. Бір акцияға берілген дивиденд көлемі – 491,71 теңге. Төленген дивидендтерді ескере отырып, 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ акцияларының бағасы 43,1% өсті.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ-ның нарықтағы капиталдандыру көрсеткіші 7,0 трлн теңгеге немесе 15,5 млрд АҚШ долларына жетті.

KASE биржасындағы параметрлер	Жарияланған күні	31.12.2023
ҚМГ акциясының бағасы	8 406	11 541
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, теңге	5,1 трлн	7,0 трлн
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, АҚШ долл.	11 млрд	15,5 млрд
ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+37,3%
Төленген дивидендтерді ескере отырып, ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+43,1%

ҚМГ акцияларының жарияланған күннен 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі бағасы



### Дивидендтер

2022 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның дивиденд бойынша жаңа саясаты («Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының 2022 жылғы 27 қазандағы №59/22 хаттама шешімімен) қолданысқа енді.

Дивиденд саясаты акционерлердің, несие берушілердің және Компанияның мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз акционерлеріне дивидендтер төлеу мөлшерін анықтауда ашық болуға бағытталған.

- Төлем туралы шешім ҚМГ акционерлерінің Жалпы жиналысында қабылданады.
- Мұнай бағасы, ҚМГ борышының құрылымы, күрделі шығындар және өзге де елеулі жағдайлар ескеріледі.

**Еркін ақша ағымы** – қоғамның операциялық қызметтен шоғырландырылған ақша ағымы (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді қоса алғанда, бірақ мұнайды жеткізгені үшін алынған аванстар бөлігінде айналым капиталындағы таза өзгерісті қоспағанда), есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша негізгі құралдарды сатып алуды шегергенде (оның ішінде негізгі құралдар үшін аванстар) минус материалдық емес активтерді сатып алу минус кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу минус бағалау және барлау активтерін сатып алу минус еншілес ұйымда/ бірлескен кәсіпорында үлесті сатып алу плюс еншілес ұйымда/ бірлескен /қауымдасқан кәсіпорында қатысу үлестерін сатудан алынған қаражат (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларымен бекітілген тізім бойынша қоғамның активтерін бәсекелестік ортаға беруден түскен қаражатты қоспағанда);

**Таза қарыз** – қолма-қол ақшаны және олардың баламаларын алып тастағанда, банк салымдарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) алып тастағандағы жалпы қарыз.

**EBITDA** – бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құнын (тозу мен амортизацияны қоспағанда), өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды (тозу мен амортизацияны қоспағанда), тасымалдау және өткізу бойынша шығыстарды (тозу мен амортизацияны қоспағанда), табыс салығынан басқасын алып тастағандағы кіріс.

ҚМГ-ның дивиденд саясаты еркін ақша ағымының 30%-дан 50%-ына дейінгі дивидендтердің ең төменгі мөлшерін айқындаудың белгіленген тәртібін көздейді.

ҚМГ дивидендтердің келесі мөлшерін төлеу үшін бар күшін салады:

- егер «Таза қарыз/ EBITDA» көрсеткіші 1,0-ден аз немесе оған тең болса, еркін ақша ағымының кемінде 50%;
- егер «Таза қарыз/ EBITDA» көрсеткіші 1,0-ден жоғары, бірақ 1,5-тен аз немесе оған тең болса, еркін ақша ағымының кем дегенде 40%;
- егер «Таза қарыз/ EBITDA» көрсеткіші 1,5-тен жоғары, бірақ 2,0-ден аз немесе оған тең болса, еркін ақша ағымының кемінде 30%;
- егер «Таза қарыз/ EBITDA» көрсеткіші 2,0-ден астам болса, төлем пайызы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Дивиденд төлеу үшін негізгі шарттар:

- жеткілікті жеке капитал;
- есепті кезең үшін шоғырландырылған таза табыстың не есепті кезеңнің соңына бөлінбеген пайданың болуы;
- жеткілікті еркін ақша ағымының болуы.

Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне кемінде 70 АҚШ долл. болған жағдайда, IPO-дан кейін үш жыл ішінде жыл сайынғы дивиденд кемінде 200-250 млрд теңге көлемінде төленеді.

**Дивиденд тарихы**

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	60,64	133,97	81,95	327,80	491,71
Барлық төленген дивиденд, млн теңге	36 998	81 738	49 999	199 997	300 002

2023 жылы 26 маусымда ҚМГ акционерлерге 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы – 300,0 млрд теңге. Бір жай акцияға берілген дивиденд мөлшері – 491,71 теңге.

Толық ақпарат «Қаржы есебі» бөлімінде берілген.

## Кредиттік рейтингтер

Халықаралық рейтинг агенттіктерінің кредиттік рейтингтері – ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігіне берілген сенімді және тәуелсіз баға. Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді инвестициялық деңгейге жақын және одан жоғары ұзақ мерзімді несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстауды көздейді. ҚМГ рейтинг агенттіктеріне ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігін жан-жақты және шынайы бағалау үшін қажетті барлық ақпаратты ұсынады. ҚМГ Басқармасы мен рейтингтік агенттіктер арасында мерзімді шолу кездесулері өткізіледі және ҚМГ олармен тұрақты байланысты жалғастырады.

Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштері мен нарық динамикасынан басқа, ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингтерімен байланысты. Мәселен, егеменді кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, соның ішінде ҚМГ-ның кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

2023 жылы ірі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компания рейтингін «BBB –» деңгейінен «BBB» деңгейіне дейін бір сатыға көтерді, S&P халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ болжамды «тұрақты» деп қайта қарап, компанияның бұрын белгіленген рейтингін растады, Moody's халықаралық рейтинг агенттігі «позитивті» болжамды қайта қарау арқылы компанияның бұрынғы

рейтингін растады. Қазіргі уақытта ҚМГ Moody's және Fitch Ratings агенттіктерінен инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингке ие, ал S&P бойынша – егеменді рейтингтен бір сатыға төмен.

- 2023 жылы 9 наурызда S&P рейтингтік агенттігі компанияның рейтингін «тұрақты» деген болжамды қайта қарап, «BB+» деңгейінде растады, бұл агенттіктің Қазақстанға қатысты рейтингтік әрекетін көрсетеді (рейтинг «BBB–» деңгейінде расталды, болжам «тұрақты» болып қайта қаралды).
- 2023 жылы 22 маусымда Fitch Ratings ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «BBB–» деңгейінен «BBB» деңгейіне дейін көтерді, дербес кредит қабілеттілігі рейтингінің жоғарылауына байланысты болжам – «тұрақты». ҚМГ рейтингі Қазақстан Республикасы егеменді рейтингіне тең.
- 2023 жылы 13 желтоқсанда Moody's рейтингтік агенттігі компанияның рейтингін «Baa2» деңгейінде растап, «позитивті» деген болжамды қайта қарады, бұл агенттіктің компанияның меншікті кредит қабілеттілігі көрсеткіштерінің тұрақтылығы туралы пікірін көрсетеді.
- 2023 жылы 26 желтоқсанда S&P рейтингтік агенттігі компанияның рейтингін «BB+» деңгейінде растады, болжамы «тұрақты», бұл ретте меншікті кредит қабілеттілігінің рейтингі «BB –» деңгейінен «BB»-ге дейін көтерілді.


**ҚМГ кредиттік рейтингтері**

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	13.12.2023	Baa2	Позитивті
S&P	26.12.2023	BB+	Тұрақты
Fitch Ratings	22.06.2023	BBB	Тұрақты

**Қазақстанның кредиттік рейтингтері**

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	27.10.2023	Baa2	Позитивті
S&P	03.03.2023	BBB–	Тұрақты
Fitch Ratings	17.11.2023	BBB	Тұрақты

**ҚМГ рейтингтерінің динамикасы**



## Облигация бойынша қарыздар

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ-ның АҚШ долларымен қайта есептелген шоғырландырылған борышы – 8 265 млн АҚШ доллар, бұл 5 750 млн АҚШ доллары көлемінде ҚМГ еурооблигациялары мен «Самұрық-Қазына» АҚ үшін Қашағандағы үлесті сатып алуға арналған 1 654 млн АҚШ долларын (752 млрд теңге), «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырын реконструкциялау және қуатын арттыруға арналған 154 млн АҚШ доллары (70 млрд теңге) көлеміндегі ҚМГ облигацияларын қоса алғандағы көрсеткіш.

ҚМГ компаниялар тобы жобаларының едәуір бөлігі өздерінің таза ақша ағымының есебінен қаржыландырылады. Бұл ретте, ҚМГ мен ЕТҰ жекелеген стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін немесе Компанияның қаржы стратегиясын іске асыру шеңберінде қаржылық орнықтылықты қолдау үшін қолайлы нарықтық жағдайларда облигациялар нарығына шыға алады.

ҚМГ ішкі және халықаралық капитал нарықтарында өзінің борышты басқарудың ыңғайлы және теңдестірілген саясатына сәйкес қарыз алады. Компанияның борыштық бағалы қағаздары – Қазақстан эмитенттерінің арасындағы анағұрлым өтімді құралдардың бірі. ҚМГ-ның шетел валютасындағы облигациялары тарихи түрде инвесторлардың кең ауқымын тартты. Инвесторлар базасы негізінен АҚШ, Еуропа және Азиядан мыңдаған институционалдық және бөлшек инвесторлардан тұрады. Еурооблигациялар Лондон қор биржасында, Қазақстан қор биржасында және АIX биржасында айналымда.

Толық ақпарат «Қаржылық шолу» бөлімінде берілген.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Корпоративтік орталық деңгейінде жалпы сомасы номиналы бойынша 5,75 млрд АҚШ доллары болатын еурооблигациялардың алты шығарылымы айналымда болды.

**ҚМГ-ның айналымдағы еурооблигациялары<sup>1</sup>**

Айналымның басталу күні/ өтеу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ долл.	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ долл.	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS/144A
19.04.2017/19.04.2027	1 000	1 000	4,75	XS1595713782/US48667QAN51
19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	XS1595714087/US48667QAP00
24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105/US48667QAQ82
24.04.2018/24.04.2048	1 500	1 500	6,375	XS1807299331/US48667QAS49
14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397/US48126PAA03

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпоративтік орталық деңгейінде жалпы сомасы 821 631,4 млн теңге номиналы бойынша ішкі облигациялардың бір шығарылымы айналымда болды.

**ҚМГ облигациялары**

Валюта	Өтініштің/ өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстандық теңге	16.09.2022/16.10.2035	751 631,4	751 631,4	3,0	KZ2C00008969
Қазақстандық теңге	24.04.2023/01.04.2033	50 000	50 000	0,5	KZ2C00009736
Қазақстандық теңге	24.11.2023/01.10.2033	20 000	20 000	0,5	KZ2C00010429

## Инвесторлармен өзара байланыс

ҚМГ қаржыландыру көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және Компанияны қаржыландыру құнын төмендету мақсатында инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс-қимылдың тиімді бағдарламасын іске асыруды жалғастырып келеді. Инвесторлармен өзара іс-қимыл процесіне Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма Төрағасы, Басқарма мүшелері мен ҚМГ-ның стратегиялық, қаржылық және операциялық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаменті, сондай-ақ инвесторлармен жұмыс басқармасы тартылған.

ҚМГ жарты жыл сайын Басқарма мүшелері мен департамент директорларының қатысуымен инвесторлар үшін қаржылық және операциялық қызметтің

нәтижелері бойынша конференц-қоңыраулар өткізеді. Бұдан басқа, Компания инвесторлармен және рейтингтік агенттіктермен арнайы жеке конференц-қоңыраулар ұйымдастырды, сондай-ақ дамушы елдердегі тұрақты дамудың жаһандық трендтері мен нарықтық ахуал бойынша онлайн-конференцияларға қатысты.

Компания инвестициялық қоғамдастық үшін ақпаратты жария ету кезінде уақтылық, толықтық және қолжетімділік қағидаттарын ұстанады. ҚМГ тоқсан сайын тоқсандық нәтижелер бойынша презентация, қаржылық нәтижелер бойынша пресс-релиз, өндірістік нәтижелер бойынша пресс-релиз, ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілік, сондай-ақ деректер келтірілген талдамалық анықтамалықтар жариялайды. 2023 жылы

Компания ҚМГ-ның қаржылық және операциялық қызметі туралы инвесторлар мен талдаушылардың сұраныстары бойынша ақпаратты жедел ұсыну тәжірибесін жалғастырды.

Тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания 2022 жылы ESG бойынша ақпаратты жариялаудың ашықтығын айтарлықтай жақсартты. 2023 жылы ҚМГ Тұрақты даму туралы 2022 жылға арналған ауқымды есеп жариялады. 2022 жылдың қазан айында Sustainalytics ҚМГ ESG-тәуекел-рейтингінің деңгейін 32,3 балға дейін жаңартты. Салыстырмалы рейтингте ҚМГ Sustainalytics агенттігі бағалаған әлемдегі 306 мұнай-газ компаниялары арасында үздік 40 компания қатарына кірді.

Материалдар мен жарияланымдар ашық қолжетімділікте, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма қызметкерлерінің байланыс ақпараты компанияның сайтында «Инвесторларға» бөлімінде жарияланған.

ҚМГ екіжақты диалогтың тиімділігін одан әрі жақсартудың маңызын түсінеді және инвестициялық қоғамдастықтың компанияны қабылдауына үздіксіз талдау жүргізеді, бұл ақпарат кейіннен Директорлар кеңесі деңгейінде қаралады.

**2023 жылы инвесторлармен өзара жұмыстың негізгі көрсеткіштері**

1-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2022 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау.</li> <li>2022 жылғы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2022 жылғы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша пресс-релиздер.</li> <li>ХҚЕС-ке сәйкес 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп.</li> <li>2022 жылғы өндірістік нәтижелер.</li> <li>2022 жылғы қаржылық нәтижелер.</li> </ul>
2-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2023 жылдың 1-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2023 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары.</li> <li>2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген).</li> <li>2022 жылғы жылдық есепті жариялау.</li> <li>2023 жылдың 1-тоқсанындағы өндірістік нәтижелер</li> <li>2022 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық нәтижелер</li> <li>2023 жылдың 19 мамырында ЕМЕА және инвесторлар тобымен қоңырау.</li> </ul>
3-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2023 жылдың 1 жартыжылдығындағы қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындысы бойынша KASE Эмитент күні.</li> <li>2023 жылдың 1 жартыжылдығындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2023 жылғы 1 жартыжылдықтағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары.</li> <li>2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген).</li> <li>2022 жылғы Тұрақты даму туралы есепті жариялау.</li> <li>2022 жылғы климаттық сауалнаманы (CDP) жариялау.</li> <li>2022 жылғы су қауіпсіздігі сауалнамасын (CDP) жариялау</li> <li>2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелер</li> </ul>
4-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>2023 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>2023 жылдың 3-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары.</li> <li>2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген).</li> <li>2023 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелер</li> <li>2023 жылдың тоғыз айындағы өндірістік нәтижелер.</li> </ul>

<sup>1</sup> 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпоративтік орталық деңгейінде қамтамасыз етілмеген, басым.





ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ  
КОМПАНИЯ ӨЗ ДАМУЫ  
МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН  
ТИІСІНШЕ ОРЫНДАУДА  
ТЕҢ БАҒЫТТЫ  
ЖАЛҒАСТЫРА  
ОТЫРЫП, ТҰРАҚТЫ  
ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ  
ҚАРЖЫЛЫҚ  
НӘТИЖЕЛЕРГЕ  
ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

# ҚАЗМ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғыландырылған қаржылық есептілік

**МАЗМҰНЫ****«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамы****Шоғыландырылған қаржылық есептілік***2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Шоғыландырылған қаржылық есептілік**

Жиынтық кіріс туралы шоғыландырылған есеп .....	1-2
Қаржылық жағдай туралы шоғыландырылған есеп .....	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғыландырылған есеп .....	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғыландырылған есеп .....	7-8
Шоғыландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер .....	9-91



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 5960  
Fax: +7 727 258 5961

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

### Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

### Аудиттің басты мәселесі

### Тиісті басты мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

#### Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біз бұл мәселе, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты өндіру, барлау мен бағалау, қайта өңдеу активтерін, сондай-ақ мұнай мен газды тасымалдау активтерін қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз.

Жорамалдар дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағаларды және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қамтыды. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4 және 16-ескертпелерінде келтірілген.

Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалауын қарастырдық және онда құнсыздану белгілері анықталды, біз құнсыздану талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құнды есептеу үшін біздің бағалау мәселелері жөніндегі мамандарымызды тарттық.

Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін күн есебінде пайдаланылған мұнай және мұнай өнімдерінің бағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырып, дисконттау мөлшерлемесін есептеу барысында орындалған түзетулерді бағаладық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедураларын орындадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.



### Резервтер мен шартты міндеттемелер

Топ резервтерді таниды және мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелеріне, активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге және жалпы сипаттағы сот талқылауларына, сондай-ақ өзге де мән-жайларға қатысты шартты міндеттемелерді ашып көрсетеді.

2023 жылы Топ мұнай өңдеу зауыттарына қатысты активтерді жою бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады және активтерді жою міндеттемелеріне қатысты бағалаулардағы бірқатар өзгерістерді көрсетті.

Міндеттемені мойындау керек пе және сомаларды сенімді түрде бағалауға болатынын бағалау бағалау мен пайымдауды қажет етеді. Мәселенің нәтижесін болжау және қолайсыз нәтиже болған жағдайда ықтимал әсерді бағалау күрделі процесс болып табылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсер айтарлықтай болуы мүмкін.

Активтерді жою бойынша міндеттемелерді есептеу болашақ шығындарды бағалаудағы өзіндік күрделілігіне және осы міндеттемелердің маңыздылығына байланысты айтарлықтай пайымдауды қажет етеді. Мұндай жағдайлардың көпшілігі, күтілгендей, ұзақ мерзімді перспективада реттеледі. Топ активтерді жою бойынша міндеттемелерді бағалау үшін мамандарды тартты. Есептеуде пайдаланылатын басшылықтың болжамдары инфляция қарқынының өзгеру салдарымен қатар жоюдың күтілетін тәсілін және дисконттау мөлшерлемесін қамтиды.

Заңды міндеттемелерді, сол сияқты шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде активтерді жоюға қатысты практикамен негізделген міндеттемелерді зерделеу басшылықтың пайымдауын қажет етеді және объективті өзгерістерге ұшырайды.

Біз Топ басшылығынан және заң бөлімінен заңнама мен нормативтік актілерді орындамау жағдайлары, сондай-ақ кез келген аяқталмаған және ағымдағы сот істерінің, талаптардың және істердің мәртебесі туралы ақпаратты сұраттық. Біз ішкі заң қызметтерінен заңдық хаттар алдық.

Біз тиісті хат-хабарларды, Топ басшылығы мен Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын зерделедік.

Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге қатысты біздің рәсімдеріміз шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде активтерді жоюға қатысты заңды міндеттемелер мен практикамен негізделген міндеттемелерді зерделеуді қамтыды.

Біз активтерді жою бойынша міндеттемелерді қалыптастыратын шығыстарды бағалауды дайындаған Топ тартқан мамандардың құзыреттілігі мен объективтілігін қарастырдық. Біз қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесі мен инфляция деңгейін қол жетімді сыртқы деректермен салыстырдық. Біз есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Сондай-ақ, біз болашақтағы күтілетін жою шығындарындағы өзгерістерді және Топтың тиісті заңнамадағы соңғы өзгерістерді қалай есепке алғанын бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резерв ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан Топ басшылығының бағалауларын талдадық және шоғырландырылған қаржылық есептілікте шартты міндеттемелерді орындаудың әлеуетті нәтижелерінің ықтималдығына қатысты пайымдауларды бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті ашып көрсетулерді сараладық.



Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды резервтердің маңыздылығына және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін шартты міндеттемелерге, пайымдаудың тән деңгейіне және 2023 жылы болған оқиғаларға байланысты аудит үшін ең маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз.

Резервтер, шартты және шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 30 және 36-ескертпелерінде ашылып көрсетілген.

### Топтың 2023 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2023 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2023 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.



### Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;



- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Қайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Қайрат Медетбаев  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы  
№ МФ-0000137 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 12 наурыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
МӘМЛҰҚАТ БАСҚАРУ ОРГАНЫ  
АКТИВТІК ЕНД ЯНГ  
ЕРНСТ ЭНД ЯНГ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
МӘМЛҰҚАТ БАСҚАРУ ОРГАНЫ

Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003,  
Қазақстан Республикасы Қаржы  
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде  
берілген

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы	2022 жылғы (қайта есептелген)*
<b>Жалғасатын қызмет</b>			
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	9	8.319.543	8.693.081
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	10	534.177	991.310
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	5	186.225	-
Қаржылық кіріс	17	147.245	120.603
Басқа да операциялық кіріс		55.378	22.319
<b>Түсім және басқа да кірістер жиыны</b>		<b>9.242.568</b>	<b>9.827.313</b>
<b>Шығыстар мен шығындар</b>			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	11	(4.621.881)	(4.960.176)
Өндірістік шығыстар	12	(1.219.722)	(1.144.241)
Табыс салығынан басқа салықтар	13	(594.080)	(677.921)
Тозу, тауысылу және амортизация	37	(601.204)	(506.900)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	14	(245.525)	(205.352)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	15	(177.782)	(160.479)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының күнсыздануы	16	(230.580)	(19.917)
Қаржылық шығындар	17	(322.073)	(308.055)
Оң бағамдық айырма, нетто		25.222	40.089
Басқа да шығыстар		(60.124)	(85.424)
<b>Шығыстар мен шығындар жиыны</b>		<b>(8.047.759)</b>	<b>(8.028.376)</b>
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>1.194.809</b>	<b>1.798.937</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	33	(270.348)	(492.377)
<b>Бір жылғы таза пайда</b>		<b>924.461</b>	<b>1.306.560</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы	2022 жылғы (қайта есептелген)*
<b>Басқа да жиынтық кіріс(залал)</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс(залал)</i>			
Хеджирлеу әсері	31	849	(11.872)
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		(176.614)	695.642
Таза инвестицияларды хеджирлеуден болған кіріс(залал), нетто	28	46.152	(187.440)
Салық әсері		11.101	(36.525)
<b>Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық (залал)/кіріс</b>		<b>(118.512)</b>	<b>459.805</b>
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс(залал)</i>			
Табыс салығын шегере отырып, Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда		341	9.075
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс(залал)		651	(19)
Салық әсері		(327)	(116)
<b>Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс</b>		<b>665</b>	<b>8.940</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық (зиян)/кіріс</b>		<b>(117.847)</b>	<b>468.745</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>806.614</b>	<b>1.775.305</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда(зиян):</b>			
Бас компанияның акционерлеріне		960.483	1.278.359
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(38.022)	28.201
		<b>924.461</b>	<b>1.306.560</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс(зиян) жиыны:</b>			
Бас компанияның акционерлеріне		842.977	1.745.651
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(36.363)	29.654
		<b>806.614</b>	<b>1.775.305</b>
<b>Акцияға пайда* - мың теңгемен</b>			
Базалық және бөлінген	27	1,574	2,095

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 7-ескертеде келтірілген.

\*\* 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жәй акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



Д.А. Артықова  
А.С. Есбергенова

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы	2022 жылғы (қайта есептелген)*
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Барлау және бағалау бойынша активтер	19	174.187	251.280
Негізгі құралдар	18	7.181.206	6.994.001
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		19.383	17.304
Материалдық емес активтер	20	874.939	918.261
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		101.765	76.567
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	22	4.821.427	4.947.403
Өтелуге жататын ҚҚС		30.360	16.760
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		50.954	52.982
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		4.192	3.713
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	25	94.334	129.857
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		23.217	10.672
Ұзақ мерзімді банк салымдары	21	63.891	59.229
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	33	65.829	41.598
		13.505.675	13.519.627
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар	23	376.444	310.764
Сауда дебиторлық берешек	24	561.258	519.884
Өтелуге жататын ҚҚС		60.523	42.762
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	33	33.051	36.167
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	24	157.257	109.173
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	25	125.569	119.874
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	24	74.870	57.057
Қысқа мерзімді банк салымдары	21	997.012	1.178.138
Ақша қаражаты мен оның баламалары	26	1.050.873	763.185
		3.436.857	3.136.804
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		180	459
		3.437.037	3.137.263
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>16.942.712</b>	<b>16.656.890</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы	2022 жылғы (қайта есептелген)*
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	27	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		1.142	1.142
Басқа да капитал		(910)	(1.759)
Есептік валютасын қайта есептеу резерві		4.090.281	4.209.612
Бөлінбеген пайда		5.486.747	4.803.431
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын</b>		<b>10.493.801</b>	<b>9.928.967</b>
<b>Бақыланбайтын қатысу үлесі</b>	27	<b>(99.404)</b>	<b>(61.541)</b>
<b>Капитал жиыны</b>		<b>10.394.397</b>	<b>9.867.426</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	28	3.365.736	3.784.897
Жалдау бойынша міндеттемелер	29	87.880	65.872
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	31	18.743	15.080
Резервтер	30	306.219	210.765
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		70.975	66.097
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	31	37.777	41.548
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	33	1.126.767	999.010
		5.014.097	5.183.269
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Сауда кредиторлық берешек	31	663.930	565.092
Қарыздар	28	391.358	369.489
Жалдау бойынша міндеттемелер	29	17.400	15.682
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	31	145.953	283.820
Резервтер	30	33.576	58.779
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		5.703	4.969
Төленуге жататын табыс салығы	33	28.285	66.648
Төленуге жататын басқа да салықтар	32	116.500	148.497
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	31	131.513	93.219
		1.534.218	1.606.195
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>6.548.315</b>	<b>6.789.464</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>16.942.712</b>	<b>16.656.890</b>
<b>Бір акцияның баланстық құны** - мың теңгемен</b>	27	<b>15,603</b>	<b>14,668</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 7-ескертеде келтірілген.

\*\* 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды. Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жаппайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетілгенді.

Басқарма Төрағасының орынбасары



Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

И.И.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

### АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы	2022 жылғы (қайта есептелген)*
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		1.194.809	1.798.937
<b>Түзетулер</b>			
Тозу, тауысылу және амортизация	37	601.204	506.900
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының құнсыздануы	16	230.580	19.917
Еншілес ұйымды сатудан түскен пайда	5	(186.225)	-
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян	12	(69)	121.539
Қаржылық кіріс	17	(147.245)	(120.603)
Қаржылық шығындар	17	322.073	308.055
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		90	-
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	10	(534.177)	(991.310)
Резерватердегі өзгеріс		(6.158)	78.603
Оң бағамдық айырма, нетто		(29.107)	(34.290)
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару		4.646	4.236
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто		501	2.623
Өтелуге жататын ҚҚС-тың қалпына келтірілуі	15	(282)	(1.942)
Қаржылық көпідіктерде өзгерістер		344	122
Есепке алынбаған ҚҚС	15	5.811	2.582
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстардың құнсыздану резерві		20.320	-
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да активтер бойынша күтілетін несиелік зиян резерві	15	9.125	2.758
<b>Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда</b>		<b>1.486.240</b>	<b>1.698.127</b>
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		(37.306)	(14.118)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		(76.763)	(115.725)
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		4.640	32.933
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		78.727	(110.086)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		(127.565)	(58.183)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		<b>1.327.973</b>	<b>1.432.948</b>
<b>Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер</b>	22	<b>619.826</b>	<b>462.309</b>
Табыс салығын төлеу		(147.166)	(144.015)
Алынған пайыздар		123.389	49.487
Төленген пайыздар	28, 29	(256.408)	(233.418)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>1.667.614</b>	<b>1.567.311</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

### АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы	2022 жылғы (қайта есептелген)*
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Банк салымдарын орналастыру		(1.460.352)	(1.698.647)
Банк салымдарын қайтару		1.614.940	1.138.294
Алынған ақша қаражатын шегере отырып, еншілес ұйымдарды сатып алу	6, 7	(156.388)	(1.198.317)
Еншілес ұйымды сатып алуға байланысты өтемақы төлеу	7	(163.770)	-
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(683.439)	(451.476)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		3.317	2.219
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес ұйымның шығуынан ақша қаражатының түсуі	5	94.624	-
Шыққан еншілес ұйымдардың ақша қаражаты		-	(4.137)
Иелік ету үлесін өзгертілген бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	22	(20.117)	(15.398)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	34	(44.672)	(42.018)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	34	35.963	38.190
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(7.063)	-
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		289	116
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	34	451.598	17.000
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	34	(425.263)	(87.000)
Басқалары		687	(1.138)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(759.636)</b>	<b>(2.302.310)</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағындары</b>			
Қарыздардың түсуі	28	385.304	985.714
Қарыздарды өтеу	28	(666.232)	(224.327)
Акционерлерге төленген дивидендтер	27	(300.002)	(199.997)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	27	(1.572)	(1.975)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	27	(120)	(266.069)
Байланысты тараптан болған салымдар	27	14.155	7.064
Жалдау міндеттемесі бойынша негізгі борышты өтеу	29	(26.933)	(19.709)
Сақтандыру сыйлықақысын қайтару	28	-	7.370
Акционерлерге өзге де бөлу	27	(8.962)	-
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(604.362)</b>	<b>288.071</b>
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына өсері		(15.942)	65.755
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		14	114
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		287.688	(381.059)
<b>Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>763.185</b>	<b>1.144.244</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>1.050.873</b>	<b>763.185</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 7-ескертеде келтірілген.

#### Ақшадай емес операциялар

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы негізгі құралдарды сатып алу үшін кредиторлық берешек 69.734 миллион теңгеге ұлғайды (2022 жыл: 81.471 миллион теңгеге ұлғаю).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына көрсеткен қаржылай көмек 91.175 миллион теңге мөлшеріндегі «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 49,50% сатып алғаны үшін берешекпен, 816 миллион теңге мөлшеріндегі «Силлено» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 49,9% сатып алғаны үшін берешекпен және 424.587 миллион теңге мөлшеріндегі Опционды орындағаны үшін (Қашағанды сатып алу) берешектің бір бөлімін өзара есеп айырысу арқылы толығымен өтелді (7, 25 және 34-ескертелер).

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



Д.А. Арысова

А.С. Есбергенова

9-89 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады



«ҚазМунайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны			
2021 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	10.113	3.738.581	5.438.328	10.104.705	(89.282)	10.015.423	
Бір жылғы таза пайда (қайта есептелген)*	-	-	-	-	1.278.359	1.278.359	28.201	1.306.560	
Басқа да жиынтық кіріс/зиян (қайта есептелген)*	-	-	(11.872)	471.031	8.133	467.292	1.453	468.745	
Жиынтық (зиян)кіріс жиыны (қайта есептелген)*	-	-	(11.872)	471.031	1.286.492	1.745.651	29.654	1.775.305	
Дивидендтер (27-ескертіле)	-	-	-	-	(199.997)	(199.997)	(2.296)	(202.293)	
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (27-ескертіле)	-	-	-	-	(273.870)	(273.870)	-	(273.870)	
Бюджеттік қаржыларды сатып алу (7, 8 және 27-ескертілелер)	-	-	-	-	(63.634)	(63.634)	-	(63.634)	
Жалпы бақылаудағы KMG Kashagan B.V. сатып алу (7-ескертіле)	-	-	-	-	(1.777.076)	(1.777.076)	-	(1.777.076)	
Самұрық-Қазынамен операциялар (27-ескертіле)	-	-	-	-	385.997	385.997	-	385.997	
Байланысты тараптан болған салымдар (27-ескертіле)*	-	-	-	-	9.960	9.960	-	9.960	
Еншілес компанияның капиталына жарна	-	-	-	-	-	-	383	383	
Өзге баулулар	-	-	-	-	(2.769)	(2.769)	-	(2.769)	
2022 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	(1.759)	4.209.612	4.803.431	9.928.967	(61.541)	9.867.426	

\* Осы жылдарда келтірілген кейбір сандар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігімен сандарға сәйкес келмейді, өйткені жиынтық түзетіндерді көрсетеді, олар тұрағы ақпарат 7-ескертілде келтірілген.

9-80 бет аралығындағы осы есептіліктің осы шотындағы қаржылық есептіліктің ашық және бөлігі болмауына жауапты.

«ҚазМунайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны		
2022 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	(1.759)	4.209.612	4.803.431	9.928.967	(61.541)	9.867.426
Бір жылғы таза пайда / (зиян)	-	-	-	-	960.483	960.483	(36.022)	924.461
Басқа да жиынтық кіріс/ (зиян)	-	-	849	(119.331)	976	(117.506)	(341)	(117.647)
Жиынтық кіріс/ (зиян) жиыны	-	-	849	(119.331)	961.459	842.977	(36.363)	805.614
Дивидендтер (27-ескертіле)	-	-	-	-	(300.002)	(300.002)	(1.500)	(301.502)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (27-ескертіле)	-	-	-	-	(120)	(120)	-	(120)
Басқа да операциялар (27-ескертіле)	-	-	-	-	(17.925)	(17.925)	-	(17.925)
Жалпы бақылаудағы «Полимер продакшн» ЖШС-ті сатып алу (7-ескертіле)	-	-	-	-	(1.520)	(1.520)	-	(1.520)
Самұрық-Қазынамен операциялар (27-ескертіле)	-	-	-	-	26.597	26.597	-	26.597
Байланысты тараптан болған салымдар (27-ескертіле)	-	-	-	-	14.827	14.827	-	14.827
2023 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	(910)	4.090.281	5.486.747	10.493.801	(99.404)	10.394.397

\* Осы жылдарда келтірілген кейбір сандар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігімен сандарға сәйкес келмейді, өйткені жиынтық түзетіндерді көрсетеді, олар тұрағы ақпарат 7-ескертілде келтірілген.

Басқарма Төрағасының орынбасары

Бас бухгалтер



И.А. Арисбаев

А.С. Есберзенова

9-80 бет аралығындағы осы есептіліктің осы шотындағы қаржылық есептіліктің ашық және бөлігі болмауына жауапты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ немесе Бас компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Самұрық-Қазына) құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҰР ҰБ) Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3,00%-ы Astana International Exchange (бұдан әрі – АІХ) және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады.

2023 жылғы 22 желтоқсанда «Самұрық-Қазына»-ға тиесілі Компания акцияларының 20,00%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына берілді.

2023 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 61 операциялық компанияда (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 59) қатысу үлесі болды (бірлесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескерпне).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2024 жылғы 12 наурызда шығаруға бекітті.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы күн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

**Сәйкестілік туралы мәлімдеме**

Топтың бұл шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХКЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХКЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескерпнеде* ашылған.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Сәйкестілік туралы мәлімдеме (жалғасы)**

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Басшылықтың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

**Шетел валютасын қайта есептеу***Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - функционалдық валюта). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - теңге) білдірілген.

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ күн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтінә жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

*Топқа кіретін компаниялар*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) қызметінің нәтижелері мен қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Валюталарды айырбастау бағамдары*

KASE-де белгіленген орташа есептелген валютаны айырбастау бағамы ҚР ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады. KASE-нің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454,56 теңгені құрады. Бұл бағам 2023 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңге). KASE-нің 2024 жылғы 12 наурыздағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 449,30 теңгені құрады. 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Топта 25.222 миллион теңге мөлшерінде нетто, оң бағамдық айырма қалыптасты.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ****Есеп саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашып көрсету қағидаттары*****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер***

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2023 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2023 жылы қолданыла, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Топ тек Топ үшін жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

***17 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»***

2017 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХКЕС (IFRS) 2005 жылы шығарылған «Сақтандыру шарттары» 4 ХКЕС-ті (IFRS) ауыстырады. 17 ХКЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХКЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Бұрын қолданылған жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХКЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХКЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың кешенді моделін ұсынып, есепке алудың барлық маңызды аспектілерді қамтиды. 17 ХКЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

Бұл стандарт Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

***«Бухгалтерлік бағалауды анықтау» - 8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер***

8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен бірге, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағаларды әзірлеу үшін өлшеу әдістерін және бастапқы деректерді қалайша пайдаланатындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)*****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)***

*«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» – 1 ХКЕС-ке (IAS) және ХКЕС бойынша № 2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер*

1 ХКЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХКЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету кезінде маңыздылық туралы пайымдауды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдарды қамтиды. Түзетулер ұйымдарға ұйымдардың есеп саясатының «елеулі ережелерін» ашып көрсетуі туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашып көрсету туралы талапқа ауыстыру есебінен, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсетуі туралы шешімдерді қабылдау кезінде маңыздылық ұғымын қалайша қолдануы тиіс екендігіне қатысты нұсқаулықты қосу есебінен есеп саясаты туралы барынша пайдалы ақпаратты ашып көрсетуге көмектесуі тиіс.

Бұл түзетулер Топтың есеп саясаты туралы ақпаратты ашуына әсер етті, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі кез келген баптарды бағалауға, тануға немесе ұсынуға әсер етпеді.

*«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» - 12 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер*

*«Пайдаға салынатын салықтар» 12 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер бастапқы тануға қатысты алып тастауды қолдану аясын тарылтады, осылайша ол бұдан былай салық салынатын және шегерілетін уақыт айырмаларының тең болуына әкелетін операцияларға қолданылмайды, мысалы, объектілерді жалға алу немесе пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер жағдайында.*

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

***Халықаралық салық реформасы - Pillar II типтік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер***

12 ХКЕС-ке (IAS) осы түзетулер ӘЫДҰ BEPS жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:

- Заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашып көрсетуден міндетті түрде уақытша босатуды; және
- Жаңа заңнамаға жататын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II типтік ережелеріне сәйкес, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Топ халықаралық компаниялар тобы болып табылатын Самұрық-Қазына тобының бөлігі болып табылады, оның кірісінің мөлшері халықаралық топтың есепті қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес тиісті қаржы жылы үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамын қолдана отырып, 750 миллион еуроға баламалы сомандан кем болмайтын соманы құрайды.

Самұрық-Қазына халықаралық топтың бас компаниясы болып табылады. Халықаралық топ мүшелері келесі юрисдикцияларда білдірілген, онда Pillar II типтік ережелері заңнамалық деңгейде қабылданған (немесе негізінен қабылданған) және 2024 жылдан бастап және одан кейін күшіне енеді: Болгария Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Нидерландтар Корольдігі, Румыния, Швейцария Конфедерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі.

Топ заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін танудан және ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданды.

Топ заңнамалық деңгейде Pillar II типтік ережелерін енгізуге байланысты әлеуетті әсерді бағалау процесінде. Жүргізілетін бағалау қол жетімді соңғы салық есептеріне, 2022 жылғы еларалық есептілікке, сондай-ақ 2023 жылғы оперативтік қаржылық ақпаратқа негізделеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)***Халықаралық салық реформасы - Pillar II типтік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (жалғасы)*

Жүргізілген бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, Топ Швейцария Конфедерациясы мен Нидерландтар Корольдігінің юрисдикциялары бар кейбір компаниялар алған Pillar II типтік ережелері бойынша пайдаға салынатын табыс салығына байланысты әлеуетті тәуекелді анықтады, мұнда тиімді табыс салығының мөлшерлемесі 15%-дан төмен болды. Топ осы юрисдикциялардағы Pillar II типтік ережелері бойынша табыс салығы бойынша айтарлықтай тәуекелді күтпейді. Бұл ретте, Топ бағалау процесіндегі басқа юрисдикцияларда осындай тәуекелдің болу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қазіргі уақытта сәйкестендірілмеген және ақылға қонымды бағалауға жатпайтын Pillar II типтік ережелері бойынша табыс салығы бойынша әлеуетті тәуекелді бағалау процесінде. Топ бағалау жұмысын жалғастыруда және бағалауды 2024 жылы аяқтауды жоспарлап отыр.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС-ке (IAS) және «Қаржы құралдары: Ақпаратты ашып көрсету: Өнім берушілерді қаржыландыру тетіктері» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер (2023 жылғы 25 мамырда шығарылған);
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Қаржылық есептілікті ұсыну»: міндеттемелерді ағымдағы немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылған), міндеттемелерді ағымдағы немесе ұзақ мерзімді деп жіктеудің күшіне ену күнін кейінге қалдыру (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған), ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер (2022 жылғы 31 қазанда шығарылған);
- «Сату және кері жалдау кезіндегі жалдау міндеттемелері» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер (2022 жылғы 22 қыркүйекте шығарылды);
- «Валюта бағамдары өзгеруінің салдары: айырбастау мүмкіндігінің болмауы» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2023 жылғы 15 тамызда шығарылған).

Түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

**Шоғырландыру негізі**

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, егер Топтың: инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қатысуынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлеміне ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестициялау объектісін бақылайды.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сондай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

**Еншілес ұйымдар**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

Маңызды ұйымдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі	
			2023 жыл	2022 жыл
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі - ҚМГ БӨ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>99,72%</b>	99,72%
«ҚазМұнайТеніз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>100,00%</b>	100,00%
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>100,00%</b>	100,00%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	<b>100,00%</b>	100,00%
KMG Кашаган В.В. (7-ескермпе)	Барлау және өндіру	Нидерландтар	<b>100,00%</b>	100,00%
Dunga Operating GmbH (6-ескермпе)	Өндіру	Қазақстан	<b>100,00%</b>	—
«ҚазТрансОйл» АҚ	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	<b>90,00%</b>	90,00%
«ҚазақТенізКөлікФлоты» ЖШС	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	<b>100,00%</b>	100,00%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	<b>100,00%</b>	100,00%
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	<b>99,53%</b>	99,53%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (бұдан әрі - ПМХЗ)	Қайта өңдеу	Қазақстан	<b>100,00%</b>	100,00%
KMG International N.V. (бұдан әрі - КМГИ)	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	<b>100,00%</b>	100,00%
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	<b>100,00%</b>	100,00%

**Бизнесті біріктіру және гудвил**

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Бизнесі біріктіру және гудвил (жалғасы)**

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесі біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесі біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шеңберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнының негізінде бағаланады.

*Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу*

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашы бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

*Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу*

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Топтың жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы Топтың үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар**

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің басқа да жиынтық кірісіндегі өзгерістер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындардың немесе қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залал бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесінің мөлшерінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі және салық салынғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды және бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда қаржылық есептілік есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті дәлелдерінің болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және сатудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

**Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар***Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар*

Лицензияларды сатып алғанға дейін болған шығындар, ҚР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындарды қоспағанда, олар орын алған кезеңдегі шығыстарға жатады. Мұндай жағдайларда болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады.

*Жер қойнауын пайдалану құқықтарын және мүлікті сатып алу шығындары*

Жер қойнауын барлау әрі өндіру құқықтары және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындар барлау әрі бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және кен орындардың бөлігінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

**Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар (жалғасы)**

*Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар*

Барлауға арналған заңды құқық сатып алынғаннан кейін, сәтсіз пайдаланылатын немесе жиектелетін ұнғымаларды қоса алғанда, геологиялық әрі геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау және бағалау ұнғымаларымен тікелей байланысты шығындар ұнғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталғанға дейін және нәтижелер бағаланғанға дейін шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталдандырылады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, қызметті одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұнғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Көмірсутектердің дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар, тиісті шығыстар құнсыздану тестісінен кейін және құнсыздану залалы, егер ондай болса, танылғаннан кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

*Әзірлеу шығындары*

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірлеу ұнғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында капиталданады.

**Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар**

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен пайдалы қызмет етудің орта мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары былайша кіреді:

МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимараттар мен құрылысжайлар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
<b>Жер</b>	<b>Амортизацияланбайды</b>

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезендерде ескеріліп отырады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

**Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар (жалғасы)**

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру ұнғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге табиғи газды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвилді сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвилді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің күтілетін қалған мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажет болғанда келесі кезендерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвилдің құнсызданудан болған залалды болашақ кезендерде қалпына келтіру мүмкін емес.

**Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы**

Барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ ұйымы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ ұйымы белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Жеткілікті деректер белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейтіндігін көрсетеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)**

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды қайта монтаждау мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконтталған ақша ағындарының негізінде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ тиісті негізгі құрал танылған резервтің мөлшеріне баламалы сомада танылады. Соның салдарынан, бұл актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндіріске және тасымалдауға капиталдандырылған шығындардың бір бөлігі ретінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

- (а) Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
- (б) Активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып түсу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және
- (в) Егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

**Қаржы активтері*****Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелуі және бағалануы үшін ол өтелмеген негізгі сомаға «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPP1) есебінен төлемдер ғана» білдіретін ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтыруы тиіс. Мұндай бағалау SPP1-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

***Кейінгі бағалау***

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері болмады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)*****Тануды тоқтату***

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несиелік зиянның (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық КНЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты зиянды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін КНЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін КНЗ тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік залалдың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

**Жалдау**

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

***Топ жалға алушы ретінде***

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Жалдау (жалғасы)

#### *Топ жалға алушы ретінде (жалғасы)*

#### *Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Топқа өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану мәніне тексеріледі.

#### *Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционның орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционның әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайлардан басқа) танылады. Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Топ түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалға, мұндай төлемдерді айқындау үшін пайдаланылатын индекснің немесе мөлшерлеменің өзгеруімен негізделген келешек төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды. Топ жалдау бойынша міндеттемелерді «Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер» құрамында көрсетеді.

#### **Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

#### **Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Қаржылық міндеттемелер

#### *Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиелер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиелер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

#### *Сауда және басқа да кредиторлық берешек*

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

#### *Несиелер мен қарыздар*

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындалған қаржы міндеттемелері жоқ.

#### *Қаржылық кепілдік шарттары*

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары ұстаушы шеккен залалды өтеу үшін төлем жасауды талап ететін шарттарды білдіреді, өйткені аталған борышкер борыштық құралдың талаптарына сәйкес төлемді мерзімінде жасамады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген күтілетін несиелік зиянның бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегере отырып танылған сома.

#### **Таза инвестицияларды хеджирлеу**

Туынды құрал немесе туынды емес қаржылық міндеттеме шетелдік бөлімшеге таза инвестицияны хеджирлеу құралы ретінде пайдаланылған кезде, туынды құралдың әділ құнының өзгеруінің тиімді бөлігі немесе туынды емес құралдың бағамдық айырмасынан түсетін кірістер мен залал басқа жиынтық кірістің құрамында шетел валютасын қайта есептеу ретінде танылады. Туынды құралдың әділ құнының өзгеруінің тиімсіз бөлігі немесе туынды емес құралдың бағамдық айырмасынан түсетін кірістер мен залал пайда немесе зиян құрамында танылады. Басқа жиынтық кірістің құрамында танылған сомалар ретроспективті түрде түзету ретінде пайда немесе зиян құрамына толық немесе ішінара қайта жіктеледі.

#### **Резервтер**

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтердің өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Резервтер (жалғасы)***Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер*

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері ретінде болатындықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге басқа да бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

**Жұмыскерлерге төлемдер***Зейнетақы жоспары*

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша туындайтын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

*Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар*

Топ өз қызметкерлеріне Топ ұйымдары мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді және басқасын көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастырумен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зиян пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

**Түсімді мойындау**

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе қалай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды ішкі нарықта сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, ҚР шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Түсімді мойындау (жалғасы)**

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Топ, негізінен, түсімді келесі түрлер бойынша мойындайды:

*Мұнайды және мұнай өнімдерін сату*

Мұнайды және мұнай өнімдерін сатудан түскен кірістер тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр.

*Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету*

Тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер есепті кезеңде тасымалданған мұнайдың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде танылады.

*Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтерін көрсету*

Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуден түскен кірістер, егер Топтың экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынған жағдайда, мойындалады.

*Пайыздық кіріс пен шығыс*

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

*Шарттық міндеттемелер*

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасы күтіледі) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

**Табыс салығы**

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы корпоративтік табыс салығы, баламалы үстеме пайда салығы және кейінге қалдырылған салық кіреді. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Баламалы үстеме пайда салығы («БҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты БҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. БҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. БҮПС жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (БҮПС пен рұқсат етілген түзетулер үшін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолланылалы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салық КТС, сол сияқты БҰПС үшін де есептеледі. Кейінге қалдырылған БҰПС келісімшарт бойынша төленуге жататын БҰПС-тің күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың ағымдағы құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік максаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша айқындалады.

**Капитал***Бақыланбайтын қатысу үлесі*

Бақыланбайтын қатысу үлестері бастапқыда сатып алу күніне сәйкестендірілетін таза активтердің үлесіне пропорционалды етіп танылады.

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

*Дивидендтер*

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

**Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар**

Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің болуын бағалады және құнсыздану белгілері анықталған жерде Топ құнсыздануға тест өткізді.

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бааланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 11,60%-дан бастап 16,60%-ға дейін құбылып отырды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар (жалғасы)**

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2023 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	<b>2024</b>	<b>2025</b>	<b>2026</b>	<b>2027</b>	<b>2028</b>
Brent маркалы мұнай (ICE Brent \$/баррель)	84,60	83,00	78,00	73,00	74,47

2023 жылы «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде құнсыздану шығыстары 130.502 миллион теңгені құрады, олар негізінен «Ақтоты және Қайран» жобасы бойынша 74.255 миллион теңге мөлшерінде және «Жеңіс» жобасы бойынша 40.244 миллион теңге мөлшерінде барлау және бағалау жөніндегі активтерге жатады (2022 жылғы 31 желтоқсан: «Оңтүстік Өріктау» жобасы бойынша 8.895 миллион теңге және «Исатай» жобасы бойынша 3.172 миллион теңге).

2023 жылы «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу» сегментінде құнсыздану шығыстары 100.809 миллион теңге болды. Құнсыздану шығыстары, негізінен, 97.636 миллион теңге мөлшерінде (2022 жылғы 31 желтоқсан: құнсызданудан болған шығын танылған жоқ) АҚБ КМГИ-ге жатады.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің өтелетін құнының баланстық құнынан асуы бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелеу тәуекелі бар.

**Мұнай және газ қорлары**

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жоқтанды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар туралы ақпарат 16-есепшілікте ашып көрсетілген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі**

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландыратын жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнның ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

**Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚГБ**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және КМГИ бөлімшелерінің құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. КМГИ АҚГБ құнсыздануына жасалған талдау туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат *16-ескерпнеде* баяндалған.

**Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ПМХЗ-ды сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар (*20-ескерпне*). 2023 және 2022 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Өтелетін құнды бағалау кезінде маркетингтік схеманы қолдану арқылы анықталған сату шығындарын шегергендегі әділ құн есептелді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2023 жылы 16,02% (2022: 12,86%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2032 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2024-2028 жылдарға (2022: 2023-2027 жылдар) бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

**Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық**

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1,0%-дан 17,02%-ға дейін артуы (2022: 13,86%) және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

**Басқа да АҚГБ**

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар «*Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу*» АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер***Мұнай-газ активтері*

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта монтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұнғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды қайта монтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұнғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісімшарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама пайымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

*Мұнай-газ активтері (жалғасы)*

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұнғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2023 жылғы 31 желтоқсанда 2,03%-дан 14,54%-ға дейін және тиісінше 6,20%-дан 11,37%-ға дейінгі аралықта болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 2,09%-дан 15,05%-ға дейін және 6,42%-дан 12,38%-ға дейін). 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 123.785 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 88.207 миллион теңге) (*30-ескерпне*).

*Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары*

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген *«Магистральдық құбыр туралы»* ҚР Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО) пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 45.649 миллион теңге құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 40.665 миллион теңге) (*30-ескерпне*).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Экологиялық оналту**

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап заңды күшіне енген ҚР Экологиялық кодексіне түзетулерге сәйкес Басшылық Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ықтимал міндеттемелер бар деп санайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік шығарылған күні Топ өзгерістерге талдау жүргізді және активтердің шығуына және жерді қалпына келтіруге байланысты қосымша әлеуетті міндеттемелердің сомасын бағалады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ резервінің баланстық құны 39.271 миллион теңгені құрады, бұл болашақ ақша ағындарының келтірілген құнына тең (36-ескертіпте).

Топ жағдайды қадағалап отыруды жалғастырады және жаңа фактілер мен мән-жайларды, сондай-ақ ҚР Экологиялық кодексіні қолдануға қатысты мемлекеттік орган ұсынған кез келген түсініктемелерді ескеретін болады.

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оналтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оналту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2024 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оналту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оналтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 30-ескертіпте ашылып көрсетілген.

**Қызметкерлерге сыйақылар**

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

**Салық салу**

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Топ даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер 30-ескертіпте ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шартты міндеттемелер 36-ескертіпте ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (33 және 36-ескертіпелер).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі**

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі 35-ескертіпте ашылған.

**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ****«KALAMKAS-KHAZAR OPERATING» ЖШС (бұдан – ККО)**

2023 жылғы 9 ақпанда Компания мен «Лукойл» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын Компанияның еншілес ұйымы ККО-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. 2023 жылғы 11 қыркүйекте тараптар сатып алу-сату шартында көзделген кейінге қалдыру талаптарын орындағаннан кейін ККО-ны қайта тіркеу жүргізілді. Мәміленің нәтижесінде Топ ККО бақылауды жоғалтты.

Қатысу үлесінің 50%-ын сату құны 200 миллион АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымның шығу күніне баламасы 93.258 миллион теңге). Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сату құны белгілі бір талаптар орындалған жағдайда 100 миллион АҚШ долларына түзетілуі мүмкін (бұдан әрі – Қосымша сыйақы). Топ бұл Қосымша сыйақыны 29 миллион АҚШ доллары (баламасы 14.154 миллион теңге) мөлшерінде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активі ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құрамында таныды.

2023 жылғы 21 қыркүйекте «Лукойл» ЖАҚ 200 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күніне баламасы 94.644 миллион теңге) ақшалай сыйақыны төледі.

Бұрынғы еншілес компанияда қалған инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестицияны білдіреді және оның әділ құны 93.258 миллион теңгені құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жоғалту күніне дейінгі кезеңдегі ККО нәтижелері келесідей болды:

	2023 жылғы 1 қаңтар - 2023 жылғы 11 қыркүйек
<i>Миллион теңгемен</i>	
Қаржылық кіріс	7
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(108)
Қаржылық шығындар	(33)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(98)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(1)
<b>Кезеңдегі зиян</b>	<b>(233)</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)**

«KALAMKAS-KHAZAR OPERATING» ЖШС (бұдан әрі – ККО) (жалғасы)

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жоғалту күніне дейінгі кезеңдегі ККО таза ақша ағындары келесідей болды:

Миллион теңгемен	2023 жылғы 1 қаңтар - 2023 жылғы 11 қыркүйек
Операциялық	(102)
Инвестициялық	(16.937)
Қаржылық	17.059
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі</b>	<b>20</b>

Бақылаудан айырылу күніне ККО-ның таза активтері былайша болды:

Миллион теңгемен	Бақылаудан айырылу күніне таза активтер
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар (18-ескертілме)	5.185
Барлау және бағалау активтері (19-ескертілме)	14.678
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20
Өзге де активтер	626
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>20.509</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Алынған қарыздар	2.511
Сауда кредиторлық берешек	3.548
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	5
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>6.064</b>
<b>Есептен шығару тобымен тікелей байланысты таза активтер</b>	<b>14.445</b>
Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы	93.258
Еншілес ұйым шыққан күнгі қосымша сыйақының әділ құны	14.154
Бірлескен кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың 50% әділ құны (22-ескертілме)*	93.258
<b>Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс</b>	<b>186.225</b>

\* Топ ККО-ның сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құнындағы тиісті үлестегі бірлескен кәсіпорынға инвестицияның 50%-ын мойындады.

«PSA» ЖШС (бұдан әрі - PSA)

2022 жылғы 20 желтоқсанда Компания «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының пайдасына PSA-ға қатысу үлесінің 100% -ын 1 теңгеге берді. Нәтижесінде Топ PSA бақылауды жоғалтты.

2022 жылғы 20 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі PSA нәтижелері былайша болды:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 1 қаңтар - 2022 жылғы 20 желтоқсан
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(8.950)
Қаржылық шығындар	(58)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(39)
<b>Кезеңдегі зиян</b>	<b>(9.047)</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)**

«PSA» ЖШС (бұдан әрі - PSA) (жалғасы)

2022 жылғы 20 желтоқсанда аяқталған кезең үшін PSA-ның таза ақша ағындары былайша болды:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 1 қаңтар - 2022 жылғы 20 желтоқсан
Операциялық	(7.702)
Инвестициялық	(28)
Қаржылық	11.871
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі</b>	<b>4.108</b>

Бақылаудан айырылу күніне PSA-ның таза активтері былайша болды:

Миллион теңгемен	Бақылаудан айырылу күніне таза активтер
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	36
Материалдық емес активтер	64
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	255
Өтелуге жататын ҚҚС	12
Басқа да қысқа мерзімді активтер	109
Ақша қаражаты мен оның баламалары	4.137
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>4.613</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Жалдау бойынша міндеттемелер	286
Сауда кредиторлық берешек	1.736
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	709
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>2.731</b>
<b>Есептен шығару тобымен тікелей байланысты таза активтер</b>	<b>1.882</b>

PSA-ның берілуі Самұрық-Қазына тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылды. Тиісінше, бақылауды жоғалту күніндегі PSA таза активтерін сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде ескерілді және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Өзге де үлестірулер» жолы бойынша ұсынылды.

**6. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ****Dunga Operating GmbH сатып алу**

2023 жылғы 9 қазанда ҚМГ TOTALENERGIES EP DANMARK A/S компаниясымен шикі мұнай мен табиғи газды барлау және өндірумен айналысатын Total E&amp;P dunga GmbH (2023 жылғы желтоқсанда Dunga Operating GmbH деп өзгертілген) акцияларының 100% сатып алу-сату шартына қол қойды. Сатып алу бағасы 358,5 миллион АҚШ доллары болды (баламасы 165.913 миллион теңге). Келісімде тараптар 2023 жылғы 30 қазанда және 2023 жылғы 20 қарашада орындаған жабудың белгілі бір прецеденттік шарттары қамтылды, ҚМГ акциялары қайта тіркелгеннен кейін мәміле аяқталды. ҚМГ еншілес ұйым Dunga Operating GmbH-ті бақылауға алды, бұл ҚР нарығында шикі мұнай мен табиғи газдың ресурстық базасындағы және өндірудегі ҚМГ үлесін арттырды.

Топ Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын берілген өтемің әділ құнына 358,5 миллион АҚШ доллары (баламасы 165.913 миллион теңге) мөлшерінде алдын ала құн бойынша бағалады. Бизнесі біріктірудің бастапқы есепке алынуы аяқталған жоқ. «Бизнесі біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес негізгі құралдарды бағалау сатып алынған күннен бастап 12 ай ішінде аяқталады және ескеріледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****6. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)*****Dunga Operating GmbH сатып алу (жалғасы)***

Төменде сатып алу күніне *Dunga Operating GmbH* сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің алдын ала әділ құны туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Сатып алу күніне</b>
<b>Активтер</b>	
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>	
Негізгі құралдар (18-ескертіле)	192.313
Материалдық емес активтер (20-ескертіле)	7.005
Ұзақ мерзімді банк салымдары	5.413
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>	
Тауар-материалдық қорлар	6.607
Сауда дебиторлық берешек	9.426
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	2.316
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	7.792
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	58
Ақша қаражаты мен оның баламалары	7.961
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>238.891</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>	
Резервтер (30-ескертіле)	4.346
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер (33-ескертіле)	55.196
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>	
Сауда кредиторлық берешек	11.881
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	1.555
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>72.978</b>
<b>Алдын ала әділ құны бойынша таза активтердің жиыны</b>	<b>165.913</b>
<b>Төлем көзінен ұсталатын салықты қоса алғанда, сатып алу құны</b>	<b>165.913</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте *Dunga Operating GmbH*-ның қызметі «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде көрсетілген.

Сатып алу күніне сауда дебиторлық берешектің әділ құны 9.426 миллион теңгені құрайды, бұл сауда дебиторлық берешектің жалпы сомасы болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша сомалар толық көлемде алынуы мүмкін деп күтілуде.

**7. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ****Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымды сатып алу*****«Полимер Продакшн» ЖШС (бұдан әрі - Полимер)***

2023 жылғы желтоқсанда Компания Самұрық-Қазына еншілес ұйымынан, «Samruk-Kazyna Ondev» ЖШС-нен (бұдан әрі - СҚО) және үшінші тараптан, «ХимПарк Тараз» МЭЗ БК» АҚ-нан, 1.520 миллион теңгеге Полимерге қатысу үлесінің 99,9% және 0,1% -ын сатып алды, ол 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлі төленбеген.

Топ Полимерді бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген Полимер активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы салыстырмалы шоғырландырылған есеп, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ 2022 жылғы 31 желтоқсанда активтер мен міндеттемелердің жиыны туралы шоғырландырылған есеп.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****7. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ (жалғасы)****Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымдарды сатып алу (жалғасы)*****«Полимер Продакшн» ЖШС (бұдан әрі - Полимер) (жалғасы)***

Полимердің сатып алынуын ескере отырып, салыстырмалы деректерге әсері төменде келтіріледі:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>
<b>Қаржылық жағдайға әсері:</b>	
<b>Активтердің өсуі</b>	
<b>Ұзақ мерзімді активтердің өсуі</b>	
Негізгі құралдардың өсуі	4.164
Материалдық емес активтердің өсуі	8
	<b>4.172</b>
<b>Қысқа мерзімді активтердің өсуі</b>	
Тауар-материалдық қорлардың өсуі	1.339
Сауда дебиторлық берешектің өсуі	147
Өтелуге жататын ҚҚС өсуі	65
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің өсуі	36
Ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюы	368
	<b>1.955</b>
<b>Активтер жиынының өсуі</b>	<b>6.127</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелердің өсуі</b>	
Алынған қарыздарды ұлғайту	9.006
Резервтердің өсуі	44
	<b>9.050</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуі</b>	
Сауда кредиторлық берешектің өсуі	186
Алынған қарыздарды ұлғайту	2.046
Резервтердің өсуі	672
Төленуге жататын басқа да салықтардың өсуі	20
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің өсуі	103
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелердің өсуі	74
	<b>3.101</b>
<b>Міндеттемелер жиынының өсуі</b>	<b>12.151</b>
<b>Капиталды азайту</b>	
Бөлінбеген пайданың азаюы	6.024
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын капиталдың азаюы</b>	<b>6.024</b>
<b>Капитал жиынының азаюы</b>	<b>6.024</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****7. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ (жалғасы)**

Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымдарды сатып алу (жалғасы)

«Полимер Продакшн» ЖШС (бұдан әрі - Полимер) (жалғасы)

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</b>
<b>Қызмет нәтижелеріне әсері:</b>	
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>	
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	6.697
Қаржылық кіріс	16
Басқа да операциялық кіріс	36
<b>Түсім және басқа да кірістер жиыны</b>	<b>6.749</b>
<b>Шығыстар мен шығындар</b>	
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(5.792)
Өндірістік шығыстар	(1.853)
Табыс салығынан басқа салықтар	(116)
Тозу, тауысылу және амортизация	(315)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(12)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(311)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	(7.096)
Қаржылық шығындар	(1.209)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(836)
Басқа да шығыстар	(838)
<b>Шығыстар мен шығындар жиыны</b>	<b>(18.378)</b>
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>	<b>(11.629)</b>
Табыс салығы бойынша үнемділік	870
<b>Бір жылғы залал</b>	<b>(10.759)</b>
<b>Табыс салығы шегерілген жиынтық кіріс жиыны</b>	<b>(10.759)</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда:</b>	
Бас компанияның акционерлеріне	(10.759)
	(10.759)
<b>Мыналарға келетін жиынтық кіріс жиыны:</b>	
Бас компанияның акционерлеріне	(10.759)
	(10.759)

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы таза ақша ағындарына әсері былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2022 жыл</b>
Операциялық	4
Инвестициялық	(1)
Қаржылық	318
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі</b>	<b>317</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Полимер қызметі «Басқалары» сегментінде ұсынылған.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****7. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ (жалғасы)**

Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымдарды сатып алу (жалғасы)

KMG Kashagan B.V. (бұдан әрі - Қашаған)

2015 жылғы 16 қазанда Coöperatieve KazMunaiGaz U.A. (бұдан әрі - Кооператив), Компанияның еншілес ұйымы, Қашағандағы өз акцияларының 50%-ын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде акциялардың барлық немесе ішінара пакетін сатып алу опционымен (бұдан әрі – Опцион) Самұрық-Қазынаның пайдасына сатты. Кейінірек Опционды орындау кезеңі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

2017 жылы Амстердам соты Самұрық-Қазынаға тиесілі Қашаған акцияларының 50%-на белгілі бір шектеулер (бұдан әрі - Шектеулер) қойды. Шектеулердің қолданылу кезеңінде Қашаған акциялары сатыла, беріле немесе кепілге қойыла алмады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Шектеулер күшінде қалды.

2022 жылғы 14 маусымда Амстердам соты Шектеулерді алып тастады.

2022 жылғы 14 қыркүйекте Кооператив пен Самұрық-Қазына Опциондық келісімді өзгерту және опционды орындау туралы келісімге (бұдан әрі – өзгерістермен Келісім) қол қойды, оған сәйкес Опционды орындағаны үшін өтемақы сомасы 3.781,7 миллион АҚШ долларын құрады (капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған 1.777.076 миллион теңгеге баламалы).

Компания, Самұрық-Қазына және Кооператив арасында 2022 жылғы 14 қыркүйектегі өзгерістермен Келісімде және Борышты ауыстыру және өзара есеп айырысу туралы келісімде өтемақыны төлеудің мынадай тәртібі айқындалды:

- 2.476,3 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома Компаниядан алынған қаржылық көмек бойынша Самұрық-Қазына берешегін өтеу есебінен 424.587 миллион теңге мөлшеріндегі соманың бір бөлігін кейіннен есепке алу және Компания тарапынан Компанияның облигацияларын сату қаражатынан 751.631 миллион теңге мөлшерінде қалған соманы төлеу үшін келісілген айырбастау бағамы бойынша 1 АҚШ доллары үшін 475,00 теңге мөлшерінде айырбасталуға жатады (28 және 34-ескертілелер);
- 566,7 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома мәміле аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленген; төлем күніне бағам бойынша баламасы 271.032 миллион теңге);
- 375,1 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленді; төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 175.654 миллион теңге) және 363,6 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома 2023 жылғы 30 маусымға дейін төленуге тиіс (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленді; төлем жасау күнгі бағам бойынша 163.770 миллион теңге) (31 және 34-ескертілелер).

2022 жылғы 15 қыркүйекте Топ мәмілені аяқтайтын өзгерістермен Келісімнің бірқатар заңды шарттарын орындады, Опционды орындады және Қашаған акцияларының 50%-ы Кооператив пайдасына қайта тіркелді.

Осылайша, Опционды орындау нәтижесінде Топ Қашағанды бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген Қашаған активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді.

Берілген өтемақы мен Қашағанның таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Қашағанның қызметі «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде көрсетілген.

Қашағанды сатып алу жөніндегі барынша толық ақпарат Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілді.

**«KLPE» ЖШС (бұдан әрі – KLPE)**

2022 жылғы 1 желтоқсанда Компания KLPE жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын СҚО мен Полимерден 2 теңгеге сатып алды. KLPE Қазақстанда алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салумен айналысады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****7. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ (жалғасы)****«KLPE» ЖШС (БҮДАН ӘРІ - KLPE) (жалғасы)**

Сатып алу нәтижесінде Топ KLPE-ні бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген KLPE активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді.

Берілген өтемақы мен KLPE-нің таза активтері арасындағы айырма капитал құрамында көрсетілді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте KLPE қызметі «Басқалары» сегментінде ұсынылған.

KLPE-ны сатып алу жөніндегі барынша толық ақпарат Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілді.

**Жалпы бақылаудағы бірлескен кәсіпорынды сатып алу****«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – КПИ)**

2022 жылғы 13 маусымда Самұрық-Қазына Компанияға КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50%-ын берді. Сатып алу құны 91.175 миллион теңгені құрады және Компаниядан алынған қаржылық көмек бойынша Самұрық-Қазына берешегінің бір бөлігін өтеу есебіне есептелді (25-ескертіп). КПИ «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу» инвестициялық жобаның іске асырылуымен айналысады.

КПИ-дегі қатысу үлесінің 49,50%-ы жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорынды сатып алу ретінде көрсетілді және бірлескен кәсіпорынның баланстық құны негізінде үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді. «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (бұдан әрі - СҚӨ), Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы, және Компания бірлесіп КПИ-ді бақылайды және КПИ қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

Сатып алу құны мен сатып алу күніндегі КПИ-дің сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазына пайдасына бөлу ретінде танылады және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша ұсынылған.

КПИ-ді сатып алу жөніндегі барынша толық ақпарат Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілді.

**8. БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫНДЫ САТЫП АЛУ****«PETROSUN» ЖШС (бұдан әрі – Petrosun)**

2022 жылғы 1 шілдеде ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен экономиканы, атап айтқанда жанар-жағармай материалдары нарығын монополиясыздандыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасына сәйкес Компания Petrosun жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49%-ын сатып алды, оның негізгі қызметі сұйытылған көмірсутек газы мен мұнай өнімдерін сату болып табылады. Сатып алу құны 1 теңге болды. Сатып алу құны мен Petrosun сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің 10.989 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық жоғарыда көрсетілген хаттамадағы нұсқаулықтың негізінде Самұрық-Қазынаның салымы ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша білдірілді (27-ескертіп).

Petrosun-дағы қатысу үлесінің 49%-ы «Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес үлестік қатысу әдісін қолдана отырып, бірлескен кәсіпорынды сатып алу ретінде көрсетілді. «ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ КННК ИНТЕРНАЦИОНАЛ» ЖШС (Petrosun екінші қатысушысы) және Компания Petrosun-ды бірлесіп бақылайды және Petrosun қызметі туралы шешімдерді бірауыздан қабылдайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****9. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ**

Миллион теңгемен	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)
<b>Өнім және қызмет типі</b>		
Шикі мұнай мен газды сату	4.628.125	4.593.971
Мұнай өнімдерін сату	2.848.921	3.369.860
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	248.058	204.390
Мұнайды тасымалдау қызметтері	226.142	187.533
Басқа да кірістер	368.297	337.327
	<b>8.319.543</b>	<b>8.693.081</b>
<b>Географиялық өңірлер</b>		
Қазақстан	1.454.546	1.217.280
Басқа елдер	6.864.997	7.475.801
	<b>8.319.543</b>	<b>8.693.081</b>
<b>Түсімді тану уақыты</b>		
Белгілі бір уақыт сәтінде	8.121.191	8.510.294
Кезең ішінде	198.352	182.787
	<b>8.319.543</b>	<b>8.693.081</b>

**10. БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО**

Миллион теңгемен	2023 жыл	2022 жыл
<b>Бірлескен кәсіпорындар</b>		
«Теңізшевройл» ЖШС	340.884	742.660
Petrosun	46.567	23.184
Маңғыстау Инвестмент Б.В. Тобы (ММГ)	38.255	48.486
«КазРосГаз» ЖШС	32.324	554
«ҚазГерМұнай» ЖШС	20.983	20.530
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	18.720	16.783
Valseira Holdings B.V. Group (PKOP)	17.296	21.009
«Теңіз Сервис» ЖШС	116	(6.497)
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	(1.869)	12.648
КПИ	(12.339)	(18.227)
Ural Group Limited	(47.006)	(11.470)
Басқасы	3.896	4.234
	<b>457.827</b>	<b>853.894</b>
<b>Қауымдасқан компаниялар</b>		
«Каспий Құбыр өткізу Консорциумы»	64.358	117.763
«ПетроКазахстан Инк.»	4.889	6.502
Басқалары	7.103	13.151
	<b>76.350</b>	<b>137.416</b>
	<b>534.177</b>	<b>991.310</b>

**11. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

Миллион теңгемен	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	3.402.819	3.620.699
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	687.792	765.164
Материалдар мен қорлар	416.851	421.601
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	90.108	87.644
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	24.311	65.068
	<b>4.621.881</b>	<b>4.960.176</b>



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****12. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
Жалақы бойынша шығыстар	<b>510.927</b>	434.520
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	<b>212.500</b>	190.592
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян (31-скертпе)	<b>(69)</b>	121.539
Электр қуаты	<b>117.957</b>	119.381
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	<b>102.385</b>	78.568
Көлік шығыстары	<b>123.310</b>	31.017
Қоршаған ортаны қорғау	<b>17.930</b>	21.461
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару	<b>1.590</b>	19.473
Басқалары	<b>133.192</b>	127.690
	<b>1.219.722</b>	1.144.241

**13. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	<b>142.900</b>	163.334
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	<b>138.986</b>	215.765
Экспорттық кеден бажы	<b>113.248</b>	131.732
Акциз	<b>112.320</b>	90.012
Өлеуметтік салық	<b>44.863</b>	38.195
Мүлікке салынатын салық	<b>31.505</b>	29.221
Басқа салықтар	<b>10.258</b>	9.662
	<b>594.080</b>	677.921

**14. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
Тасымалдау	<b>184.940</b>	153.403
Жалақы бойынша шығыстар	<b>19.990</b>	16.591
Басқасы	<b>40.595</b>	35.358
	<b>245.525</b>	205.352

**15. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
Жалақы бойынша шығыстар	<b>80.672</b>	77.854
Кеңес беру қызметтері	<b>17.828</b>	20.678
Қызмет көрсету шығыстары	<b>6.845</b>	6.148
Өлеуметтік төлемдер	<b>6.037</b>	5.829
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептеу (24-ескертпе)	<b>8.691</b>	2.876
Есепке алынбаған ҚҚС	<b>5.811</b>	2.582
Байланыс қызметтері	<b>2.080</b>	1.864
Айыппұлдар, салықтар мен өсімпұлдар бойынша резервті есептеу	<b>169</b>	605
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер бойынша құнсыздану резервін есептеу (24-ескертпе)	<b>3.204</b>	28
Өтелуге жататын ҚҚС-ты қалпына келтіру	<b>(282)</b>	(1.942)
Басқалары	<b>46.737</b>	43.957
	<b>177.792</b>	160.479

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****15. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалақы бойынша шығыстар 611.589 миллион теңге болды (2022: 528.965 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

**16. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
<b>Құнсызданудан болған шығыстар және құнсыздануды қалпына келтіру</b>		
Негізгі құралдар (18-ескертпе)	<b>101.782</b>	7.658
Материалдық емес активтер (20-ескертпе)	<b>483</b>	139
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	<b>—</b>	7
	<b>102.265</b>	7.804

**Барлау шығыстары (құнсыздану және есептен шығару) (19-ескертпе)**

Қайран және Ақтоты	<b>74.255</b>	—
Жеңіс	<b>40.244</b>	—
«Лиман» жобасы	<b>8.847</b>	—
«Өріқтау» жобасы	<b>4.876</b>	8.895
«Исатай» жобасы	<b>93</b>	3.172
Басқасы	<b>—</b>	46
	<b>128.315</b>	12.113
	<b>230.580</b>	19.917

Келесі АҚГБ бойынша құнсыздану залалы танылды:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
КМГИ АҚГБ	<b>97.636</b>	—
Басқалары	<b>4.629</b>	7.804
	<b>102.265</b>	7.804

**Негізгі құралдардың құнсыздануы****KMG International N.V. АҚГБ (бұдан әрі - КМГИ)**

2023 жылы КМГИ АҚГБ: «Переработка» АҚГБ, «Нефтехимия» АҚГБ және «Даунстрим» АҚГБ құнсыздану индикаторларының болуына байланысты гудвил мен өткізу, қайта өңдеу және басқа да активтердің құнсыздануына тест жүргізді. Құнсыздану тестінің нәтижесінде АҚГБ КМГИ өтелетін құны олардың баланстық құнынан аз болды. Сараланатын КМГИ АҚГБ құнсыздануынан болған залал 94.962 миллион теңге болды, олардың «Переработка» АҚГБ 80.761 миллион теңге, «Нефтехимия» АҚГБ — 340 миллион теңге және «Даунстрим» АҚГБ - 13.861 миллион теңге.

Құнсызданудың негізгі индикаторлары: i) мұнай және газ нарығындағы мұнай өңдеу маржасының құбылмалылығының жоғарылауы және қатаң декарбонизация және геосаяси тұрақсыздық ережелері контекстінде нарықтық сұраныстың төмендеуі, ii) КМГИ-ді декарбонизациялаудың ұзақ мерзімді жоспарының болмауы, iii) Румыниядағы салық ортасының өзгеруі, атап айтқанда 2023 жылдың соңында мұнай-газ секторында мұнай-газ секторында мұнай-газ секторындағы айналым салығын енгізу 2024 жылдан 2025 жылға дейін 0,5% және кәсіпорындардың айналымына байланысты 1% - дан астам.

Топ құнсыздану көрсеткіштерін талдау кезінде басқа факторлармен қатар қайта өңдеудің болжамды маржасы мен өндіріс көлемін ескерді. «Переработка» КМГИ АҚГБ өтелетін құны дисконтталған ақша ағындарының әдісін пайдалана отырып есептелген шығару шығындарын (FVLCD) шегере отырып әділ құнның негізінде айқындалды. АҚГБ үшін FVLCD есептеу кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдар операциялық пайда болды, оның ішінде КМГИ сатудың түпкілікті бағасының ұлғаюы, 2026 жылдан бастап айналым салығы бойынша шығыстар, дисконттау, мақсатталған және бюджеттік қаражаттың тартылуы және айналым салығының есептелуі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****16. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ (жалғасы)****Негізгі құралдардың құнсыздануы (жалғасы)*****KMG International N.V. АҚГБ (бұдан әрі - КМГИ) (жалғасы)***

Бұдан басқа, КМГИ 2024 жылы енгізілген КМГИ айналымынан қосымша салық жүктемесі түпкілікті тұтынушыларға бағаны кезең-кезеңімен ұлғайту есебінен өтеледі деген болжамды қолданды.

***«Переработка» АҚГБ және «Нефтехимия» КМГИ***

«Переработка» және «Нефтехимия» КМГИ үшін ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 11,60%-ды құрады (2022 жыл: 12,10%), ал 5 жылдық кезеңдегі ақша ағындары теріс өсу қарқыны 1,50%-ды пайдалана отырып экстраполяцияланды (2022 жыл: оң 2,10%), ол 2023 жыл үшін бағалау күніне Platts-PIRA есептеген мұнай өңдеу зауыттарының нарықтық маржасы үшін 2028-2051 жылдар ішіндегі орташа жылдық өсу қарқыны болып табылады. Қалдық құны үшін пайдаланылатын капиталдану мөлшерлемесі 13,10% (2022 жылы: 10,00%) құрайды.

***«Даунстрим» АҚГБ КМГИ***

«Даунстрим» АҚГБ үшін ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 11,60% (2022 жыл: 12,10%) құрады, ал 5 жылдық кезеңнен тыс ақша ағындары бағалау күніне қол жетімді соңғы нарықтық зерттеулер (Wood Mackenzie) негізінде 2029-2051 жылдар ішіндегі нарықта күтілетін сұранысты ескере отырып, 0,40% (2022 жыл: оң 2,10%) теріс мерзімсіз өсу коэффициентін және 2023 жылғы шілдеде жарияланған PWC Global Economy Watch Projections есебіне сәйкес АҚШ долларындағы инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейін пайдалана отырып экстраполяцияланды. Қалдық құны үшін пайдаланылған капиталдану мөлшерлемесі 11,20% (2022 жылы: 10,00%) құрайды.

***«Переработка» АҚГБ үшін жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық***

25.595 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздану дисконттау мөлшерлемесінің 1,0%-дан 12,6%-ға дейін ұлғаюы кезінде есептелуі мүмкін, көлемі 2,0%-дан астам төмендеген кезде 41.869 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін және маржалық пайда 2,0%-дан астам төмендеген кезде қосымша есептелген құнсыздану 28.831 миллион теңгені немесе мерзімсіз өсу қарқынының 1,50%-дан астамға төмендеуі 28.168 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздануды есептеуге әкеледі.

Егер айналымға салынатын салық күйіндегі қосымша салық жүктемесі тұтынушының түпкілікті бағасы есебінен өтелмесе, 51.858 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін.

***«Даунстрим» АҚГБ үшін жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық***

18.705 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздану, егер дисконттау мөлшерлемесі 1,0%-дан астам ұлғайса, егер көлемі 2%-дан астам төмендесе, 14.721 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін және жалпы маржалық пайда 2%-дан астам төмендеген кезде қосымша есептелген құнсыздану 20.318 миллион теңгені немесе мерзімсіз өсу қарқынының 1,50%-дан астамға төмендеуі 20.076 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздануды есептеуге әкеледі.

***«Нефтехимия» АҚГБ үшін жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық***

788 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздану, егер дисконттау мөлшерлемесі 1,0%-дан астам ұлғайса, егер көлемі 2%-дан астам төмендесе, 1.422 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін және маржалық пайда 2%-дан астам төмендеген кезде қосымша есептелген құнсыздану 1.320 миллион теңгені немесе мерзімсіз өсу қарқынының 1,50%-дан астамға төмендеуі 638 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздануды есептеуге әкеледі.

2023 жылғы маусымда КМГИ еншілес ұйымы Petromidia мұнай өңдеу зауытында «Жұмсақ гидрокрекинг» қондырғысын уақытша пайдаланудан шығаруға әкеп соқтырған оқиға болды. Petromidia оқиғаның салдарын бағалап, 2,674 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдарының құнсыздануынан болған залалды таныды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****16. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ (жалғасы)****Барлау шығыстары**

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ бұрғылаудың теріс нәтижелеріне байланысты (ұңғымада көмірсутектердің жоқтығы) «Жеңіс» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 40.244 миллион теңге мөлшерінде залалды мойындады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ ҚР Энергетика министрлігінен жер қойнауының аталған учаскелеріне қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату туралы хабарламаны алуға байланысты «Қайран және Ақтоты» жобасы бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан 74.255 миллион теңге мөлшерінде залалды мойындады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Жер қойнауын пайдалану келісімшарты мерзімінің аяқталуына байланысты «Өріқтау» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 4.876 миллион теңге мөлшерінде залалды мойындады.

**17. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС/ ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР****Қаржылық кіріс**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
Банк салымдары, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	<b>139.105</b>	115.492
Шығарылған қаржылық кепілдіктердің амортизациясы	<b>344</b>	–
<b>Пайыздық кірістің барлығы</b>	<b>139.449</b>	115.492
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (28-ескертіле)	<b>4.377</b>	–
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау	<b>827</b>	895
Басқалары	<b>2.592</b>	4.216
	<b>147.245</b>	120.603

**Қаржылық шығындар**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жыл</b>	2022 жыл (қайта есептелген)
Қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс	<b>271.785</b>	259.344
Жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыс (29-ескертіле)	<b>7.420</b>	4.188
Опционды орындағаны үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек дисконтының амортизациясы (31-ескертіле)	<b>3.256</b>	3.929
Қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі үшін комиссия (28-ескертіле)	<b>–</b>	4.498
<b>Пайыздық шығыстың барлығы</b>	<b>282.461</b>	271.959
Активтердің, экологиялық міндеттемелер мен басқа да резервтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы (30-ескертіле)	<b>13.398</b>	17.947
Ақтуарлық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	<b>7.157</b>	4.723
Басқасы	<b>19.057</b>	13.426
	<b>322.073</b>	308.055

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**18. НЕГІЗГІ ҚУРАЛДАР**

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылыс-жайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	4.428.347	262.717	1.121.420	216.879	245.626	75.225	109.198	278.019	6.737.431
Есептік валютасын қайта есептеу	275.403	1.760	21.162	6.898	3.925	2.490	5.491	9.300	326.229
Есепті бағалаудағы өзгерістер	(105.568)	(7.609)	—	(3.405)	—	—	—	—	(116.582)
Түсімдер	84.069	638	938	18.964	9.956	5.743	876	384.227	505.411
Шығулар	(46.201)	(1.761)	(3.295)	(948)	(5.138)	(4.810)	(4.180)	(863)	(67.196)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	—	—	—	—	—	—	(36)	—	(36)
Тозу бойынша шығыстар	(262.374)	(13.821)	(110.749)	(17.110)	(27.077)	(9.395)	(10.503)	—	(451.029)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	44.364	1.651	2.901	820	4.717	4.073	3.678	625	62.829
Құнсыздандуды қалпына келтіру/(құнсыздану) (16-ескертіле)	909	643	(3.009)	(4.609)	(4.941)	(140)	4.487	(998)	(7.658)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерден аударымдар	—	—	—	324	5	11	68	—	408
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (19-ескертіле)	3.253	—	—	—	—	—	—	—	3.253
Инвестициялық жылжымайтын мүлктен аударымдар	—	—	—	2.073	—	—	—	—	2.073
Басқа да өзгерістер	(635)	(65)	11	—	(784)	—	279	62	(1.132)
Аударымдар	176.668	22.413	46.006	15.779	41.763	1.343	5.732	(309.704)	—
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	4.598.235	266.566	1.075.385	235.465	268.052	74.540	115.090	360.668	6.994.001
Бастапқы құн	6.915.401	412.952	2.765.873	566.147	654.179	222.283	258.420	411.846	12.207.101
Жинақталған тозу және құнсыздану	(2.317.166)	(146.386)	(1.690.488)	(330.682)	(386.127)	(147.743)	(143.330)	(51.178)	(5.213.100)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	4.598.235	266.566	1.075.385	235.465	268.052	74.540	115.090	360.668	6.994.001

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**18. НЕГІЗГІ ҚУРАЛДАР (жалғасы)**

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылыс-жайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	4.598.235	266.566	1.075.385	235.465	268.052	74.540	115.090	360.668	6.994.001
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу (6-ескертіле)	170.276	—	—	4.520	664	67	447	16.339	192.313
Есептік валютасын қайта есептеу	(71.585)	(749)	(5.719)	(2.769)	(525)	(494)	(1.418)	(3.864)	(87.123)
Есепті бағалаудағы өзгерістер	8.755	793	—	365	—	—	—	(1.572)	8.341
Түсімдер	52.199	2.042	63.802	3.527	6.308	11.212	3.714	575.509	718.313
Шығулар	(18.295)	(559)	(7.751)	(1.566)	(3.641)	(2.533)	(5.055)	(3.473)	(42.873)
Еншілес компанияға бақылаудан айырылу (5-ескертіле)	—	—	—	—	—	—	—	(5.185)	(5.185)
Тозу бойынша шығыстар	(355.969)	(10.666)	(102.767)	(15.290)	(26.001)	(11.145)	(9.543)	—	(531.381)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	17.150	438	7.735	912	3.520	2.508	4.763	1.641	38.667
(Құнсыздану) /құнсыздандуды қалпына келтіру (16-ескертіле)	—	(28)	(83.187)	(13.749)	(1.595)	(888)	149	(2.484)	(101.782)
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтерден/(ге) аударымдар	—	—	—	208	—	(4)	2	—	206
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (19-ескертіле)	21	—	—	—	—	—	—	19	40
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар	—	—	(702)	(1.742)	—	—	—	—	(2.444)
Басқа да өзгерістер	16	(25)	—	133	44	(2)	19	(72)	113
Аударымдар	256.521	3.950	61.857	31.593	128.416	4.852	6.586	(493.775)	—
<b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны</b>	4.657.324	261.762	1.008.653	241.607	375.242	78.113	114.754	443.751	7.181.206
Бастапқы құн	7.523.664	417.598	2.856.817	610.240	782.754	234.741	261.453	513.875	13.201.142
Жинақталған тозу және құнсыздану	(2.866.340)	(155.836)	(1.848.164)	(368.633)	(407.512)	(156.628)	(146.699)	(70.124)	(6.019.936)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	4.657.324	261.762	1.008.653	241.607	375.242	78.113	114.754	443.751	7.181.206

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****18. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Түсімдер**

2023 жылы аяқталмаған құрылысқа түсімдерге, негізінен, «Өзенмұнайгаз» АҚ-да, «Эмбамұнайгаз» АҚ-да, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еншілес ұйымдарында және «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-те 289.128 миллион теңге жалпы сомаға ұңғымаларды бұрғылау мен жайластыруға және «ҚазТрансОйл» АҚ-да 174.799 миллион теңге жалпы сомаға «Өзен-Атырау-Самара» және «Астрахань-Маңғышлақ» құбыры учаскесін ауыстыру жатады.

**Басқалары**

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ жаңа активтердің құрылысына қатысты 9.794 миллион теңге сомаға 10,78% орташа капиталдандыру мөлшерлемесі бойынша (2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 1 миллион теңге, орташа капиталдандыру мөлшерлемесі 4,40%) қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 370.497 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 384.815 миллион теңге) болды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны 168.214 миллион теңге болатын негізгі құралдардың кейбір нысандары Топтың банк қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 778.757 миллион теңге).

Күрделі міндеттемелер 36-ескертеде ашылып көрсетілген.

**19. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР**

Миллион теңгемен	Материалдық	Материалдық емес	Жиыны
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	221.368	13.636	235.004
Түсімдер	17.417	510	17.927
Шетел валютасын қайта есептеу	13.682	–	13.682
Есепті бағалаудағы өзгерістер	33	–	33
Құнсыздану (16-ескерте)	(10.418)	(1.695)	(12.113)
Негізгі құралдарға аударымдар (18-ескерте)	(3.253)	–	(3.253)
Басқа да өзгерістер	173	(173)	–
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	239.002	12.278	251.280
Түсімдер	<b>39.905</b>	<b>29.590</b>	<b>69.495</b>
Шетел валютасын қайта есептеу	<b>(3.378)</b>	–	<b>(3.378)</b>
Негізгі құралдарға аударымдар (18-ескерте)	<b>(40)</b>	–	<b>(40)</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР**

Миллион теңгемен	Лицензиялар	Жер қойнауын пайдалану құқықтары (өндіру сатысында)	Гудвилл	Маркетинг бойынша материалдық емес активтер	Бағдарламалық жасақтама	Басқалары	Жиыны
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	510.140	201.725	99.849	25.467	17.411	34.909	889.501
Есептілік валютасын қайта есептеу	36.280	14.389	807	1.819	351	1.916	55.562
Түсімдер	765	637	–	–	2.414	7.811	11.627
Шығулар	(2.546)	–	–	–	(3.605)	(516)	(6.667)
Амортизация бойынша шығыстар	(23.284)	(7.990)	–	–	(6.372)	(1.245)	(38.891)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану	2.271	–	–	–	3.326	362	5.959
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	–	–	–	–	–	(64)	(64)
Құнсыздану (16-ескерте)	–	–	–	–	–	(139)	(139)
Басқа да өзгерістер	274	669	–	–	425	5	1.373
Ауыстырулар	801	2.790	–	–	4.304	(7.895)	–
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	524.701	212.220	100.656	27.286	18.254	35.144	918.261
Есептілік валютасын қайта есептеу	(9.038)	(3.637)	(212)	(477)	(165)	(274)	(13.803)
Түсімдер	148	68	–	–	1.056	14.457	15.729
Шығулар	(699)	–	–	–	(1.198)	(297)	(2.194)
Амортизация бойынша шығыстар	(33.763)	(11.004)	–	–	(6.239)	(1.007)	(52.013)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану	695	–	–	–	1.198	267	2.160
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу (6-ескерте)	–	–	–	–	5.289	1.716	7.005
Құнсыздану (16-ескерте)	–	–	–	–	–	(483)	(483)
Басқа да өзгерістер	–	62	–	–	230	(24)	268
Ауыстырулар	1.265	–	–	–	969	(2.234)	–
<b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны</b>	<b>483.309</b>	<b>197.709</b>	<b>100.444</b>	<b>26.809</b>	<b>19.394</b>	<b>47.265</b>	<b>874.930</b>
Бастапқы құн	687.462	264.388	209.189	68.816	85.944	112.936	1.428.735
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(204.153)	(66.679)	(108.745)	(42.007)	(66.550)	(65.671)	(553.805)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны</b>	<b>483.309</b>	<b>197.709</b>	<b>100.444</b>	<b>26.809</b>	<b>19.394</b>	<b>47.265</b>	<b>874.930</b>
Бастапқы құн	698.950	268.892	209.401	70.041	78.585	100.138	1.426.007
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(174.249)	(56.672)	(108.745)	(42.755)	(60.331)	(64.994)	(507.746)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны (қайта есептелген)</b>	524.701	212.220	100.656	27.286	18.254	35.144	918.261

46

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРІ (жалғасы)**

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маркетинг бойынша материалдық емес активтер КМГИ тауар белгілерімен білдірілді.

Ақша ағындарын тудыратын әрбір бірлікке жататын гудвилдің ағымдағы құны:

Ақша ағындарын тудыратын бірліктер	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
ПМХЗ ақша ағындарын генерациялайтын бірлік	88.553	88.553
КМГИ ақша ағындарын генерациялайтын бірліктер	11.891	12.103
<b>Гудвилл жиыны</b>	<b>100.444</b>	<b>100.656</b>

Құнсыздануға жасалған талдаудың негізінде 2023 және 2022 жылдары ПМХЗ немесе КМГИ гудвилінің құнсыздануы анықталмады. ПМХЗ гудвилінің құнсыздануына жасалған талдау туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат *4-ескертілмеде* баяндалған.

**21. БАНК САЛЫМДАРЫ**

Миллион теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ долларында көрсетілген	1.055.456	1.230.928
Теңгемен көрсетілген	5.628	6.616
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(181)	(177)
	<b>1.060.903</b>	<b>1.237.367</b>

2023 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді банк салымдарының орташа алынған мөлшерлемесі АҚШ долларында 2,73% және теңгемен тиісінше 6,23% болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 0,94% және теңгемен 0,74%).

2023 жылғы 31 желтоқсанға қысқа мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 5,65% және теңгемен тиісінше 1,38% болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 2,64% және теңгемен 1,24%).

Миллион теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Өтеу мерзімі 1 жылға дейін	997.012	1.178.138
1 жылдан 2 жылға дейін өтеу мерзімі	279	94
2 жылдан артық өтеу мерзімі	63.612	59.135
	<b>1.060.903</b>	<b>1.237.367</b>

2023 жылғы 31 желтоқсанға банк депозиттеріне 63.891 миллион теңге мөлшерінде баланстық құнымен (2022 жылғы 31 желтоқсан: 59.229 миллион теңге) қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған ақша қаражаты кіреді, әрі олар негізінен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай тарату қоры ретінде

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****22. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Миллион теңгемен	Негізгі қызметі	Қызметті жүзеге асыру орны	2023 жылғы 31 желтоқсан		2022 жылғы 31 желтоқсан	
			Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі	Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі
<b>Бірлескен кәсіпорындар</b>						
«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	3.598.510	20,00%	3.825.053	20,00%
Mangistau Investment B.V. Group (MMG)	Көмірсутектерді әзірлеу және өндіру	Қазақстан	203.614	50,00%	164.716	50,00%
KKO	Көмірсутектерді әзірлеу және өндіру	Қазақстан	93.258	50,00%	—	—
«КазРосГаз» ЖШС (КРГ)	Табиғи газды және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату	Қазақстан	69.479	50,00%	58.812	50,00%
«Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚК)	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	53.358	50,00%	37.138	50,00%
Valseira Holdings B.V. Group (PKOP)	Шикі мұнайды қайта өңдеу	Қазақстан	41.515	50,00%	26.351	50,00%
«ҚазГерМұнай» ЖШС (ҚГМ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	36.506	50,00%	32.070	50,00%
«PETROSUN» ЖШС (Petrosun) (8-ескертілме)	Сұйытылған көмірсутек газы мен мұнай өнімдерін сату	Қазақстан	31.740	49,00%	24.373	49,00%
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)	Шикі мұнайды өндіру және өткізу	Қазақстан	18.042	50,00%	26.911	50,00%
«Тениз Сервис» ЖШС (Тениз Сервис)	Инфрақұрылымдық объектілерді жобалау, салу және пайдалану, теңіз мұнай операцияларын қолдау	Қазақстан	8.210	48,996%	10.396	48,996%
Ural Group Limited (УГЛ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	7.641	50,00%	31.490	50,00%
Басқалары			58.345		42.014	
<b>Қауымдасқан компаниялар</b>						
Каспий Мұнай құбыры Консорциумы (КМК)	Сұйық көмірсутектерді тасымалдау	Қазақстан/Ресей	451.913	20,75%	521.882	20,75%
ПетроҚазақстан Инк. (ПКИ)	Көмірсутектерді барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	94.887	33,00%	94.635	33,00%
Басқалары			54.409		51.562	
			<b>4.821.427</b>		<b>4.947.403</b>	

Жоғарыда аталған бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар Топтың бизнесі үшін стратегиялы болып табылады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың танылмаған жинақталған шығындардағы Топтың үлесі 7.145 миллион теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсан: 19.950 миллион теңге) құрады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**22. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2023 және 2022 жылдардағы инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>4.947.403</b>	4.145.646
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто (10-ескертпе)	534.177	991.310
Жалпы бақылаумен сатып алу (7 және 34-ескертпелер)	-	17.368
Сатып алу (8-ескертпе)	-	10.989
КҚО-ға салынған инвестицияларды мойындау (5-ескертпе)	93.258	-
Алынған дивидендтер	(619.826)	(462.309)
Алынған жататын дивидендтердегі өзгеріс	(107.633)	(41.682)
Бірлескен кәсіпорындар капиталындағы басқа да өзгерістер	41.764	(637)
Басқа да өзгерістер	1.016	-
Иелік ету үлесін өзгертіптен капиталға қосымша салымдар	20.117	15.398
Есептен шығарулар, нетто (34-ескертпе)	(8.621)	-
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	(76)
Элиминациялар мен түзетулер*	(2.140)	(1.944)
Есептілік валютасын қайта есептеу	(78.088)	273.340
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>4.821.427</b>	4.947.403

\* Элиминациялар және түзетулер бірлескен кәсіпорындарға Компания мен еншілес ұйымдар берген қарыздар бойынша капиталданғырылған сыйақыларды білдіреді.

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2023 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	ТШО	ММГ	ККО	КРГ	ҚҚҚ	РКОР
Ұзақ мерзімді активтер	24.831.196	462.565	9.192	33.032	127.038	431.261
Қысқа мерзімді активтер, қоса	1.863.832	199.708	1.232	148.932	49.554	114.561
Ақша қаражаты мен оның баламалары	696.871	89.410	112	65.122	23.837	66.459
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(7.434.076)	(132.981)	(10.376)	(238)	(23.107)	(304.590)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	(4.091.040)	-	-	-	-	(258.338)
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(1.268.404)	(119.109)	(324)	(42.769)	(46.768)	(106.740)
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	(32.843)	(80.398)
<b>Капитал</b>	<b>17.992.548</b>	<b>410.183</b>	<b>(276)</b>	<b>138.957</b>	<b>106.717</b>	<b>134.492</b>
Иелік ету үлесі	20%	50%	50%	50%	50%	50%
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	-	(1.477)	-	-	-	-
Инвестицияларды мойындау	-	-	93.258	-	-	-

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**22. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2023 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	КГМ	Petrosun	КОА	Теңіз Сервис	УГЛ
Ұзақ мерзімді активтер	64.031	17	41.969	8.898	193.637
Қысқа мерзімді активтер, қоса	52.764	137.202	23.956	16.907	11.475
Ақша қаражаты мен оның баламалары	44.840	6.440	10.794	14.619	6.905
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(14.966)	-	(18.608)	(545)	(145.798)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	(119.188)
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(28.817)	(72.443)	(11.233)	(8.504)	(4.033)
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-
<b>Капитал</b>	<b>73.012</b>	<b>64.776</b>	<b>36.084</b>	<b>16.756</b>	<b>55.281</b>
Иелік ету үлесі	50%	49%	50%	48,996%	50%
Инвестицияның құнсыздануы	-	-	-	-	(20.000)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>36.506</b>	<b>31.740</b>	<b>18.042</b>	<b>8.210</b>	<b>7.641</b>
Түсім	145.728	1.336.888	80.064	13.994	(352)
Тозу, тауысылу және амортизация	(20.007)	(14)	(10.365)	(632)	(109)
Қаржылық кіріс	1.292	3.258	851	313	-
Қаржылық шығындар	(1.667)	(1.006)	(375)	(56)	(606)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(27.450)	(23.812)	(11.617)	(3.390)	8.206
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)</b>	<b>41.965</b>	<b>95.034</b>	<b>(3.737)</b>	<b>237</b>	<b>(94.011)</b>
Басқа да жиынтық зиян	(1.729)	-	-	-	(3.243)
<b>Жалпы жиынтық кіріс/ (зиян)</b>	<b>40.236</b>	<b>95.034</b>	<b>(3.737)</b>	<b>237</b>	<b>(97.254)</b>
Алынған дивидендтер	15.793	39.200	7.000	2.303	-

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2022 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	ТШО	ММГ	КРГ	ҚҚҚ	РКОР
Ұзақ мерзімді активтер	25.713.747	464.868	40.100	137.004	454.653
Қысқа мерзімді активтер, қоса	3.046.293	111.126	99.637	42.103	120.412
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.905.924	28.622	59.000	17.871	79.079
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(7.808.607)	(144.698)	(269)	(58.417)	(377.788)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	(4.163.850)	-	-	(32.197)	(340.106)
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(1.826.167)	(99.344)	(21.844)	(46.415)	(97.393)
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	(33.900)	(82.347)
<b>Капитал</b>	<b>19.125.266</b>	<b>331.952</b>	<b>117.624</b>	<b>74.275</b>	<b>99.884</b>
Иелік ету үлесі	20%	50%	50%	50%	50%
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	-	(1.260)	-	-	-
Жинақталған жұмсалмаған залал	-	-	-	-	(23.591)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>3.825.053</b>	<b>164.716</b>	<b>58.812</b>	<b>37.138</b>	<b>26.351</b>
Түсім	10.949.194	910.069	192.427	86.319	219.429
Тозу, тауысылу және амортизация	(1.129.895)	(26.647)	(323)	(10.269)	(38.552)
Қаржылық кіріс	36.076	594	2.765	357	244
Қаржылық шығындар	(99.857)	(9.404)	-	(4.593)	(31.616)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(1.591.414)	(38.267)	(4.040)	(8.703)	(10.260)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда</b>	<b>3.713.299</b>	<b>96.971</b>	<b>1.107</b>	<b>33.566</b>	<b>42.018</b>
Басқа да жиынтық кіріс	1.114.004	1.784	7.884	-	(228)
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>4.827.303</b>	<b>98.755</b>	<b>8.991</b>	<b>33.566</b>	<b>41.790</b>
Алынған дивидендтер	207.892	92.071	-	5.000	2.189

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****22. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2022 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	КГМ	Petrosun	КОА	Теңіз Сервис	УГЛ
Ұзақ мерзімді активтер	71.787	28	51.963	14.283	275.714
Қысқа мерзімді активтер, қоса	53.303	123.612	17.357	16.745	1.851
<i>Ақша қаражаты мен оның баламалары</i>	<i>46.729</i>	<i>14.662</i>	<i>1.186</i>	<i>2.570</i>	<i>1.704</i>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(21.559)	–	(4.101)	(573)	(171.042)
<i>Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер</i>	<i>–</i>	<i>–</i>	<i>–</i>	<i>–</i>	<i>(133.544)</i>
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(39.392)	(73.899)	(11.397)	(9.236)	(3.543)
<i>Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер</i>	<i>–</i>	<i>–</i>	<i>–</i>	<i>–</i>	<i>–</i>
<b>Капитал</b>	<b>64.139</b>	<b>49.741</b>	<b>53.822</b>	<b>21.219</b>	<b>102.980</b>
Иелік ету үлесі	50%	49%	50%	48,996%	50%
Инвестицияның құнсыздануы	–	–	–	–	(20.000)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>32.070</b>	<b>24.373</b>	<b>26.911</b>	<b>10.396</b>	<b>31.490</b>
Түсім	150.039	676.932	90.330	3.182	223
<i>Тозу, тауысылу және амортизация</i>	<i>(22.550)</i>	<i>(22)</i>	<i>(111)</i>	<i>(645)</i>	<i>(26)</i>
Қаржылық кіріс	791	870	933	27	–
Қаржылық шығындар	(994)	(812)	(261)	(49)	(8.387)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(39.783)	(12.722)	(10.266)	(58)	(3.005)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)</b>	<b>41.061</b>	<b>47.315</b>	<b>25.296</b>	<b>(13.261)</b>	<b>(22.939)</b>
Басқа да жиынтық кіріс	4.115	–	–	–	2.746
<b>Жалпы жиынтық кіріс/ (зиян)</b>	<b>45.176</b>	<b>47.315</b>	<b>25.296</b>	<b>(13.261)</b>	<b>(20.193)</b>
Алынған дивидендтер	22.826	9.800	14.000	–	–

Төменде 2023 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі қауымдасқан компаниялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан	
	КМК	ПҚИ
Ұзақ мерзімді активтер	1.969.703	206.008
Қысқа мерзімді активтер	295.663	138.626
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(18.722)	(20.063)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(279.064)	(16.497)
<b>Капитал</b>	<b>1.967.580</b>	<b>308.074</b>
Иелік ету үлесі	20,75%	33%
Гудвил	43.640	–
Инвестицияның құнсыздануы	–	(6.778)
<b>Инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>451.913</b>	<b>94.887</b>
Түсім	1.039.509	128.343
<i>Тозу, тауысылу және амортизация</i>	<i>(245.423)</i>	<i>(25.990)</i>
Қаржылық кіріс	14.080	926
Қаржылық шығындар	(1.519)	(1.172)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(118.490)	(7.009)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>310.160</b>	<b>14.814</b>
Басқа да жиынтық зиян	(42.915)	(4.927)
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>267.245</b>	<b>9.887</b>
Алынған дивидендтер	113.892	2.864

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****22. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде 2022 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі қауымдасқан компаниялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	
	КМК	ПҚИ
Ұзақ мерзімді активтер	2.240.723	224.559
Қысқа мерзімді активтер	292.198	116.827
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(35.730)	(18.489)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(196.152)	(15.586)
<b>Капитал</b>	<b>2.301.039</b>	<b>307.311</b>
Иелік ету үлесі	20,75%	33%
Гудвил	44.416	–
Инвестицияның құнсыздануы	–	(6.778)
<b>Инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>521.882</b>	<b>94.635</b>
Түсім	976.076	140.901
<i>Тозу, тауысылу және амортизация</i>	<i>(216.491)</i>	<i>(24.217)</i>
Қаржылық кіріс	8.119	439
Қаржылық шығындар	–	(1.503)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(122.394)	(17.548)
<b>Бір жылғы пайда</b>	<b>567.533</b>	<b>19.702</b>
Басқа да жиынтық кіріс	185.893	9.782
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>753.426</b>	<b>29.484</b>
Алынған дивидендтер	98.854	2.890

Төменде дербес елеулі емес бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржы ақпараты көрсетілген (Топ үлесі):

Миллион теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Топтың мыналардағы үлесі:</b>		
Ұзақ мерзімді активтердегі	68.336	39.088
Қысқа мерзімді активтердегі	22.813	18.950
Ұзақ мерзімді міндеттемелердегі	(16.170)	(13.922)
Қысқа мерзімді міндеттемелердегі	(21.493)	(8.800)
Гудвил	172	172
Залалда жинақталған танылмаған үлес	1.127	1.706
Басқа да айырмалар	3.560	4.820
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>58.345</b>	<b>42.014</b>
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда	3.692	4.013
Басқа да жиынтық зиян	(845)	(1.148)
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>2.847</b>	<b>2.865</b>
Зиянда танылмаған үлес	(204)	(221)

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****22. БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫҢДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде дербес елеулі емес қауымдасқан компаниялар туралы қаржы ақпараты көрсетілген (Топ үлесі):

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Топтың мыналардағы үлесі:</b>		
Ұзақ мерзімді активтердегі	<b>60.636</b>	53.699
Қысқа мерзімді активтердегі	<b>92.172</b>	87.702
Ұзақ мерзімді міндеттемелердегі	<b>(17.916)</b>	(15.673)
Қысқа мерзімді міндеттемелердегі	<b>(81.358)</b>	(75.041)
Залалда жинақталған танылмаған үлес	<b>875</b>	875
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны</b>	<b>54.409</b>	51.562
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда	<b>7.103</b>	31.339
Басқа да жиынтық кіріс	<b>375</b>	3.675
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>	<b>7.478</b>	35.014

**23. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
Материалдар мен қорлар (өзіндік құны бойынша)	<b>232.469</b>	180.762
Шикі мұнай (өзіндік құны бойынша)	<b>61.621</b>	60.670
Мұнай өнімдері (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	<b>82.354</b>	69.332
	<b>376.444</b>	310.764

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 186.378 миллион теңге мөлшеріндегі баланстық құнымен тауар-материалдық қорлар кепілмен қамсыздандыру ретінде болды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 126.345 миллион теңге).

**24. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
<b>Сауда дебиторлық берешек</b>		
Сауда дебиторлық берешек	<b>593.448</b>	549.430
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	<b>(32.190)</b>	(29.746)
	<b>561.258</b>	519.684
<b>Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері</b>		
Басқа да дебиторлық берешек;	<b>97.771</b>	98.485
Алынатын дивидендтер	<b>20.952</b>	320
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	<b>(43.853)</b>	(41.748)
	<b>74.870</b>	57.057
<b>Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер</b>		
Алдын ала төлем және болашақ кезеңдердің шығыстары	<b>91.769</b>	60.260
ҚҚС-тан басқа, өтелуге жататын салықтар	<b>63.188</b>	43.030
Басқалары	<b>5.659</b>	6.040
Минусы: құнсыздану резерві	<b>(3.359)</b>	(157)
	<b>157.257</b>	109.173
<b>Басқа да қысқа мерзімді активтер жиыны</b>	<b>232.127</b>	166.230

2023 және 2022 жыллардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл активтер бойынша пайыздан есептелмеі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****24. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (жалғасы)**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 197.546 миллион теңге мөлшеріндегі баланстық құнымен сауда дебиторлық берешек Топтың міндеттемелері бойынша кепілмен қамсыздандыру ретінде кепілге қойылған (2022 жылғы 31 желтоқсан: 167.255 миллион теңге).

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешек келесі валюталарда берілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
АҚШ доллары	<b>364.490</b>	325.296
Теңге	<b>121.165</b>	114.406
Румын леясы	<b>68.896</b>	73.508
Еуро	<b>3.324</b>	3.871
Басқа валюталар	<b>3.383</b>	2.603
	<b>561.258</b>	519.684

Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгерістер мен құнсыздану былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Дербес негізде құнсызданған</b>	
	<b>Сауда дебиторлық берешек және басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері</b>	<b>Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b> (қайта есептелген)	66.275	103
Бір жылда есептелгені, нетто (15-ескертпе)	2.876	28
Есептен шығарылғаны (748)	(748)	(3)
Шетел валютасын қайта есептеу	3.091	29
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b> (қайта есептелген)	71.494	157
Бір жылда есептелгені, нетто (15-ескертпе)	8.691	3.204
Есептен шығарылғаны	(4.336)	—
Шетел валютасын қайта есептеу	194	(2)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>76.043</b>	<b>3.359</b>

Төменде резервтер матрицасын пайдалана отырып сауда дебиторлық берешек бойынша несиелік тәуекел туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Ағымдағы</b>	<b>Төлем мерзімін ұзарту</b>				<b>Жиыны</b>
		<b>&lt;30 күн</b>	<b>30-60 күн</b>	<b>61-90 күн</b>	<b>&gt;91 күн</b>	
<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>						
Күтілетін несиелік зиян пайызы	<b>0,23%</b>	<b>12,18%</b>	<b>14,33%</b>	<b>5,84%</b>	<b>58,78%</b>	
Сауда дебиторлық берешек	<b>519.801</b>	<b>16.351</b>	<b>1.594</b>	<b>7.527</b>	<b>48.175</b>	<b>593.448</b>
Күтілетін несиелік зиян	<b>(1.214)</b>	<b>(1.991)</b>	<b>(229)</b>	<b>(439)</b>	<b>(28.317)</b>	<b>(32.190)</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)</b>						
Күтілетін несиелік зиян пайызы	0,23%	3,80%	9,83%	41,72%	95,69%	
Сауда дебиторлық берешек	484.508	32.690	3.489	857	27.886	549.430
Күтілетін несиелік зиян	(1.120)	(1.242)	(343)	(358)	(26.683)	(29.746)



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Амортизацияланған құны бойынша</b>		
ҚР ҰБ ноттары (34-ескертіле)	43.709	70.192
Байланысты тараптарға берілген қарыздар (34-ескертіле)	50.103	31.062
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар (34-ескертіле)	21.021	19.665
Шет мемлекеттердің қазынашылық вексельдері	7.032	–
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(1.863)	(1.878)
	<b>120.002</b>	<b>119.041</b>
<b>Пайда және зиян арқылы өділ құны бойынша</b>		
Байланысты тараптарға берілген қарыздар (34-ескертіле)	86.173	117.511
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға жататын кепілдік берілген төлемдер	13.728	13.179
	<b>99.901</b>	<b>130.690</b>
<b>Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>219.903</b>	<b>249.731</b>

Төменде байланысты тараптардан келесі валюталарда білдірілген қарыздар мен дебиторлық берешек жөнінде ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	104.964	146.435
Теңге	114.939	103.296
	<b>219.903</b>	<b>249.731</b>

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді бөлік	125.569	119.874
Ұзақ мерзімді бөлік	94.334	129.857
	<b>219.903</b>	<b>249.731</b>

Байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға
Есептелгені, нетто		3.249
Есептілік валютасын қайта есептеу		(1.376)
		5
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>		<b>1.878</b>
Есептелгені, нетто		(17)
Есептілік валютасын қайта есептеу		2
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>		<b>1.863</b>

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты зиянға бағалау резерві құрылады. Байланысты тараптардың қарыздары мен дебиторлық берешегі алғашқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалмады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****26. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
Банктердегі мерзімді салымдар - АҚШ доллары	580.214	228.818
Банктердегі мерзімді салымдар - теңге	124.702	231.793
Банктердегі мерзімді салымдар - басқа валюталар	76.316	17.550
Банктердегі ағымдағы шоттар - АҚШ доллары	120.787	200.478
Банктердегі ағымдағы шоттар - теңге	13.321	20.878
Банктердегі ағымдағы шоттар - басқа валюталар	10.409	15.816
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем болатын кері репо мәмілелері	116.091	27.499
Жолдағы ақша	5.463	17.449
Кассадағы қолма-қол ақша және чектер	3.613	2.961
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(43)	(57)
	<b>1.050.873</b>	<b>763.185</b>

Мерзімді салымдар әртүрлі мерзімдерге ақша қаражатында Топтың мұқтаждығына қарай бір күннен үш айға дейінгі мерзімге орналастырылған.

2023 жылғы 31 желтоқсанға банктердегі мерзімді салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме АҚШ долларында 5,40%, теңгемен 15,45% және басқа валюталарда 5,99% (2022 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ долларында 1,12%, теңгемен 13,01% және басқа валюталарда 4,84%) болды.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылмаған.

**27. КАПИТАЛ****Жарғылық капитал**

Айналыстағы, шығарылған және төленген акциялардың жалпы санына мыналар кіреді:

	2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына
<b>Шығарылған және төленген акциялардың саны, қоса:</b>	<b>610.119.493</b>
Номиналды құны 27.726,63 теңге	137.900
Номиналды құны 10.000 теңге	20.719.604
Номиналды құны 5.000 теңге	59.707.029
Номиналды құны 2.500 теңге	71.104.187
Номиналды құны 2.451 теңге	1
Номиналды құны 1.000 теңге	1
Номиналды құны 921 теңге	1
Номиналды құны 858 теңге	1
Номиналды құны 838 теңге	1
Номиналды құны 704 теңге	1
Номиналды құны 592 теңге	1
Номиналды құны 500 теңге	458.450.766

**Жарғылық капитал (мың теңге) 916.540.545**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның шығарылған акциялардың бір классы бар. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 239.440.103 жай акция жарияланып, бірақ шығарылмады. 2023 жылы жай акциялар шығарылмады.

**Дивидендтер**

2023 жылы Акционерлердің шешіміне сәйкес Компания 300.002 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 491,71 теңге мөлшерінде 2022 жыл үшін дивидендтерді есептеп, төледі (2022 жыл: 199.997 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 327,80 теңге мөлшерінде 2021 жыл үшін дивидендтер есептеліп, төленді).

2023 жылы Топ ҚТО, КМГИ 1.500 миллион теңге және тиісінше 1.572 миллион теңге (2022 жыл: 2.296 миллион теңге және тиісінше 1.975 миллион теңге) мөлшерінде бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер есептеп, төледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**27. КАПИТАЛ (жалғасы)**

**Самұрық-Қазынамен операциялар**

2023 жылы Самұрық-Қазына Компания орналастырған облигацияларды 70.000 миллион теңгеге сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 30.824 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен жасалған операциялар шеңберінде каптиалдың ұлғаюы ретінде көрсетілді (34-ескертіме).

2023 жылы Самұрық-Қазына «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-нен 25.000 миллион теңге көлемінде қарыз алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 4.226 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде танылды.

2022 жылы Компания Самұрық-Қазынаға 2022 жылы ағымдағы өтеу мерзімімен 2015 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылған қаржылай көмек жөніндегі ұзақ мерзімді шартқа сәйкес 23.605 миллион теңге жалпы сомада пайызсыз қаржылай көмек ретінде қосымша төлемдер жасады (34-ескертіме). Қосымша төлемдердің әділ құны мен номиналды құны арасындағы 1.906 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен жасалған операциялар шеңберінде капиталдың азаюы ретінде көрсетілді.

2022 жылғы қыркүйекте Компания жылдық 3,00% купон мөлшерлемесімен және 2035 жылы өтеу мерзімімен 751.631 миллион теңге сомасына облигацияларды орналастырды. Облигациялардың купондық мөлшерлемесі нарықтық мөлшерлемеден төмен. Самұрық-Қазына бұл облигацияларды сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 380.477 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (28 және 34-ескертімелер).

2022 жылғы қыркүйекте Опционды орындау шеңберінде Топтың Самұрық-Қазына алдында 738,8 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (берешек пайда болған күнгі бағам бойынша баламасы 350.321 миллион теңге) берешегі пайда болды. Бастапқы тану кезінде бұл берешек әділ құны бойынша танылды. Берешектің әділ құны мен номиналды құны арасындағы 7.426 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (7 және 34-ескертімелер).

**Самұрық-Қазынаның бөлуі**

2023 жылы Топ, Үкіметтің Жаңаөзен қаласында әлеуметтік нысандарды салу және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын тұрғын-үймен қамтамасыз ету жөніндегі қаулысына сәйкес 120 миллион теңге сомада міндеттемелерді есептеп, төледі (2022 жыл: 10.199 миллион теңге және тиісінше 2.398 миллион теңге).

2022 жылғы шілдеде Самұрық-Қазына мен Кооперативтің шешіміне сәйкес Қашаған акционерлерге жалпы сомасы 1.133,4 миллион АҚШ долларына (баламасы 529.789 миллион теңге) дивидендтер есептеп, төледі. Жалпы бақылаудағы Қашағанды сатып алу мәмілесін танумен байланысты Топ Қашағанның алдыңғы акционерге бөлген дивидендтерін Самұрық-Қазына 566,7 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 263.671 миллион теңге) бөлу деп таныды (7-ескертіме).

**Байланысты тараптан болған салымдар**

2023 жылы Полимердің алдыңғы акционері СКО 14.155 миллион теңге мөлшерінде Полимердің жарғылық капиталына салым салды (2022 жыл: 3.322 миллион теңге). 2022 жылы Полимер СКО-дан алынған қарыз бойынша капиталда 2.896 миллион теңге мөлшерінде дисконт көрсетті. 2022 жылы KLPE алдыңғы акционері СКО 3.742 миллион теңге мөлшерінде KLPE жарғылық капиталына салым салды.

Жалпы бақылаудағы Полимер мен KLPE-ді сатып алумен байланысты (7-ескертіме), Топ бұл салымдарды капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте байланысты тараптың салымдары ретінде мойындады.

**Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу**

2022 жылы КПИ жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49,5%-ын сатып алу құны мен сатып алу күніне КПИ сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің 74.743 миллион теңге мөлшеріндегі баланстық құны арасындағы айырмашылық Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша білдірілді (7-ескертіме).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**27. КАПИТАЛ (жалғасы)**

**Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу (жалғасы)**

2022 жылы Petrosup жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49%-ын 1 теңгеге сатып алу құны мен сатып алу күніне Petrosup сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің 10.989 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырмашылық Самұрық-Қазынаның салымы ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша білдірілді (8-ескертіме).

2022 жылы СКО-дағы Силленоға қатысу үлесінің 49,9%-ын 816 миллион теңге мөлшерінде сатып алу құны мен Силленоға 120 миллион теңге мөлшерінде салынған инвестициялардың баланстық құны арасындағы айырмашылық Самұрық-Қазынаның салымы ретінде танылды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте «Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу» жолы бойынша көрсетілді.

**Акционерлерге өзге де бөлу**

2023 жылы ҚР Президентінің 2023 жылғы 9 наурыздағы Батыс Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапарының шеңберінде Спорт кешенін салу мәселесі жөніндегі тапсырмасына сәйкес Компания Спорт кешенін салу бойынша 17.925 миллион теңге мөлшерінде міндеттеме есептеді (30-ескертіме) және оны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетті. Компания 8.962 миллион теңге мөлшерінде алдын ала төлем жасады.

**Акцияның баланстық құны**

KASE -нің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте KASE бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
<i>Миллион теңгемен</i>		
Активтердің жиыны	16.942.712	16.656.890
Минусы: материалдық емес активтер	874.930	918.261
Минусы: міндеттемелер жиыны	6.548.315	6.789.464
<b>Таза активтер</b>	<b>9.519.467</b>	8.949.165
Жай акциялар саны	610.119.493	610.119.493
<b>Бір акцияның баланстық құны (мың теңгемен)</b>	<b>15,603</b>	14,668

**Акцияға пайда**

	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)
<i>Мың теңгемен</i>		
Акцияға базалық және бөлінген пайда үшін жай акциялардың орташа өлшенген саны	610.119.493	610.119.493
<b>Акцияға арналған базалық және бөлінген пайда</b>	<b>1,574</b>	2,095

**Бақыланбайтын қатысу үлесі**

Төменде Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері бар еншілес компаниялар туралы ақпарат көрсетілген.

	Тіркеу және қызметті жүзеге асыру елі	2023 жылғы 31 желтоқсан		2022 жылғы 31 желтоқсан	
		Бақыламайт ын қатысу үлесі	Ағымдағы құны	Бақыламайт н қатысу үлесі	Ағымдағы құны
Rompetrol Downstream S.R.L.	Румыния	45,37%	67.535	45,37%	66.468
ҚТО	Қазақстан	10,00%	59.156	10,00%	53.642
Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	Румыния	45,37%	18.572	45,37%	17.464
ҚМГ БӨ	Қазақстан	0,28%	8.215	0,28%	8.119
Rompetrol Vega	Румыния	45,37%	(25.320)	45,37%	(23.768)
Rompetrol Rafinare S.A.	Румыния	45,37%	(253.347)	45,37%	(212.487)
Басқасы			25.785		29.021
			<b>(99.404)</b>		<b>(61.541)</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**27. КАПИТАЛ (жалғасы)**

**Бақыланбайтын қатысу үлесі (жалғасы)**

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанға және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері болған еншілес ұйымдар туралы жалпылама қаржылық ақпарат дербес негізде келтірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Rompetro Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetro Petrochemical s S.R.L.	ҚМГ БӨ	Rompetro Vega	Rompetro Rafinare S.A.
<b>Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп</b>						
Ұзақ мерзімді активтер	123.201	812.534	1.784	1.190.313	22.949	123.516
Қысқа мерзімді активтер	216.576	132.793	39.749	1.546.121	11.676	76.687
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(66.489)	(216.157)	(433)	(91.794)	(42.739)	(148.648)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(124.441)	(112.746)	(168)	(217.704)	(47.693)	(609.932)
<b>Капитал жиыны</b>	<b>148.847</b>	<b>616.424</b>	<b>40.932</b>	<b>2.426.936</b>	<b>(55.807)</b>	<b>(558.377)</b>
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	81.312	557.268	22.360	2.418.721	(30.487)	(305.030)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	67.535	59.156	18.572	8.215	(25.320)	(253.347)
<b>Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп</b>						
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	1.012.646	290.386	–	1.184.834	108.639	1.696.983
Жалғасын отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)	5.439	69.508	3.125	37.360	(4.278)	(98.216)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің / (зиянның) жиыны	2.352	70.146	2.440	34.250	(3.422)	(90.054)
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	1.285	63.131	1.333	34.154	(1.869)	(49.195)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	1.067	7.015	1.107	96	(1.553)	(40.859)
Бақыланбайтын қатысу үлестерінің пайдасына жарияланған дивидендтер	–	(1.500)	–	–	–	–
<b>Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат</b>						
Операциялық қызмет	(44.926)	87.839	5	144.334	2.501	(988.089)
Инвестициялық қызмет	(3.264)	(160.028)	–	(319.182)	(2.470)	(64.948)
Қаржылық қызмет	49.441	64.418	–	55.725	(31)	1.118.004
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамындағы таза көбеюі/(азаяуы)</b>	<b>1.251</b>	<b>(8.485)</b>	<b>5</b>	<b>(124.491)</b>	<b>–</b>	<b>64.967</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**27. КАПИТАЛ (жалғасы)**

**Бақыланбайтын қатысу үлесі (жалғасы)**

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанға және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері болған еншілес ұйымдар туралы жалпылама қаржылық ақпарат дербес негізде келтірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Rompetro Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetro Petrochemical s S.R.L.	ҚМГ БӨ	Rompetro Vega	Rompetro Rafinare S.A.
<b>Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп</b>						
Ұзақ мерзімді активтер	93.101	652.668	3.210	1.047.369	31.254	119.520
Қысқа мерзімді активтер	166.214	119.379	36.121	1.600.377	15.215	48.757
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(16.185)	(149.990)	(664)	(83.988)	(43.795)	(85.885)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(96.635)	(91.602)	(176)	(202.509)	(55.058)	(550.715)
<b>Капитал жиыны</b>	<b>146.495</b>	<b>530.455</b>	<b>38.491</b>	<b>2.361.249</b>	<b>(52.384)</b>	<b>(468.323)</b>
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	80.027	476.813	21.027	2.353.130	(28.616)	(255.836)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	66.468	53.642	17.464	8.119	(23.768)	(212.487)
<b>Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп</b>						
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	1.178.244	255.627	–	1.294.096	122.133	2.233.851
Жалғасын отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)	13.557	45.582	858	708.225	(16.794)	50.548
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің / (зиянның) жиыны	21.156	55.416	3.370	721.462	(19.076)	15.768
<b>Мыналарға келетіндер:</b>						
Бас компанияның акционеріне	11.557	49.874	1.841	719.442	(10.421)	8.614
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	9.599	5.542	1.529	2.020	(8.655)	7.154
Бақыланбайтын қатысу үлестерінің пайдасына жарияланған дивидендтер	–	(1.000)	–	(16)	–	–
<b>Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат</b>						
Операциялық қызмет	36.791	73.513	(3.149)	218.119	4.570	67.361
Инвестициялық қызмет	14.540	(47.288)	3.150	(222.714)	(1.012)	(16.045)
Қаржылық қызмет	(44.507)	17.011	–	(2.390)	(3.490)	(50.443)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамындағы таза көбеюі/(азаяуы)</b>	<b>6.824</b>	<b>44.659</b>	<b>1</b>	<b>2.189</b>	<b>68</b>	<b>873</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**28. ҚАРЫЗДАР**

Миллион теңгемен	2022 жылғы	
	2023 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан (қайта есептелгені)
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	3.253.754	3.595.474
Сыйақының орташа өлшенген тиімді мөлшерлемелері	5,36%	6,41%
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	503.340	558.912
Сыйақының орташа өлшенген тиімді мөлшерлемелері (35-ескертпе)	8,93%	8,61%
	<b>3.757.094</b>	<b>4.154.386</b>

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар келесі валюталарда берілді:

Миллион теңгемен	2022 жылғы	
	2023 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан (қайта есептелгені)
АҚШ доллары	3.018.895	3.152.169
Теңге	700.223	715.804
Еуро	24.850	23.069
Ресей рублі	–	245.349
Басқа валюталар	13.126	17.995
	<b>3.757.094</b>	<b>4.154.386</b>

Миллион теңгемен	2022 жылғы	
	2023 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан (қайта есептелгені)
Ағымдағы бөлік	391.358	369.489
Ұзақ мерзімді бөлік	3.365.736	3.784.897
	<b>3.757.094</b>	<b>4.154.386</b>

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша облигациялар мыналарды құрады:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2023 жылғы	2022 жылғы
				31 желтоқсан	31 желтоқсан
<b>Облигациялар</b>					
КАСЕ 2023	70 миллиард теңге	2033 жыл	0,50% (11,74% тиімді мөлшерлеме)	41.375	–
КАСЕ 2022	751,6 миллиард теңге	2035 жыл	3,00% (14,5% тиімді мөлшерлеме)	392.158	379.306
ЛҚБ 2020 жылғы облигациялары	750 миллион АҚШ доллары	2033 жыл	3,50%	343.005	349.059
АІХ 2019	150 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	5,00%	19.800	34.385
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,5 миллиард АҚШ доллары	2048 жыл	6,375%	673.677	685.181
ЛҚБ 2018 жылғы	1,25 миллиард АҚШ				

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**28. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар мыналарды құрады:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақы мөлшерлемесі	2023 жылғы	2022 жылғы
				31 желтоқсанға	31 желтоқсан (қайта есептелгені)
<b>Қарыздар</b>					
Синдикатталған қарыз (Unicredit Tiras Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank, Alpha Bank, Garanti Bank, OTP Bank)	531,8 миллион АҚШ доллары <sup>1</sup>	2026 жыл 2024-2025 жылдар 2024-2026 жылдар	ROBOR 1M+2% SOFR 0N+2,5% SOFR1M+2,5% SOFR 1M+2,75%	141.506	26.270
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Халық Банкі)	151 миллиард теңге	2024-2026 жылдар	11,00%	94.999	135.062
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ) Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd (Лондон филиалы)	157 миллиард теңге	2024 жыл	7,00 - 7,99%	80.992	100.694
Халық банкі	200 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	COF <sup>2</sup> (5,37%) + 1,80% ҚР Ұлттық Банкінің негізгі мөлшерлемесі+2,50%	62.800	17.415
	66,7 миллиард теңге	2032 жыл Коммерциялық өндіру басталғаннан кейін		47.391	29.761
Лукойл Казахстан Апстрим	–		O/N SOFR + 2,85% SOFR 3M+2,612%	47.363	12.876
Cargill	100 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	SOFR 3M+2,98%	46.176	70.165
BCP	170 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	COF (5,75%) + 1,50%	37.893	–
Халық Банкі	31 миллиард теңге	2024 жыл	17,75-18,75%	31.487	46.460
Credit Agricole	150 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	COF (5,6%) + 2,00%	26.936	30.934
Синдикатталған қарыз (BCR, Raiffeisen Bank, OTP, Alpha, Garanti)	83 миллион еуро	2029 жыл	EURIBOR 6M + 3,00% SOFR 1M2,50%	24.844	21.411
Banca Transilvania	57,96 миллион еуро	2024 жыл	EURIBOR 1M + 2,50%	15.710	16.739
ING Bank NV	250 миллион АҚШ доллары	2024 жыл	COF (5,55%) + 2,00%	13.839	31.871
OTP Bank	119 миллион румын левясы	2030 жыл	ROBOR 3M + 1,10%	10.964	11.801
ВТБ Банк (ПАО) ҚДБ NATIXIS «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС	38 миллиард рубль 843,6 миллион АҚШ доллары 250 миллион АҚШ доллары 13,9 миллиард теңге	2027 жыл 2023 жыл 2024 жыл 2023 жыл	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 2,25% 10,99% COF (5,44%) + 2,00% 0,1-10%	– – – –	245.349 20.483 18.165 11.052
Басқалары	–	–	–	27.916	26.155
<b>Жиыны</b>				<b>710.816</b>	<b>872.663</b>

<sup>1</sup> 265,9 миллион АҚШ доллары жаңартылатын несие желісі.

<sup>2</sup> Cost of funding (қаржыландыру құны).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****28. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

2023 жылы КМГИ нетто негізде айналымдағы капиталды қаржыландыру мақсатында 307 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 140.232 миллион теңге) Синдикатталған қарыз алды (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank).

2023 жылы КМГИ, сыйақыны қоса алғанда, 73,94 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 33.734 миллион теңге) Синдикатталған қарызды (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank) ішінара өтеді.

2023 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсатында Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ. Ltd-ден COF (5,37%) + жылдық 1,80% сыйақы мөлшерлемесімен және 2024 жылы өтеу мерзімімен 101 миллион АҚШ доллары сомасында (баламасы 45.855 миллион теңге) нетто негізде қарыз алды.

2023 жылы КМГИ, сыйақыны қоса, 61,46 миллион АҚШ доллары сомасындағы (баламасы 28.039 миллион теңге) Cargill-ден алынған қарызды ішінара өтеді.

2023 жылы КМГИ, сыйақыны қоса, 42 миллион АҚШ доллары сомасындағы (баламасы 19.240 миллион теңге) NATIXIS-тен алынған қарызды ішінара өтеді.

2023 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсатында BCP-ден COF (5,7481%) + жылдық 1,50% сыйақы мөлшерлемесімен және 2024 жылы өтеу мерзімімен 83 миллион АҚШ доллары сомасында (баламасы 38.031 миллион теңге) нетто негізде қарыз алды.

2023 жылы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - АМӨЗ), сыйақыны қоса, ВТБ Банктен (ЖАҚ) 42.371 миллион рубль сомасына (баламасы 213.729 миллион теңге) алған қарызды толық өтеді.

2023 жылы АМӨЗ, сыйақыны қоса алғанда, Халық банкінен 102.674 миллион теңге жалпы сомада алған қарызды ішінара өтеді.

2023 жылы АМӨЗ Халық банкінен 17,75-18,75% жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша және ағымдағы міндеттемелерді өтеу мақсатында 2024 жылы өтеу мерзімімен 31.410 миллион теңге сомасында қарыз алды.

2023 жылы АМӨЗ және ПМХЗ Қазақстанның Даму Банкінен (бұдан әрі – ҚДБ) сыйақыны қоса алғанда, жалпы сомасы 31.261 миллион теңгеге қарызды ішінара өтеді.

2023 жылы АМӨЗ, сыйақыны қоса алғанда, 21.400 миллион теңге сомада ҚДБ-ден алған қарызды толық өтеді.

2023 жылы «Магистральдық су құбыры» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту мақсатында Халық банкінен ҚР Ұлттық Банкінің негізгі мөлшерлемесі+2,50% сыйақы мөлшерлемесі бойынша және 2032 жылы өтеу мерзімімен (1 кезек) 11.800 миллион теңге сомасында қарыз алды.

2023 жылы ҚР Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы хабарламасы негізінде Компания «Исатай» жобасы бойынша Эни Исатай Б.В.-ден 4.377 миллион теңге сомаға қарызды есептен шығарды (17-ескертеме).

2022 жылғы қаңтарда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, сыйақыны қоса, Eximbank-тен 604 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 259.459 миллион теңге) алған қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді. Өтеу үшін

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****28. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

2022 жылы КМГИ 191,48 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 88.258 миллион теңге) Синдикатталған қарызды (Unicredit Tiriac Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank) ішінара өтеді.

2022 жылы КМГИ жылдық 6m Euribor + 3,00% сыйақы мөлшерлемесімен және когенерациялық электр станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында жеті жыл мерзімге жалпы сомасы 42 миллион еуроға (баламасы 20.196 миллион теңге) ұзақ мерзімді Синдикатталған қарыз алды (BCR, Raiffeisen Bank, OTP, Alpha, Garanti).

2022 жылы КМГИ NATIXIS-тен COF (4,65%) + 2,00% жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша және айналым капиталын қаржыландыру мақсатында 2023 жылы өтеу мерзімімен жалпы сомасы 39 миллион АҚШ долларына (баламасы 18.097 миллион теңге) қарыз алды.

2022 жылы КМГИ Robog 3M + жылдық 1,10% сыйақы мөлшерлемесімен және айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін сегіз жыл мерзімге жалпы сомасы 25 миллион АҚШ долларын (баламасы 11.404 миллион теңге) құрайтын автожанармай құю станцияларын кеңейту мен дамытуды қаржыландыру үшін «OTP Bank» АҚ-дан қарыз алды.

2022 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін өтеу мерзімі 2024 жылға дейінгі мерзімге SOFR 3M + жылдық 2,98% мөлшерлемесі бойынша Cargill-ден 25 миллион АҚШ доллары (баламасы 23.047 миллион теңге) сомасына ұзақ мерзімді қарыз алды.

2022 жылы АМӨЗ, есептелген пайыздарды қоса, ҚДБ-ден 60 миллион АҚШ долларына (баламасы 27.550 миллион теңге) алған қарызды ішінара өтеді.

2022 жылы КМГИ айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін өтеу мерзімі 2024 жылға дейінгі жылдық COF (4,60%) + 2,00% мөлшерлемесі бойынша Credit Agricole-дан 17 миллион АҚШ доллары (баламасы 7.833 миллион теңге) сомасына қарыз алды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**28. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

Қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер:

Миллион теңгемен	2023 жыл				2022 жыл (қайта есептелген)			
	Қысқа мерзімді қарыздар	Ұзақ мерзімді қарыздар	Облигациялар	Жиыны	Қысқа мерзімді қарыздар	Ұзақ мерзімді қарыздар	Облигациялар	Жиыны
<b>1 қантарға арналған сальдо</b>	<b>173.053</b>	<b>699.611</b>	<b>3.281.722</b>	<b>4.154.386</b>	162.772	892.376	2.706.199	3.761.347
Ақша қаражатымен алынды	138.787	176.517	70.000	385.304	87.401	146.681	751.632	985.714
Сақтандыру сыйлыққысын ақша қаражатымен қайтару	-	-	-	-	-	7.370	-	7.370
Негізгі борышты ақша қаражатымен төлеу	(95.296)	(329.830)	(241.106)	(666.232)	(86.481)	(136.755)	(1.091)	(224.327)
Резервтелген ақша қаражатының есебінен негізгі борыш пен сыйақыларды төлеу	-	-	-	-	-	(259.459)	-	(259.459)
Есептелген сыйақы	17.198	68.901	185.686	271.785	9.861	80.772	168.536	259.169
Қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі үшін комиссия (17-ескертілме)	-	-	-	-	-	4.498	-	4.498
Төленген сыйақы*	(17.030)	(63.606)	(173.836)	(254.472)	(9.779)	(65.873)	(156.377)	(232.029)
Дисконт (27-ескертілме)	-	-	(30.824)	(30.824)	-	(2.896)	(380.477)	(383.373)
Есептілік валютасын қайта есептеу	(2.297)	(2.526)	(46.152)	(50.975)	8.233	7.673	187.440	203.346
Бағамдық айырма бойынша залал	42	(53.380)	(1.520)	(54.858)	1.046	27.842	5.863	34.751
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (17-ескертілме)	-	(4.377)	-	(4.377)	-	-	-	-
Басқалары	-	5.050	2.307	7.357	-	(2.618)	(3)	(2.621)
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>214.457</b>	<b>496.360</b>	<b>3.046.277</b>	<b>3.757.094</b>	173.053	699.611	3.281.722	4.154.386
Ағымдағы бөлік	214.457	125.152	51.749	391.358	173.053	147.355	49.081	369.489
Ұзақ мерзімді бөлік	-	371.208	2.994.528	3.365.736	-	552.256	3.232.641	3.784.897

\* Төленген сыйақы операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

2022 жылғы қантарда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, сыйақыны қоса, Ехiтbank-тен 604 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 259.459 миллион теңге) алған қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді. Өтеу үшін 2021 жылғы қарашада резервтелген ақша қаражаты пайдаланылды.

65

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**28. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

**Ковенанттар**

Топ несие келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай Топ барлық қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

**Шетелдік функционалдық валютамен таза инвестицияларды хеджирлеу**

2023 жылғы 31 желтоқсанда шетел валютасында көрсетілген кейбір қарыздар Топтың валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. 2023 жылы 46.152 миллион теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан болған кіріс (2022 жыл: 187.440 миллион теңге мөлшерінде бағамдық айырмадан болған залал) басқа да жиынтық кірістің құрамына қайта жіктеліп, шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден болған кіріске немесе залалға қарсы есепке алынды.

Хеджирлеу объектісі мен хеджирлеу құралы арасында экономикалық өзара байланыс бар, өйткені таза инвестиция валюталық тәуекелді тудырады, әрі ол АҚШ долларындағы несие бойынша валюталық тәуекелге сайма-сай келеді. Топ 1:1 хеджирлеу коэффициентін белгіледі, өйткені хеджирлеу құралының базалық тәуекелі хеджирленетін тәуекелдің құрамдасына ұқсас келеді. Хеджирлеудің тиімсіздігі шетелдік еншілес компанияға салынған инвестициялардың сомасы тиянақталған мөлшерлемесі бар алынған қарыздардың сомасына қарағанда аз болғанда туындайды. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына хедждің тиімсіз бөлігі болмады.

**29. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Қаржылық жалдау төлемдерінің ағымдағы таза құнымен бірге болашақтағы ең төменгі жалдау төлемдері былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	Ең төменгі жалдау төлемдері		Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	
	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға
Бір жыл ішінде	19.767	16.629	17.400	15.682
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	49.777	23.368	26.128	16.770
Бес жылдан астам	89.424	61.176	61.752	49.102
	<b>158.968</b>	101.173	<b>105.280</b>	81.554
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар	(53.688)	(19.619)	-	-
<b>Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны</b>	<b>105.280</b>	81.554	<b>105.280</b>	81.554
12 айдың ішінде өтелуге жататын соманы шегере отырып	(19.767)	(16.629)	(17.400)	(15.682)
<b>12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар</b>	<b>139.201</b>	84.544	<b>87.880</b>	65.872

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****29. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы жалдау міндеттемелеріндегі өзгерістер былайша білдірілген:

Миллион теңгемен	2023 жыл	2022 жыл
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>81.554</b>	74.421
Жалдау бойынша түсімдер	55.740	14.219
Есептелген сыйақы (17-ескертілме)	7.420	4.188
Негізгі борышты төлеу	(26.933)	(19.709)
Төленген сыйақы	(1.936)	(1.389)
Бағамдық айырма бойынша залал	1.964	(1.629)
Есептілік валютасын қайта есептеу	(1.442)	3.089
Түрлендіру	3.938	11.120
Мерзімінен бұрын бұзу	(15.025)	(4.404)
Басқасы	–	1.648
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>105.280</b>	81.554

**30. РЕЗЕРВТЕР**

Миллион теңгемен	Активтердің шығуы бойынша міндет- темелер	Экологиялық міндет- темелер	Салықтар бойынша резерв	Басқалары	Жиыны
<b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы резерв (қайта есептелгені)</b>	209.460	63.186	10.362	6.736	289.744
Есептілік валютасын қайта есептеу	9.164	3.286	238	325	13.013
Бағалаудағы өзгеріс	(117.668)	4.755	–	(408)	(113.321)
Дисконт сомасына ұлғайту (17-ескертілме)	12.087	5.722	–	138	17.947
Бір жылғы резерв	15.987	9.998	1.785	43.220	70.990
Қалпына келтіру	(61)	–	(1.070)	(608)	(1.739)
Резервті пайдалану	(97)	(5.594)	(392)	(1.006)	(7.089)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы резерв (қайта есептелгені)</b>	128.872	81.353	10.923	48.397	269.545
Есептілік валютасын қайта есептеу	(1.506)	(1.062)	(44)	(333)	(2.945)
Бағалаудағы өзгеріс	10.019	(1.198)	–	142	8.963
Дисконт сомасына ұлғайту (17-ескертілме)	10.556	2.719	–	123	13.398
Бір жылғы резерв	57.996	416	482	31.608	90.502
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсім (6-ескертілме)	4.346	–	–	–	4.346
Қалпына келтіру	(356)	–	(4.319)	(28.364)	(33.039)
Резервті пайдалану	(1.222)	(5.167)	(68)	(4.518)	(10.975)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға резерв</b>	<b>208.705</b>	<b>77.061</b>	<b>6.974</b>	<b>47.055</b>	<b>339.795</b>

Елеулі бағалаулар мен пайдаланылған пікірлерді қоса алғанда, едәуір резервтердің толық сипаттамасы 4-ескертілмеге қосылған.

Ағымдағы және ұзақ мерзімді бөліктер былайша бөлінген:

Миллион теңгемен	Активтердің шығуы бойынша міндет- темелер	Экологиялық міндеттеме	Салықтар бойынша резерв	Басқалары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	2.847	3.751	6.974	20.004	33.576
Ұзақ мерзімді бөлік	205.858	73.310	–	27.051	306.219
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға резерв</b>	<b>208.705</b>	<b>77.061</b>	<b>6.974</b>	<b>47.055</b>	<b>339.795</b>
Ағымдағы бөлік	1.739	6.082	10.923	40.035	58.779
Ұзақ мерзімді бөлік	127.133	75.271	–	8.361	210.765
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы резерв (қайта есептелгені)</b>	128.872	81.353	10.923	48.396	269.544

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****30. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)**

Басқа резервтер

Активтерді есептен шығару міндеттемелері және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есептелген басқа резервтер негізінен 36-ескертілмеде ашылып көрсетілген резервтерді қамтиды.

**31. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Миллион теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
<b>Сауда кредиторлық берешек</b>	<b>663.930</b>	565.092
<b>Басқа да қаржылық міндеттемелер</b>		
Қызметкерлердің алдындағы берешек	72.970	67.073
Басқа да кредиторлық берешек	42.562	32.048
Туынды қаржы құралдары	114	1.598
Опционды орындау үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек (7 және 34-ескертілмелер)	–	164.937
Басқалары	49.050	33.244
	<b>164.696</b>	298.900
Қысқа мерзімді бөлік	145.953	283.820
Ұзақ мерзімді бөлік	18.743	15.080
	<b>164.696</b>	298.900
<b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер</b>		
Шарттық міндеттемелер	153.962	117.817
Басқалары	15.328	16.950
	<b>169.290</b>	134.767
Қысқа мерзімді бөлік	131.513	93.219
Ұзақ мерзімді бөлік	37.777	41.548
	<b>169.290</b>	134.767

Сауда кредиторлық берешек 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі валюталарда білдірілді:

Миллион теңгемен	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
АҚШ доллары	444.674	322.797
Теңге	153.016	127.848
Румын леясы	51.244	72.676
Еуро	8.157	34.638
Басқа валюталар	6.839	7.133
<b>Жиыны</b>	<b>663.930</b>	565.092

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек пен басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздар есептелген жоқ.

**Туынды қаржы құралдары**

Топ шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату кезінде баға тәуекелдерін басқару мақсатында әртүрлі тауарлық туынды құралдарды пайдаланады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****31. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Туынды қаржы құралдары (жалғасы)**

Қаржылық жағдай туралы есеп:

	2023 жылғы 31 желтоқсанға	2022 жылғы 31 желтоқсанға
Туынды қаржы активтері (басқа қаржы активтерінде)	-	681
Туынды қаржылық міндеттемелер (басқа қаржылық міндеттемелерде)	(114)	(1.598)
<b>Туынды қаржы міндеттемелері, нетто</b>	<b>(114)</b>	<b>(917)</b>

Жиынтық кіріс туралы есеп:

	2023 жыл	2022 жыл
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан жұмсалған шығындар – өндірістік шығыстарда (12-ескерту)	(69)	121.539

Төменде туынды қаржы активтерінің/(міндеттемелердің) қозғалысы келтірілген:

	2023 жыл	2022 жыл
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>(917)</b>	8.838
Басқа да жиынтық кірісте тиімді хеджирлеу	849	(11.872)
Қорлар	(60)	1.524
Есептілік валютасын қайта есептеу	14	593
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>(114)</b>	<b>(917)</b>

Бастапқыда туынды қаржы құралдары шартты жасалу күніне әділ күн бойынша бағаланады және кейінгі есепті күндерге әділ құны бойынша қайта бағаланады. Туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі пайда немесе зиян құрамында олардың пайда болуына қарай танылады.

Топта әділ құнды хеджирлеу критерийлерін қанағаттандыратын келесі хеджирлеу операциялары бар:

Операция	Хеджирленетін нысан	Хеджирленетін тәуекел	Хеджирлеу құралы
Тауарды белгіленген бағамен сатып алу/сату	Негізгі операциялық қор (НОҚ) - шикі мұнайды, шикізатты, дизель жағар майын, бензинді және реактивті қозғалтқыштарға арналған жағар майды білдіреді.	Тауарлық баға тәуекелі	Своп, фьючерстер, опционды сатып алу/колл
Ақша бабымен байланысты валюталық тәуекел	Топтың функционалдық валютасында көрсетілмеген ақшалай бап	Шетел валютасы бағамының өзгеруі	Своп, валюта форвард
Қатты міндеттемемен байланысты валюталық тәуекел	Топтың функционалдық валютасында көрсетілмеген қатты міндеттеме	Шетел валютасы бағамының өзгеруі	Своп, валюта форвард
Белгіленген пайыздық мөлшерлемелермен байланысты әділ күн тәуекелі	Дебиторлық берешек немесе белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша міндеттеме	Әділ құнның пайыздық тәуекелі	Своп

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****31. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Туынды қаржы құралдары (жалғасы)**

Топта ақша ағындарын хеджирлеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі хеджирлеу операциялары бар:

Операция	Хеджирленетін нысан	Хеджирленетін тәуекел	Хеджирлеу құралы
Тауарды болжамды сатып алу / сату	МӨЗ болжамды маржа себеті және Dated Brent болжамды дифференциалы	Тауарлық баға тәуекелі	Своп, Фьючерс, Сатып алынған пут/колл
EUA сертификаттары	EUA сертификаттарын болжамды сатып алу	EUA сертификаттарының баға тәуекелі	Фьючерс

**32. ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН БАСҚА ДА САЛЫҚТАР**

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
<i>Миллион теңгемен</i>		
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	37.557	38.445
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	30.485	35.277
ҚҚС	23.233	49.969
Дербес табыс салығы	9.424	8.002
Өлеуметтік салық	7.620	7.094
Резидент емес үшін төлем көзінен ұсталатын салық	1.957	1.875
Акциздер	1.537	2.175
Басқасы	4.687	5.660
	<b>116.500</b>	<b>148.497</b>

**33. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

2023 жылғы 31 желтоқсанға 33.051 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем (2022 жылы: 36.167 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді. 2023 жылғы 31 желтоқсанға 28.285 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша міндеттемелер (2022 жылы: 66.648 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)
<i>Миллион теңгемен</i>		
<b>Ағымдағы табыс салығы:</b>		
Корпоративтік табыс салығы	117.003	204.159
Дивидендтер мен сыйақылардың кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	86.287	49.120
Үстеме пайда салығы	691	1.673
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы:</b>		
Корпоративтік табыс салығы	110.134	123.855
Үстеме пайда салығы	(10.391)	239
Дивидендтердің кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	(33.376)	113.331
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>270.348</b>	<b>492.377</b>

Румынияда 2022 жылғы 28 желтоқсанда шыққан № 186 төтенше қаулымен қазба отын секторындағы пайдаға ортақ жарна енгізілді. Ортақ жарнаны шикі мұнай, табиғи газ, көмір және мұнай өңдеу секторларында жұмыс істейтін компаниялар 2022 және 2023 жылдардағы салық салынатын пайдадан алдыңғы төрт жылдағы, 2018 жылдан 2021 жылға дейінгі, 60% мөлшерлеменен орташа салық салынатын пайданың 120%-ын төлейді. Егер 2018-2021 жылдарға жататын салық салынатын орташа пайда теріс болса, ортақ жарнаны есептеу мақсатында салық салынатын орташа пайда нөлге тең деп есептеледі. 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы КМГИ 31,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 14,141 миллион теңге) мөлшерінде КТС есептеді (2022 жылы: 124,9 миллион АҚШ доллары, баламасы 57,584 миллион теңге).



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**33. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша (2023 және 2022 жылдары 20%) салық салғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мынадай үлгіде берілген:

Миллион теңгемен	2023 жыл		2022 жыл (қайта есептелген)	
	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)	2022 жыл	2021 жыл (қайта есептелген)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	1.194.809	1.798.937		
Табыс салығының мөлшерлемесі	20%	20%		
<b>Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары</b>	<b>238.962</b>	<b>359.787</b>		
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табысындағы үлес	(55.703)	(87.797)		
Есептен шығарылмайтын басқа да салық салынбайтын кірістер мен шығыстар	45.869	112.247		
Корпоративтік табыс салығының түрлі мөлшерлемелерінің әсері	74.959	92.045		
Үстеме пайда салығы	(9.700)	1.912		
Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	(24.039)	14.183		
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>270.348</b>	<b>492.377</b>		
Табыс салығы бойынша шығыстар	270.348	492.377		
	<b>270.348</b>	<b>492.377</b>		

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**33. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Есепті күндерге шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін негіздеме аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

Миллион теңгемен	2023 жыл				2022 жыл (қайта есептелген)				
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Пайда немесе зиян құрамында көрсетілді
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер</b>									
Негізгі құралдар	23.019	-	-	23.019	23.953	-	-	23.953	1.190
Ауыстырылған салық шығындары	683.285	-	-	683.285	685.476	-	-	685.476	3.017
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	7.628	-	-	7.628	6.624	-	-	6.624	1.648
Қаржы активтерінің құнсыздануы	8.105	-	-	8.105	1	-	-	1	-
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттеме	3.031	-	-	3.031	3.759	-	-	3.759	670
Басқалары	105.081	10.334	-	115.415	85.114	-	-	85.114	(2.231)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(551.341)	-	-	(551.341)	(575.380)	-	-	(575.380)	(14.183)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(223.313)	-	-	(223.313)	(187.949)	-	-	(187.949)	30.581
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер</b>	<b>55.495</b>	<b>10.334</b>	<b>-</b>	<b>65.829</b>	<b>62.117</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>62.117</b>	<b>20.692</b>
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер</b>									
Негізгі құралдар	773.061	540	-	773.601	567.641	597	-	568.238	114.788
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	-	-	571.270	571.270	-	-	615.747	615.747	113.331
Басқасы	5.209	-	-	5.209	2.974	-	-	2.974	(583)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(223.313)	-	-	(223.313)	(187.949)	-	-	(187.949)	30.581
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер</b>	<b>554.957</b>	<b>540</b>	<b>571.270</b>	<b>1.126.767</b>	<b>382.666</b>	<b>597</b>	<b>615.747</b>	<b>999.010</b>	<b>258.117</b>
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер</b>	<b>499.462</b>	<b>(9.794)</b>	<b>571.270</b>	<b>1.060.938</b>	<b>341.068</b>	<b>597</b>	<b>615.747</b>	<b>957.412</b>	<b>-</b>
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар</b>									<b>237.425</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**33. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы мен үстеме пайда салынатын салық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты айқындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың көлеміне кірмейтін қызмет түрлері үшін айқындалады. Болашақта салық салу табыстың болу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана және оған қарасты қолданылатын кейінге қалдырылған салық активі құпталады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің азаяуы мүмкін, егер олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылса. 2023 жылдың 31 желтоқсанына танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері негізінен 551.341 миллион теңге (2022 жылы: 575.380 миллион теңге) сомасындағы ауыстырылған салық залалдарына жатады.

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ауыстырылған салық залалы салық салу мақсаттары үшін туындаған сәттен бастап он жылдың ішінде өтеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелердегі / (активтердегі) өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2023 жыл				2022 жыл (қайта есептелген)			
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
<b>1 қаңтарға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто</b>	<b>341.068</b>	<b>597</b>	<b>615.747</b>	<b>957.412</b>	203.789	358	465.891	670.038
Есептілік валютасын қайта есептеу	(7.263)	–	(11.101)	(18.364)	13.308	–	36.525	49.833
Бір жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген салық залалы/(кірісі)	110.134	(10.391)	(33.376)	66.367	123.855	239	113.331	237.425
Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген жылғы салық залалы	327	–	–	327	116	–	–	116
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер (б-ескертпе)	55.196	–	–	55.196	–	–	–	–
<b>31 желтоқсанға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы</b>	<b>499.462</b>	<b>(9.794)</b>	<b>571.270</b>	<b>1.060.938</b>	341.068	597	615.747	957.412

**34. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ**

**Байланысты тараптармен мәмілелердің талаптары**

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Кезең соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, солар бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша КНЗ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша КНЗ айқындау үшін қолданылатын КНЗ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**34. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)**

**Есеп айырысулар бойынша қалдықтар**

Мына кесте байланысты тараптармен 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Миллион теңгемен	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптарға берешек	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2023 жылғы 2022 жылғы	93.745 38.476	4.392 168.368	5.911 –	453.333 413.691
Қауымдасқан компаниялар	2023 жылғы 2022 жылғы	8.681 16.348	2.962 3.431	– –	– –
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2023 жылғы 2022 жылғы	46.897 72.003	1.419 666	– –	80.992 121.177
Бірлескен кәсіпорындар	2023 жылғы 2022 жылғы	173.119 167.284	235.725 187.172	– –	– –

**Байланысты тараптардың/тараптарға берешегі**

*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****34. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)****Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек***Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2023 жылы Самұрық-Қазына Компания орналастырған облигацияларды 70.000 миллион теңгеге сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 30.824 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (27-ескертпе).

2022 жылғы қыркүйекте Самұрық-Қазына Компания орналастырған облигацияларды 751.631 миллион теңгеге сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 380.477 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (27 және 28-ескертпелер).

*Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар*

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар АМӨЗ бен ПМХЗ ҚДБ-дан 80.992 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен білдірілген (2022 жылғы 31 желтоқсан: 121.177 миллион теңге) (28-ескертпе).

**Мәмілелер бойынша айналымдар**

Мына кестеде байланысты тараптармен 2022 және 2023 жылдардың ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы келтіріледі:

		Байланысты тараптарға сату	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан түскен сыйақы	Байланысты тараптарға берілген сыйақы
<i>Миллион теңгемен</i>					
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2023 жыл	158.392	33.705	4.058	39.795
	2022 жыл	50.371	11.768	44.760	15.618
Қауымдасқан компаниялар	2023 жыл	12.742	81.497	194	–
	2022 жыл	18.705	67.615	235	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2023 жыл	346	31.349	5.421	12.475
	2022 жыл	9.631	18.228	577	15.501
Бірлескен кәсіпорындар	2023 жыл	439.502	1.709.923	17.540	–
	2022 жыл	305.922	2.119.070	12.469	4

**Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу***Бірлескен кәсіпорындар*

2023 жылы бірлескен кәсіпорындарға сату, негізінен, ТШО-ға 22.613 миллион теңге (2022 жыл: 20.204 миллион теңге) сомада көлік-жүк қызмет көрсетумен, ММГ-ге 67.755 миллион теңге және тиісінше 137.855 миллион теңге сомаға (2022 жыл: 58.141 миллион теңге және тиісінше 116.223 миллион теңге) сомаға көрсетілген мұнайды тасымалдау және қызмет көрсету қызметтерімен білдірілген.

2023 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алулар, негізінен, ТШО-дан 1.602.095 миллион теңге сомаға (2022 жыл: 1.976.760 миллион теңге) шикі мұнайды сатып алумен байланысты болды.

**Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 7.769 миллион теңгені және 7.375 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****35. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Топтың негізгі қаржы құралдарына алынған және берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және несиелік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

**Нарықтық тәуекел**

Топ пайыздық мөлшерлемелер, валюталар мен бағалы қағаздар бойынша ашық позицияларға байланысты туындайтын нарық конъюнктурасы тәуекелдерінің ықпалына ұшырағыш, әрі олар өз кезегінде, нарықтың жалпы және айрықша құбылуларына ұшырағыш келеді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті залалды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады. Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

*Валюталық тәуекел*

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбастау бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбастау бағамындағы ықтимал өзгерістерге (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ долларының айырбастау бағамының ұлғаюу / азаюу	Салық салынғанға дейін кіріске өсері
2023 жыл	+14% (14%)	(224.731) 224.731
2022 жыл	+21% (21%)	(404.338) 404.338
<hr/>		
<i>Миллион теңгемен</i>	Рубльді айырбастау бағамындағы ұлғаю / (көму)	Салық салынғанға дейін кіріске өсері
2023 жыл	+29% (29%)	(38) 38
2022 жыл	+22% (22%)	(54.044) 54.044

*Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі*

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****35. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)***Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)*

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
<b>2023 жыл</b>		
SOFR	<b>+3,97</b>	<b>(19.982)</b>
	<b>-3,97</b>	<b>19.982</b>
<b>2022 жыл</b>		
LIBOR	+2,45	(12.989)
	-2,45	12.989

**Несиелік тәуекел**

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несие шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері *24-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топта несиелік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты несиелік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» несиелік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

	31 желтоқсанға	
	2023 жыл	2022 жыл
«AA»-дан «A+»-ке дейін	<b>19%</b>	15%
«A»-дан «A-»-ке дейін	<b>58%</b>	41%
«BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін	<b>18%</b>	41%
«BB+»-тен «BB-»-ке дейін	<b>5%</b>	2%
«B+»-тен «B-»-ке дейін	<b>-</b>	1%

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын құн бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****35. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Келесі кестеде 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам*	Жиыны
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>						
Қарыздар*	<b>38.896</b>	<b>1.329</b>	<b>503.846</b>	<b>1.413.755</b>	<b>4.738.778</b>	<b>6.696.604</b>
Сауда кредиторлық берешек	<b>122.306</b>	<b>340.634</b>	<b>200.991</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>663.931</b>
Қаржылық кепілдіктер**	<b>-</b>	<b>64</b>	<b>-</b>	<b>46.555</b>	<b>-</b>	<b>46.619</b>
Жалдау бойынша берешек	<b>3.478</b>	<b>2.035</b>	<b>11.886</b>	<b>27.833</b>	<b>60.617</b>	<b>105.849</b>
Басқа да қаржылық міндеттемелер	<b>71.323</b>	<b>24.605</b>	<b>69.792</b>	<b>25.441</b>	<b>414</b>	<b>191.575</b>
	<b>236.003</b>	<b>368.667</b>	<b>786.515</b>	<b>1.513.584</b>	<b>4.799.809</b>	<b>7.704.578</b>
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)</b>						
Қарыздар*	45.216	2.028	508.484	1.868.769	4.988.819	7.413.316
Сауда кредиторлық берешек	105.697	297.295	162.100	-	-	565.092
Жалдау бойынша берешек	2.890	1.720	12.410	39.080	26.216	82.316
Басқа да қаржылық міндеттемелер	56.278	19.598	366.088	18.544	-	460.508
	<b>210.081</b>	<b>320.641</b>	<b>1.049.082</b>	<b>1.926.393</b>	<b>5.015.035</b>	<b>8.521.232</b>

\* Топ дисконтталмаған төлемдерден өтеу мерзімдерінің белгісіздігіне орай, бірлескен қаржыландыру туралы келісімдерге сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуі тиіс қарыздар бойынша берешекті алып тастайды. 2023 жылғы 31 желтоқсанға серіктестердің алдындағы қарыздар бойынша берешек 57.656 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 23.768 миллион теңге).

\*\* Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақшаның кетуі белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. \* Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2023 және 2022 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

**Капиталды басқару**

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің несиелік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар (*28-ескертпе*), минус ақша қаражаты мен оның баламалары (*26-ескертпе*), қысқа мерзімді банк депозиттері (*21-ескертпе*) мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (*27-ескертпе*).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****35. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Капиталды басқару (жалғасы)**

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ (28-ескерпне).

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
<i>Миллион теңгемен</i>		
Қарыздар	3.757.094	4.154.386
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	2.111.776	2.000.552
<b>Таза берешек</b>	<b>1.645.318</b>	<b>2.153.834</b>
Капитал	10.394.397	9.867.426
<b>Капитал және таза берешек</b>	<b>12.039.715</b>	<b>12.021.260</b>

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****35. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болады:

<i>Миллион теңгемен</i>	Ағымдағы құны	Әділ құны	2023 жылғы 31 желтоқсан			2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)				
			Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны	
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	20.963	16.797	–	16.797	–	19.595	20.138	–	20.138	–
ҚР №Б ноттары	43.708	43.708	–	43.708	–	70.192	70.192	–	70.192	–
Пайда мен зиян арқылы әділ құны бойынша байланысты тараптардың қарыздары мен дебиторлық берешегі	99.901	99.901	–	–	99.901	130.690	130.690	–	–	130.690
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар және бірлескен кәсіпорындардан алынған жататын жалдау бойынша берешек	48.299	48.502	–	–	48.502	29.254	29.242	–	–	29.242
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	3.253.754	3.051.997	2.452.370	599.627	–	3.595.474	3.166.699	2.476.894	689.805	–
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	503.340	503.340	–	503.340	–	558.912	558.912	–	558.912	–

Самұрық-Қазынадан алынған жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****35. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон		
		2023 жыл	2022 жыл	
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар, БК-дан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	7,30-18,5%	6,4-18,9%
Шығарылған қаржылық кепілдіктер			7,8%	–

**36. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР****Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

**Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі**

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

**Салық салу**

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлерде алшақтық жағдайлары жиі кездеседі. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатандығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****36. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау**

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па сөзіне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң» (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

**Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер**

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтелетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады.

АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға мемлекет белгілеген тәртіппен шағымданды. Зауыттардың апелляциясы ҚР Қаржы министрлігінің қарауында. ПКӨП салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасы бөлігінде хабарламалардың біріне 3.694 миллион теңге көлемінде ішінара шағымданды. Алайда, 2024 жылғы 15 ақпанда Жоғарғы соттың Азаматтық істер жөніндегі алқасы 2021 жылғы 15 қарашада Шымкент қаласы сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ПКӨП пайдасына қабылдаған шешімінің күшін жойды. ПКӨП қабылданған шешімге шағымдану жұмысын жалғастыруда.

Барлық үш зауытта ҚҚС бойынша ұқсас мәселелер бойынша жалпы сомасы 33.709 миллион теңгеге, КТС бойынша 12.146 миллион теңгеге қосымша есептеулер бар, оның ішінде барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдар және 15.040 миллион теңге сомасына өтелетін шығындарды азайту.

**Заңды іс жүргізу және шағымдар****КМГИ-де азаматтық қараушылық**

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – Faber), КМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі КМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Істің тыңдалуы мерзімді негізді болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. 2021 жылғы 13 шілдеде сот Faber-дің шағымын қараудан бас тартты. Алайда, Faber бұл шешімге шағымданды. 2021 жылғы желтоқсанда өткен тыңдаудың нәтижелері бойынша сот шағымды қанағаттандырып, істі қайта қарауға қайтарып берді.

Faber талаптарының көпшілігін Жоғарғы сот 2022 жылдың мамыры мен қыркүйегінде қабылдамады, соның ішінде Faber корпоративті құжаттарына қарсы Faber корпоративті құжаттарына шағымданып, облигациялар шығаруды және ескіру мерзімінен кейін берілген тарихи бюджеттік қарыздарды өтеуді мақұлдады, сондықтан Rompetrol Rafinare Constanta пайдасына алғашқы сот шешімі түпкілікті болды. Faber дәл осындай шағым-талапты үшінші рет берді, бірақ қазір Констанца сотына. 2023 жылғы қантарда Faber берген шағымдар бойынша тыңдаулар өтті. Екі іс бойынша Faber өзінің талаптарын қайтарып алды, үшіншісі бойынша сот шешім қабылдауды кейінге қалдырды. Faber ісі бойынша келесі тыңдау 2023 жылдың наурызына жоспарланған.

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше, Топ 2023 жылғы 31 желтоқсанға бұл іс бойынша резервті мойындамады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****36. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

**Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша КМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы**

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тің Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион АҚШ доллары көлеміндегі жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылғы Top 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) резервті таныды (*30-ескертіме*). 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Top NAMR төлемдерін жасамады және Top резервтерді бағалауда ешқандай өзгеріс қажет емес деп санайды.

**Молдовадағы бәсекелестікті тергеу**

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы КМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды. RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы тындау 2023 жылғы 21 наурызға жоспарланған. 2022 жылғы Top 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) резервті таныды (*30-ескертіме*). 2023 жылдың ішінде RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы сот отырысы 2023 жылғы 4 қазанға белгіленді, алайда сот шағымды қабылдамады. Апелляциялық шағым 2024 жылғы 24 қаңтарда қайта берілді. Сот отырысы белгіленбеген. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Top резервті бағалауда өзгерістер қажет емес деп санайды.

**«КазРосГаз» ЖШС, Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау**

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына Қарашығанақ мұнай – газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімдерін бөлу туралы 1997 жылғы 27 қаңтардағы түпкілікті Келісімнің (бұдан әрі - ӨБТК) шеңберінде оператор болып табылатын КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарламаны ұсынды. КПО қолданыстағы қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы 1 қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы 1 қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді.

2022 жылдың қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеуге қатысты қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ және КРГ өкілдері кірді.

2023 жылғы тамызда Трибунал төрелік талқылаудың Процедуралық кестесін (бұдан әрі – Төрелік кестесі) бекітті, оған сәйкес соңғы тындау 2024 жылғы 18 қарашадан бастап аптаға, ал трибуналдың шешім қабылдау мерзімі 2025 жылғы наурыздың соңына дейін тағайындалды.

2023 жылғы 29 қыркүйекте КПО Трибуналға кеңейтілген шағым-арызды жолдады, сондай-ақ оны КРГ-ға берді. Төрелік кестеге сәйкес, КРГ 2023 жылдың 22 желтоқсанына дейінгі мерзімде шағым арызға жауап беруі керек. Кеңес қорытындысы бойынша 2023 жылғы 22 желтоқсанда КПО-ның талап-арызына төрелікке КРГ жауабы дайындалып, жіберілді. 2024 жылғы қаңтарда дауды бейбіт жолмен реттеу мақсатында ҚР Энергетика министрлігінің, КПОМ, ҚМГ және КРГ кездесуі өтті. Уағдаластыққа әлі қол жеткізілмеді. Алайда, Top 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы істе жеңіліп қалу қаупі екіталай деп санайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****36. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

**ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған ПМХЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс**

2022 жылы Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге.

2023 жылғы 9 маусымда Павлодар қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты ПМХЗ қатысты әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарды. 2023 жылғы 30 маусымда Әкімшілік іс жүргізуді тоқтату және хаттаманың күшін жою туралы қаулы заңды күшіне енді. Тиісінше, 2023 жылғы маусымда ПМХЗ 28.187 миллион теңге мөлшерінде 2022 жылы есептелген резервті қалпына келтірді және басқа операциялық кірістер құрамында таныды. (*30-ескертіме*).

**Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

2021 жылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілігін арттыратын, сондай-ақ қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді және қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуды көздейтін жаңа Экологиялық кодекс күшіне енді. Экологиялық кодекске сай І-ші санатқа жататын объектілер қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін осындай объектілерді пайдалану салдарын жоюға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 2021 жылғы 1 шілдеден бастап үш жыл ішінде қызметті жүзеге асыру салдарын жоюға байланысты міндеттемелер бойынша қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуға тиіс. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Компания негізгі құралдарды бұзу және жою, сол сияқты жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңгерлік міндеттемелерді көтереді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ірі мұнай өңдеуші зауыттары: АМӨЗ және ПМХЗ 39.271 миллион теңге сомасына резерв құрды (*30-ескертіме*), бұл зауытты бөлшектеуге және жерді қалпына келтіруге байланысты болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнына тең. Салық салу мақсатында Компания кейінге қалдырылған салықтар құрамында осы күтілетін шығыстарды есепке алмады, өйткені объектілер жойылғаннан кейін салық салынатын пайданы күтпейді.

**Экологиялық тексерулер**

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Экология департаменті (бұдан әрі – Экология департаменті) Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. жер үсті объектілеріне (бұдан әрі - Оператор) тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Операторға құқық бұзушылықтарды, оның ішінде 1.020 мың тонна көлемінде күкіртті шектен тыс орналастыруға қатысты бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталған ұйғарымға дау айту туралы әкімшілік талап арыз берді. 2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты күкіртті орналастыруға қатысты Оператордың пайдасына шешім шығарды. 2024 жылғы 27 ақпанда Астана қаласының МАӘС Экология департаментінің апелляциялық шағымын қарап, Оператордың пайдасына шешім қабылдаған жоқ. Бұл шешім Жоғарғы сотта шағымданады. Оператор әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда айыппұлдардың мөлшері Қазақстан Республикасының Әкімшілік Кодексіне сәйкес айқындалатын болады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Top бұл тексеруге қатысты резервтерді мойындамады.

**Өтелетін шығындарды тексеру**

Қашағанның 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі – ӨБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-тің өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі - ӨБСК) 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**36. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

**Өтелетін шығындарды тексеру (жалғасы)**

ӨБК және ӨБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдерге қатысушыларға (бұдан әрі – Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа құқықты меншікке де, жалға да бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - Өтелетін шығындар) және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК және ӨБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС ӨБК және ӨБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі – Өкілетті орган) Өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

ҚР мен Мердігерлердің ӨБК және ӨБСК сәйкес (Қашаған мен «ҚМГ Қарашығанақ») ЖШС-нен басқа) ӨБК және ӨБСК-нің белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірқатар даулар бар, олар ӨБК және ӨБСК сәйкес сарапшының төрелік реттеуіне және реттеуіне жатады. Мердігерлер олар ӨБК және ӨБСК, ҚР заңнамасына және қолданылатын стандарттар мен алдыңғы қатарлы практикаға сәйкес әрекет етеді деп санайды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР мен Мердігерлер өз төрешілерін тағайындады.

**Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері**

Үкімет ҚР-да ішкі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын ішкі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және ішкі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді (бірақ өзіндік құнынан төмен емес) өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2023 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес жалпы көлемі 2.639 мың тонна бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жеткізудегі Топтың үлесін қоса алғанда, 7.619 мың тонна ішкі мұнайды ішкі нарыққа шығарды (2022 жыл: 7.951 мың тонна, оның ішінде 3.044 мың тонна көлемінде Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесі).

**Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

Миллион теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларды қоса алғанда, күрделі шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың күрделі шығыстары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың операциялық шығыстары
<b>Жыл</b>				
2024	342.291	25.633	76.014	69.296
2025	262.118	7.690	22.549	11.650
2026	285.609	10.933	20.392	12.330
2027	352.313	6.344	18.876	13.026
2028-2049	340.207	7.316	41.345	13.567
<b>Жиыны</b>	<b>1.582.538</b>	<b>57.916</b>	<b>179.176</b>	<b>119.870</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**36. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

**Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер (жалғасы)**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

Миллион теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларды қоса алғанда, күрделі шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың күрделі шығыстары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың операциялық шығыстары
<b>Жыл</b>				
2023	314.158	15.136	80.598	76.125
2024	223.085	7.513	14.328	9.804
2025	306.900	7.930	14.803	10.206
2026	339.652	8.434	14.927	10.368
2027-2048	230.333	9.766	31.573	11.225
<b>Жиыны</b>	<b>1.414.128</b>	<b>48.779</b>	<b>156.229</b>	<b>117.728</b>

**Ішкі мұнайды жеткізу міндеттемелері**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қашағанның мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 3,0 миллион тонна болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 4,5 миллион тонна). Ақшалай балама сату кезіндегі нарықтық баға негізінде анықталады.

**Басқа да келісімшарттық міндеттемелер**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 15.465 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 166.049 миллион теңге болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: Топтың 13.346 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, ҚҚС сомасын ескерместен 240.794 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 93.919 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 152.824 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

**Қаржылық емес кепілдіктер**

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****37. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК**

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің 9-ескерптеде көрсетілген.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сату мен қызметтерді білдіреді:

	2023 жылғы 31 желтоқсан					
	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоративтік орталық	Басқалары	Жиыны
<i>Миллион теңгемен</i>						
Шикі мұнай мен газды сату	887.301	–	3.740.824	–	–	4.628.125
Мұнай өнімдерін сату	4.948	–	2.008.452	823.828	11.693	2.848.921
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	248.058	–	–	248.058
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	218.890	1.892	5.172	188	226.142
Басқа да кірістер	17.519	48.112	145.676	1.668	155.322	368.297
<b>Жиыны</b>	<b>909.768</b>	<b>267.002</b>	<b>6.144.902</b>	<b>830.668</b>	<b>167.203</b>	<b>8.319.543</b>

	2022 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)					
	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоративтік орталық	Басқалары	Жиыны
<i>Миллион теңгемен</i>						
Шикі мұнай мен газды сату	668.270	–	3.925.701	–	–	4.593.971
Мұнай өнімдерін сату	4.334	–	2.577.156	775.804	12.566	3.369.860
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	204.390	–	–	204.390
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	184.042	1.493	1.810	188	187.533
Басқа да кірістер	25.318	46.324	122.484	1.451	141.750	337.327
<b>Жиыны</b>	<b>697.922</b>	<b>230.366</b>	<b>6.831.224</b>	<b>779.065</b>	<b>154.504</b>	<b>8.693.081</b>

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****37. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)**

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХКЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA, % жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Түзетулер мен элиминирлеу топшілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

**Географиялық ақпарат**

Топтың негізгі құралдары (18-ескерпте) келесі елдерде орналасқан:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)
Қазақстан	6.627.783	6.320.568
Басқа елдер	553.423	673.433
	<b>7.181.206</b>	<b>6.994.001</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғыландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

37. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топпың операциялық сегменттері бойынша 2023 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
<i>Миллион теңгемен</i>							
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	909.768	267.002	6.144.902	830.668	167.203	-	8.319.543
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.415.539	165.242	180.601	81.526	145.221	(1.988.129)	-
<b>Түсім жиыны</b>	<b>2.325.307</b>	<b>432.244</b>	<b>6.325.503</b>	<b>912.194</b>	<b>312.424</b>	<b>(1.988.129)</b>	<b>8.319.543</b>
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(47.394)	(19.317)	(5.434.580)	(544.457)	(44.376)	1.468.243	(4.621.881)
Өндірістік шығыстар	(534.569)	(252.477)	(395.067)	(212.249)	(244.880)	419.520	(1.219.722)
Табыс салығынан басқа салықтар	(424.909)	(19.181)	(17.673)	(122.151)	(10.166)	-	(594.080)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(191.482)	(10.514)	(99.055)	(10.505)	-	66.031	(245.525)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(43.104)	(17.453)	(56.193)	(50.932)	(24.992)	14.882	(177.792)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	356.257	85.161	70.926	-	21.833	-	534.177
<b>ЕБИТДА</b>	<b>1.440.106</b>	<b>198.463</b>	<b>393.861</b>	<b>(28.100)</b>	<b>9.843</b>	<b>(19.453)</b>	<b>1.994.720</b>
<b>ЕБИТДА, %</b>	<b>72%</b>	<b>10%</b>	<b>20%</b>	<b>(1%)</b>	<b>-</b>	<b>(1%)</b>	
Тозу, тауысылу және амортизация	(415.759)	(39.611)	(132.971)	(3.549)	(9.314)	-	(601.204)
Қаржылық кіріс	16.904	10.701	38.305	120.971	16.157	(55.793)	147.245
Қаржылық шығындар	(28.780)	(8.774)	(116.256)	(193.272)	(6.952)	31.961	(322.073)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының құнсыздануы	(130.502)	(1.658)	(100.809)	-	2.389	-	(230.580)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(154.885)	(9.307)	(36.969)	(67.780)	(1.407)	-	(270.348)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)</b>	<b>218.275</b>	<b>35.510</b>	<b>79.165</b>	<b>662.071</b>	<b>(11.719)</b>	<b>(58.841)</b>	<b>924.461</b>
<b>Басқа да сегменттік ақпарат</b>							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.056.464	536.576	129.442	-	98.945	-	4.821.427
Күрделі шығындар	389.846	193.008	153.989	44.097	22.597	-	803.537
Өтпейтін ТМҚ сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(14.486)	(7.365)	(50.362)	(35.150)	(10.850)	-	(118.213)
<b>Сегмент активтері</b>	<b>11.568.853</b>	<b>1.475.597</b>	<b>3.093.384</b>	<b>1.863.189</b>	<b>428.372</b>	<b>(1.486.683)</b>	<b>16.942.712</b>
<b>Сегмент міндеттемелері</b>	<b>1.627.121</b>	<b>370.240</b>	<b>1.844.841</b>	<b>4.549.994</b>	<b>136.991</b>	<b>(1.980.872)</b>	<b>6.548.315</b>

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғыландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

37. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2022 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топпың операциялық сегменттері бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
<i>Миллион теңгемен</i>							
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім*	697.922	230.366	6.831.224	779.065	154.504	-	8.693.081
Басқа сегменттерге сатудан түсім*	1.569.854	151.266	154.147	82.486	125.585	(2.083.338)	-
<b>Түсім жиыны*</b>	<b>2.267.776</b>	<b>381.632</b>	<b>6.985.371</b>	<b>861.551</b>	<b>280.089</b>	<b>(2.083.338)</b>	<b>8.693.081</b>
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны*	(39.249)	(18.645)	(6.007.073)	(471.008)	(38.972)	1.614.771	(4.960.176)
Өндірістік шығыстар*	(470.203)	(211.538)	(433.634)	(189.323)	(218.212)	378.669	(1.144.241)
Табыс салығынан басқа салықтар*	(534.565)	(17.376)	(15.358)	(100.782)	(9.840)	-	(677.921)
Тасымалдау және өткізу шығыстары*	(166.841)	(15.212)	(78.555)	(9.415)	-	64.671	(205.352)
Жалпы және өкімшілік шығыстар*	(32.854)	(17.123)	(51.531)	(30.453)	(30.682)	2.164	(160.479)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто*	819.011	136.499	57.587	-	(21.787)	-	991.310
<b>ЕБИТДА*</b>	<b>1.843.075</b>	<b>238.237</b>	<b>456.807</b>	<b>60.570</b>	<b>(39.404)</b>	<b>(23.063)</b>	<b>2.536.222</b>
<b>ЕБИТДА, %*</b>	<b>73%</b>	<b>9%</b>	<b>18%</b>	<b>3%</b>	<b>(2%)</b>	<b>(1%)</b>	
Тозу, тауысылу және амортизация*	(308.695)	(44.760)	(141.362)	(2.820)	(9.263)	-	(506.900)
Қаржылық кіріс*	556.187	4.212	19.747	137.177	16.776	(613.496)	120.603
Қаржылық шығындар*	(28.673)	(6.908)	(127.869)	(717.341)	(5.972)	578.708	(308.055)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының құнсыздануы*	(11.653)	472	(9.682)	-	946	-	(19.917)
Пайда салығы бойынша шығыстар*	(307.826)	(53.133)	(80.692)	(49.215)	(1.511)	-	(492.377)
<b>Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (залал)*</b>	<b>1.474.001</b>	<b>42.027</b>	<b>30.477</b>	<b>(168.543)</b>	<b>(39.315)</b>	<b>(32.087)</b>	<b>1.306.560</b>
<b>Басқа да сегменттік ақпарат</b>							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.179.880	582.862	102.569	-	82.092	-	4.947.403
Күрделі шығындар*	321.014	68.276	111.714	17.678	16.283	-	534.965
Өтпейтін ТМҚ сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(6.197)	(10.966)	(47.786)	(28.912)	(9.066)	-	(102.927)
<b>Сегмент активтері</b>	<b>11.637.703</b>	<b>1.373.621</b>	<b>3.004.932</b>	<b>1.445.989</b>	<b>386.151</b>	<b>(1.191.506)</b>	<b>16.656.890</b>
<b>Сегмент міндеттемелері</b>	<b>1.427.150</b>	<b>311.632</b>	<b>1.988.310</b>	<b>4.584.712</b>	<b>120.799</b>	<b>(1.643.139)</b>	<b>6.789.464</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 7-ескертеде келтірілген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****38. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ Оқиғалар***Еншілес ұйымға бақылаудан айырылу*

2024 жылғы 21 ақпанда ҚМГ «Татнефть» ЖАҚ үшінші тұлғасымен ҚМГ-ның жүз пайыз еншілес ұйымы Karaton Operating Ltd акцияларының 50%-ын 18,2 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға (еншілес ұйымның шығу күніне баламасы 8.255 миллион теңге) сатуға сатып алу-сату шартын жасасты. Нәтижесінде Top еншілес ұйымды бақылаудан айырылып, бірлескен кәсіпорындағы инвестицияны мойындады.

*Алынған дивидендтер*

2024 жылғы 12 наурызда Компания бірлескен кәсіпорын ТШО-дан 85 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 38.191 миллион теңге) дивидендтер алды.

# ҚОСЫМШАЛАР

## «ҚазМұнайГаз» корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы есеп

Бұл есеп Кодекстің 6-тармағын орындау үшін дайындалған және ҚМГ-ның Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтағаны / сақтамағаны туралы ақпаратты қамтиды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша мынадай аспектілерді ескеріп, ҚМГ жалпы алғанда Кодекстің ережелері мен қағидаттарына сәйкес келді:

**1. ҚМГ Кодексінің 1-бөлімінің 5-тарауының 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес** «Директорлар кеңесінің төрағасы жалғыз акционердің шешімімен сайланады; Директорлар кеңесінің төрағасы Қор өкілдерінің арасынан сайланған жағдайда, Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан аға тәуелсіз директорды сайлайды».

Есепті кезеңде ҚМГ-да Кодекстің бұл талабы сақталмады. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№4/2023 хаттама) ДК төрағасы болып ДК мүшесі – мажоритарлық акционердің өкілі (Қордың өкілі) сайланды; бұл ретте ДК тәуелсіз директорларының ішінен аға тәуелсіз директор сайланбады.

Сонымен қатар, Кодекстің көрсетілген талаптарын орындау үшін Жоспарда ДК тәуелсіз директорларының ішінен аға тәуелсіз директорды сайлау көзделген.

**2. Кодекстің 2-бөлімінің 1-тарауының 2-тармағына сәйкес** Қор ұйымдары үшін активтердің оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда бас компания акционерлік қоғам

нысанында құрылуы мүмкін. Қалған ұйымдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында құрылған Ұйымдарда экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілерді ескеріп және Қор тобының мүдделерін қамтамасыз етіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанына қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Жаңа Ұйымдарды құру кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік артықшылықты ұйымдық-құқықтық нысан болып табылады. Ұйымның акцияларын қор нарығында одан әрі сату жоспарланатын сияқты ерекше жағдайларда жаңа ұйымдарды акционерлік қоғам нысанында құруға жол беріледі».

Кодекстің осы талаптары ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталды. ҚМГ активтер құрылымын оңтайландыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп жатыр. Жаңа заңды тұлғаларды құрған кезде ҚМГ оларды Кодексте ұсынылғандай жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құруға артықшылық береді. 2023 жылы акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлғалар құрылмады, акционерлік қоғам нысанындағы бұрыннан бар заңды тұлғаларды жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы заңды тұлғалар етіп қайта ұйымдастыру жүргізілмеді. Сонымен қатар, ҚМГ тобы активтерінің құрылымын оңтайландыру жұмысы бекітілген жоспарларға/бағдарламаларға\* сәйкес жалғасатын болады<sup>1</sup>.

**3. ҚМГ Кодексінің 2-бөлімінің 1-тарауының 14-тармағына сәйкес** «Қор мен ұйымдардың Директорлар кеңестері іскерлік әдеп стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Қордың және ұйымдардың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Іскерлік әдеп кодексімен танысу туралы өтінішке қол қойып, Кодекс туралы білімдерін үнемі растап отыруы тиіс. Қорда және ұйымдарда лауазымды адамдар мен қызметкерлерді Іскерлік әдеп кодексін, омбудсменнің рөлін және болжамды бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесінің қолжетімділігін түсінуге бағытталған оқыту тұрақты негізде жүргізілуге тиіс».

Кодекстің осы талаптары 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы алғанда сақталды. ҚМГ бизнесті жүргізудің адалдығы мен ашықтығы қағидаттарын ұстанады және әріптестеріміз бен серіктестеріміздің осы қағидаттарды сақтауына ерекше назар аударады. Осы міндет шеңберінде ҚМГ-да Іскерлік әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы саясат, Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты бекітілді.

Компания жыл сайын жаңадан қабылданған, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан қызметкерлерге Компания қызметкерлерінен күтілетін этикалық стандарттар мен міндеттемелер мен мінез-құлықтарды сақтау тұрғысынан оқыту жүргізеді. Бұдан басқа, қызметкерлер Іскерлік әдеп кодексі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатты сақтау бойынша міндеттемелерді жазбаша түрде қабылдайды. Бұл ретте ҚМГ компаниялар тобының бүкіл қызметкерлерінің Іскерлік әдеп кодексімен танысқаны туралы өтініштерге қол қою жұмысы жоспарлы түрде жүргізіледі.

Сонымен қатар, ҚМГ Комплаенс қызметі жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту жүргізеді. Мәлімет үшін, 2023 жылғы 28 қыркүйекте орта және жоғарғы буын басшылары үшін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл» тақырыбына семинар өткізілді, ал 2023 жылғы 6 қарашада барлық қызметкерлер үшін «Мүдделер қақтығысы» тақырыбына оқыту курсы өткізілді. Бұл ретте, 2023 жылы Іскерлік әдеп кодексін білуге бағалау жүргізілмеген.

**4. «Орнықты даму:**

1. басқару жүйесіне;
2. даму стратегиясына;
3. тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді (стратегия), орта мерзімді (5 жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді), есептілікті, тәуекелдерді басқаруды, адами ресурстарды басқаруды, инвестицияларды, операциялық қызмет пен басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ органдардан (акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер), Директорлар кеңесі, атқарушы орган) бастап қарапайым қызметкерлерге дейін барлық деңгейлердегі шешім қабылдау процестеріне біріктірілуі тиіс.».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталды. ДК шешімімен 2020 жылы Орнықты даму саласындағы басқару жүйесі бойынша нұсқаулық бекітілді, ол мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесін ұйымдастыруды, орнықты даму қағидаттарын түйінді процестер мен мониторингке біріктіруді, орнықты даму жөніндегі жыл сайынғы есептілікті дайындауды, орнықты даму, орнықты даму мәдениетін дамыту және қолдау саласындағы басым бағыттарды (бастамаларды) іске асыруды, тәуекелдерді анықтап, бағалауды, құжаттаманы басқаруды, орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеуді сипаттауды қамтиды. Сонымен қатар, орнықты дамуды негізгі процестерге интеграциялау жұмысы жалғасып жатыр.

**5. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес** «Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін орындауы және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстануы тиіс:

б) тиісті ақыл, шеберлік пен парасаттылық көрсетіп әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, орнықты даму, саланы және ұйым қызметінің ерекшеліктерін білу сияқты бағыттарды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреттері және Директорлар кеңесі мен комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты негізде арттыру ұсынылады; ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барып қызметкерлермен кездесулер өткізуі тиіс»

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталды. ҚМГ Басқарма төрағасы компанияның негізгі объектілеріне үнемі барып отырды, бұл ретте ДК мүшелері тұтас құрамымен компанияның негізгі объектілеріне бармады.

Сонымен қатар, Кодекстің көрсетілген талаптарын орындау үшін Жоспарда ДК мүшелерінің ҚМГ негізгі объектілеріне барып, қызметкерлермен кездесулер өткізуі көзделген.

**6. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 6-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу процесі ашық болуы және Қор (компаниялардың Директорлар кеңестеріне қатысты) мен ұйымның Директорлар кеңесі қатысуымен жүргізілуі тиіс.», «Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және ұйымның жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Аталған ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылары мен құзыреттерін және Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді айқындауға ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетін тарту ұсынылады.».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталмады. 2023 жылы ДК құрамын жаңарту кезінде ДК де, ТСК да бұл процеске қатыспаған, бұл ретте

<sup>1</sup> ҚМГ тобындағы заңды тұлғаларды қысқарту жекешелендіру және дивестициялар бағдарламалары шеңберінде жүргізіледі. 2020 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №908 қаулысымен Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, оған ҚМГ тобының 51 компаниясы, оның ішінде ҚМГ IPO периметріне енген 22 компания енгізілді. 2023 жылғы 1 қарашада ДК шешімімен (№22/2023 хаттама, №7 мәселе) СЕА тізбесі бекітілді. Осы шешіммен Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 қарашадағы шешімімен бекітілген СЕА тізбесінің күші жойылды. 2022 жылғы 2 ақпандағы №44 «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 2 тамыздағы №523 ҚРҰК-мен №44 ҚРҰК бекітілген негізгі өлшемшарттарды (қағидаттарды) ескеріп, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 ҚРҰК бекітілген Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Нәтижесінде ҚМГ компаниялар тобының бірқатар активтері №908 ҚРҰК-ға кірді.

Қордың ДК-ні Қордың ДК мүшесі болып табылатын Қордың Басқарма төрағасы білдірді. Соған қарамастан, 2023 жылғы ДК қызметін өзін-өзі бағалау арқылы бағалау нәтижелері бойынша ДК қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың бірі ретінде ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында ДК мүшелерін іздеу, таңдау және іріктеу процесін регламенттейтін құжатты бекіту көзделген, ол басқалармен қатар:

- ДК төрағасы мен ТСК төрағасының ДК мүшелігіне үміткерлерді іздеу және іріктеу процесіне белсенді қатысуын;
- ДК мүшелігіне үміткерлерді іздеу және іріктеу процесінің ашықтығын;
- ТСК-да ДК мүшелігіне барлық үміткерлердің түйіндемесін қарауды;
- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына ДК мүшелігіне ТСК мақұлдаған үміткерлерді ғана енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді.

**7. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 6-тармағына сәйкес** «Бірде-бір адам өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.»

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталды. Бұл ретте, ҚМГ Акционерлерінің 2023 жылғы 27 маусымдағы жалпы жиналысында (№3/2023 хаттама) Е.М. Отыншиев ҚМГ мажоритарлық акционерінің – Қордың уәкілетті өкілі болды, онда, басқалармен қатар, өзін ДК құрамына сайлау мәселесі бойынша дауыс берді. Соған қарамастан, Қор өкілі Қор Басқармасы белгілеген ұстанымға сәйкес дауыс берді.

**8. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 10-тармағына сәйкес** «Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте ұйым үшін осы адамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан күтілетін оң нәтиже назарға алынуға тиіс. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі».

Кодекстің осы талабы ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталды, ДК мүшелеріне сыйақы ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен айқындалды. Сонымен қатар, Кодекстің осы талабын орындау үшін Жоспарда Қордың әдіснамасы негізінде ДК мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидаларын әзірлеу көзделген.

**9. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 11-тармағына сәйкес** «Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.»

ҚМГ-да Кодекстің бұл талабы ішінара сақталды. ДК отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін бұрын келесі ДК комитеттері құрылып, есепті кезеңде жұмыс істеді:

1. ДК Аудит жөніндегі комитеті;
2. ДК Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті;
3. ДК Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті;
4. ДК Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті.

Бұл ретте, олар бойынша түпкілікті шешімдерді КА қабылдайтын тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы мәселелерді қоспағанда, ДК Комитеттері қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді тікелей ДК қабылдайды. Жоспарға сәйкес, ҚМГ Жарғысына тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселе, аталған мәселелер бойынша шешімдерді ДК қабылдау үшін АЖЖЖ күн тәртібіне енгізілген.

**10. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 12-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын жиілігі жылына 8-12 отырысты құрайды.»

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде жалпы сақталмады – 2023 жылы 14 жоспарлы отырыс жоспарланып, өткізілді. Сонымен қатар, кезектен тыс 10 отырыс өткізілді, бұл отырыстардың ұсынылатын жиілігінен 2 есе көп.

**11. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 12-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар, егер Жарғыда өзге мерзімдер белгіленбесе, кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын, ал ұйымның Жарғысында айқындалатын неғұрлым маңызды мәселелер бойынша кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Маңызды мәселелердің тізбесі даму стратегиясын, даму жоспарын, атқарушы органның басшысы мен мүшелері үшін уәждемелік ҚНҚ, жылдық есепті және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді».

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімдерін кешіктіріп ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Мерзімдері кешіктірілген мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылады».

Кодекстің бұл талабы есепті кезеңде жалпы сақталды. ДК отырыстарына материалдар алдын ала – кемінде 7 күнтізбелік күн бұрын, ал ҚМГ Жарғысында айқындалған неғұрлым маңызды мәселелер бойынша егер Жарғыда өзге мерзімдер белгіленбесе, кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын жіберіледі. Бұл ретте, 2023 жылы мерзімдерін кешіктіріп материалдарды ұсыну және мәселені күн тәртібіне енгізу жағдайлары орын алды. Мұндай жағдайларда орындаушылар ҚМГ Басқарма төрағасының не оның орнындағы адамның қолы

қойылған, осы қажеттіліктің толық негіздемелерімен бірге ДК отырысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізу туралы өтінішхат береді.

**12. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 12-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесіне бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады. Шешімнің өзі де, оны қабылдау процесі де талдауға жатады. Директорлар кеңесі өз қызметін бағалауды жүргізген кезде бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады.»

Кодекстің бұл талабы есепті кезеңде ҚМГ-да жалпы сақталды. Бұрын қабылданған ДК шешімдерін ревизия үш жылда бір рет өткізілетін ДК қызметін сыртқы бағалау шеңберінде көзделген. Бұл ретте, есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша ДК қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу барысында ДК шешімдеріне ревизия жүргізілмеді.

**13. Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 14-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ұйымның ішкі құжаттарында нақты регламенттелуі тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері бағалау жүргізу бойынша оқитудан өтуі тиіс.»

Есепті кезеңде ҚМГ-да Кодекстің бұл талабы сақталмады. ДК, оның комитеттері мен ДК мүшелерінің қызметін бағалауды жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ДК-нің 2018 жылғы 4 қазандағы шешімімен (№14/2018 хаттама, №19 мәселе) бекітілген ДК-нің, ДК комитеттерінің, ДК төрағасының, мүшелерінің және ҚМГ корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ережемен регламенттелген. Алайда, 2023 жылы ДК төрағасы мен мүшелері бағалау жүргізу бойынша оқитудан өткен жоқ.

**14. Кодекстің 2-бөлімінің 6-тарауының 3-тармағына сәйкес** «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшының тәуекел иесі болмауы ұсынылады, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты функциялармен қоса атқаруға тыйым салынады. Егер елеулі мүдделер қақтығысы туындамаса, басқа функциялармен қоса атқаруға жол беріледі.»

Кодекстің бұл талабы есепті кезеңде ҚМГ-да жалпы сақталды. ҚМГ-ның қолданыстағы ұйымдық құрылымына сәйкес ТБЖІБҚ Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына тікелей бағынады. ТБЖІБҚ басшысы бірде-бір тәуекелдің иесі болмайды және сәйкесінше мүдделер қақтығысы да болмайды. Бұдан басқа, ТБЖІБҚ басшысының атқарушы орган жанындағы комитеттерге тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшенің өкілі ретінде толыққанды дауыс беру құқығымен дербес және тәуелсіз қатысуы қамтамасыз етілді.

**15. Кодекстің 2-бөлімінің 6-тарауының 4-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесі тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін және негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейлерін бекітуі тиіс, олар компанияның ішкі құжаттарымен бекітілуі тиіс.»

Есепті кезеңде ҚМГ-да Кодекстің бұл талабы сақталмады. Тәуекел-тәбет, Тәуекелдердің шоғырландырылған тіркелімі, тәуекелдер картасы және Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, сондай-ақ тәуекелдерге төзімділік деңгейлері және ҚМГ негізгі тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімі КА шешімімен бекітіледі.

Кодекстің осы талабын орындау үшін Жоспарда жоғарыда көрсетілген құжаттарды бекіту бойынша мәселелерді ДК құзыретіне енгізу мақсатында ҚМГ Жарғысына өзгерістер енгізу көзделген.

Қысқартулар:  
**АК** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;

**ТСК** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті;

**ҚМГ** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;

**Кодекс** — «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы №22/15 шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексі;

**СЕА тізбесі** — ҚМГ стратегиялық емес активтерінің тізбесі;

**Жоспар** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;

**ҚРҰҚ** — Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

**ДК** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі;

**ТБЖІБҚ** — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі;

**Қор** — «Самұрық-Қазына» АҚ;

**АЖЖЖ** — ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы.

## Ірі мәмілелер және мүдделі мәмілелер туралы мәліметтер

### Ірі мәмілелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелер бойынша шешім қабылданған жоқ.

### Қызығушылық бар мәмілелер

#### «Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов»

9 ақпанда Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов жер қойнауы учаскесін игеру жобасы бойынша бірқатар келісімдер жасасты. Тараптар үлескерлер келісіміне, «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС жарғылық капиталындағы 50% үлесін сатып алу-сату шартына және оператор қызметіне қатысушылардың қаржыландыру шарттары туралы келісімге қол қойды. Құжаттар жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауы учаскесін әзірлеу жөніндегі бірлескен қызмет шеңберінде құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Осылайша, «Лукойл» Каспий қайраңындағы жер қойнауының осы учаскесін игеруде ҚМГ-ның стратегиялық серіктесі атанды. Мүдделі мәміленің мәні «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» жобасы құнының ҚМГ активтерінің баланстық құнына пайыздық арақатынасы – 18%.

## ГЛОССАРИЙ

**ААҚ** — Ашық акционерлік қоғам

**АГ** — Амангелді Газ

**АГҚ** — Азия Газ құбыры

**АМӨЗ** — Атырау мұнай өңдеу зауыты

**АК** — Аудит жөніндегі комитет

**АҚ** — Акционерлік қоғам

**АҚМБАЖҰКЖБ** — Атырау қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасы

**АҚҚ** — Ақша қаражатының қозғалысы

**АТ** — Ақпараттық технологиялар

**АХҚО** — «Астана» халықаралық қаржы орталығы

**ӘТИ** — Әлеуметтік тұрақтылық индексі

**ББҰ** — Бірлесіп бақыланатын ұйымдар

**БӨ—ТБА** — Бұқара газ өңірі—Ташкент—Бішкек—Алматы

**БК** — Бірлескен кәсіпорын

**БКЖ** — Болашақ кеңейту жобасы

**БӨ** — Барлау Өндіру

**БТЕ** — Квадрлн

**БҰҰ** — Біріккен Ұлттар Ұйымы

**БШГ** — Бейнеу—Шымкент газ құбыры

**ГДж** — Гигаджоуль

**ГЖҚ** — Газдың жерасты қоймасы

**Гкал** — Гигакалория

**ГКДҚ** — Газды кешенді дайындау қондырғысы

**ГМО** — Газ-моторлы отын

**ДС, ӨҚ және ҚОҚ** — Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

**ЕКБ** — Екінші буын зауыты

**ЕҚОҚ** — Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

**ЕҚЕҚТҚТДК** — Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет

**ЕОБ** — Еуропалық орталық банк

**ЕТҰ** — Еншілес және тәуелді ұйымдар

**ЖАҚ** — Жабық акционерлік қоғам

**ЖАҚ** — Жария акционерлік қоғамы

**ЖКО** — Жол-көлік оқиғалары (ағылш п/а)

**ЖҚС** — Жанар-май құю станциясы

**ЖСҚ** — Жобалық-сметалық құжаттама

**ЖІӨ** — Жалпы ішкі өнім

**ЖШС** — Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

**ЗТБ** — Заңды тұлғалар бірлестігі

**ИОА** — Интергаз Орталық Азия

**КБК** — ҚМГ Корпоративтік басқару кодексі

**КБЖЕЖ** — Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспар

**кВт** — Киловатт-сағ

**КТГ** — Компримирленген табиғи газ

**КҚСБ** — Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасы

**КҚК** — Каспий құбыр консорциумы

**КСШ** — Көмірсутек шикізаты

**КТЖ** — Кешенді технологиялық желілер

**ҚТО** — ҚазТрансОйл

**ҚҮБЖ** — қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі

**ҚК** — Қаржы жөніндегі комитет

**ҚТК** — қызметтің түйінді көрсеткіштері

**ҚӨК** — Қарашығанақ өңдеу кешені

**ҚГМ** — «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС

**ҚҚҚ** — Қазақстан—Қытай құбыры

**ҚҚС** — қосылған құн салығы

**ҚМГ** — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

**ҚТКФ** — Қазақтеңізкөлікфлоты

**ҚДБ** — Қазақстанның Даму банкі

**ҚХР** — Қытай Халық Республикасы

**ҚТГ** — ҚазТрансГаз

**ҚТГА** — ҚазТрансГаз Аймақ

**ҚТГӨ** — ҚазТрансГаз Өнімдері

**ҚРҰБ** — Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

**ҚР** — Қазақстан Республикасы

**ҚМГ БӨ** — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ

**МАҚ** — Мемлекеттік акционерлік қоғам

**МГҚ** — Магистралды газ құбыры

**МЖП** — Минималды өміршең өнім

**Млн** — Миллион

**Млн тонна** — Миллион тонна

**МТ** — Мұнай Тас

**МГҚДҚ** — «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысы

**М.э. млн тоннасы** — Мұнай эквивалентінің миллион тоннасы

**Мэб млн** — Мұнай эквивалентінің миллион баррелі

**МЖ** — Менеджмент жүйесі

**Млрд** — Миллиард

**Млрд текше ф** — Миллиард текше фут

**Млрд м³** — Миллиард текше метр

**МГӨБ** — Мұнай-газ өндіру басқармасы

**МТҰК** — Мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания

**МӨЗ** — Мұнай өңдеу зауыты

**ЖМ** — Жекеменшік мекемесі

**НТК** — Негізгі тәуекел көрсеткіші

**НКОК** — «Норт Каспиан Оперейтинг Компани»

**ОГӨЗ** — Орынбор газ өңдеу зауыты

**ОПЕК** — Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

**ОИТҚ** — Орталық инженерлік-технологиялық қызмет

**ӨБ** — Өндірістік бірлестіктер

**ӨҚҚ** — өте жоғары қысымдағы құбыр

**ӨБК** — өнімді бөлу туралы келісім

**ПҚОП** — «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС

**ПМХЗ** — Павлодар мұнай—химия зауыты

**«Самұрық-Қазына» АҚ, Қор** — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

**СБТК** — Солтүстік—Батыс тасымалдау компаниясы

**СТГ** — Сұйытылған табиғи газ

**СҚБК** — Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет

**СҚБЖ** — Сағалық қысымды басқару жобасы

**СКӨБК** — Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім

**СКГ** — Сұйытылған көмірсутекті газдар

**ТБКЖ** — Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

**ТБЖІБЖ** — Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

**ТҚЖЖ** — Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

**ТДЕ** — Тұрақты даму туралы есеп

**ТНК** — Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

**ТПАБ** — Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару

**ТЖСК** — Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет

**ТМК** — Теңіз мұнай компаниясы

**ТКжҰҚБ** — Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы

**ТДМ** — Тұрақты даму мақсаттары

**ТШИ** — Тікелей шетелдік инвестициялар

**ТШО** — «Теңізшевройл» ЖШС

**ҰТК** — Ұлттық тау-кен компаниясы

**ҰК** — Ұлттық компания

**ҰТҚҚК** — Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы

**ҰМК** — Ұлттық мұнай-газ компаниясы

**ҰҚТ** — үздік қолжетімді техника

**ХВҚ** — Халықаралық валюта қоры

**ХҚЕС** — Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары

**ХМҚБИ** — Халықаралық мемлекеттік қызмет және басқару институты

**ХКД** — Халықаралық көлік дәлізі

**ЦТБ** — Цифрлық трансформация бағдарламасы

**ШГА** — Шикі газ айдау

**ШДОБ** — Шынайы деректерді оңтайландыру бағдарламасы

**ШК** — Шағын кәсіпорындар

**ІАК** — Ішкі аудит қызметі

**ІБЖ** — Ішкі бақылау жүйесі

**ІМГ** — Ілеспе мұнай газ

**ЭДР** — Эмитент дефолтының рейтингісі

**ЭЫДҰ** — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

**ВР** — “Бритиш петролеум” компаниясы

**СДР** — Көміртек шығарындылары туралы ақпаратты ашу жобасы

**GR1** — Газ есептілігі жөніндегі ғаламдық бастама

**ІРО** — Көпшілікке бастапқы ұсыныс

**KGDBN** — Газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау

**МВА** — Іскерлік әкімшілеу магистрі

**MIT** — Массачусетс технологиялық институты

**plc** — Жауапкершілігі шектеулі жария компания

**WEC** — Дүниежүзілік энергетикалық кеңес

**1P қорлар** — Дәлелденген қорлар

**2P қорлар** — Дәлелденген және ықтимал қорлар

**3P қорлар** — Дәлелденген және ықтимал және қисынды қорлар

**4ICP** — ГҚДҚ-ға газды кері айдаудың 4-ші компрессоры құрылғысы

**5TL** — 5-ші айдау құбыры

# БАЙЛАНЫС

## «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

- Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі, 8, «Зұбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы
- Телефоны: +7 (7172) 78 61 01 (қабылдау)
- Веб-сайт: [www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

## Кадр мәселелері бойынша

- Еркін жұмыс орындары туралы ақпарат: <http://work.kmg.kz/>
- Телефоны: +7 (7172) 78 95 18
- E-mail: [HRteam@kmg.kz](mailto:HRteam@kmg.kz)

## Омбудсмен

- Телефоны: +7 (7172) 78 65 61
- E-mail:
- Қабылдау уақыты: сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін
- Мекенжайы: Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі, 8, «Зұбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы

## БАҚ-пен байланыс мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 91 49
- E-mail: [press@kmg.kz](mailto:press@kmg.kz)

## Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 61 92
- E-mail: [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz)

## Тұрақты даму мәселелері бойынша

- E-mail: [sustainability@kmg.kz](mailto:sustainability@kmg.kz)

## Кеңсе

- Телефоны: +7 (7172) 78 64 24
- +7 (7172) 78 92 76
- +7 (7172) 95 98 09
- E-mail: [Astana@kmg.kz](mailto:Astana@kmg.kz)

## Корпоративтік қауіпсіздік мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 65 65
- E-mail: [979110@kmg.kz](mailto:979110@kmg.kz)

## Инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша


- Телефоны: +7 (7172) 78 64 34
- E-mail: [ir@kmg.kz](mailto:ir@kmg.kz)

## Қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 57-68-98
- E-mail: [info@sk-trust.kz](mailto:info@sk-trust.kz)

## Сатып алу мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78 61 80
- Компаниядағы барлық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу «Самұрық-Қазына» ӘАҚ АҚ сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сай сайтта электронды форматта жүреді.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өнімдерін сатумен айналыспайды.
- Сондай-ақ, 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап автожарнамай құю станцияларын пайдалануды жаңа меншік иесі – «Petro-retail» ЖШС жүзеге асыратынын ескертеміз.



әлеуметтік желілердегі  
парақшаларымызға жазылыңыз!

